

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ
ЗАМАНҒЫ
ТАРИХЫ**

Оқу құралы

АҚТӨБЕ-2016

УДК 94 (574)

**ББК 63.3 (қаз)
К 18.**

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТАРИХЫ

Оқу құралы

Ақтөбе, 2016 жыл 343 бет.

ISBN

Бұл еңбек Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесінде талқыланып баспаға ұсынылған (жылғы айының жұлдызындағы хаттамасы)

Абдуллаев Н.А. – т.ғ.д., профессор;

Пікір жазғандар:

Күзембайұлы А. – т.ғ.д., профессор, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты.

Мұқтар Ә.Қ. - т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Әбенова Б.С. - т.ғ.к., доцент, Қ.Жұбанов атындағы АқТӨМУ

ISBN 9965-706-77-87

ББК 63,3 (қаз)

М А З М Ұ Н Ы

К І Р І С П Е-----4 бет

- 1. Қазақстан тәуелсіздікке барар жолда:
даму фазалары мен ұлттық құрылыс идеялары**-----5 бет
 - 1.1. XIX-шы ғ. аяғы XX-шы ғ. басындағы Қазақстанның
саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік ахуалы-----5 бет
 - 1.2. 1916-1918 жж. Қазақстандағы саяси оқиғалар
мен мемлекеттік өзгерістер-----22 бет
- 2. Ұлттық мемлекет құру жолындағы қозғалыстар**-----41 бет
 - 2.1 Қазақстандағы азамат соғысы (қарсыластығы).
Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның құрылуы-----41 бет
- 3. Кеңестік қазақстанның тарихи бастаулары: қазақтандыру
қиыншылықтары.**
 - 3.1. XX ғасырдың 20-30 жж. саяси – экономикалық және
әлеуметтік жаналықтар-----51 бет.
- 4. Фашистік басқыншылыққа қарсы күрестегі
қазақстандықтардың ерлігі**-----69 бет
- 5. XX ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік
реформалардың қайшылықты салдарлары**-----79 бет
 - 5.1. Жеке басқа табынудың «шарықтауы» және «жылымық»----79 бет
- 6. КСРО және Кеңестік Қазақстанды қайта құру әрекеттері.**
 - 6.1. КСРО ыдырауының саяси негіздері-----112 бет
 - 6.2. КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық
құрылымының дағдарысы-----127 бет.
 - 6.3. КСРО тоқырауы және Қазақстан тынысы-----146 бет.
 - 6.4. Қазақстандықтардың әлеуметтік қиыншылықтары-----153 бет.
- 7. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік стратегиясы және
әлеуметтік-экономикалық дамуы**-----159 бет.
 - 7.1. Республикадағы демократиялық процестер
мен саяси-қоғамдық қозғалыстар-----159 бет.
 - 7.2. Қазақстан экономикасына нарықтық қатынастарды
енгізу тұсындағы реформалар-----166 бет
 - 7.3. Этнодемографиялық үдерістер және ұлтаралық келісім аясындағы
шаралар. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы-----183 бет.

8. Тәуелсіз Қазақстандағы демократиялық және рухани жаңарулар	193 бет.
8.1. Әлеуметтік-экономикалық саланы модернизациялау	193 бет.
8.2. Қоғамдық-саяси дамудағы алға басулар. ХХІ ғ. басындағы әлеуметтік саладағы реформалар	206 бет.
8.3. Республика өнеркәсібін модернизациялау бағыттары	211 бет.
8.4. Жаңа тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыру мақсатындағы іс шаралар	214 бет.
8.5. Қазақстандық Заң шығарушы орнының қайта құрылуы мен дамуы	228 бет.
8.6. ҚР жастар саясаты және рухани жаңару бағыты	239 бет.
8.7. «Халық тарих толқынында» бағдарламасының маңызы мен мақсаттары	249 бет.
8.8. Жаңа заман тұлғасын қалыптастырудағы «Мәдени мұра-Культурное наследие» Бағдарламасының алатын орны	259 бет.
9. Қазақстан - әлем мойындаған ел	273 бет.
9.1. Республиканың шетелдермен қарым-қатынасы	273 бет.
9.2. Қазақстанның жаңа жаһандық дағдарыстан шығу жолдары	308 бет.
10. ҚР Президентінің 2015 жылғы сайлауы	323 бет.
Қорытынды	329 бет
Қазіргі заманғы Қазақстанның ширек ғасырлы тарихының маңызды оқиғалары	331 бет
ТІРКЕМЕЛЕР	334 бет
Әдебиеттер тізімі	340 бет

КІРІСПЕ

Қазақстан аумағы 2724,9 мың шаршы км-ге тең. Жерінің көлемі жағынан Қазақстан дүние жүзіндегі ең ірі мемлекеттердің қатарына жатады. Ресей, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Аустралия, Үндістан және Аргентинадан кейін 9-орын алады. Біздің еліміз Франциядан 5 есе, Италиядан 9 есе, Англиядан 11 есе үлкен. Мысалы, республика жеріне Ұлыбритания, Франция, Испания, Германия, Аустрия, Нидерланд және Жапония мемлекеттері сыйып кетер еді. Қазақстан Еуразия материгінің орталығында орналасқан, екі дүние бөлігін қамтиды. Кіші батыс аймағы Еуропада, ал көлемді шығыс аймағы Азияда жатыр. Жайық өзенінің екі жағында орналасқан Атырау қаласы тұрғындарының Еуропа мен Азияға күнде саяхат жасауға мүмкіндіктері бар. Мұндай мүмкіндік, сонымен қатар Ресейде де бар.

Физикалық-жағрафиялық жағынан сипаттайтын болсақ, Қазақстан Тынық және Атлант мұхиттары, сондай-ақ Үнді мен Солтүстік Мұзды мұхиттарынан бірдей дерлік қашықтықта орналасқан. Оның бұндай шалқын су бассейндерінен шалғай болуы әрі аумағының кеңдігі ауа райының айрықша ерекшелігін қалыптастырады. Қазақстан батысында - Еділдің төменгі ағысынан, шығысында - Алтай тауларының етегіне дейін 3000 км-ге, солтүстіктегі - Батыс Сібір жазығынан, оңтүстіктегі Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне дейін 1650 км-ге созылып жатыр.

Сөйтіп, республиканың жағрафиялық қонысы оның табиғат жағдайларын анықтайды. Қазақстан қоңыржай белдеудің орта және оңтүстік ендіктерінде орналасқан. Дәл сол ендіктердегі Шығыс Еуропа қоңыржай континенттік ауа райымен, ал Батыс Еуропа субтропиктік сипатымен ерекшеленсе, Қазақстан шұғыл континенттік климатымен көзге түседі. Қазақстан аумағы табиғатының бір шетінен, екінші шетінен айырмашылығы үлкен. Мысалы, оңтүстіктегі тау етектерінде шие мен өрік гүл атқан кезде, республиканың солтүстігінде әлі суық, қарлы боран соғып тұрады. Қазақстан жерінде қатаң Сібір мен қапырық Орта Азия тоғысып жатқандай. Географиялық орнына қарай республика жерінде орманды дала, дала, шөлейт және шөл зоналары қалыптасқан. Республиканың батыс шеті (46°30' ш.б.) Эльтон және Басқұншақ көлдері маңына, ал шығыс нүктесі (87°20' ш.б.) Бұқтырма өзенінің бастауына сай келеді. Ендік бойымен батыстан шығысқа қарай, материк ішіне енген сайын, климаттың континенттігі арта түседі. Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен шығыс таулы өңірлерінде ландшафттардың күрделене түсетін алуан түрлі биіктік зоналары байқалады. Қазақстанның географиялық орнына байланысты барлық өңірлерінде жылдың төрт мезгілінің ауысуы айқын байқалады. Қазақстан Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Иран елдеріне, Еділ өзені және Еділ - Дон каналы арқылы Азов және Қара теңіздерге шыға алады. Еліміздің көп бөлігі жазық,

үстіртті болып келеді. Ол алуан түрлі шаруашылық жұмыстарын дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 13394 км, теңізбен (Каспий) 2000 км-ден астам. Қазақстан батыста, солтүстік-батыста және солтүстікте 7591 км Ресеймен шектеседі. Республиканың Алтайдан Тянь-Шаньға (Хантәңірі массивіне) дейінгі 1782 км-ге созылып жатқан шығыс шекарасы Қытай Халық Республикасымен арадағы мемлекеттік шекараға сай келеді. Ал оңтүстігінде тәуелсіз дос мемлекеттер: Түрікменстанмен - 426 км, Өзбекстанмен - 2354 км және Қырғызстанмен - 1241 км шектеседі. Республиканың шекарасы батысында - Каспий маңы ойпаты мен Жалпы Сырт қыратының біраз жерін, солтүстігінде Батыс Сібір жазығының оңтүстігін; оңтүстігінде Тұран ойпатын, ал шығысы мен оңтүстік-шығысында Алтайдың батыс бөлігінің, Сауыр, Тарбағатай жоталарының, Жетісу (Жоңғар) Алатауының негізгі бөлігін және Тянь-Шаньның солтүстік жоталарын басып өтеді.

2015 жылдың 3 ақпанында Елбасы Қазақстанда кезектен тыс Президенттік сайлау өткізу мүмкіндігін белгілейтін Заңға қол қойды "Мемлекет басшысы еліміздің Конституциясына толықтырулар мен өзгерістер енгізуге және Қазақстанда кезектен тыс Президенттік сайлау өткізу мүмкіндігін белгілейтін «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» және «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» конституциялық заңдарды іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Конституциялық заңға қол қойды",- делінген ҚР Президентінің баспасөз қызметі таратқан хабарламада. «Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Конституциялық заңында кезектен тыс Президенттік сайлау ҚР Президентінің шешімімен тағайындалады және ол тағайындалғаннан кейін 2 ай мерзімде өткізіледі. Президенттің кезектен тыс сайлауы осы Конституциялық заңда Президенттің кезекті сайлауы үшін белгіленген қағидаларға сәйкес өткізіледі. Сайлау іс-шараларын өткізу мерзімін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

Президент кезектен тыс сайлауда сайланған жағдайда не Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Президент өкілеттігін қабылдағанда, ант беру президенттік сайлау қорытындысы жарияланған не Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде өткізіледі. Бұл жағдайларда ант беру күнін Республиканың Орталық сайлау комиссиясы айқындайды. Ант беру салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың барлық бұрынғы Президенттерінің қатысуымен өткізіледі. Кезектен тыс сайлауда сайланған Республика Президентінің өкілеттігі кезектен тыс сайлаудан кейін бес жылдан соң желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс кезекті сайлауда

сайланған Республика Президенті лауазымына кіріскенге дейін жүзеге асырылады

Айта кетейік, 31 қаңтар күні Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2011 жылғы 14 қаңтарда Парламент қабылдаған, ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасының Президенттік өкілеттігін референдум арқылы ұзарту мүмкіндігін қарастырған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерту мен толықтыру енгізу туралы Заңды Конституцияға сәйкес емес деп таныған қаулысына байланысты Қазақстан халқына Үндеу арнады. Президент Үндеуінде Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін 2020 жылдың 6 желтоқсанына дейін ұзарту жөніндегі референдумды өткізбеу туралы шешім қабылдағанын, Қазақстанда мерзімінен бұрын Президент сайлауын өткізу туралы Парламентке ұсыныс енгізетінін айтты.

1 ақпанда ҚР Парламенті Мәжілісінің кезектен тыс жалпы отырысында палата депутаттары «ҚР кейбір Конституциялық заңдарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» заң жобасын өндіріске алды. Ал бүгін, 3 ақпан күні түске дейін Төменгі палата депутаттары «ҚР кейбір Конституциялық заңдарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» ҚР Конституциялық заңының жобасын мақұлдап, оны Сенатқа жіберген болатын. Түс ауа Сенат Қазақстанда мерзімінен бұрын Президенттік сайлау өткізуді қарастыратын аталмыш заңды қабылдап, Мемлекет басшысының қол қоюына жіберген болатын.

Заманауи әлемде жаһандануды жақтаушылар және өзіндік ұлттық ерекшелікті сақтап қалғысы келетіндер арасында кереғар пікірлер бар. Әсіресе, көпэтникалық мемлекетте мұндай мәселелер өзекті. Ал қазіргі кезде дүниежүзіндегі мемлекеттердің 90% көпэтникалық. Моноэтникалық мемлекетте демографиялық саясатты жүргізудің біршама жеңілдірек екендігі белгілі. Дегенмен, дүниежүзіндегі мемлекеттердің 10% ғана халық құрамы жағынан гомогенді. Мәселен, Қазақстан Республикасының этникалық көрінісін әр түрлі 140-тай этникалық топ құрайды.

Қазақстан әлемдегі аз қоныстанған елдердің бірі. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2010 жылдың 1 қыркүйегіндегі халық саны 16189667 адам. Халықтың орналасу тығыздығы бір шаршы кв.км. 5,9 адамнан келеді. Еліміз территориясы жағынан дүниежүзінде Ресей, Қытай, АҚШ, Аргентина, Бразилия, Канада, Үндістан және Австралиядан кейін тоғызыншы орынды алса, ТМД елдерінің ішінде екінші орынды алады. Территориямыз: 2724900 шаршы километр. Қазақстан Республикасының құрлықтағы мемлекеттік шекарасының ұзындығы - 13392,6 км, оның ішінде көршілес жатқан мемлекеттермен шекарасының ұзындығы мынандай: Ресей Федерациясымен - 7591,0 км, Өзбекстан Республикасымен - 2351,4 км, Қырғызстан Республикасымен - 1241,6 км,

Қытай Халық Республикасымен - 1782,8 км, Түркменстан Республикасымен - 425,8 км.

Мұндай географиялық жағдайдың Қазақстан үшін біршама қауіп де бар. Өйткені, көршілес жатқан шамадан тыс қоныстанған мемлекеттердің кейбірінің «демографиялық қысымына» ұшырауы мүмкін. Ал бұл ұлттық қауіпсіздігімізге қатер және этносаралық қатынастарды тұрақсыздандырады сөзсіз.

Тәуелсіз мемлекеттің өзекті көрсеткіштерінің бірі ол халық санындағы тенденция болып табылады., немесе демографиялық үдеріс, тенденция. Демографиялық қауіпсіздікке қатер төндіретін жағымсыз құбылыстар мен үдерістерді болжап және алдын алу өте қажет. Яғни, демографиялық жағдайды жан-жақты талдау жинақталған, өз шешімін күтетін демографиялық мәселелердің көптігін көрсетеді. Осымен қатар, белең алған экономикалық дағдарыс демографиялық жағдайдың өзгеруіне және көптеген күрделі мәселелердің туындауына алып келді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2008 жылдың 29 мамырында Ақордада бір топ қазақ тілді БАҚ басшыларымен кездесіп, ұлттық жаңғыру және халқымыздың бәсекеге қабілеттілігі аясындағы келелі мәселелер бойынша берген кең көлемді сұхбатында: «ата-бабамыздан қалған жеріміз далиған дала. Халқымыз аз. Мына жақтағы Ресейге қарасақ та, мына жақтағы Қытайға қарасақ та біз азбыз. Өзбек ағайындармен салыстырғанда да көп емеспіз. Сондықтан да біз халықтың сапасына қатты назар аударуымыз керек. Дегенмен көптің аты көп. Мысалы, дүниежүзінде қандай қобалжу, қандай қозғалыс болып жатса да Қытай былқ етпейді, себебі өзінің базары өзіне жетіп жатыр, шығарған өнімнің барлығын өзінің халқы сатып ала алады. Ресей де солай. Тіпті 70 миллиондай халқы бар Түркия да солай. Бес Франция сыйып кететін осындай алып территорияда 2015 жылдың басында небәрі 15 миллион 700 мыңнан астам адам тұрған. Сондықтан да, біз қалайда көбеюіміз керек деген ойдың маңызы мен болашағы өте зор. Көбеймесек көсегеміз көгермейді. Санның сапаға айналмай қоймайтынын әлемдік тәжірибе айқындаған. Не шықса да көптен шығады. «Көп қорқытады, терең батырады» деп қазақ бекер айтпаған, деген ойы әр отансүйгіш азаматқа сүбелі міндет жүктейді.

Олай болса халық санының өсуі мен өшуінің, яғни демографияның басты тетігі - табиғи өсім. Сондықтан болса керек, Президент Жолдауларында осы мәселеге арнайы көңіл бөлунуі. Бұл орайда біршама шаралар қолға алынып, мысалы, дүниеге келген балаларға жәрдемақы екі жарым есе өсті. 1995-1996 жылдары Қазақстанда жылына 190-200 мың бала туатын. Қазір ол көрсеткіш 350 мыңға жетті. Табиғи өсу бар. Енді осы қарқыннан айырылмауымыз керек. Ең бастысы - жаһандану заманы екен, нарық заманы екен, қымбатшылық екен деп жүріп халқымызға ежелден тән балажандылық дәстүрін үзіп алмау. Әр бала өзінің несібесін ала келеді. «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» дегенді қазақ тегін айтпаған. Көп балалы әр отбасы - Отанымыздың бір тірегі», - деп атап өткен.

**1. Қазақстан тәуелсіздікке барар жолда:
даму фазалары мен ұлттық құрылыс идеялары**
1.1. XIX-шы ғ. аяғы XX-шы ғ. басындағы Қазақстанның
саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік ахуалы.

XIX-шы ғ. басында Ресей империясы құрамындағы Қазақстан алты облыстан тұрды: Түркістан генерал-губернаторлығында - Сырдария және Жетісу облыстары (орталығы Ташкент); Дала генерал-губернаторлығында- Ақмола, Семей, Орал, Торғай облыстары. Бөкей Ордасы Астрахань губерниясының құрамында, ал Маңғыстау Закаспий облысының құрамында болды. XIX ғ. аяғында Бүкілресейлік халық санағы бойынша Қазақстанда 4,2 млн адам тұрды, олардың 81,7 пайызын қазақтар құраған. 1914 жылға қарай өлке халқының жалпы саны 5,9 млн адамға жетіп, олардың 65,1 пайызын қазақтар құрады. Халық саны көбеюінің, бірақ жергілікті халықтың үлес салмағының азаюының негізгі себебі Ресей үкіметінің жүргізген отарлау саясатының бір бағыты - Жетісу, Торғай, Ақмола облыстарына славян халықтарын көшіруде болды.

Жергілікті халықтың көпшілігі ауылдарда тұрып, әдеттегіше жартылай көшпелі мал шарушылығымен айналысатын, соның ішінде мал ұстаудың жайылымдық-жартылай қолда бағу жүйесі, егіншілікпен, шөп шабумен шұғылдану тәсілі болды. XX-шы ғасырдың басында да ата-салт бойынша қазақтар төрт түлік мал (жылқы, қой, түйе, ешкі) және ірі қара мал өсірді. Осы кезде егіншілікпен айналысу кең тарап, 1897 жылғы мәліметтер бойынша бұл кәсіппен айналысатындар арасындағы қазақтардың үлес салмағы 55% жетіпті.

Егіншілік Сырдария облысының Шымкент пен Әулиеата уездерінде кең көлемде болып, жедел қарқынмен дамыды. Бұл өңірдегі әр тұқым себуші шаруашылыққа егістік орта есеппен 10,7 десятинадан келді. Жетісу облысының Қапал уезінде 1910 ж. қазақ шаруашылықтарының 81 пайызы, ал Верный уезінде 79,3 пайызы егіншілікпен айналысатын. Қостанай уезінде егіншілікпен үй қожалықтарының 88 пайызы шұғылданып, олар әрбір тұқым себуші шаруашылыққа 22,2 десятина жерден келетін 107,4 мың десятина егістікке тұқым сепкен.

Жер өңдеушілік кәсібін дамытуда қоныс аударғандар елеулі рөл атқарды. Егіншіліктің қазақ арасында тез тарауы, жаңа ауылшаруашылық құралдары мен жер өңдеу тәсілдерін меңгеру, рыноктарға астықтық және жемдік дақылдарға сұраным, егістіктерде бидайдың, арпа мен сұлының барған сайын көп орын алуына себепкер болды. Күріш, бақша дақылдарының егістіктері кеңейтілді.

Бұрын-соңды байқалмаған тағы бір ерекшелік - XX-шы ғасырдың басында қазақ жерінде қала халқының жүйелі өсуі байқалды. Тек бірінші 15-жылдықта қала халқының жалпы саны 1,5-есе өсіп: Оралда - 47,5 мың, Петропавл мен Верный де - 43,2 мың, Семей де - 34,4 мыңға жетіп, олар ірі қалалар қатарына қосылды. Қалалардың көпшілігі әкімшілік орталықтары

ретінде пайда болып, тез арада сауда мен өңдеуші өнеркәсіптердің орталығына айналды.

Қазақстан қалаларының өзіндік әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан туындаған бірқатар ерекшеліктері болды. Біріншіден, олар жалпы дүниежүзілік эволюция заңдылығымен ұштасады және сол процестің нәтижелерінде көрінеді. Екіншіден, қазақ жеріндегі қалалардың пайда болуы мен өсуі өлкені отарлаудың тарихымен, орыс-қазақ саудасының ұлғаюымен байланысты. Мысалы, отарлаудың нәтижесінде қазақ өңіріндегі казак елді мекендерінің саны осы жылдары 30-дан 400-ге дейін көбейген. Қалалардың қалыптасу процесіне Ресей империясының шеткі аймақтарындағы ХІХ-шы ғасырдағы саяси реформалар зор әсерін тигізді.

Реформалардан кейінгі кезеңде қалалардың көбі ұсақ қалалар санатына жатты. Сырдария облысында ұсақ қалалар саны барлық қалалардың 71 пайызын алды. ХХ-шы ғасырдың басында Қазақстан қалаларындағы халықтың саны төмендегідей болған:

ҚАЛА	ХАЛЫҚ САНЫ	ҚАЛА	ХАЛЫҚ САНЫ
Орал	36446	Өскемен	8721
Верный	22744	Кереку	7738
Семей	20216	Перовск (Ақмешіт)	5058
Қызылжар	19688	Көкшетау	4962
Жаркент	16094	Қарқаралы	4451
Қостанай	14275	Зайсан	4402
Әулиеата	11722	Атбасар	3038
Ақмола	9688	Ырғыз	1512
Атырау	6322	Торғай	896

Қала халқының саны артып, оның әлеуметтік құрамы өзгерді. Қалаларда офицерлер, құрметті азаматтар мен көпестер, казак ұлықтары (Оралда, Орынборда, Семейде, Верныйда) тұрған. Қала халқының көпшілігі шаруалар, жұмысшылар және ерекше топ мешандар болды. Құқы жағынан біртұтас бұл сословие әлеуметтік жағынан іс жүзінде біртектес емес еді. Мешандар арасынан көпестердің қатарын толықтырған саудегерлер, кәсіпкерлер шығып отырды. Алайда, мешандардың негізгі бөлігі шаруашылық жағынан дербестіктен айырылып, бара-бара кедейлер құрамын толықтырып отырған.

Бастапқы кезде қала халқы негізінен казактардан, әкімшілік аппаратынан және қызмет адамдарынан қалыптасты. Одан әрі ол қоныс аударушы славян крестьяндар есебінен көбейді. Қазақстан қалалары ХХ-шы ғасырдың басында өнеркәсіп шоғырланған ірі орталықтар есебінде болмаған еді. Ресей империясының шығыс шет аймағы ретіндегі Қазақстанның жағрафиялық жағдайы мұнда ауыл шаруашылығы шикізатын алғашқы өңдеумен байланысты негізінен ұсақ өнеркәсіптің таралуына себепші болды. Ұсақ өндірістің үлес салмағының жоғары болуы мен оның сипатына

байланысты шағын қалалар басым болды. Қалаларда ең алдымен тамақ салалары, тері илеу өнеркәсібі және механикалық ұстаханалар, негізінен темір жол жанындағы шеберханалары шоғырланды.

XIX ғасырдың аяғында Қазақстан қалалары өлкенің аграрлық-сауда және мәдени орталықтарына айналып, оларда ауыл шаруашылық және жер қойнауындағы шикізаттарды өңдейтін өренкәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасы дамыды.

XX-шы ғасырдың басында Қазақстанда өнеркәсіп өндірісі қанат жая бастады. Ол үшін өлкеде қолайлы жағдайлар толық болды. Жер мен шикізат арзан, жұмысшылардың жалақысы төмен, басы артық жұмыс қолы мол еді. Өнеркәсіп саласының негізін құрайтын кен өндіру өнеркәсібі елімізде сол кездің өзінде маңызды сала бола бастады. Ғасырдың басында Қарақаралы уезінде 70-ке жуық шағын мыс рудниктері, 170 күміс-қорғасын, 3 темір, 2 никель-күміс, 4 мырыш руднигі болған. Атбасар уезінде 15 участектен мыс, күміс, қорғасын өндірілетін кәсіпорындары толық болмаса да іске қосылған. Сібірде алтын шығатын жерлер ашылған кезде Омбы, Петропавл, Көкшетау және басқа алтын кәсіпкерлерінің құқы Қазақстанның қазақ даласы мен таулы аудандарының көмбелі байлықтарына ауды.

Кен-зауыт өнеркәсібі негізінен Ақмола облысының Ақмола, Баянауыл және Қарақаралы, Семей облысының Өскемен уездерінде шоғырланды. Жеке адамдар ұйымдастырған жарналы серіктестіктердің саны көбейді. Мәселен, Ақмола облысының Көкшетау уезінде 70-шы жылдардан бастап алтын өндіретін Подсосовтың, Петровтың, ағайынды Шевелиндердің, Бутбриндердің сауда фирмалары пайда болды. 1878 жылдың қазанында Петербургте Түмень көпестері Л.Д. Хотинский мен М. Катымскийдің арасында уезде алтын шығару жөнінде жарналы серіктестік ұйымдастыру жөнінде шарт жасалынды. Осы кездерде Рязановтар, Брониковтар, Меньшиковтар ж.б. секілді акционерлер шықты.

Елімізде негізінен кен қазып шығару және тау-кен зауыттық, сондай-ақ өңдеуші кәсіпорындар дамыды. Тау-кен өнеркәсібі түсті металдар мен темірдің бай кен-орындарын пайдаланып жатқан Алтай мен Орталық Қазақстанда көбейді. Бұнда мыс, алтын, темір ж.б. өндірістік шикізат шығатын орындар шетелдік акция иелерінің қолына көшті. Мысалы, ағылшын-француз акционерлік қоғамы Спасск-Успенск кен зауытын, Саран-Қарағанды таскөмір кенін, темір рудниктерін сатып алды. Көбінесе акция ұстаушылар американдықтар, немістер, шведтер, австриялықтар т.б. шет ел өкілдері болған. 1914 жылы Екібастұз қорғасын-мырыш зауытының құрылыстары басталды, темір жол салынып жатты.

XX ғасырдың бас кезіндегі өлкедегі түрлі иеліктегі өнеркәсіптік орындардан алтын, көмір (Екібастұз, Қарағанды, Саран), тұз (батыс және солтүстік-шығыс аймақтарда) шығарылды. Кәсіпорындардың біршамасы артельдерге, серіктестіктерге және қоғамдарға арендаға берілді. Батыс Қазақстандағы Жайық-Жем аймағында мұнай өндірісі дамыды. 1912-1914 жж. мұнай өндіру саласын ағылшындықтар қолына алып “Орал-Ембі қоғамы”, “Батыс-Орал мұнай қоғамы” және “Солтүстік -Каспи мұнай

компаниясы” деген кәсіпорындары арқылы өлкеде экономикалық билік жүргізген. Сөйтіп, олар жұмысшы қолын, бәсекесіз және мұнайдың бай кен орындарын жыртқыштықпен пайдалану арқылы ұшан-теңіз пайда алған.

Тұтас алғанда өлке өнеркәсібінде ауылшаруашылық шикізаттарын өңдейтін: теріден былғары жасайтын, май шығаратын, сабын қайнататын, спирт шығаратын, май шайқайтын кәсіпорындары басым болды. Жетісу, Ақмола және Семей облыстарында өнімдеріне әскери ведомстволар ерекше ынталық танытқан жүн-шұға фабрикалары, ет-консерві зауыттары, сондай-ақ ұн-жарма өнеркәсібі дами түсті. Оңтүстік Қазақстанда шикізатты өңдейтін майда кәсіпорындардан басқа мақта тазарту өнеркәсібі өркендеді. XX ғасырдың басында Шымкентте төрт, Түркістанда - екі мақта тазартатын зауыт салынған.

Қазақстанда балық кәсіпшілігі едәуір дамыды. XX-шы ғасырдың басында 150-ден астам балық кәсіпшіліктері, Жайық өзені мен Каспий теңізінің жағалауында шоғырланған еді. Баутин, Жылықосын, Гортамбаев, Забурин және Ганюшкин балық зауыттары іске қосылды.

Жем мен Жайық өзендерінің өңірінде балықшы кәсіпкерлер балық саудасымен шұғылдана бастады. Олар балықтарының біразын Астраханьға және басқа қалаларға апарып сатып, олардан сатып алған астық пен өнеркәсіп тауарларын қайтадан ауылға әкеліп сататын болды. XIX-шы ғ. 70-ші жылдарынан бастап Арал теңізі мен Сырдарияда да балық аулау кәсіпшілігі кең қанат жаяды. Осы жерден балық Ырғыз бен Жаманқала арқылы Троицкіге жөнелтіліп тұрды.

Балқаш көлінде балық аулайтын тұрақты кәсіпшілік 1880 жылдан қызмет ете бастаған. Іле мен Шу өзендерінің және Балқаш көлінің жағаларында балық кәсіпшілігімен шұғылданған 135-ке жуық отбасылары аулаған балықтарының денін Верный мен Қарақараланың базарларына сатып отырған. Дамып келе жатқан балық кәсіпшілігі қазақ шаруашылығында, әсіресе кедейлер үшін үлкен сүйеніш еді. Семей облысында әртүрлі балығы көп су қорларының болуы бұл өңірде балық кәсіпшіліктерінің өркендеуіне себепші болды. Өлкеде ауланған балықтың көлемі жөнінен Зайсан көлі мен Қара Ертістің сағасы бірінші орын алатын еді. Балықшылар басы артық балығын жақын жердегі жәрмеңкелерге апарып немесе жергілікті алыпсатарларға өткізіп отыратын болды.

Сайып келгенде, XX-шы ғасырдың басында қазақ жері Ресей империясының толық отаршылдығында бола тұра өзінің табиғат қорларына сүйенген өнеркәсіп салаларының дамуына нық қадам жасаған. Өлкенің өнеркәсіп орталықтарының бірі Батыс Қазақстан болды. 1894 жылы Оралға темір жол келіп бүкіл елімізді Еділ жағалауындағы халықтармен жалғастырды, Жайық өңірінің өнімін Ресейдің Еуропа аймағындағы рыноктарына жеткізудің торапты нүктесіне айналды.

Екінші маңызды өнеркәсіп орталығы Ақмола облысы, оның ішінде Петропавл қаласы болды. Мұнда 1895 жылы 1155 диірмен, 216 өңдеуші өнеркәсіптің зауыттары жұмыс істеп, олар жылына 1 миллион сомның тауарларын шығарып тұрды.

Қатынас жолдары. Барлық жолдар, пошта қатынастары негізінен Ақмола, Көкшетау, Гурьев, Орал, Орынбор, Омбы, Петропавл, Семей, Павлодар, Верный, Ташкент сияқты қалалардың төңірегіне шоғырланды. Тауарлар өгізбен, түйемен, атпен тасылып тұрды. Шикізат пен өнеркәсіп өнімінің, азық-түлік пен жұмыс күшінің бағасы да едәуір дәрежеде сол қатынас жолдарының жағдайына байланысты болды. ХІХ-шы ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап Ертіс бойымен және Балқашта тұрақты кеме қатынасын жолға қоюға әрекет жасалды. Омбы, Семей, Павлодар секілді қалаларда, Ертістің жағасында қойма жайлар салынды. 1860 жылдан бастап кеме жүзу маусымында Балқаш көлі мен Іле өзенінің бойында жыл сайын ерсілі-қарсылы жүк тасылып тұрды.

Ішкі Ресейден Қазақстанға темір жолдар салу жөніндегі алғашқы қадамдар ХІХ ғасырдың 70-шы жылдарынан басталды. 1874-1876 жылдары Орынбор темір жолы (Самара-Орынбор) салынып, ол Торғай облысы мен Орынборды империя орталығымен жалғастырды. 1880-1890 жылдарда Каспий теңізінің шығыс жағалауынан Ташкентке дейін жол салу ісі онан әрі жүргізілді.

1891-1893 жылдары Рязань-Козловск темір жолының акционерлік қоғамы Покровская Слобода-Орал жолын, 1897 жылы Урбах-Астрахань жолын салды. Саратовтан Оралға дейінгі темір жол 90-шы жылдарда салынып бітті.

Сібір магистралы құрылысының Батыс Сібір учаскесі Ақмола облысының Петропавл және Омбы уездерінің жерімен 178 шақырым бойына өтетін еді. 1901-1905 жж. толық іске қосылған Орынбор-Ташкент темір жолы Түркістан өлкесін өнім шығаратын және өңдеу өнеркәсібінің басқа орталықтарымен байланыстыратын бірден-бір жол болды. Бұл жол Орынбор-Ақтөбе бағытында Жайық, Елек, Жем су айырықтарының бойымен Шалқар көліне қарай, Мұғалжар таулары мен кіші Борсық құмдары арқылы Арал теңізіне, Қазалыға, Сырдария жағалауына, Перовск, Түркістан және одан әрі Ташкентке қарай тартылған еді. Жалпы 1917 ж. дейін қазақ жерінде барлығы 2793 шақырым темір жол төселіп, оның 2557 шақырымы жалпылай пайдаланатын, тек 236 шақырымы ғана жергілікті маңызы бар жолдар болған.

Өнеркәсіптің дамуы және түрлі байланыс тораптарының іске қосылуы Қазақстанда ХІХ ғасырдың орта тұсынан бастап жұмысшы кадрлардың қалыптасуына негіздер қалады. Әлкеде оларды қазақ шаруаларының кедейленген бөлігінен шыққан жалданушылар мен қоныс аударған славян крестьяндары, қайыршылық күйге түскен қолөнершілер мен жергілікті қалалардың жарлы-жақыбайлары, төменгі шен әскери адамдары, сондай-ақ Ресей империясының ішкі және басқа губернияларынан келген маман жұмысшылар мен кедей шаруалар құрады.

Қазақстанда өндіріс жұмысшыларының қалыптасу қарқыны мен оның санының өсуі барлық облыста біркелкі болған жоқ. Кен өнеркәсібі бар аудандарда жұмысшылар саны тез өсіп, ХХ ғасырдың басында 11225 адамға теңелді. Жұмысшы күші бірте-бірте шоғырлана берді және олардан тұрақты

кадрлар құрала бастады. Дегенмен, Қазақстанда мерзімді жұмыс басым болуы және техниканың артта қалуы жағдайларында бұл процесс Орталық Ресейдегіден гөрі баяуырақ жүріп жатты.

Әлке жұмысшы кадрлары ең алғаш қалыптасуынан бастап -ақ көп ұлтты болған еді. Мысалы, XX ғасырдың басында Екібастұзда Орталық Ресейдің 23-тен астам губернияларынан келгендер жұмыс істеді. Өнеркәсіп ұжымдарындағы жұмысшылардың жалпы санының 50-60 пайызы қазақ жұмысшылары, қалғандары орыстар, украиндар, татарлар, башқұрттар және басқалар болған еді.

1913 ж. Қазақстанның барлық кәсіпорындарында 75 мыңға жуық жұмысшылар қызмет еткен. Олардың ішінде 51 мыңы еңбек еткен 675 таза өндірістік кәсіпорындар болды, ал жұмысшылардың 19 мыңнан астамы ірі өнеркәсіп орындарында істеді. Темір жол мен су қатынасы орындарында 25 мың жұмысшы еңбекпен қамтылды. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жұмысшылар саны ірі өнеркәсіп және қатынас салаларында өсті. 1917 жылғы Қазан оқиғалары кезінде өлкедегі жұмысшылар саны 90 мыңға жетті. Жалпы Қазақстандағы жұмысшы кадрлардың өлкеге тән ерекшеліктері болды: а) тұрақты және уақытша еңбекпен қамтамасыз етілгендер; б) өнеркәсіп орындарында шоғырлануына байланысты (орта есеппен әрбір кәсіпорынға 20 жұмысшыдан ғана келді). Жұмысшылардың шоғырлануы жоғары болған темір жол шеберханалары мен деполар болды, ал мұның өзінің Қазақстанда жұмысшы және саяси (социал-демократиялық) қозғалыстың дамуына ерекше маңызы болды. Петропавл, Омбы, Орынбор, Ақтөбе, Қазалы, Перовск, Шалқар, Түркістан станцияларының теміржолшылары осы қозғалыстың алдыңғы қатарлы отрядына айналды.

Фабрик-зауыт жұмысшыларының арасында әдетте жергілікті тұрғындар басым болды. Неғұрлым жоғары мамандық дәрежесі және техникалық дағдысы барларды талап ететін теміржол жұмысшыларының басым бөлігін орыстар құрады. Ал күндік немесе уақытша жұмысшылардың ұлт құрамына келетін болсақ онда қазақтар көп болды. Жұмысшылардың шоғырлануы неғұрлым жоғары және тұрақты кадрлары бар тау-кен және өндіру өнеркәсібінің ұжымдарын құрады. 1887 ж. өзінде Зайсан уезінің бастығы өздерінде өткен бір ереуілге байланысты оған “қырғыз тау-кен жұмысшылары” қатысты, ал оларды “орыс мастеровойлары” басқарды деп жазды. Мұның үстіне ол Әскемен және Зайсан уездерінің “қырғыз тау-кен жұмысшылары” кен қазу жұмыстарымен 10 жылдан астам уақыт бойы айналысып келе жатқан “тәжірибелі адамдар, көбі орысша сөйлей алатындар” екендігін атап көрсеткен-ді.

Әлкенің өнеркәсіп жұмысшыларының хал-ахуалы Ресейдің өнеркәсібі дамыған өңірлерімен салыстырғанда әлдеқайда ауыр болды. Мысалы, мұнай кәсіпшіліктерінде жұмыс күннің ұзақтығы 12 сағатқа дейін, алтын шығаратын кендерде - 10-12 сағатқа дейін, тұз өндірілетін кәсіпшіліктерде - 14-16 сағатқа дейін, темір жол кәсіпорындарында да осы шамаға созылды. Еңбек ақы да Ресей орталығындағы кәсіпорын жұмысшыларының жалақысынан орта есеппен алғанда 3-4 есе кем болды.

Тау-кен кәсіпорындардағы еңбек құралдарының техника жетістігі деңгейінен төмен болуы, еңбек қауіпсіздігін сақтаудың қарапайым шараларының болмауы, жұмысшылардың зақымдануы мен өлімге ұшырау оқиғалары жиі кездесетін жаппай жарақаттануға соқтырып отырған. Жұмысшылардың көбінің тұрғын үйі болмады, тек 40 пайызға жуығы ғана құранды лашықтарда, жер үйлер мен барақтарда жайласты. Сондықтан әрі дәрігерлік көмек көрсетудің, әрі санитарлық-тазалық жағдайының жоқтығынан жұмысшылар мен олардың от-басыларында эпидемиялар мен жұқпалы аурулар жиі шығып тұрды.

Осының бәрі, еңбектеріне төленетін ақынның әділетсіз төменгі деңгейі, көптеген жаза мен айыптардың түрлері, кем өлшеп, кем есептеу және үкімет пен қожайындардың тағы басқа озбырлықтары, еңбектің, тұрғын үй, тұрмыстық жағдайларының жайсыздығы жұмысшыларды өздерінің экономикалық және саяси хал-ахуалдарын жақсарту үшін күрес-ереуілдерге шығуға итермеледі.

XX-шы ғ. басында Ресей үкіметінің отарлау саясатының негізгі бағыты қазақ жерінде жаңа аграрлық қатынастарды жүргізу, дәлірек айтсақ қоныстандырудың жаңа кезеңін жүргізужоспарланды. Осы кезден былай империяның орталық аудандарынан крестьяндардың қоныс аударуы ұйымдасқан әрі жаппай сипат алды. Орталық губерниялардан шаруалардың елдің шеткері аудандарына, соның ішінде Қазақстанға да қоныс аударту арқылы отаршылдық саясаттың жаңа белесі ашылды. Жер артығын алу деген желеумен жұрттың жерін тартып ала отырып, Ресей үкіметі қазақтарды түгелдей күйзелту арқылы “қоныс аудару қоры” дейтінді жасады. Бұл қор “жергілікті халықтардың жер жөніндегі құқықтарын өрескел бұзу жолымен жасалады, ал Ресейден қоныс аудару ” шет аймақтарды орыстандыру” жөніндегі бәз-баяғы ұлтшылдық принципті дәріптеу үшін жасалады”.

“Қоныс аудару қорын” ұлғайту мақсатымен XX ғасырдың басында Қазақ өлкесін “зерттеу” үшін арнаулы экспедициялар жұмыс жасап, оның қорытындысы бойынша шаруалардың пайдаланатын жерінің көлемі шектелді. Егер 1893 жылдан 1905 жылға дейін қазақтардан 4 миллион десятинадан артығырақ жер тартып алынса, 1906 жылмен 1912 жыл аралығында 17 миллион десятинадан астам жер тартып алынды. Ресей үкіметі тарапынан ғасырдың басында қабылданған бірнеше құжаттарда қоныс аударудың негізгі ережелері, мерзімі мен аймағы, қоныс аударушыларға берілетін жеңілдіктер, пайдалануға бөлінетін жердің көлемі және қоныс аударатын аймақтар көрсетілген болатын.

Аталған құжаттар бойынша Ресей үкіметі Қазақстан территориясын қоныс аударатын бес аймаққа яғни, Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу жерлерін бөлді. Сонымен қатар ол құжаттар да: “Қырғыздардың шаруашылық қажеттеріне немесе уақытша тұруына арналған құрылыстар жерді тартып алу үшін бөгет бола алмайды,-” деп ерекше көрсетілген.

Қазақ жеріне қоныс аудару қозғалысының шешуші қадамы Ресей министрі Столыпіннің аграрлық саясатынан айқын көрініс тапты. Жаңа аграрлық саясат негізінде орталық Ресей үкіметі “Қазыналық жерлерге қоныс

аудару туралы ережелерге” түсініктеме берді. Оған сәйкес шаруалар мен егіншілерге мешаньдардың қауымынан шығуына, үлесті жерлерін сатуына және шеткері аумақтарға қоныс аударуына, немесе қоныс аударатын қазыналық бос жер іздеу, болып жатса иелену үшін Азиялықтарға Ресейге ходоктар жіберуге рұқсат етілді.

Жалпы ХХ ғасырдың басынан былай қоныс аудару үдей түсті. Егерде 1896 жылдан 1905 жылға дейін Ақмола, Торғай және Орал облыстарына 234134 адам қоныс аударса, келесі алты жылдың ішінде 400327 еркек адам қоныстанған.

Қоныс аудару жөнінде ол кезде қолданылған жүйе қоныс аударушылардың басым көпшілігін күйзелтті, олардың біразы кері қайтуға мәжбүр болды. Қазақстаннан Ресейге жыл сайын 40-110 мыңға дейін қоныс аударушы отбасылар қайтып отырды. Бұл шаруалардың жағдайы өте ауыр бола тұрсада шаруалар қозғалысы тоқтамады, мұның өзі Столыпин аграрлық реформасының күйреуін тездетті.

Қоныс аудару саясатын жүргізген кезде орталық үкімет көздеген отаршылдық-реакциялық мақсаттарға қарамастан, шаруаларды Қазақстанға қоныс аударудың өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси нәтижелері жөнінен объективтік жағынан алғанда прогресті маңызы болды. Мұның өзі өлкенің өндіргіш күштерінің дамуын тездетті, егіншілік пен отырықшылықтың өріс алуына, жалпы ұлт-азаттық, таптық күресте орыс және қазақ еңбекшілерінің жақындасуына да себебін тигізді. Сонымен бірге қоныс аудару саясаты Қазақстанда аграрлық қатынастардың шиеленісуіне, бүкіл қазақ жұртшылығының ата-тегінен иеленген жерінен айрылып, күйзелуіне әкеліп соқтырды.

Ресейдегі тұңғыш буржуазиялық-демократиялық революция Қазақстан еңбекшілерінің саяси оянуына, өлкеде езгінің отаршылдық, әлеуметтік және басқа түрлеріне қарсы ұлт-азаттық, жұмысшы, аграрлық қозғалыстардың жедел қарқынмен дамуына серпін берді. Өлке халқының әртүрлі топтарының Ресейдегі 1905-1907 жж. революцияға көзқарасы бірқалыпты болған жоқ. Өлкенің экономикалық және саяси дамуы дәрежесі баяу болғандықтан Ресей орталығынан көрі жұмысшы қозғалысының қарқыны төменірек болып, тек революция жылдарында жаңа сатыға көтерілді. Оған өнеркәсіп пен қала жұмысшылары белсене қатысты.

1905 жылғы 9 қаңтардағы қанды оқиға және одан кейінгі Ресей империясының өндірістік орталықтарындағы халық қозғалысы туралы хабарлар қазақ даласына тез тарады. Верный, Әулиеата қалаларының, Перовск, Қазалы, Орал, Ақтөбе, Семей темір жол станцаларының демократиялық ниеттегі еңбекшілері наразылық білдірді, ал Ақмола облысы мен бүкіл Дала өлкесінің орталығы Омбыда бүкілхалықтық ереуіл-шерулер болды.

1905 жылдың ортасында бүкіл Орынбор-Ташкент темір жолы бойындағы (Түркістан, Перовск, Жосалы, Қазалы, Шалқар) станцаларда жұмысшылар өздерінің экономикалық жағдайын жақсартуды, жұмыс күнін қысқартуды талап еткен ереуілдер өтті. Петропавл темір жол депосының

жұмысшылары саяси ереуіл ұйымдастырып, ал олардың Орынбордағы әріптестері жұмысты тоқтатты. 1905 жылғы қаңтар-ақпан аралығында өлкені қоныстанған кедейлердің патша үкіметіне ашу-ызасын білдірген көптеген жиналыстар өтті.

Бірінші орыс революциясының өріс алу барысында әлеуметтік таптар, саяси бірлестіктер мен партиялардың бағдарламалық көзқарастары айқындалды. Әрбір саяси партия революциядағы өзінің таяу кездегі іс-қимылын, өзге партиялар мен ағымдарға көзқарасын, сондай-ақ мемлекеттік бағыт-бағдарларға сын-ұсыныстарын айқындап белгіледі.

1905-1907 жж. Қазақстандағы жұмысшы қозғалысы қалыптасып орталықтағы әріптестерінің тәжірибесіне сүйеніп, өзінің дамуының жаңа кезеңіне қадам басты. Ресейдегі революциялық оқиғалармен ұштасып Қазақстанның жұмысшылар шоғырланған аудандарында ірі-ірі саяси және экономикалық ерулер болып өтті. Оған 1905 жылы желтоқсанда Успенск мыс руднигінде, 1907 жылы маусым айында Спасск мыс қорыту зауытында, Қарағанды кен орындарында және Семей, Орал, Ақтөбе, Верный, Қостанай және басқа қалалар мен кәсіпорындарында өткен ереуілдерді жатқызуға болады.

Бірінші орыс революциясы жылдары өлкеде РСДЖП-ның алғашқы топтары мен ұйымдары қалыптаса бастады, ол құбылысқа аталған партияның Сібір, Астрахань, Самар, Саратов комитеттері елеулі ықпалын тигізді. 1904 жылы пайда болған “Сібір социал-демократиялық Одағы”, әсіресе оның Омбы ұйымы аса маңызды іс тындырды. Ол бірінші кезекте Петропавл, Көкшетау қалалары мен солтүстік-шығыс аудандарындағы, сондай-ақ Жетісудағы жұмысшылар, жалпы еңбекшілер арасында айтулы үгіт-насихат жұмысын жүргізді.

Қазақстандағы алғашқы өз бетінше оқып үйренетін марксистік үйірме Атбасар қаласында болды. Оны 1896 жылы Оралдан жер аударылған жұмысшы А.Д. Ушаков ұйымдастырды. XX ғ. басында бұндай үйірмелер Ақмолада, Петропавлда, Оралда, Қостанайда, Семейде, Верныйда және өлкенің басқа да қалаларында пайда болды. Революцияның алғашқы айларында бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан марксистік үйірмелер негізінде Петропавл мен Оралда РСДЖП ұйымдары, Перовскіде, Қазалыда және Түркістанда, ал біршама кейінірек Ақмолада, Көкшетауда, Ақтөбеде, Павлодарда және өлкенің басқа да қалаларында социал-демократиялық топтар құрылды. Алғашқы РСДЖП ұйымы Семейде қалыптасты.

Революция жылдары (1905-1907) Қазақстан жұмысшыларының кәсіподағы қалыптаса бастады. 1905 жылдың қарашасында Н.Смуров, Н.А.Покатилов және Н.И. Ульянов басшылығымен алғашқылардың бірі болып Орал теміржолшыларының кәсіподағы, одан кейін неғұрлым жақсы топтасқан, әрі жауынгер ұйым-баспахана жұмысшыларының кәсіподағы құрылды. Қатарына 6 мың адамды топтастырған Орынбор-Ташкент теміржолшыла рының өлкедегі ең ірі кәсіподағы 1906 жылы құрылып көптеген революциялық әрекеттерімен белгілі болды. Кен өндіру саласында алғашқы кәсіподақ Успен руднигінде құрылып, ол Орыс-Қырғыз одағы деп

аталды. Деректер бойынша бірінші орыс революциясы кезінде еліміздің барлық жұмысшылары мен қызметкерлерінің бар болғаны 3,5 проценті 20-25 түрлі салалық кәсіподақтар қатарына тартылған болатын. Сайып келгенде, мұның өзі жергілікті жұмысшылардың аздығы, олардың кәсіпорындар бойынша шоғырлану дәрежесінің төмендігі және өндірістік қызметтерінің маусымдылығы елеулі әсерін тигізген. Түрлі одақтық, саяси ұйымдарға еңбекшілердің аз тартылуы жұмысшы қозғалысының тек әлсіз болғандығынан емес, халықтың басым көпшілігін қазақ шаруалары мен Ресейден қоныс аударғандар құраған және өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуының баяулығы да себепкер болды.

Бірінші орыс революциясы жылдарындағы көтеріліс немесе ереуілдер тек қана кәсіпорынмен шектелмей ауылдық жерлерде де қанат жайды. Қазақстандағы аграрлық қозғалыс тұтас алғанда аса қарқынды болмай, шаруалардың дара-дара жекелеген шағын ереуілдерімен шектелді. Шашыраңқы көтерілістердің мазмұны байлар және отаршылық органдардың өкілдерінің озбырлықтарына қарсы наразылық уақытша және шашыраңқы дәрменсіз әрекеттермен сипатталды. Ондай әрекеттер көбіне қожайындарды, өкімет өкілдерін ұрып-соғу, салық төлеуден және борыштық жұмыстарын орындаудан бас тартулармен, олардың малын айдап кету немесе егістіктерін бүлдірумен көрінді. Мысалы, Жетісу облысының Лепсі уезіндегі Арғанаты болысының 200 адамнан тұратын қазақ шаруалары 1905 жылдың басында болыс басқарушысын өлтіріп, оның қасындағы нөкерлер мен байларды сабап тастаған. Осы жылдың жазында Семей, Торғай, Орал және Сыр бойында қазақ шаруаларының арасында бірнеше ереуілдер болды.

Қазақстандағы революциялық қозғалыс түрлерінің бірі-көпшіліктің қатысуымен өткен жиындармен сипатталады. Олардың көпшілігінде “17 қазандағы” патша манифесінің ережелері мен шаруалардың мұқтаждары талқыланған. 1905 жылы 15 қарашада Қарқаралыда Ж. Ақбаев бастаған халық шерулері болды. Оған жұмысшылар, қоныс аударған шаруалар және солдаттармен бірге осы уездің ауылдары мен болыстардың тұрғындары қатысқан. Осындай көтерілістер Жетісудың ұйғырлар мен дүнгендер орналасқан өңірлерде де болды.

Революция кезінде кең тараған әлеуметтік езгіге қарсы күрестің бір түрі - ақ патшаға немесе жоғары үкіметтік буындарға арыз бен жазбаша өтініш (петиция) жіберу болды. Бұндай петициялар қазақтардың патшаның әділдігіне сақталған сенім болғандығын ғана сипаттап қоймайды, сонымен бірге олардың жергілікті халықтың ата-тегінен иеленген құнарлы жерлерін, жайылымдары мен шабындықтарын тартып алуларынан көрінетін озбырлықтарына қарсы, аса ауыр салықтарына, жұмыстық міндеттеріне және басқа қиянатқа наразылықтарының өзіндік бір түрі болып табылады. Бұл тұрғыда 1907 ж. ақпанда “Оренбургский край”, “Уральский дневник” газеттерінде жарияланған (Орынбор қаласында татар тілінде) қазақ шаруаларының орыс халқына “Орыстарға қырғыздардан” деген атаумен үндеуі ерекше орын алады. Үндеу алғашқы рет қазақ пен басқа ұлттардың, соның ішінде орыс еңбекшілерімен бірлесіп отаршылдық пен қанаушылыққа

қарсы күресудің қажеттілігін, қазақ шаруаларының саяси сезіміндегі жаңалықтардың нышанын анық көрсетеді.

Әлемдегі басқа елдердегідей Қазақстанда да азаттық қозғалыстың ұйымдастырушысы және рухани қуаттаушысы жаңа қалыптасқан шағын интеллигенттік топ болған. Саяси көзқарастардағы топтар өзінің құрамы және бағыты, қоғамдық-саяси қызметінің сипаты бойынша көптеген маман иелерінен тұрды. Мысалы дәрігерлер, мұғалімдер, заңгерлер және әкімшілік орындардың қызметкерлері т.б. болды. Олардың барлығының көзқарастары және іс-қимылдары шынайы төңкерісті қолдау, социал-демократиялық, либералдық (кадеттер, октябристер, қаражүздіктер) партиялардың ұйымдарында және басқа революцияшыл топтар мен бірлестіктерінде болған.

Әлке интеллигенциясының күресі қазақ халқын терең күйзеліске әкелген аграрлық мәселенің әділ шешілуі жолындағы күресімен тығыз сабақтасып, олардың көпшілігінің қатарлары жергілікті жерлерде өздерінің көзқарастары мен іс-әрекеттерінде айрықшаланды. Интелигенцияның көзқарасы мен күрестегі орнына социалистік, социал-демократиялық және эсерлердің идеялары біршама әсер етті. Олардың арасынан осы жылдары шынығып, кейін бүкіл қазақ қоғамына белгілі болған: қарқаралық Мұхаммед-Максұт Хамидуллин-Бекметов (Солтүстік Қазақстан), ауылдың орта және төменгі буынынан шыққан А. Байтұрсынов т.б., даланың феодалдық-ақсүйектік топтарының өкілдері- Ә. Бөкейханов, Б. Қаратаев т.б.

1905 ж. қазанда олар Оралда бес облыстағы қазақ халқы делегаттарының съезін өткізіп, жергілікті халықтың ұлттық мүдделерін қорғауға тиісті өздерінің партиясы - Ресейдің конституциялық-демократиялық партиясының филиалын құрмақшы болған. Ал келесі жылы Семейдегі қазақтардың екінші съезінде кадет партиясына тәріздес бағарламасындағы өлкедегі көкейкесті мәселерді шешуге бағытталған шараларды мақұлдаған. Ол бағдарламаларда: өлкеге орыс мұжықтарының қазақ жеріне көшіп-қонуын тоқтату, Қазақстанның барлық жерлерін қазақ меншігі ретінде тану, мектептер ашу, дін ұстаған ерекшеліктерін ескеру, ұлттық мәдениетті дамыту, елімізде ана тілді орыс тілімен теңестіре тарату қарастырылды.

Осы жылдары интелигенцияның қойған талаптарының ішінде дін мәселесі ерекше орын алады. Үкімет орындарының алдына Қазақстанда ерекше мұсылмандық дін басқармасын ұйымдастыру, мешіттер салу, діни мектептер ашу, мектептерде ісләмді оқыту, қазақ тілінің маңызын арттыру, Меккеге қажылыққа бару үшін шетелдік құжаттар беру т.б. талаптар жиі-жиі көтерілді.

XX ғасырдың бас кезінде Ресейдің Мемлекеттік Думасына депутаттар сайлауы да қазақ халқының саяси санасының өсуіне елеулі әсерін тигізді. Сайлаулар еліміздің орыс халқы саны едәуір неғұрлым ірі облыстарында социал-демократтар мен еңбек партиясының өкілдері, ал қазақ халқының арасында либералды-демократиялық ұлт интелигенциясының өкілдері үлкен ықпалмен пайдаланатындығын көрсетті. І-ші - Мемлекеттік Думаға

Қазақстаннан тоғыз депутат сайланды, олардың төртеуі қазақ, ал ІІ-ші - Мемлекеттік Думаға Қазақстаннан сайланған 13 депутаттың бесеуі қазақ болды. Осы соңғы Думаға қазақ арасынан сайланған депутаттар кадет партиясының тобына және мұсылмандық фракцияға кіріп, Ресейдің басқа ұлттық партиялары өкілдерімен бірге орыс немесе басқа ұлттардың қазақ жеріне қоныс аударуын тоқтатуға күш салды.

Қазақстандағы революциялық қозғалыс бірінші орыс революциясының құрамдас бөлігі, бұл қозғалыстың отарлаушыларға, иемденушілерге қарсы сипаты айқын болды. Осы революция қазақ жұмысшылары мен шаруаларының санасын оятып, оларды өз езушілеріне қарсы күреске көтерді. 1905-1907 жж. бірінші орыс революциясы жылдарында елімізде болған оқиғалар, әсіресе жұмысшылардың, шаруалардың және интеллигенцияның бас көтерулері, ұлт-азаттық қозғалыстар т.б. олардың әлсіздігіне және бытыраңқылығына қарамастан жергілікті еңбекшілер үшін саяси мектеп болып қалды. Сол мектептің тәжірибесін олар одан арғы ұлттық және әлеуметтік азаттық алу жолындағы күресте пайдаланды.

1907-1912 жж. Қазақстандағы саяси ахуал. 1907 жылғы 3 маусымдағы ІІ -Мемлекеттік Думаны тарату және сайлаудың жаңа жүйесін енгізу жөніндегі Заң (“революцияға қарсы төңкеріс” деп атаулы) Ресей империясында аса қатал биліктің келгенін білдірді. “Күшті күзет қою туралы ереже” енгізілді, ол бойынша революциялық мемлекеттік құрылымға қарсы әрекеттерге қатысқан солшыл ұйымдар мен жеке тұлғалар өрескел заңсыз айла-әдіспен жазаланды.

Бұл жылдары Қазақстандағы социал-демократиялық ұйымдардың бәрі дерлік талқандалып, революциялық жолды қолдап үн білдірген көптеген адамдар қудаланып тіпті қамауға алынды, түрмеге отырғызылып, жер аударылды. Перовск, Ақмола, Орал т.б. өнеркәсіп орындарының, Ембі, Доссор сияқты кәсіпшілік иелері “сенімсіз” адамдарды жұмыстан қуа бастады. Кәсіпорындарда өнім өндірудің ережелері, жұмыс күн ұзақтығы арттырылып, атқарылған жұмысты материалды ынталандыру шарты бұзылып айып төлемдер көбейді.

Кәсіптікодақтар және жұмысшылардың әр түрлі жариялы қоғамдары саяси полиция бақылауына алынды, оларға қарсы қаражүзді арандатушы ұйымдар “Орыс халқы одағы”, “Михаил Архангел одағы” ж.б. жат іс-қимылдары күшейді. Қаражүздікшілер ұлттық араздықты өршітіп, халықтарды бір-біріне қарсы қойды. Прогресшіл газеттер мен журналдар жабылып жатты. 1910 жылы Столыпин “бұратаналардың” барлық мәдени-ағарту қоғамдарына тыйым салу жөнінде нұсқау хат таратты.

Бұл жылдарда Ресей орталығынан шет аймақтарға наразылық білдіруші шаруаларды қоныс аудару саясаты жаңа қарқын алды. Бұған қоса Қазақстанды отарлауды орыс мұжықтарын осында қоныс аудару арқылы шешпек болды. Нәтижесінде қазақ халқының ежелден ата-тегі жайғасып, игерген ең жақсы құнарлы жерлерін “керексіз” деген желеумен жаппай тартып алынды. Тек 1906-1912 жж. аралығында ғана басқа жақтан көшіп келгендерге 17 млн. десятинадан астам жер бөлінді. Мемлекеттік ұйғарым

бойынша жер бөлудің екі түрлі нормасы болды-қоныс аударушыларға - 15, ал ішіндегі көшпелілерге-12 десятинадан беру.

Сайып келгенде өлкедегі ұлттық-отарлық езгінің күшеюі, патша үкіметінің ауыл өміріндегі саясаты, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына жаңа қатынастардың енуі қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсуіне алып келді. Қазақ қоғамындағы ұлттық қозғалысты - Петербург, Мәскеу, Қазан, Томск, Омбы және Орынбор оқу орындарын бітірген жас интеллигенция өкілдері жүргізді. Олардың әр түрлі идеялық-саяси көзқарастары “Айқап” (1911-1915 жж. редакторы Мұхамеджан Сералин) журналы мен “Қазақ” (1913-1918 жж.) газеті бетінде жарияланып отырды.

“Айқап” журналында Ж. Сейдалин, Қ. Қаратаев, С.-М. Торайғыров, С.Сейфуллин, Б. Майлин және басқалар өздерінің идеялық-саяси ойының аграрлық-демократиялық бағыттарын білдірген. Ал “Қазақ” газеті либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды насихаттап, оның редакциясында қазақ конституциялық-демократиялық партиясының және қазақ халқының жалпы ұлттық қозғалысының жетекшісі, ғалым-экономист Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқалар қызмет істеген. Олардың жарық көрген еңбектерінде жерге мемлекеттік меншікті жойып, оны қазақтардың меншігіне өткізуді, жерді сатуға тыйым салу мәселері көтерілген. Жалпы алғанда бұл басылымдар өз беттерінде империяның отар шет аймағы жағдайындағы қазақ халқының жалпы ұлттық идеялары мен мүдделерін білдіре алды.

Ресей империясының экономикалық дамуының 1910 жылдан біршама өрлей бастауы әдеттегідей Қазақстанның ірі-өнеркәсіп және қатынас салаларында ереуілдік қозғалыстарды жандандырды. Мысалы, 1911 жылы еңбекақыларын көбейтуді талап еткен 300-ге жуық Перовск, Түркістан станца шеберханаларының, “Атбасар мыс рудалары” акционерлік қоғамы кен орындарының жұмысшылары ереуілге шыққан. Орынбор және оның темір жол тораптары бойында большевиктер партиясы қалалық комитетінің 1 мамырды мейрамдауға шақырған үндеуінде 8 сағаттық жұмыс күнін, саяси бостандықтар берілуін, армияны таратып, оның орнына халық милициясын құруды талап еткен.

1912 жылдың көктемі мен жазында экономикалық және саяси-әлеуметтік жағдайын жақсартуды талап еткен еңбекшілердің жүйелі ереуілдері болып өтті. Олардың ішінде Орынбор-Ташкент, Орынбор-Жаманқала темір жол учаскелерінің, Спасск мыс-қорыту зауытының, Доссор мұнай кәсіпорындарының, сол жылдың күзінде Ақмола облысының Торғай уезіндегі Шоқпаркөл көмір кені жұмысшылары болды. Бұл ұжымдардың жұмысшылары өздерінің ереуілдерінде экономикалық жағдайларының жақсартылуын, әлеуметтік мәселелердің шешілуін талап етті, өздерінің құқығы үшін күресте саяси саналылығы мен батылдығын дамыту үшін маңызды рөл атқарған саяси талаптарын ашық жариялады. Ереуілдер өлкедегі Ресей империясының отарлау жүйесін ыдыратуға бағытталған ұлт-азаттық қозғалысының дамуына ықпал етті.

Еңбекшілердің революциялық ереуілдерінің өрлеуіне өлкеге қоныс аударғандар да белсене қатысқан. Жағдайдың лажсыздығы, қоныс аударғандардың көбісінің кедейленуі, олардың елді мекендерінің әлеуметтік-таптық жіктелуінің күшеюі осы шаруалардың ашық күреске шығуының бірден-бір себепшісі болды.

Осы жылдары мемлекеттегі аграрлық және отарлық саясатқа қарсы қазақ шаруалары да белсене қатысты. Ереуілдер мен көтерілістер иеленуші топтардың зорлық-зомбылығына, шаруаларды қанаудың тереңдеуіне, паракорлыққа, қорқытуға ж.б. жат көріністерге қарсы бағытталды. Қазақ шаруалары бай-билеушілердің тұрақты мекен-жайын өртеді, салық төлеуден бас тартты, әскери бөлімдерге шабуыл жасады.

Қазақстандағы еңбекшілер қозғалысы қарқынының ұлғайуына Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа тартылуы да өз әсерін тигізді. Бұл жылдары қазақтарды “өз еріктерімен қаржы жинау”, мемлекеттік заемдарды зорлап жаздыру және соғыс салығы түріндегі барлығы 10-ға жуық әртүрлі салықтарды және баж салығын төлеу міндеттелді. Халыққа аса ауыр тиіп көтерілістерге итермелеген зорлықтар болған: олар шаруалардың жерін тартып алу, соғыс қажеті үшін киімдерін, малын және азық-түлік өнімдерін мемлекет қажетілігі атымен еріксіз алу, соғыс жүктерін жол тораптарына жеткізу үшін олардың көлік күштерін өздерінің ықтиярысыз жұмылдыру т.б.

Майдангерлер отбасына көмек көрсету деген себептермен қазақтарға келімсектердің жерін өңдеу, егін өсіруге байланысты түрлі науқандық жұмыстарды атқару міндеттерді өтеу жүктелген болатын. Соғыс жылдарында егістік көлемі, мал саны бірте-бірте қысқара берді, келімсектердің жергілікті ұлттарға көзқарасы қатайып, ұлтаралық қатынастар шиеленісе түсті. Осы кездерде түрлі ұлттық, діни-қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер өздерінің шовинистік бағдарламаларын жариялап, адамдар арасындағы қатынастарды шиеленістірді. Оның үстіне патша үкіметі келімсектердің ішінен басшы топтарын қаруландырып жергілікті халыққа айдап салып отырды. Мысалы, 1914 ж. 9 қазанында Жетісу облысының әскери губернаторының құпия бұйрығымен уездік бастықтарды “сенімді христиандардан” және келімсектердің дәулетті адамдарынан мұсылман халқына қарсы қаруланған топтар құру міндеттеді.

Ұлтаралық шиеленістер жер қатынастарынан да туып отырды. Әсіресе қоныс аударушылар мен қазақтардың арасындағы жер үшін күрестер бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында ауқымды болды. Шаруалар жер иеленушілерден және жергілікті бай мен ру басшыларының қылықтарынан да жапа шекті. Ата-тегінен келе жатқан өз жерлерін бермеу үшін табанды күресе отырып, қазақ шаруалары патша шенеуніктерінің де, өздерінің болыстық басқарушылары мен ауыл ағамандарының да талаптарын орындамады, алым-салықтарды төлеуден, соғыс қажетіне қаржы бөлуден бас тартты. Тіпті Черняев уезінің Ноғай-Нұрын болысының қазақтары болыс басқарушысы мен ауыл ағаманына қарсы шығып олардың қызметтік міндеттерін орындауына қарсылық білдірген.

Елдегі үкіметке қарсы қоныс аударушы шаруалардың, соғысқа қатысушылардың отбасыларынан қымбатшылыққа, лауазымды адамдарға, салықтар төлеуге және жұмыстық міндеттерін өтеуге байланысты ереуіл-күрестері күшейе түсті. 1915 ж. наурызында Жетісу облысының Верный, Лепсі және Пржевальск уезіндегі ауыл тұрғындары орталық үкіметтің баға саясатына қарсы наразылық білдірді. Лепсі уезінің Андреевск, Осиповск елді мекендерінде, Верный уезінде әйелдер көпестер дүкендерін қиратып, тауарларын талап алып кеткен. 1916 ж. Зайсанда болған әйелдердің бас көтеруі әскери күшпен тоқтатылып, 13 адам қамауға алынған.

Сөйтіп 1910 жылдан кейін жаңа революциялық дәуіріндегі бой көрсетулердің басым көпшілігінің әлі ұйымдаспаған сипатта болғанына қарамастан, өлкенің жұмысшылары мен шаруаларының саяси сана-сезімін дамыту үшін олардың зор маңызы болды. Қазақстан еңбекшілерінің барған сайын қалың топтары отаршылық езгі мен таптық қанауға қарсы күреске тартыла түсті.

1.2. 1916-1918 жж. Қазақстандағы саяси оқиғалар мен мемлекеттік өзгерістер.

1914 жылы Ресей империясы бірінші дүниежүзілік соғысқа тартылды. Бұл империалистік сипаттағы соғыс барлық халықтарға, соның ішінде Қазақстанға да ауыр зардаптарын тигізді. Ол патша шенеуніктері мен жергілікті әкім-қаралардың және байлардың зорлық-зомбылығы мен озбырлығын күшейтті. Соғыс қажетіне Қазақстаннан көп жылқы, ауыл шаруашылық өнімдері жөнелтілді. Жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе ұлғайды, шаруалардың ірі қара малы мен мал өнімін соғыс қажетіне алу да жедел қарқынмен жүргізілді. Осының бәрі дәнді-дақыл егетін алаңдардың шектелуіне, ірі қара мал басының саны күрт қысқаруына әкеп соқты. Елдің өнеркәсібіндегі жалпы күйзеліс пен ауылшаруашылығының құлдырап күйзелуі салдарынан Қазақстанның экономикалық қуаты тым төмендеді. Қала мен ауыл тұрғындары, жалпы бұқараның күй жағдайы күрт төмендеді.

Кәсіпорын иелерінің, жергілікті бай мен әкім-қаралардың зорлық-зомбылығы 1916 ж. 25 маусымда Ресей үкіметінің “Бұратана халықты мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ереже” қабылдануына байланысты өткір сипат алды. Жұмыстан немесе әкімшілік ережелері мен талаптарын орындаудан бас тартқан азаматтарды қамауға алу немесе белгілі мерзімге бас бостандығынан айыру, болмаса айып ретінде ақша өндіріп алуға кесетін болды. Халық өміріне қажетті азық-түліктің екі-үш есе қымбаттауы да халықтың наразылығын өшіндіре түсті.

Қазақ жастарын майдандағы тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы Жарлығы халықтың шыдамын жұқартып, оларды отарлау езгісі мен еңбектегі қанауға қарсы көтерілуіне себеп болды. Қазақтардың жасы туралы құжаттардың көбінесе болмауын пайдаланып, болыс билеушілері мен ауыл ағамандары тұрғындардың жастарының асқандығына қарамастан кедей жігіттерді майданға жұмысқа алынатын “қара

тізімге қосты”, ал байлар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, майдан қызметіне жібермеудің амалын жасап бақты.

Майдан жұмысына қазақ жастарының ішіндегі кедей балаларының алынуы қалың халық арасында зор наразылық туғызып қазақ өңірі тұрғындарының үкіметке қарсы көтерілісіне жол ашты. Соның нәтижесінде елде болыстық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, қатыгез, жағымсыз билеушілерді өлтіру, ірі қожайындардың шаруашылықтарына шабуыл жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым-салық қағаздарын т.б. жойып жіберу секілді ашу-ыза әрекеттері кең қанат жайды. Сойыл, кетпен, шалғы, орақ, мылтық, қылышпен қаруланған қазақтар байлардың ауылдарын өртеп, малдарын айдап әкету әрекеттері сипат алды. Халықтың үкіметке және оның жергілікті өкілдеріне ереуілдері мен қарулы көтерілістері жиналып келіп, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске ұласты.

1916 ж. таптық және езушілікке, соғысқа деген өшпенділіктің күшеюі жаппай құбылысқа айналды. Соғыс елдегі жалпы-ұлттық дағдарыстың пісіп-жетілу процесін тездете түсті. Соның жарқын бір нәтижесі Қазакстан мен Орта Азияның барлық аймақтарын түгел дерлік қамтыған 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісі болды.

Көтерілістің сипаты мен қозғаушы күштері. Өзінің сипаты бойынша 1916 жылғы халық қозғалысы отаршылдыққа пен қанаушылыққа қарсы, халық-азаттық қозғалысы болды. Қазақстандағы көтеріліс Ресей әкімшілігі үшін де, сондай-ақ жергілікті билеуші топтар үшін де күтпеген жерден басталды.

Көтерілістің негізгі себептері отарлық езгінің күшеюі, жергілікті халықтың қоныстарынан шететіліп жерін тартып алынуы, салықтар мен алымдардың шексіз өсуі, еңбекшілерді үстем топтардың қанауының күшеюі, ұлттық араздықтың тереңдеуі, соғысқа байланысты бұқара халықтың жағдайының күрт төмендеуі, орыстандыру саясатының кең шеңбер алуы болды. Патша үкіметі өзінің Қазақ даласындағы басты міндетін империялық үкімет негізінде орыс мемлекеттігін нығайту деп білгені кездейсоқ емес еді. Сөйтіп, 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс қанаушыларға, империалистік соғысқа және қоғамдағы үстем топтарға қарсы болғанын сол оқиғаның қарқыны мен шеңберінен, нәтижесі мен салдарынан анық байқалады.

Қозғалыстың негізгі қозғаушы күштері ауылдың тұрғындары соның ішінде мемлекеттік саясаттан көп зардап шегіп ызаланған ұлттық шаруалардың қалың топтары, жергілікті жұмысшылар, батырақтар, қолөнершілер. Ал қоғамның билеуші топтары үкіметке адал болып көрінуге, орталық билікке жақсы жағынан көрінуге ұмтылған. Осы тұжырымды қозғалысқа байланысты көптеген мұрағат материалдары дәлелдейді. Солардың бірін Торғай уезд бастығы мәлімдемесінен көруге болады. Онда былай жазылған: ”Уездегі қырғыз халқы арасындағы толқу тоқталар емес, әсіресе әскер қатарына шақырылатын жастардың көңіл-күйі тым дүрбелең. Қазіргі уақытта олар көбіне өз ауылдарындағы беделді де бай адамдардың малын ықтиярсыз тартып алып, өз беттерімен әрекет істеп жүр...”

Көтерілістің өрістеп қарқындау барысында қазақ ауылындағы қарулы

қарсылыққа бейім күштердің орналасуы анық. Қазақтың демократияшыл интеллигенциясы көтерілісті жақтап шықты. Олар иемденуші-байлардың сатқындық ниетін әшкереледі, халықты барлық ұлт топтарын отарлаушы патша үкіметіне қарсы шығуға ұран тастады, бұл үшін мемлекеттік Думаның мінбесі (мұсылман фракциясы арқылы) мен “Қазақ” газетін пайдаланды. Жергілікті жерлерде қазақ зиялылары арасында көтерілісті қолдап тіпті кейбір топтарына басшылық еткендер арасында Торғай облысында Әліби Жанкелдин, Аманкелді Иманов, Ұлжан Мағатжанов, Бәймен Алманов, Орал облысында - Сейітқали Меңдешев пен Әбдірахман Әйтиев, Маңғыстауда - Жалау Мыңбаев, Атбасар даласында - Әділбек Майкотов, Ақмола даласында – Сәкен Сәйфуллин, Жетісуда - Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Сәт Ниязбеков, Сырдария облысында - Тұрар Рысқұлов ж.б. болды.

Көтерілістің басталуына патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы майдан жанындағы тыл жұмыстарына Қазақстанның, Орта Азияның және ішінара Сібірдің 19-дан 43 жасқа дейінгі “бұратаналық” ер адамдарын шақыру жөніндегі Жарлығы тікелей себеп болды. Қазақстанда байырғы халық - Сырдария, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарында тұратын - қазақтар, өзбектер, тәжіктер, түрікмендер, дүнгендер мен ұйғырлардан 390 мың адамы майдандағы тыл жұмыстарына жіберілуге тиіс болды. Олардың ішінен мемлекеттік қызмет атқарып жүрген, жергілікті басқару буындарындағы қызметкерлер, жоғары және орта оқу орындарында оқып жүргендер мен оқушы жастар мобилизациядан босатылмақ болған-ды. Губернаторлар қорғаныс кәсіпорындарында істейтін адамдарды, отын тасушыларды, кеме компанияларының қызметшілерін және басқаларын әскерге шақыруды кейінге қалдыруға рұқсат алды.

Кейін үкіметтің әскерге тарту жөніндегі шараларын орындауға байланысты мобилизациялаудан босатылатын адамдардың шеңбері едәуір шектелді. Болыс және село мен ауылдарды басқарушылар, атқамінерлер, молдалар, имамдар мен мүдерістер, байлар, “байырғы” халықтан шыққан төменгі шіндегі полиция қызметшілері, дворян және құрметті азамат құқы барлар мобилизациядан босатылды.

Бұл Өкімді орындау мақсатында жергілікті болыстар, ауыл старшындары мен жоғарғы топ әскерге жарамды жасындағы жастардың тізімдерін жасауға кірісті, соның өзінде тіпті тылдағы жұмыстарға күштеп жіберудің мәнін халық арасында түсіндіру шаралары да жеткіліксіз болды. Қазақ арасында туу туралы және адамдардың жасын анықтайтын басқа да құжаттардың болмауын шолақ белсенділер өз мүддесіне шебер пайдаланып, жарлы жақыбай, кедей жігіттерін жасын ескермей майдан қатарына жіберілетін тізімге енгізіп, байлардың балаларының жасын өз дегенінше ұлғайтып немесе азайтып көрстеу арқылы әскер қатарынан босатты. Жер-жердің заңсыздық етек алып, дадамдарды майдан жұмыстарынан босату үшін пара беру арқылы әрекеттері кең қанат жайды. Орталық үкіметтің ресми шешімін бүркеніп, үстем топтар өздерінің және жақындарының орнына басқа жігіттерді қосты немесе өздеріне толық қарыздар адамдарды - борышқор кедейлерді “реквизициялауға” күштеп иландырды. Ауыл әкімшілігі “

реквизицияланатын” адамдардың тізіміне өздеріне пайдасы жоқ адамдардың да (көбінесе кедейлердің) балаларын енгізді.

Осының барлығы Қазақ даласын көтеріліс жалынына шарпыды. Көтерісшілер майдан жұмыстарына шақыру жасындағылар тізімдерін күш арқылы қолға түсіріп, тіпті жойып жіберіп отырды. Сонымен қатар болыстарды, ауыл старшындарын, “құрметті” ақсақалдарды және басқа қызмет адамдарын өлтірді, ірі байларға шабуыл жасап, өсімқорлардың үйлерін өртеді, қарыздарлардың қолхаттары мен вексельдерді, жерді сату құжаттарын, салық қағаздарын өртеді. Мысалы, 11 шілдеде Ақмола уезіндегі Бірмола деген жерде көтерілісшілер патша әскеріне ат көлігін жинап жүрген пристав пен қолхат жүргізушіні соққыға жықты; 12 шілдеде Қостанай уезінің Бестөбе болысының шаруалары болыстың ауылына шабуыл жасап, болысты өлтірді; 22 тамызда сол уездегі Аққарға болысында “патша үкіметіне мойынсынуға кеңес бергені үшін” “құрметті” ақсақал өлтірілді.

Сойылмен, пышақпен, орақпен, шалғымен, балтамен, қолдан жасалған мылтықпен, қылышпен қаруланған көтерілісшілер билеуші топтардың ауылын талқандап, малын айдап кетіп отырды. Шілде айының аяқ шенінде Верный уезінің Шығыс және Батыс Кастек болыстарында олар байлардың жылқысын айдап кетті; 17 қыркүйекте 200 адамнан құрылған отряд Павлодар уезінің ірі мүлік иегері Шормановтың ауылын шауып, оның 4 мың жылқысын айдап әкетті; қазан айының ішінде Ырғыз уезінде көтерілісшілер байлардың жылқысын талай рет айдап әкетіп отырған.

Тамыз-қыркүйекте Жетісу, Ақмола, Семей облыстарында, әсіресе Торғай өңірінде бұқаралық бас көтерулер бет алды. Қарулы көтерілісшілер топтары қалыптасып, олар мемлекеттің жазалаушы әскери құрылымдарына қарсы табанды ұрыс жүргізді. Көтерілісті толастату мақсатымен үкімет тарапынан қабылданған: «1916 жылғы 20 маусымдағы “биылғы жылдың егінін жинап алғанға дейін” әскер қатарына шақыруды тоқтата тұру жөніндегі; 30 шілдеде жер-жердің бәрінде әскер қатарына шақырудың басталуын 1916 жылғы 15 қыркүйекке дейін қалдыру жөніндегі ресми құжаттарға қарамастан уақыт өткен сайын жер-жердегі ұлт-азаттық көтеріліс ұлғая түсті.

Жетісу облысындағы көтеріліс. Мұнда 1916 жылғы шілде айының басында Жаркент-Тараншы болысының Городское селосындағы тылдағы жұмыстарға шақырылу туралы үкімді орындаудан қазақ, ұйғыр және дүнгендер бас тартты. 11 шілдеде Жаркент уезіндегі Иванов болысының тұрғындары болысты және басқа қызмет адамдарын тұтқынға алды. Нарынкөл-Шарын учаскесіндегі барлық болыстық кеңселерде әскерге шақырылатындардың тізімдері құртылды. Осы жылдың 7-8 шілдесінде Верныйдың маңындағы (Үшқоңыр) және онымен шекаралас болыстардағы қазақ халқының өкілдері съезінде “реквизицияға” көзқарас туралы мәселе қаралды. Онда жастар майдан жұмысына жіберілмесін, әкімшілік тарапынан күштеу шаралары қолданылған ретте телеграф бұзылсын, “реквизицияланатын” адамдардың тізімі жойылсын деген шешім қабылданды.

Жетісу облысында қарулы қарсыластық шілде-тамыз айларында бұқаралық сипат алды. 17 шілдеде Жетісу мен Түркістан өлкесінде соғыс жағдайы жарияланды. Патша үкімет орындары мұнда ірі әскери күштерді жеткізе бастады. Жергілікті гарнизондарды нығайтып, көтерісшілерді жазалау үшін Жетісудың қоныс аударған халқының дәулетті топтарынан қарулы жасақтар құрды. Ауқымды ірі қақтығыстары Асы мен Қарқара жайлауларында, Самсы станцасы маңында, Қастек, Нарынқол, Шарын, Қорам өңірлерінде, Лепсі оязының Садыр-Матай болысында және басқа жерлерде болды. Қыркүйек пен қазан айлары басында барлық жағынан жазалаушы отрядтар қыспаққа алған жетісулық көтерілісшілердің едәуір бөлігі табан тірескен шайқастармен шегінуге мәжбүр болып, сөйтіп, олардың бір шамасы Батыс Қытайға өтіп кете берді.

Жетісудағы көтеріліс басында қазақтың көрнекті демократияшыл сауатты, біршама революциялық сындардан өткен Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев және Н. Сатыбеков ж.б. азаматтар болған. Жетісу облысында патша әкімшілігіне қазақтар ғана емес, олармен бірге ұйғырлар мен дүнгендер де белсенділікпен қатысқан, осының өзінде қозғалыс қарулы соқтығыстар сипатына ие болды. Жетісулықтар отаршы үкімет әскерлеріне қарсы батыл ұрыс жүргізді.

Жазалаушылармен соңғы ұрыс 1916 жылғы қыркүйектің аяғында Қапал уезіндегі Вежа өзенінің маңында болды. Көтерілісшілердің әскерлері жеңіліске ұшырап, қалғандары тауға кетті. Бұл аймақтағы көтеріліс 1916 жылғы қазанда басып-жаншылды. Патша жендеттері көтерілісшілерді ғана емес, бейбіт халықты да жазалады. Ондаған қазақ және қырғыз ауылдары қиратылып талан-таражға түсті. Ресей отаршы үкіметінің әскерлері қудалаған 300 мыңнан астам қазақтар мен қырғыздар туған жерінен көшіп кетуге мәжбүр болған.

Көтеріліс басшыларының кейбіреулері ғана жазалаудан жасырынып аман қалды. Неғұрлым табанды қарсылық көрсеткен ауылдар күйзелді. Олардың малын айдап әкетіп, мүлкін талан-таражға салды. Сотсыз-тергеусіз атылғандарды, жазалаушылар мен қаралаушы әскерлердің қолынан қаза тапқандарды есептемегеннің өзінде әскери сот бекіткен үкімдері бойынша ғана Түркістан өлкесінде 1917 жылғы 1 ақпанға дейін 347 адам өлім жазасына, 168 адам бас бостандығынан айрылып жер аударылған, 129 адам бас бостандығынан айрылған. Ал ұлт-азаттық қозғалыстың нағыз ошағы, яғни Торғай және Батыс Қазақстан өңірлері тұрғындарының жазаға тартылғаны орташа есеппен келтірілген мәліметтерден бірнеше есе артық.

Сырдария, Ақмола, Семей, Орал облыстарындағы және Бөкей ордасындағы толқулар бұқаралық бас көтерулер “бұратана” халықты тылдағы жұмыстарға күштеп тарту туралы патша үкімі жарияланғанан кейін іле басталған еді. Алғашқы толқулар 11 шілдеде Ташкенттегі қазақ, өзбек және қырғыздар арасында өріс алды. Көтерілісшілер билеуші топтар мен Ресей әкімшілік өкілдерін жазалады, болыстардың мал-мүлкін құртып, полиция және үкімет әскерлерімен соқтығысты.

Сол кездегі әскери басшылардың деректерінде “тәртіпсіздіктерді байырғы әкімшілік шендерінің тылдағы жұмысқа алынатын жұмысшылардың тізімдерін жасауына қарсылық көрсетілуінен көрді, соның ішінде байырғы әкімшіліктің шенді алты адамы өлтірілді” делінген. 24 маусымда елең-алаңда құрамында 50-ге тарта адамы бар қазақтар тобының болыстың үйіне (Перовск уезі) шабуыл жасап, болыстың өзін және іс-қағаз жүргізушісін (писарь) өлтірген. Сонан соң қарсылықтық жер-жерге тарап кеткені жөнінде бір хабарламада: ”Болат болысында 5 мыңға тарта адам бар қыруар тобы жиналып жатыр; Шымкент жолы бойында 7-8 мыңнан құралған тобырдың жиналып жатқаны байқалады”-, деп баяндалған.

1916 жылғы тамыз айының басында көтеріліс Сырдария облысының барлық уездерін қамтыды. Көтерілісшілер уезд орталықтарына таяу жерлерге жиналып, казак жүздіктеріне шабуыл жасап отырды. Әулиеата уезінің жекелеген аудандарында (Мерке маңында), Алматы, Арғын, Аспары, Ашын және Ботамойнақ-Алмалы болыстарындағы және Шымкент уезінің Ақсу, Қаракөл болыстарындағы көтеріліс ұзаққа созылды. Осы жылғы қыркүйектің аяқ шенінде Сырдария облысындағы көтеріліс аяусыз басылып-жаншылды. Жекелеген ауылдар отаршы үкіметі орындарына бағынбай, Торғай облысына қоныс аударып, мұнда Аманкелді Иманов көтерілісшілерінің қатарына қосылды.

Қазақстанның басқа да өңірлеріндегі сияқты Ақмола және Семей облыстарында көтерілістің мобилизацияға ашық қарсылық білдіру сипаты анық болды. Мәселен, 1916 жылғы 17 шілдеде Шерубай-Нұра болысының қазақтары Н. Олжабаев пен Қ. Распаевтің бастауымен болыстық үй-басы тізімін болыс әкімінен тартып алды; Зайсанда, Баянауылда (Павлодар уезі), Қарқаралыда “бірде-бір казак қаралуға келген жоқ, тыл қызметіне шақыру міндеттілердің бәрі тығылып қалды”-, деп жазылған уезд басшысының мәлімдемесінде.

Ақмола облысының 8 болысының көтерілісшілері негізінен Қорғалжын көлінің маңына жиналды, ал кейін оларға Атбасар уезінің оңтүстік-шығыс аймағындағы бес болыстың көтерілісшілері қосылған. 22 шілдеде Петропавл, Ильинск, Смайыл, Меңгісері және басқа болыстарда тәртіпсіздіктер бой алды.

“Қырғыздардың неғұрлым көп тобы Зайсан уезінде (бірнеше топ, әрқайсысында мың адамнан астам), Семей уезінде - 7 мың адамнан құралған топ, Өскемен уезінде-кейбіреулерінде 3 мыңға тарта адам басы біріккен бірнеше топ, Ақмола уезінде, Қорғалжын көлінің маңында және Ереймен тауларында - 5 мыңға тарта, Атбасар уезінде, Ұлытау маңында - 7 мың адам, Қосағаш ауданында 2 мыңға тарта қырғыз жиналған”-, деп баяндалған Омбы әкімшілігі хабарламасында.

1916 жылғы 26 қыркүйекте Көкшетау уезіндегі Қожас деген жердің маңында көтерілісшілер казак әскерлерінің отрядына шабуыл жасады. 27 қыркүйекте Ақмола уезінің Қоржынкөл болысында да қарулы қақтығыс болды. Ал қазанның 3 - 4-ші жұлдыздарында осы уездің Айнабұлақ деген жерінде жазалаушы отрядтармен екі ірі ұрыс өтті. Көтерілісшілердің

жанқиярлы іс-қимылдарына қарамастан, озық қарумен жасақталған патша әскерлері 1916 жылғы қазан айының аяғында Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілердің қарсылығын баса алды. Бұл соққыдан кейін олардың біраз тобы Торғай уезіне өтіп Аманкелді Имановтың отрядына қосылып 1917 жылға дейін Атбасар көмір өндіруші кендері маңында қарсылықты жалғастырды.

Ақмола және Семей облыстарындағы көтеріліс басып-жаншылғанымен, халықтың күресі жалғаса берді. Кең қанат жайған қуғын-сүргінге қарамастан, әскер қатарына шақырылуға тиісті ерлер жинақ нүктелерінен келуден жалтартты. Семей облысы бойынша 5 қарашаға дейін майданға аттануға тиісті 85479 қазақтың 50479-ы жинақ орындарына барудан бас тартты.

Осы жылдың шілде-тамыз айларында Орал облысы мен Бөкей ордасында да патша үкіметінің бұл жарлығына ашық тіпті қарулы қарсылықтар болып өтті. Орал облысы бойынша майдан жанындағы қызметке шақырылуға тиісті 50270 адамның ішінен 32 мыңнан астам жігіт шақыру нүктелеріне келуден бас тартқан. Бөкей ордасында, Темір және казіргі Атырау (Гурьев) уездерінде қозғалыс 1916 жылғы шілденің орта шенінде жазалаушы отрядтарға қарсы қарулы соқтығыстарға ұласты. Қозғалыс әсіресе Темірде, Маңғыстау көшпелі тұрғындары арасында бұқаралық сипат алды. Бұл қозғалыстар ұйымдасу жағынан әлсіз болып оған қатысушылар көбінесе өз бетімен іс-әрекет жасаған.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің ең бұқаралық, ұзақ мерзімге созылған, табанды және ұйымдасқан көтерілісі Торғай облысының Торғай, Ырғыз, Ақтөбе және Қостанай жерлерінде болды. Көтерілісшілер поштаға шабуыл жасап, темір жол төсенішін бұзу әрекеттерін қолданған. Болыс басқармаларын ұрып соғып кейбіреулерін өлтіруге дейін барған. Оған халыққа өз іс-әрекетімен танылған Аманкелді Иманов басшылық етті. Ол 1873 жылы Торғай уезінің Қайдауыл болысындағы ауылдардың бірінде, кедей отбасында дүниеге келген еді. Әкесінен ерте айрылған Аманкелді байлардың есігінде жүріп, бала күнінен-ақ жоқшылық пен мұқтаждықтарды көп көрді.

Аманкелдінің өзін сардарбек (бас қолбасшы) деп атады. Көтерілісшілер бақылайтын аудандарда бұрынғы ауыл-болыс әкімшілігі басқарудан шектетіліп, үкімет билігі іс жүзінде көтерілісшілердің қолына көшті. Қазанның аяғында көтерілісшілер Ырғыздан Торғай мен Қарабұтаққа дейін барлық пошта бекеттері мен байланыс желісін өз қолдарына алды.

22 қазанда А. Иманов бастаған 15 мың көтерілісші Торғай қаласын үш күн бойы қоршап қалаға үш бағыттан шабуыл жасаушы генерал-лейтенант А. Лаврентьевтің жазалаушы әскер тобына қарсы тұрды. Отарлаушы үкіметтің жазалаушыларының қаруланған негізгі күштері жақындап қалғандығы туралы хабар алып, көтерілісшілер Торғайды қоршауын қойды және патша әскерлері отрядтарының алдынан шықты. Көтерілісшілер мен жазалаушылардың арасындағы айқастар Татыр, Ақшыған, Доғал-Үрпек, Күйікті деген жерлерде өтті. А. Имановтың штабы орналасқан Батпаққара

маңындағы ұрыстар аса шиеленісті өтіп, 1917 жылдың ақпан айының екінші жартысында кең құлаш жайды. Сол шайқастарда көтерілісшілер ақпан буржуазиялық-демократиялық революцияны қарсы алды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс сипаты жағынан қазақ халқының патша үкіметінің отарлау саясатын жүргізу барысында жойылып кеткен дәстүрлі саяси құрылымды қалпына келтіруге бағыт алған шаралар іске асырылды. Сөйтіп, Торғай өңіріндегі көтерілісшілер Әбдіғаппар Жамбосын ұлын хан көтеріп, Иран, Ауғанстан сияқты елдер мен елшілік және басқа да халықаралық қарым-қатынас жасауға талаптанған да ұмтылыстар болған.

1916 жылғы халықтың ұлт-азаттық көтерілісінің маңызы. XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық көтеріліс бүкіл қазақ халқы мен Ресейдің империялық езгісіндегі аймақтардың ғасырлар бойы армандап, бостандықты аңсаған күреске қосылған сүбелі үлес, ол бүкіл әлем және қазақ тарихында маңызды орын алады. А. Иманов пен оның рухани ақылшылары және әріптестері қазақ халқын өз уақытында Сырым Датов, Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов, Кеңесары мен Наурызбай Қасымовтар бастаған тәуелсіздік жолындағы күрес деңгейіне дейін көтерді. Кеңесары Қасымовтың басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалысынан кейін бірінші рет 1916 жылы көтеріліс қазақ елінің барлық аймақтарын қамтып, кең көлемдегі азаттық қозғалыс сипатын алды. Көтеріліс отарлауға және империалистік саясатқа қарсы бағытта өрбіді. Халықты ұлттық және саяси жолындағы көтерілістің басты міндеттерімен салыстырғанда бұл көтерілістің таптық жағы (ауылды билеуші топтарына қарсы күрес) екінші кезектегі мәселе болып қалды.

1917 жылдың басында Ресей еліндегі халықтың билік орындарына наразылығы тереңдеп ашық қарсылыққа ұласа бастаған. Осы жылдары большевиктер партиясы бірінші дүниежүзілік соғысты бұқараның отарлаушы мен қанаушыларға қарсы азамат соғысына иландыру ұранын насихаттап оны жаңа сатыға көтере білді. Осы кезеңнің тағы бір ерекшелігі ол империялық үкіметке ызалы халықтың большевиктер бағдарламасын ішінара қолдауында болды. Орталық үкімет бұндай саяси әрекеттерден сескеніп, түрлі айла-шаралар іздеді. Революциялық дағдарыстың пісіп-жетіліп келе жатқандығы ұлт аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда да құлаш жаяа бастады.

1917 жылы 27 ақпанда Петроградта буржуазиялық- демократиялық революция жеңіске жетті. Патша билігі құлатылып, үкімет басшылары мен жетекші шенеуініктері орындарынан босатылып ішінара тұтқынға алынды. Бүкіл Ресей империясы мен Қазақстанда қос үкімет орнады (Уақытша үкімет пен Кеңестер). Патша үкіметінің құлатылуын Қазақстан еңбекшілері саяси және ұлттық егемендік алудың бастамасы тұрғысынан қабылдады. Революцияшыл халық бұқарасының белсенді қимылдары нәтижесінде өлкеде бұрынғы үкімет мүшелері орындарынан босатылып, тұтқынға алынды. **Буржуазиялық-демократиялық** сипаттағы ақпан революциясының жеңісі өлке халқының саяси белсенділігін арттырды.

Уақытша үкіметтің Қазақстандағы жергілікті органдары қазақтардың билеуші топтарына, ауылдардағы бай-манаптарға арқа сүйеп, жұмысшылар

мен еңбекшілердің революциялық шабытын қайтаруға тырысты, ал халықты әртүрлі әдіспен тонау әрекеті жалғаса берді. Оларды империалистік соғыстың ауыртпалығын өз мойындарымен көтеруге мәжбүр етті. Уақытша үкімет Қазақстанда самодержавиенің бұрынғы саясатын жалғастырды. Ол Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 ж. көтерілісті басып-жаншыған жазалаушы отрядтарға қатысушыларды ақтау жөнінде қаулы қабылдады, жергілікті жерлерде бұрынғы уезд бен болыс бастықтары, губернаторлар енді қайта комиссарлар, азаматтық комитеттердің төрағалары бола бастады. Қазақтарды саяси құқықтарынан айырған ескі заңдар күшінде қалып, орасан зор жер иеліктері мен казак әскерінің сословиелік артықшылықтары сол бұрынғы жәйінде қала берді. Қазақ халқының таңдаулы жерлерін тартып алушы-Қоныс аудару басқармасының қызметінде ешбір өзгеріс болмай, жергілікті халықты жерінен шетету жалғасты.

1916 ж. көтеріліске қатысушыларды патша үкіметі қантөктіре жазалағаннан кейін Қытайдан қайтып орала бастаған қазақ пен қырғыздарға Уақытша үкімет тек 100 сомнан жәрдем берді. Жергілікті орыс ұлтшыл-шонжарлар бұл жағдайды пайдаланып, осындағы жергілікті халықты тонаумен шұғылданды, зорлық-зомбылық жасап, олардың жерлерін тартып алып отырды. Уақытша үкіметтің Жетісудағы комиссары Шкапский “ татуластыру жөнінде ешқандай сөз болуға тиісті емес, сондықтан қырғыздар (қазақтар) көшіріліп жіберілуі керек”, - деп мәлімдеген.

Қазақстанда Кеңестер 1917 ж. наурыз-мамыр айларында Семей, Әулиеата, Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Павлодар, Орал, Өскемен, Атбасар, Ақтөбе, Түркістан және т.б. жерлерде құрыла бастады. Сан жағынан мемлекет басындағы Кеңестердің құрамында жұмысшы мен шаруа депутаттары басым болды. Олардан кейінгі орындарда меньшевиктер мен эсер партиясының өкілдері болған. Осы кезде буржуазиялық Уақытша үкіметтің жергілікті органдары қалыптасты. Уақытша үкіметтің облыс және уездегі басқару құрылымдарын көбінесе патша шенеуініктері, эсерлер, меньшевиктер және ұлтшылдардан тұратын комиссарлары қолына тиді. Сайып келгенде Уақытша үкіметтің жергілікті өкілдері басқару әдіс-тәсілдері жағынан революцияға дейінгі патша әкімшілігі қалың бұқараға қалай қараса, бұл да солай қарады.

Ресейдегі Ақпан революциясынан кейін Қазақстан большевиктері де ұйымдастырушылық және үгіт-насихат шараларын ашық жүргізуге мүмкіндік алды. Орынбор және Торғайда П. Кобозев, □.Жангелдин, А. Коростелев, Ақтөбеде В. Ф. Зинченко, Перовскіде А.В. Черняхов, Оралда П. Парамонов, П. Дмитриев, Шымкентте Н. Морозов, Семейде П. Салов, Петропавлда К. Сутюшевтер халық арасында саяси-ұйымдастырушылық жұмыстарын жүргізді. Большевиктер партиясының қатарына С. Сейфуллин, Б. Серикбаев, Т. Рысқұлов, С. Арғыншиев және басқалары кірді. Олар Уақытша үкіметтің саясатының мәнін халыққа ашып берді, революция қарсыластарын әшкереледі, елдегі патша саясатына қарсы халық топтарын күреске жұмылдырды.

Елімізде қазақтың ұлттық зиялылары басқарған облыстық және уездік комитеттері де ұйымдастырылды. Облыстар мен уездерде Уақытша үкіметті қолдаған Сібір, Орынбор, Орал және Жетісу казак әскерлері және станицаларының қанаушы басшы топтары үкіметінің органдары - казактық комитеттер құрылды. Татар, өзбек және ұйғыр саудагерлері мұсылман алқаларына топтасты. 1917 жылы 7 наурызда Верныйда З. Тазетдиновтың басшылығымен жалпы мұсылмандар алқасы - Құрылтай құралып қызмет жүргізді.

Қазақстанның әр аймақтарында оқушы қазақ жастарының мәдени-ағарту істерімен айналысатын үйірмелері мен ұйымдары қалыптасады. Мысалы, 1915-1917 жж. 20-ға жуық үйірмелер мен топтар құрылып, халық арасында сол заманның өзекті мәселелері туралы мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырды. Олардың арасында Орынборда “Еркін дала”, Омбыда “Бірлік”, Оралда “Жас казак”, Троицкіде “Үміт” тағы басқа жастар ұйымдары баянды қызмет атқарған. Белгілі бағдарламалары болмаса да бұндай үйірмелер халықты ұлтты отарлық езгіден азат етуді шын пейілдерімен қалады, қазақтың білім алуын талап етті, ұлттық бірлік, бостандық пен тәуелсіздік идеяларын оятуға ұмтылды. Олардың ішінде Әулиеата уезінде Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған “Қазақ жастарының революцияшыл одағы” қазақ қоғамында экономикалық, саяси-әлеуметтік жаңалықтар енгізуге біршама талпыныстар жасаған.

Бұл кездегі Ресей империясын түгелдей қамтыған саяси тұрақсыздық жағдайында Орынбор қаласында осы өңірдің зиялыларының белсенділігімен кеңестер өткізіліп, кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге байланысты бір орта тұжырымға келу үшін жалпы қазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдады. “Қазақ” газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеу жолданды. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен Бүкіл қазақтар съезінде “Алаш” партиясы құрылып оның басшы органдары сайланды. Партияның басқару орындарына Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдос Омаров, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпаев, Халел және Жанша Досмухамедовтер, Халел Ғаббасов т.б. сайланды. Сол жылы 5-13 (18-26) желтоқсанда Орынборда өткен екінші съезінде Қазақтың автономиясы - Алаш Орда үкіметі - Ұлт Кеңесі құрылды.

Алаш Орда үкіметінің құрамы 15 адамнан сайланды, ал Халық Кеңесі төрағасы болып Әлихан Бөкейханов тағайындалды. Үкіметтің алдына қойған бағдарламалық мақсаты ұлттық бірлікті нығайтып оны насихаттау болатын. Қазақ зиялыларының осындай қоғамдық өмір мен мемлекеттік идеясын өмірге әкелуі отаршылдық езгідегі халқымыздың ғасырлар бойы армандаған және әбден пісіп-жетілген тағдырлық аңсауларының айқын көрінісі еді.

Қазақ халқының ұлттық және әлеуметтік-экономикалық мұңын түсініп, сол арқылы оларды егемен идеясына табындырған саяси ұйым - социал-демократтардың бөлігі, большевиктер партиясы болды. 1917 ж. наурыз айынан бастап бұл партия жұмысын ашық жүргізуге мүмкіндік алып, олардың саяси-көпшілік шараларына Ташкенттің, Орынбордың және Омбының большевиктері басшылық жасады. РСДЖП-ның Перовск, Қазалы,

Ақтөбе, Орал, Петропавл, Семей, Шалқар, Шымкент т.б. қалалардағы және Қазақстанның теміржол, кен орындарындағы ұйымдары топтастырылды.

Табанды әрі, шыдамды және ұтымды әдістерді қолданған большевиктер ұйымдары мен жеке тұлғалары этникалық және әлеуметтік-экономикалық езгідегі қалың бұқараны өз мақсаттарының айналасына топтастыра білді. Көптеген қалаларда, темір жол бойында, әсіресе Орынбор, Перовск, Петропавл, Орал, Ақтөбе, Гурьев, Маңғыстау т.б. орталықтарда большевиктер партиясының ұйымдары белсенді және табанды қызмет атқарды.

Ақпан революциясы жеңгеннен кейін Қазақстан халқының атаулы табысы сол – кәсіподақтардың жүйесі қалыптасып, жер-жерде оның ұйымдары құрыла бастады. Олардың қалыптасуында Орынбор-Ташкент темір жол торабы жұмысшыларының құрылтай съезі және Омбы темір жол торабы қызметшілерінің I-съезі маңызды болды. Сол съездерде бірқатар саяси және экономикалық өзекті мәселелерді, яғни Уақытша үкімет пен соғысқа көзқарас туралы, жұмыс күні ұзақтығын 8 сағатқа келтіру, жұмысшы, солдат және шаруалар депутаттары Кеңестерін сайлау туралы, революция жаулары мен күрес жүргізу туралы, Құрылтай жиналысының қажеттілігі туралы, зейнетақымен қамтамасыз ету және басқа мәселелер талқыланды.

Большевиктер билікке келген алғашқы кезден-ақ ұлттық мүддені негізгі мұраты санаған Қазақстандағы бұл қозғалыстар мен Алаш партиясын пролетарлық революцияның салтанатты шеруі жолындағы кедергі деп бағалаған. Бұл бағыт оның ішкі және сыртқы саясатында ашық немесе айқын көрініп, әсіресе елдегі И.Сталиннің дербес билігі орнағаннан кейінгі кезеңде жетекші, шешуші бағытқа айналды. Соның нәтижесінде бұрынғы империяның шет аймақтарында дами бастаған қозғалыстарға үзілді-кесілді тежеу салынды.

1917 ж. 24 қазанда (6 қарашада) Петроградта қарулы көтеріліс басталды. Ертеңіне көтерілісшілер астананың аса маңызды орындарын басып алды. XX ғасырдың басындағы бұл тарихи оқиға бүкіл елде, кейін дүние жүзінде кешенді радикалды өзгерістерге әкеліп соқтырды. Осы оқиға бүкіл елде, Ресейдің орталық аудандарында оның ұлттық аймақтарында Кеңес үкіметін құрып оны нығайту процесімен жалғасты. Бұл саяси процесс әр аймақтың түрлі ерекшеліктері аясында өтті (қан төгіссіз және қарулы күш қолданып зорлық-зомбылық әдістерімен).

Қазан оқиғаларынан кейін елдегі бүкіл билік жұмысшы, солдат, шаруа депутаттарының қолына берілді деп ресми жарияланды және сол арқылы халықтың әр түрлі топтары мен ұлттардың келешектегі тағдырына байланысты бұрын болмаған зор үміт-сенімге жол ашты. Империяның жұмысшы, шаруа, солдаттар қалың бұқарасы елді соғыстан бұрын, соғыс жылдарында жұтандық пен мұқтаждық зардаптарын шешіп әбден қажыған олардың жағдайын жақсартуға енді айқын жол ашылады деген декларациялық желеуді жан-жақты насихаттады. Ресейдің қол астында болып келген орыс емес халықтардың еңбекші бұқарасы Қазан саяси

оқиғасынан кейінгі жылдары экономикалық-әлеуметтік күйзелістен шығумен бірге отаршылдықтың бұғауынан босанып, тәуелсіздік алатын шығармыз деген үмітте болды. Большевик партиясы өндіріс жұмысшылары мен шаруаларға, бейбітшілік - бүкіл халыққа деген ұран тастай келе, Ресейге тәуелді болып келген халықтар жөнінде жаңа саяси бағдарламасын белгілеп барлық ұлттар мен ұлыстарға, этностарға теңдік пен бостандық, азаттық жарияланып, оларды жаңа мемлекет құрамынан кетпеуге шақырды.

Қазан қарулы көтерілісінің Петроградтағы жеңісінің және орталықта, сондай-ақ Қазақстанмен іргелес ірі қалалар - Ташкент, Омбы, Орынбор, Астрахань қалаларында Кеңес үкіметінің орнауының бүкіл үкімет билігінің мемлекетті басқарудың жаңа түріне көшірілуі маңызды болды. Біздің елімізде Кеңес үкіметінің орнауы төрт айға, яғни 1917 ж. аяғынан 1918 ж. наурызына дейін созылды. Жаңа үкіметтің орнауы өлке халқының әлеуметтік-экономикалық және рухани дамып өрлеуіне, жергілікті саяси-қоғамдық ұйымдарының әлсіз болғандығынан, ұлтаралық қатынастардың күрделілігінен туған қиыншылықтарына орай шиеленісе түсті. Өлкеде жаңа үкіметінің жеңіске жетуінде солдат депутаттары Кеңестеріне біріккен жергілікті әскери гарнизондардың және Ақпан революциясынан кейін Қазақстанға майданнан әлеуметтік және этникалық түрлі топтар өздеріне - бейбітшілік, ал шаруаларға - жер беруге уәде еткен үкіметтің болуына барынша қолдау көрсетіп, оның орнауында маңызды рөл атқарды.

Орал, Жетісу, Сібір және Орынбор казак құрамаларының аласапыран кезінде пайда болған үкіметтерінің жаңа билікке қарсы табанды күресі, сондай-ақ Қазақстанның әр түрлі қалаларында (Оралда) орталық аудандардан қашқан бұрынғы Уақытша үкімет жақтастарының шоғырлануымен жалпы ел ішіндегі саяси жағдай одан бетер шиеленісе түсті.

Ресей орталық аудандарынан Қазақстанға ақыл-кеңес беру мақсатымен Ә. Жангельдин, В. Чекмарев, П. Кобозев және т.б. төтенше комиссарлардың келуі Кеңес үкіметін жақтап, қазақ халқының арасынан Әділбек Майкөтов, Бекен Серікбаев, Сәкен Сейфуллин, Тоқаш Бокин, Ораз Жандосов, Әбдірахман Әйтиев сияқты көптеген күрескерлердің қалыптасуына себепкер болды. Қазақстандықтардың жаңа өмір жолындағы күресіне басқа ұлт өкілдері К. Шугаев, П. Салов, П. Виноградов, С. Журавлев, П. Басов, И. Дубынин тағы басқа ондаған азаматтардың ат салысып Кеңестердің Қазақстанда жеңуіне жол салды.

Төңкерісті қолдайтын күштер басым болған жерлерде жергілікті кеңестер большевиктер жағына бүтіндей шықты. Ал қызыл әскер жасақтары бар аудандарда үкімет билігі большевиктердің Кеңесте көпшілік орынға ие болуы арқылы жүзеге асты. Мұндай жағдай Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарының көптеген аудандарында, Сырдария және Бөкей ордасында болды. Бірақ төңкеріс қарсыластарының күштері көбірек шоғырланған Орынбор, Орал, Жетісу облыстарында үкімет билігі жұмысшылар мен шаруалардың қолына қарсылық көрсеткендерді талқандау арқылы, осы күресте жанын пиде еткен құрбандықтар арқасында ғана тиді.

Уақытша үкіметтің жақтастары едәуір күшке ие болған Торғай, Орал, Семей және ішінара Жетісу облыстарында істің барысы басқаша өрбіді. Көптеген жерлерде, соның ішінде облыс орталықтары мен уездік қалаларда кеңес үкіметі қызыл гвардияшыл отрядтардың және жергілікті гарнизондардың большевикшіл солдаттарының күштерімен қарулы көтерілістерге барып, Уақытша үкіметтің жергілікті органдарының және олардың одақтастарының қарсылық көрсеткен күштерін басып-жаншу жолымен орнатылды.

1917 ж. қазан айының соңынан бастап 1918 ж. наурыз айына дейін Кеңес үкіметі негізінен алғанда Қазақстанның қалалары мен ірі елді мекендерінде орнатылды. Ал ауылдар мен селолардың басым көпшілігінде Қазақстанда кеңес үкіметін орнату процесі азамат соғысы басталғанға дейін созылды. Қазақстанда кеңес үкіметін орнату ісіне С. Сейфуллин, К. Сүтішев, А. Асылбеков, Б. Серікбаев, Қ. Майкөтов, С.М. Цвиллинг, Л.П. Емелев, Ғ. Розыбакиев және басқалар неғұрлым белсенді қатысты.

Жалпы алғанда Кеңес үкіметі Қазақстан аймақтарына билікке әр түрлі кезеңдерде орнады. Перовск (Қызылорда) жұмысшылары мен солдаттары үкімет билігін 1917 жылғы 30 қазанда (12 қарашада) өз қолына алды. Ол кезде бұл үлкен әскери гарнизон орналасқан ірі темір жолы торабы болатын. Сырдария облысында Кеңес үкіметінің орнатылуы, оның саяси-экономикалық және әкімшілік орталығы Ташкент қаласында 1917 жылғы 31 қазанда іске асты. 1917 жылдың қараша айының орта кезінде Кеңес үкіметі Черняев (Шымкент) қаласында билікке келді. Қараша-желтоқсан айларында Кеңес үкіметі Әулиеатада, Түркістанда, Қазалыда, Арал поселкасында және облыстың басқа да ірі елді мекендерінде бейбіт жолмен орнады. Петропавл жұмысшы және шаруа депутаттары Кеңесінің темір жол жұмысшылары мен бірлескен қимылының арқасында 1917 жылы 12 қарашада Уақытша революциялық комитет құрылды, оның құрамына Ғ. Ыдырысов, Я. Побелянский, К. Сүтішев және басқалар кірді. Ал Көкшетау, Павлодар, Атбасар, Семей, Өскемен сияқты казак әскери топтары басым өңірлерде жаңа үкіметтің орнауы біраз қиындық, тіпті қантөгіске соқтырды.

Торғай облысының орталығы және Қостанай, Ақтөбе қалалары мен басқа да ірі елді мекендерде Кеңес үкіметі 1917 жылғы желтоқсан - 1918 жылғы наурыз аралығында орнатылды. Жаңа үкіметтің бұл өңірде билікке келуіне А. Иманов, Қ. Қойдасов, В. Чекмеров, В. Зинченко және т.б. күрескерлер елеулі үлес қосқан.

Жетісуда Кеңес үкіметін орнату жолындағы тартыс бұндағы қарсылас күштерінің басым болуына байланысты 1918 жылдың көктеміне дейін созылды. Жаңа билік жүйесінің орнауына бұнда 1917 жылдың күзінен бастап майданнан оралғандар мен басқа аймақтардан келген төңкеріс идеясын қолдаушылардың үлесі мол болды. Сол жылдары Верный жұмысшыларынан қызыл гвардия жасақтары құрылып, әскери-төңкеріс комитетін құруға Т. Бокин, Т. Өтепов, Ж. Бабаев, А. Розыбакиев сияқты жергілікті халықтың өкілдері зор үлес қосты. Әскери төңкерісті басқарған жұмысшылардың Қызыл ұлан жасақтары мен екінші қазақ-орыс полкі жауынгерлерінен

ұйымдасқан күштері және қала жұртшылығы қолдауымен наурыздың 2-нен 3-не қараған түні Верный қаласында Кеңес үкіметі орнады. Осы айда Кеңес үкіметі Жаркентте, Сергипольда (Аяк□з), Талдықорғанда, ал көкек айының бас кезінде Лепсіде орнады.

Кеңес □кіметі орнауымен қатар Қазақстанда ескі билік буындары, оның ішінде уақытша үкіметтің комиссарлары, отарлау-шенеуніктік әкімшілік, қоныстандыру мекемелері, бұрынғы сот жүйесі жойылып, үкімет билігі жұмысшы және солдат депутаттары кеңестері арқылы жұмысшы шаруалардың қолына өте бастады. Мұндай өзгерістердің іске асуында Қазақстан қалаларында құрылған революциялық комитеттердің рөлі ерекше болды. Олар қызыл ұландар бөлімдерін, жұмысшы жасақтарын құрды, кедейлерге арқа сүйеп, қанаушылардың қарсылығына тойтарыс берді. Ревкомдар өз міндетін кеңестерге беріп жаппай тарап кетті. Өкімет билігінің ескі құрылымы әуелі кеңестердің қарамағына өтіп, араға уақыт салып аттарын өзгертіп бірте-бірте кеңес қарауына алынды. Мысалы, 1918 жылы ақпанда жұмысшы, шаруа, солдат, мұсылман депутаттары Ақтөбе Кеңесі қалалық басқарманы кеңес басқару орны етіп қайта құрып, қалалық думаны таратты. 1918 жылы 9 наурызда Семей облыстық Кеңесі дума мен басқармаларды таратып уақытша үкіметтік уездік комиссарларының міндеттерін жаңа құрылған кеңестерге жүктеді. Осы жылдың сәуірінде Түркістан өлкесінің халық комиссарлар Кеңесі азық-түлік басқармаларына тиісті Кеңестердің азық-түлік бөлімі етіп қайта құру жөнінде үкім шығарды. Қостанай уезіндегі шаруашылық иелігі Кеңестің қарамағына алынды. Ал аталған өзгерістерге қарсылық білдірген бұрынғы земстволық, қалалық басқармалар ешқандай сылтаусыз таратылды (Петропавл, Ақмола, Түркістан, Өскемен, Верный, Әулиеата, Жаркент, Қапал, Лепсі) немесе олар Кеңестердің қарамағына көшті (Қостанай, Перовск, Қарқаралы, Зайсан).

Ғасырлар бойы отарлау құрсағында болған халықтар Қазан революциясының нәтижесінде жарияланған ұлттық бағдарламаны зор ықыласпен қабылдап, бірінші кезекте ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін өткірірек талқылады. Осы кезде елдегі ұлт саясатының негізгі ұстанымдары Кеңес үкіметінің маңызды екі құжатында - Ресей халықтары құқығының Декларациясы (1917 ж. 2 қараша) мен “Ресей мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне” Үндеуінде (1917 ж. 20 қараша) жарияланды.

3. Кеңестердің III - Бүкілресейлік съезі қабылдаған (1918 ж. қаңтар) “Еңбекшілер мен қаналушы халықтарының Декларациясында” Коммунистік партия Кеңес республикаларын мемлекеттік құрылым түрі ретінде кеңестік федерациялау үшін ұстанған қағидаты нақты жүзеге асыруға шешімді қадамдар жасады. Ол тарихи құжат бойынша Кеңестік Ресей Республикасы егемен ұлттардың еркін одағы негізінде, кеңестік ұлт республикалары болып құрылуы белгіленді. РКФСР құрылғаннан кейін ізінше елдің Шығысында жаңа автономиялық республикаларды құруға саяси-ұйымдастырушылық шаралар белгіленіп, нақты жұмыстар қолға алынды.

Қазақстандағы большевиктер ұйымдары мен Кеңестер бүкілқазақ съездерін шақыру бағытында нақтылы жұмыстар жүргізді. Мазмұны және бағыт-бағдары жағынан бұл шаралар Кеңес үкіметін нығайту жолындағы ауқамды бейбіт және қарулы күрес болды. Қазан революциясын және Қазақ мемлекеттілігін кеңестік негізде құру идеясын “Алаш” партиясының жетекшілері толық қабылдамады. Олар қазақ болашағын либералдық-демократиялық тұрғыдан сараптап, өздерінің бағдарламалық көзқарастарын “Қазақ” газетінің 21 қарашадағы санында жариялады. Негізінен он бағытта өрбіген бағдарламаны Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Ғабдухамит Жүндібаев және Ғазымбек Бірімжанов т.б. қазақтың сол заманғы зиялылары құрастырған болатын. Бағдарламада бірінші кезекке мынадай талап-мақсаттар қойылған еді:

I. Мемлекет қалпы. Россия демократиялық, Федеративтік болу... Федеративтік республика мен мемлекеттің іргесі дербес алынатыны бірі болады. Әр қайсысы билік тізгінін өз қолында ұстайды...

II. Жергілікті бостандық. Қазақ мекендеген облыстардың бәрі бір ортаға жиналып, өз билігін жүргізіп, Россия республикасының Федерациясымен бір болу... “Алаш” партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жәбірлерге жау болады...

III. Негізгі құқық. Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.

Жиналыс жасауға, қауым ашуға, ашық еркін сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік...

IV. Дін. Дін ісі мемлекет ісінен дербес болуы. Дін біткенге тек құқық... муфтилік қазақта өз алдына болу...

V. Билік һәм сот. Нәп жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу... Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болу...

VI. Ел қорғау. Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде болмау. Әскер қатарына жарамды жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету... Әскерлік қызметін қазақ атты милиция түрінде атқару.

VII. Салық. Хал-ауқат, табысқа қарай: бай-байша, кедейге-кедейше ғаділ жолмен таратылу.

VIII. Жұмысшылар. Жұмысшылар закон панасында болу... “Алаш” партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевиктік тобының программасын жақтайды.

IX. Ғылым-білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; хукімет оқу ісіне кіріспеу...

X. Жер мәселесі. Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деу; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауғын мұжық келмеуі, бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы”.

Бұл бағдарлама кейінгі кезде “Алаш” партиясының қоғамдағы орнын көтеруге елеулі себепкер болды. 1917 ж. 5-12 желтоқсанда Орынборда өткен Екінші бүкілқазақтар съезінде қазақ халқы әр түрлі топтарының өкілдерін біріктірді. Төралқа төрағасы Бақыткерей Құлманов және оның орынбасарлары Әлихан Бөкейханов, Әзімхан Кеңесарин, Халел Досмухамедов және Омар Қарашев басқарған съез күн тәртібінің бірінші тұрғысындағы: қазақ автономиясын құру және оның үкіметін қалыптастыру тактикасы талқыланды.

Осы съезбен ХХ ғасырдың 90-шы жылдарына аралығында қазақтардың армандаған мемлекеттік автономиялық құрылымның негізгі жобасы анықталды. Яғни, Алаш Орда мемлекетінің құрамына Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу облыстары және Закаспий облысы мен Алтай губерниясының қазақтар мекендеген жерлері енуге тиіс болды. Съезд “уақытша халық Кеңесі” деген билік түрін құру, оған Алаш-Орда (Алаш автономиясының үкіметі) деген ат беру жөнінде шешім қабылдады және бүкіл қазақ халқына “бағынған үкіметіміз деп сеніп...басқа үкіметті танымай өз үкіметінің өмірін екі қылмай орындау керектігі” баса ескерілді. Съезд әр облыста белгілі бір санда, үйретілген және қару-жарақпен жабдықталған милиция топтарын құру жөнінде шешім қабылдады. Олардың жетекшілерін даярлау үшін Орынборда дүниеге келген атаман Дутовтың тәжірибесі мақұлданып, казактармен одақ құруға тура келді. Бұл одақ формальді түрде болса да, Алаш-Орда мен жаңа билікке келген Кеңестер (большевиктер) арасындағы қатынастарды шиеленістіріп жіберді.

Оның үстіне оңтүстік Оралда қызылдардың Жангелдин құрған Уфалық отряді П. Кобозев пен С. Павлов отрядімен бірлесіп, 1918 ж. 18 қаңтарында Орынбор қаласын басып алады. Дутовпен бірге Орынбордан алашордашылар да кетеді, Алашорданың күш-қуаты бөлініп-жарылады: оның Шығыс бөлімі Алаш қаласы Жаңа Семейге көшеді; екінші жартысы (Батыс бөлімі немесе Ойыл уалаяты) Орал облысының Жымпиты қаласына орналасады. Ал үшінші тобы Жетісу өңірінде жұмысқа кіріседі. Алаш партиясының жетекшілері Орталық Кеңес үкіметінің басшылығымен байланыс жасауға ұмтылыс білдіреді. Ә. Бөкейханов, В.Ульянов (Ленин), ұлт істері жөніндегі Халық Комиссары И.Сталинмен кездесуге Мәскеу қаласына Халел және Жанша Досмухамедовтарды жібереді, ал Халел Ғаббасов осы мәселелер жөнінде 1918 ж. 20 наурызында телеграф арқылы И.Сталинмен сөйлеседі.

Кеңес үкіметін орнату кезінде Алаш партиясының жаңа билік өкілдерімен ара қатынасы тілдесумен ғана шектелген. Елдегі билік большевиктер партиясының радикалды қимылды тобында болғандықтан, Петропавл, Перовск, Қызылорда, Әулиеата қалаларындағы Алаш белсенділері тұтқындалса, Семей, Верный (Алматы) т.б. бірсыпыра жерде қысқа мерзімге шыңылтыр қарым-қатынас орнатуға әрең-әрең қол жеткізіледі. Бірақ екі жақ бір-біріне сенбейді, үйткені әр қайсысының таңдаған саяси мақсаттары бір ортаға келмеген еді. Яғни, Кеңестер үкіметі өкілдері Алаш партиясының басшылары мен белсенділері арқылы қазақ бұқарасы арасындағы ықпалын күшейтпек болды, ал Алаш басшылары Кеңес

үкіметін сөз жүзінде қолдаған болып, Кеңестердегі өз өкілдері арқылы жаңа үкіметті ішінен “ірітпекші” еді.

XX ғасырдың басындағы оқиғаларға белсене араласып өзінің бағдарламасы және саяси бағытымен белгілі болған партияның бірі “Үш жүз” болатын. Оның жетекшілерінің ұстанған бағыты “Алаш” партиясына қарама-қайшы болды десек артық болмас. Революциялық оқиғалардың бастапқы кезінен-ақ “Үш жүз” партиясы большевиктер басқарған Кеңес үкіметімен қарым-қатынасы қоян-қолтық болды. Мысалы, осы партияның жетекшісі Көлбай Тоғысов пен оның серіктерінің саяси көзқарасы мен іс-әрекеттері 1917 жылдың күзінен 1918 жылдың басына дейін елеулі түрде өзгерді. Ілкі кезде бұл партия социалды-революцияшылдар партиясымен одақтасу бағытын ұстанса, 1918 жылдың қаңтарынан бастап, кеңестер билігін ұйымдастыруға белсене қатысып, ол үкіметті нығайтуға араласып қоймай, тіпті большевиктермен бірге алашордалықтарға қарсы күреске араласады.

Күрделі және шиеленісті саяси жағдайға қарамастан Алаш Орда үкіметі бірнеше ай ішінде (1917 желтоқсан-1918 наурыз) казактардың бейтараптығы мен жер-жердегі большевиктер басқарған Кеңестердің әлсіздігін пайдаланып, облыстарда әкімшілік құруға, милиция отрядтарын ұйымдастыруға кіріседі. Азамат соғысы жылдарында Қазақстанда жаңа әскери-саяси жағдай қалыптасады да, соның салдарынан күресуші күштердің аражігі ашылып, текетірес асқынып шиеленісе береді.

4. Ескі мемлекеттік апаратты қирату отарлау саясат жүйесіне берілген алғашқы соққы болды. Ол еңбекшілердің Кеңес жұмысына белсене қатысуына жағдай туғызды. Олардың ықпалымен қоғамның үстем таптардың артықшылықтары шектеліп, қазақтардың ұлттық теңдікке ұмтылысын қуаттап, қазақтардың Ресей Федеративтік Республикасының тең құқылы азаматы екендігін жариялады.

Тағы бір жаңа саяси қадам - ол шіркеудің мемлекеттен, мектептің шіркеуден дербес болуы, ерлер мен әйелдер теңдігі жөніндегі нақтылы ұсыныстар мен оның іс-шаралары. Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1917 жылғы 10 қарашадағы Өкімі мен адамдардың әлеуметтік тұрғыдан жіктелуі (сословие), олардың құқықтарының артықшылығы мен шектелуі, сондай-ақ осындай жіктегі мекемелер, ұйымдар жалпы атауының жойылуы.

Кеңес үкіметінің алғашқы кезеңінде басқарудың құрылымы бола қоймаған. Кейбір жерлерде орталықта бой көтерген халық комиссарлар Кеңесі, екінші бір жерлерде облыстық мекемелер мен басқармалардың Комиссарлықтары құрылды. 1918 жылдың күзінен бастап басқарудағы ала-құлалық жойылып, Кеңестердің атқару комитеттері билікті өз қолына шоғырландыра бастады. Аса маңызды мемлекеттік мәселелер биліктің салалық коллегиялары мәжілістерінде талқыланып келген.

Кеңес билігінің бастапқы жылдары ауылдардағы мемлекеттік-басқару құрылымдар өзгерістер баяу жүріп, бірсыпыра жерде Кеңес үкіметінің жарлық-нұсқауларына ашық қарсылық көрсетілді. Азық-түлік тапшылығы өткір сипат алып, байлар мен орта және ұсақ иегерлер өздерінің жеке

меншігіндегі өнімдерін белгіленген нарық бойынша мемлекетке сатудан бас тартты. Халықтың күнделікті өміріне қажет өнімдер бағасы күрт қымбаттады. Кәсіпорын иелері зауыт, фабрикаларды жауып, жұмысшыларға еңбектің жаңа заңдылығы бойынша жалақы төлеудеге қарсылық көрсетті. Кеңес үкіметіне қарсы күштер бас көтерді. Осының бәрі уездік Кеңестерден шұғыл және шешуші шараларды іске асыруды талап етті. Кеңеске қарсы күштердің қарсылығын басып, жергілікті жерлерде үкімет билігін нығайту қажет болды. Бұл міндеттерді іске асыру басқарудың коллегиялық әдісін нығайтуды керек етті. Осыған орай көптеген маңызды мәселелер коллегия мәжілістерінде қаралып шешілді.

Жаңа үкіметтің орнығуының әр сатыдағы буындарында жер, азық-түлік, шаруашылық, сот, бақылау, қаржы бөлімдерінің жұмысын жолға қоюға бағытталған шаралар іске қосылды. Жаңа үкіметке қарсы күштермен күрес жөніндегі төтенше комиссия, милиция бөлімдері құрылды. Кеңестердің жанынан еңбек, ағарту, денсаулық сақтау т.б. бөлімдер ашылды. Мемлекеттік заңдар, жарлықтар мен қаулы-қарарлар орыс-қазақ тілдерінде жариялана бастады. Бұндай бөлімдерге кадрлар даярлайтын арнаулы қысқа мерзімді тұрақты оқу курстары ұйымдастырылды (Семей). Облыстық Кеңестер жанынан ұлттық қарым-қатынасты реттейтін комиссиялар құрылды. Олар Қытайға көшіп кеткен 1916 жылғы азаттық қозғалысына қатысушылардың елге оралып өз мекендеріне орналасуына көмектесті.

Халық комиссарлары Кеңесінің 1917 жылғы 22 қарашадағы “Сот туралы” жарлығы мен соттың ескі құрылымы түгелдей таратылып, жергілікті жерлерде соттың жаңа жүйесі қалыптаса бастады. Осы кезде ескі прокурорлық бақылау мен қылмысты іс тергеушілері институттары, қорғаушы және жеке адвокатуралар жойылды. 1918 жылы облыстардағы Кеңес Атқару Комитеттері жанынан сот бөлімдері, ал өлке орталығында Қазақ өлкелік соты құрылды.

1918 жылдың көктемінде Түркістан автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы пайда болды. Оның құрылуы 1918 жылғы сәуірдің 20-нан 1-мамырға дейін Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі Кеңестерінің бесінші съезінде іске асты. Оның құрамына Қазақстанның оңтүстігіндегі Жетісу, Сырдария облыстары кірді. Орта Азия республикалары мен Қазақстан жер шекарасын анықтағанша Ақмола, Семей облыстары орталығы Омбы қаласы болған Батыс-Сібір өлкесіне, Торғай, Орал облыстары Орынбор губерниясына, Бөкей облысы Астрахан губерниясы құрамында болды.

1918 жылғы 15 қаңтарда Кеңес үкіметінің нұсқауына сәйкес елде Қызыл әскер бөлімшелері құрылып оған еріктілер кірді. Қазақстанда облыстық, уездік Кеңестер жанынан әскери комисариаттары мен бөлімдері және штабтары құрылып, олар жауынгерлерді әскер ісіне үйретумен шұғылданды.

Кеңес үкіметі орнатылуымен қатар экономикалық және мәдениет саласын түбегейлі өзгертуге бағыт алына бастады: өнеркәсіп орындарында (Спасск зауыты, Қарағанды шахталары, Успенск кеніші, Жем мұнай

кәсіпшіліктері және т.б.) бақылау енгізіліп, бірқатар кәсіпорындар мен банктер мемлекет меншігіне алынды. Кеңестердің II Бүкілресейлік съезінде қабылданған жер туралы Декретті жүзеге асыру жөніндегі алғашқы қадамдар жасала бастады. Шығыс Қазақстанда үш коммуна: “Дихан”- коммунистердің бірінші Ресейлік қоғамы және “Солнечная” коммунасы ұйымдастырылды. Кеңестердің Бүкілресейлік, облыстық, уездік съездерінің шешімдерінде жер туралы Декрет жергілікті ұсыныстармен толықтырылып, дамытылды.

Кеңес үкіметінің декреттері негізінде фабрика, зауыт, банктерді жаттандыру жүргізілді. Қазақстанда алдымен ұсақ, орта кәсіпорындары мемлекет меншігіне алынды. Оларда еңбек тәртібін нығайту, жұмысшылардың құқықтарын қорғау мәселесі бұдан былай кәсіподақ ұйымдары құзырына ауысты. Олар өндіріс пен өнімді бөлуді бақылауға алды. Жұмыс күні, еңбек ақыны реттеу, қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, мұқтаждарына көмек көрсету, әйелдер мен жасөспірімдердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелерімен шұғылданды, кәсіподақ Кеңес ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас жасап отырды.

Кеңестердің екінші съезінің шешімдері негізінде жер иелігіне жеке меншік жойылып, Қазақстандағы шіркеу мен басқа діни орындары, помещиктердің (казак-орыстардың), патша шенеуніктерінің иелігінде болып келген, сондай-ақ қоныс аудару қорындағы жерлер бұқараның пайдалануына берілді. Жер мәселесін реттеуде жергілікті Кеңес орындарының қызметі бірнеше кезеңнен тұрды.

Бірінші кезеңде (1917 қараша-1918 жылдың жазы) Кеңестер, жаңадан пайда болған комитеттер мен комиссар буындары бос және жеке меншіктегі жерлердің есебін алып, шаруалардың жағдайын анықтап, жерсіз немесе жері шектеулі шаруаларды жермен қамтамасыз ету мәселелерімен шұғылданды. Қоныс аудару қорынан қайтарылған жерлерді пайдалану ережесі қайтадан жасақталып шаруалар съезінің талқысынан кейін бекітілді.

Екінші кезеңде (1918 ж. жазы-1920 ж. аяғы) жерді қоғамдық меншікке айналдыруға әзірлік жұмыстары қолға алынып оны іске асыратын кадрлар тобы дайындалды. Жерді шаруалардың пайдалануына беру шаралары қайтадан жасақталып оның негізіне теңгермешілік қағида алынды.

Үшінші кезеңде (1921-1922 жж.) жер-су реформасы іске асырылды, ал 1924-1927 жылдарда жерге орналастыру, шабындық, егістік жерлерді қайта бөлу шаралары да қолға алына бастады. Жаңа мемлекеттік жүйенің бұрын-соңды тәжірибесінің болмауы, бастапқы кезде оның тарапынан жіберілген қателіктер салдарынан қабылданған шараларды орындау барысында жіберіліген асыра сілтеушілік, солақайлық, Кеңес үкіметі өміршеңдігіне күдік туғызатын әрекеттер мен көріністерге әкеліп соқтырды.

2. Ұлттық мемлекет құру жолындағы қозғалыстар.

2.1 Қазақстандағы азамат соғысы (қарсыластығы).

Қырғыз (Қазақ) АКСР-ның құрылуы.

1918 жылдың бірінші жартысында Кеңес үкіметінің ішкі қарсыластығының шиеленісуі ел ішіндегі қарсыластыққа әкеліп соқтырды. Қарсыластықтың негізі ауыл мен қала, жұмысшылар мен шаруалар арасында болып шиеленісе түсті. Жұмысшы-шаруалар Кеңестерінің орталық пен ел өңіріндегі үкімет тізгінін басып алуы, алғашқы кезден-ақ биліктен алыстатылған топтардың қарулы қарсылығына туғызды. Яғни, бүкіл мемлекеттегідей Қазақстанда да азаматтық қарсыластық қарулы ұрысқа - азамат соғысына әкелді.

Азамат соғысының оты 1917 жылдың қарашасында Торғай облысының әкімшілік орталығы Орынборда тұтанды. Мұнда атаман Дутов Кеңес үкіметін құлатып, ондағы С. Цвиллинг басқарған революциялық комитетті тұтқындады. Ал 1917 ж. 13 қарашасында Жетісудың казактары Кеңестермен күресу үшін әскери үкімет құрылымын ұйымдастырып, Верныйға осы өңірдегі ақгвардияшылар мен юнкерлерді топтастыра бастайды.

1917 ж. қарашасында революцияға қарсы ауқымды топ Оралда құрылды. Басшылыққа келген әскери үкімет жергілікті Кеңесті таратып, өңірдегі билікті қолына алады. Осынау әскери үкіметтер Қазақстандағы революцияға қарсы ақгвардияшылардың басты күші болады. Олар ақгвардияшыл офицерлерге, казак станицалары мен келімсектер елді-мекендерінің бай-билеуші топтарына сүйеніп, жергілікті кадет, эсерлер мен меньшевиктерден, Алаш, Шура-Ислами партиялары басшыларынан, тағы басқа саяси қозғалыстар мен топтар тарапынан қолдау тапты.

Гурьевте (Атырауда) 1918 жылы 23 наурызда Орал казактары бүлік шығарды. Бұнда генерал Толстовтың бұйрығымен жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің 9 мүшесі сотсыз атылды. Ал осы жылы наурыз айының аяғында ақ гвардияшылар Алаш Орда өкілдерімен бірігіп, Орал қаласында төңкеріс ұйымдастырды.

Сайып келгенде, Кеңес үкіметін құлату үшін ел ішіндегі ақгвардияшылдармен бірігіп алған ірі-ірі дамыған мемлекеттердің қатысып қолдауымен 1918 ж. жазында азамат соғысы кең көлемде жайылып кетеді. Олардың ең басты, пәрменді күші елдің солтүстігі мен шығысында, яғни Австро-Венгрия тұтқын солдаттары сапар шегіп бара жатқан бағытында болады. Сібірде 1918 жылдың мамырында Антанта елдерінің қолдауымен Чехословак әскери тобының офицерлері бүлік шығарды. Кейін олар ел ішіндегі жаңа үкіметке қарсы күштермен бірігіп, Петропавл, Ақмола, Атбасар, Қостанай, Семей қалаларын басып алды. Қ. Сүтішев, И. Дубинин, П. Калюжная, . Ыдырысов, Қ. Шугаев, П. Салов және басқаларын азаптап өлтіріп, Әскемен Совдепінің төрағасы Я. Ушаковты тірілей кемеңің пешінің отына тастады.

Жаңа үкіметке қарсы күштер Самарада ақ гвардияшылар мен әскерлердің “Комуч” (Құрылтай жиналысының мүшелерінің комитеті) “үкіметін”, Омбыда Колчак бастаған Сібір ақгвардияшыларының “үкіметін”, Каспий сыртқы облысында ағылшындар “үкіметін” құрды. Ал Донбасс өңіріне немістерден қауіп төне бастады. Краснов пен Деникин соғыс қимылдарын күшейте түсті. 1918 жылы 2 маусымда Орынбор қаласынан

Қызыл Армия бөлімдері кейін шегіну нәтижесінде Ақтөбе майданы құрылды. Оның әскери құрылымдарына Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларда (Ташкент, Шалқар, Қазалы, Перовск /Қызылорда/, Черняевск /Шымкент/, Әулиеата) қалыптасқан шоғырлар келіп қосылды. Оның қатарында негізінен еріктілер болды.

Әскери міндет туралы БОАК-тің 1918 жылы 29 мамырда қабылданған жарлығынан кейін әскери міндетті өтеуге еңбекшілердің белгілі жас мөлшерлеріндегілер шақырылатын болды. 1918 жылдың жазында алғашқы ұлттық әскери бөлімдер Жетісуда, Орынборда, Оралда, Батыс Қазақстанда, Бөкей Ордасында ұйымдаса бастады. 1918 жылдың күзінде Бөкей Ордасында қалыптасқан қазақ атты әскер полкінде Хамит Чурин, Ж. Сарсеков, Х. Ишанов, В. Жәнекешев т.б. белсенділік көрсетті.

1918-1919 жж. Торғайда Әліби Жангелдин және Аманкелді Имановтың екі атты әскер бөлімдеріне кіші буындағы командирлерді даярлайтын оқу тобы, зеңбірекшілер тобын, Ырғыз қаласында тағы бір атты әскер бөлімін құрды. Олардың қатарында қазақ жастары мен бірге бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Ресейде қалып қойған шетелдіктер венгр, чех, румын, поляк, неміс өкілдері кірді. Осы жылдары Ә. Жангелдин бастаған экспедиция Мәскеуден көп қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізді. 1918 ж. көктемінде ол ХКК-ның төрағасы Лениннен тікелей тапсырма алып жол-жөнекей Астрахань қаласында балық зауытында жұмыс жасап жүрген қазақ жігіттерін қосып алып, Маңғыстауға барып ол жерден де қарулы адай руының жігіттерімен қатарын толықтырып Үстүрт арқылы Шалқарға /қазіргі Ақтөбе облысы, Орынбор-Ташкент теміржолының торабы/ жетіп, жиналған қару-жарақты аман-есен Ақтөбе майданына жеткізеді. Кеңес үкіметін жақтаушы күштердің (Қызыл Армия) 1 және 4-ші бөлімдері шабуылға шығып, Бугуруслан, Бұзылық, Қазан, Александров Гайды босатып, Орынбор мен Орал қалаларына жақындады.

Жетісу өңіріндегі азаматтық қарсыластық жаңа үкімет жауларының пайдасына шешілмеді. Бұл бағытта қазанның екінші жартысында Қызыл Армия күштері шабуылға шығып, Абакумовка стансасын ақ гвардияшылдардан босатты. Ақтөбе майданының қарулы күштері 1919 жылы 22 қаңтарда Орынборды, 26 қаңтарда Орал қаласын азат етіп, Қазақстан және Түркістан аудандары мен Орталық Ресей арасындағы қатынасты қалпына келтірді.

Азаматтық қарсыластық толықтай қарулы сипат алғанда, Қазақ жерінің көпшілігінде Кеңес үкіметі құлатылған алмағайып жағдайда, Алаш Орда Орынбордағы Дутовпен, Омбыдағы Сібір уақытша үкіметімен және Самарадағы құрылтай жиналысының Комитетімен (Комуч) одақтасып, Орал мен Сібір, Жетісу қазақтарымен байланысты күшейтіп, Кеңестерге қарсы шығады. 1918 жылдың маусымында Алаш Орда үкіметі Кеңестердің мемлекеттік жүйесіне қарсы бірқатар жарлық шығарады. Бұл құжаттарда Алаш аймағында Кеңес үкіметі шығарған күллі құжаттар, заң актілері түгелдей күшін жояды деп жарияланып, большевиктер партиясының мүшелерін қудалау заңды деп табылды.

Ә. Бөкейханов, Ә. Ермеков және бірқатар әскери өкілдер 1918 ж. шілде және тамыз айларында Самар мен Омбыда Комуч пен Сібір уақытша үкіметтерінің әскери ведомстволары өкілдерімен кездесіп, Алаш Ордаға көмек беру және оның қарулы күштерін құру жөнінде келіссөздер жүргізді. Алаш Орданың еліміздің батысындағы жетекшілері ағайынды Х. және Ж. Досмұхамедовтер таяу уақытта 2 мың адамнан тұратын қазақ отрядын ұйымдастыруға уәде береді. Қазақстандағы азаматтық қарсыластық Ресейдегі азамат соғысының құрамды бір бөлігі еді. Сол себепті де Қазақстан майдандарындағы күрес-тартыстың дамуы мен барысына соғыстың басты майданындағы соғыс әрекеттерінің жүрісі ғана емес, Қазақстанның ақгвардияшылар жаулап алған территориясындағы партизандардың көтерілістері Қызыл Армияның Шығыс және Оңтүстік майдандарында шайқасып жатқан негізгі күштерінің күрестеріне елеулі көмек көрсетеді.

Азамат соғысының нәтижесіне ақгвардияшыларға қарсы партизан қозғалысы көп әсер етті. Қазақстандағы партизан қозғалысының ірі ошақтары Қостанай уезі, Ақмола, Жетісу облыстарында болды. Павлодар, Қскемен, Бұқтырма мен Зайсан уездерінде, әсіресе Зырян, Қатон Қарағай, Шыңғыстау, Шемонаиха болыстарында партизан қозғалысы кең қанат жайып, елдің едәуір бөлігін қамтыған. Черкас қорғанысы, Тарбағатай мен Үржардың “Таудың қызыл қырандары” отрядтарының ерен қимылдары Қазақстандағы азамат соғысында елеулі орын алды. Кеңес мемлекетінің тарихында 22-і және 25-ші Чапаев дивизияларының қимылы, Орал мен Орынборды қаһармандық пен қорғау еліміздің тарихының аса елеулі беттері болып саналады.

1919 жылы Фрунзе бастаған Қызыл әскер шоғырлары Қазақстанның солтүстік аудандарында, ал Чапаев бастаған шоғырлар оңтүстік-батыс аудандарда соғыс жүргізіп, Колчак әскерлерінің Деникин әскерлерімен қосылуына жол бермей, оларға күйрете соққы берген. Қазақстанда Колчак әскеріне қарсы көтеріліс Қостанай уезінде болды. 1918 жылы желтоқсан айының аяғында Ә. Жангелдин, А. Иманов және Ырғыз шоғырының біріккен күшімен Торғайда Кеңес үкіметі қалпына келтірілді. Бұл кезде Семей, Ақмола облыстарында да партизандық қозғалыстар өрістеді. Сондай-ақ Жетісу майданының, солтүстік-шығыс шебінде 1918 жылы тамыз және 1919 жылғы қазанның орта кезіне дейін ақгвардияшыларға қарсы күрес жүргізілді.

Шығыс майданындағы Колчак армиясы жеңілгеннен кейін Батыс, Солтүстік, Солтүстік-Шығыс Қазақстан мен Жетісуды азат ету қажеттілігі туды. Сөйтіп, 1919 жылдың аяғында Қазақстанның негізгі территориясы ақ гвардияшылардан азат етіліп, 1920 ж. наурызында азамат соғысының Қазақстандағы ең соңғы майданы - Солтүстік Жетісу майданы жойылды. Кеңес үкіметіне қарсы күштердің Қазақ елінің барлық аймағындағы күйреуі Алаш Орда қарулы топтарының арасында толқулар туғызып, Алаш милициясының қатарының сирей бастауына алып келді. 1919 ж. наурызында Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті Алаш Ордаға амнистия (кешірім) жарияланғаннан кейін және Алаш Орда басшыларының бірі А. Байтұрсынов пен оның жақтастарының үлкен бір тобының Кеңес өкіметі жағына шығуына

байланысты бұл құбылыс өзінше тоқтамайтын сипат алды. Азамат соғысы аяқталысымен Кеңес үкіметі қайта қалпына келтіріліп, 1919 ж. шілдесінде РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің жарлығы бойынша Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Революциялық Комитет (Ревком) құрылды.

Елімізді шет ел басқыншылары мен Кеңес үкіметін құлатуға ұмтылған күштерге қарсы ұрыстарда М.В. Фрунзе, М.Н. Тухачевский, В.И. Чапаев сияқты қолбасшылар, И.П. Белов, И.С. Кутяков, А. Иманов т.б. талантты командирлер ерен ерлік көрсетті.

1918 жылдың орта шенінде елде қалыптасқан жағдайды ескере отырып, билеуші партия мен Кеңес үкіметі барлық материалдық қорларды жаңа мемлекетті қорғауға жұмылдыру және оларды үнемдеп бөлу үшін экономикада бірқатар төтенше шараларды қабылдады. Бұл шаралар тарихқа “соғыс коммунизм” саясаты деген атаумен кірді. Кеңес мемлекеті кезіндегі оқулықтар мен ғылыми зерттемелерде “Ол лажсыз белгіленген, төтенше, уақытша жүргізілген саясат болды, бірақ сонымен бірге сол жағдайдағы қажет әрі бірден-бір дұрыс саясат еді. Ол шаруашылық күйзелісінен, экономикалық қоршаудан және жаңа үкіметті қорғаудың ерекше қиыншылықтарынан туған еді” деген тұжырымдар берілді.

Бұл саясаттың тарихи шарттылығы туралы ғылымдағы пікірлер сан-қилы. Олар негізінде: большевиктер партиясының жетекшілерінің, Кеңес дәуіріндегі ғылымның, шет ел (Шығыс, Батыс) ғылыми мектептерінің, XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы ғылымның жаңаша бағалары мен көзқарастары болатын. Біздің еліміздің XX ғасырдағы тарихи жолы аталған пікірлердің арасында әскери коммунизм әдісімен бейбіт жағдайда жаңа қоғам құрылысын жүргізу мүмкін еместігін анықтады. Адамзаттың тарихындағы тең және бостанды елдің идеясын іс жүзінде орындауға алғашқы қадам жасаған В.И. Ленин бұл туралы былай жазған: “...амалсыз осыны істеудің қажеті де болды: біз... адам айтқысыз ауыр, сұрапыл соғыс жағдайында өмір сүрдік; мұндай жағдайда бізге экономика жөнінде де соғыстағыдай қимыл жасаудан басқа ештеңе қалмады”.

Әскери коммунизмді енгізудегі алғашқы төтенше шаралардың бірі азық-түлік мәселесін шешуге бағытталды. Кеңес үкіметінің 1918 жылдың көктемінде және жаздың басында қабылдаған декреттері иемденуші топтардың қолындағы азық-түліктің артығын алуды, жалдаушылыққа тыйым салып, халықты бір орталықтан жабдықтау тәртібін белгілеуді көздеген еді. Сөйтіп, азық-түлік салғырты енгізілгеннен кейін мемлекет астық дайындауды көбейтуге, майданды азық-түлікпен қамтамасыз етуге, қала тұрғындары мен азық түлігі тапшы аудан халқын ашаршылықтан құтқару міндеттері көзделген болатын.

Әскери коммунизм саясатының маңызды-маңызды белгілері өнеркәсіпті жедел қарқынмен ұлттандыру, оны басқаруды Кеңестер қолына шоғырландыру, өнеркәсіп ұжымдарын қару-жарак және армияны материалдық жағынан жабдықтап басқа да бұйымдар өндіретін етіп қайта құру қажет болатын. Кеңес үкіметі ірі және орташа өнеркәсіпті ғана емес, ұсақ кәсіпті де ұлттандыруға бағыт алды. Осындай шара арқылы мемлекеттің

әскери өндірісін едәуір көлемде ұлғайтып, қару-жарақ, құрал-жабдық, оқ-дәрі шығаруды арттыруды, материалдық қорларды ішкі және сыртқы жаңа үкіметке қарсыластармен күреске пайдалануына мүмкіндік береді деген мақсат көзделді.

1919 жылғы 29 қаңтарда Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы бойынша баршаға бірдей еңбек міндеттілігі енгізілді. Еңбекке жарамды халықтың бәрі тұрақты қызметіне қарамастан, жергілікті үкімет орындары кезек күттірмейтін істер деп есептеген түрлі жұмыстарды атқаруға; жолдарды, көпірлерді жөндеп қалпына келтіруге, олардың сапасын қадағалауға, отын дайындап жеткізуге, әскерлер мен жүктерді көлікпен тасуға тартылды.

Ауыл шаруашылық өнімдері мен көпшілік қолмен істелінетін тауарлар өндірудің қысқаруы қала мен ауыл арасындағы экономикалық байланыстардың үзілуіне әкеліп соқтырды. Рынок қатынастары барған сайын тауар айырбасы сипатына ие болып келе жатты. Кеңес үкіметі халықты азық-түлікпен және көпшілік қолданысты бұйымдармен тұрақты, арзан бағамен, ал кейбір ерекше жағдайда тегін тауарлармен жабдықтау мақсаты жарияланды. Тек қана жарияланды! Осы жылдары (1918-1920) жалақыны заттай беру және өнеркәсіп бұйымдарын ауыл шаруашылық өнімдеріне тікелей айырбастау, тұтыну заттарын бөлудегі теңгермешілік экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі болды. Соғыс коммунизм саясаты әуелі Қазақстанның майданнан тыс аймақтарында жүргізілді. Соғыс коммунизм саясатының бұл негізі - азық-түлік салғырты өлкеде жарияланысымен бірден енгізілген жоқ. Мұның өзі ең алдымен Қазақстанның кеңестік аудандарында қалыптасқан жағдайдан туған еді. Майдандардың қоршауында болған бұл аудандардың орталықпен байланысы нашар болды. Мұндай жағдайда ауыртпалықтың едәуір үлесі орта шаруаның мойнына түскен азық-түлік салғыртын дереу енгізу мүмкін емес еді. Олай болса адам құрамы негізінен алғанда жергілікті шаруалардан құралып, толықтырылып отырған жаңа мемлекеттік әскери бөлімдерінің жауынгерлік қабілетіне ол кері әсерін тигізер еді.

Ақ гвардияшылар басып алған аудандарда ескі тәртіптерді қайта орнатқан ақгвардиялық тәртібінің қыспағын көрмеген орта шаруа бұрынғы иемденуші топтардың үгітіне оңай еріп кететін болды. Шаруалар екінің бірінде мемлекеттік монополиядан және тұрақты бағалардан орағытып өтіп, азық-түлігін “қара” рынокта өнеркәсіп тауарларына айырбастауға тырысты. Оның үстіне Қазақстанның кеңестік аудандары астықты аз өндіретін. Мысалы, Бөкей облысында халықтың дені көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданды. Оның солтүстік аудандарындағы отырықшы орыс және қазақтар орналасқан азын-аулақ елді мекендерінде ғана 60 мың десятинадай егін егілетін. Қазақстанның оңтүстігіндегі шөлейт және шөлді жердегі уездері де ол кезде егін өндірумен жөнді шұғылданбайтын және оны сырттан алатын.

Жетісу облысында біраз астық өндірілетін, бірақ облыстың солтүстік жағында орналасқан негізгі астықты аудандары 1918-1920 жылдары өршіген

соғыс орталығы болғандығынан, астық өндіруден қол үзді. Бұл аудандар азат етілген кезде революциялық өзгерістерге қарсы күштер оларды күйзелтіп, талап-тонап кеткені сонша, халыққа азық-түлік пен тұқымдық астық беріп, жедел көмектесу қажет болды. Ал салғырт жөнінде әңгіме де болуы мүмкін емес еді.

Торғай және Орал облыстарының Ақтөбе және Темір уездері астықпен біршама тәуір қамтамасыз етілген еді. Түркістан республикасының орындарымен жасасқан шарт бойынша тауар айырбас ретімен Ақтөбе уездік азық-түлік бөлімі 1918 жылдың орта шеніне дейін 150 мың пұт астық жөнелтті. Темір уезінде 1918 жылдың ортасынан 1919 жылғы наурызға дейін азық-түлік орындары 545,4 пұт, ал Ақтөбе уезінен - 944,1 пұт астық дайындап темір жол арқылы Түркістанға жөнелтті.

Қазақстанның кеңестік аудандарының Ресей империясының орталығынан шалғай жатқандығы, соғыс қимылдарының шаруашылық өмірдің шырқын бұзуы, жекелеген уездер мен облыстардың шаруашылық-экономикалық жағынан дамуының әркелкілігі мен өзгешелігі (көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының басым болуы, бұл жылдары егіннің аз себілуі, жер мәселесінің шешілмегендігі, ұлттық қарым-қатынастардың күрделілігі) т.б. себептер Қазақстанда азық-түлік салғыртының толық көлемінде майдандар жойылып, астық өндіретін негізгі аудандар азат етілгеннен кейін ғана, тек 1920 жылдың басынан кейінгі кезеңдерде іске асырылуына мүмкіндік берді.. Кейбір уездерде 1919 жылы азық-түлік салғыртын жүргізуге әрекет жасалып көрді, алайда ол елеулі нәтиже бермеді.

Мемлекеттік астық монополиясы, астықтың тұрақты бағасы барлық жерде бірдей жүзеге асырылған жоқ және ол мүмкін емес еді. Астықтың негізгі қорларын иеленушілер астықты Кеңес азық-түлік орындарына тұрақты бағалармен тапсыруға мүлде қарсы болды. Олар астығын жасырын түрде жалдаптықпен сатты. Орталықтандырылған жолмен өнеркәсіп тауарлары мен азық-түлік ала-алмаған халық оларды түрлі саудегер мен алыпсатарлардан алуға мәжбүр болды. Кеңес орындарының жеке меншік сауданы жоюға ұмтылған түрлі айла-әрекеттеріне қарамастан, бұл сауда жойылған жоқ, әсіресе облыс орталықтары мен темір жолдардан шалғай жатқан жерлерде қанат жайды.

Малы көптері мен байларға салық салу арқылы, сондай-ақ үдемелі жинау әдісі бойынша шаруалардың артық малын алу, салық төлеуден қашып жүргендердің мүлкін реквизициялау, малды аудандарда еркін баға бойынша сатып алу және тауар айырбасы ретімен тұрақты бағалар бойынша заттай міндеттілікті күшпен орындату арқылы дайындалды. Еңбек ақыны заттай беру өте-мөте шектеулі болды. Негізгі тамақ өнімдері - ет, астық, картоп, қант еңбекші халықтың әрбір тобы үшін таптық белгісі бойынша шектеулі мөлшерде берілді. Бірқатар уездерде тамақтандыру нүктелері мен асханалар ашу арқылы ашыққан халықты тегін тамақтандыруы ұйымдастырылды.

Әскери коммунизм саясатының Қазақстанда өнеркәсіпті ұлттандыру және кеңес органдарының қолына шоғырландыру, өнеркәсіп орындарын

әскерге арнап қару-жарақ пен құрал-жабдық жасауға ыңғайлау сияқты элементтері толық көлемде қолданылды. Ең қажетті өнеркәсіп тауарларына деген қатты тапшылықты ішінара болса да өтеу үшін ірі және орташа кәсіпорындар емес, сонымен қатар ұсақ және қолөнер өндірісі майдагерлік кәсіпорындары ұлттандырылды.

Әлке экономикасының аграрлық сипатына, қалалардың экономикалық рөлінің мардымсыздығына, өнеркәсіп пен қатынастың жұмыс күшін қажетсінуінің шектеулілігіне байланысты Қазақстанда баршаға бірдей еңбек міндеттілігі кең қанат жайған жоқ. Ол мұнда баршаға бірдей және тұрақты сипат алмады, негізінен кәсіпорындары бар қалалар мен елді мекендерде, сондай-ақ темір жолдарға 25 шақырым өңірдегі ауылдарда темір жолдарды жөндеу және қардан тазартуға сол жерлердің халқы тартылды. Осы жылдары халықтың үкімет мүддесіне тікелей еңбек ету және көлік беру міндеттілігі (отын дайындау және тасып беру, азық-түлік және басқа жүктерді тасып жеткізу) де болды. Ал көшпелі қазақ халқы еңбек ету және көлік беру міндеттілігіне біршама аз тартылды.

Қазақстанның облыстары мен уездерінде ұлттандырылған кәсіпорындарды басқару үшін Халық шаруашылығы кеңестері құрылды. Алғашқы кеңестердің бірі 1918 жылғы 16 мамырда Ақтөбе уезінде қалыптасты. Сол жылғы маусым айынан бастап облыстық халық шаруашылығы Кеңесі Жетісу облысында, Черняев, Арал, Әулиеата, Қазалы, Перовск және Түркістан уездерінде құрылды.

Қорғаныс үшін зор маңызы бар кейбір кәсіпорындарда соғыстық жағдай жарияланды. Жергілікті жерлерде халық шаруашылығы Кеңестерімен қатар әскерді жабдықтау жөніндегі төтенше комиссиялар құрылды. Олар халық шаруашылығы кеңестерімен бірге әскер бөлімдерді материалдық жағынан қамтамасыз етумен шұғылданды. Шикізат пен отынды есепке алып, кәсіпорындарды қажетті материалдармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге көмектесті.

1918 жылғы 12 қазанда Түркістан Халық шаруашылығы кеңесі қорғасын қорыту зауыты мен кен орындарын отынмен және кадрлармен қамтамасыз ету туралы шешімнің нәтижесінде, желтоқсанның бас кезінде қорғасын өндіріле бастады. Ақтөбеде, Перовскіде, Верныйда, Қапалда, Гавриловское (Талдықорған) селосында қару жөндейтін, оқ-дәрі өңдейтін, киім тігетін, көлік әбзелдері мен ер-тұрман жасайтын шеберханалар жабдықталды. Верныйдағы реквизицияланған шұға фабрикасы тек 1919 жылдың I жартысында әскер үшін 47 мың кездей шинельдік шұға тоқыды; қаладағы 7 былғары зауыты жылына 24 мың ірі былғары беріп тұрды.

Солтүстік Жетісу майданының әскерлеріне қажетті аттар мал өсіретін өнеркәсіп иелерінен тіркіленіп алынды. Бөкей облысында Царицын майданының мұқтаждары үшін 1918 жылы тамызда 500 түйе, ал қазанда 1000 жылқы мен 500 түйе сатып алынды. Осы облыста әскерді етпен жабдықтау үшін тек 1919 жылдың қаңтарында қазақтардан 5000 ірі қара мен 40 000 қой “Кеңестер шешімімен” деген сылтаумен тартып алынды.

Қазақстан территориясы арқылы өтетін негізгі темір жол магистралы - Орынбор-Ташкент жолында әскери коммунизм саясаты кезінде 1918 жылғы 22 шілдеде төтенше соғыс жағдайы енгізілді. Майданға жүк, ал Ташкентке, Шымкентке, Қазалыға және басқа елді мекендерге астық тасуды қамтамасыз ету үшін теміржолшылар жолдарды қалпына келтіретін жөндеу топтарын құрды. Олар әскер үшін бірнеше бронепоезды мезгілінде іске қосуға, кіріс жолдарын дұрыс ұстауға қатал бақылау енгізілді.

Соғыстың аса қиын жағдайларында “әскери коммунизм ” талабын орындау желеуімен большевиктер партиясы мен Кеңестер ауылдағы жағдайға- мұндағы өндіргіш күштерді сақтау, аграрлық мәселелерді шешу т.б. аса көңіл бөлді. Иемденуші топтардың жаппай егіндік және жайылымдық жерлері, шабындықтары, құрал-саймандары, жемшөбі, астығы мен малы күшпен алынды.

Қоныс аударып келгендердің селосы мен қазақ ауылында жаңа әлеуметтік құрылым орнатыла бастады. Қазақстанның бірқатар уездерінде ауыл шаруашылығында социалистік қатынастарға негізделген алғашқы ошақтар құрылды. 1918 жылғы шілдеде де Верный Кеңес үкіметінің күшімен Жетісуда “Новая эра” коммунасы құрылды. Одан кейін осы өңірде “Заря”, Карл Маркс атындағы, “Единение” коммуналары құрылды. 1919 жылдың бас кезінде облыстағы жүзден астам коммуналар мен артельдерге 4 мыңға жуық шаруалар күштеп тартылды. Бөкей облысында сол кездегі 19 кооперативтік жер бірлестігінің 11-не қазақтардың басым көпшілігі күштеп біріктірілген болатын. Шаруалар мен иемденушілердің арасын алшақтатып, біріне-бірін қайшы қою саясаты басқа өңірлерде де өктемдікпен таратылды.

Сайып келгенде, әскери коммунизм саясаты кезінде қазақ жері жаңа, әрі көп қиыншылықтар әкелген саяси-экономикалық, әлеуметтік құбылыстарға толы болды. Осы кезде болашақ Кеңес тоталитарлық басқару жүйесі құрылым негізінің алғашқы тіректері қалана бастады.

Жұмысшы-Шаруа Қорғаныс Кеңесі 1920 жылдың 2 қаңтарындағы губерниялық және уездік революциялық комитеттерді тарату және бүкіл өкімет билігін Кеңестердің қолына шоғырландыру туралы қаулысына сәйкес Қазақ өлкесінде де революциялық комитеттердің орнын Кеңестер ала бастады. Осы міндетті түсіндіру және оған халықты қалайда көндіру мақсатымен 1920 жылдың бірінші жартысында бүкіл Қазақстан бойынша қазақ халқы өкілдерінің уездік съездері өткізілді. Мысалы, Семей уезіндегі қазақ халқы өкілдерінің съезіне 90 делегат қатысты. Адайлардың, табындардың және олармен бірге көшіп жүрген басқа да қазақ руларының 1920 жылғы 11-15 маусымда Маңғыстау уезінде Бозащы болысының Буракөл деген жерінде өткен 1-ші Кеңестік делегаттық съезіне Маңғыстау мен Темір уездерінен және Түркістан АКСР-інің Закаспий облысындағы Красноводск уезінен қазақ халқының мыңға тарта өкілдері қатысты.

Революциялық комитеттерден Кеңестерге көшу ең алдымен Орал облысында басталды. 1920 жылғы қаңтардың бас кезінде Орал уезінің 22 болыстық, станицалық, ауылдық және селолық Кеңестері сайлауы өтіп, болыстық Кеңестердің құрамына 101, ал ауылдық Кеңестерге 396 депутат

сайланды. 1920 жылдың шілдесінде Ақмола, Атбасар, Көкшетау және Петропавл уездерінің көп жерінде селолық, ауылдық және болыстық Кеңестер сайланды. Сол кезден бастап-ақ большевиктер партиясы демократия мен теңдік идеяларын сылтау етіп, Кеңестер құрамының басым көпшілігіне тек қана өз партиясының мүшелерін сайлау талабын ашық қойды. Негізінен 1920 жылғы жаздың аяғына қарай жергілікті жерлерде мемлекеттік өкімет органдарының бірыңғай жүйесіне көшу аяқталды. Революциялық комитеттер төтенше органдар ретінде өз міндеттерін атқарғаннан кейін орнын конституциялық органдарға - Кеңестерге берді. Ерекше жағдайға байланысты Адай уезінде және Жетісуда революциялық комитеттер сақталып қалды. Қоғамдағы Кеңестер рөлін өктемдікпен күшейтумен қатар большевиктер партиясы ұйымдастыру және саяси билікті өз қолына алуды да назардан тыс қалдырған жоқ. Осы тарихи оқиғалардың бәрі қазақ жерінде мемлекеттік құрылыстың орнауына негізгі себепкер болды.

Кеңестік Қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен нығаю мәселесі РКП(б) Орталық Комитетінде, Саяси бюроның мәжілістерінде, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары кеңестерінде талқыланды. 1920 жылғы 25 тамызда Облыстық бюроның және Қырғыз революциялық комитетінің төрағасы болып В.А.Радусь-Зенькович тағайындалды, ал осы жылы бұл өңірге ұйымдастырушылық және мол тәжірибесі бар жүзге тарта қызметкерлер жіберілді. 1920 жылғы 26 тамызда “Автономиялы Қырғыз (қазақ) Социалистік Кеңес Республикасын құру туралы” тарихи декрет қабылданды. Онда “Ресейдің бір бөлегі ретінде Автономиялы Қырғыз Социалистік Кеңестік Республикасы құрылсын” деп жазылған болатын.

Қазақ республикасына (1917 жылға дейінгі әкімшілік шекараларда) Семей, Ақмола, Торғай және Орал губерниялары, Маңғыстау уезі, Закаспий облысының Краснодарск уезіндегі 4-ші және 5-ші Адай болыстық, Астрахань губерниясындағы Синемор болыстығы, Бөкей ордасы (Бөкей даласы), 1-ші және 2-ші Приморье округтарына шектес, қазақтар қоныстанған бұрынғы қазыналық оброктық жерлердің территориясы кірді. 1920 жылғы 22 қыркүйекте Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің жаңа декреті бойынша КАКСР-інің құрамына Орынбор губерниясы қосымша енгізіліп, ал Орынбор қаласы республиканың астанасы болды. Декретте былай деп көрсетілді: “Қазір Түркістан республикасының құрамына кіретін Қырғыз территориясын Қырғыз республикасының құрамына енгізу осы облыстар халқының еркі бойынша жүзеге асырылып отыр.”

Қазақстанның екі соғыстан кейін күйзеліске ұшыраған экономикасы үшін декреттің “Қазақ АКСР-і барлық қажетті қаржы және техникалық құралдармен РСФСР-дің қаржысынан жабдықталады” деген бөлімінің өте-мөте зор маңызы болды. 1920 жылы 4 қазанда Орынбор қаласында В.А.Радусь-Зеньковичтің төрағалығымен КАКСР-інің әлеуметтік топ өкілдерінің Құрылтай съезі ашылды. Съезге Қазақстанның барлық облыстарынан 273 делегат және Алтай губерниясы қазақтарының атынан 6

делегат қатысты. Делегаттардың ішінде 128 қазақ, 127 орыс, басқа ұлттардың 18 өкілі, 197 большевиктер партиясының мүшесі және 4 тілектес болды.

Кеңестердің Құрылтай съезі қабылдаған “Қырғыз (Қазақ) АКСР-і еңбекшілері праволарының Декларациясы” оның аса маңызды тарихи актісі болды. Онда Қазақ ұлттық кеңес мемлекетін, РСФСР-ге біріккен Кеңестік республикалардың ерікті федерациясына (одағына) автономия ретінде кіретін қазақ халқының түрлі әлеуметтік топтарының депутаттары республикасын құрудың негізгі принциптері белгіленді.

Декларация Кеңестердің таптық мәнін белгілеп, оны “Бүкіл өкімет-заң шығарушы, атқарушы және бақылаушы өкімет-бүтіндей және тек қана еңбекші халықтың қолында болуға тиіс”,- деп анықтады. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы негізгі міндеті “адамды адамның қанауын және қоғамның таптарға бөлінуін толық жою”, “қоғамның социалистік ұйымын орнату” деп жарияланды.

Декларация ұлттық езгі мен құлдыққа қарсы үзілді-кесілді кереғарлығын жариялап, Кеңес өкіметі жариялаған халықтардың тең құқылығы, өзара сенімге, барша еңбекші-халықтың таптық мүдделерінің ортақтығын түсінуге негізделген, олардың тығыз топтасу және туысқандық ынтымақтасу принципін жария етті. Декларация азаматтардың құқыларын: Кеңестерді сайлау және сайлану құқын, нәсілдік және ұлттық тегіне қарамастан, барлық азаматтардың тең құқылығын, әйелдердің тең құқылығын, сөз, жиналыс, баспасөз, ұждан бостандығын қуаттап, баянды етті. Азаматтардың бейбіт жағдайда еңбек ету, ал соғыс болған жағдайда Отанды қолына қару ұстап қорғау міндеттері де белгіленді.

Кеңестердің Құрылтай съезі жер мәселесі жөнінде, экономикалық құрылыс туралы, халыққа білім беру, денсаулық сақтау туралы шешімдер шығарды. Бұл шешімдер билеуші партия жетекшілерінің пайымдауынша қоғамдағы әлеуметтік топтардың ара-қатынасын нығайтып, жалпы халықтардың достығын қалыптастыру делінген.

12 қазанда Кеңестердің Құрылтай съезі құрамында 76 мүшемен 25 үміткер болған Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетін сайлады. Комитет құрамына А.Д.Авдеев, Ә. Әйтиев, И.А. Акулов, А.М.Әлібеков, С.Д.Арғыншиев, Ә.Т.Жангелдин, И.Ф.Киселев, Г.А.Коростелев, С.Меңдешев, В.А.Радусь-Зенькович, М.Т.Ряхов, С.Сейфуллин, П.Я.Струппе және басқалар кірді. Орталық Атқару Комитетінің Президиумында 10 мүше мен 5 үміткер болды: С.Меңдешев (төраға), В.А. Радусь-Зенькович, Ә.Жангелдин, С. Сейфуллин, И.Ф.Киселев ж.б. Орталық Атқару Комитеті республиканың Халық Комиссарлары Кеңесін құрды, оның төрағасы болып В.А.Радусь-Зенькович сайланды. Уақытша басқару органы болған Қырғыз революциялық комитеті өзінің барлық өкілеттіліктерін Қазақ АКСР-інің үкіметіне берді.

3. Кеңестік қазақстанның тарихи бастаулары: қазақтандыру қиыншылықтары.

3.1. XX ғасырдың 20-30 жж. саяси – экономикалық

және әлеуметтік өзгерістер.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін өлкедегі жалпы жағдай Кеңес мемлекетінің орталық аудандарымен салыстарғанда өте ауыр болды. Бейбіт құрылысқа көшудің шаруашылық және саяси қиындықтары өте күрделі болды. 1920 жылдың аяғында Қазақстанда 4,7 миллион адам тұрды, оның ішінде қазақтар 50,3, орыстар-31,1, украиндар 14,4 процент құрады. Халықтың басым көпшілігі ауылдық жерлерде тұрды. Екіншілікте жерді біраз тыңайтып алып қайта жырту жүйесі, ал мал шаруашылығында көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық басым болған. Егістің көлемі азамат соғысы жылдарында едәуір кеміп, астықтың жалпы түсімі үш есеге жуық азайды. Бұндай кему басқа да шаруашылықта болды. Мысалы, мал саны елеулі түрде қысқарып, осы жылдары 10,8 млн. басқа қысқарды. 1914-1922 жж. ірі қара мал саны 2,1 миллионға, жылқы-2 млн-ға, қой-ешкі 6,5 млн-дай, түйе-0,3 млн-ға азайған. Осының бәрі қазақ жеріндегі XX ғасырдағы үлкен апат - бұрын-соңды болмаған ашаршылыққа соқтырды. 1921-1922 жж. ресми статистикалық мәліметтер бойынша елімізде 2,3 млн. адам оның ішінде: Орынбор губернісінде 445 мың адам, Қостанай губернісінде 225 мың адам, Оралда-400 мың, Ақтөбеде-360 мың, Бөкей губернісінде-100 адам аштық азабын тартқан. Бұл қатерлі қасірет 1,1 млн. жуық қазақтың елін, ата-тегінің қонысын тастап бет алдына көшіп кетуге мәжбүр етті.

Әлеуметтік-экономикалық мәселелердің тұғырыққа тірелуімен қатар саяси өктемділік жаңа бағыт алған мемлекеттік құрылымға кері әсерін тигізді. Мемлекеттік күштеу саясаты ауыл халқының наразылығын туғызып, елде толқу ошақтары пайда болды. Кейбір жерде үкіметке қолданған әкімшіліктің шаралары шаруаларды қарулы қарсылыққа дейін апарды. Мысалы, 1920 жылы Семей облысының орта және дәулетті шаруаларының едәуір тобы мемлекетке қарсы көтеріліп, өздерінің талаптарын ашық жариялады. Бұндай толқу-көтерілістер 1921 жылы Батыс Қазақстанда, Ақмолада, Петропавлда, Көкшетау, Маңғыстауда да өтті.

Елде орын алған жағдай өлкедегі экономикалық және саяси дағдарыстың жалпы сыңайын танытқандай болды. Бүкіл Кеңес мемлекетінде сияқты, қазақ жерінде де шаруашылық құрылымы мен оны басқару саясатының жаңа әдісіне (принципіне) көшу қажеттігі айқын көрінді, оның негізгі арқауы - тауар-ақша қатынастарының қажеттілігі болатын. Әскери коммунизм саясаты жаңа қоғамдық құрылым орнатудың неғұрлым таяз түсінігі екенін өмірдің өзі анықтады. Азық-түлікті күштеп алу, ірі, орта және ұсақ кәсіпорындарды қоғамдастыру, сауда-сатыққа, рынокқа тиым салу, ақша айналымын тоқтатып, сол арқылы жаңа қоғам орнатуға болмайтындығына бұл саясаттың алғашқы екі жылы анық көрсетті. Билеуші партия жетекшілері әскери коммунизм саясатын шұғыл өзгерту қажеттілігіне көздері жеткендей болып, оны жаңа экономикалық саясатпен, төтенше жағдайда енгізілген салғыртты салықпен ауыстыруға бағыт алады.

Елімізде жаңа экономикалық саясатты (ЖЭС-НЭП) іске асыру 1921-1923 жылдарда Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің азық-түлік

салығына көшу туралы шешімі негізінде жүргізілді. Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда аз болды және өндірушілерде енді артық өнімін өз бетімен рынокқа шығаруға мүмкіндігі туып, оларда ынта туғызатыны көзделді. Мәселен, 1920 жылы Жетісу мен Сырдария облыстарында астық салғырты бойынша 10,4 млн. пұт дәнді дақыл жиналса, 1921 жылы салық арқылы шаруалардан жиналған астық 6 млн пұттан асқан жоқ. Шаруалардан алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің мөлшерін салықпен шектеу ауыл-селолардың қалалармен байланысын нығайтуға жол ашты. Бұл тұста шаруалар басы артық өнімдерін қалаға апарып сатып, тұрмыс жағдайын түзеуге мүмкінді алды.

Уақыт өткен сайын жаңа қатынасқа шаруалар мен жалпы өндірушілердің сенімі тереңдей түсті. Бұл тұста Кеңестердің өлкедегі шараларын нығайтуға байланысты біраз саяси-ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. 1921 жылы уездер мен губернияларда Кеңестер съезі болып өтті. Алайда, Қазақстандағы Кеңестер құрылысында бірқатар қиыншылықтар мен кемшіліктер кездесті. Кейбір жерде белсенділер жаңа экономикалық саясаттың мәнін түсінбеді, бұрынғысынша әскери коммунизм әдістерін қолданды. Кеңестер құрамына жаңа саясатты енгізуге қарсы, іштен бүлдіру әрекетіне бейім адамдардың кіріп, кері үгіт жүргізу көріністері де көп болды. Дегенмен, кеңестерді құрып нығайту жұмыстары мақсатты жүргізілді. Оған белсене қатысқан Қазақ КАСР Комитетінің тұңғыш төрағасы С. Меңдешев, орынбасары Ә. Жангелдин, ҚАСР ішкі істер халық комиссары Ә. Әйтиев және басқалары Кеңестердің жұмысын жандандыруға елеулі еңбек сіңірді.

Билеуші партияның (РК/б/П) X съезі (1921 ж. наурыз) шаруашылық мүддесін іске қосудың пәрменді жүйесін жасау, азық-түлік салымынан азық-түлік салығына көшу туралы шешім қабылдады. Ілкі әзірде бұл шара жаңа экономикалық саясат шеңберінде жүзеге асырылғанымен, жаңа реформалық кешенін түгел қамти алмады. Салық саясатында шаруашылық саласындағы белсенділікке жаңа серпін берген аса мәнді өзгерістермен бірге, қаржыда, несиеде, ақша шаруасында, арендалық қатынастың басқа да бірқатар көріністерінде пәрменді шаралар жасалды.

1921 жылғы 4-10 қазанда өткен Қазақ АКСР Кеңестерінің II съезі республиканың өмір сүрген алғашқы жыл ішіндегі мемлекеттік және шаруашылық құрылыстың қорытындыларын шығарды. Оның жұмысының басты мақсаты - жаңа экономикалық саясат жолында ел ішіндегі этностар арасындағы қарым-қатынасқа талдау жасап, оны түсінушілік, достастық жолымен дамыту бағыттарын белгілеп беру еді. 1921 жылы жазда Бүкілорталық Ресейдегі сияқты Қазақстанда да ғасырдың қатері стихиялық апатқа - аптапты қуаңшылыққа ұшырады. Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей және Қостанай губернияларындағы егістің көбі күйіп кетті. Малға азық болмай оның біразы қырылды. Егіннің шықпауы тек қана қуаңшылықтан емес, сонымен бірге ауыл шаруашылығының жалпы артта қалушылығы мен экстенсивтігі салдарынан, мұның үстіне шет ел басқыншылығы мен қоғамдағы азамат қарсыластығының зардабы және билеуші саяси күштер мен мемлекет басшыларының оралымсыз бағытынан болды.

Қазақстанда ашаршылық көлемі зор болды. 1921 жылы қыркүйекте жүргізілген толық емес есеп бойынша 8,4 млн. десятина жалпы егіс көлемінің 2,1 млн. десятинасында егін көктемей қалды, ал қалған алқапта өнім өте-мөте төмен болды. Жүз мыңдаған адамдар ашаршылыққа ұшырады, ал көшпелі қазақтар үшін қуаңшылық өте қатты соққы болып тиді. Бейбіт халыққа озбырлық жасап, азақ-түлік және тұқымдық қоймаларын тонаған жаңа үкіметке қарсы топтармен бірге осы кезде олардың қатарына ағымды жағдайға наразылық білдірген жәй азаматтар да қосылды.

Ашаршылыққа қарсы мемлекет пен билеуші саяси күштер өздерінше әрекеттер ұйымдастырды. Осы жылдары Қазақстанға Ресейден 4,5 млн. пұт астық, 183 мың пұт картоп келді. Қазақстан шаруалары тек 1922 жылы егіс көлемінің 60 процентінен астамына тұқымды Ресейден алып септі. Елге ондаған дәрігерлік- тамақтандыру отрядтары келді. Бұндай қамқорлық Кеңес мемлекетінің әр халықтар арасында кеңінен тарады. Мысалы, Қазақстанға Түркістан және Украина көп көмектесті. Түркістан республикасы 1921-1922 жылдары қазақ еліне 2 млн-ға т. жуық астық бөлді. Түрлі мемлекеттік, қоғамдық қамқорлық шараларына қарамастан Қазақстан республикасының жалпы әлеуметтік-экономикалық жағдайы, соның ішінде шаруалар күйі өте ауыр болып қала берді.

XX ғасырдың 20-жылдарында Қазақстанда жер реформасы елдегі әлеуметтік топтардың арасын нығайтуда орасан зор рөл атқарды. Ресей патша үкіметі кезіндегі отаршылдық саясат нәтижесінде жерді жаппай және жөнсіз тартып алуы шаруаға қажетті жерлердің көлемін күрт тарылтты, жер пайдалану шекаралары ауысты, малды жая жүріп көшетін және суға жететін жолдар жабылып қалды. Көшпелі қазақтардың үлкен-үлкен топтарының пайдаланып отырған үлкен шүйгін жайылымдары, ал отырықшы аудандарда - суармалы жерлер мен оның құбырлары тартылып алынды.

Әсіресе жаңа үстемдік саясаттың зардаптары Жетісу, Сібір және Орал казак әскерлеріне алып берген өңірлерінде ерекше ауыр болды. Жайылымдарды, шабындықтар мен егіс алқаптарын, қыстауларды пайдаланғаны үшін жергілікті халық көп жалдама ақы төледі, егін алқаптарында еңбек етіп, қазақ ұлықтарының малын бақты, астықтың недәуір бөлігін сыйға берді. Гурьев (Атырау) уезінің Еспол және Сімбірті болыстарының тұрғындары 1921 жылы ҚАКСР Жер Халық Комиссариатына өтініш жолдап, онда Кеңес өкіметінің орнауы қарсаңында “бізге егіншілік пен шөп шабуға ғана емес, тіпті жайылым үшін де жарамсыз кілең сортаң жерлер қалды” деп жазған. Ертіс пен Жайық бойындағы, Жетісудағы басқа аудандарда да жағдай осындай болды.

Кеңес үкіметінің алғашқы жер реформасы саласындағы шаралар негізінен жалдамалы ақы мен жерді пайдаланғаны үшін еңбекпен өтеуді заң жүзінде жойып қазақтарға жер құқын берді. Алайда азамат соғысы және одан кейінгі жылдарда көптеген жерлерде бұрынғы ауылдағы үстем топтар жерді пайдаланудағы шиеленісушілікті барынша пайдаланып, жалдама ақысын одан әрі ала беруге тырысты. 1920 жылдың аяғында ҚАКСР Орталық Атқару Комитеті жанынан жер комиссиясы құрылып, ол 1921 жылдың басында

жарияланған Үкіметтің жерді ұлттандыру Декретіне сәйкес, бүкіл жерді мемлекеттік қор деп жариялады да, жерді өз бетімен алу, сатып алу және жалдау атаулыға тыйым салды.

1921 жылдың ақпан - сәуір айларында жер реформасына байланысты қосымша қабылданған мемлекеттік құжаттар, қазақ шаруаларына дәстүрлі ата-тегінен қалған тиесілі жерлерді өздеріне қайтаруға негіз болды. Осы жылы жазда Жайықтың сол жағалауындағы жерлер межелеп бөлініп, қазақтарға қолайлы жайылымдар тиді. 1922 жылы Орал губерниясының қазақ тұрғындары барлығы 208 мыңнан астам десятина жер алды. Семей губерниясында әскер қорының жерлері қазақтардың пайдалануына көшті, межелеп бөлуге 184 мың десятина жер әзірленді. Ақмола губерниясында Ертіс бойындағы он шақырымдық алқапқа 1922 жылдың шілдесіне дейін 35 ірі қоныс аудару учаскесіне 350 қазақ шаруашылығы - бұрынғы жалдаушылар мен бақташылар көшті. Көкшетау уезінде барлық бос жер қорын Кеңестер қазақтарға берді.

1921 жылы Жер-су реформасы Түркістанның көптеген аудандарында, оның ішінде Алматы, Қапал, Шымкент, Әулиеата уездерінде жүзеге аса бастады. Осы кездерде бұнда қазақ кедейлері мен жатақтарының тұңғыш бұқаралық ұйымы - Қосшы одағы ұйымдасып, оның қызметінде бұқараның өскен үлесі айқын көрінді. Оңтүстікте Қосшы одағын құруда, оның практикалық қызметінде С. Асфендияров, С. Атабаев, Т. Рысқұлов, В. Познер, И. Сольц, Ж. Бәрібаев, А. Розыбакиев және басқалар көрнекті рөл атқарды.

Сөйтіп, 20-шы жылдардың басындағы аграрлық реформалар ондаған мың қазақ шаруаларын жермен қамтамасыз етті, оларды кіріптарлық тәуелділіктен, жалдамалы ақысының ауыртпалықтарынан құтқарды, олардың шаруашылықтарының біршама аяғына тұруына себепкер болды, отырықшылыққа және егіншілікке көшуіне жағдай туғызды. Реформалар қазақ халқының іс жүзіндегі теңсіздігін жоюға маңызды қадам болды.

Сонымен 1921-1922 жылдарда Ресей империясының жер мәселесіндегі отарлау саясатының зардапты мұраларын жоюға ұмтылған Қазақстан мен Түркістандағы аграрлық реформалардың жергілікті халық пен қоныс аударған басқа ұлт өкілдері үшін елеулі маңызы болды. Көшпелі және жартылай көшпелі ауылдардағы тұрғындардың салықтан босатылып, жеңілдіктер алуына жол ашылды. Мұнымен бірге оларда ұжымдастырудың алғашқы қарапайым түрлері, сауда-саттық, жабдықтау, қарыз пайдалану, кейде мәдени-ағарту жұмыстарының басын біріктіретін қарапайым кооперативтендіруді дамытуға жол салды.

Қазақстанның ауыл шаруашылығында елеулі өзгерістер болды. Бірыңғай ауыл шаруашылық салығы енгізіліп, оның жалпы көлемі 100 мың сомға төмендетілді. 1925 жылы 46 мың кедей және әл-ауқаты кем шаруашылықтар мал, құрал-сайман алуға, жер жырту мен егіс егуге қарыз алды. 1922-1925 жылдар аралығында мал басы екі есе көбейіп, 26 миллионнан асты. Осы шаралардың нәтижесінде республиканың ауыл шаруашылығында орташаландыру процесі бой көрсете бастады.

Тұтас алғанда республика бойынша 1925 жылы қазанда ауыл шаруашылық кооперациясының жүйесінде 332,7 мың мүшесі бар 2811 бірлестіктер жұмыс істеді, олардың ішінде 62,6 мың мүшесі бар бір мың қазақ бірлестіктері де болды. Сонымен қатар қоныс аударып келген шаруалардың төрттің бірінен артығы (27,1 пайыз) бірлестіктерге қамтылды.

1922 жылы Кеңестер сайлауы өтті, Олардың құрамына жергілікті ұлттың біршама өкілдері өтті. Бөкей, Орал, Ақтөбе, Семей губернияларында болыстық атқару комитетінің сайлауынан кейін депутаттардың жартысынан астамы қазақтар болды. Бұқара арасында саяси жұмыс жүргізу мақсатында Қызыл керуен және жылжымалы Қызыл отау сияқты жұмыстың жаңа түрлері пайдаланылды. ҚАКСР Орталық Атқару Комитетінің тұңғыш Қызыл керуені 1922 ж. Ә. Жанкельдиннің басқаруымен ел аралауға шықты. 9 мамырдан 12 маусымға дейін керуен Орынбор мен Семей аралығындағы 26 болыстың 37 ауылында, сондай-ақ Екібастұз және Спасскі зауытында болды.

1922 жылы 30 желтоқсанда Мәскеуде Кеңестердің Бүкілодақтық Бірінші съезінде Кеңестердің Социалистік Республикалар Одағы құрылғаны жариялады. Осы құжат бойынша Қазақ АКСР-і Кеңестік Ресей Федерациясы құрамына кірді. Бұл тұста республикада өнеркәсіпті қалпына келтіріп, өркендету ісі өріс алды. Мұнай, тұз өндіру жолға қойылып, жеңіл және тамақ өнеркәсіп орындары қалыптаса бастады. Петропавл-Көкшетау темір жолы іске қосылды. Орынбор-Ташкент және Сібір темір жолдарында жүк айналымы өсті, Жетісуда темір жол салу құрылысы тездетілді.

Толық емес мәліметтер бойынша Қазақстанның ірі өнеркәсібінде, қатынас саласында, мемлекеттік ауыл шаруашылық орындарында 1925 жылы 40 мыңға жуық жұмысшы мен қызметші болды. Жалпы жұмысшылардың ішінде қазақтардың саны артты. Олардың көбі мұнай өнеркәсібінде, кен орындарында-45 процент, тоқымашылар ішінде-30 проценттен астам болды. Республика өнеркәсібіндегі жұмысшылардың жалақысы 1921-1925 жылдарда (салыстырмалы көрсеткішпен) 1,5 есе өсіп, ал ауыр өнеркәсіптегі жұмысшылардың жалақысы одан да көп болды. Әлеуметтік сақтандыру, тегін дәрігерлік көмек, еңбекті қорғау жөнінде мемлекеттік бақылау жүйелері құрылды. Риддер, Доссор т.б. қалалар мен өнеркәсіп орындарында мемлекет есебінен тұрғын үйлер салына басталды.

1924 жылы сәуірде Кеңестік Ресей үкіметі Қазақ АКСР-інің көшпелі және отырықшылыққа көшкен халықтарын жерге орналастыру туралы жарлық шығарды. Жерге орналастыруға байланысты шығынды мемлекет өз мойнына алды. Отырықшыланған шаруаларға салық жөнінен біршама жеңілдіктер берілді.

Орта Азияның Кеңес республикаларын ұлттық - мемлекеттік жағынан межелеу республика өмірінде елеулі оқиға болды. Оның нәтижесінде енді бұрынғы Жетісу және Сырдария облыстарының жерлері Қазақ АКСР-іне қайтарылды. Соның нәтижесінде Республика жері 700 мың шаршы шақырымға, ал халық саны-1 млн. 468 724 адамға өсті. Қазақстаннан халқы негізінен орыстар болып табылатын Орынбор губерниясы бөлініп, республиканың астанасы Ақмешітке (Қызылорда) көшті. XX ғасырдың осы

тарихи оқиғасы - Қазақ жері мен халқын біртұтас ұлттық мемлекетке біріктіру, ұлтымыз үшін зор әлеуметтік және экономикалық маңызы бар оқиға болды.

1925 жылы сәуірде Қызылордада республика Кеңестерінің V съезді өтті. Ол “Ауылға, қыстаққа және деревняға бет бұрындар” деген ұранмен өтіп, жерге орналастыру жұмыстарының келелі жоспары, суландыру құрылысын дамыту, мемлекеттік және кооперативтік сауданың рөлін одан әрі күшейту, өндірістік серіктестіктерді қолдау, сондай-ақ халықтың байырғы атын мемлекет атауына қайтару және Республиканы Қазақ АКСР-і деп атау туралы мәселелер қаралып, қаулы қабылдады. 1925 жылы Кеңестер сайлауында ауылдық кеңестерге 60 мыңға жуық депутат сайланды.

1925 жылы өлкеде 76 клуб, 72 кітапхана мен қызыл бұрыштар, ауылдар мен селоларда 584 оқу үйі, 93 болыстық кітапхана жұмыс істеді. Егер республика құрылған кезде үш-ақ газет шықса, ал 1925 жылы “Еңбекші Қазақстан”, “Народное хозяйство Казахстана”, “Советская степь”, “Қызыл Қазақстан” т.б. сияқты 13 газет пен 5 журнал жарық көрді.

Кәсіподақтардың қатары 100 мың адамнан асты. 1925 жылы тек қаңтардан -қыркүйекке дейін оның қатарына мүше болып 20 мыңға жуық еңбекшілер, соның ішінде 6 мыңнан астам қазақтар қабылданды. Осы жылдары жастар бірлестіктері қалыптасып, өзінің қатарына 51 мың жігіттер мен қыздарды біріктірді. Жастардың көптеген танымал жетекшілері арасында С. Жақыпов, Қ. Әміров, С. Нұрпейісов, Ф. Рузаев, С. Сафарбеков, С. Тәтібеков, А. Шымболатов т.б. болды. 1925 жылы Қазақстан жастары өздерінің дарынды басшыларының бірі Ғани Мұратбаевтан айрылды. Зор қабілетті, ғажайып күш-жігері мен еңбегі арқасында ол Түркістан республикасының, ал кейіннен бүкіл еліміздің жастар ұйымында басшы қызметте болды. 1921 жылы қыркүйектен бастап Ғ. Мұратбаев Түркістан Комсомолы Орталық Комитетінің хатшысы, ал 1922 жылғы мамырдан бастап РКЖО Орта Азия бюросының хатшысы болды.

Қазақ әйелдері қоғамдық-саяси жұмысқа белсене тартылды. 1925 жылы қала мен ауылдағы еңбекші әйелдердің 6,6 мыңы жергілікті кеңестерге мүше болып сайланды. Қазақ әйелдерін басыбайлықтан құтқаруға бағытталған істер атқарылды. Республикадағы әйелдер қозғалысына Алма Оразбаева, Сара Есова т.б. ұйытқы болды.

Шаруашылық салаларын қалпына келтіруді біршама деңгейге жеткізгеннен кейін, билеуші партия мен үкімет орындары экономиканы жаңа жолмен құрып, оның іргетасын қалау бағдарламасын қабылдады. Бұл бағдарламалық міндетті орындаудағы шешуші буын елді индустрияландыру немесе бірінші кезекте барынша шапшаң қарқынмен ауыр өндірістің негізін жасау болатын.

Бұл бағдарламаны орындаудың өзіне тән ерекше әдісі - ірі өнеркәсіпті қалыптастыру үшін қаржыны ел ішінен табу керек еді. Өндіріс құрал-жабдықтарын ұлттандыру (национализациялау), меншікті иемденушілердің тұтынуын жою, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру, ішкі және сыртқы саудадан түскен кірісті үнемдеп, экономика салаларын жоспарлы түрде

дамыту, мемлекеттік заемдар арқылы халықтың жинақ қорын мемлекеттік экономика құрылысына тарту, қатаң үнем тәртібі - индустрияландыру үшін пайдаланылған қорлардың негізгі көздері осындай болды. Жалпы елді индустрияландыру әдісі туралы саяси басшылар арасында үлкен пікірталас туды, ал оның қорытындысында елде Сталиннің тоталитарлық басқару концепциясы басым болып, негізге алынды.

Қазақстандағы күрделі қоғамдық-саяси жағдай 20-шы және 30-шы жылдар басында республиканың болашағы, әсіресе оны индустрияландырудың, ұлттық жұмысшы кадрларын қалыптастырудың жолдары жөніндегі мәселелердің төңірегінде өткір пікірталастық күрес туғызды. Негізгі күрес екі көзқарастың арасында өрістеді. Ф.И. Голощекин Қазақстан елдің өнеркәсібі дамыған өңірлері үшін шикізат базасы болуға тиіс деген пікірді жақтады. Саяси қайраткер С. Сәдуақасов оған қарсы шығып, индустрияландыруды республиканың экономикалық мүмкіндіктерін, табиғи және адам қорларын ескере отырып, ол үшін барынша пайдалы тұрғыдан жүргізу қажет деген пікірде болды. Ол шет аймақтарды жедел қарқынмен индустрияландыруды ұсынды. Өнеркәсіптің сан-салаларын республикада жан-жақты үйлесімді дамытуға керекті шикізат пен басқа да алғы шарттар бар және миллиондаған кедей шаруалары оған жұмысшы күші бола алады деді. Сәдуақасов алып өнеркәсіп орындарына Кеңес елінің басқа аудандарынан “қолы бос” жұмысшыларды жаппай көшіріп әкелуге қарсы болған.

Индустрияландыру басталған кезде еліміздегі көмірдің, мұнайдың, түсті металдардың және басқа қазба байлықтардың аумақты кеніштері жаңа зерттеле бастаған болатын. Сондықтан жаңа өнеркәсіптік және жол қатынасының құрылыстары көбінесе тиісті даярлықсыз жүргізілді. Мәселен, даңқты Түрксіб Қазан (1917 ж.) оқиғаларына дейінгі жобалар бойынша жүргізіліп, құрылыс жұмыстарының барысында жолдың оңтүстік бөлігіндегі Қордай және Шоқпар, ал солтүстік бөлігіндегі Балқаш және Лепсі жоспарларын жақтаушылар арасында шиеленісті пікірталас өршіді. Осындай айтыстардың әрқайсысында тиімді жобаларға біраз уақыт пен көп қаржы кетті. Жаңа құрылыстар жүріп жатқан жерлерде маман жұмысшы күші, құрылыс материалдары, техника мен техника құралдары, сондай-ақ ақша қаражаттары және т.б. тапшы болды.

1926-1940 жж. еліміздің индустриялық дамуындағы қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайына, халықтың демографиялық сипатына, сондай-ақ республиканың табиғи байлықтарына және т.б. байланысты өзінің ерекшеліктері болды. Осыған қарамай әрбір республика өзінің нақты жағдайына байланысты ауыр өнеркәсіпті баса дамытқан бүкілодақтық индустрияландыру барысына, әсіресе машина жасау өнеркәсібіне өз үлестерін қосты.

Қазақстанның табиғи қойнауындағы құнды минералдық элементтердің жүзге жуық түрлері мен олардың мол қорының болуы өнеркәсіптің тау-кен саласын, әсіресе, оның кен шығару, мұнай, көмір, түсті металлургия өндірісінің дамуына негіз болды. Бұл салалар республиканың индустриялық

бейнесін, оның өнеркәсібінің шикізаттық бағытын ұзақ уақытқа белгілеп берді. Риддер полиметалл, Қарсақпай мыс комбинаттары, Ертіс мыс қорыту зауыты және басқа қайта құрылған кәсіпорындар жергілікті жер қорларының базасында жұмыс істеді. Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш мыс қорыту және Ащысай полиметалл комбинаттары салынды. Текелі полиметалл және Жезқазған мыс қорыту комбинаттары, Өскемен қорғасын-мырыш зауыты ж.б. алыптардың құрылысы жүріп жатты. Мұның көпшілігі кейін тек республикадағы ғана емес, КСРО-дағы түрлі-түсті металлургияның ең ірі кәсіпорындары есебінде болды.

Көмір өнеркәсібінің даму қарқыны өсті, 1940 жылы оның 90 проценті Қарағанды аймағында болды, ол Донбасс пен Кузбасстан кейінгі елдің үшінші отын қорына айналды. Қазақстан мұнай шығару жөнінде үшінші орынға (Ресей мен Әзербайжаннан кейінгі) шықты. Химия өнеркәсібі дамып әсіресе оңтүстіктегі Шымкент химфарм зауыты қайта құрылды. 1931 жылы Ақтөбе химкомбинаты қатарға қосылып, ол фосфор тыңайтқыштарын шығара бастады. Аралсульфат бірлестігі жұмыс істеді, Қаратау фосфорит кенішін игеруге даярлық жасала бастады.

Осы жылдары ауыр индустрияның құрамдас және шешуші бөлігі - негізі қалыптаса бастады. Ірі өнеркәсіп орындарының салынуына байланысты Қарағанды ОЭС-і, Ульба СЭС-і, Балқаш мыс балқыту комбинатының, Ақтөбе химкомбинатының, Ащысай полиметалл комбинатының және т.б. жылу электр станциялары салынды. Осыған байланысты электр қуатын өндіру республикада 1913 ж. салыстарғанда 486 есе өсті.

Елімізді индустрияландырудың тағы бір ерекшелігі түсті металлургия, мұнай және басқада негізгі тау-кен салаларымен бірге ауыр өнеркәсіптің және темір жол қатынасының бірінші сатыда дамуы болды. 1928-1940 жж. Қазақстанның темір жол желісі 50 процентке өсті. Осы жылдары Түркістан-Сібір арасында темір жол байланысы орнап, ол Орталық Қазақстанның табиғи байлықтарын игеруде үлкен рөл атқарды. Рубцовск-Риддер тармағы Шығыс Қазақстанның түсті металлургия саласын дамытуға елеулі үлес қосты. Орал-Елек тармағы Қазақстанды оңтүстік Орал және Ресейдің басқа өнеркәсібі дамыған аудандарымен байланыстырды.

Қазақстан индустриясының жоғарғы қарқынмен дамуы Кеңес Одағының өнеркәсібі дамыған басқа республикаларының жан-жақты көмегінің арқасында мүмкін болды. Бұл көмек барынша кеңінен және сан-алуан түрде жүргізілді. Бірақ Қазақстанның индустриялық дамуындағы қол жеткен ауқымды табыстармен қатар бұл аумақты істе елеулі ағаттықтар мен кемшіліктер де орын алды. Олардың негізгісі республика өнеркәсібі шикізатты игеру жағынан баса дамытылғандығы болатын.

Республика индустриясының құрамында машина жасау, мұнайды, газды, түсті металдарды өңдейтін, әсіресе машина жасау жетекші салалары (станок, өлшегіш және болжамдаушы техника, автомобиль, трактор), ауыл өндірісіне қажетті машиналарын жасайтын кәсіпорындар жүйесі сол кезден

назардан тыс қалған. Жеңіл өнеркәсіп және тұтыну заттарын шығаратын салаларды қалыптастырып дамыту ісі де қолға алынбады.

Сайып келгенде, еліміздің 20-40-шы жылдардағы индустриялық дамуы одан бұрын қазақ тарихында кездеспеген экономикалық және әлеуметтік жаңалықтарға толы болды. Олардың қатарына ең алдымен оның аграрлы елден индустриялы-аграрлы елге айналуын, қалалардың өсуін және республика халқының құрамында қала халқы үлес салмағының көбеюін, жұмысшы табының, әсіресе ұлт кадрларының қалыптасуын, инженер-техникалық интеллигенцияның дайындалуын, сондай-ақ халықтың құрамындағы басқа да әлеуметтік-демографиялық өзгерістерді жатқызуға болады. Өнеркәсіп өнімінің халық шаруашылығындағы үлес салмағы 60 проценттен асты. Сол жылдары бұл саланы дамытуға 4,6 млрд. сом күрделі қаржы жұмсалды.

Дегенмен, еліміздің ауыр өнеркәсібін қалау ешбір кемшіліксіз және қайшылықсыз болған екен деген қорытынды жасауға болмайды. Негізінде елді экономикалық артта қалушылықтан шығару сияқты игі мақсатпен басталған бұл жұмыс әкімшіл-әміршіл, бұлтартпайтын әдістермен жүргізілді. Асығып-аптығудың нәтижесінде жаңа өндіріс орындарын салу, өнім өндіру жөнінде үстемелеген тапсырмалар беріліп, сондай-ақ оларды бұлжытпай орындау талап етілді. Көптеген жаңа құрылыстар қудаланған адамдардың қол күшімен көтеріліп және ондай жұмысшылар, орта және жоғары буындағы мамандардың қатары үнемі толықтырып отырды.

Индустрияландырудың барлық ауыртпалығын шаруалар көтерді. Олар салық төлеу, заемға жазылу, қолда бар қаржыларын, бағалы бұйымдарын индустрияландыру қорына өткізу арқылы өнеркәсіптің дамуына барша мүмкіндігімен атсалысты. Шаруалар астық, мал шаруашылығы өнімдерінің басым көпшілігін мемлекетке өткізу арқылы индустрияландыру ісін барынша қолдады. Бұл саясатқа қарсы шыққандар ұсталып, айдалып және туған жерінен алыстатылып отырды. Мұндай қуғындалғандардың негізгі бөлігі ауқатты шаруалар болатын. 1927-1928 жылы ауқатты кулак шаруашылықтары шаруалар қожалықтарына есептелген ауыл шаруашылығының салығының бүкіл мөлшерінің 33 процентін төледі, ал мал өсіретін 0,6 процент ірі шаруашылықтар мал өсіретін аудандар бойынша есептелген салықтық бүкіл сомасының төрттен бір бөлігін төледі. Келесі 1928/29 жылы салық төлеу 1927-1928 жылмен салыстырғанда салық ауыртпалығы 98,8 процентке артты. Күштеудің бұндай әдістері ауқатты шаруалардың наразылығын туғызды.

Кеңес дәуірі мен дүниежүзілік зерттеушілерінің ғылыми еңбектердің көбінде Еуразия аймағындағы елдердегі индустрияландыру, олардың экономикасын артта қалушылықтан шығарды деген қорытынды анық жазылған. Ал осы елдердің еңбекшілері еселенген күш-жігермен еңбек етті. Өндірістегі және еңбектегі белсенділік бұрын-соңды болып көрмеген жоғары дәрежеде дамып, индустрияландыру ісінің табыстарына жетуде қалтқы болды деуге болады.

Қазақ елінің төл тарихында шаруалар арасындағы құбылыстар ерекше орын алады. Сондықтан елдегі индустрияландыру саясатымен қатар шаруаларды ұжымдастыру саясаты қатар жүргізілді. Әрине оның ел жағдайына, саяси құбылыстарға, экономикалық даму дәрежесіне орай өзінше ерекшеліктері болды. Бұл саясаттың іске асырылуына шаруалардың тілегі мен ықыласы себеп болған жоқ, ол билеуші саяси орындардың шешім - қарарлары мен әмір-нұсқаулар негізінде жүргізілді.

Кооперация индустрияландыру ісімен өзара байланысты қаралды. Қоғамға реформа жасаудың жаңа экономикалық саясаттың концепциясындағы бір жәйт, индустрияландыру да, кооперация да өзіндік мәні бар мақсат деп қаралып қана қоймай, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін арттыруға жеткізетін мүмкіндік ретінде қаралады, мұның өзі жаңа қоғам құрылысының шешуші негізі деп түсінілді.

Бірақта 20-шы жылдардың аяқ кезінде жаңа экономикалық ойлау шеңберінде қалыптасқан шынайы бағыт түбірінен өзгереді. Индустрияландыру қам-қарекетін қамтамасыз ететін қорды жинауды шаруалар қауымын тікелей және жанамалап экспроприациялау есебінен жүргізу көзделген болатын. Бірақ бұл мемлекет өндіріс құралын тотальді түрде озбырлықпен ауыздықтап алған кезде ғана жүзеге асар еді, мұны шаруалардың аса қуатты қарсылығын тудырған астық дайындаудың күшпен жүргізілген әдісі айқын көрсетті. Ал бұл мақсат мемлекеттің іріленген колхоз жүйесін жасау арқылы яғни ұжымдастыруды жаппай өткізу арқылы іске асырылды, мұның өзі өнім өндірушілерді өндіріс құралынан да, өндірістің өзі мен өнімді бөлуден де толық шеттету деген сөз еді.

Сөйтіп 20-30-шы жылдардағы жаңа экономикалық саясаттың жан-жақты тұйықталып, оның орнын экономика мен саяси-қоғамдық өмірде тек “күштеу” шараларының рухы үстемдік етуі ауыл өміріне қасыретті зардабын тигізді. Аграрлық саясаттың ең басты шарты - әміршіл-әкімшіл ықпал немесе күшке негізделген экономикалық заңдылықтарға қайшы мемлекеттік жарлықтар және шаруалар қауымын ұжымдастыру идеясын дұрыс түсіндірмеуіне, оның пайдалы жақтарында құртып жібереді. “Ұлы бетбұрыс” ауылдағы құрылымдарды қатығез-қаталдықпен аяусыз қиратумен қатар қоғамды тығырыққа тірейтін бағытқа әкеле жатты.

Еуразиядағы ең ірі елдің ХХ ғ. тарихындағы аса маңызды саяси, әлеуметтік-экономикалық оқиға - оның ауыл шаруашылығын ұжымдастыру болды. Билеуші партия және мемлекеттік басқару орындарының қаулы-қарарлары шарты бойынша Қазақстанда ұжымдастыруды негізінен 1933 ж. көктемінде (көшпелі және жартылай көшпелі аудандардан басқасы) аяқтауға тиісті аймақтық топқа жатқызылды. Яғни, ақиқаттық өмір тұрғысынан бағалағанда осынау тым қысқа мерзімнің өзі қайткен күнде де “секіріп өтілуге тиіс” кедергі болып көрінеді. Бұл тұжырымның негізінде ұжымдастырудың аяғы дереу қоғам ағзасының процент қуалаушылық дертіне шалдықтырып, жазылмайтын бір ауруға апарып ұрындырды. Жер-жерден ұжымдастыру “жоспарын” орындауда жеңіске жеткені туралы бір-бірімен жарысқа түскен хабарлар үгіт-насихат құралдары арқылы “колхоз

майданынан” күн сайын жария болып, тіпті өзге жаңалықтарды басып үлгіре алмайтындай жағдайға түсті.

Ұжымдастыру саясатын орындаудағы тағы бір жалпы адамгершілікке, оның ізгілендіруші рухына қайшы көрініс - зорлық-зомбылық, жойқын күштің басым болуы. Жергілікті орындарға жеткізілген нұсқауларда жойылуға тиісті меншігі мол немесе орта деңгейдегі шаңырақтар күллі шаруашылықтың жалпы санының 3-5 процентінен аспауы керек деген ұсыныс ерекше ескертілді. Ұжымдастыруда да әміршіл-әкімшіл жүйенің жоғарыдан жіберген жарлықтары ешбір ойланып-толғануынсыз-ақ, қолма-қол екпінді қарқынмен орындалып отырған. Сол себепті де тәркіге салынғандар саны кез келген жерде ең жоғарғы көрсеткішке “жеткізіледі”.

Шаруаларды ұжымдастыру желісімен билеуші сатылардың атқамінерлері жазықсыз мыңдаған ары таза, жана үкіметке ниеті дұрыс адамдарды түрлі әбігерге салды. Мысалы, тек 1930-1931 жж. елден тыс жерге бай-кулак деп “жер аударылып” жіберілген шаруалар саны 6,8 мың адамға жетті және ондаған мың адамдар республика ішінде отырған қоныстарынан басқа жаққа күштеп көшірілді. Тағы бір ерекше жәйт - еліміздің өңірі Кеңес одағының түпкір-түпкірінен зорлап көшірілген халықтар үшін “ауып келетін” жері деген атаққа ие болды. Осы жылдары Қазақстанға 46,1 мың отбасы, яғни 180 015 адам ауып келіп қоныстанды.

Тәркілеу идеологиясы шаруаларға келгенде кең көлемдегі репрессиялық шараға айналып кетеді. “Мемлекеттік кәсіпорындарының, колхоздар мен кооперацияның мүліктерін сақтау және қоғамдық (социалистік) меншікті нығайту туралы” Заң (7 тамыз 1932 ж.) бойынша айыпты деп танылғандар ату жазасына, ал “жұмсарту жағдайлары” бола қалған күнде 10 жылға тұтқындалып, оның мал-мүлкі тәркіленді. Осы адам құқына, елдегі конституцияға қайшы шара іске асырылған алғашқы жылдың өзінде-ақ, Қазақстанда 33,4 мың адам абақтыға салынды.

Бес жыл ішінде (1929-1933 жж.) Қаз.АКСР Біріккен Бас саяси Басқармасы өкілетті өкілдігінің үштігімен толық емес мәліметтерге қарағанда, 9805 іс қаралды да, 22933 адам жөнінде шешім қабылданды, олардың ішінен 3386 адам атылуға, тұтқын лагерінде 3 жылдан 10 жылға дейін қамалуға 13,2 мың адам кесілді. Күштеп ұжымдастырудың апатты зардаптары көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды жоспарлы түрде отырықшы етуі барысында жасалған әкімдердің зорлық-зомбылығы салдарынан мүлде асқынып кетті. Отырықшыландыру идеологиясы шаруашылық түрлерін толық өзгерту шарасымен тығыз байланысты болды, ал қазақ шаруалары қауымының ілгері басу жолын олар тек мал өсірумен айналысатын шаруаларды егіншілікке немесе тұрақты мал өсіру шаруашылығына бірте-бірте айналдыру ісінен көрді.

Жеке малды қоғамдастыру нәтижесінде колхоз фермалары құрылды, ал онда малға дұрыс күтім де болмады. Кейбір жерлерде алып коммуналар құрылып, олар өте көп шаруашылықтарды біріктірді. Бұндай іс-әрекеттер барысында ұжымға жиналған қисапсыз мал күтімінің төмендеуіне, дұрыс жем-шөппен қамтылмаған малдардың қырылуына әкеліп соқтырды. Қолхозға

кірмеген жеке шаруашылықтар да мал күтуге ықыласты болған жоқ. Осының бәрі 1928-1932 жж. елдегі мал санының орасан зор шығынына әкелді. Қазақстанның осы жылдарда одақ бойынша тауарлы астық өндірудегі үлес салмағы үш есе кеміді. Мұның өзі халық арасындағы біршама толқуларға апарды. 1929-1931 жылдарда 372 шаруалардың көтерілісі болып, оған 80 мыңдай адам қатысқан. Созақ, Шемонаиха, Бұқтырма, Ырғыз, Оймауыт, Баршақұм, Сағыз, Қазалы, Қармақшы, Самар, Абыралы, Балқаш, Шұбартау, Маңғыстау т.б. жерлердегі шаруалар көтерілісі аяусыз басылып, 6 мыңға жуық адам қылмыстық іске тартылды.

Қазақ елінің экономикасының құлдырап төмендеуі 1932-1933 жылдардағы қуаңшылықпен тұстас келеді. Осындай елді арылмас қайғылы жағдайға душар еткен қолдан жасалған қастандық пен табиғаттың рақымсыздығынан екі жылда республикада аштықтан өте көп адам қырылып, Қазақ елі орны толмас қайғыға ұшырады. Соңғы жылдардың нақтылы мәліметтері бойынша 2,2 млн. адам яғни, қазақтардың жартысына жуығы опат болған.

Оның үстіне өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Ф.И. Голощекиннің келуі “жығылғанға жұдырықпен” бірдей болды. Билеуші саяси ұйымның жетекшісі, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің жарқын бейнесі ретінде небір сұмдық амал-айла, зымияндық әдіс қолданып, қазақ арасынан рухани бой көтерген зиялыларын өзара қақтығыстырып, “халық жауы” деген жала жауып, мыңдаған қазақ азаматының түбіне жетті. Олардың ішінде А. Байтұрсынов, А. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Халел және Жанша Досмухамбетовтар, М. Тынышпаев, К. Кемеңгеров сияқты т.б. ұлттың бетке ұстар саңлақтары бар болатын. Голощекиннің тікелей басшылығымен 1929-1931 жылдарда 193 “революцияға қарсы ұйымдардың қызметі” ашылып, олардың мүшесі болды деген жаламен, он мыңға жуық қазақ интеллигенциясы мен басқа ұлт өкілдері қамауға алынды.

Осындай озбырлы, халық бостандығы мен құқына қарсы саясат қалың бұқара арасында қарсылық пен наразылық туғызды. Ресми деректер бойынша Қазақстанның сол кездегі 12 округтерінің және 1 облысының (Қарақалпақ автономиялық облысы) 7 округі мен 1 облысында халықтың бас көтерулері болған. Оны Қазақстан ПП ОГПУ-ның осы мәселеге байланысты қорытынды мәліметтерінен де анық көреміз. Мысалы, 1929 жылы өкімет өкілдеріне және кеңес, партия белсенділеріне қарсы қарулы 143 әрекет, 54 бандалық бас көтерулер, 17 колхоздар мен совхоздар мүліктерін өртеу болса; ал 1930 жылы - ондай әрекеттер түрі бойынша 139, 241, 42 болған; 1931 жылы - ретімен 178,77,68-ге теңелген.

Адай көтерілісі. Бұл көтерілістің орталығы Маңғыстау ауданы болды. Бұл аймақтардағы көшпелі шаруалар әлі кеңес органдары туралы толық мағұлматы жоқ олардың не үшін күресіп, нендей міндеттерді жүзеге асыру үшін әрекет ететінін толық та ұғып үлгермеген болатын.

Жалпы алғанда көшпелі қазақ қоғамының, соның ішінде Адай даласының рулық қатынастарға негізделген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің бәрі мұнда қылмыс ретінде бағаланған. 1929 жылы жаппай ұжымдастырудың

нәтижесінде адайлардың Түркімен және өзге елдерге жаппай, амалсыз көшулері де Кеңес үкіметіне қарсы қастандық ретінде теріс бағаланған. Нақты фактілерді бұрмалап, “зиянкестік” және “контрреволюциялық” әрекет деп таныған ОГПУ-дың көпірме өтірік құжаттары арқылы көптеген азаматтар жазықсыз сергелдеңге салынып, жазаға тартылды. ОГПУ өздері ойлап шығарған контрреволюциялық ұйымды басшылықсыз қалдыруға болмайтынын түсініп оның идеологиялық-ұйымдастырушылық жетекшісі ретінде өздері “Адай ханы” деп ат берген Алланиязов Тобаниязды атап көрсетті. Осыған байланысты бұл мәселемен ұсталғандар кейде “Алланиязов ісімен” айыпталғандар деп аталады.

Маңғыстауда Кеңес өкіметі әлдеқашан орнаса да, мұнда ұзақ жылдардан бері ревком төтенше басқару органы болып келді. Онсыз да қатал тәртіптен қажалып біткен халық, “ауылды кеңестендіруге” күдіктене қарады. Оның үстіне ревкомдар жоғарыдағы алғашқы 1930 жылы болған кеңестерге сайлау кезінде халықты қараңғы тобырға балап, ойларына келгендерін істеп бақты. Сайлауға дауыс беру құқынан орта шаруалардың қалың бұқарасы ғана емес, кедейлер де айрылған жағдайлар кездесті. Ал байлардың кейбірі керісінше сайлауға дауыс беру құқын еркін пайдаланды. Осындай көңілге қаяу түсірер жайсыз да көңілсіз көріністер, жоғарыдағылар аз болғандай, сайлау комиссияларының келісімісіз-ақ жүгенсіздікпен орын алумен болды.

Ұжымдастыруды бастамас бұрын, қай әлеуметтік тап өкілдерін ұжымдастыру қажет екенін дәлме-дәл біліп алу керек еді. Кедей кім? Орташа қайсы? Бай қайда? Бәрінен бұрын міне осы сұрақтарға жауап беру керек еді. Басқаны былай қойғанда ұжымдастырудың алғашқы жылдарында бұларға ел билеушілердің өздері де нақты жауап бере алмады. Маңғыстаудың ұшы-қиырсыз кең сахара даласын сенделе кезіп мемлекетке мал даярлау, ет тапсыру жоспарларын шаруалардан табанды түрде талап еткен, шолақ белсенділер, “атып кетемін” деп шошындырған уәкілдер жергілікті жерлерде бай мен кедейді ажырата алмай басы қатты. Уәкілдердің жергілікті жерлерде ұйымдастырған “социалистік жарыстары” да халықтың ашу-ызасын туғызды. Көшіп кетсек, қашып кетсек “әлі жеткеннің талауынан құтылармыз”, - деп үміттенгендер де аз болмады. Сондықтан да 1931 жылдың көктемінен бастап Қарақалпақ пен Түрікпен, тіптен Кавказ жеріне босқан адайлар мен табындар легі үдей түсті.

7700 шаруалар қожалықтарынан тұратын Маңғыстау ауданы 1931 жылы шілдеде шамамен мынадай топтарға бөлінді: халықтың 30 проценті бейбіт жағдайда еңбек етіп жатты, ал 60 проценті көтерілісшілермен бірге болды, сондай-ақ 10 процентке жуығы кімдердің жағына шығарларын білмей тоқырады. Сонымен қатар, бір-екі ауыл болмаса, Табын ауданындағы халық түгелдей дерлік көтерілісшілерге қосылды. Олармен сондай-ақ Жылықос /кәзір Жылыой-авт./ ауданының 11 әкімшілік ауылдары және Доссор ауданының екі ауылының кейбір азаматтары көтеріліп, қолға түскен нәрсемен қаруланып, көтерілісшілер қатарын толықтырды. Адай даласына самсаған әскер түсіріп жатқанын көрген көтерілісшілер кәсіпшіліктерге,

кооператив ұяларына, дайындау пункттеріне әділетсіз өкімет ошақтары деп карап, жиі-жиі оларды талқандауға, өртеп кетуге ашық көшті.

1937 жыл қазақ елінде қаралы жылдардың бірі болатын. Бұл кезде саяси-әлеуметтік жағдай шиеленісіп халқымыздың бетке ұстар азаматтары қудалана бастады. “Халық жауы” деген айып тағылып, Л.И.Мирзоян, О.Исаев, Ә. Құлымбетов, С. Меңдешев, Н.Нұрмақов, Т. Рысқұлов, С.Қосжанов, О.Жандосов, С. Есқараев, Т.Жүргенов ақын-жазушылардан С.Сейфуллин, Б.Майлин, І. Жансүгіров, Ғ.Тоқжанов, А.Қоңыратбаев тағы басқа ғылым мен мәдениеттің, өнердің көптеген өкілдері ұсталды. Сол жылы қазақ елі бойынша 105 мың адамға НКВД тарапынан тергеу болып, оның 22 мыңы ату жазасына кесілді. Тіпті бұлардың отбасындағы әйел, балаларына дейін қудаланып, олар да туған жерінен көшірілді. Осы жылдардағы зобалаң қазақ халқының жүрегіне жазылмас жара салды, келешек ұрпақтарды қайғыға тұндырды.

1937 жыл бүкіл Кеңес одағының халқы, оның ішінде қазақстандықтар үшін қайғылы-қасыретті кезең есебінде тарих бетіне жазылды. Тіпті тоталитарлық жүйенің қыспағы ХХ ғасырдың 60-шы жылдарына дейін жанұяда мемлекеттік орындар тарапынан үрей мен қорқыныш сезім туғызып келді. Осы кездегі оқиғалар шамамен 70-ші жылдарда ел аузындағы жеңіл-әзіл әңгімеде (анекдотқа) айналып кеткен. Ауылдағы егде тартқан пысықтау бір қазақты ұстап, НКВД-ға әкеліп тұрса, оның бастығы - бұл не істеп еді? - деп сұрайды. Сонда белсенді болып көзге түскісі келіп жүрген милиция қызметкері:- Бұл ештеңе жасап үлгерген жоқ, бірақ жау екенін біліп тұрмын,- деген екен. Осындай бір әзіл-әңгіме, бірақ аржағында шындық бар екенін сол заманғы нақтылы оқиғалар анықтайды. Бір қазақ мал бақташысы таңертең сиырларды өріске шығарып бара жатқанда жол жүрмей қашқақтаған сиырға:”Әк, иттің малы” деген екен. Кешкісін ауылға келгенде оны ұстап: “Бағып жүрген малың кімдікі? Қоғамның малы. Қоғамды басқарып отырған кім. И.Сталин. Онда сен көсемді итке теңедің”- деп соттап жіберген. Ал осы заманда “сақ құлақтық” рөл атқарған өз ағайындарымыз ел белсенділерінің болғанына қайран қаласын. Заман солай болды ғой деп сол кездің куәгерлері күрсінеді де қояды. “Елдегі белсенділер” бұл сияқты озбырлықты бұдан да қатыгезірек жүргізген жоқ па ?

Қуғын-сүргін жылдары Кеңес Одағында 40 млн. адам қудаланған. Олардың 3,8, млн. сотталып, 642980 атылған, ал Қазақстанда олар 103 мың құрап 25 мыңы құрбан болған. 1992 жылғы жарияланған құжаттар бойынша Қазақ елі тарихындағы зобалаң қуғын-сүргін заманын төрт кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең 1918-1924 жылдар арасындағы азамат қарсыластығы, 1922-1923 жылдардағы аштық, жаппай кеңестендіру және қазақ интеллигенциясының қудалану нәтижесінде 800 мыңға жуық адам қаза болды. Екінші кезең 1925-1933 жылдар Ф.И. Голощекиннің “қызыл қырғын” - “Кішкене Қазан” заманына келеді. Бұл кезде байлар тәркіленіп, жат жерлерге көшті; күштеп отырықшыландыру, ұжымдастыру саясатын батыл жүргізу нәтижесінде мал басы азайды. Осылардың зардабынан қазақ жамағаты қырылды, басқа елдерге, қаша қоныс аударды, 21,2 мың таңдаулы

ел азаматтары партиядан шығарылып, айдалды, атылды. Осы кезеңде Н.Ежов бүкіл қазақ кадрлары, қазақ коммунистері ұлтшылдық ауруымен дiмқастанды, оларды сауықтыру бағытын темiрдей ширақ жүргiзу керек деген ұран тастады. 1935-1939 жылдарды қамтитын үшінші кезеңде Қазақстан бойынша 25 мыңнан аса адам қуғын-сүргiнге ұшырады, атылды, қудаланды. Төртінші кезең 1940-1953 жылдарды қамтиды. Тек қана Ақтобе облысы бойынша 30-50 жылдары 7000-ға тарта адам қуғын-сүргiнге ұшыраған. Шалқар, Ырғыз, Байғанин аудандары революцияға қарсылар, ұлтшылдық, панисламистiк, пантюркистiк қозғалыс ұйымдарының орталықтары деп табылды. Сондықтан да осы аймақтардан ұсталғандарының басым көпшiлiгi ату жазасына кесiлген.

Мысалы, Гурьев (Атырау) облысының Сағыз елдi мекен тұрғындары Ақишан Абдоллаұлы мен Молдаш Әшiрұлы және бiр топ ешқандай жазығы жоқ адамдар Кеңес мемлекетiнiң қылмыстық iстер кодексiнiң 58-бабы бойынша (мемлекетке қарсы насихат) 10 жылға сотталып, оны түгелдей өтегеннен кейiн Орынбор облысының Орск қаласына он жылға қайтадан жер аударылған. Олардың “айыбы” - бiрiншiсiнiң қазiргi Сағыз станасасының күншығыс бағытындағы 18 шақырымда Шибұлақ деген жерде көшпендiлердiң балаларын оқыту үшiн патша заманында мешiттi басқарған Абдолла баласы болғандығы, ал екiншiсiнiң кезiнде сол мешiттiң шәкiртi болып дәрiс алуы. Мұндай жазықсыз жапа шегiп, қасырет тартқандар туралы мысалдар елiмiздiң әр аймағында көптеп кездеседi.

XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстанның мәдениетi. Қазан революциясынан кейiн билеушi партия мен жаңа үкiмет құрылымдары халықтың мәдениетiн дамытып жетiлдiру бағытында түбегейлi өзгерiстерге жасақталған бағдарламаларды талқыға салып оны жүзеге асыру үшiн нақтылы шаралар қабылдап отырды. Бұндай бағдарламалардың мазмұны мен бағыты сан-алуан. Мәдени-саяси жұмыстардың әдiстерi бiрте-бiрте жетiлдiрiлдi. Тұрақты кiтапханалар, клубтар, оқу және мәдениет үйлерi мен сарайларының маңызы елдiң өмiрiнде ауқымды орын ала бастады. Мысалы, 30-шы жылдардың басында Алматы және Батыс Қазақстан облыстарында 129 клуб және 210 оқу үйi халыққа қызмет еттi.

Кiтапхана iсi дамыды. 1937 жылы кiтапханалар саны 2073 -ке жетiп, олардың қорында 2,5 млн дана кiтап болған. Ауылды жерде 1240 мың кiтабы бар 1747 кiтапхана жұмыс iстеген. Алматыдағы мемлекеттiк көпшiлiк (Кеңес мемлекетi тұсындағы А.С. Пушкин атындағы, қазiр ҚР-ның Мемлекеттiк Ұлттық кiтапханасы) кiтапхананың қоры жарты миллион данадан асты, оның оқу залында 40 мыңға жуық оқушылары болды.

Республикада мерзiмдi баспасөз және кiтап шығару iсi саяси билеушi идеологияның арнасымен дамыды. “Степная правда ”(қазiргi “Казахстанская правда”) және “Еңбекшi қазақ” /қазiргi Егемен Қазақстан/ газеттерi, “ Қазақстан” журналы шыға бастады. Кеңес үкiметiнiң алғашқы жылдарында газеттер мен журналдар көбiнесе мемлекеттiк, кәсiподақтық, кооперативтiк қордың есебiнен жазылып алынды және мәдени-ағарту желiсiне, кеңестiк және кооперативтiк ұйымдарға келiп тұрды. 1925 жылда республикада небәрi

31 газеттің 13-ші қазақ тілінде басылды. Олардың саны жыл сайын өсіп, екінші бесжылдықта жалпы саны 280-ге жетсе ал, оның 62-і қазақ тілінде басылған.

Республикада кітап бастыру ісі едәуір дамыды. Шығарылатын кітаптардың таралым данасы өсті. 30-шы жылдардың ортасында үш миллион даналық 200-ден аса кітаптар шығарылды. Олардың арасында билеуші партияның саясатын насихаттайтын басылымдардың саны жылдан-жылға өсіп отырды.

Кеңес үкіметінің мәдени саладағы ауқымды және тиянақты ісі - сауатсыздықты жою болды. 1919 жылы 26 желтоқсанда РСФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы Халық Комиссарлары Кеңесінің заңы қабылданды. Ол Заң бойынша 8 ден 50 жасқа дейінгі оқи, жаза білмейтін барлық еңбекші халық ана тілінде немесе қалауы бойынша орыс тілінде сауатын ашуға міндетті болды. Осы Заң негізінде Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті 1921 жылғы тамызда 16 жастан 50 жасқа дейінгі сауаты бар, көңілі ояу, көзі ашық адамдарды сауатсыздықты жою жөніндегі жұмысқа тарту туралы қаулы алды.

1920-1926 жылдарда республикада 245 мыңнан аса адам сауатын ашты. 1930 жылғы ақпанның 11-де Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті сауатсыздықты міндетті түрде жою туралы заң қабылдады. Осы жылдың 1-ші сәуірінде республикада сауатсыздықты жоятын 1285 оқу орындары жұмыс істеп, оларда 248 мың қазақ оқыды. Жалпы мәліметтер бойынша 1926 жылы Қазақстандағы сауаташқандардың үлес-салмағы 25,2 процент болса, 1939 жылы 83,6 процентке жетті. Республикада шала сауаттылар мен сауатсыздарға және олардың мұғалімдеріне арналған “Төте оқу” деген газет шығарылып тұрды.

Осы жылдары жалпы білім беретін мектептер жүйесі де жедел дамыды. 1921 жылы желтоқсанда республиканың Халық комиссарлар кеңесі мәдени мұқтаждықты жою үшін халықтың өзіне-өзі салық салуы туралы шешім қабылдады. Ол құжат бойынша жергілікті үкімет орындарына мектеп ұстау үшін қаржы жинауға, оның міндеткерлігін белгілеуге рұқсат берілді. Халық шаруашылығын қалпына келтіру нәтижесінде мектептердің жағдайы бірте-бірте жақсара түсті. Бірқатар жерлерде мұғалімнің жалақысы жергілікті болыстардың қаражаты есебінен төленсе, ал жарықты пайдалану, оқулықтар алу, мектепті жөндеу ауыл шаруашылық және тұтыну қоғамдарының қаржысы арқылы өтеліп отырды.

1926 жылғы мамыр айында КАКСР-індегі бірыңғай еңбек мектебінің жарғысы қабылданды. Ресми деректер бойынша Қазақстанда осы кездегі 1600 мектептердің жайы қажетті талаптардан әлде қайда төмен болған. Соның ішінде ауылдық мектептерде оқу мерзімі қысқа болды, қазақ баларының орыс тілін үйренуі үшін жеті жылдық мектептерге қосымша сегізінші жыл қосылды. Бірінші сатыдағы мектепте балалар 4 жыл оқыды. Жетіжылдық мектеп екі түрлі болды: оның төрт жылдығы бірінші сатыға сай келді, ал екіншісі толық емес орта білім берді. Екінші сатыдағы мектеп

(тоғыз жылдық мектеп) үш түрлі оқудан тұрды, біріншісі мен екіншісі жеті жылдық мектепке сай келді, ал үшіншісі толық орта білім берді.

Көшпелі және жартылай көшпелі аудандар үшін интернаты бар мектептер, мектеп-коммуналар құрылысы, олардың бүкіл тұрмысын ұстаздардың, тәрбиешілердің бақылауымен оқушылардың өздері басқарды. Алғашқы оқулықтар Қазан және Мәскеуден алынды. Қазақ тілінің тұңғыш әліппесін жасап, соныдан із салған жаңашыл ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынов елде оқу-ағарту ісін дамытуға үлкен еңбек сіңірді. Ол жазған мектеп оқулықтары 1927-1928 жылдарға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының ересек буыны сауатын Байтұрсыновтың “әліп-биімен” ашып, ана тілін сол автордың “Тіл туралы” кітабын оқып үйренді.

1933 жылдан бастап бастауыш мектеп 4-сыныптық, орталау мектеп 7-сыныптық және орта мектеп 10-сыныптық болып қайта құрылды. Қоғамдық-саяси пәндерді оқытуға және оқушыларға жаңаша идеялық тәрбие беруге ерекше мән берілді. Екінші бесжылдық жылдарында республикада мұғалімдер саны екі еседен астам көбейіп, 14 мыңнан 31 мыңға жетті. Олардың 10 процентінің жоғары, төрттен бірінің орта және 65 процентінің толық орта емес білімі болды.

1925 жылы республикада 14 педагогикалық техникум және бірнеше халық ағарту институты жұмыс істеді. Орынборда орыс тілінде оқытатын ПИНО (практикалық халық ағарту институты), Семейде, Алматыда, Ташкенттегі аралас оқытатын институттарында 700-дей оның ішінде 550-ден астам қазақ жастары оқыды. 1923-1924 оқу жылында Орынборда, Семейде, Оралда, Алматыда агрономдық және мал дәрігерлік-зоотехникалық техникумдар, орманшылық мектептері ашылып, жұмыс істей бастады.

Қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институты Ташкентте қазақ халық ағарту институты негізінде құрылды. 1928 жылы ол институт Алматыға көшірілді. Осы жылы Алматыда малдәрігерлік-зоотехникалық институты ашылды. 1932 жылы Оралда А.С. Пушкин атындағы педагогика институты алғашқы студенттерді қабылдады. 1934 жылдың 15 қазанынан бастап қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті ашылды. 1934 жылы Алматының музыкалық-драма техникумы оқу комбинаты болып қайта құрылды. Қазақ медициналық институты кеңейтілді, оған кейін жаңа факультеттер мен клиникалар қосылды.

Білім саласында да билеуші саяси күштер идеологиясының арнасында басқа халықтармен қатар қазақтарды тарихи зердесінен айыру үшін кең көлемдегі шаралар іске асырылды. Соның бірі 1928 жылы араб әрпі латын әрпімен, ал 1940 жылы кириллицамен (орыс әрпімен) күштеп алмастырылған болатын. Мұның кесірінен бір ұрпақтың өмір барысында қазақтың және басқа түркі тілдес халықтардың басым көпшілігі араб жазуымен жарық көрген ата-баба мұрасын, рухани байлығын игеріп, пайдалануға қабілетсіз болып қалды. 1920-1930 жылдарда араб әрпімен шыққан басылымдарды пайдаланғандар “пантюркист”, “панисламист”, “халық жауы” деген желеумен, қуғын-сүргінге салды. Кітапхана қорларынан әкімшілік-

төрешілдік жүйенің теориясы мен практикасына мазмұны қайшы басылымдар, ең алдымен олардың ішінде араб әрпімен басылғандары аластатылды.

Ресей үстемділігі кезінде көшпенділердің балаларын оқыту үшін салынған мешіттер осы жылдары қиратылып, апатқа ұшыратылды. Сонымен бірге дінге қарсы күрес сорақылықпен жүргізілді. Шіркеулер мен мешіттердің мемлекет қарамағына зорлықпен алынуы, олардың қора-жайға, қоймаға, қосалқы жайға айналдырылуы, дінге сенушілердің ар-ожданын аяққа басып қорлау, адамзаттың ғасырлыр бойы қалыптасқан мәдени және рухани өмірінің құрамдас бөлігі дінді барша жұртқа құбыжық етіп көрсету халықтың орынды наразылығын туғызды. Мысалы, Батыс Қазақстанда (Орал, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстарында) 200-ге жуық ел құрметтеген орындар, оның ішіндегі мешіттер бұзылып талқандалған. Ойылдағы Көкжар жәрмеңкесінің сауда орындары мен қоймалары ат қораға берілсе, ондағы мешіт орны зат қоймасына бөлінген. Ал Шибұлақтағы (Ақтөбе облысының Байғанин ауданы) айтулы Көк мешіт ғимараты бұзылып, оның құрылыс жабдықтары Сағыз стансасының (Атырау облысы) теміржол құрылысына тасымалданып, орны жермен жексен етілген. Сондай-ақ, Бекет Атаның кіндігінің қаны тамған Жылыой ауданындағы ата-анасының зираты мен мешіті қиратылып, ол туралы ешбір адам тәуелсіздікке қол жеткізгенінше тіс жарып ештеңе айтпады.

20-40-шы жылдары қазақ елінің ғылымы дамып, халықтың рухани қазынасы біршама толықты. 30-шы жылдардың аяғында Қазақстанда 110 ғылыми-зерттеу мекемелері болды және оларда 1727 адам ғылыммен айналысты. КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы болып қайта құрылуы республикада ғылымды жаңа белестерге көтеру үшін мол мүмкіндіктерге жол ашты.

Осы жылдары Қазақстанның әдебиеті мен өнерінде біраз өзгерістер, елеулі оқиғалар болды. 1934 жылы 12-18 маусымда Қазақстан жазушыларының I съезі болып, онда халықтың рухани қазынасынан нәр алған қазақ әдебиетінің М.Жұмабаев, С. Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, Ж.Аймауытов сияқты саңлақтармен бірге, қазақ әдебиетінің өсіп келе жатқан мол жеткіншектер тобының бар екені көрінді. Келесі жылы халық поэзиясының алыбы Жамбылдың 90 жыл толуын бүкіл Кеңес елінің халықтары атап өтті. 1936 жылы республика еңбекшілері Сәкен Сейфуллиннің әдебиет саласындағы творчествосының 20 жылдығын мерекеледі. Қазақстанда қазақ жазушылармен бірге осындағы басқа халықтардың өкілдері, орыс, ұйғыр, татар қаламгерлерінің шығармашылығы да кең танылды.

Осындай жүрекке жылы, шырағы мол мысалдармен қатар ғылым, өнер және әдебиет саласындағы тұлғаларды жазықсыз қудалау, тұтқындап жер аудару, сотсыз содырлық жасап ату, жою көріністері де жүйелі түрде кең өріс алды. Осы жылдарда М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ж.Аймауытов сияқты қазақ халқының зиялы ұлдары 1937 жылы “халық жауы” деген айыппен қасыретті қудалаудың құрбаны болды.

Республикада көркем мәдениеттің бөлігі кино өнері де алғашқы қадамдарын жасады. Шетелдердің көптеген экрандарында көрсетілген “Түрксіб” кинокартинасы (1930 ж.) Қазақстан материалында түсірілген алғашқы елеулі фильм болды. Бүкілресейлік “Востоккино” тресі Қазақ республикасының он жылдық мерекесіне арнап “Дала жыры” (1930 ж.), “Жұт” (1931 ж.), “Қаратау сыры” (1933 ж.) фильмдерін қойды.

Дыбысты “Аманкелді” көркем фильмінің экранға шығуын (Ленфильм, 1938 ж.) ұлттық кино өнерінің бастамасы деп санауға болады. Оның сценарийін Б. Майлин, Вс. Иванов және Ғ. Мүсірепов, сазын - РСФСР өнерінің еңбек сіңірген қайраткері М.Ф. Гнесин мен А.Жұбанов жазды. Рольдердің бәрін дерлік қазақ артистері - Е.Әмірзақов (Аманкелді), Шара Жиенқұлова (Балым, Аманкелдінің әйелі), С.Қожамқұлов, Қ.Жандарбеков, Қ. Байсейітов, Қ. Қуанышбаевтар орындады.

Сөйтіп, 20-шы және 30-шы жылдардағы кездескен қиыншылық пен кедергілерге, қуғын-сүргінге қарамастан Қазақстанның мәдени дамуында бірсыпыра ілгерілеушіліктер болды. Егер 1937-1939 жылдардағы тоталитарлық жүйенің халықтың зиялыларын қудалауы болмағанда, әрине бұл табыстар мазмұнды және шеңберлі болар еді.

4. Фашистік басқыншылыққа қарсы күрестегі қазақстандықтардың ерлігі.

Соғыстың басталуы және жауға қарсы тойтарысты ұйымдастыру. Бүкіл Батыс Еуропаны жаулап алған фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда елең-алаңда екі ел арасындағы шабуыл жасаспау туралы 1941 ж. 23 қыркүйектегі шартты бұзып, Кеңестер Одағының батыс шекарасынан әскери шабуылын бастады. Соғыс қимылдары Баренц теңізінен Қара теңізге дейінгі аралықтағы жерлерде өрістеді. Сол күні Кеңес үкіметі басқыншыларға қарсы күреске көтеріліп, социалистік Отанды қорғауға Үндеу тастап ол.” Біздің ісіміз әділ. Жау талқандалады. Біз жеңіп шығамыз”,- деген сөздермен аяқталды.

Негізгі тарихи құжаттарда басқыншылардың билеуші топтарының мақсаты Атлантикадан Сібірге дейін славян және түрік-моңғол тұқымдас “жабайылардан” тазартылған герман аймақтық-этностық тұтастығын құрудың шешуші кезеңі және әлемді жаулап алудың алғышарты деп санады. Ағылшын елі мен АҚШ-ты тізе бүктіргенге дейін және “тұтастыққа” немістерді қоныстандырғанға дейін өзін-өзі басқаратын Остланд, Украина, Мәскеу, Кавказ рейхскомиссариаттарын құру белгіленді. 1941 ж. аяғында - 1942 ж. басында “қауырт” соғыстың мүмкін еместігіне көзі жеткен герман билеушілері енді Кеңес республикаларының бірлігін әлсіретудің жолын іздестірді. Міне осы кезде Еділ-Жайық және Гросс-Түркістан буржуазиялық-ұлт мемлекеттерін, сондай-ақ Қарағанды, Новосібір және Кузнецк “индустриялық облыстарын” құру жоспарын іске асыруға күш сала бастады.

Қазақстан Ұлы Отан соғысына біртұтас елдің құрамдас бөлігі ретінде қатысып, оның барлық ауыртпалығын, қайғысы мен қуанышын бүкіл Кеңес

елінің халықтарымен бірге көтерді. Соғыс қарсаңында Қазақстанның стратегиялық маңызы мол табиғи қорлары мен сапқа тұратындай адамдары болды. Бүкіл елмен бірге Қазақстан да азаттық соғысқа бір кісідей жұмыла көтерілді. Майданға өз еріктерімен баратындықтары туралы әскери комиссариаттарға мыңдаған арыздар түсіп жатты. Жастар, аға буын өкілдері қолдарына қару алып, майданға аттанып жатты.

6,2 млн. қазақстандықтардың (1939 ж. санақ бойынша) соғыс жылдары 1,2 млн. соғысушы әскерлер сапына тұрды. Майданға және қорғаныс өнеркәсібіне әрбір төртінші қазақстандықтармен қатар соғыс кезінде біздің елімізге зорлап көшірілген адамдар жіберілді. Мобилизациялаудың мұндай жоғарғы деңгейі негізінен экономиканың аграрлық сипаты, халықтың арасында шаруалардың үлес салмағының басымдылығы және ауыр өндірістің қорғаныс саласына жұмысшы күшін, ауыл шаруашылығында механизаторларды брондау ісінің кеш енгізілуі себеп болды. Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстан жігіттерінен 316 атқыштар дивизиясы құрылып, оның қолбасшылығына азамат соғысынан мол тәжірибе алған генерал М.В.Панфилов тағайындалды. Соғыстың бастапқы үш айының ішінде 238, 310, 314, 387, 391 дивизиясы құрылды.

Қазақстандықтар 12 атқыштар және төрт атты әскер дивизияларын, жеті атқыштар бригадасын, әскер түрлерінің 50-дей жеке полктері мен батальондарын жасақтады. Соғыс жылдары Қазақстандағы 27 әскери оқу орындарында 16 мың офицер кадрлары және армия мен флот үшін мыңдаған резерв даярланды. 1941-1945 жж. әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам қазақстандықтар жіберілді.

Республиканың экономикасы әскери жұмыс кестесіне көшірілді. Бейбіт мақсаттарға бөлінетін қаржы мейілінше қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады, жұмысшы күші, шикізат, техникалық құралдар мен жабдықтар майданға қажетті қару-жарақ т.б. өнімдерді шығаруға бейімделді.

Қазақстанға майдан шебінен тұрғындар, өндіріс кәсіпорындары және мәдени байлықтар қоры көшіріліп, оларды жергілікті жерде орналастыруда елеулі қиындықтар болды. Батыс аудандардың 530 мыңнан астам тұрғыны, 970 мыңдай жер аударылған немістер, поляктар Қазақстанның түпкір-түпкіріне орналастырылды. Сондықтан, соғысқа дейінгі болған тұрғын үй проблемасын шешу бұл кезде тіпті қиындап кетті. Мысалы, 1940 ж. қалаларда әрбір адамға 5,1 шаршы метр тұрғын орыннан келсе, бұл көрсеткіш соғыс жылдары 4,3 шаршы метр болды, ал Қарағанды қаласында 2,2 шаршы метрден ғана келді.

Қазақстандықтар соғыстың алғашқы күндерінен бастап өздерінің ерліктерімен, отансүйгіштіктерімен танылып жанқиярлық ұрыс жүргізді. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында, мыңдаған қазақстандықтар арасында Ғ.Жұматов, Ш.Шолтыров, Қ.Иманқұлов, З.Маджанов, Е.А.Качань жаумен жан аямай шайқасып, ерлік көрсеткен. Қазақстандықтар жау әскерлерімен Лиепая, Перемышль, Мурманск, Одесса,

Севастополь, Сталинград түбіндегі, Украина, Белоруссия, Кавказ т.б. майдандарда жанқиярлықпен соғысты.

Соғыстың бастапқы кезінде фашистік Германияның экономикалық күш-қуаты, әскер саны, қару-жарақ т.б. көрсеткіштер бойынша Кеңес елінен басым болды. Оның бірнеше себебі болды. Біріншіден, Германия ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне сай қаруланған, Еуропаның басып алған елдерінің бүкіл экономикалық-әскери қуатын пайдаланған және соғыс жүргізуден біршама тәжірибесі болды. Екіншіден, тұтқиылдан жасалған шабуылға Кеңес әскерлері дереу әзір болмады. Үшіншіден, Кеңес әскерін қайта құру, қаруландыру толық ақталмаған және ол тиісті дәрежеде өтіп үлгермеген. Әскерлердің қару-жарағы ескірген, тиімсіз, техникамен жабдықтау жағынан да Герман әскерінен кейін қалған болып шықты. Төртіншіден, 1939-1940 жылдардағы армия басшылары арасындағы қуғын-сүргін кезінде Қызыл Армияның белгілі қолбасшылары, орта буындағы офицерлері ұсталып, атылды.

Қазақстандықтардың жауынгерлік даңқы әсіресе Мәскеу түбіндегі шайқаста айқын көрінді. Мұнда майор Бауыржан Момышұлы басқарған 316 дивизия құрамындағы 1073 ұлан атқыштар полкі жау шабуылына дивизияның басқа бөлімдерімен бірге ерлікпен тойтарыс берді. (Б.Момышұлы 1990 жылы Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды). Қысқа мерзім ішінде бұл дивизияның жауынгерлері жаудың бір танк, екі жаяу әскер дивизиясын талқандады. 316-шы дивизия ерлігі мен қаһармандығы үшін 1941 жылы 17 қарашада оған 8-шы ұлан атағы берілді.

Ұлы Отан соғысындағы бетбұрыс болған Сталинград түбіндегі шайқаста да біздің жерлестеріміз өздерінің отан сүйгіштігін көрсете білді. Қазақстанда қалыптасқан 38-ші атқыштар дивизиясы Сталинград түбіндегі шайқастың негізгі ауыртпалығын көтерген 64-ші армияның (қолбасшысы М.С.Шумилов) құрамында болды. Бұл шайқаста гитлершілердің өте ауыр соққыға ұшырауы екінші дүние жүзілік соғыстың бүкіл барысына шешуші ықпал жасады. Елімізде құралған әскери құрамалар Курск иінінде, Днепр, Ленинград, Шығыс Еуропа елдері, Берлин үшін шайқастарға да қатысып жанқиярлықпен соғысты.

Қазақстандықтар партизандық қозғалысқа да белсене қатысты: Украинада-1500, Ленинград облысында-220, Белоруссияның әр түрлі аудандарында әрекет еткен 65 партизандық бригадалар мен шоғырларда 1500-ден астам жерлестеріміз болған. Партизандық қозғалысқа ерлікпен қатысқан Ғ.Ахмедьяров, Ғ.Омаров В.Шарудов, Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Ж.Саин т.б. есімдері ел құрметіне ие болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында көрсетілген ерліктері үшін мыңдаған қазақстандықтар Кеңес Одағының жоғары белгілерімен марапатталды. 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болса, ал олардың 97-і қазақ ұлдары болатын. Батырлар қатарында қазақтың қос аруы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметованы ерекше атап кеткен жөн. Ұшқыштар Т.Бигелдинов, Л.И.Беда, И.Ф.Павлов, С.Д.Луганский бұл атаққа екі мәртеден ие болған.

Қазақстандықтар Екінші дүниежүзілік соғыстың Қиыр Шығыстағы соңғы тірегі Жапонияны, оның миллион санды Квантун армиясын талқандауға қатысты. Бұл майданда да қазақстандықтар ерлігімен, жанқиярлық батылдығымен, ал біршамасы құрбан болып елімізге жеңісті алып берді. Жалпы бұл соғыстағы жеңіс Кеңес Одағына қымбатқа түсті. Елдің 30 миллионға жуық адамы қаза болды, оның ішінде 400 мыңнан астамы қазақстандықтар еді. Осы соғыстан алған сабақтар мен қорытындылар ешқашан ұмытылмауы керек. Соғыстардың ішіндегі ең ауыры және осы Ұлы жеңісі адамзат баласының кейінгі дамуына ықпалын тигізіп келеді.

Экономиканы соғыс мүддесіне бейімдеу және оның нәтижелері. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің негізі әрине майданның сұранысын уақытында және қажеттілігін өтеп отырған тылға, соның ішінде Қазақстан сияқты аграрлы-индустриалды аймаққа байланысты болды. Соғыстың бірінші күнінен бастап еліміздің экономикасын соғыс мүддесіне бейімдеп қайта құру міндеті ашық және анық қойылды. Берік тыл жасау және бүкіл республиканың экономикасын соғыс қажетіне ыңғайлап қайта құру ең маңызды міндет болды. КСРО-ның еуропалық бөлігіндегі өнеркәсіп кәсіпорындарын жаппай шығыс аудандарға көшіруге байланысты 1941 жылдан бастап еліміздегі ауыр және жеңіл өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығындағы ұжымдардың маңызы шексіз өсті. Соғыс жылдарында түсті металлургия, көмір және мұнай өнеркәсіп саласының, сирек кездесетін металдар шығаратын зауыттардың өнім шығару мүмкіндіктерін арттыруға тура келді. Ол үшін қысқа мерзім ішінде аталған салалардың жұмысы соғысқа бейімделіп қайта құрылды.

1941 жылғы 16 тамызда БОКП (б) Орталық Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі Поволжье, Орал, Батыс Сібір, Қазақстан және Орта Азия аудандары үшін 1941 жылдың IV тоқсанына және 1942 жылға арналған әскери-шаруашылық жоспарын бекітіп, жүзеге асыру туралы директивалық міндеттер қабылдады. Оқ-дәрілер, түрлі соғыс техникасын және әскери жабдықтар өндіруді тез ұлғайтумен бірге жаңа әскери-шаруашылық жоспары металлургия, көмір және ауыр индустрияның басқа да шешуші салаларының көлемін ұлғайту, стратегиялық шикізат өндірісін ерекше дамыту міндетін қойды.

Қысқа мерзім ішінде еліміздің экономика салаларының барлық буындарын соғысқа бейімдеп қайта құру бағытында билеуші партия басшылығы мен үкімет орындары нақтылы саяси-ұйымдастырушылық шаралар қабылдады. Барлық жерлерде, барлық салада қызметкерлердің еңбек демалыстары тоқтатылып, жұмыс күндерінің уақыты ұзартылды. Халықты азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен мөлшерлеп жабдықтау тәртібі енгізілді. Танктер, ұшақтар, артиллерия қондырғыларын және басқа қару-жарақ түрлерін жасаудың ұлғайтылуы, түсті және сирек металдар шығаруды барынша арттыруды мейлінше талап етті. Балқаш мырыш, Шымкент қорғасын зауыттары, кенді Алтайдың өнеркәсіп торабы, қорғаныс өнеркәсібінің мұқтажына арнап түсті металдар өндіру қарқынын арттырды.

Республикада брондық және сапалы болат шығару үшін аса қажетті молибден, марганец, вольфрам, никель және басқа соғыс құралдарына керек металдар өндіру игерілді. 1941 жылдың қарашасының бас кезінде елімізде алғашқы Балқаш молибдені шығарылды.

Соғыстың қиын-қыстау жылдарында шикізаттың, отынның, мемлекеттік қаржылардың барлық қорлары қатаң есепке алынды. Тауар түрлерін халықтың түрлі топтары бойынша бір орталықтан жабдықтау және бөлу жүйесі енгізілді. Азық-түлік қорларын халыққа толық және үнемдеп беру мақсатымен айрықша қажеттілігіне байланысты бақылау-есеп және карточка бюролары құрылды, өнеркәсіп тауарларына да карточкалар енгізілді.

Еліміздің ауыл шаруашылығы да соғысқа бейімделіп қайта құрылды. Әркім жан аямай жұмыс істеуге міндетті болды. Соғыстың бастапқы кезеңінде 60 жастан асқан бір қолхозшыға бейбіт 1940 жылдың кезеңіндегі орта есеппен бір айдағы тиесілі 5,5 жұмыс күнінің орнына 10 жұмыс күні, ал бір жас жеткіншекке 9,4 жұмыс күні келді. Ауыл шаруашылығына арнап әйелдердің механизатор кадрларын даярлайтын қысқа мерзімді курстар мен мектептер желісінде 1941 жылдың қыркүйегінде 53,3 мың адам оқыды.

1941 жылдың орта шенінде Қазақстанға эвакуацияланған (батыстан көшірілген) халықтың алғашқы легі үсті-үстіне келе бастады, ал осы жылдың аяғында олардың жалпы саны 386,5 мың адамға жетті, олардың үштен бірі балалар еді. Орасан көп және жедел қарқынмен халықтың көшіп келуі оларды орналастыруға байланысты белгілі қиыншылықтар туғызды. Жергілікті билеуші партия және Кеңес орындары эвакуацияланған халықты Қазақстанның облыстары мен аудандары бойынша қоныстандырды, оларды азық-түлік өнімдерімен және ең қажетті бұйымдармен жабдықтауға бақылау орнатты.

Республикаға жүздеген мың адамның келуі экономика салаларындағы еңбек қорының жетіспеушілігін біршама толтырды. Егер 1943 жылы жұмысшылар мен қызметшілер саны 1940 жығымен салыстырғанда еліміз бойынша тұтас алғанда 38 процентке кеміген болса, Қазақ КСР-інде эвакуация есебімен келгендер есебінен ол 7 процентке артты.

КСРО Ғылым Академиясының салалық институттары, Украин КСР-інің бірқатар ғылыми мекемелері және Кеңестер елінің бірқатар оқу орындары да Қазақстанға орналастырылды. 1941-1944 жылдары академиктер В.И. Вернадский, Н.Д.Зелинский, С.Г. Струмилин т.б. Қазақстанда еңбек етті. Олар қорғаныстық маңызы бар проблемаларды зерттеуді бір сәт тоқтатпай, өздерінің ізденіс жұмыстары арқылы жауды жеңу ісіне көмектесу үшін барлық интеллектуалдық күшін аямай жұмсады.

Республикаға майдан шебінен 1941-1942 жылдары 142 кәсіпорын көшіріліп әкелінді. Алматының бір өзінде ғана 34 зауыттың, фабрика мен цехтың жабдықтары орналастырылды. Олардың ішінде Луганск паровоз жасау зауытының бір бөлегі (АЗТМ), Карачар механикалық зауыты, Харьков вагон жөндеу зауыты және басқа кәсіпорындар бар еді. Воронеж машина жасау зауытының жабдықтары Шымкентке, ферросплав зауытының

жабдықтары Запорожьеден Ақтөбеге, Луганск машина жасау мен Подольск цемент зауыттарының жабдықтары Қарағандыға және т.б. жерлерге орналастырылды. Қазақстанға 26 жеңіл және 14 тоқыма өнеркәсіп ұжымдарының жабдықтары келді. Қостанайға Херсон аяқкиім фабрикасы, Петропавлға Харьков, Семейге Осташков былғары зауыттары орналастырылды. Бірқатар жеңіл өнеркәсіп орындары басқа қалаларға тұрақтады. Эвакуацияланған үш фабрика негізінде (Киев, Азов және Артем) Семей аяқкиім фабрикасы құрылды.

Соғыс болып жатқан жерден халықтарды көшірумен қатар, бүлгіншілікке ұшыраған аудандардың ауыл шаруашылығының материалдық ресурстарын да өзге аймақтарға дереу алып кетуге мәжбүр етті. Кеңес Армиясының бөлімдері амалсыздан кейін шегінген кезде ауыл шаруашылық жабдықтарын, малды елдің ішіне қарай жылжитты. Малдың басым көпшілігі Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау облыстарына қарай айдалды. 1941 жылы республиканың Батыс облыстарына Украинаның Запорожье, Полтава, Кировоград, Одесса, Николаев және басқа өңірлерден еліміздің Батыс аймақтарына 76,6 мың ірі қара, 50,6 қой және 5902 жылқы айдап әкелінді. 1942 жылдың аяғына дейін Қазақстанға барлық түліктен 552,7 мың мал эвакуацияланды.

Соғыс жағдайы ғылым мен мәдениеттің дамуына елеулі елеулі кедергілер келтірсе де Қазақстан үшін бұл жылдардың өзіне тән ерекшелігі болды. Тіпті олардың кейбір салалары мен бағыттары шапшаң қарқынмен дамыды. Билеуші партия мен үкімет тарапынан ғылыми мекемелер құруға, сондай-ақ оларға кадрлар қатарын толықтыруға үнемі көңіл бөлініп отырды.

Елге түскен соғыс ауыртпалығын түсіну, жинақылық, қатал тәртіп пен зор ұйымдастыру-саяси шаралар арқасында Қазақстан соғыс арсеналының біріне айналды. Қарағанды шахтерлері төрт жыл ішінде 34 млн. тонна көмір шығарды. Бұл көмір бассейнінің бүкіл тарихында шығарғанынан 3 млн. тонна артық еді. Орал-Жем мұнайлы ауданының кәсіпорындары сұйық отын шығаруды 39 процентке арттырды, электр қуатын өндіру екі есе өсті. Республика мыс (35%), қорғасын (85%) өндірудегі жетекші орынын сақтап қалды. Осымен бірге зерттелген кеніштердің қоры негізінде металдар шығару, байыту, балқыту кәсіпорындары - Шығыс Қоңырат молибден, Жезді марганец, Дөң хромит кеніштері, Ақшатау молибден-вольфрам, Текелі полиметалл комбинаттары және т.б. салынды. Республика молибденнің одақтық көлемінің 60%, металл висмутының 65%, полиметалл шикізаттарының 79% берді. Бұл нәтижеге жетуге жұмысшылар мен мамандар. Б.Аймуханов, Б. Смағұлов, В. Дементюк, А.Казаков, Д.А. Косых, Д.А.Қонаев, М.А.Лукьянов, А.Сафин, А.М. Сиразутдинова, Г.Хайдин және олардың шәкірттері үлес қосты.

1941-1945 жж. барлығы 460 зауыт, фабрика, кеніш, шахта және жеке өндірістер салынды. Жалпы алғанда республикада өнеркәсіп өндірісі соғыс жылдарында 37% өсті, бұл соғыс алдындағы төрт жылдағы өсімнен 2% жоғары.

Республиканың ауыл шаруашылығы соғыстың жеңіспен аяқталуына қомақты үлес қосты, бұл салада жыл сайын 300 мыңға жуық қала халқы еңбек етті. Әскер қатарына шақырылған ерлердің орнын негізінен әйелдер мен жеткіншектер басты. Олар соғыстың аяғына қарай көптеген қолхоздарда жұмыс істеп жүргендердің 70-80 процентін құрады.

Тіпті құрғақшылық болған 1943 жылдың өзінде Ақтөбе облысы Ойыл ауданының звено жетекшісі Ш.Берсиев тарының гектарынан 202 ц. өнім алып, дүниежүзілік рекорд жасады. Қызылорда облысы “Авангард” колхозының звено жетекшісі Ы.Жақаев күріштің гектарынан 172 ц. өнім алып, дәл сондай табысқа жетті. Қаскелең ауданы ІІІ интернационал колхозының звено жетекшісі М.Мухамедиева қызылшаның гектарынан 600 ц. өнім алды, ал Атырау облысы Қызылқоға ауданының “Ақ киіз” колхозының бөгет құрылысшысы Абзал Сарбасова күнделікті тапсырмасын үш-төрт есе асырып орындаған.

Соғыс жағдайында қажетті ең аз күш пен қаржы жұмсау арқылы денсаулық сақтау, халыққа білім беру және мәдениет пен ғылым мекемелерінің жүйесі сақталынып дамыды. Жаралылар мен ауруларды уақытында қатарға қосудан қатар, сүзек және басқа жұқпалы аурулардың шығуына және таралуына жол берілмеді. Бұрынғы соғыстарда мұндай шығындар соғыс майданында мерт болғандардан көп болғаны мәлім.

Білім саласының жағдайы да қатал бақылауда және нақтылы қамқорлықта болды. Мектептер жүйесі аса көп өзгерген жоқ, ал оқушылар саны тек қана ауылдық жерлерде азайды, 118 техникумнан 92-сі сақталды, бірақ оқушылар саны 389 адамға артты. Соғысқа дейінгі 20 жоғары оқу орнына жаңадан төртеуі қосылды, оларда оқитындардың саны бір жарым есе өсті. Мәдениет мекемелерінің 75%-ке жуығы сақталып қалды, ал қалғандарында өндірістік орындар мен емдеу госпиталдарға берілді. Кітапханалар саны екі есе қысқарып, ондағы кітап қоры үштің біріндей мөлшерде азайды.

Республикада театрлардың саны бұрынғы күйінде қалды, олардың жұмысында, сол сияқты жоғары оқу орындарының қызметінде жергілікті шығармашылық күштер мен эвакуацияланған Ресей және Украина өнер қайраткерлерінің ынтмақтастығы арқасында тамаша жетістіктерге қол жеткізілді. Әсіресе кино өнерінде елеулі жаңалықтар болды. Алматыға Мәскеу және Ленинград киностудияларының келуіне байланысты Алматы деректі фильмдер студиясы қайта құрылды. Майдан мен тылдың батырлары туралы Ж. Жабаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Д.Снегин, И.Шухов сияқты көрнекті жазушылармен бірге Б.Бұлқышев, Қ.Жармағамбетов, Ж.Молдағалиев, С. Мәуленов, С.Сейітов т.б. жас шығармашылық өкілдерінің еңбектері дүние көрді.

Осы жылдары Қазақстанның ғылымы ерекше дамып, болашақ жетістіктерге даңғыл жол ашылды. Соғыстың екінші жылында ғалымдар халық шаруашылығына маңызды 150 тақырып бойынша ұсыныстар мен тұжырымдар берді. Әсіресе геология саласында ауқымды жаңалықтар болды. Пайдалы қазбалардың 500-дей кеніші ашылып, 150 кеніш зерттеліп, олардың

біразы өндіріске қосылды. Соғыс жылдарында республикада 12 ғылыми институт және олардың филиалдары ашылып, ғылыми қызметкерлердің саны шамамен алты есе өсті. Мұның бәрі КСРО ҒА қазақ филиалын Қазақ КСР ҒА-сы етіп қайта құру үшін алғышарт жасады, ол 1946 жылдың маусымында аяқталды. Оның тұңғыш президенті белгілі геолог, академик Қ.И.Сатпаев болды. Ол Жезқазғанның қойнауын зерттеп сол арқылы пайдалы кендерді іздеудегі алдын-ала болжаудың концепциясын жасаған болатын.

Ғылымның дамуында республикалардың ынымақтастығы елеулі рөл атқарды. Қазақстанда Мәскеудің, Ленинградтың, Киевтің және КСРО-ның басқа қалаларының 20-дан астам ғылыми мекемелерінің ұжымдары мен академиктер И.П.Вернадский, В.А.Обручев, А.М.Панкратова, А.А.Скочинский және басқа зерттеулері дүние жүзіне мәлім ғалымдар жұмыс істеді. Жапонияның тізе бұтуімен Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы және екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды. Сөйтіп, адамзат фашистік-милитаристік диктатураның дүние жүзіне үстемдік жүргізу қаупінен аман қалды.

Ел тарихында 1946-1950 жж. КСРО халықтарының бейбіт құрылысқа көшіп халық шаруашылық салаларын қалпына келтіру кезеңі болып жазылған. Экономиканы бейбітшілік жағдайға бейімдеп қайта құру, еңбекшілердің қоғамдық-саяси белсенділігі жағдайында жүргізілді. 1945 жылдың қазанында Алматыда республиканың 25 жылдығына арналған Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің мерекелік сессиясы болып, оған туысқан республикалардың, Мәскеу мен Ленинградтың делегациялары, еңбек озаттары, ғылым мен мәдениет қайраткерлері қатысты. Осы мерекеге орай 5304 адам түрлі мемлекеттік құрметті белгілермен марапатталды.

1946 жылы 18 наурызда қабылданған төртінші бесжылдыққа арналған жоспар бойынша соғыстан зардап шеккен аймақтарды қалпына келтіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын соғыстан бұрынғы бағыты бойынша іске қосу, өнім өндіру қарқыны мен көлемін ұлғайтып едәуір асып түсу міндеті белгіленді. Осы құжат бойынша Қазақстан экономикасын одан әрі дамытуға ерекше стратегиялық мән берілді. Мысалы, жоспарда халық шаруашылығын соғыстан кейін құруды 1946 жылдың аяғына қарай аяқтау қажет деп көрсетілді.

1948 жылы республикада ауылдар мен селоларды жаппай электрлендіру жұмыстары басталды. Сөйтіп, төртінші бесжылдық тұсында 752 колхоз, 317 МТС, 164 совхоз және 193 селолық аудан орталығы электрленді. Селолық электр станцияларының қуаты 1945 жылмен салыстырғанда 2,8 есе артты. Республикада төртінші бесжылдық кезеңінде егіс көлемі бір миллион гектардан асып, дақылдардың шығымдылығы артты. 1950 жылы астықтың жалпы түсімі 1940 жылғы көрсеткіштен 89 процентке асып түсті. Ірі қара малдың, қой мен жылқының жаңа тұқымдары өсті. Малдың саны, соның ішінде ірі қара 27 пайыз, қой мен ешкі 70 пайыз, жылқы 71 пайызға көбейді.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында елде жарық көрген шығармалардың басым көпшілігі Ұлы Отан соғысы оқиғаларын сипаттады. Ғ.Мүсіреповтың “Қазақ солдаты”, Ә. Нұрпейісовтың “Курляндиясы” сияқты шығармаларда қазақстандық жауынгерлердің жоғары адамгершілік қасиеті,

жеңіс жолындағы күресте көрсеткен ерлігі бейнеленді. Осы жылдарда М. Әуезовтың “Абай жолы”, С.Мұқановтың “Шоқан Уәлиханов” сияқты көптеген шығармалары жарық көрді. “Абай” қойылымы үшін Қазақ академиялық драма театрының ұжымы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды.

Музыка мәдениеті өрлеу жолында болды. М. Төлебаевтың “Біржан-Сара”, А. Жұбанов пен Л. Хамидидің “Абай”, Е. Брусиловскийдің “Дударай”, Қ. Қожамияровтың ұйғыр тіліндегі “Назгум” опералары сол жылдарда алғаш рет қойылды. “Біржан-Сара” операсына КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

1946 жылы республикада ғылым академиясы құрылып, оның президенті болып көрнекті ғалым, академик Қ.И. Сәтбаев сайланды. Осы жылдарда Қарағанды және Семей медицина, Әскемен педгогикалық, Семей малдәрігерлік-зоотехникалық, Қарағанды кен институттары ашылды. Сонымен бірге Гурьев (Атырау), Қарағанды, Қостанай, Петропавл, Шымкент мұғалімдер институттары педагогикалық жоғары оқу орны болып қайта құрылды.

Жалпыға бірдей жетіжылдық білім беру туралы Заң одан әрі жетілдірілді. 50-шы жылдардың басында Қазақстанда жалпы білім беретін 9 мыңдай мектеп, 125 техникум мен арнаулы оқу орындарында 1,5 млн. жастар оқыды. Осы жылдары оқу орындарына ғимарат салу, олардың оқу-материалдық базасын толықтыру, мәдениет мекемелерінің жұмыстарын жетілдіру ісіне көп көңіл бөлінді.

1945 жылы КСРО Қарулы Күштері демобилизациялау нәтижесінде республика өндіріс салаларын 188,2 мың адам толықтырып, олар еңбекке кірісті. Әнеркәсіпте сегіз сағаттық жұмыс күні қайта енгізілді. Соғыс кезінде енгізілген тәртіп бойынша жұмыс уақытынан тыс мезгілде еңбек етуге тиым салынды. Жұмысшы, қызметкерлерге ақылы демалыс берілетін болды. Әнеркәсіп саласын дамытудың соғыстан кейінгі бағдарламасына сәйкес болат прокатын, цемент, қара және түсті металлургия, тау-кен өнеркәсібі үшін құрал-жабдық шығару шаралары белгіленді. Қара және түсті металлургия дамып, мұнайлы кәсіпорындар іске қосылды. Мұнай шығару соғысқа дейінгі деңгейден 52 процент, электр энергиясын өндіру 2,3 есе өсті. Құрылыс материалдарын өндіру артты, цемент өндірісі пайда болды. Теміржолда тепловоздар енгізіле бастады, автомобиль тас жолдарының жүйесі ұзарды, әуе, өзен-су қатынастары дамыды.

1946-1950 жылдарда Қазақстанның әлеуметтік топтар құрамында елеулі өзгерістер болды. Тұңғыш рет қоғамдағы жұмысшы кадрлар саны 634 мыңға жетіп, саны және өндіргіш саладағы рөлі жағынан алға шықты. Әнеркәсіп жұмысшыларының елеулі бөлігі машина жасау, металл өңдеу, отын, тамақ және жеңіл өнеркәсібінде, Қарағанды мен Әскемен ірі кәсіпорындарында, темір жол және Гурьев-Маңғыстау мұнай құбырларында істеді. Елдегі жұмысшылардың құрамында көп ұлттық сипат алу процесі тереңдеді. Соғыстан кейінгі бесжылдықтың тапсырмалары бірталай көрсеткіштерден мерзімінен бұрын орындалды.

Мемлекеттік әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсалатын қаржы жылдан-жылға өсіп отырды. Республиканың мемлекеттік бюджеті бойынша осы мақсаттарға жұмсалған шығын соғыс жылдарынан екі еседен астам өсті. 1947 жылы желтоқсанда ақша реформасының жүргізілуі мен карточка жүйесінің, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын тұтынуды шектеудің жойылуы халықтың тұрмыс дәрежесінің артуында маңызды рөл атқарды.

Осы кезде нанның, ұнның, макаронның және жарманың бағасы 10-12 процентке арзандатылды. Азық-түлік және өнеркәсіп тауарларына комерциялық баға жойылып, неғұрлым төмен бірыңғай мемлекеттік баға енгізілді. Әсіресе 1950 жылы бағаның төмендетілуі айтарлықтай болды: астық өнімдері мен ұнның бағасы 21-30 процентке дейін, етке және ет өнімдеріне 20-25 процентке дейін төмендетілді. Еңбекшілердің жалақысы өсіп олардың тұрмыс жағдайлары біршама жақсарды. Мемлекеттік және кооперативтік кәсіпорындар мен ұйымдардың тұрғын үй салуға күрделі қаржы жұмсауы 1946-1950 жылдарда 4,1 есе өсті. Қабылданған түрлі шараларға қарамастан тұрғын үй мәселесі және басқа халықтың күнделікті өмірімен тығыз байланысты проблемалар Кеңес мемлекетінің бүкіл тарихында шешілмей қала берді.

Бесжылдықта республикада стационарлық аурухана, емхана және санаторий-профилакторий мекемелерінің жүйесі едәуір кеңейіп, оларда жылына 1,4 млн. адам емделіп-сауығынуына мүмкіндік алды. Дәрігерлер саны 1950 жылы 6,4 мыңға жетті. 1940 жылы әрбір он мың адамға 4,3 дәрігерден келсе, 1950 жылы 9,5 дәрігерден келді. Балалар мекемелері, бала бақшалары мен яслилер жоспарлы түрде салына бастады.

Сонымен, Кеңес халқымен бірге қазақстандықтардың қаһармандық еңбегі негізінде халықтың материалдық жағдайы төртінші бесжылдықтың аяғына қарай соғысқа дейінгі жылдарға қарағанда әлдеқайда биікке көтерілді.

5. XX ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік реформалардың Қазақстандағы қайшылықты салдарлары.

5.1. Жеке басқа табынудың «шарықтауы» және «жылымық»

XX ғасырдың 50-ші жылдарында елдегі қоғамдық-саяси ақуал адамдар арасындағы қатынастарға қатаң бақылау орнату, коммунистік идеологияның ықпалын күшейтіп, оған жат көзқарастармен шексіз күрес жүргізу және демократияны барынша шектеумен сипатталды. 20-шы жылдарда түбегейлі орнаған әміршіл-әкімшілік жүйе 50-шы жылдардың бас кезінде өзінің шарықтау шегіне жетті. Елде И.В. Сталиннің жеке басына табынушылық бел алып қоймай, тіпті бүкіл саяси партия басқарушылық буындарының жетекшілерінің өзі ерекше бағаланатын болды. Мұның бәрі республиканың қоғамдық-саяси дамуына теріс әсер етіп, ауыр зардаптарға ұшыратты. Даңғаза саяси айдар таңуды пайдаланған әртүрлі ұрандардың көлеңкесінде заңдылық бұзылып, өкімет билігі теріс қолданылып жатты. Сөйтіп, осы кезге дейін үлкен үміт, сенім, болашағы патриоттық сезімге мол саяси жүйе өзінің іштей дамуының қабылетсіз екенін көрсетті.

Бұл кезеңде билеуші саяси органдарының басшылық рөлі олардың қоғам өмірінің барлық жақтарына тікелей, таза әміршіл-әкімшіл билігі арқылы жүргізілді. Коммунистік партия елдегі бүкіл шаруашылық, саяси-ұйымдастырушылық және заңдылық билікті өзінің қолына ұстап, барлық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды дербестігінен айырды. Кеңес қоғамының (қазақ елінің) сол кезеңдегі жоспарлары демократияға қайшы, тоталитарлық мемлекеттік құрылымға үйлесіп жатты. Дегенмен, соғыстың барлық қайғысы мен қуанышын басынан өткізген халық соғыстың алдындағы кезеңдегідей емес, өзгерген еді. Бейбіт көңіл-күй жағдайында халықтың психологиясында қоғамдық құндылықтарды қайта бағалау құбылыстары жүріп жатты. Қоғам мен партиялық-мемлекеттік басшылықтың әкімшілік-әміршілдік саясатының арасындағы арта түскен қарама-қайшылық, соғыстан бейбітшілікке көшу кезеңінің нақты көрінісі болды. Осы жағдайда әлеуметтік жаңғырудың іске асуына сірескен қоғамдық-саяси құрылым кедергі жасады. Оның үстіне бұрын-соңды кездеспеген қауырт және ауыр соғыста жеңіске ауқымды ұйытқы болған әртүрлі буындағы басшылардың көпшілігіне басқарудың әкімшілік тәсілдері мінсіз, ақиқатты деген ой-өріс психологиясы да теріс әсерін тигізді.

Осындай теріс биліктің нәтижесінде елде көптеген адам құқына қайшы, заңсыз шаралар жүзеге асырылды. 1944 жылы 26 тамызда немістердің пайдасына жаппай сатқындық жасағаны үшін шешендерді, ингуштерді, қырым татарларын жер аудару, шешен-ингуш автономиясын жойып, Қырым татарлар республикасын облыс статусына түсіру, сондай-ақ қалмақтар, қарашайлар, балқарлар, Еділ бойындағы немістер қоныстарынан “неміс басқыншылары мен байланыс жасағаны үшін” 1944 жылы күштеп көшірілген болатын.

Бұл шаралар Сталиннің орыс халқы жөніндегі салтанатты жиында айтқандарынан кейін, тарихтағы орыс халқының Кеңес мемлекетіндегі рөлін қайта қарауға бағытталған белсенді жұмыстың қызу жалғасы еді. Шамамен осы тұстан бастап теорияда және ресми идеологияда (насихатта) адамзатты дамытуға орыс халқының қосқан тарихи үлесінің прогрессивтік жақтарын баса көрсетуге толық жол ашылды және оның орындалысы саяси бақылауға алынды.

Революцияға дейінгі Ресей отар халықтардың ордасы емес, халықтар достығының ұйытқысы ретінде суреттеле бастады, тіпті халықтардың ауыз әдебиетіндегі ата-бабадан қалған мұраттарын, оның ішінде қазақтың “Қорқыт ата”, “Алпамыс”, “Ер сайын”, “Шора батыр”, қырғыздың “Манас” сияқты эпостарын ашық көрсетуге тиым салынды. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Кавказ халқының бостандығы жолындағы күрестің жетекшісі болған Шамил “ағылшын шпионы” деп жарияланды. Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының басшысы Кеңесары Қасымов өз басының қамы үшін хан болуды көкसेген бүлікші деп танылып, ол бастаған қозғалыстың халықтық сипаты жоққа шығарылды. Оған кешегі заманда билеуші топтардың аяғына жығылып, қазақтың қаймағы болған қасиетті ұлдарын жамандауға тайынбаған жігерсіз қасиетсіз, жалған оқымысты, жағымпаз

“ғалымсымақтар”, өз ортамыздан өзеуреп шыққандар көмектесті. Олар 1950 жылы 26 желтоқсанда “Правда” газетінде “Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғысынан жазылсын” деген мақала жариялап, қазақтың көрнекті тарихшысы Е.Бекмахановқа “Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында” деген еңбегінде буржуазиялық-ұлтшылдық мәселесінде қателіктер жіберді деген айып тақты.

Е.Бекмахановпен бірге республиканың көптеген қоғамтанушы ғалымдары Бек Сүлейменов, Есмағамбет Исмаилов, Қажым Жұмалиев тағы басқалары қудаланып Қазақстаннан тысқары қалаларға жер аударылды. Ұлт саясатындағы жүгенсіздік, жеке адамның, ұжымдық шығармашылық жаңашылдығына тұсау салу соғыстан кейінгі кезде өрши түсті. Космополитизмге қарсы деген желеумен шетелдік авторлардың шығармаларын бастыру, оларды сахнаға шығару, тіпті шетелдік тауарлармен әуестенуге дейін айыпталды. Кейінгі кезде бұл мәселе партия ұйымдарының жиналыстарында талқыланып, зиялы қауымның көптеген өкілдері қудалауға алынды. Осындай желеумен сынға ұшырап, қуғынға түскен Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды. Жаратылыстану ғылымының маңдай алды эерттеушілері патриоттық сезімнен ада болған космополит деп айыпталды.

Соғыстан кейінгі жылдары пісіп-жетіліп келе жатқан қоғамда өзгеріс қажет деген ой-өрісті, әкімшілік жүйе идеологиялық және қудалау сипатындағы бірсыпыра шаралардың көмегімен тұншықтыра білді. 50-ші жылдар КСРО мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің жетекшісі Л.П.Берияның қылмысты іс-әрекетін үзілді-кесілді тоқтату, қоғамдық өмірді демократияландыру жолындағы маңызды кезең болды. КСРО-ны 30 жыл бойы басқарған И.Сталин дүние салысымен (1953 ж. 5 наурыз) жеке адамға табынушылықтың зардаптарын жоюға, конституциялық заңдылықты қалпына келтіруге бағытталған бірсыпыра шаралар іске асырыла бастады. Бірақ “халық көсемінің” қазасы әміршіл-әкімшілдік саяси жүйеге аса маңызды өзгерістер әкеле қойған жоқ.

1956 жылғы ақпанда өткен билеуші партияның ХХ съезі Сталиннің жеке басына табынушылықты айыптап, оның зардаптарын жою, елдегі демократияны өрістетудің қажеттілігін қолдап алғашқы шараларды құптады. “Жылымық жылдары” деген атпен тарихқа енген 50-ші жылдардың екінші жартысынан бергі кезеңде көптеген игі істер атқарылды. Басшылықтың ұжымдық негіздері енгізіліп, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі босаңси бастады. Қағазбастылықпен, жиналыс, мәжілістер өткізумен әуестенушілікпен күрес күшейді. Ұлттық республикалардың құқығы кеңейтіліп, ондағы жіберілген бұрмалаушылықтар түзетіле бастады. Кеңестердің рөлін нығайтуға жаңа қадамдар жасалды. Кеңес мемлекетінің тарихын шыншылдық тұрғысынан баяндау, халықтардың өткен-кеткенін сын көзбен қарау мүмкіндігі жарияланды.

ХХ ғасырдың екінші жартысының алғашқы жылдарынан бастап бүкіл елде, оның ішінде Қазақстанда іске асырылған экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық шаралар нәтижесінде дамудың біршама көкжиектері

ашыла бастады. Бірақ ол мүмкіндіктер толығынан пайдаланылмай қалды. Егерде объективті заңдылық тұрғысынан сараптайтын болсақ, дәл сол жылдары жаңалықтар толығынан өмірге еніп кетуі мүмкін емес те еді. Н.Хрущев бастаған ой-өрісі қалыптасқан саяси басшылардың, тіпті қандай идеалды жағдай болмасын елге радикалды өзгерістер әкелуі қиын еді. Мысалы, экономиканы басқару ісі ойдан шығарылған әрекеттердің ырқына түсіп кетті. Ел басшылығының волюнтаристік идеялары мен әрекеттері қоғамның берекесін кетіре бастады. Әркөкіректік, жалған уәделер мен негізсіз болжамдар мен тұжырымдар сөз бен істің арасын алшақтата түсті.

Жергілікті билеуші орындардың қызметінде әсіресе жылтырақтық, өркөкіректік, көзбояушылық, даурықпалық сияқты ұнамсыз жайлар кең орын алды. Аймақтық өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық басқармаларын, ауыл шаруашылығы жөніндегі партия комитеттерін құру негізсіз болып шықты. Әр алуан штаттан тыс саяси комиссиялар құрумен әуестену кең өріс алып, мұның өзі қызметкерлер мен еңбек адамдарын өндірістегі тікелей жұмысынан алаңдатуға, оларды бекер әуре-сарсаңға түсуге ұрындырды.

Аталмыш жылдардағы саяси-қоғамдық өмірдің ерекше белгісі, оның қайшылығы мен жеке адам басына табынуды жою іс-қимылдарының нақты жетістіктері, экономикалық дамудың белгілі бір табыстары және қияли, утопиялық жоспарлар, қоғамдық өмірді демократияландыруға қадамдар жасауы Н.Хрущевтің өзінің жеке басына табынудың күрт күшеюі сияқты қайшылықтар көрініс берді. Мысалы, КОКП-ның III-ші Бағдарламасы туралы баяндай келіп ол:” Бұл коммунизмнің материалдық-техникалық базасын салу бағдарламасы, бұрынғылардан оның өзгешілігі - ... бұл кезеңнің соңында коммунизмнің базасы жасалып бітеді, сөйтіп кеңес адамдарының қазіргі ұрпағы коммунизм тұсында өмір сүретін болады”, - деп мәлімдеді. Әмірдегі қиындықтар - уақытша жағдай, 20 жылдан кейін кеңес адамдарын тек жақсы өмір ғана емес, коммунизмнің басталуы күтіп тұр деп дәмелендірді.

60-шы жылдардың басында өнеркәсіп пен құрылысты экономикалық аудандардың халық шаруашылығы кеңестері арқылы басқару жүйесінің кемшіліктері бірте-бірте айқындала бастады. Әнеркәсіпті басқаруда халық шаруашылығы кеңестерінде толып жатқан жаңа бөлімдердің құрылуы өнеркәсіп салаларының бөлшектенуіне әкелді. Әндірісті басқарудың жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың түрлері мен әдістері елдің өндіргіш күштерінің жаңа, неғұрлым жоғары дәрежесіне сай келмеді, олардың дамуын тежеді.

Осы жылдары аграрлық ғылымның тұжырымынша ауыл шаруашылығын дамытудың үлкен мүмкіндіктері болды, бірақ ол дұрыс пайдаланылмады. Қазақстанда қоғамдық және жеке мүдделерді ұштастыру, ұжым еңбеккерлерінің егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруға деген материалдық ынталылығы негіздерінің бұзылуына жол берілді. Жоспарлауда және ауыл шаруашылық дақылдарын орналастыруда елеулі кемшіліктер жіберілді.

Елдегі аграрлық саясатқа тың және тыңайған жерлерді игеру үлкен әсерін тигізді. Бос жер көлемінің азайтылуы тың жерлердегі егіншілікті

жүргізу жүйесіне зиянын тигізді, егіс көлемдерінің қалыптасқан құрылымы бұзылды. Осының барлығы бұл өңірдегі тек дәнді-дақылдар өндіру емес, жалпы қазақтардың кәсіп еткен дәстүрлі мал шаруашылығын да әлсіретті.

Тың жерлерді игеру қарсаңында партия ұйымының немесе партия мүшелерінің пікірі сұралмастан Қазақстан Компартиясының VII съезінде Ж. Шаяхметовтың орнына республика билеуші партиясының бірінші хатшысы болып П.К.Пономаренко, хатшысы болып Л.И.Брежнев (XI.1954-VII.1955 жж.) сайланды. Осыдан кейінгі он жыл бойы Қазақстанның саяси басшылары қолғаптай ауыстырылып отырды. П.К. Пономаренконы ауыстырған Л.И.Брежнев (VII.1955-III.1956 жж.) Мәскеуге жоғарылағаннан кейін оны Д.Яковлев (III.1956-XII. 1957 жж.), ол түсірілгеннен кейін Н.И.Беляев (XII.1957-XII.1960 жж.), оны ауыстырған Д.А.Қонаев (XII.1957-XII.1960 жж.), одан кейін Н.Хрущевтің ұсынысымен И.Юсупов (XII.1962-XII.1964 жж.) басқарды. Бас аяғы сегіз жылдың ішінде алты басшы ауыстырылған, сонда әрқайсысы бір жыл билік құрған. Мұндай билеу стилі Қазақстанның қай жағынан болса да дамуына зиянын тигізді. 1964 жылдың желтоқсанынан 1986 жылдың 16 желтоқсанына дейін Қазақ елін және оның Компартиясын Д.А.Қонаев басқарды.

Д.А.Қонаев республика экономикасы мен мәдениетін өркендетуге елеулі үлес қосты, оның тұсында Қазақстанның Одақ бойынша алған орны биіктен көрінді. Әрине, бұл жылдарда да жершілдік, жең ұшынан жалғасу, басқару орындарға тамыр-таныстықпен тағайындау, билеуші партия мен үкімет орындарында өркөкіректік, өрескелдіктер де ауқамды орын алды.

XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан өндіріс және соғыс қаруының көптеген жаңа түрлері мен технологиясын сынайтын алаңына айналды. Гидропоникалық әдіспен өсімдік өсіру, жүгері егу т.б. осы сияқты тәжірибелер Қазақстан шаруашылықтарында байқаудан өтті. Республика ның оңтүстіктегі кейбір аудандары көршілес республикаларға берілді, өлкелер құрылды, қалалардың аттары өзгертілді. Н.Хрущев ел басқарған кезінде қазақ зиялыларының жағымпаз, жарамсақтарын шешуші буындарға орналастырып, олар арқылы қазақ атаулыны мәңгірттендіріп, ұлы державалық, отаршылдық саясатын санасыздықпен интернационалдық, ұлттық теңдікті, достықты жандандыра отырып қазақтардан бірыңғай коммунистік ұлт шығаруды армандады. Н.Хрущевтің жолсыздықтары мен жөнсіз қылықтарын ашық айтпаса да халық оған наразы болды. Сайып келгенде, елдің экономикасын жаңа сатыға көтеру, халық шаруашылығын басқару, өндірісті жоспарлау мен ынталандыру жүйесін түбегейлі жақсарту қажеттігі пісіп жетіліп келе жатты. Экономикалық мәселелерді шешуде субъективизмді, волонтаризмді жою қажеттігі барған сайын айқындала түсті. Сондықтан 1964 жылдың қазанында КОКП ОК шешімімен Н.Хрущев партия басшылығынан босатылып, оның орнына Л.И.Брежнев сайланды. Кеңес өкіметінің басшысы етіп КСРО Жоғарғы Кеңесі А.Н.Косыгинді тағайындады.

Аталған басшылардың есімдері Кеңес мемлекеті және Қазақстан тарихындағы елдің экономикалық құрылымын өзгертуге бағытталған

қадамдармен тығыз байланысты. Бірақта, олардың 1962-1969 жж. реформалық талпыныстары іс жүзінде экономикада ірі батыл қайта құрылыстар жасауды қамти алмады. Сараптаушы-мамандардың тұжырымынша, реформа концепциясы жеткілікті ойланыстырылмай құрылған және бірін-бірі жиі ауыстырып отырған елеулі тұрақсыздық, тұрмыс дәрежесінің және әлеуметтік кепілдіктердің әлсіреуін туғызды.

Нақтылы өмір көрсеткендей, реформалық шаралардың экономикадағы сәтсіз талпыныстары, өндіріс күштерінің тиімсіз орналастырылуы, халық шараушылығын басқару жүйесінің атүсті және жиі өзгертілуі республиканың экологиялық жағдайына және халықтың денсаулығына теріс әсер етті. Елдің өнеркәсіптік аймақтарында, әсіресе Атырауда, Ақтауда, Ақтөбеде, Қскеменде, Шымкентте, Таразда экологиялық жағдай күрделіленді. 1948-1965 жж. аралығында Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарының түйіскен шекаралас жеріне ядролық қаруды, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының жерінде қару-жарақтарды сынайтын полигондар салынды, ал Қызылорда өңірінде Байқоңыр космодромы бой көтерді.

Ядролық қаруды тұңғыш сынау 1949 ж. 29 тамызда өткізілді. Ал 1989 жылдың 19 қыркүйегіне дейін қуаты бірнеше тоннадан 150 килотоннамен өлшенетін 343 сынақ жасалды. Ғалымдардың пікірінше ядролық жарылыстар жасалған жылдары Семей қаласының, Павлодар және Қарағанды облыстарының шекаралас аудандарының және РСФСР-дің Алтай өлкесіндегі кейбір аудандарының тұрғындары радиациялық сәулеге шалынды.

Денсаулық сақтау мекемелеріне иондандырушы радиацияға байланысты рак, лейкоздан және басқа аурулардан өлген адамдардың шын диагнозын қоюға тиым салынды. КСРО Денсаулық сақтау министрлігі бұл дәрігерлік тексеру жүргізудің қорытындыларын жария етуге қатал тиым салды, ал әскери дәрігерлер алған нәтиже- мәліметтер құпияда сақталып, ядролық полигонның қызметі келтірген зиянның бәрін жасырып келді. Радиацияға ұшыраған адамдардың денсаулығын ішінара зерттеу тек 1962 жылдан ғана басталды.

Адамдардың денсаулығына деген мұндай көзқарас, полигонға жақын тұратын қазақтарды бұдан бұрын кездеспеген ауруларға шалдықтырды Сәуле ауруының күрделі түрлері Семей облысы Абай ауданының, Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданының тұрғындары арасында жиі кездесетін болды. Полигонның халық денсаулығына тигізіп жатқан әсеріне абыржыған жеке дабылдарға билеуші орындар құлақ салмай, ешқандай мән бермеді. 1969-1970 жж. Маңғыстау облысының жерінде халықтан жасырын жер астында үш рет ядролық жарылыс жасалды. Жерасты жарылыстары таулы жыныстарда да жасалды.

Қазақстан өндірісінің дамуы. 50-70-ші жылдары республиканың халық шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайту, шаруашылық айналымға жаңа қорларды қосу, өндірістің техникалық дәрежесін арттыру бағытында ауқымды істер тындырылды. Бірақ жеңіл және тамақ өнеркәсіп салаларына тежеу жасалып, шикізат және отын өндіретін салалар жедел қарқынмен дамытылды.

1951-1955 жж. өнеркәсіпке жұмсалған қаржының жалпы көлемі 1941-1950 жылдарға қарағанда 2,3 есе артық болды, ал өнеркәсіптік күрделі құрылыста тек 1960 жылдың өзінде ғана, бүкіл төртінші бесжылдықта осындай құрылысқа жұмсалған шығыннан 1,4 есе дерлік артты. 700-дей кәсіпорын іске қосылды. Олардың ішінде Әскемен қорғасын мырыш, Жезқазған, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаттары, Ертіс өзенінде Әскемен су-электр станциясы, Бұқтырма су-электр станциясының бірінші кезегі, Қарағанды 2-жылу электрстанциясы салынды. Жаңа көмірлі аудандар (Саран, Шерібай-Нұра, Шахан) игерілді, Екібастұз кенінің құбырлары қатарға қосылды. Алайда осындай қарқынның көлеңкесінде электр қуатының желілері мен оны бөлу жүйелерінің құрылысы күрт артта қалды, мұның өзі республика көлемін электр қуатымен қамтуға кедергі болды.

Осы қарқын болашақ жылдарда да сақталып, тіпті өсіп келді. 1965-1985 жж. Қазақстан экономикасын дамытуға бөлінген күрделі қаржы кеңес үкіметінің бүкіл бұдан бұрынғы жылдарда бұл салаға бөлінген көлемінен көп игерілді, ол республиканың өнеркәсіп потенциалын екі есе өсіруге мүмкіндік туғызды. Жалпы 60-шы жылдары 1174 ірі өнеркәсіп орны және 535 цех қатарға қосылды, жүздеген зауыттар мен фабрикалар қайта құрылды және жаңа техника, технологиямен жабдықталды. Қазақ жерінде қара және түсті металлургия, мұнай және газ, химия және мұнай химиясы шапшаң дамыды, титан, магний, глинозем, шойын, кокс, синтетикалық каучук, жүк көтергіш құрылымдарын (крандар), электрмашиналарын, металды жіптеп созатын стандалар және ұста-қысқыш машиналарын, асбест және басқада өндіріске қажетті қосымша құрал-жабдықтар шығаратын салалар пайда болды.

Қара металлургия Қазақстан өнеркәсібінің алып салаларының біріне айналды. Осы жылдары іске қосылған Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты еліміздің алып кәсіпорындарының біріне айналды. 1970 жылы республикада 18,2 млн. тонна темір рудасы шығарылды, бұл 1960 жылдың көрсеткішінен 3 еседен артық еді. Қарағанды металлургия комбинаты КСРО-дағы толық металлургиялық айналымдағы аса ірі кәсіпорыны болды. Ермак қайта балқыту зауытының ферросилиций өндіретін бірінші кезегі қатарға қосылды. Республика хромит рудасын шығару да елде бірінші орын, темір және марганец рудасын шығаруда үшінші орын алды, Қазақстанның болат, прокат, ферросплав шығарудағы рөлі артты. Мұның бәрі қара металдардың жалпы одақтық өндірісінде Қазақстан үлесінің едәуір өсуіне жеткізді.

Түсті металлургия одан әрі дамыды. Тишинск руднигі және Лениногор полиметалл комбинатында мырыш зауыты, Жезқазған кен-металлургия комбинатының елдегі аса ірі N 55 және 57 шахталары, Павлодар алюминий зауытының глинозем өндірісінің комплексі қатарға қосылды және Әскемен титан-магний комбинаты алғашқы қуатына жетті. Осындағы қорғасын-мырыш және Балқаш металлургия комбинаттарының өндірістік қуаттары кеңейтілді.

1950-1970 жж. Қазақстан мұнай шығаратын ірі өңірге айналды. Осы кездегі Маңғыстау түбегін игеру бұл саланың онан әрі дамып, республика Кеңес Одағының аса ірі мұнайлы ауданы болып, бұнда 1970 жылы 10 млн.

тонна мұнай өндірілді. Парафині көп Маңғыстау мұнайын шығару мен тасымалдауға, кешенді пайдаланудың озық тәсілдерін енгізуге, күрделі техникалық және қатынастық міндеттер ойдағыдай шешілді.

Республика Кеңес өндірістік комплексінде химия, минералдық тыңайтқыштар өнеркәсібін дамыту жөнінде алдыңғы орындарға шықты. 60-шы жылдардың ортасында Қаратау комбинаты, Жамбыл суперфосфат, Ақтөбе хром қосындылары, Қарағанды жасанды каучук, Атырау химия, Шымкент гидролиз және шина жасау зауыттары толық өндіріс қуаттарымен жұмыс істеп, өз өнімін шығарды. Қазақстан өндіріс салаларының бір ерекшелігі-онда кооперативтендіру кеңінен өркендеді. 1963 жылы Балқаш кен-металлургия комбинатында және Шымкент қорғасын зауытында күкірт қышқылы цехтары іске қосылды. Қарағанды металлургия зауытында коксохимия өндірісі өркендеді. Міне осының бәрі Қазақстанда үлкен химия саласының іргесін нығайтты. 1970 жылы республика елімізде сары фосфордың көп бөлігін, хромит тұздарының 40 процентін, төменгі қысымды полиэтиленнің 20 процентін, күкірт қышқылының 10 процентінен астамын шығарды.

Қазақ елінің тарихында болмаған электр энергетика жүйесі қалыптасып тез қарқынмен дамыды. 60-шы жылдардың бірінші жартысында Қарағанды 2-ГРЭСі, Петропавл жылу-электр орталығы, Алматы 2-ГРЭСі, Бұқтырма су-электр станциясы және басқа осы сияқты қуатты электр өндіретін орындар пайдалануға беріліп, Қазақстан бойынша энергияның бұл түрін өндіру 1,9 есе ұлғайды. 1970-1975 жж. республикада 90 мың. км. электр желісі жүргізіліп, оның 85 мың шақырымы ауылдық жерге тартылды. Бір орталықтан электр қуатымен қамту екі есе өсіп, 76 процентке жетті.

Қазақ жеріндегі ғасыр басынан негізі бар көмір өндіру саласы жаңа қарқынмен дамыды. 1954 жылы Екібастұз көмір кенішінің қалыңдығы жағынан теңдесі жоқ қабаттары ең тиімді-ашық әдіспен алына бастады. 1970 жылдың басында Қарағанды және Екібастұз көмір өндірістерінің өнімі жылына 61 млн. тоннаға жетті, оның 41 проценті неғұрлым озық, ашық әдіспен шығарылды.

Қазақстанда машина жасау өнеркәсібі республикадағы ерекше қарқынмен дамыған ауыл шаруашылығы, кен-руда, химия және мұнай кәсіпорындары сияқты салаларға қызмет етуге мамандандырылды. Трактор зауыты қатарға қосылып, “Қазақсельмаш” зауытында ауылшаруашылық машиналары бөлшектерін шығаруға ыңғайланған жаңа қуаттар қатарға қосылды. Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы жұмыстардың жеңілдетуін қамтамасыз ететін жаңа машиналар мен жабдықтар шығару игерілді.

Дегенмен бұл саланың бұрын-соңды жеткіліксіз дамуы, экономика сұранысын қанағаттандырудан әлдеқайда алшақ болды, өндірістегі үлес салмағы 60-70 жылдары 0,2 процентке ғана өсті. Нақ осы кездің өзінде республикада тиімділігі жоғары түбегейлі өнімдер-приборлар, автомобильдер, электротехникалық бұйымдар, машиналар мен жабдықтар шығаратын кәсіпорындар болмады.

Жеңіл өнеркәсіпте бірсыпыра ірі кәсіпорындар, оның ішінде Алматы мақта-мата комбинаты, Жамбыл былғары аяқ-киім комбинаты іске қосылды. 1970 жылы республиканың жеңіл өнеркәсібі жалпы республикалық өнеркәсіп өнімдерінің небәрі 16 процентін шығарды. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының өнім шығаруында трикотаж, аяқ киім тігу шапшаңырақ өсті. Республикада жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру еліміз бойынша орташа дәрежеден 2 есе дерлік аз болды. Аталған салалармен салыстырғанда тамақ өнеркәсібі үлесіне 70-ші жылдарда жалпы өндіріс көлемінің 17 проценті тиді, бұл КСРО-ның орташа көрсеткішінен әлде қайда төмен болды.

1950-1970 жылдардағы Қазақстанның өндірістік дамуының көлемі мен қарқыны құрылыс индустриясын қалыптастыруды қажет етті. Мысалы, 1955-1965 жылдар аралығында тек қана цемент өндіру 11 есе өсті. Осы жылдары Қарағанды, Семей, Ұскемен, Шымкент зауыттары республика қажеттілігін барынша қамтыды. Темір-бетон конструкцияларын, панелдер мен бөлшектер шығаратын көптеген зауыттар, шағын мамандырылған кәсіпорындар салу басталды. 60-шы жылдарда облыс орталықтарынан ірі үй құрылымдарын жасайтын ұжымдар қалыптасты.

Сонымен бірге, бұл саланың дамуында әміршіл-әкімшілдік жүйенің билік жүргізуінен туған бірсыпыра проблемалар бар еді. Өндірісті дамытуда оның көлемі мен бөлінген қаржының шегі арасындағы үйлесімсіздік, жобалау мен жоспарлаудағы оралымсыздықтар жылдан-жылға кең қанат жайып, ал оған жауапты мамандар мен билеуші орынның басшылары ешқандай жауапкершілікті сезбеді. Өндіріс экстенсивті әдіспен дамыды, ірілі-кіші кәсіпорындарды іске қосу мерзімі негізгі жобалар мен белгіленген мерзімнен әлде қайда кешіктіріліп және сапасыз тапсырылып отырды.

Шаруашылық және экономикалық реформалар. 1966-1970 жылдарда өнеркәсіп саласында шаруашылық реформа жүргізуге үлкен ұмтылыстар болды. Билеуші партияның 1965 жылғы қыркүйек және қазан айларында болған пленумдарында өнеркәсіпті басқаруды жақсарту, жоспарды жетілдіру және өндірістегі экономикалық ынталандыруды күшейту жөнінде қабылдаған шаралары тарихта шаруашылық реформа деген атау алды.

Қабылданған құжаттар бойынша кәсіпорындардың қызметін жоғарыдан егжей-тегжейіне дейін белгілеуге тыйым салынды, олардың шаруашылық дербестігіне мүмкіндік берілді, сонымен бірге шаруашылық және жоспарлау орындарынан неғұрлым көбірек оралымдылық пен икемділік, пайда, баға, сыйлық, несие сияқты аса маңызды тұтқаларды пайдалану талап етілді. Кәсіпорындардың жұмысының табысты болуы енді қорларды тиімді пайдалану, өндірісті халықтың өскелең қажетсінулерімен ұштастыра білу, шаруашылық есепті нығайту, ғылыми-техникалық жетістіктерді жедел енгізу шеберлігіне, шаруашылық міндеттерді шешудің нақты ұтымды әдістерін таба білуге көп байланысты болды.

Жоспарлау мен экономикалық тиімділік жолындағы жаңа қадамда, әрбір қызметкердің және тұтас алғанда кәсіпорынның неғұрлым жоғары жоспарлық тапсырмаларға, өндірістік қорларды, жұмыс күшін, материалдық және қаржы қорларын толық пайдалануға өндіріс техникасын жетілдіріп,

өнім сапасын жақсартуға қызметкер және ұжымның мүдделілігі арттырылуы көзделді.

Кеңес мемлекеттік басқару әдісі бойынша игі мақсат көздеген мазмұнды шара іс жүзінде алғашқы кезден билеуші партия мен үкімет орындарының қарадүрсін науқандылығына ілінді. 1966-1967 жылдарда жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа жағдайларына негізінен ірі және пайдасы көп кәсіпорындар көшірілді. 1967 жылдың аяғына таман 193 кәсіпорын, яғни республика өнеркәсіп орындарының барының 10 проценті жаңа жүйе бойынша жұмыс істеп, оларда барлық қызметкерлердің төрттен бір бөлігі шоғырланған, олар жалпы өнеркәсіп өнімінің үштен біріне жуығын өндірген.

1968-1969 жылдары 13 министрлік пен ведомстволарға қарасты кәсіпорындар, шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесіне көшуді толық аяқтады. Жаңа жүйе өнеркәсіпте ғана емес, құрылыс пен қатынас салаларында да тарады. Бұған қоса реформа коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарын, “Казсельхозтехника” бірлестігінің шаруашылықтарын, байланыс министрлігіндегі басқармалардың жартысына жуығын, Шығыс Қазақстан геология басқармасын, 232 совхозды, республиканың Сауда министрлігі мен Қазақ республикалық тұтынушылар одағының сауда жасайтын барлық ұйымдарын қамтыды. Шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесіне көшкен кәсіпорындар өткізілетін өнімнің бестен төрт бөлігінен астамын берді.

Бесжылдықтың аяғында республикада жоспарлау мен материалдық ынталандырудың жаңа жүйесі бойынша 1467 өнеркәсіп ұжымы, немесе олардың жалпы санының 80 процентінен астамы жұмыс істеді. Олардың үлесіне өткізілген өнімнің 90 және пайданың 95 процентінен астамы тиді. Жаңаша жұмыс істеген кәсіпорындар материалдық ынталандыру қорына қаржы аударуды жылдан жылға көбейтіп, осы арқылы әрбір қызметкердің өз кәсіпорнының сапалық көрсеткіштерін жақсартуға деген мүдделілігін күшейту мақсаты көзделді. Шаруашылық реформасы сегізінші бесжылдық жылдарында өнеркәсіптің, құрылыс пен қатынас салаларының тез қарқынмен дамуына жағдай жасап, бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындауда үлкен рөл атқарды.

Алайда экономикалық реформа алдына қойылған мақсаттарды толық қамти алмады және орындауы мүмкін емес еді. Оның негізгі себебі қоғамдағы саяси басқару жүйесі мен экономикалық құрылымның арасындағы қайшылық еді. Ал келтірілген мысалдар көбінесе билеуші орындардың қысымы арқылы министрліктер мен ведомстволардың берген ақпараттарынан алынған мәліметтер. Шындығында аталған жетістіктер жұмысшылардың қарқынды шабытымен, жан қиярлық еңбектерінің негізінде іске асырылды. Өнеркәсіп орындарын Одақтың түкпір-түкпірінен келген маман жұмысшыларға, жаңа жерлерге келген жастарға тұрмыстық жағдай туғызылып, олар азық-түлікпен толық қамтамасыз етілмеді. Теміртауда Қарағанды металлургия комбинатын салуға жер-жерден келген жастардың көтеріліске шығуының негізгі себебі де осында. Көтеріліс басылды,

кәсіпорындарда жұмысшылардың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін уақытша шаралар алынды. Бірақ бұл оқиға әкімшіл-әміршіл жүйенің қоғамды тегістей жайлағанының алғашқы көріністерінің бірі болды.

Ауыл шаруашылығы ахуалы. Соғыстан кейінгі жылдарда республикада астықтың орташа жылдық шығымдылығы 1913 жылғы көрсеткішке (5,6 ц.) теңелген, ал астықтың жылдық орташа өнімі 1928 жылғыдан төмен болды. 1946-1950 жылдарда мемлекет қоймасына өткізілген астық (жылдық орта есеппен бойынша) көлемі 1941 жылдан төмен болды. Қазақстанның дәстүрлі кәсібі мал өсіру саласындағы жағдай да өте ауыр болды. Республикадағы тек қой басы ғана 1928 жылдың көрсеткішіне жақын болды (18036 мың).

Сол кездегі ресми үгіт-насихаттық материалдарда жағдай үлкен өрлеу мен рухани қанағаттанарлық дәрежеде сипатталды. Сырттай қарағанда жаппай көрінген соғыстан кейінгі бесжылдықтың көрсеткіштері, ауыл тұрғындарының азапты еңбегінің, жоқшылығы мен аштығының, өмір дәрежесінің төмендігінің, балалар мен әйел еңбегін қанаудың, халықты шаршатып-шалдықтыруды ең жоғарғы шегіне жеткізудің нәтижесі еді. Яғни, соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытудың нәтижелері бұқараның бойындағы күш-жігерін, халықтың табиғатына тән аса-зор еңбек ынтасын, тапқырлығын тұншықтырып келген жүйенің арқасында емес, халықтың өзінің жанқиярлық еңбегі арқылы жүріп жатты.

Билеуші партияның Орталық Комитетінің қыркүйек (1953 ж.) пленумында ауыл ұжымдарына мемлекеттік салықты азайту, аграрлық секторға инвестицияны көбейту туралы мәселелер көтерілді және ауқымды бағдарлама қабылданды. Ол құжат бойынша бұдан былай салық саясатын өзгерту, ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу және оны дайындау бағаларын көтеру көзделді.

30-40-шы жылдарда қалыптасқан колхоз-совхоз жүйесі өзінің бүкіл тарихында дағдарыстан шыққан емес. Өзін-өзі ұйымдастырудан және дамуының ішкі серпінен айрылған мұндай экономика тек тоталитарлық-жазалау жүйесінің шеңберінде ғана табанды жұмыс істей алды. Билеуші орындардың бақылауы сәл босаңсыса, бүкіл аграрлық сала дағдарысқа ұшырап отырды. Сондықтан елеусіз реформаның өзі ауыл шаруашылығында әлде қашан және көрінбей дамып келген мерездермен терең қарама-қайшылықтарды көзге көрсетіп берді.

Дағдарыстан шығу үшін түбегейлі шешім қабылдау, сала ішіндегі қатынастарға терең реформалар жасау, яғни нарықтық қатынасқа өту, сондай-ақ жеке меншікті шаруашылыққа жол ашу қажет еді. Бұл жағдайда да жүйе өзін-өзі сақтап қалу мақсатымен проблемаларды шешудің бұрынғы қалыптасқан әдіс-жолдарын, экстенсивті сұлбасын таңдап алды. Азық-түлік тапшылығынан шығудың бір амалы ретінде дәнді дақылдар өндірісінің көлемін ұлғайту бағдарламасы ұсынылды. Ол үшін Қазақстанның әр аймағында дәнді дақылдар өсіруге ыңғайлы, игерілмей жатқан, яғни тың жерлерді іске қосу бағдарламасы ұсынылды. Билеуші партия Орталық Комитетінің ақпан-наурыз (1954 ж.) Пленумы ұсынған Тың жерлерді игеру міндеті мүлде де болмай қоймайтындай қажеттілік сипаты болған жоқ. Осы

Пленумның шешімі Қазақстанда миллиондаған гектар жерлерді игеруге итермеледі.

Соңғы жылдары оқулықтарда тың игеруге жұмсалған материалдық және рухани шығындар өтелді ме деген сауалды көп көтеріп жүр. Шынында да оның негізі бар. Тың жерлерді игеру нәтижесінде Қазақстан тұрғындарының жан басына шаққанда 2 мың килограмнан артық астық өндірілетін болды. Дүние жүзілік тәжірибеде азық-түлік проблеманы шешу үшін 1 мың килограмм астық жеткілікті. Мұндай деңгейге Канада, Австралия, АҚШ, Дания, Франция, Венгрия, Румыния елдері ғана жеткен. Іс жүзінде тың игеруден алынған астық Қазақстанның өз қажетін ғана өтеп қоймай, оны әлемдік астық рыногына шығуға жол ашты. Аса құнды ерекшелік тың жерлерінде негізінен белогы көп қатты бидайдың түрлері өндіріледі.

Алайда, тың жерлерді игеруді экономикалық және әлеуметтік тиімділігі, экологиялық тұрғысынан талдайтын болсақ, көлеңкелі жақтары да баршылық. Жерді кең көлемде жырту Қазақстанның тың игерген аудандарында оқтын-оқтын құрғақшылыққа душар етті.

Экономикалық тиімділігіне келсек, тың жердің гектарына 1,5-2 ц. дән себіліп, орта есеппен гектарынан 6-9 ц.-ден (1954-1958 жж. орташа түсім гектарына 7,3 ц.-ден, 1961-1965 жж. гектарына 6,1 ц.-ден келді) өнім жиналған. Өндіріс шығындарының көлемінің ұлғаюына жыл сайын тың жерлерге астық жинауға жіберілетін жастар, кәсіпорындардың қызметкерлері, Кеңес одағының түкпір-түкпірінен механизаторлар мен басқа мамандар, әскери бөлімдердің келуі зор әсер етті. Осы шығындардың бәрі, сайып келгенде, астық өндірісінің рентабельдігін төмендетті.

Тың игеру әлеуметтік жағынан бірсыпыра жаңа құбылыстарды туғызды. Ол Қазақстанда кең көлемдегі әлеуметтік және өндірістік құрылымдар жасауда, бұл өңірде жаңа ірі елді мекендердің пайда болуына, бұрын болмаған әлеуметтік-мәдени және этностар араласқан аймақтар қалыптасуында орасан зор рөл атқарды. Тың игеру барысында миграциялық (көшіп келу) құбылыстар да кең орын алды. Көшіп келгендер есебінен бұл аймақтардың халқының саны 1,7 есе өсті. Бұл өңірлерге Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, Молдавиядан көшіп келгендер басым болды. Солтүстік Қазақстанда халықтың тығыздығы бір шаршы шақырымға екі есе өсті, мұның өзі сол кезде оң құбылыс деп саналғанмен, кейін еліміздің демографиялық ахуалына да әсер етті. Көптеген жағдайда патриоттық /ұран желісіндегі/ көші-қон республикада жергілікті этностың үлес санының 30 процентке дейін төмендеуіне алып келді. Осының салдарынан қазақ халқының: менталитетіне, мәдениетіне, тіліне, оның этностық болашағына кері әсер ететін басқа құбылыстар етек алды.

Жалпы алғанда, 1950-1970 жылдары ауыл шаруашылығында біраз игілікті істер тындырылды. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық тарихында 60-шы жылдардың екінші жартысы ерекше із қалдырды. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің өсімі 28 процент құрады, ал колхоздар мен совхоздардағы еңбек өнімділігі, алдыңғы бесжылдықпен салыстырғанда, 1,8 есе өсті. Бірақ ауыл шаруашылығында басталған реформа аяқталмай қалды.

Оның басты себебі қолданылған шаралардың тиімділігі ойдағыдай болмай, саладан көзделген тиімділік және нақтылы өсім алынбады.

Аса өткір сын тұрғысынан қарасақ та ХХ ғасырдағы Қазақстанның тарихында 60-70 жылдар өзіндік орыны бар кезең. Осы кезде республикада ұлттық табыс 63 процент, ол жан басына шаққанда 48 процент, айлық еңбек ақының орташа мөлшері 25 процентке артты. Төменгі және орта мөлшердегі ақы төленетін қызметкерлердің жалақысы өсірілді. Колхозшылардың табыстары көбейді. Кәсіпорындарда бес күндік жұмыс аптасы енгізілуінің зор әлеуметтік маңызы болды. Ол жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек жағдайларын жеңілдетті, олардың мамандығы мен білімін жетілдіруге көп мүмкіндіктер жасады, еңбекті неғұрлым тиімді ұйымдастыруға жәрдемдесті. Бірақ 60-шы жылдардың басында мәдениеттің дамуында қарама-қайшылықтар пайда болды. Мәдениет саласындағы ұланғайыр жасалған жұмыстар мен жетістіктер әкімшіл-әміршіл идеологияның талабы және бағдарламасына сәйкестірілген әдістік жолдармен жүргізілді.

Қазақстан билеуші органдары мен буындарының жұмысында да елеулі кемшіліктер орын ала бастады. Әркөкіректік, менсінбеушілік, басшылардың қатардағы еңбек адамдарының құқтарын аяққа басушылығы, орынды сын-ұсыныстарға мән бермеушілік, басқарушылық қызметке тағайындауда жершілдік пен ағайын туысқандық сияқты жат көріністердің етек алуы қоғамда сенімсіздік пен сыбайластық психологиясын туғызды. Сөйтіп, Қазақстанда да тоқырау және тежеу құбылыстарына кең жол ашылды.

Қазақстандағы рухани, шаруашылықтық «тоқыраулар» және экологиялық дағдарыстар. 70-ші жылдардың бас кезі жаңашыл үрдістердің едәуір әлсіреуімен, қоғамдық құрылыс принциптері мен түрлерінің тоқырауға ұшырауымен ерекшеленді. Саяси өмір принциптеріне түзетулер енгізген мұндай бетбұрыстың пайда болуы, ең алдымен 1968 жылдың тамыз айында бес ел әскерлерінің Чехословакия жеріне енгізілуіне байланысты болатын. Әйткені дәл осы елде саяси құрылымды жаңартуға, нарықтық қатынастар жолымен экономикалық реформалар жүргізуге бағытталған барынша ауқымды, түбегейлі ұмтылыстар көріне бастады. Яғни, онда социализмнің “сталиндік”, “кеңестік” нұсқасын жою және демократиялық қоғам орнату туралы мәселелер көтерілді. А. Дубчек бастаған коммунистік партияның бұл бағытына халықтың көпшілік бөлігі қолдау көрсетті.

Алайда КСРО басшылығымен бұл ұмтылыс 1968 жылы “Прага көктеміне” қарсы төндірілген “интернационалдық акцияның” салдарынан іске аспай қалды. Осының нәтижесінде 60-шы жылдар ортасындағы бетбұрыс төрешіл кертартпа күштердің құрсауында қалды. Бұл оқиғаның ізі суымастан “ревизионизмге” қарсы басталған идеологиялық науқан ЧКП дамуындағы дағдарысты жоюға, бірқатар басқа коммунистік партиялардағы оппортунистік күштерге теориялық соққы беруге, партия, оның социалистік қоғамдағы жетекші рөлі туралы “маркстік-лениндік” тұжырымдаманы қайта қалпына келтіруге жәрдемдесуге тиіс болды.

Алайда тарих тәжірибесі коммунистік құрылыстың КОКП Бағдарламасында белгіленген міндеттері өзіне сай саяси және практикалық шешімдер таба алмағандығын көрсетті. Ал мұның өзі көптеген сауалдың жауабын кемелденген социализм тұжырым-дамасынан іздеу қажеттілігін алдын-ала аңғартты. Социализмді бірте-бірте жетілдіру идеясы саяси бағыттың өзегіне айналды.

Билеуші партияның басшылығы Қазан (1917 ж.) оқиғаларының 50 жылдығына байланысты мәжілісте жасаған баяндамасында, Кеңес халқы жүріп өткен тарихи жолдың басты қорытындысы *кемелденген социализмнің* орнатылуына әкеледі деген тұжырым жасаған болатын. Бұл “тұжырымдаманың” өзінен бұрынғы теориялық тұжырымдардан айырмашылығы, социализмнің қоғам дамуының едәуір ұзаққа созылатын кезеңі екендігін мойындауынан көрініс тапты. Ол тұрғыдан алғанда “коммунизмге қарай алып адыммен секіру” идеясынан бас тарту жағдайына байыпты баға беру көрінісі болғандығы шүбәсіз. Бірақ бұл тұжырымдама “30-40-шы жылдары мерейі үстем болған, өтпелі кезеңнің бүкіл проблемалары шешіліп бітті, социалистік мұраттар негізінен жүзеге асты және осының бәрі дәлелденген” деп санайтын әлеуметтік-экономикалық даму пайымына арқа сүйеді.

Осының салдарынан социализмді жетілдіру жолдарын іздестіру ісі (егер мұндай іздестіру жүргізілсе) ескірген түсініктер аясында ғана қанат жаюға мүмкіндік алды. Социализмнің іркіліссіз және қайшылықсыз үдере өркендеуі теориясы экономикалық және әлеуметтік жетістіктерді ерекше ұлғайтып көрсетуге, шындықты боямалап жеткізуге итермеледі. Қоғам өзегіне енген қайшылықтардың, тоқыраушылықтың, төрешілдіктің асқыну себептерін жабулы күйінде қалдыра берді. Қоғамның даму құбылысы өткен кезеңдегі жетістіктермен салыстыра қарастырылғандықтан, сөздер мен ұғымдар бірте-бірте шындыққа мүлде жанаспайтын мазмұнға ие болды, теория да шынайы мән-мағынасынан айырыла бастады.

Қиялдағыны қолдағыдай етіп көрсетуге тырысушылықтың барынша асқындаған көрінісі, КСРО-ның 1977 жылғы Конституциясында орын алды. КОКП Орталық Комитетінің мамыр (1977 ж.) пленумы мақұлдаған Конституция жобасы бүкілхалықтық талқылауға ұсынылды. Талқылау барысында не бәрі 400 мыңға жуық ұсыныс келіп түсті. 1977 жылғы қазанның 7-сі күні тоғызыншы сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс жетінші сессиясы Негізгі Заңның мәтінін қабылдады. Бұл күн Конституциясы күні болып жарияланды.

1978 жылғы наурыздың 17-сі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы республика Конституциясының жобасын бас-аяғы бір-ақ айға созылған “бүкілхалықтық талқылауға” ұсынды. Оның іргетасын Кеңес мемлекетінің Негізгі Заңы құрады. Сыншыл рухтағы ресми қоғамдық пікірге кереғар келетін материалдар, әлбетте, ескерусіз қалды. 1978 жылдың наурыз айының 18-20 жұлдыздарында Қазақстан билеуші партиясының ОК-і мақұлдағаннан кейін, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс жетінші сессиясы Жаңа Конституцияның қабылдады.

Демократияны шектеу, еңбек адамын меншік пен билікке жақындатпау, адамның құқын аяқасты ету т.б. сияқты кеңес қоғамының саяси жүйесіне тән белгілер, міне, осындай. Жаттандық пен қасаңдыққа бой ұру демократиялық институттардың қатып-семуіне және формалді сипат алуына әкеп соқты. Қалыптасқан жағдай Кеңестердің демократиялық ішкі мүмкіндіктерінің тынысын тарылтып, адымын ашқызбауға айналды. 1970-1980 жылдары жетекші органдар тарапынан Кеңестер жұмысын жақсарту жөнінде ондаған құжаттар қабылданғанымен, оң өзгерістер болған жоқ және болуы да мүмкін емес еді. “Мемлекеттендіру” процесі кәсіподақтарды, комсомолды және қоғамдық ұйымдарды да қамтыды. Қоғамдық ұйымдардың партиялық-мемлекеттік аппаратпен тұтасуы, олардың дербес негіздерін жоққа шығаруға әкеп тіреді.

Бұл кезеңге тән болған сөз бен іс, қабылданған шешімдер мен олардың орындалуы арасындағы алшақтық кеңес адамдарының бойында самарқаулық пен немқұрайдылық туғызды. 50-60-шы жылдардағы реформалардың сәтсіздікке ұшырауы, ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелердің болмауы, жарияланған мақсаттар мен ниеттерге сенімсіздікпен қарау рухын дүниеге әкелді. Оның үстіне халықтың едәуір бөлігі әрекетсіздік пен маскүнемдікке бой алдырып, рухани жарымжандыққа ұшыраудың аз-ақ алдында тұрды.

Келеңсіз құбылыстар ұлтаралық қатынастар саласында да орын алды. Осы жылдары республика бойынша мектептерде ана тілінде оқытуды жақсарту жөнінде бірде-бір құжат қабылданбады, оның есесіне мұндай құжаттар орыс тілін оқыту сапасын арттыруға байланысты молынан қабылданып жатты. Орыс тілінің жағдайын ұдайы жақсартуға бағытталған “қысымшыл” саяси бағдар “ұлт мәселесінің толық және түпкілікті шешілуімен”, “халықтардың мызғымас достығымен”, “ұлттар мен ұлыстардың жақындасуы және бірігуімен” бүркемеленді.

1975 жылы Алматыда Олжас Сүлейменовтың “АЗиЯ” (“Ізгі ниетті оқырманның кітабы”) атты еңбегі жарық көрді. Бұл кітапта О.Сүлейменов көне орыс әдебиетінің ұлы ескерткіші болып табылатын “Игорь жасағы туралы жыр” (XII ғ.) “славяндық және түркілік этникалық әлем шекарасында дүниеге келген және шығармада екі көрші мәдениеттің шындықтары айқын көрініс тапқан” деген түйін жасайды. Шындығында да, “Игорь жасағы туралы жырда” түркі төркіндес сөздер аса мол болды. Мұның өзі кездейсоқ жәйт емес еді. Бірақ ұлыдержавалық шовинизм айқындамаларын айырылмастай нық ұстаған идеологтар үшін О. Сүлейменовтың тұжырымдары ғылыми түйіндер мен ұлттық саясатқа қайшы деп бағаланды. “АЗиЯ” кітабы тауар айналымынан, кітапханалардан алынып, оның жаңа басылымдарына тыйым салынды.

Кезінде Еділ бойындағы неміс автономиясы таратылғаннан кейін оның мыңдаған тұрғындары Қазақстан жеріне күштеп көшірілген еді. КОКП ОК-нің 1979 жылдың көктемінде олар үшін Қазақстан аумағында неміс автономиялық облысын құру туралы шешімі қазақ халқының мүдделерін тұтастай аяққа басудың көрінісі болып табылды. Республикамыздың көрнекті қайраткері, сол кездегі билеуші партияның бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың

куәлік етуіне қарағанда, мұндай ұсыныс КСРО МХК төрағасы Ю.Андропов тарапынан жасалған екен. Ал мәселенің өзі қойылған кезде Қазақстан басшылығы үнсіз қалады.

Тіпті Қазақстан аумағында бұл автономияны құру үшін Қазақстан ОК-нің хатшысы А.Коркин басшылығымен ұйымдастыру комитеті бекітіліп, оның астанасын Ақмола облысының Ерейментау қаласы болуға тиіс деген ұйғарым жасалады. Автономия құрамына сондай-ақ Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау облыстарының бірнеше аудандары енгізілуге тиіс болды. Неміс автономиясының құрылуы туралы хабар Қазақстан жеріне, әсіресе оның солтүстік бөлігіне лезде тарап кетті.

1979 жылғы маусымның 16-сы күні таңертең қазақ жастарының топтары Ақмоланың (Целиноград, Астана) орталық алаңына көптеп жинала бастады. Жастардың қолдарында “Қазақстан бөлінбейді!”, “Неміс автономиясына жол жоқ!” деген жазуы бар плакаттар болды. Көп ұзамай қала орталығы лық толды. Осы оқиғаны көзімен көргендердің айтуына қарағанда, шеруде сөйлеушілердің сөзі дәйекті де байсалды болған. Олар Қазақстанның көп ұлтты Кеңес Одағының құрамдас бөлігі екендігін айтқан. Бұл жерде ондаған жылдар бойына қазақтар, орыстар, украиндар, немістер, татарлар және көптеген басқа халықтардың өкілдері қоян-қолтық бірлесіп еңбек етті. Енді келіп осындай республикада оның халқымен ақылдаспастан, ойда жоқта неміс автономиясы құрылмақшы. Шеруге қатысушы бір студент: “Біз Кремлдің мұндай шешімін айыптаймыз”, - деді. Облыс басшыларының шеруді тез арада таратып жіберуге тырысқан әрекеті іске аспады. Шеруге қатысушылар шеп түзеп, қала көшелерімен ұрандатып өтті.

Келесі шеру маусымның 19-ы күні болды. Шеруге қатысушылардың алдына облатком төрағасы Жұмахметов пен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Морозов шықты. Олар Ақмола облысында ешқандай автономия құрылмайтындығына жұрттың көзін жеткізе білді. Дегенмен жұрт дүрлігіп қалған еді. Толқулар басқа елді мекендер мен облыстарға қанат жайды. Алайда біраз уақыттан соң толқу саябырси бастады. Сөйтіп, өктемдік шешім орындалмай қалды.

Бірақ республика билеушілері мен МХК бұл шерулер туралы ақпараттар таралмауы үшін қолдан келгеннің бәрін істеді. Баспасөз де бұл оқиғалар туралы жұмған аузын ашқан жоқ. Алайда Ақмолада 1979 жылы болып өткен толқулар туралы қауесет республикада ұзақ уақыт бойы тыншымады.

Қоғамдық өмір дамуындағы демократиялық және төрешіл бетбағыттар күресі әсерінен туындаған саяси жүйенің қайшылықты, күрделі сипаты сыртқы саясатта да айқын көрінді. 70-ші жылдардың бас кезіне әлемдегі саяси ахуалдың жұмсаруы, халықаралық шиеленістің бәсеңдеуі тән болды. 1973 жылы Вьетнамдағы соғыс аяқталды. Хельсинкиде жалпыеуропалық кеңестің шақырылуы барлық бейбітшілік сүйгіш күштердің қомақты табысына айналды. Еуропалық 33 мемлекеттің, АҚШ пен Канаданың басшылары қол қойған қорытынды актіде мемлекетаралық қатынастар жаңа айқындалмалар тұрғысынан реттеліп, мемлекеттердің адам құқын қорғау жөніндегі күш-жігері біріктірілді.

Өзгерістер жағдайында Қазақстан өзінің халықаралық байланыстарын нығайтуға мүмкіндік алды. Өзге елдермен мәдени және экономикалық қатынастар нығая түсті. Алдыңғы бесжылдықтарда Қазақстан кәсіпорындары өндіретін тауарларды сыртқа шығару ұлғайды. Алайда Қазақстанның шет елдер рыногына шығаратын өнімдер тізімі технологиялық жаңалықтардан емес, негізінен шикізаттық қор көздерінің өнімдерінен, мәселен, түсті металдардан, хром кені мен темір балқытпаларынан, жұқа болат тақталарынан, мұнайдан т.б. тұратын еді. Ал металл өңдейтін станоктарды, жол құрылысы техникалық жабдықтарын, қатынас техникасын, жиһазды, киімді, тағам өнімдерін, электр тауарларын т.б. Кеңес республикаларынан және шет елдерден тасымалдайтын еді.

Қазақстанның шетелдермен мәдениет саласындағы байланысы қарқынды дамыды. Республикадан жүздеген мамандар әлемнің көптеген елдерінде - Иракта, Египетте, Үндістанда, Моңғол Халық Республикасында, Финляндияда, Ауғанстанда жұмыс істеді. Қазақ КСР Ғылым Академиясы шетелдік әріптестерімен 31 проблема мен жеке тақырыптар бойынша зерттеуге қатынасты. Химия ғылымдары институтының қызметкерлері өздерінің чехословакиялық және болгарлық әріптестерімен берік қатынастар орнатты. АҚШ, Франция, Италия ғалымдарымен байланыс жүзеге асырылды.

Қазақстанда Кеңес-Сирия достығының күндері, Францияның КСРО-дағы күндері өткізілді. Еліміздің Құрманғазы атындағы Мемлекеттік ұлт аспаптары оркестрінің әртістері, КСРО халық әртістері Е. Серкебаев пен Б.Төлегеновалар Францияның музыка сүйер қауымын өздерінің қайталанбас тамаша әуез өнерімен тәнті етті. Қазақ операсы мен балетінің, көркемсурет пен графикасының, қолданбалы өнерінің шеберлері Еуропа, Азия, Африка, Америка елдерінде өнер көрсетті.

Алайда сыртқы саясат саласындағы қарыспа шешімдер, біліктілік жағынан төмен және шала ойластырылған идеология, мемлекетаралық қатынастарды қалыптастыру жолында көптеген тастүйін кедергілердің бой көрсетуіне себепші болды.

Екі әлеуметтік-саяси жүйе арасындағы текетірістіктің өрши түсуіне шынайы дүниені айқын тануға бөгеті мол “дұшпан бейнесі” дейтін түсінік май тамызды. “Саяси күрестің күшеюі” туралы жолнұсқа (тезис) орнына “идеологиялық күрестің күшеюі” дейтін екінші бір жолнұсқа келді. Осының салдарынан екі жақ та әскери күшін еселей өсіріп, қарулануға жұмсалатын қаржы көлемін үсті-үстіне ұлғайта түсті. Әскери шығындардың негізгі ауыр салмағы екі ірі держава - АҚШ пен КСРО-ға түсті. Бұл шығындар ең алдымен осы екі мемлекеттің азаматтарының мойнына жүк болды. Ұлы мемлекеттердің тәкаппарлығы жанталаса қарулануды күшейтуге, ядролық мүлік қоймасын жаңарту және жасақтауға сүйреді.

Қазақ халқының аса көрнекті даналарының елінде, яғни Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарының түйіскен тұсында орналасқан Семей ядролық полигоны Қазақстан жерін молынан қамтыды. Ядролық қару мұнда алғаш рет 1949 жылғы тамыздың 29-шы жұлдызында сыналды. Ғылыми тұжырымдар бойынша, әрбір эксперименттік қондырғы мен оны жер астында

сынақтан өткізу ұзақ жылдар бойы құпия болып, кейіннен жергілікті халықтың денсаулығына бәлендей зияны жоқ деп мәлімдесе де полигон айналадағы табиғатқа, адамдардың болашағына аса қатерлі қауіп туғызды.

Дәрігерлерге рактан, лейкоздан және иондаушы радиацияға байланысты туындаған басқа да аурулардан қайтыс болғандарға дәл себебін айтуға тыйым салынған. КСРО Денсаулық сақтау Министрлігі бұл аймақта медициналық зерттеулер жүргізуге де тыйым салды, ал әскери дәрігерлер жүргізілген тексерістердің нәтижесі аса құпия сақталып, ядролық полигон әрекеті салдарынан келген зардап көлемі туралы мәліметтер жасырын ұсталды.

Адамдарға деген осыншалық безбұйрек көзқарас салдарынан полигон маңайында тұратын халықтың әр түрлі ауруларға шалдығуы жиілей бастады. Сәуле ауруының нышандары, мәселен Семей облысында Абай ауданының, Қарағанды облысындағы Егіндібұлақ ауданының тұрғындарының бойынан көптеп кездесті. Бірақ полигонның халықтың денсаулығына төндіріп отырған қатері туралы оқта-текте үн көтергендердің дабылы естілусіз де ескерусіз қалып жатты. “Империалистік қатерден” үрейленген мемлекет қарулануды жалғастыра берді. 70-80 жылдары Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау облыстарында халықтан жасырын түрде кен жыныстары мен далада, полигондарда әртүрлі көлемдегі және күштегі ядролық сынақтар, қару-жарақтарды апробациялық-зерттеу жұмыстары жалғаса берді.

Саяси және идеологиялық жағдайдың ушығуына социалистік достастық елдерінің ішіндегі күрделі қарым- қатынастар да әсер етті. Қытай Халық Республикасы өзінің “ қытайлық ерекшелік” жолын іздестіре бастады. Оның үстіне ҚХР-ның Кеңес Одағымен қарым-қатынасы 60-шы жылдардың ортасынан бастап салқын тартқан еді. Екі ел арасындағы экономикалық, саяси өзара байланыстар айтарлықтай шектелді. 1964 ж. әскери қарама-қарсылық күшейе түсті. Екі мемлекеттің шекарасына 1967 жылы сан жағынан 400 мың шамасында әскерлер шоғырланды. 1969 жылғы маусымның 13-і жұлдызында Даман аралында екі ел арасында әскери қақтығыс болып, оның барысында екі жақтан да көп адам қаза тапты. Осы жылдың 13 тамызында Семей облысының Жалаңашкөл бойындағы ірі әскери қақтығыста адамдар тағы да шығынға ұшырады. Кеңес басшылығы Қытай ядролық объектілеріне алдын-ала ескерту соққыларын беру жоспарын жасай бастаған кезде екі ел арасында ядролық соғыс қаупі шынайы сипат алды. Бұл қатер КСРО мен Қытай басшыларын келіссөз жасауға мәжбүр етті. Осы жылғы қыркүйектің 11-де Пекин әуежайында А.Н. Косыгин мен Чжоу Эньлай арасында болған кездесу ядролық жанжалды болдырмауда шешуші рөл атқарды. Соғыс қаупі тоқтатылғанмен, бұдан былай КСРО мен ҚХР арасындағы қарым-қатынаста салқындық сақталып қалды. Екі ел ұзақ уақыт бойына бір-біріне қырғи қабақ қарап келді.

Югославия болса біртіндеп шаруашылықтың жоспарлы, бір орталыққа бағынған түрінен бас тарта бастады. Алайда Югославия басшылығының мұндай әрекеттері КСРО тарапынан қолдау тапқан жоқ. Албания оқшаулану саясатын жүргізді. Ал Румынияда Н. Чаушеску әулетінің өктемдік саясаты

нығая бастады. ГДР-ның, ПХР-ның, Болгарияның ішкі тұрмысында да күрделі мәселелер аз ұшырасқан жоқ. Дегенмен, “социалистік” бағыт ұстанған елдердің көпшілігі Варшава Шарты елдерінің одағына бірікті.

70-шы жылдардың соңы мен 80-ші жылдардың басында сыртқы саясатта Кеңес халқына қымбатқа түскен жаңсақ әрекеттерге жол берілді. Әскери күш-қуатты арттыруға жұмсалатын қаражат көлемі ұлғая түсіп, қарсы жақтың “әрбір танкісіне танкпен”, “әрбір ракетасына ракетамен” қолма-қол жауап берілді. Көптеген көрсеткіштер бойынша КСРО Қарулы Күштері АҚШ армиясынан басым түсіп жатты.

Ауғанстанның сол кездегі басшылары үсті-үстіне өтініш жолдап тұрғанымен, Кеңес әскерінің 1979 жылдың 27 желтоқсанында бұл елге енгізілуі қисынсыз әрі Кеңес халқының мүдделеріне кереғар шешім болды. Бұл шешім Л.И.Брежнев бастаған Кеңес басшылығының тар аясында ғана қабылданды. Қазақстан мен Орта Азия республикаларының басшылары да Ауғанстанға әскер енгізілгендігі жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ғана естіп білді. Бірақ кеңес адамдарының басым көпшілігі Ауғанстанға әскер енгізудің шұғыл қажеттілігіне сеніп қалды. Кейбір жеке адамдар болмаса, үкімет орындарының шешіміне ешкім ашық наразылық, не келіспеушілік білдірген жоқ. Нәтижесінде Ауғанстан жерінде кеңес әскерлері де, жергілікті тұрғындар да елеулі шығындарға ұшырады.

Бұл апатты желөкпелікке қарсы батыл үн көрегендердің бірі академик А.Д.Сахаров еді. Ол өзінің КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы Л.И.Брежневке жолдаған ашық хаты мен үндеулерінде Ауғанстанға кеңес әскерлерін енгізудің қателігі туралы айтып, оларды алып кетуді және бұл проблеманы БҰҰ-да шешуді талап етті. Оның үстіне А.Д.Сахаров кеңес басшылығынан әскери және ядролық тұжырымдамалардың түбегейлі түрде қайта қаралуын талап етті. Бұған жауап ретінде Кеңес басшылығы оны Мәскеуден Төменгі Новгород (Горький) қаласына жер аударды.

Кеңес билеушілерінің Ауғанстанға әскер енгізу туралы шешімі КСРО-ның халықаралық беделіне едәуір нұқсан келтірді. Кеңестік сыртқы саясаттың тағы бір аса ірі және қымбатқа түскен жаңсақтығы орта қашықтықта әрекет ететін ракеталарды Еуропаға орналастыруы болды. Бұл елдегі жағдайды күрт тұрақсыздандырып, КСРО-ның сыртқы саясатына сенімсіздік ахуалын туғызды.

70-шы жылдардың соңы мен 80-ші жылдардың бас кезінде Кеңес Одағында қос қабат қайшылықты жағдай қалыптасты: оның бұрын-соңды еш уақытта дәл осындай аса қуатты қорғаныс қабілеті болып көрмеген еді, бірақ нақ осыған байланысты соғыс қатері, ядролық шабуылға ұшырау қаупі бұрынғыдан да ұлғая түсті.

Бұл кезеңде әлемдік социализмнің даму қарқынының бәсеңдеуі байқалды. Әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларда қолайсыз бағыттар пайда болып, тереңдей түсті. Шығыс Еуропа елдерінде орныққан тоталитарлық құрылыстар саяси басшылық пен мемлекеттік басқару арналарын бір уысқа шоғырландыра келіп, бірте-бірте өзін халық бұқарасына қарсы қойды. Бұған, мәселен, Польшада болып өткен оқиғалар айғақ бола

алады. Мұнда 1956-1980 жж. төрт рет дау-жанжал туындады. Бұл төңтерістік әкімшіл-әміршіл жүйенің теориясы мен идеологиясының дағдарысқа ұшырағандығының белгісі еді. Алайда мұндай “дабылдардың” бірде-біріне саяси тұрғыдан лайықты жауап берілмеді. Саяси- экономикалық құрылымды жаңартуға бағытталған ұмтылыстар оппортунизм, ревизионизм, яки “капитализмге қайта оралу” деп бағаланды.

Мұнда ел басқару жүйесін сақтап қалудың барлық әдістері, тіпті әскери жағдай енгізу де түгел қолданылды. Қасарыспа қасандық пен идеологиялық шалықтау шылауында қалған КСРО мен социалистік қосын елдері басшыларының басым көпшілігі қоғамдық құрылысты түбегейлі өзгерту міндеттерін шешу биігіне өре жеткізе алмады. Идеологиялық қысым көрсету мен әр түрлі жазаларға ден қою социализм елдеріндегі рухани өмірдің басты нышандарына айналды.

1970-1985 жж. республиканың индустриялық мүмкіндіктері белгілі дәрежеде өсе түсті. Өнеркәсіпті өркендетуге 40,8 млрд. сом, яғни халық экономикасында игерілген қаржының 32 проценті жұмсалды. Негізгі өндірістік қорлар 3,1 есе артты, оның ішінде химия және мұнай химиясында 6,5 есе, машина жасауда 4 есе дерлік, отын өнеркәсібінде 3,8 есе өсті. 15 жыл ішінде өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі екі есе, ал машина жасау химия өнеркәсібі сияқты салаларда үш еседен астам өсті. 1000-дай өнеркәсіп орындары мен цехтар қатарға қосылды.

Болашақта Қазақстан индустриясының алыбынан үміткер өнеркәсіп ұжымдары: Қазақ газ өңдеу, Қарағанды резина-техника, Маңғыстау пластмасса, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттары, Қарағанды металлургия комбинатындағы ақ қаңылтыр цехы, Екібастұз және Ермак ГРЭС-тері, Қапшағай су-электр станциясы, Шымкент және Жамбыл фосфор зауыттары, Жайрем кен байыту комбинаты осы жылдары іске қосылды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі жөнінен Қазақстан үшінші (РСФСР мен Украинадан кейін) орынға көтерілді. Маңғыстау, Қаратау-Жамбыл, Павлодар-Екібастұз аймақтық-өндірістік кешендер қалыптастыру жөнінде көптеген ресми хабарламалар жарияланды.

КСРО-дағы саяси ахуалдың өзгеруі экономикалық дамудың мүмкіндігін айтарлықтай тарылтты, ал кейіннен олардың мүлдем тежелуіне әкеп тіреді. Оның үстіне шаруашылық жүргізу тәжірибесі бірте-бірте социализм туралы қасарыспа қасаң түсініктер салдарынан туындаған, күні біткен шептерге сырғи берді. Осының нәтижесінде республика тарихи прогрестен біртіндеп шетқақпайлана берді. Реформалардың шектелуі 70-шы жылдардың басында кейінгі кезендердегідей айқын сезіле қойған жоқ.

Ведомстволық шашыраңқылық пен төрешілдік тосқауылдар жағдайды қиындата берді. 80-шы жылдардың басында КСРО бойынша өндіріске өткізілетін ғылыми- техникалық жаңалықтардың болғаны 3-ақ проценті тиді. Сонымен қатар олардың экономикалық тиімділігі небәрі 2,3 процент болды. Экономиканы бір орталықтан басқару әдісі жаңалық ойлап табу мен жүзеге асыру арасындағы жолды шамадан тыс ұзартып жіберді.

Республикада бұрынғысынша шикізат өндірісіне біржақты бағдар ұсталды. Пайдалы қазбалар мен қуат көздерін өндірудегі шикізат пен қуатты пайдалану тиімділігі төмен болды. Мәселен, 80-шы жылдардың орта шенінде КСРО Батыс Еуропа елдерімен және АҚШ-пен салыстырғанда әр өнім басына қуат пен шикізатты 2-3 есе көп жұмсап отырды. Қазақ КСР Ғылым Академиясының республиканың өндіргіш күштерін зерттеу жөніндегі Кеңесінің есебі бойынша, көмір өндірісінде оның 50-60 проценті, мұнайдың 70 проценті, темір кенінің 11,5 проценті рәсуа етілді.

Өндірістің материалдық байлықтарын қолдану тиімділігінің төмендігіне әр түрлі себептермен жұмысқа шықпай қалушылық салдарынан, жұмыс уақытының босқа жоғалуы келіп қосылды. Өнімді қандай да бір шек қойылмастан жалпы көлемі бойынша жоспарлау сақталды. Билеуші партияның съездерінде жұмыс қорытындылары көтеріңкі рухта айтылып жатты, яғни құрылыс жұмыстарының қарышты қадамы, машина жасау, химия мен мұнай химиясы, электр қуатын өндіру, т.б. салалардағы табыстар туралы материалдар ең алдымен ауызға алынды. Мәселеге осындай көзқараспен келу сансыз жеңіс рапорттарын, жаңа “көтеріңкі міндеттемелер” қабылдау мен кезекті ұран көтеру тасқынын туындатты. Қағаз бетіндегі ұраншыл жарыс етек алды. Өнеркәсіптік құрылыс саласында республика басшылығы алып аумаққа әуестенушілікті кеңінен қолдап отырды. Мифологиялық пайым социалистік мемлекеттің зор қуатын бейнелейтін жаңа символдардың күннен-күнге көбейе түсуін талап етті. Бұрын аталған Павлодар-Екібастұз, Маңғыстау, Қаратау-Жамбыл, Шымкент-Кентау тәрізді ірі аймақтық-өндірістік кешендер дәл осы кезеңде тұрғызылды. Жылдық, тоқсандық, айлық тапсырмаларға түзетулер енгізу бұрынғысынша үйреншікті іс күйінде қала берді. 1981-1985 жылдар ішінде әр түрлі министрліктер мен ведомстволардың жоспарлары 300 реттен астам түзетілді.

Бұл жылдары жалпы өнім көрсеткішін қуалай өсіру ауыр өнеркәсіпте негізгі мақсатқа айналды. Күрделі құрылыста да солай болды, мұнда жұмысты атқарудың ұзақ мерзімге созылуы салдарынан ұлттық байлықтың едәуір бөлігі істен шығып қалып жатты. Қымбатқа түсетін, нақтылы тиімділікке жетуді қамтамасыз етпейтін объектілер салынды. Еңбекті, материал мен ақшаны көп жұмсаған қызметкер немесе кәсіпорынның көрсеткіші жоғары бағаланды. Республика ілгерілеу қарқынынан айрыла бастады, шаруашылықтың және мәдениеттің барлық саласында іркіліс көбейіп, қиыншылықтар үсті-үстіне жинақталып, шиеленісе түсті, шешілуін күткен мәселелер көбейе бастады. Мысалы, ІХ бесжылдықта жоспарды күрт төмендетіп отырса да өнеркәсіп өнімінің көлемі 12,6 процент орындалмаған болса, оныншы бесжылдық - 25 процентке, он бірінші –3,6 процентке орындалмаған. Соның салдарынан ұлттық табыстың өсу қарқыны баяулап, 80-ші жылдардың бас кезінде ол бізде іс жүзінде экономикалық тоқырауға алып келді.

Дүниежүзілік экономикалық заңдылық бойынша өндіруші тұтынушының “көңілін тапқанда” елдегі әлеуметтік жағдай дұрыс болады. Ал бізде тұтынушы өндірушінің ыркында болып шықты, өндіруші не берсе

тұтынушы соны пайдалануға мәжбүр болды. Мұның бәрі сол баяғы “жалпы өнімге” бола жасалды. Біз дамыған басқа елдерге қарағанда өнімнің бір өлшеміне шикізаттың, энергияны, басқа да қорларды едәуір көп жұмсап келдік. Ал АҚШ пен Жапонияны алсақ, өнімнің бір өлшеміне бізге қарағанда шикізат пен энергияны 30-40 процент кем жұмсады. Еліміздің бай табиғи және еңбек қорларын қалай болса солай пайдаланып, оның экономикасын ондаған жылдар бойы экстенсивті жолмен дамытуға ұмтылды. Мысалы, Маңғыстауда өндіретін мұнай мен серіктес газдың тек қана 8-10 проценті пайдаланылды. Бірақ осыған қарамай, өте қымбат, шығыны көп Ақтау қаласындағы атом реакторы 1973 жылы іске қосылды.

Ел билеуші топтардың біліксіздігі мен империялық пайымның без бүйректегі салдарынан, еселене түскен директивалық жоспарлау республика экономикасына орасан зор нұқсан келтірді. Бұл орайда Арал теңізі атрабына өндіргіш күштерді орналастыруда жіберілген стратегиялық қателіктер, жер және су қорын есепсіз пайдалану, мақта мен күріш дақылдарын өсіруге дара үстемдік беру салдарынан теңіз түбі 27 мың шаршы шақырымға дейінгі аумақта құрғап, жалаңаш қалды. Теңіз суының тұздылығы 3 еседен астам өсіп, Арал өзінің балық өнеркәсібінен тұтастай айрылды. Оның үстіне құрғап қалған теңіз түбінен тұз бен шаңның көтерілуі күшейе түсіп, Арал аймағының табиғаты мен ауа райы күрт нашарлап кетті. Ал бұл болса сол маңайдағы тұрғындардың денсаулығына әсер етті.

Айналадағы табиғи орта тепе-теңдігінің бұзылуы халықтың тұрмыс жағдайы мен денсаулығына қатер төндірді. Адам өлімі, әсіресе балалардың шетінеуі көбейді. Аймақ тұрғындарының 80 пайызы әр түрлі сырқаттарға шалдықты. Дүлей күшіне енген экологиялық апат іс жүзінде ұлттың генетикалық өсіп-өнуі мүмкіндігін сақтап қалу туралы мәселе көтеруге мәжбүр етті, өйткені Арал аймағы негізінен республиканың байырғы халқы-қазақтар мекендейтін аудан болатын. Бұған Балқаш көлінің бір бөлігінің іске жарамсыз болып қалғанын, көптеген өнеркәсіптік қалалардағы, әсіресе Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Өскемен, Жамбыл, Шымкенттегі экологиялық жағдайдың ауырлығын қосқанда, КСРО-дағы социалистік құрылыстың “артықшылықтары” тайға таңба басқандай көрінеді.

70-80-ші жылдарда ауыл шаруашылық саласы КОКП ОК наурыз (1965 ж.) Пленумы белгілеген бағдарламасы бойынша дамытылды. Ол құжатта ұлттық табысты аграрлық саланың пайдасына қарай қайта бөлу, селонның әлеуметтік проблемаларын шешу, шаруашылық есепті енгізу, ауыл шаруашылық өнімдерінің сатып алу бағасын арттыру шаралары белгіленді. Осындай шаралар белгіленсе де, өндіріс қатынастары және шаруашылықты басқару жүйесі бұрынғысынша қалды. 1971-1985 жж. республиканың ауыл шаруашылығына көп мөлшерде қаражаттар бөлінді.

Ал осындай көлемді және күрделі шаралардың нәтижесі қандай деген заңды сауалға келетін болсақ, көптеген түсініксіз жәйттерге кезігеміз. Біріншіден, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру ұдайы төмендеумен болды: ІХ-шы бесжылдықта 13 процентке, ХІ-ші бесжылдықта -0,4 процентке дейін құлдырады. Екіншіден, қазақ халқының ата-тегінен келе жатқан мал өсіру

кәсібі терең дағдарысқа ұшырады. Осы жылдары 4,2 млн. ірі қара, 55 млн. қой-ешкі т.б. өлім-жітімге ұшырап, бұлардың әр жүз аналығына шаққанда алынған төл саны 10,3 және 69 басқа азайып кетті.

Бұл халық үшін аса маңызды сала тиімділігі төмендеуінің басты себебі шаруалардың өз еңбегінің жемісін көре алмайтындығынан болды. Ауыл шаруашылығын басқарудың 20-30-шы жылдар арасында қалыптасып нығайған әкімшіл-әміршіл жүйесі құбыла, түрлене келіп, 70-80-ші жылдары өмір сүре берді. Шаруалардың экономикалық мүдделеріне нұқсан келтірілген реттерде көрсеткіштер де бірден күрт құлдырап жатты.

Ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу бағаларын көтеруге ұмтылыс та айтарлықтай тиімділік берген жоқ, өйткені өнеркәсіптік кәсіпорындардың өз өнімдеріне өздері баға белгілеу құқылығы тыңайтқыштардың, техниканың, құрама жем мен басқа өнім түрлері құнының бақылаусыз өсуіне әкеп тіреді. Егер ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы 2 есеге артса, оларға арналған өнеркәсіптік өнімдерінің бағасы 2-5 есе көбейді. 70-ші жылдары мұның үстіне өндірістік құрылыс та қымбаттай түсті. Колхоздар мен совхоздар “Ауыл шаруашылық техника”, “Ауыл шаруашылық химия” тәрізді қызмет көрсетуші мекемелер тарапынан да “талауға” түсті.

Ауыл шаруашылық өнімдерін жоспарлы түрде сатып алу, интенсивтендіру жолындағы тосқауылға айналды. Шын мәнінде, бұл түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сығып алынатын азық-түлік салғырты еді.

1970-1985 жж. республика одақ қорына жыл сайын килосы 2 сомнан аспайтын 300 мың тонна ет жөнелтіп отырды. Мұнан түскен пайда 9 миллиард сом болса, ет өндіруге кеткен шығын 18-27 миллиард сомға тең болды. Осының бәрінің салдарынан 1986 жылы Қазақстандағы колхоздар мен совхоздардың көпшілігі өздерінің айналымдылық қаржысынан толықтай айрылып, өндірістік қызметін несиені есебінен жүргізе бастады.

70-ші жылдары республиканың бірқатар ауылшаруашылық мамандары шаруашылық жүргізудің қалыптасқан құрылымын өзгертуге әрекеттенді. Мысалы, И.М.Худенко Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы “Іле” совхозының, кейін сол облыстың Күрті ауданындағы “Ақши” совхозының басшысы болған кезде фермерлік тұрақ мекендерін дамытуға әрекеттеніп, қағазбастылық сүйретпесіне шұғыл шектеу қойды, яғни шаруалардың еркін еңбектенуіне қадам жасағысы келді. Алғашқы шараларының нәтижесінде совхоздардың жұмысы анағұрлым қарқынды жүріп, еңбек өнімділігі артты, тәртіп нығайды. Жаңалық әміршіл-әкімшіл жүйенің басқару арнасына қайшы келіп, ондаған тергеулерден кейін И.М. Худенко сотқа тартылып, түрмеде көз жұмды. Кейін елдегі өзгерістер басталғанда ғана Қазақ КСР Жоғарғы Сотының шешімімен ол ақталды.

1982 жылдың мамырында қабылданған азық-түлік бағдарламасы ауыл шаруашылығының да, оған қызмет ететін салалардың, көлік пен сауданың да жұмысын біріктіру мақсатын көздеген болатын. Әзірлеу жүйесінің мемлекеттік қабылдау орындары мен сақтау қоймаларында белең алып тұрған қылмысты қырсыздық жағдайында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыруға әрекеттенудің өзі мағынасыз еді.

Азық-түлік бағдарламасы мен ауылшаруашылық өндірісінің құлдырауын тоқтатуға бағытталған өзге де әрекеттер айтарлықтай нәтиже бермеді, бағдарлама басқарудың ескірген жүйесі аясында жасалды және шаруалардың түбегейлі мүдделерін, еңбеккерлердің экономикалық мүдделерін қозғаусыз қалдырды. Колхоздар мен совхоздардың шаруашылық дербестігі бұрынғысынша ұсақ-түйектерге дейін жоғарыдан реттелді. Осының бәрі ауылдағы дағдарыстық тенденцияның ұлғайып, күрделенуіне әкеп соқтырды. 80-ші жылдардың орта шенінде іс жүзінде барлық жерде тамақ өнімдерімен шектеулі қамтамасыз ету жүйесі енгізілді.

Кеңес Одағында астық өндіру жөнінен алдыңғы орындардың бірінде болған республика, жыл сайын жемге арнап басқа жерлерден миллиондаған тонна астық сатып алып отырды. Мұнда ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу, сақтау, халыққа сату ісі бетімен жіберілді. Көліктің, элеваторлардың, қоймалардың жетіспеушілігінен, жолдың нашарлығынан жыл сайын жиналып алынған өнімнің 20-40 пайызға дейінгісі ысырап болды. Ауыл адамдарының еңбегі тиісінше бағаланбай, олар қалаларға, басқа аймақтарға көшіп кетуге мәжбүр болды. Жүздеген иесіз қалған кішігірім ауылдар саны шексіз өсіп жатты.

Бұл жылдары білім беру саласында да елеулі өзгерістер болды. 1970 жылдың басында республика бойынша жалпы білім беретін мектептер саны 10154 жетіп, оларда 3 млн. 348 мың оқушы білім алды. Ал 1986 жылдың басында білім беретін мектептер саны 8728 қысқарып, оларда 3 млн. 348 мың оқушы оқыды. Мұндай қысқартулар ірі агрокешендер құру кезеңінде “болашағы жоқ” делінетін ауылдардың жойылып кетуі салдарынан орын алды. Бұл кезде негізінен шағын комплектілі мектептер жабылды. Әсіресе, қазақ тілінде білім беретін мектептер саны қысқарды. 80-ші жылдары бірқатар пәндер тереңдетіп оқытылатын мектептер кең өріс алды. Қазақ КСР Ғылым Академиясының бастама көтеруімен республикалық тұңғыш физика-математика мектебі ашылды. Билеуші органдардың 1986 жылғы қарашаның 10-ындағы “Жалпы білім беретін орта мектеп жұмысын одан әрі жақсарту шаралары туралы” құжатына сәйкес республикада мектеп реформасы өткізілді. Оқыту бағдарламаларына көптеген өзгерістер енгізіліп, арнаулы кабинеттер ашылды.

Бірақ ғылыми-техникалық прогресс мектептің үздіксіз дамуын ұдайы талап етіп отырды. Заман талабына сай өндіріс пен ауыл шаруашылығына т.б. салаға жаңа маманданған кадрлар қажет болды. Республика үкіметінің “Жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді аяқтау және жалпы білім беретін мектепті одан әрі дамыту туралы”, “Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру туралы”, “Елдегі жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру туралы” және де басқа маңызды қаулылары халыққа білім беру ісін жетілдірудің жолдарын іздеді. 1972 жылы республикада жалпыға бірдей орта білім беруге көшудің соңғы кезеңі басталды. Мектептерде еңбекке баулу тереңдете жүргізіле бастады. Орта мектептердің барлығы, сегізжылдық мектептердің жартысы оқытудың кабинеттік жүйесіне көшті.

1970-1985 жылдарда жоғары білім беру жүйесі де біршама өзгерістерге ұшырады. Жоғары оқу орындарының саны 55, ал ондағы студенттер - 273,3 мың болды. Орта арнаулы оқу орындарының саны 246-ға жетіп, оларда 272,6 мың жастар білім алды. Республика жоғары оқу орындарында көптеген білікті мамандар, әлемге танымал ғалымдар еңбек етті. Студенттер арасында ғылыми ізденістер серпінді дамыды. Бұл кезеңде студенттік құрылыс отрядтары кең өріс алды. Өндірістік бағдарламаларды орындаумен қатар студенттер кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекциямен бірлесіп, тәртібі қиын жасөспірімдермен жұмыс жүргізді.

Өнеркәсіптің қауырт дамуы, алуыл шаруашылығында бой көрсеткен интенсивтендіру бағыты ғылым дамуына серпіндік берді. 60-шы жылдардың аяқ шенінде-ақ Қазақстан КСРО-ның ірі ғылыми орталықтарының біріне айналды. 1985 жылы республикада 40377 ғылыми қызметкер жұмыс істеді. Олардың 864-і ғылым докторы, ал 650-і Ғылым Академиясының академиктері, корреспондент-мүшелері, профессорлар болды.

Д.В.Сокольский мен У.М.Ахмедсафин тәрізді аса көрнекті ғалымдардың есімдері республика аумағынан шығып, алыстағы елдерге таныс болды. Д.В.Сокольский катализаторларды элетрохимиялық әдістермен зерттеу мәселесін тұңғыш көтеруші болса, У.М.Ахмедсафин республикадағы гидрогеология және гидрофизика ғылымдарының ұйымдастырушысы еді. Қазақстан ғалымдары генетика мен микробиология саласында да табыстарға жетті. Ғалымдардың бір тобына, оның ішінде қазақстандық ғалым М.А.Айтхожинге, өсімдік жасушаларындағы информсомоларды яғни жасуша ішіндегі бөлшектердің жаңа тобын тапқаны үшін Лениндік сыйлық берілді. Сондай-ақ, елімізде Қазақ энциклопедиясының қазақ тіліндегі басылымын шығару аяқталды.

Қоғамдық ғылымдар, көркем әдебиет ұдайы өктем билік тарапынан қысым көріп келді. Әдебиеттің, операның және бейнелеу өнерінің дамуында идеологиялық әсер іздері айқын аңғарылады. Дегенмен әдебиет пен өнердің үздік өкілдері тамаша шығармалар туғыза білді. Мәселен, Ғабит Мүсірепов осы кезеңде өзінің ең маңдай алды шығармаларының бірі-”Ұлпан” повесін жазды. Повестің орыс тіліндегі аудармасы 1976 жылы жарық көрді. Қаламгер республика жазушылар арасында тұңғыш рет Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Ғ.Мұстафин, И.Шухов, Ә.Тәжібаев, Д.Снегин, О.Сүлейменов оқырмандарды жаңа туындылары мен қуантты. 80-жылдары Б.Момышұлы, Ә. Нұрпейісов, Т.Ахтанов, І.Есенберлин, Ж.Молдағалиев, З. Сәмәди, Қ.Мырзалиев, И.Щеголихин, М.Шаханов және басқа қаламгерлер көркем әдебиеттегі елеулі туындылармен жұртшылық ықыласына ие болды.

Қазақтың Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театры ірі шығармашылық табыстарға жетті. “Қан мен тер” драмасын қойғаны үшін режиссер мен басты рөлдерді орындаушылар 1974 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. М.Ю.Лермонтов атындағы республикалық орыс драма театры, ұйғыр музыкалық-драмалық және корей драмалық театрлары өз қойылымдарымен және актерлік шеберлігімен көрермен қауымды қуанышқа бөледі.

Қазақ циркі көпшілікке кеңінен танымал болды. Сазгерлер Е.Рахмадиев, Ғ.Жұбанова, Н.Тлендиев, Ш.Қалдыаяқов, Ә.Еспаев, К.Күмісбеков, Е.Хасанғалиев, Ә.Бейсеуов т.б. қазақ музыкасын тың шығармаларымен байытты. Бұл жылдар ұйғыр сазгері Қ.Қожамиров үшін де жемісті болды. Әншілер Е.Серкебаев пен Б.Төлегенова өнер сүйер қауымның ықыласына бөленді. Осы кезеңде жас әншілер Әлібек Дінішев, Роза Рымбаева, Нағима Есқалиеваның, суретшілер Үкі Әжиевтің, Сахи Романовтың, Ерболат Төлепбаевтің өнерлері көпшілік қауымның ықыласына бөленді.

Қазақ киносының Ш.Айманов, М.Бегалин, С.Қожықов сияқты ірі қайраткерлерінің қатысуымен жасалған “Атаманның ақыры”, “Қыз Жібек”, “Мәншүк туралы ән” атты тұлғалы көркем фильмдері экранға шықты. Қазақ мультипликациясы да өзінің табыстарымен танылды.

Алматыда Мемлекеттік өнер, Қазақ КСР, қазақ ұлт-аспаптары мұражайлары ашылды. Алматы, Ақмола, Ақтау қалаларының орталықтарында тамаша сәулеткерлік ансамбльдер бой көтерді.

Халықтың тұрмыс дәрежесі. Билеуші орындардың елде халықтың ақшалай табысын арттыруға бағытталған саясаты тұрғындардың тұрмыс дәрежесін соғыстан кейінгі жылдармен салыстарғанда біршама көтерді. 70-ші жылдардың бірінші жартысында экономиканың өндірістік салаларында қызметкерлер мен жұмысшылардың еңбек ақылары көтеріліп, оның ең төменгі мөлшері 70 сомға жеткізілді, ал 1977-1978 жылдары өндірістік емес салалардың қызметкерлері үшін жаңа ставкалар мен жалақылар белгіленді. Сөйтіп, республика еңбекшілерінің орташа айлық табысы 1971-1989 жж. 123,7 сомнан 233,7 сомға дейін, өнеркәсіп жұмысшыларының табысы 133,9 сомнан 259,3 сомға дейін өсті. Ауыл шаруашылық саласындағы еңбекшілердің жалақысы да елеулі түрде-121 сомнан 247 сомға дейін өсті. Жасына қарай төленетін айлық орташа зейнетақы 51,1 сомнан 93,2 сомға дейін көтерілді. Билік орындары мен оның бүкіл идеологиялық құрылымдары халықтың тұрмыс дәрежесін тек қана жалақы мен төлемдердің өсу деңгейі арқылы бейнелеп декларативті түрде сипаттады. Яғни, төлемдердің мұндай дәрежеде өсуі жылдар бойы халықтың тұрмыс дәрежесі өсіп келеді деп санады, ал іс жүзінде бұл ақиқаттан әлдеқайда алыс еді. Мемлекеттің және өндірістік салалардың бағаны көтеруі, тауарлар сапасының нашарлауы, тапшылықтың өсуі, жалақының көлемін қолдан төмендету, ақы төлеудегі теңгермешілік сияқты факторлар халықтың тұрмыс дәрежесінің құлдырай беруіне әкеп соқтырды. Өнеркәсіптегі таза өнімдегі жалақының үлесі үнемі төмендей берді. Мысалы, ол 1927 ж. 58 проценттен 1985 ж. 36 процентке дейін қысқарған.

Халықтың нақты табысының төмендеуіне ақшаның құнсыздануы да әсер етті. Мұны көп уақыт бойы билеуші орындар халықтан жасырып келді. Құнсыздану қарқыны жылына 4 процентке (ғылыми тұжырымдар) өскенін есептегенде нақты жалақы 1970-1986 жж. 20 процентке төмендеді. 1985 ж. 1 сом 60-жылдардың ортасындағы бір соммен салыстырғанда 54 тиынға тең келді. Тіпті билеуші партияның XXV съезінде елдің басшылары ақшалай

табыстың жеке өзін алып қарағанда тұрмыс дәрежесінің нақты өсуі емес екенін мойындауға мәжбүр болды.²⁴²

Осы жылдары халықты қоғамдық тұтыну қоры есебінен жәрдем, зейнетақы және стипендия төлеуге, тегін білім алуға, денсаулық сақтауға, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетуге жүйелі түрде көптеген қаражат бөлініп отырды. 1971 жылы қолхозшылар үшін зейнетақы белгілеу тәртібі енгізілді. 1972-1974 жж. соғыс және еңбек мүгедектеріне айлық, орташа зейнетақы 33 процентке көбейтілді, 1975 жылы Отан соғысының мүгедектеріне қосымша жеңілдіктер енгізілді. Ана мен баланы қорғау жөнінде шаралар белгіленді, соғыс ардагерлерінің материалдық-тұрмыс жағдайы жақсартылды, бала кезінен мүгедек болғандарға түрлі жәрдем көбейтілді.

Тағы да экономикалық талдаулардың нәтижелеріне сүйенсек, бұл шаралардың халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруге ықпалы аз болған. Зейнетақы мен жәрдем ақының ең аз мөлшері мардымсыз өсірілді, өйткені оны өсірудегі негізге алынған мөлшері онан да мардымсыз болатын. Халықтың едәуір бөлігінің, әсіресе зейнеткерлердің, көп балалы жанұялардың табысы төмен күйінде қалды, сөйтіп ол көбінде күнкөріс деңгейіне де жанаспады. 70-80 жылдары көпшілік тұтынатын тауарлар бағасының, тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсетудің, қоғамдық көліктің бағасының ресми және сол сияқты жасырын түрде ауқымды жоғарылатылуы халықтың нақты табысын недәуір төмендетті.

Жылдан-жылға тапшылық артып, сауда орындарында сапалы тігілген киім-кешектің көзі азайып, күнделікті қажет азық-түлік түрлері тапшыланды. Тамақ өнімдерінің бағасы тоқтамсыз қымбаттап, оны өндіретін салалардың қызметі құлдырады. Кеңес елі азаматтарының сауда орындарының есік алдын бағып, сағаттап кезекте тұру әдетке айналды. 70-80 жж. халық арасында партиялық-мемлекеттік, әскери, шаруашылық номенклатурасына берілген әлеуметтік артықшылықтарға, қоғамдағы күнделікті әділетсіздікке байланысты наразылық өрши түсті. Мұндай артықшылықтар әлеуметтік теңсіздіктің арнаулы түрін туғызды, іс жүзінде алып қарағанда, ақшаның сатып алу құны әртүрлі тұтыну рыноктарын қалыптастыру болды. Билеуші топтар артықшылықтарды бөлуде шендік принципті қатаң сақтады. Олардың көлемі қызмет орнының дәрежесімен белгіленді.

Аталмыш кезде республикада азаматтарға ең өткір проблема баспанамен қамту жәйі болды. Оны шешуде біршама ілгері жылжу байқалса да, халық санының өсуіне байланысты көптеген отбасылары біреулердің босағасында паналаумен ғұмырын өткізген. Үй салуға бөлінген қаржы көлемі шегеріліп, тұрғын үй құрылысының жоспары орындалмады. Тек он бірінші бесжылдықта ғана республикада 1,2 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілмеді, мектеп, аурухана, балалар бақшасын салу орындалмады. Тұрғын құрылысының бұл жағдайына қарамастан республика

астанасы мен облыс орталықтарында құны қымбат әкімшілік үйлері бой түзеп көтерілді.

XX ғ. 70 жылдары ортасында Қазақстан халық тұрмысын сипаттайтын көрсеткіштер бойынша жалпыодақтық межеден әлде қайда төмен болды. Республиканың көптеген өңірлері жан баласы төзімсіз қиын жағдайда болды. Негізінен қазақтар тұратын түкпірдегі елді мекендер қалыпты дәрігерлік көмекпен, ауыз сумен, көкөніспен, жеміспен қамтамасыз етілу жәйі қанағаттандырғысыз болып, оларда бала-бақша, мектептер, көпшілік мәдени орындар жетіспеді. Мұндай жағдай республика мен орталық арасындағы карама-қайшылықтың қауырт шиеленісуіне объективті негізді құрады.

Сөйтіп, экономикалық қайшылықтар әлеуметтік қиындықтарды тереңдетсе, олар өз кезегінде күрделі адамгершілік проблемаларын дүниеге әкелді. Жалақы төлеудегі теңгермешілік бағыт еңбеккерлердің қабілетін төмендетпеуі мүмкін емес еді. Азық-түліктің, сапалы өнеркәсіп тауарларының тапшылығы күшейді, адамдар өмірінің орташа ұзақтығы қысқарды. Еңбекке немқұрайлы қарау, өндірістегі ұрлық, еңбек тәртібінің құлдырауы, маскүнемдік, қылмыс жасау жаппай құбылысқа айналды, “көлеңкелі экономика” дамыды. Осының бәрі республикада болашағы бұлдыр әлеуметтік-экономикалық жағдай жаратылғанының айғағы еді және әлеуметтік саладағы дағдарыстың көріністері билік жүйесін күйретуге алып келген объективті себептер еді.

80 жылдардың бастапқы кезінде Кеңес елінің республикаларында аса ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар бет алды. Қоғамның саяси ұйымдасуы, экономикалық қатынастардың күні өткен жүйесі КСРО-ны күрделі дағдарысқа әкеліп тіреді. Дағдарысқа тіреген жағдай бұрынғы басшылықтың толғағы жеткен өзгерістерді жүзеге асыруға дәрменсіздігінен ғана емес, оның қажеттігін түсінуге қабілетсіздігінен, барлық экономикалық қызметтің, қоғамдық өмірдің бір орталықтан басқарылуынан, партиялық және мемлекеттік функциялардың қосылып кетіп, оның төрешілденуінен заңдылықтың бұзылуынан; қоғамдық-саяси өмірдің аса маңызды мәселелері жария болмауынан айқын көрінді.

Экономикалық салада оның белгілері мыналар болды: шаруашылықты жүргізудің шығындық тәсілі, ғылыми-техникалық және технологиялық прогресте артта қалушылық, іс жүзінде бақылаусыз басқару аппаратының, өндірістің материалдық қорларды пайдаланудағы тиімділіктің төмендігі, инфляция және орасан зор тауар зәрулігі.

Қоғамдық өмірдегі оның негізгі белгілері тұрмыс деңгейінің нашарлауы, материалдық игіліктерді бөлуде әділетсіздіктің етек алуы, әлеуметтік әділеттіліктің жиі бұзылып отыруы, ұлтаралық қатынастардағы проблемалардың туындауы, шынайы өмірдің бұрмаланып көрсетілуі, адамгершіліктің азуы; маскүнемдік пен нашақорлық, ұрлық пен қарлық, жемқорлық мен жезөкшелік болды. Қоғамдағы қасаң идеология мен нәтижесіз реформалар құлдырау мен тоқырауды тоқтата алмады. Шиірәқ ұйымдастыру және жаңа бағыттың қажеті айқындалды. 80-ші жылдардың бірінші жартысындағы КСРО саяси басшылығындағы бірнеше өзгерістерден

кейін КОКП ОК Бас хатшысы болып сайланған М.С.Горбачев әлеуметтік-экономикалық дамуда жеделдету бағытын жариялады. Бұл серпілісті саяси басшылық дамудың экономикалық қарқынының бәсеңдеуіне жол бермеу және негізгі күштерді осы бағытқа жұмылдыру арқылы жүзеге асыруға тырысты.

Жеделдету бағыты терең ұғынылған ғылыми концепциясыз, айқын да, анық бағдарламасыз жүргізілді. Жаңа басшылық әлеуметтік және экономикалық дағдарысты бүкіл мемлекеттік жүйені қайта құру арқылы емес, жекелеген шаралардың көмегімен, идеялық-саяси тәрбиені күшейту арқылы болдырмауға болады деп есептеді.

Сондықтан, жеделдету бағытының сәтсіздікке ұшырауының негізгі кінәлілері жекелеген басшы коммунистер болып жариялануы белгілі бір заңдылық тәрізді. Мысалы, Мәскеуде В.В.Гришин, Ленинградта Г.В.Романов, ұлттық республикаларда Д.Қонаев пен Г.Алиев. Мұнан кейін, партиялық аппарат қызметкерлерінің тежеушілік ықпалы туралы әңгімелер қозғала бастады. Мұндай идеялар “Правда” газетінде жарияланған “Тазару” атты мақалаларда айтылды. Онан соң “жақсы еңбек еткісі келмейді-міс” деп кеңес адамдары кінәланды.

Дей тұрсақ та жаңарудағы тежеудің ұшығы әміршіл-әкімшіл жүйенің бұрынғыша сақталуында, оның саяси институттарының тиімсіздігінде, халыққа жаттығында, адамға қоғам үшін жақсы еңбек ету негізінен тиімсіздігінде болған, оның экономикалық құрылымдарының өміршең еместігінде жатты. Қоғам дамуының іркілісінен ғылым да қалып қойды. Дағдарыстың ушығуы мен себептеріне байсалды талдау жасаған ғылым өкілдерінің дауысы да ел ішінде әлі бәсең еді.

Бұл кезде саяси жүйенің мерездері жайлы бәрінен бұрын айта бастаған жазушылар болды. Мысалы, әміршіл жүйенің адамды бүлдіріп, оны “тетікке” айналдыратын кесепаттылығы жайлы А.Бектің “Жаңа тағайындау” романында айтылды. Сол мазмұндағы, кейінірек одақтық республикаларда одан да өткір шығармалар көпшілікке тарады. Алғашқыда жарияланған мақсаттар мен нақты өмірдің арасындағы күрделі қайшылықтардың нәтижесі 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғаларына жеткізді.

Экономикадағы тоқырау әміршіл-әкімшіл жүйенің саяси, экономикалық-әлеуметтік салаларды жоспарлауындағы және оны орындаудағы жіберген кемшіліктері мен қарама-қайшылықтарының нәтижесі еді. Осы жылдары орта машина жасау, қорғаныс министрліктері республика территориясының нағыз қожалары болып алды. Әр түрлі жоспарлар жасау, жаңа кен орындарын игеру кезінде, іс жүзінде республика мүдделері есепке алынбады. Ведомстволардың қанжығасына түскен миллиардтаған табыстардан республикаға оның елеусіз бөлігі ғана түсетін еді, ал жергілікті халыққа экологиялық кесепаттың үлесі аса зор болды.

Табиғат қорларынан түскен барлық қаржы орталықта қалып, тіпті халыққа қажетті тауарлардың 60 процентке жуығы Кеңес Одағының басқа аймақтарынан тасымалданды. Идеологиялық тоталитаризм және ғылым мен ағарту саласын қаржыландырудың “қалдықты” принципі адамдардың рухани

дүниесінің дамуын жылдан-жылға тұншықтырып, жаншыды. Ғылымдар, оның ішінде әлеуметтік-гуманитарлық салалары ресми саясаттың елгезек “қызметшілеріне” айналып, ал мәдениет болса ұлттық негіздерінен алшақтап өңінен айрыла бастады. Мысалы, 1954-1986 жж. аралығында 700-ден астам қазақ тілінде оқытатын мектептер жабылды.

Қоғамдағы қазақ тілінің жағдайы тек тұрмыстық тілге айналды. Тілдің өзіндік өрісі де тарыла түсті, өйткені, оны жастардың көпшілігі ұмыта бастағаны былай тұрсын, тіпті оларда ана тіліне деген менсінбеушілік пайда болды. Ұлттық мәдениет пен тілден айырылудың осындай ұзақ процесі мәңгірттердің елеулі тобын дүниеге келтірді. Бұның бәрі қазақтардың көңіл-күйін ауырлата берді.

Тағы бір ерекше себеп, бұл жергілікті басқарушы орындардың дәрменсіздігі мен жалтақтығы. Анағұрлым маңызды саяси-экономикалық шешімдер Мәскеуде қабылданып, ұлттық республикаларға әмір (бұйрық) ретінде жіберіліп отырды. Қандай да болмасын жоғарғы жақпен келіспеушілік немесе қарсылық “партиялық тәртіпті бұзу” немесе “ұлтшылдық” деп бағаланып, іле-шала қатаң жазаланды.

Тоталитарлық жүйенің 20-30 жылдарда терең енген “көсемдерге”, өзінен жоғары қызметтегі адамдарға табынушылық пен иланушылық Мәскеуде ғана емес, облыс, аудан, жергілікті басқару орындарында да кең қанат жайды. Республика басқару буындарында принципсіздік пен өзімшілдікке жол беріліп, билеушілер төңірегіне қызмет бабын дүние қоңыздық мақсатта пайдаланатын адамдарды жинады. Сол кездегі халық “сенімділерінің” көз алдында Арал құрғап, қазақ тілінің қолданылу аясы тарылды, Семей, Жем, Тайсойған, Орал өңіріндегі полигондарда үздіксіз жарылыстар жүргізіліп, әкімшіл жүйенің мәңгілік сыңарлары: паракорлық, тамыр-таныстық, маскүнемдік пен халықтың әлеуметтік немқұрайдылығы кең құлаш жайды.

1986 жылғы желтоқсанның 16-шы жұлдызы таңертеңгілікте Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 18 минутқа созылған V пленумы Д.А.Қонаевтың орнына КОКП-ның хатшысы Г.П. Разумовскийдің ұсынысы бойынша Г.В.Колбинді тағайындады. Ол бұған дейін КОКП-ның Ульянов облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып істеген, республикаға мүлдем бейтаныс болатын. Орталықтың өркөкіректі, өктемді шешімдері қазақстандық тарға бұрыннан да мәлім еді. Желтоқсанның 17-сі күні таңертең Алматыда жаппай толқу басталып, кейінірек ол республиканың басқа да қалаларына тарады. Г.В. Колбиннің жоғары басшылығына тағайындалуы толқу үшін сылтау ғана еді. Наразылыққа жылдар бойы қорланған себептер түрткі болды. Халықты ашындырған Орталықтың дәстүрлі өктемдік әрекеттері мен қайта құру жариялаған демократиялық принциптер арасындағы қарама-қайшылықтар еді.

Билеуші орталықтың шешіміне қазақ студент және жұмысшы жастарының алғаш қарсы шығып бой көрсетуі ұлтшылдық сипатта емес, құқыққа қарама қайшы сипатында болды. Шеру бейбіт және саяси сипатта болды, онда басқа халықтарға қарсы атой салушылық, мемлекеттік

құрылысты жоюға деген үндеу-ұрандар болған жоқ. Әміршілдікке дағдыланған республика басшылары әу баста-ақ жастармен тең құқылы келісімге бармады және олардың пікірін тыңдағысы келмеді. Саяси наразылықты үкімет билігіне төнген қатер деп бағалап, олар бұған Алматы гарнизонын жауынгерлік дайындыққа келтіріп, сан жағынан шеруге қатысушылардан әлдеқайда көп күштермен орталық алаңды қоршап алумен жауап берді.

КОКП ОК-не оқиғаларды бұрмалап түсіндірген жедел хабар жіберілді. Республика билеушілерінің үсті-үстіне сұраған өтініштерінен кейін, Кеңес мемлекеті ішкі істер министрі А.В.Власов Алматыға әр аймақтардан әскерлердің арнайы бөлімдерін жіберді. Шеруді тарату кезінде сойылдар, кіші саперлік күректер, үйретілген иттер, су шашатын машиналар пайдаланылды. Сөйтіп, кейін ресми орындар бейбіт және сан жағынан аз наразылық шерудің жаппай тәртіпсіздікке ұласып кетуі республика басшыларының саяси дәрменсіздігінен, қиын жағдайдан бейбіт жолмен шыға алмағандығынан және шыққысы келмегендігінен, олардың сана мен ізгілік ниетке емес, күшке арқа сүйегендігінен болды деген тұжырым жасады.

Әкімет орындарының жағдайды болжай алмауы қайғылы оқиғаларға әкеліп соғып, шеруге қатысушылар тарапынан да, қоғамдық тәртіпті сақтаушылар тарапынан да адамдардың қазаға ұшырауына жол берілді. Шеруді тарату кезінде билеуші орындардың тарапынан бақылаусыздыққа жол берілді. Уақытша ұстау бөлмелері мен арнайы тергеу бөлімдеріне жеткізіліп, қаланың сыртына әкетілген адамдардың санының өзі 8,5 мыңнан асты. Оқиғаға қатысқандарға қарсы қылмысты істер қозғау, сот-тергеу жұмыстары кезінде көптеген дәрекі заңсыздықтарға жол берілді. Тергеу, әдеттегідей асығыс, ойдан шығарылған және айыптаушылық пейілде жүргізілді.

Мысалы, айыпталған 99 адамның 46-сы біршама уақыттан кейін ақталды. Жоғары оқу орындары мен кәсіпорындарда қудалау жүргізілді. Қысқа мерзімнің ішінде желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін 787 адам жастар одағынан шығарылды, 1138 адам комсомолдық сөгіс алып, 271 адам оқу орындарынан қуылды, жүздеген адамдар жұмыс орнынан кетуге мәжбүр болды. 1987 жылғы шілдеде КОКП ОК “Қазақ республикалық партия ұйымдарының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие берудегі жұмыстары жайлы” қаулысында 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғаларын “қазақ ұлтшылдығының көрінісі” деп бағалады. Төрешіл, коммунистік аппарат тағы да өзін ақтап шығып, кезекті “кінәліні” іздеді. Тәртіп қорғау күштері, құқық қорғау, тергеу, сот орындары, прокуратура, бұқаралық насихат құралдары тарапынан жасалған осыншалықты дәрекілік арсыздық, заңды бұзушылық, шындығына келсек, саяси басшылықтағы шағын топтардың жүгенсіз монополиялық билігінің, қатаң орталықтанған әкімшіл-әміршіл жүйенің бар айла-амалы мен күшін сарқа пайдаланып, барынша толық жұмыс істегендігінің нәтижесінде мүмкін болды. Өз дегендерін іске асырып тарихта қалдыру үшін қанша ынталанса да билеуші орталық Желтоқсан оқиғасының қоғамда қалыптасқан саяси,

әлеуметтік-экономикалық тоқыраудың нәтижесінде ел еңсесін түсірген жағдайларға қарсы бағытталған әрекет екендігін мойындауына тура келді. Ақиқат жеңді, КОКП ОК-нің қаулысындағы “қазақ ұлтшылдығы” деген кінәлау қате деп мойындалды.

Демократия мен жариялылық нығая түскен сайын республикада желтоқсан оқиғаларына өзіндік мораторий жарияланды. Көптеген кінәсіз адамдар бұл кезде түрмелерде жатты, заңды саналған КОКП ОК-ның қаулысы әлі өз күшінде еді, ал жасалған заңсыздықтарға жауапты адамдар беттеріне шаң тимей өздерінің орындарында міндеттерін атқара берді. Осы мәселенің жәйін алғашқы болып тергеп, үнсіздіктің тас қабырғасына қозғау салған ақын М.Шаханов болды. Ол КСРО халық депутаттарының I съезінде сөйлеген сөзінде желтоқсан оқиғаларының ақиқатын бүкіл елге жария етті. Әділдік салтанат құру үшін одан кейін де біраз уақыт өтті.

Демократиялық процестер тұсындағы саяси-қоғамдық қозғалыстар. Қазақстандағы алғашқы және неғұрлым бұқаралық қозғалыстардың бірі “Невада-Семей” экологиялық қозғалысы болды. 1989 жылдың көктемінде ақын, елдің көрнекті қоғам қайраткері, ойшыл О. Сүлейменовтың тікелей араласуымен құрылған бұл қозғалыстың түпкі мақсаты Қазақстан территориясында орналасқан Семей және басқа полигондарды жабу болатын. “Невада-Семей” қозғалысы полигонның құпиялық пердесін алып, тұрғындар шеккен зиянның орнын толтыруды талап етті. Осы мақсатпен қозғалыс белсенділері пикеттер, шерулер, халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар ұйымдастырды.

Арал төңірегіндегі халықтарға көмек беру үшін Балқаш және Арал проблемалары бойынша комитет құрылды. Дүниежүзілік жұртшылықтың және КСРО үкіметінің назарын Арал теңізінің апатына аудару үшін комитет көп жұмыстар істеді. Әскеменде, Алматыда, Ақтөбеде, Атырауда, Ақтауда т.б. облыс орталықтары мен өндірістік елді мекендерде табиғатты қорғау және тазалықты сақтау үшін күресетін қозғалыстар қалыптасты.

1990 жылдың шілдесінде Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін алуды өзінің басты мақсаты етіп қойған “Азат” азаматтық қозғалысы дүниеге келді. Алғашқы кезде қозғалыс әр түрлі саяси партиялардың өкілдерін өзінің қатарына біріктірді. 1991 жылы ол саяси партия болып тіркелді. Осы кезде Қазақстанның социал-демократиялық партиясы құрылды. Жастардың шағын тобы бірігіп, өздерін “Алаш” партиясы деп атады. 1990 жылы тамыз айында ғылыми-техникалық интеллигенцияның өкілдері “Единство” ұлтаралық қозғалысын дүниеге әкелді. 1986 жылғы оқиғаларға қатысқандар және қолдаушылар “Желтоқсан” партиясын құрды.

Саяси ұйымдардан бөлек, өздерінің мүшелерін әлеуметтік, кәсіптік және басқа белгілері бойынша біріктірген ұйымдар - “Жауынгер-ауғанстандықтар”, “Әділет”, “Жас құрылысшылардың мемориал ассоциациясы”, “Тәуелсіз студенттер одағы”, “Азамат”, “Ақиқат”, “Қазақстан мұсылман әйелдер лигасы” т.б. құрылды.

1990 жылғы қарашаның басына дейін Қазақстандағы саясаттанған қоғамдық бірлестіктердің саны 100-ден асып, оның 40-қа жуығы республика

астанасында болды. Дегенмен, көп уақытқа дейін экологиялық қозғалыстардан басқа жаңа қозғалыстардың саны аз болды. 1989 жылдың сәуірінде өзінің мүшелерін гуманистік, адамгершілік принциптерді, заңсыздықтарды, кемсітушілікті, адамдардың азаматтық қадір-қасиетін қорғайтын, қоғамдық проблемалар мен әлеуметтік жанжалдарды шешудің құралы ретінде озбырлық пен зорлықты айыптауға қарсы күрестің ерікті тарихи-ағартушылық “Әділет” қоғамы құрылды.

Заманның жаңа ағымы арнасында қалыптасқан саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың көпшілігі ұйымдық жағынан болсын, өздерінің стратегиялық және тактикалық міндеттерін айқындау жағынан болсын, әлі қалыптасу сатысында болды. “Невада-Семей” қозғалысы, “Азат”, “Қазақ тілі” сияқты жекелеген ұйымдар құрамы жағынан мейлінше көп, белгілі бір ақшалай қаражаттары да бар (демеушілер мен азаматтардың ерікті көмегі есебінен) және өздерінің газеттерін де шығарады. Өздерінің мақсаттары мен міндеттері, сонымен бірге іс-әрекеттерінің тиімділігі бойынша бұл ұйымдардың бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар. 1990 жылдың аяғына қарай қатарында 800 мыңға жуық мүшесі болған Қазақстан Коммунистік партиясының беделі айтарлықтай түсті. Оның қатарынан өз еркімен жалпы санының 4,2 проценті шықты.

1990 жылдың қазан айында Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясы Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдап жатқан кезде, қоғамдық қозғалыстар айрықша белсенділік көрсетті. Республика Жоғарғы Кеңесі үйінің алдындағы алаңда күн сайын көптеген адамдар жиналып, таңертеңнен кешке дейін шерулер өтіп жатты. Әлеуметтік мәселелерді шұғыл шешуді, Кеңес Армиясын қайта құруды талап еткен жастар ұйымдастырған пикет, аштық жариялау көріністері жиілей түсті.

Осы кезде Республикада тағы бір қозғалыс - казактар бой көрсете бастады. Казактар -Алтын Орданың ыдырауынан кейін Ресейде пайда болған әскери-саяси әлеуметтік топ (сословие). Көптеген жылдар бойы казактар патшаға қызмет етіп, отарлықтың бүкіл тарихында басқыншылық, жазалаушы күш ретінде пайдаланылды. Орал казактары басшыларының 1991 жылғы қыркүйектің 15 жұлдызында өздерінің патша мен Отанға қызмет етуінің 400 жылдығын мерекелеуге шешім қабылдауы елде болып жатқан саяси өзгерістерге мүлдем қайшы болды. Облыс басшыларының мұндай айқын, сыңаржақты мерекелеуге кедергі жасап, ақылға шақыруы ешқандай нәтиже бермеді.

“Азат”, ”Желтоқсан”, “Парасат” қозғалыстарының басшылары бұл қазақ халқының намысына тию деп бағалады. Мерекеге бірнеше күн қалғанда осы қоғам өкілдері Орал қаласының орталық алаңына жиналып халық алдында ұран көтерді, ереуіл және шерулер ұйымдастырды. Осымен бір уақытта қалаға Краснодардан, Доннан, Челябинден, Самарадан казак әскерлерінің өкілдері де келді. Тартыс қыза түсіп, жаппай қақтығысуға өте жақын тұрды. Тек қана құқық қорғау органдары мен “Азат” қозғалысы басшыларының жұмыстары нәтижесінде ғана қақтығысқа жол берілмеді.

Жаңа өзендегі оқиғалар. Алматыдағы желтоқсан оқиғалары, Кеңес Одағының әр түрлі аймақтарында болып жатқан жанжалдар билік органдарын ойлантуға, жылдар бойы жинақталған проблемаларды шешудің тәсілдері мен жолдарын іздестіруге мәжбүр етуге тиісті еді. Осындай шешімін таппаған түйіннің бірі Маңғыстау облысының Жаңа өзен қаласындағы ірі толқуға әкеліп соқтырды. Мұнда тұрғын үй алу кезегі, мектепке дейінгі балалар мекемелеріне деген кезек өте баяу жылжыды, жастар арасында жұмыссыздық өсті. Аймақтың мұнайы мен газын сорып жатқан орталық ведомстволар жергілікті жерде кадрлар даярлаудың орнына, өндіріс орындарында Солтүстік Кавказдықтар мен өзге ұлт өкілдерінің және вахталық әдіспен қызмет етуі халық наразылығының түрткісі болды.

Сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыруда ірі кемшіліктер болды. Үй бөлуде, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын бөлуде әділеттілік бұзылып отырды. Басқа жақтан келген жұмысшылар жергілікті халықтың дәстүрлерімен санаспай, оларды дөрекілікпен кемсітті. Әлеуметтік жағдайлардың шиеленісуі ұлтаралық қатынастардағы, әсіресе байырғы тұрғындар мен Кавказ ұлт өкілдерінің арасындағы қақтығыстармен астыртын ұштаса бастады. 1989 жылдың маусымында қалада екі жақтан да қан төгілген жаппай тәртіпсіздіктер басталды. Бұл жанжал құқық қорғау органдары мен арнайы мақсаттағы әскерлердің араласуымен ғана басылды. Басқа да қалалар мен жұмысшы қалашықтарында жекелеген жанжалдар аз болған жоқ.

Қарағанды кеншілерінің ереуілдері. 1989 жылы шілдеде Қарағанды көмір алыбының 10-15 мың кеншілері күн сайын ереуілге шықты. Кеншілердің талаптары алғашқыда экономикалық сипатта болса, әсіресе еңбек ақыны көбейту, шахталардағы еңбек жағдайын жақсарту, азық-түлік тауарларының түрлерін көбейту мәселелері алға тартылды. Кейіннен әлеуметтік талаптарға, Семей ядролық полигонын жабу, одақтық ведомстволардың монополиясын тоқтату мәселесі қосылды. Кеншілер құрған комитеттердің басында Д.Тегісов, П.Шлегель, М.Рамазанов, П.Перебойнос және басқалар тұрды. Кеншілермен билеуші орындардың басшыларының бірнеше кездесу-сұхбатынан кейін, олардың көптеген, әрі әділетті талаптарын орындауға уәде берілген соң ғана ереуілдер тоқтатылды.

6. КСРО және Кеңестік Қазақстанды қайта құру әрекеттері.

6.1. КСРО ыдырауының саяси негіздері.

Саяси себептері. КСРО сияқты жер шарының алтыдан бір бөлігін алып жатқан империяның күйреп, тарих сахнасынан кетуі — ХХ ғасыр соңындағы әлем халықтары тарихының басты оқиғасы болды. КСРО-ның күйреуі, тек сол мемлекетті мекендеген халықтар тағдырына ғана емес, жалпы әлемдік даму үрдісіне де елеулі ықпал етті. Әлем “социалистік” және “капиталистік” деп аталған жүйелер арасындағы бәсекелестік пен текетірістен құтылып, халықтар мен мемлекеттер қатынасының жаңа кезеңіне аяқ басты. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің пайда болып, қалыптасуы да сол империяның

күйреуімен тікелей байланысты. Сондықтан КСРО-ның күйреу тарихы, оның себептері мен салдары тарих үшін де өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Келешекте бұл мәселенің, тарихымыздың түйінді проблемаласы ретінде, арнайы да кешенді зерттелері күмәнсіз.

Тәуелсіздігіміздің объективті алғышарттарының маңызды факторларының бірі ретінде, КСРО-ның күйреу себептерін талдауда Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің дерек көздері ретінде алар орны ерекше. 1980 жылдан бастап Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы, 1984 жылдан республика Министрлер Кеңесінің төрағасы болып жұмыс істеген, 1989 жылдың маусымында Қазақстан коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы, 1990 жылдың 24 сәуірінде Қазақстан Президенті болып сайланған бұл тарихи тұлға қызмет жағдайына байланысты КСРО-ның күйреу процесін іштей талдап, КСРО-ның күйреуін тездеткен Мәскеулік басшылардың так үшін таластарының куәгері болуына тура келді. Н. Назарбаевтың қызмет жағдайына орай осы жылдардың барлығында да, әрдайым оқиғалардың қалың ортасында жүріп, оларды талдауға және салыстыруға, қортындылар жасауға, шешімдер қабылдауға тура келгендігі ақиқат болып табылады.

Бұл жерде ерекше көңіл аударатын нәрсе, ол Н. Назарбаевтың “өзінің жеке пікірін айтуға бару” себебі КСРО мемлекетін жаңарту арқылы сақтап қалу болғандығы. Оның өз еңбектерінің бірінде: “Шындықтың бетіне қаймықпай тура қарайтын кездің келгеніне көп болды... Бізге керегі – қоғамдағы күштердің басын қосып, біріктіру, мұны құрғақ ұран деуге тіпті де болмайды. Бәрімізді біріктіре алатын қуатты күш ретінде дағдарысты жағдайдан шығу, адамдардың аман – саулығы, республикалардың гүлденуі, ұлы Одағымыздың жаңаруы мен нығайуы сияқты ортақ мақсаттарымыз күшті қызмет ете алады”- деп жазуы соның айқын дәлелі.

Сол жылдары Одақты сақтап қалу, оны жаңарту арқылы дамыту үшін күресі өмір шындығынан туындаған қажеттілік еді. Егерде республикалар бас-басына кеткен болса, өздерінің ұлттық отауларына бөлініп алып, томағатұйық өмір сүрсе, не болатынын билеушілер бірдей, жеріне жете ойланып, түсіне қойды ма? Кеңестік экономика жайбарақат бөлісіп ала салатын зат емес еді ғой. Бүгінгі таңдағы интеграция дәрежесіне жеткен шақта қарға тамырлы болып кеткен экономикалық байланыстарымызды быт-шыт етіп үзудің қаншалықты қатерлі екенін алдынала болжай білу үшін тіпті де арнайы теориялық болжаудың қажеті жоқ. Оның үстіне бір-біріне мүлде тәуелсіз, жаңа мемлекеттерді құру дегеніңіз де өте қымбатқа түсетін іс екенін дәлелдеп жатудың сірә, керегі бола қоймады.

Жаңартылған Одақты сақтау үшін жасалған әрекеттерге кезінде бұрынғы Одақтық орталық баспасөз беттерінде әр түрлі қарама-қайшы пікірлер жарияланды. Мысалы, Одақты жаңарту арқылы сақтап қалу үшін жүргізген іс әрекеттер туралы Кеңестер мемлекетін 70 жылдан астам билеген саяси партияның басты насихат құралы - “Правда” газеті демократиялық басылымдарда Одақты жаңартылған түрінде сақтап қалу мәселесінде тым ұзақ жүрді деген сын айтылады дей келе, нәліктен болғандығы туралы сол

кездегі билікке деген сүйіспеншіліктен немесе оның қызметіне риза болушылықтан жасалынған жоқ. Әңгіме тіптен басқада.

Модернизациялық іс-харекеттердің алғы шебінде көрінген Н.Ә.Назарбаев мектеп табалдырығын аттаған соңғы өмірінде өндіріспен, экономикамен тығыз байланыста болды, олардың ішкі проблемаларын жете білді. Республикалардың азғана жетекшілерінің бірі ретінде, ол халық шаруашылығының барлық салаларының интеграцияланғандығын терең түсінді, шаруашылық байланыстарының бір сәтте үзілуінің қандай қасіреттерге әкелетіндігі туралы ол өзіне есеп берді. Біртұтас экономикалық кеңістікті бұзу, ұлттық валютаны енгізу, кеден бекеттерін орнату, баж салығын енгізу, виза ашу т.т қажеттігін туғызады, ал ең соңында шекараларды бекіту керек болады. Мұның бәрі экономикаға қосымша салмақ түсіретін өте бұрын соңды кездеспеген және күрделі қымбат істер.

Сондықтан, жаңартылған Одақты сақтап қалу идеясын қызу қолдаушылар үкіметті өз шешімдері мен іс-қимылдарындағы батылсыздықтары, жүйесіздіктері үшін бәрінен де көп сынады” — деп, түсіндірген және өз сөзінің дәлелі ретінде Н.Назарбаевтың КСРО халық депутаттарының ІҮ съезінде жасаған баяндамасының мәтінінде дәлелдеп берген еді.

Жаңартылған Одақты сақтап қалу үшін күресу себебін “Азия асқарларында”: “Халқының арман-аңсарын анық білетін және өзегінен өткізе сезінетін ұлт перзенті ретінде Н.Назарбаев қайта құруды жан-тәнімен қабыл алды. Қашанда айрықша стратегиялық түйсігімен ерекшелінетін ол империя үстемдігінен құтылудың мүмкіндігі ашылғанын анық көрді. Алайда прагматик ретінде ол бұл жолдың жақын да болса алыс екенін тамаша түсінді. Бір жағынан желтоқсанның қанды оқиғаларын, бірақ енді бүкіл көпұлтты ел аумағында, қайталау қаупі бар еді, ал бұл азамат соғысын аңдататын – оның мысалдары сол кездің өзінде табылатын. Екінші жағынан, Қазақстан экономикасы жалпыодақтық рынокқа тым етене қабыстырылған, сонан да бұл байланыстарды дереу үзіп жіберу жалпы қан тамыры жүйесінен қол үзгенмен бірдей болатын. Осының бәрі жинақтала келе ыдырай бастаған Кеңестік Республикалар Одағына деген көреген басшылардың ұстанымын айқындады.

Біртұтас экономикалық кеңістіктің заңды түрде, бірақ тым тез күйреп түсуінің қандай қатері бар екені де күрделі көрініс болды. Сол кезге дайындалып үлгеру үшін Қазақстанға уақыт керек еді. Қазақстан басшысы ақыры болмай қоймайтын қирау сәтін мүмкіндігінше ұзарту үшін жаңартылған Одақты сақтап қалуға ұмтылған түйінді тұлғалардың біріне айналды. Алайда жүрдек дамып жатқан оқиғалар уақыттың таусылуға айналғанын дәлелдеп берді.

Бұл фактор кітапта айтылған өткен ғасырдың 70-80 жылдарында қалыптасып, 90 жылдары шарықтау шегіне жеткен кемшіліктер туралы пікірлердің шынайылық деңгейінің жоғары екендігін дәлелдейді. КСРО-ның көп ұзамай-ақ 1991 жылдың күзінде күйреуі себептері ретінде қарастыруға мүмкіндік бергенін байқаймыз. Өйткені, өмірге аян болған кемшіліктердің

асқынғандығы соншалықты, оларды түзету мүмкін болмай шықты. Ал, асқынған аурудың алмай қоймайтындығы белгілі. КСРО сияқты алып империя 300 млн жуық халықтың көз алдында күйреді.

Әлемдік және посткеңестік мемлекет зерттеушілер тұжырымынша КСРО күйреуінің ең басты себептерінің бірі – *елде сөз бен істің бірлігінің болмауы, тіпті олар ара-қатынасының қайшылығы еді*. Бар билікті өз қолына жинап алған коммунистік партияның саясатына сай “дұрыс” сөйлеу, бірақ басқаша ойлап, іс жүзінде керісінше істеудің, яғни екіжүздікке барудың елде кең етек алуында. Мұндай ел тағдыры үшін аса қауіпті үрдістің пайда болып, қалыптасуына және дамуына кінәлі басқа емес, басынан шіріген балық сияқты, сол ел басқарып отырған партияның ең жоғарғы басшыларының өздері еді. Жетпісінші жылдардан бастап партияның жоғарғы билік буындарында сөз бен істің бірлігіне шақырған үндеулер барған сайын күштірек әрі табандылықпен естіле бастады. Турасын айтатын болсақ, бұл талаптан нағыз екіжүзділік аңғарылып тұрды. Жоғары басшылықтағылар мұндай бірлікке ең алдымен өздерін өздері шақыруы тиіс болатын. КСРО басшыларының жеке басына табынуды қоздыра отырып және ең бірінші кісіге жақын адамдарға жасалатын бүкіл игіліктерді пайдалана жүріп, ат төбеліндей әміршіл топ партия бұқарасынан барған сайын қол үзе бастаған еді.

Ең жоғарғы дәрежедегі шешімдер де мемлекеттің, кеңес халқының мүддесіне емес, сол партия басшылығындағы ат төбеліндей әміршіл топтың мүддесіне сай, жоғарыдағылардың алаңсыз өмір сүруі үшін қабылданатын болғанын анық байқалды. Сол кезде қалыптасқан өмір шындығына толық сай келетіндігін көптеген нақты фактілер арқылы дәлелдеуге болады. Солардың бірі ХХ ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап елдегі биліктің ең ұшар орнындағы КОКП ОК Бас хатшыларының денсаулықтарына байланысты бірінен соң бірінің дүниеден озуы, яғни елдегі ең жоғары билікке денсаулығы тозған адамдардың келуі. Яғни, халық пен мемлекет тағдырының денсаулықтары ешбір жауапты істі атқары алмайтын өз басымен қайғы болып жүрген «бір аяғы өрде, бір аяғы көрде» адамдардың қолында болуы.

Ұзақ жылдар бойы партия басшыларын емдеу ісімен айналысқандықтан олардың денсаулықтарының қандай екендігін жақсы білетін академик Е. Чазовтың айтуынша, 1975 жылдан науқас Л. Брежнев, тіптен өз бетінше жүріп-тұрудан, дұрыс сөйлеуден қалса да, өмірінің соңғы күндеріне дейін сол қызметті “атқарды”. Оның орнына КОКП ОК саяси бюросының, яғни шексіз билікке ие бір топ адамдардың, шешімімен көп жылдан бері күрделі сырқатты Ю. Андропов Бас хатшы болып тағайындалды. Көп ұзамай-ақ ол да ауруханаға жатуға мәжбүр болды. КСРО сияқты алып мемлекетті өмірінің соңына дейін ауруханада жатып “басқарды”. Оның орнына өмір бойы демікпе ауруға шалынған, сөздің тікелей мағынасында, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде тұрған К. Черненко, сол топтың шешімімен, Бас хатшы болып тағайындалды. Оның да ұзаққа бармайтындығы баршаға белгілі еді. Ешқандай да ақылға симайтын мұндай

шешімдердің, сол топтың тек өз мүддесі үшін ғана қабылдағандығы еш күмән туғызбайды.

Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметіне тұру үшін Бас хатшының келісімін алу қажет болғандықтан К. У. Черненконың денсаулығына байланысты Мәскеуге үшінші рет барғанда ғана қабылдауында бола алған Н. Назарбаевқа бар жоғы: “Мұның жасы қаншада?”-деп жалғыз сұрақ қойуға жарап, орнынан көтеріліп, жүрмек болғанда құлап қала жаздаған елдің бірінші басшысының қалін өз көзімен көргеннен кейінгі келген ой мен жасаған қорытындысы аясында Н. Назарбаев: “Аса ірі мемлекеттің басында осындай адам да отырады екен-ау! Басқа да ойлар келді. Өйткені мұндай жағдайда адамның бір нәрсеге елеулі ықпал етуге қабілеті бола қоймайтыны айқын көрініп тұр еді. Олай болса, мұндай Бас хатшыны өкімет билігінің өзіндік рәсімі ретінде ұстап, сол бір тұлғаның панасында емін-еркін рақат өмір сүру әлдебіреулерге өте қолайлы болғаны ғой”-деп жазған еді.

Ал, ондай символикалық басшының кімдер үшін қажет екендігі туралы саяси Бюроның арнайы жабық қаулысы қабылданыпты. Онда Саяси Бюроның жасы асқан қарт мүшелеріне қысқартылған жұмыс күні және аптасына бір рет – жұма сайын – қосымша үшінші демалыс күні белгіленіпті. Сондықтан да олардың ешқайсысы да ерекше жан қинап жұмыс істей қоймайтын, әдетте бейсембінің өзінде-ақ бәрі де саяжайларына кете бастайтын, онда таза ауа жұтып, арнаулы орындарда аң аулап демалатын болған.

Мұндай жан қинамай жұмыс істеу тәсілін республика басшыларының да шебер меңгеріп алғандығын, өзінің Қазақстан үкіметін басқаруға келген кездегі қалыптасқан жағдайы мысалында көптеген басқа да басшылар сияқты, бұл қызметте менің алдымда болған адам негізінен бір ғана принципті басшылыққа алушы еді: ең бастысы барлығы да ың-шыңсыз тыныш болғаны керек. Өзгелерді аз мазаласаң, өзің де тыныш өмір сүресің. Тек жоғарғы жаққа жиі-жиі қарап қою керек, өйткені бірінші басшыға дер кезінде жағыну және оның еркі мен тілегіне қарсы келіп қалмау қажет. Мұндай айқындамадан ұтылмайсың.

Одақтық және республикалық деңгейлерде қалыптасқан мұндай жұмыс тәсілінің көп ұзамай-ақ, партия ішінде берік қалыптасқан, “демократиялық принципке” сай, жоғарыдан төмен қарай тез тарап, төменгі партия органдарының қызметкерлеріне де жеткендігі және оның не бергендігі ішкі партиялық жұмыстарды жақсарту мен жетілдіру жөніндегі көптеген қаулылар көзбояушылық сипат алды. Сондықтан төменгі партия органдарының қызметі де барған сайын жасандылыққа бой ұрды. Партия басшыларынан қатып қалған догмалық дүмшелік пен «ыңғайлы» цифрлік деректерден алуан түрлі есеп құрастырудан басқа ешнәрсе талап етілмеді. Партия беделі қатты екпінмен құлдырай бастады, Партия ешқандай да игіліктер бермейді, коммунистің бір ғана артықшылығы бар – ол әрдайым алда, ең қиын жерде болады деген даурықпа сөзге уақыт өткен сайын ешкім

де сенбейтін болды. Олай болса КСРО күйреуінің объективті себебі ел билегішен саяси партияның басынан шірігендігі айдан анық болды.

Сонымен қатар, ондаған жылдар бойы қалыптасқан Кеңестік жүйенің, бар биліктің бір ғана партияның қолына нық шоғырлануының былайғы жұрттың, тіптен қатардағы партия мүшелерінің өздері де біле бермейтін қырларына айналды. Мысалы, ол жылдары шексіз билікке ие жоғарғы партия басшылығы ғана емес, орталық партия аппаратында жұмыс істейтін қатардағы қызметкерлердің өздері де республика басшыларының тағдырын шешіп отырған. СОКП Орталық Комитетінің партия органдары бөлімінің республиканы қадағалайтын кез келген қызметкері ел туралы қандай пікір болса да қалыптастыра алатын мәртебеге ие болды. Ал, СОКП Орталық Комитетінің нақты аймақтардағы істермен айналысатын сектор меңгерушісі – барып тұрған патшаның да, құдайдың да тап өзі екені жөнінде көптеген сол заманғы қызметкерлер айтады. Бәрі де соның жоғары қарай жазып жіберетін бір жапырақ қағазына байланысты. Лауазымды және қатардағы азаматтың тағдырын тап сол қағазға байланысты – сондықтан да ойланып-толғанып жатпай-ақ, бас шұлғып бағына беру керек болатын. Сектор меңгерушісінен жоғары қызметте отырғандар туралы әңгіме етудің де қажеті жоқ. Олар кез келген адамның тағдырын бір сағаттың ішінде-ақ шешіп жібере алатын.

Демек, республика көлемінде үлкен лауазым иесі болып табылатын басшылардың өздерінің де өз биліктері өздерінде болмаған. Олар да қатаң бақылауда, күндіз-түні бақылауда болған. Осының бәрін өз басынан өткізген адамдар сыңаржақты кеңестік қыспақтың мұншалықты тауқыметін жергілікті жерлердегі басшы кадрлары айрықша тартқан. Тіпті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы болып отырғандар өзі де жоғарыдан бәрін де көріп отыратын көзден таса қала алмайтын. Еш жерде, тіпті, жұмыстан тыс уақытта да партия бақылауында болғаны анық: кімнің үйіне қонаққа бардың, демалыс орнының аумағында кіммен бірге тұрақты серуендедің, кіммен және не туралы әңгімелестің – бәрі де алақаныңдағыдай айқын болатын, шындыққа сай емес деп ешкім де айта алмайды.

Кеңестер мемлекетінің күйреу себептерін түсінуде саяси билік жүйесінің ішкі сырын жетік білетін Н. Назарбаевтың КСРО-дағы билік иерархиясының қалыптасу механизмін ашып көрсетуінің маңызы үлкен. Сондықтан, Н. Назарбаевтың осы мәселеге қатысты айтқандарын толығырақ келтірейік. Ол: “Тоқырау өмірдің барлық салаларында: идеологияда да, адамдар арасындағы қарым-қатынаста да орын алды. КСРО басшысы Л.Брежневтің жеке басына табыну етек алған жағдайда, әсіресе жетпісінші жылдардың аяғы мен сексенінші жылдардың бас кезінде, елімізде әлдебір әлеуметтік енжарлық пайда болып, барған сайын күшейе түсті. Бұл жолы жеке басқа табыну ең алдымен Мәскеуден басталып, оны мемлекет пен партия басшысы төңрегіндегі серіктері – Саяси Бюро мүшелері, СОКП Орталық Комитетінің хатшылары қалыптастырды.

Дерт партиялық-мемлекеттік құрылымды жоғарыдан төменге дейін меңдеп алды. Ол республикалар мен облыстардың басшы кадрларына да тез жұқпай қала алмады. КСРО басшысының республикалық Орталық

Комитеттердің басшыларын, ал олар өз кезегінде облыстық партия комитеттерінің хатшыларын жеке өздеріне шын берілгендік қағидаты бойынша – лауазымды орындарға тек өзі сенген адамдарын ғана қойып отырғанын ескеру керек. Оның үстіне, қуатты сүзгі ретіндегі аппарат та “жаңылыс кету” ықтималдылығына іс жүзінде де жол бермейтін.

Сол жылдары кең қанат жайған тәжірибе бойынша мысалы, облыс бірінші басшысы болып сайлану үшін ол қызмет орнына ұсынылған кісі әуелі республика Компартиясының Орталық Комитетіндегі, одан соң СОКП Орталық Комитетіндегі бүкіл иерархиялық қызметтік сатыларында болып, нұсқаушымен, сектор меңгерушісімен, ұйымдастыру-партиялық жұмыстар бөлімі меңгерушісінің орынбасарымен және меңгерушісімен, кадр мәселелерімен айналысатын хатшымен, Саяси Бюроның екі-үш мүшесімен алдын ала әңгімелесуден өтуі керек еді. Одан әрі ол партиядағы екінші дәрежелі адамға баратын, ал ең соңында ғана Бас хатшыға жететін, осының бәрінен кейін Орталық Комитеттің Секретарияты мен Саяси Бюроның мәжілістерінде талқыланатын. Бұдың барлығы мемлекетте, одақтас республика және жергілікті билікте шынайы демократия болмағанын дәлелдейді. Яғни, Кремльде жайғасқан СОКП Орталық Комитетінің ұсынысы іс жүзінде ең соңғы, түпкілікті шешім болып есептелді. Ал жергілікті партия комитеті пленумының үлесіне қалай болса солай қол көтеріп, дауыс беру ғана қалатын.

Егер, КСРО көлемінде бар билік жоғарғы партия басшылығы мен орталық аппарат қызметкерлерінің қолында болса, республика көлемінде билік бірінші басшы мен соның төңрегіндегілердің қолында болатын. Сол жылдары Қазақстанда қалыптасқан “дәстүр” бірінші басшының төңірегіне топтасқан шағын шоғыр практика жүзінде барлық істі шешетін. Көп жағдайда Орталық Комитеттің хатшылары, республика Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшелері бола тұрса да, кадрларды тағайындау, оларды ауыстыру сияқты басқа да маңызды шара жөнінде мәселе шешіліп қойғаннан кейін ғана белгілі болған.

Осылай, “дәстүр” жоғарыдан төмен қарай жалғаса беретін. Облыс көлемінде бар билік облыстық партия комитетінің бірінші хатшысының қолында болса, аудан көлемінде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының қолында болатын. Сондықтан “біріншінің” көңілін тауып, соның ойынан шығу партияның барлық бастауыш ұйымдары хатшыларының негізгі міндетіне, күнделікті “жұмысына” айналды. Партияның негізін құрайтын, яғни басты тірегі болып табылатын бастауыш партия ұйымдарын да құр ұран арқылы көзбояушылық жайлады. Тірі адаммен, яғни қатардағы партия мүшесімен жұмыс істеу, қағазбен жұмыс істеумен ауыстырылды. Осылай, КОКП-ның ең биік шыңынан басталған індет – екіжүзділік, жеке бастың мүддесін ғана ойлау, жағымпаздық, құр уәде мен терең сенім т.б. партияның барлық буынын қамтып, ең төменге дейін жетті.

КСРО сияқты алып мемлекетті басқарып отырған партия аппаратының жоғарыдан төменге дейін, төменнен жоғарыға дейін «жазылмас сырқат» індетіне шалдыққандығы туралы тұжырымның шындыққа толық сай

келетіндігін ондаған, жүздеген деректер арқылы оңай дәлелдеуге болады. Өйткені оның ең басты дәлелі өмірдің өзі. Дегенмен, шынайылық деңгейінің аса жоғары екендігі еш күмән туғызбайтын бір ғана дерек келтірейік. СОКП ОК жұмысының ішкі құрылым-құбылысын өте жақсы білетіндердің бірі ретінде Б. Н. Ельцин өз заманхатында жалпы СОКП ОК аппаратының жұмысы – қайталанбайтын ерекше құбылыс. Ол ешнәрседе өндірмейді. Ешнәрсе де, тек қағаздан басқа. Тонналаған қағаз. Ең қызығы, жұмыстағы жетістік, осы таудай боп үйілген, ешкімге керегі жоқ анықтамалар, есептер, жауаптар, баяндамалар, талдаулар, жобалар т.т. өлшенеді. Саяси бюро, партияның ОК қандай болса, аппарат та дәл сондай, жақсы да емес, жаман да емес... Бұдан сәл бұрын орталық билік тарапынан таратылған дамыған социализм туралы айтуы мұң екен бүкіл аппарат, аса үлкен машина кемелденген социализмнің қалай дамығандығы және дами беретіндігі, оның кезеңдері мен жолдары, кеңес халқының кемелденген социализм кезінде қалай жақсы тұратындығы туралы “аңыздар” өндіре бастады.

Бұл, сөз жоқ, партияның әр түрлі деңгейдегі органдарында жұмыс істейтін парасатты адал адамдардың наразылығын, іштей қарсылығын тудырмай қойған жоқ. Олардың көпшілігінде іштей риза болмаушылық қана емес, сонымен қатар бұған дейін мызғымастай берік сияқты көрініп келген тәртіптерге қарсы күрес жүргізу қажеттігі де сөзсіз өсе түсті.

Сонымен қатар КСРО-ны терең дағдарысқа әкелген ондай наразылықтың қашан және неліктен пайда бола бастағандығы партия ұйымдарында, партияның төменнен жоғарыға дейінгі әр түрлі басшы буындарында шамамен жетпісінші жылдардың орта кезінен бастап пісіп-жетіле бастаған еді. Партиялық жұмыстың барған сайын формализмге ұрынып бара жатқаны, дүмшелік құрғақ сөздің, жалған көрсеткіштердің, көпірме статистиканың көбейіп, асқына түскені тап сол кезде байқала басталып, партияда қалыптасқан жұмыс істеу тәсілін, оның бар мән-мағанасын және салдарын толық ашып көрсеткен. Партия ұйымдарының хатшыларын есеп бергенде коммунистердің партия жиналыстарына қатысуын көбейтіп көрсетуге, саяси оқудың ұйымдастырылған әр түрлі формаларына СОКП мүшелерін ғана емес, сонымен қатар партияда жоқтарды да түп-түгел қамтуға, ешкімге де қажеті жоқ түрлі қағаздар мен анықтамаларды тау-тау етіп жасауға мәжбүр ете бастады. Өмірде бар адамдардың арасындағы жанды жұмыс екінші кезекке ысырылды. Партия ұйымдастырушыларының жұмысындағы басты нәрсе дер кезінде және сауатты есеп беру, дер кезінде ақпарат беру болды. Олардың жұмысына аудандық партия комитеті жіберген қағаздарына қарай баға беретін болды. Партия ұйымдарына басшылық жасаудың нәзік әкімшілік тәсілдері неғұрлым нық орныға бастаған сайын, оның барлық қызметіндегі жанды мазмұн соғұрлым жойыла түсті.

Кейбіреулер бұған тез бейімделіп те алды. Партияға кіруге мансапқорлар ұмтыла бастады. Жағдайдың бұлай өзгере бастауы жұмысшылардың СОКП-ға деген көзқарасына да әсер етті. Партия қатарындағы жұмысшылар тобын жасанды түрде сақтап отыруға тура келді.

Елде белгілі бір өзгерістер жасамауға болмайтындығын 1985 жылы Бас хатшылыққа келген М.С. Горбачев та жақсы сезінді. Соның тікелей бастамшылығымен КОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір Пленумында елде “қайта құру” шараларын жүргізу арқылы қоғамды одан әрі дамыту туралы шешім қабылданды. Оның аяғы немен тынғандығы тарихтан жақсы белгілі. Басқа емес, сол басқарушы партияның Бас хатшысының тікелей өзінің бастауымен және Орталық Комитеттің мақұлдауымен елді “қайта құру” бағытында басталған нақты іс-шаралар, көп ұзамай ондаған жылдар бойы қалыптасып, әбден қатып-семген әміршілдік-әкімшілдік жүйенің бір топ жоғарғы басшылығының, “қытай қорғанындай” мызғымас қарсылығына тап болды. Қортындысында 1991 жылдың күзінде КСРО мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатты. Ал, М.С. Горбачев КСРО-ның тұңғыш және соңғы Президенті ретінде тарихта қалды.

КСРО сияқты алып империяның іргесін шайқалтқан 1985 жылғы сәуір пленумы туралы содан тура 20 жылдан кейін баршаға танымал “Еуразия жүрегінде” атты еңбекте нақ сол жылы Михаил Горбачев мәңгі мызғымастай көрінетін Кеңес Одағының тағдырына шешуші ықпал еткен бағдарламаны өзі бастап қолға алғаны белгілі болды.

Кеңес Одағының қуатты әлеуетіне кәміл сенетіндіктен, КОКП Орталық Комитетінің сәуір пленумын, сол пленумдағы М.С. Горбачевтың кеңес қоғамын ауқымды тұрғыда жаппай қайта өзгерту қажеттігі туралы тосын идеясын, “қайта құру” деген қарапайым ғана аталып, жалпақ жұртқа жария етілген әйгілі баяндамасын қалың бұқара үлкен сеніммен қабылдады. Оның өзі де қоғамға үлкен өзгерістер қажет екендігін ұғынып, терең толғаныс үстінде жүретін. Ескі заманның дәурені ықылассыз, баяу өтіп бара жатқанын, оның алып мемлекеттің тағдырын басқару құқығынан қынжыла айырылып жатқанын, билікке сондай өлермен табандылықпен жармасып тұрғанын бақылау естен кетпес көрініс еді.

Жоғарғы басшылықтың қандай да болмасын өзгеріске жанталаса қарсы тұру себебі туралы Н. Назарбаев өз еңбегінде: “1985 жылы СОКП Орталық Комитеті сәуір Пленумының шешімдерін жан жүрегімен қабылдаған және оған шын ықыласымен сенген адамдардың ең ізгі ниеттері қасарысқан қарсылыққа неге душар болғанын мен кейінірек қана түсіндім. Қоғам мен халықтың мүдделерін ондаған жылдар бойы ең жоғарғы мақсат ретінде көпірме сөздермен жариялап келген әміршілдік-әкімшілдік жүйенің ат төбеліндей аз ғана тобы өздерінің іс-әрекеттерін бір ғана нәрсеге — өздерінің жағдайларын нығайтуға жұмсап келді. Сондықтан да салтанатты түрде отырып алып, көркейіп өсе түскен топ ол жүйеге ең кішкентай сызат түсіруге қаблетті нәрсенің бәрі де мейлінше нақты адамдардың қаймағы бұзылмай отырған тыныш өміріне қатер төндіру болып табылады деп негізсіз есептеген жоқ”-деп жазды.

Жарық көрген еңбектерінде Н. Назарбаев елде басталған “қайта құрудың” берген алғашқы нәтижелеріне талдау жасай отырып, КСРО-ның құлауына алып келген саяси себептердің көріністері туралы өте құнды пікірлер айтқан. Ол соңғы жылдары “қайта құру” деген сөз өзінің құнын

әдәуір түсіріп алды десек, мұның өзі пәлендей жаңалық бола қоймайды... Ендігі жерде бұлай өмір сүруге болмайды деп алғаш рет айтылған кезде, жұрт бұған әбден келіскен болатын. Өйткені ендігі жерде шындығында да бұлай өмір сүруге болмайтынын әрбір адам жақсы түсінген еді. Демократияландыру мен жариялылық бағыты жарияланған кезде, жұрт мұны да қолдады. Өйткені ауасы бұзылған бұрынғы ахуалда тыныс алудың өзі барған сайын қиындай түскенін бәрі де түсінді. Алғашқыда көптеген адамдар сөз бостандығына, пікір білдіру еркіндігіне толық қол жетсе-ақ болды, өміріміз бен экономикамыз өз-өзінен оңалып жүре береді деп деп ойлады. Бірақ демократияландыру мен жариялық қайта құрудың мақсатынан гөрі оның маңызды құралы екені, ал бұл құралды дұрыс пайдалана білуді үйрену қажет екені көп ұзамай-ақ айқын болды. Мемлекеттік және экономикалық құрылым негіздерімен тікелей айналысуға кезек келгенде әбден абыржу келді. Неден бастау керек, нені керексіз деп қиратып, лақтырып тастауға болады, нені сақтап, нені жаңадан салуымыз керек екенін ешкім де жөнді білмеді. Пікірлер бір-біріне қарама-қайшы, қызу әрі ымырасыз бола бастады. Батыл өзгерістер жасау қажеттілігін бірінші болып мәлімдей отырса да, партия қоғамға қайта құрудың біртұтас және сындарлы бағдарламасын ұсына алмады өйткені СОКП-да нағыз ақыл-ой орталығы жоқ болатын. Партияның орасан штаты бар аса ірі ғылыми-оқу мекемелері атам заманғы қасаң қағидалардан айырылмай, аппараттың ұсақ мүдделеріне ғана қызмет етуді одан әрі жалғастыра берді, қазіргі ғылыми және қоғамдық ақыл-ойдан мүлдем артта қалып қойғаны аян болды.

Егер, Н. Назарбаев аталған еңбегінде осылай КСРО-ның күйреу қарсаңындағы елдің саяси басқару жүйесінде қалыптасқан жағдай туралы айтса, 1996 жылдың басында, яғни КСРО құлағаннан кейін 4 жылдан соң, жарық көрген “Ғасырлар тоғысында” атты кітабында, КСРО-ның құлауының саяси және әлеуметтік-экономикалық себептерін көрсетіп, оларға талдау жасады және өз пікірін айтты. Мысалы, ол КСРО-ның құлауына қатысты сол жылдары айтылып жүрген әр түрлі пікірлердің бар екендігі туралы: “КСРО-ның құлау себептері жайындағы әр алуан пікірлер, негізінен, екі арнаға тоғысады. Бірі, КСРО өздерінің бірден-бір идеологиялық және геосаяси бәсекелесінің көзін құртуға тырысқан сыртқы және ішкі іріткі күштердің бірлескен қимылы нәтижесінде болса; екіншісі, бұл әлдеқашан математикалық дәлдікпен жете мөлшерленген, ешқандай объективті де субъективті де себепсіз-ақ, тап осы кезеңде қалай да болмай қоймайтын заңды құбылыс еді. Әрине, бұл екеуі – бір-біріне еш қиыспайтын ең кереғар көзқарастар деген талдау жасаған.

Н. Назарбаевтың айтуынша Кеңестер Одағы ақпараттық және мағыналық шабуылды күшейтіп, жүйелі түрде іргесін сөге беруді көздеген көп жылғы іріткі әрекеттің нәтижесінде құлады дейтін пайымдаудың, былайғыларына қарағанда көбірек қисынға келінкірейтіні рас. Дегенмен, ол қауіпсіз де пікір емес. Ондай пікірдің астарында не жатқандығы туралы Президент егер, КСРО геосаяси бәсекелестерінің ақпараттық шабуылы нәтижесінде құлаған болса, ТМД-ның ешбір елінің тәуелсіз дамуының

келешегі жоқ болып шығады. Басқа сөзбен айтқанда, бұл мемлекеттер орасан ақпараттық шайқастың орнында қалған мүгедек мүскіндер болып шығады. Талайға дейін естерін жиып, етектерін жаба алмайды. Бұл пікірдің төркінінде, ондай мемлекеттер не одан әрі өз-өзінен күйреп жоғалуға тиіс, не қайтадан бір мемлекеттің қатал уысына бірігуі керек деген түйін жатқанын дәлелдейді.

КСРО-ның құлауын таза ішкі процесс ретінде қарастыратын екінші пікірдің де көңілге қона бермейтіндігі туралы Н. Назарбаев, екінші жағынан, ТМД елдерінде болып жатқан өзгерістер – ешқандай реформа емес, саналы түрдегі бүлдіру мен күйрету деген пікірдің де еш қисыны жоқ. Бүлдіру болса, нені бүлдіру? – деген сұраққа ой бұрады.

Оның үстіне, КСРО-да қоғамдық ғылымдардың дамуының соншалықты төмен болуы, мемлекеттің құлағанына төрт жыл өтсе де құлаққа кіретіндей түсініктемені ешкімнің айтып бере алмай жүргендігі де оған әсер еткен. Демек, зерттеушілер КСРО-ның ыдырау себептері туралы Н.Ә. Назарбаевтың “Ғасырлар тоғысында” атты еңбегінде айтқан пікірлерін, келтірген дәлелдерін КСРО-ның күйреу тарихының дерек көздері ретінде пайдалана алады. Сондықтан тарихымыздың аса бір күрделі құбылысы сырын ашуға көмектесетін дәйектер ретінде сол пікірлерге тоқталайық. Н. Назарбаев бұл оқиғаларды “ақпараттық соғыс”, “элита сатқындығы”, “психологиялық шабуыл” сынды арзанқол терминдермен түсіндіру орынсыз дей келе, оның төрінде жатқан күрделі себептеріне талдау жасаған. Олардың:

Біріншісі, ол “Ғасырлар тоғысында” КСРО-ның күйреуінің саяси себептеріне талдау жасауда өзінің “Әділеттің ақ жолында” айтқан ең жоғарғы дәрежедегі басшылық туралы ойын жалғастырған. Егер, “Әділеттің ақ жолында” басшылық атына айтылған сын, келтірілген нақты дәлелдер, сол басшылықты жақсарту, жіберілген кемшіліктерді түзету, саяси басшылықтың тиімділігін арттыру мақсатында айтылса, “Ғасырлар тоғысында” еңбегінде КСРО-ның күйреуі іске асқан факті ретінде қарастырылған, ал жіберілген кемшіліктер КСРО-ны күйреуге алып келген басты факторлар, нақты себептер ретінде айтылып, қорытындылар жасалынған.

Мысалы, ол өзінің бірінші кітабында айтқан елдегі ең жоғарғы басшылықтың жастарының ұлғайып, денсаулықтарының нашарлауына байланысты ел басқару қабілеттерінің төмендей бастағандықтары туралы ойын жалғастырып: “КСРО-ның кейінгі кезеңі маған ақсақалшылдық дәуірі боп елестейді. Тіпті брежневшілдік кезеңнің тілінде де соның әсері анық сезілген. Қырықтан асқанша жазушы болашағынан үміт күттіретін әдебиетші болып есептелетін. Саяси бюроның алпыстан асып кеткен мүшесі болашағы әлі алдағы қабілетті саясатшы болып саналатын. Ол кезде уақыт пен үйреншікті үрдістен екі елі сыртқа аттап шықпайтын абайшылдық қана қызмет бабында өсуге кепілдік бере алатын”-деп, сол уақыттың ерекшелігін айта келе Н.Ә. Назарбаев: “Бәлкім, бұл қазір күлкілі көрінер. Он жылдан соң орасан үлкен елдің быт-шытын шығарған қопарылғыштың сағат механизмінің құлағы маған тап сол кезде бұралған сияқты болып көрінеді. Тобы бұзылмастан бірге қартайып, бірге алжи бастаған бюрократияның

сүйікті кәсібіне айналған кадр тұрақтылығы бірте-бірте кадырлардың азғындауына ұрындырды”-деп, объективті және аса маңызды саяси қорытынды жасаған.

Екіншісі, тарих қойнауына енген саяси басшылықтың іс-әрекеттеріне, өмір салттарына, кадр саласында ұстанған бағыт-бағдарлары мен жүргізген саясаттарына талдау жасай келе, КСРО-ның күйреуінің саяси себептерінің субъективті-адами факторлармен байланысты терең сырларын да ашып көрсеткен жөн. Мысалы, КСРО басшылары Косыгин де, Суслов та, Устинов та, Громыко да, Байбаков та, республикалардың басшылары да, тіпті Брежневтің өзі де, тағы басқа көптеген адамдар сияқты, билікке 30-35 жастарынан бастап араласты. Әрине, осындай жас адамдар қабілеттері болмаса, әлгіндей биік қызметтерге көтеріле алмайтындары даусыз. Алайда олардың араға 25-30 жыл түскен соң да, өздерінің билікке қай жаста келгендерін ұмытып, элитаның құрамын жаңа адамдармен алмастыруға тіптен мән бермегендері зерттеушілер мен келесі ұрпақтарды таң қалдырады.

Бұлардың баршасы тарихи шындық. Осылардың көбі әр дәрежедегі билікке жастайынан, яғни И.Сталиннің кезінде-ақ араласа бастаған. Оны олардың кез-келгенінің өмірбаянын дерек көзі ретінде алып оңай дәлелдеуге болады. Онда неге олар жастарға жол бермей, өз орындарында тапжылмай ондаған жылдар бойы отырып алды? Оның ең басты себебі ел басшыларының ел қамын емес, жоғарыда айтылғандай, өз бастарының қамын ғана ойлауы еді. Ең жоғарғы дәрежедегі ондаған басшылардың бір уақыт аралығында (өткен ғасырдың 70-80 жылдарында), бір кеңістікте (Кремльде – С.С.) тек өз мүдделерін көздеп, өз бастарының қамын ойлаулары бір арнаға тоғыса келе, сол мемлекеттің түбіне жеткен мемлекеттік саясатқа ұласты.

Шыныда да олар шарықтау шыңдарына 70-жылдардың басында-ақ жете тұра, кейінгі буындардың өздерін өздері көрсетуіне жол бермеді. Сосын осы бір айрықша қабілетті адамдардың аттарына лайық, отырған орындарын өлмей босатпайтын әдетке ұласты. Жетпісінші-сексенінші жылдар тоғысында басқару элитасын түбегейлі алмастыратын кезең туды. Алайда уақыттың бұл талабына тиісінше жауап беруге КСРО саяси жүйесі атымен әзір емес болып шықты. Жүйенің тағы бір ішкі осалдығы мен ресми жетекшілердің сырты жылтырақ, іші қалтырақ көзбояушылар мен даңғойлық қана болып шыққаны болды. Оның мысалы ретінде ұзақ жылдар бойы КСРО сияқты алып мемлекетті басқарған Л. Брежнев он сегіз жыл ел билеген адам. Озбыр да, зұлым да емес, алайда ол дүниеден өткенде, ең жақындарынан басқа ешкім көздеріне жас алып жыламақ түгілі, тіпті реніш те білдірмеді. Бұдан жаман не болушы еді?

Үшіншісі, бұл тікелей сол заманда республиканы отыз жылдай басқарған Дінмұхамет Ахметұлы Қонаевты да айналып өтуі мүмкін емес. Қазақстанның ең ірі орындарын басқарған, өз заманының шын мәніндегі ірі саясаткері болғанымен, жетпістен асып кеткен жасында, психологиялық жағынан да, биологиялық жағынан да жаңа жағдайға икемделе алмауы мүмкін екенін ескермеу болса керек.

Д. Қонаевтың ол кезде ұстанған бағыты тек қана ескіше ойлаудың салдарынан, орнықтылықты қалай да сақтап қалуға тырысқандықтан ғана емес, өз өмірінде көп нәрсені бастан кешіп, әбден шаршағандықтан да туындап жатқан сияқты. Д. Қонаев ол жүйеде жұмыс істей жүре, аса қиын да күрделі талай жәйттерді бастан өткерген-ді. 70-80 жж. оның өзінің сенімді ортасында «шаршадым, барлығы жалықтырды, 75-ке дейін істеймін де кетемін...» деп жиі айтқанын да тұжырым жасағанда ескермеуге болмайды.

Әрине, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан жүйеге әбден бейімделген және сол жүйеге адал қызмет еткен, оның үстіне жасы келген адамның қоғамда болып жатқан түбегейлі саяси өзгерістерге сай тез бейімделіп кете қойуы қиын екендігі түсінікті. Дегенмен, Н. Назарбаевтың: “1980 жылдың басындағы бір оқиға ойыма келеді. Біз бірде оның ұшағымен республиканың күнгейінен теріскейіне бардық. Кенет мені қасына шақырып алып: “Біздің республикамыз қандай үлкен! Шіркін, өз алдымызға дербес мемлекет болсақ қой”, — деп сыбырлап, саусағымен аузын басты. Мұндай нәрселерді ол ылғи, әуелі, ұшақта да сыбырлап айтатын. Ойлаймын, ол Саяси бюро мүшелерінің де қыл үстінде жүргенін білген”- деп жазуы біраз нәрсені аңғартады. Біздің ойымызша оның табанды негізін мынадай жәйттерден көруге болатын сияқты:

Біріншіден, өмір бойы сыңаржақты сенім сеніс мен автократиялық ұстанымдағы саяси партияға адал қызмет еткен Д.А. Қонаевтың да жүрегінің түпкірінде ел дербестігі, ұлт тәуелсіздігі туралы тарихи үміт және арман болғандығын дәлелдейді.

Екіншіден, СОКП-ның сыңаржықты дүниетанымы мен авторитарлық тәжірибесі, КСРО мемлекеттік құрылымы асяндағы өмір оған әбден сақ болуды үйреткен. Саяси бюро мүшесінің, яғни ең жоғарғы биліктегілердің бірінің, Қазақстан сияқты үлкен республиканың бірінші басшысының өзінің ой-арманын “тіптен ұшақта да сыбырлап айтуы” біздегі ұзақ жылдар бойы дәріптелген, ұлттар теңдігінің іс жүзінде қай дәрежеде болғандығын көрсетеді.

Н. Назарбаев кейіннен өзінің Қонаевпен түсініскендігін, оның бұл дүниеден өтер алдында өзін қолдағандығын да айтқан. Ол: “Кейін елбасы болған соң, екеуміз талай кездестік. Әйелі қайтыс болғанда, үйіне кіріп шықтым. Шаруасы шығып қап келем десе, есігімді ашық ұстадым. Кейбір “бұрынғылардай” емес, Д. Қонаев саясаттан толығымен аулақтап, инабатын жоғалтпай, өзін ақылды ұстады. Республикада қолға алынып жатқан күрделі істерді қолдады...ақырғы ұшырасуымыздағы бір сөзі әлі есімнен кетпейді. “Сенің айтқандарың да, істегендерің де дұрыс болып шықты, Нұрсұлтан. Мен сен алған бағытты қолдаймын”, — деп еді”- дейді.

Үшіншіден, Д.А. Қонаевтың тарихи тұлға ретінде, аса күрделі кезеңде өз елін басқарып, халқына мүмкіндігінше қамқор болған басшы ретінде, ұлтының аяулы ұлдарының бірі ретінде Қазақстан тарихынан өз орнын алары күмәнсіз. Бүгінде Алматыда оның атымен аталған көше, университеттер бар. Орталықта ескерткіші тұр. Д. Қонаев атындағы қор жұмыс істейді. Кітаптары бірнеше рет басылып шықты.

Төртіншіден, КСРО-ның ыдырауына алып келген саяси, әлеуметтік-экономикалық себептердің тамыры тереңде жатқанымен, оның іс жүзінде күйреп, тарих қойнауына енуі КСРО-ның тұңғыш және соңғы Президенті есімімен байланысты екендігі белгілі. Аталмыш мемлекет күйреуін тездеткен саяси себептердің бірі ретінде М. Горбачевтың бірінші басшы қызметіндегі іс-әрекеттеріне де талдау жасап саясаткерлер мен зерттеушілер тұжырымдарын жасаған. Сол пікірлер бойынша бұл оқиға ондаған мемлекеттердің, олардың миллиондаған тұрғындарының тағдырын күрт өзгерткен күрделі тарихи құбылыс болғаны да дәлелденген. Оның келешекте терең зерттеліп, жан-жақты зерделенері анық. Дегенмен, бүгіннің өзінде-ақ өмір, еңбек жарық көргеннен кейінгі уақыт, КСРО-ның соңғы басшысы туралы жасаған тұжырымдарының негізінен дұрыс екендігін көрсетіп отыр. Сондықтан соңғы ширек ғасыр тұсында жинақталған мәліметтер адамзат тарихындағы алып мемлекеттің саяси басшысы М. Горбачевтың тарихтағы ролін анықтап, Кеңестер Одағы ыдырауының саяси себептерін анықтаудағы маңызды және объективті дерек көздерін құрайтындығы күмәнсіз.

Шынтуайтта М.Горбачев КСРО тарихында кеңес жүйесін түбегейлі өзгертуді ең мықтап қолға алған алты жылдық кезең осы бір есіммен тығыз байланысты, оның биліке келуінің уақыт талабынан туындаған қыбылыс екендігі аян. Алайда көп адамның әліге дейін түсінбейтіні: күллі өмірі комсомол-партия жүйесінде өтіп, мінез-құлқына дейін өктемшіл боп қалыптасқан М.С. Горбачев бұл жүйені құртпай тынбайтын қайта құруға қалайша бастамшы болып жүр деген сұраққа объективті жауап әзір белгісіз.

Зерттеушілер пікірінше билеуші партияның сенімді мүшесі ретінде де, саясатшы ретінде де М. Горбачев мұндай терең өзгерістер жасаймын ғой деп ойламаған болса керек. Бір топ зерттеушілер мен сенімді әріптестері пайымдауынша, ол тек ішкі саяси жүйеге жекелеген түзетулер енгізіп, “қырғи қабақ соғысты әлсіретіп” “тарихи тұлға” ретінде де атын шығаруды ғана мақсат еткен сияқты. Замандастары айтуынша, тарихқа тек реформашы ғана емес, әлемдік деңгейдегі саясатшы боп қалғысы келген М.С. Горбачевтың іш пиғылы да талай нәрсеге түрткі болған. Оны кейбір ұсақ-түйектердің өзінен-ақ айқын аңғаруға болады.

М.Горбачев билік басында болуының соңғы жылдарында қызмет жағдайына байланысты жиі кездесіп тұрған саяси тұлғалардың естеліктері бойынша, оның іс-әрекеттерін бақылауға мүмкіндігі болғаны анық. Мысалы, оған жақын адамдардың оның Батыс көсемдерімен телефон арқылы талай сөйлескенінде, қасында болғандар да айқындайды. М. Тэтчермен өз адамындай, Бушпен ішек-қарыны араласып кеткен өз досындай боп көрінуге қатты тырысатынын көрсетеді.

Қолына билік тиген М. Горбачевтың қалай өзгергендігі туралы да көптеген маериалдар жарық көрді. Бас хатшы болған алты жыл мерзім ішінде ол адам танымастай өзгерген. Бастапқы Горбачев пен кейінгі Горбачев – аспан мен жердей айырмаға ие. Бас хатшы болған соң, оның қабылдауына кіру, қасына бару қиындап кетті. М. Горбачев айналасының айтқанынан шыға алмады. Біресе ананың айтқанына, біресе мынаның айтқанына құлақ

асты. Батыстағылар бір кеңес берсе, елдегілер – атымен кереғар кеңестер берді. Билік жолындағы күрестегі шешімділікпен билік басындағы шешімділіктің екеуі екі басқа нәрсе. М. Горбачевке осының кейінгісі жетіспеді. Оның алдында әлденеше мүмкіндік бар еді. Солардың: *біріншісі* — өзіне мұраға тиген ахуалды сол күйінде қалдыру еді; *екіншісі* – қатаң өктемшілікті қайта орнатып, андроповшылдық бағытты жағастыру еді; *үшіншісі* – елді социал-демократия үлгісімен реформалау еді. Оқиғалар дами келе, және бір жол шықты. Ол – социализмнің саяси және экономикалық жүйесінен атымен бас тарту. Бірақ ол аталмыш жолдардың бірінде түбегейлі таңдау жасай алмады. Сөйтіп, мемлекеттік билік сапарының басында адасып қалған десек артық болмас.

Мемлекет басшысының мұндай әрекеті, әрине, елдегі жалпы жағдайға әсер етпей қоймайтындығы түсінікті. Әлемдік өркениет тәжірибесі дәлелдегендей кез келген деңгейдегі басшының өзінің алған беті болуы керек. Шешімділік танытуы керек. Бұл әсіресе үлкен мемлекет басшысына ауадай қажет. Ал, М. Горбачев қабырға сағаттың тіліндей әрлі-берлі құйғылжумен болды. Біреуді тыңдап ап – бір әңгіме айтып, екінші біреуді тыңдап ап – екінші әңгіме айтты. Дағдарыс үдей түсті. Одан шығар жолды таңдап алатын адам не істерін білмей аласұрғаннан басқа, ештеңе бітірмеді. Мұндай шешімсіздік, әлсіздік пен жауапсыздықтың бірден-бір себебі ретінде, өкіметті дағдарысқа апарып соқтыратынын сол әлемдік билік тәжірибесі талай рет айқындаған еді. Сол кездегі бұқаралық баспасөз беттерінде, саяси-қоғамдық әдебиеттерде осы тақырыпқа ондаған сүбелі және өткір материалдар жарияланған еді және М.Горбачев саяси-қоғамдық жиындарда, пікірсайыс-сұхбаттарда өткір сынға алынды.

КСРО-ның соңғы басшысы туралы айтқан бұл пікірлерінің де шынайылық деңгейінің жоғары екендігін, КСРО-ның ыдырауының саяси себептерінің бірі, сол М.С. Горбачевтың атымен байланысты екендігін еш қиындықсыз-ақ дәлелдеуге болады. Біріншіден, М. Горбачевты КСРО құлап, ол биліктен кеткеннен кейін емес, КСРО-ның кезінде, яғни ол кісі билік басында отырған кезінде сынаған. Екіншіден, М. С. Горбачевтың бастаған “қайта круу” және оның немен аяқталғандығы туралы тәжірибелі саясаткер ретінде Д. А. Қонаевтың: “Мен қайта құруды жақтап, соған алғашқылардың бірі болп үн қосқан адаммын” дей келе “Қайта құру тұсында “тың ойлар” көп болды. Соның бәрі ала шапқын, айқай-сүреңмен басталып, арты құмға сіңгендей, немен аяқталғанын жұрт әлі күнге дейін білмейді”- деген Н.Ә.Назарбаев пікірінің дұрыстығын көрсетеді.

Үшіншіден, М. Горбачевтың жіберген қателіктерімен қатар, оның атқарған онды істері туралы да айтып, тұлғаның саяси-мемлекеттік, ручани-танымдық шараларына объективті бағасын берген жөн. Солардың ішінде М.С. Горбачевтың бұрынғы кеңес халқының алдында сіңірген еңбегін ұмытуға болмайтын тағы бір жәй бар. Толып жатқан кемшіліктері мен қателіктері бола тұрса да, елді қозғалысқа түсірген, «қайта құру», «жанашаландыру» бағдарламалары арқылы сыңаржақты дүниетанымдағы тастай сіресіп қалған қоғамды реформалау процесін бастап, миллиондардың

партия өктемдігінсіз өмірдің қалай болатынына көзін ашып берген адам – Михаил Горбачев. Адамдарды ұйқыдан оятып, хрущевтік-брежнев-черненкошылдық батпағын астан-кестен еткен де сол. Иә, даңғаза мен далаңбайшылдықтың көп болғаны рас. Бірақ халықтың санасы оянып, саясатқа араласып, не айтылса да, “кұлдық” дейтін құлақкестіліктен тиыла бастағаны да сол тұс. Қолында орасан зор билік бола тұра, ол өзгерісті көкседі. Оның саяси, тарихи реформашыл шығармашылығы осында.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген КСРО-ның ыдырауының басты саяси себебі – елдегі ең жоғарғы билік басындағылардың, шексіз билікке ие болған коммунистік партия басшылығындағы ат төбеліндей әміршіл топтың жастарының ұлғайуына, денсаулықтарының нашарлауына т. б. факторларға байланысты ел басқару, елде қалыптасқан өмір шындығы мен сіресіп қалған саяси жағдайды объективті бағалап, қажетті шешімдер қабылдай білу қабілеттерінен толық дерлік айырылулары. Елдің басқару жүйесінде **жалғандықтың, екіжүзділіктің, жеке басқа табынушылықтың** төменнен жоғарыға дейін кең етек алуы. Саяси басшылықтың КСРО сияқты көпұлтты мемлекетте болмай қоймайтын қайшылықтарды дер кезінде шешуде қабілетсіздік танытуы. Елдің саяси өмірінде түбегейлі өзгерістер жүргізудің объективті алғышарттарының толық пісіп-жетілуі. Сонымен қатар, елде “қайта құру” процесін бастаған М. Горбачевтың көп жағдайда сөзбұйдаға салынып, принципті мәселелерде табандылық таныта алмауы т.т. Ал осы кемшіліктерді Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың өз еңбегінде КСРО кезінде осындай өзекті мәселерді ашық көрсетуі, М. Горбачевтың тарих алдындағы атқарған істерін объективті бағалауы, оның қолындағы мәліметтердің шынайылық деңгейінің жоғары екендігінің дәлелі.

6.2. КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық құрылымының дағдарысы.

КСРО-ның ыдырауының басты себептерінің бірі саяси себептер болғандығы даусыз, сонымен қатар оның әлеуметтік-экономикалық себептері де болды. Жәнеде олар бір бірімен тығыз байланысты, бірінен бірі туындайтын себептер еді. Тәуелсіз Қазақстанда жарық көрген еңбектерде КСРО-ны ыдырауға, дәлірек айтсақ, күйреуге алып келген сол әлеуметтік және экономикалық себептер және оларды жан-жақты талдау жасаған жөн болар. Демек, КСРО-ның күйреуінің әлеуметтік-экономикалық тарихы да дерек көздері болып табылады.

Одақтың күйреуіне алып келген процестің объективті негіздері жарияланған еңбектері арқылы айқын ашып көрсетуге болады. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер (бұрынғы одақтас республикалар) үшін практикалық маңызы үлкен, бұрынғы Одақты ыдыратуға алып келген процестің объективті негізін сол процестің басында болған тұлғалар еңбектері арқылы ғана ашуға болады. Әңгіме мынада, бұқаралық ақпарат құралдарында, шетелдіктерде жарық көрген шығармаларды қоса алғанда, КСРО-ның ыдырауын талдай отырып, басты көңіл саяси аспектілерге және субъективті – адами факторларға бөлінеді, осы мәселеде өзінің келеңсіз рөлін атқарған нақты адамдар аталады.

Мұндай пікірлерде үлкен шындық та жоқ емес. Дегенмен, өзінің саяси шешімдерін таппағандықтан көртышқан сияқты “тарихты бір бағытта ғана үңгіп” — Одақты ыдыратуға алып келген басқа да факторлар барлығын ескермейді. Олардың ішіндегі маңызды және өткір мәселе сөзсіз экономикалық жүйе мен оны үйлестіре білуде жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің 2005 жылдың ақпан айындағы Қазақстан халқына Жолдауын: “Біз неден бастадық, жол басында қолымызда не болды, сол кездегі біздің нақты мүмкіндіктеріміз қандай еді?”-деген сауалдар қойудан бастағандығы баршаға аян. Республика жұртшылығы аса маңызды құжат ретінде, үлкен қызығушылықпен қабылдаған Жолдауын Елбасының осындай сауалдар қойуы сол кездегі әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал шын мәнінде сын көтермес күйде еді. Қазақстанның экономикасы әлжуаз; қазынасы бос; саяси жүйесі балаң, халық күйі нашар деп бағалануы әрине, кездейсоқ емес. Енді осындай толғанысты түйіндейтін болсақ мынадай мәселелер бірінші кезекте көзге түседі:

Біріншіден, қалыптасқан нақты реальды жағдайды анықтау, оған жан-жақты талдау жасау арқылы негізделген шешім қабылдау Н. Назарбаевтың ұзақ жылдар бойы қалыптасқан және өзін толық ақтаған жұмыс тәсілі. Мысалы, ол өзінің “Әділеттің ақ жолы” атты кітабында: “Өзімізді өзіміз басымызбен тұрғызбай, аяғымызбен тұрғызатын, сөйтіп қалыпты жағдайда тұрып, шын мәнінде бізде нендей жағдайлар болған өзі деп, жан-жағымызға жіті қарайтын кез әлдеқашан жетті” - деп, 1990 жылдың көктемінде КСРО-ның кезінде-ақ айтып бірнеше бағыттағы ұсыныстар жасаған.

Екіншіден, тәуелсіздік таңында шын мәнінде бізде нендей жағдайлар болған өзі деп, жан-жағына жіті қарауы арқылы елде қалыптасқан ахуалға терең талдау жасау қажеттігі Республикамызда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал туралы шынайылық деңгейі жоғары мәлімет беретін дерек көзіне айналдырып отыр.

Елдегі ең жоғарғы деңгейдегі билік өкілдерінің бірі ретінде Н. Назарбаевтың ХХ ғасырдың 80-ші жылдардың соңы мен 90-шы жылдарының басында, яғни КСРО-ның күйреуі қарсаңында елде қалыптасқан ахуалды өзінің бұқаралық ақпарат құралдарында жария болған еңбектерінде, көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде талай рет айтқан. Қызмет жағдайына орай осы жылдардың барлығында да әрдайым оқиғалардың қалың ортасында жүріп, оларды талдауға және салыстыруға, қорытындылар жасауға, шешімдер қабылдауға тура келгендіктен де, ол жеке пікірін батыл айтқан. Демек, үлкен бір республиканың бірінші басшысы ретінде, қалыптасқан реальды жағдайды объективті бейнелеудегі мақсат — шындыққа көз жеткізу арқылы дұрыс шешім, дұрыс бағыт-бағдар қабылдау болатын. Сондықтан оған қоғамның қай саласында болмасын қалыптасқан жағдайды әдейі жақсартып көрсетудің де немесе әдейі төмендетіп көрсетудің де қажеті болған жоқ.

Ең алдымен, КСРО және Республикада 70 жыл бойы ХХ ғасырдың ең басты прогрессивті оқиғасы деп айтып келген Ұлы Қазан социалистік революциясы мен орнатқан “социалистік теорияның” «Барлығы да адам

үшін” деген ұранды халық құлағына еселеп құюмен болды, ал шын мәнінде сол саяси төңкерістің көздеген мақсаты қатардағы адам емес, жалпылама ұғымдағы социализм болып шықты. Егер ол шын мәнінде ең озық мемлекеттік құрылыс болса, соғыстан кейін шамамен алғанда бірдей жағдайда бола тұрып, өзімізден жеңілген елдерден көш кейін қалып қоюымыз қалай. Қорытынды біреу-ақ: халықаралық аренада, бәсекелесе отырып өркендеу бағытында кеңестік экономика жүйесі өзінің әлсіз екенін көрсетіп, түпкілігінде күйреуге ұшырады.

Сол “социализм” әлі өмір сүріп тұрған кезінде талай пікірсайыстарда айтылып келген бұл пікірдің дұрыстығын еш қиындықсыз-ақ ондаған, жүздеген фактілер арқылы оңай дәлелдеуге болады. Адамның құны бір қап цемент емес, бір уыс бидайдан да арзан болып, қазақтардың сол “социализм” арқасында шыбындай қырылғанын айтсақ та жетіп жатыр.

Екіншіден, қай қиырға салсақ та, өміріміздің бұдан былайғы жолдары туралы айтыс-тартыстар барысында ең басты сауалға – саяси дағдарыстың, ұлтаралық қатынастар саласындағы күйзелуі және өзге де бірталай ауыр әлеуметтік құбылыстардың салдарынан одан әрі шиеленіске түскен экономикалық дағдарыстан елді қалай алып шығуға болады? – деген сұраққа әлі ешкімде ақылға қонымды жауап берген жоқ, қоғамның барлық саласының дағдарысқа ұшырағандығын және, ең бастысы, ол дағдарыстан шығудың жолдарын ешкімнің көрсете алмағандығы да ақиқат.

Демек, КСРО-ның күйреуіне алып келген ұлтаралық қатынастар саласындағы дағдарыстың және өзге де бірталай ауыр әлеуметтік құбылыстардың салдары, яғни әлеуметтік себептер болған. Әлем тәжірибесі аясында көпұлтты мемлекеттер үшін аса маңызды мәселе болып табылатын, дәл осы “ұлтаралық қатынастар” мәселесіне ерекше көңіл бөліп, бұрынғы КСРО-да оның дағдарысқа ұшырау себептеріне талдау жасаған жөн. Жәнеде, ең бастысы, өмір тәуелсіз Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте бұрын жіберілген кемшіліктерді үнемі ескеріп отыратындығын көрсетіп отыр.

Үлкен мемлекеттің құлауына технологиялық, стратегиялық мешеулік, бәсекелестік қабілетіміздің шеңбері тым шектеулі болуы қоса, ұлт мәселесі де аз себепші болған жоқ. Кейбір саясатшылардың пайымдауынша, ең басты, ең шешуші себеп те осы сияқты, ұлт мәселесінің соншалықты асқындауы әуелі теориялық дәрменсіздіктен етек алды. Басшылықта да, ғылыми орталарда да бұл мәселемен шындап шұғылданғысы келген ешкім болмапты деген қорытынды да кездеседі. Көп ұлтты мемлекеттер тәжірибесін зерттеулер аясында түбегейлі теориялық тұғұрнамасыз, қалыптасқан ахуалды теориялық тұрғыдан жан-жақты пайымдамайынша, салиқалы ұлт саясатын түзіп шығу мүмкін емес.

Ұлт мәселесін шешудің бірден бір дұрыс жолы ретінде ұзақ жылдар бойы дәріптелініп келген марксизмнің осал тұстарына талдау жасау арқылы бұрынғы Кеңестер Одағында ұлттық мәселелерді түсіндіру мен реттеуде ұлттық қозғалыстардың әр алуан түрін бір-бірімен шатастырып алу орын алды. Ұлттық қозғалыстардың әр түрлі табиғи сипатқа ие болуы мүмкін екендігіне жете мән берілмеді деген қорытындыларда баршылық. Ал ұлттық

мәселеде теориялық негіздің болмауы ұлтаралық қайшылықтар тартысқа, тартыс қантөгісті кикілжіңдерге ұласқан тұста, теориялық базаның жоқтығынан, ахуалға шындап түсінбеген ел басшылары, сексенінші жылдар аяғында ұлт мәселесін күш қолданып шешеміз деп, қоғамды тығырыққа апарып тіреді.

Оның айқын дәлелі 1986 жылғы Алматыдағы “Желтоқсан” көтерілісі. Ол туралы “Азия асқарлары” атты кітаптың “Империяның ыдырауы” деген тарауында: “1986 жылдың 17-18 желтоқсанында Алматы қаласында тарихтың тапжылмайтындай көрінетін ағымын түбегейлі өзгертіп жіберген оқиға болды. Желтоқсанның сол бір аязды күндерінде қазақ жастары ашық түрде көшеге шығып, өздерінің ел тағдырына ықпал етуге құқылы екендіктерін ашық және батыл мәлімдеді. Кеңестік жүйедегі мемлекет жағдайында мұның өзі саяси жарылысқа тең болатын: іс жүзінде ондаған жылдар бойы қалыптасқан жүйеге ашықтан-ашық атой салды. Сол екі күн кеңестік болмыс дүниесін дүр сілкіндірді.

Ол оқиғаға партия тәжірибесіндегі кәдуілгі шешім – Орталықтың республика жетекшісі қызметіне Қазақстанға үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адамды – ешбір саяси-ұйымдастырушылық, дүниетанымдық қабілетімен өзін ортаға таныта білмеген облыстық деңгейдегі басшы Г. Колбинді тағайындауы субъективті себеп болды. “Желтоқсан” көтерілісінің маңызы мен оның неден басталғандығы туралы айтатын болсақ Алматыдағы қазақ жастарының бейбіт демократиялық сипаттағы ереуілді Кремль әмірлігімен аяусыз қатыгездікпен басып-жаншыды. Бұл есте сақтасын, тәубесіне түссін деп жасалынған ашық жаушылық еді. Бейкүна адамдарды сапер әскери құралармен сұлатып түсіріп, итке талатты, аязды күнде мұздай сумен қатырды. Халықтың тәнін жазалап біткен соң енді жанын жаралауға көшті. Бүкіл халық “қазақ ұлтшылдығы” үшін айыпталды, жазалау әрекеттері сатылап жүргізілді. Алайда мұның өзі жүйенің іріп-шіруін тоқтата алмайтын еді: күш көрсету биліктің әрдайым әлсіздігін танытып, қадірін кетіреді.

Ал ондай сорақылық іс нәтижесі Кеңес билігі мен оның жасанды жүйесіне өлімші соққы берді, сол соққыдан ол есін жия алмай-ақ кетті. Алматы жарылысы пілте сияқты болып КСРО-ның басқа аймақтарында өршіп жалғасты: Балтық бойында, Грузияда, Әзірбайжанда, Арменияда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Латвияда, Эстонияда, Ресейдің өзінде де демократиялық күштердің тоталитарлық диктатураға қарсы ашық көтерілуі бірінен соң бірі жалғаса берді. Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізер жолы осылай басталғаны нағыз ақиқат. 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының ұлттық санасының әлемдік өркениеттегі дәрежесін анықтап берді. Бірнеше ғасыр бойы халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған өктемдік үрдістің алдындағы қорқыныш алғаш рет еңсерілді. Жастар айдай әлемнің алдында кез келген ұлтқа тән ұлттық намыс бұдан былай ешқандай баса көктеуге мойын ұсынбайтынын паш етіп берді.

Қазақ тарихы ондай әрі тауқымет, әрі асқақ сәттер мен сағаттарды, күндер мен кезеңдерді талай бастан кешкен-ді. Жаңа тарихымыздың жалын биіктеткен сондай бір жалынды кезең – 1986 жылғы желтоқсандағы үміт пен

үрей құшағында өткен үш күнге созылған оқиғасының маңызы қазақ болашағының сара жолын пішіп берді десек ақиқаттан алыс болмаспыз.

Осылай, КСРО-ның құлауының басты әлеуметтік себептерінің бірі – көпұлтты мемлекеттегі ұлтаралық қатынастарда туындаған мәселелердің ғылыми негізде және дер кезінде шешілмеуі екендігін анық көреміз. Шамадан тыс саясаттандырылып, шамадан тыс идеологияландырудан аулақ, шынайы ұлттық сана жоқ жерде өзге ұлттар мен өзге ұлттық мәдениетті шынайы құрметтеу де мүмкін емес нәрсе. Қазақстандықтар мен оның жанашырлары көзі анық жеткен бір нәрсе: өзгелердің ұлттық мәдениетіне тиісті құрметтеу жоқ жерде шынайы азаматтық татулық та болмайды. Қазақтар КСРО басқа ұлттары мәдениетін жете меңгерді. Ендеше қазақ әдебиеті де Қазақстанда тұратын басқа ұлт адамдары үшін жеті қат жер астындағы нәрседей алыс құбылыс болмаса керек қой. Баяндалған көрініс өзі тәуелсіз Қазақстан халықтары үшін маңызды үлгі болуы ешбір күмән келтірмеуі керек.

КСРО-ның бәріміздің көз алдымызда күйреуінің басты себептерінің бірі, дәл сол ұлтаралық шиеленістер болғандығы және оларды шешуде билік басындағылардың қауқарсыздық танытқандығы. Бұл орайдағы өткір мәселе – елде ұлтаралық шиеленіс бұрын соңды болмаған жағдайға жетті. КСРО құрамындағы Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетіміздің осыншамалықты дос күйініп, дұшпан күлгендей ауыр қалге жетіп, аяғы аспаннан келгендей жағдайға жетуіне сол кездегі мемлекеттің бірінші басшысы және оның жанындағылар әбден кінәлі. Сол кездегі басындағылардың ұлтаралық проблемаларды шешудегі жалғыз тәсілі – бұл мәселелерді сырт айналып өтіп, көрсе де көрмегендей отыра беру деп бағалаған зерттеушілер.

Сонымен қатар елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалдың соншалықты шиеленісу себебін қазақ халқы талай рет басынан кешкен және әлі де кез болып жүрген көптеген қырсық атаулының бәрі мынадан өрбіп жатқан сияқты көрінеді: біз өзімізде не бар, не жоғын, одан нені қалдырып, неден бас тартуымыз керек екенін тым бұлыңғыр түсінетін сияқтымыз. КСРО-ның ыдырауының **экономикалық себептерінің бірі** социалистік қоғамның негізгі өзегін құрайтын, оның капитал билеген дүниеден негізгі “артықшылығы” ретінде ондаған жылдар бойы дәріптеліп келген “жоспарлы экономика” екенін назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл мәселеге Маркстік ілім тұрғысынан талдау берсек КСРО жүйесінің шамамен соңғы отыз жылында ешқандай жоспарлы экономика да, немесе жоспарлы шаруашылық та болған жоқ. Егер бірдеңе болды десек, оның өзі – жағдайға бейімделгіш жағымпаз қоғамтанушы – ғалымдар мен экономистердің ойдан шығарған термин сөздері ғана деп тұжырымдаған болатын.

Бұл сенсация жасап, арзан атақ алуға ұмтылған адамның жауапсыздықпен айта салған сөзі емес, сол “жоспарлы экономиканың” ішкі механизімін көзімен көріп, қолымен ұстаған зерттеушілер мен мемлекет басшыларының саналы да дәйекті тұжырымы. Солардың арасында 40 жасында Қазақстан Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып тағайындалғаннан кейін Н.Ә.Назарбаев талай көңілсіз жайттардың куәсі

болған екен. Солардың біреуі- жоспарлау ісіндегі “көңілсіз жайттар” туралы нақты дәлелдер негізінде жан-жақты баяндайды. Қалыптасқан жағдай ашып көрсетілгендіктен осы жолдарға кеңірек тоқталайық. Онда: “Жаңа қызметте өз міндеттерімді орындауға кіріскенім де сол еді, республикалық мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы келді. Ол өзінің барлық орынбасарларына және бөлім бастықтарына олардың бір айлық жалақысы мөлшерінде силық беруімді өтінді.

-Силықты қандай еңбектеріңіз үшін алмақсыздар?—деп таңдана сұрадым.

-Сіз біздің алдағы жаңа жылдың жоспарын қорғау үшін Москваға жүргелі жатқанымызды білмеуші ме едіңіз?

— Ал білдік. Онда не тұр?

— Онда КСРО Жоспарлау комитетінің барлық бөлім бастықтарымен жұмыс істеуіміз, оларды мейманханаға шақыруымыз керек қой.

Арада екі күн өтпей жатып маған қаржы министрі келіп тұр:

-Москваға бюджетті бекітуге кетіп барамыз, өзіме және орынбасарларыма силық беріңіз.

Міне, мұндай нәрселер, істің шын мәнінде, ашық саясат дәрежесіне дейін көтерілген болатын”- деп анық баяндаған. Жәнеде ондай “саясаттың”, жазылмаған заңға айналған “дәстүрдің” неге әкеліп соқтырғаны туралы ойға келсек шектен шыға орталықтандырылған әміршілдік-әкімшілдік жүйенің өктемдігі басшыларды имандылық жағынан азғындатқанын байқатады. Қаласаң да, қаламасаң да – бәрі бір жазылмаған сол бір заңға бағынатынсың: құрдай жорғалап сый-сияпат жаса, құлдық ет, көңілін тап, ішкіз, жегіз. Әйтпесе өзіңді емес, бүкіл республиканы, белгілі бір саланы, кәсіпорынды тақырға отырғызасын. Ал бұған ақшаны қайдан аласың? Қулық жасау керек, есебін табу қажет. Міне, іріп-шірудің, паракорлықтың дүниеге сатылудың түп-тамыры осында жатыр.

Одан әрі “жоспарлы” қоғамда, сол жоспардың қалай қабылданып, қалай іске асатындығы туралы да, істің бүге-шігесіне дейін жетік білетін адам тұрғысынан қарайтын болсақ көз алдымызға хикая тәріздес көріністер келе бермек. Мысалы, КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Мемлекеттік жабдықтау комитетінің жоспарды қағаз жүзінде қалай “іске асыруға” тырысып жатқанын мынадайдан көруге болады. Жоспарлар қажетті ресурстармен бар болғаны 70-80 пайызға қана қамтамасыз етілетінін алдын ала бәрі де көріп-біліп отырса да, бекіте беретін. Осыдан барып бүкіл елімізде баланс бұзылатын. Сорымыз да, сор болғанда жоспарланған сорымыз да осыдан туындап жататын. Мемлекеттік жоспарларды орындаудың тағдыры кейде 31 желтоқсанда – Жаңа жылдың басталуына бірнеше минут қалғанда тағы да сол баяғы телефон арқылы шешіле салатын. Ол үшін Орталық Комитеттің бөлімімен, министрмен бірге Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасын көндіру керек болатын.

КСРО дағы социалитік қоғамның басты ерекшелігі, оның бытыс (стихия) арнасындағы билеген нарықтық, демек капиталистік қоғамнан басты “артықшылығы” ретінде саналып келген кеңестік экономиканы жоспарлы

түрде дамытудың іс жүзінде қалай “жоспарланатындығы” туралы айтқандарының өмір шындығымен толық сай келетіндігін мойындай отырып амалсыз өзіңе мынадай сұрақ қоясың: неліктен елдің экономикалық бас штабында мұндай аста-төк ішіп-жеумен болатын “ойын-күлкі” өткізу мүмкін болды? Сонда, немене, басшылық, саяси бюро мүшелерін қоса алғанда, бұл туралы білген жоқ па?- деген өткір сауал мазалайды.

Осы тақарыппен айналысқан авторлар өз еңбектерінде жоспарлау ісіндегі мұндай бассыздықтың себеп-салдары туралы егер тереңірек қарасақ, онда бұл – экономикалық теорияны теріс айналу және ең алдымен объективті экономикалық заңдылықтарды бұзу деп тұжырымдаған. Қысқаша айтқанда, іс жүзінде өндіріс үшін өндіріс қағидатымен жұмыс істеу. Оны іске асыру нәтижесінде кеңестік билік өкілдері бара бара жалған жоғары қарқын алған және ақшаға шаққанда өндіріс көлемін триллиондық биіктікке көтеріп келген. Бірақ әр бір сомға шаққанда нақты тұтыну құны азайғанның үстіне шектеле берген деп, оған нақты дәлелдер келтіреді.

Мұндай кең көлемде етек алған жаппай бірін-бірі **алдаушылық, көзбояушылық, жалған ақпарат беру, жоспар міндеттерін қымқыру немесе орындалу нәтижесіне қосып жазу тек жоғарғы мемлекеттік деңгейде ғана емес, ел экономикасының негізін құрайтын жергілікті жерлерде де, оның ішінде Қазақстанда да кең етек жайған.** Мысалы, Семей облысында есептегі мал басы мен оның шынайы саны айырмашылығы 330 мыңды құрап, яғни осындай бас мал жетіспейтін болған. Республикалық Халықтық бақылау комитеті көмегімен жүргізген құпия тексеру нәтижесінде талай сорақылықтың беті ашылған. Мысалы, Қызылордаға таяу бір жерде бір табын сиыр бар, оны бағатын кәдімгі бақташы және оның көмекшісі бар деп есептеліп келген. Анықтай келгенде бақташы мен оның көмекшісінің бар екені, әйтеуір жалақы жөніндегі ведомостіге жүйелі түрде қол қойып, айлық алатыны рас болып шықты. Бірақ әлгі табын тіпті атымен жоқ екен.

Бүгінгі күні тәуелсіз еліміздің жағдайы туралы мәлімет жеткізіп отырған дерек көзі міндетін атқарушы бұл құжатта: өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, ғылымда, әлеуметтік салада, тұтыну кооперациясында қалыптасқан жағдай нақты мәліметтер келтірілу арқылы баяндалған. Мысалы, Қазақстанның негізгі экономикалық саласы болып табылатын ауыл шаруашылығы туралы баяндамада жеп қою мен талан-таражға салудың салдарынан республика совхоздарында 5 жылдың ішінде 120 мыңға жуық ірі қара, 1,7 миллион қой, 42 мыңдай жылқы мен шошқа кем болып шықты деп көрсетілген. Ал ең алдымен кеңес органдарының қасиетті міндетіне жататын мәселе, негізгі әлеуметтік саланы құрайтын пәтер бөлу кезіндегі әлеуметтік әділетсіздік ашу-ыза туғызатын фактілері жылдан жылға арта түскен. Тұрғын үй заңдарын өрескел бұзғаны үшін Көкшетау, Қызылорда қалалық партия комитеттерінің бірінші хатшылары мен қалалық атқару комитеттерінің төрағалары, Жамбыл қалалық атқару комитетінің төрағасы және басқа бірқатар адамдар қызметтен босатылған болатын.

Алматыда үлкен еркінсушілік пен жолсыздықтарға жол берілді. Тексеру көрсеткеніндей, тек 2,5 жылдың ішінде қаланың аудандық атқару

комитеттері кезекте тұрғандарды қамтамасыз ету үшін Алматы қаласында пайдалануға берілген тұрғын үйлердің тек бір пайызын ғана бөлген.

Осындай нақты мысалдар өмірдің басқа салаларында да көптеп кездеседі. Сол кездегі Қазақстан Үкіметі жетекшісі осы мәселелердің бұлай батыл қойылуы арқылы республика бірінші басшысына көмектесетін шығармын, әбден енжар болып алған басшылардың тобын әлдебір серпілдіре алармын, Орталық Комитеттің бірінші хатшысын да ертелі-кеш біржола жұтып тынбайтын ми батпақтан сақтандырармын деген үмітте болғанын байқауға болады. Бірақ, іс жүзінде басқаша болып шықты. Бар күш-жігер баяндамада айтылған жәнede ешкім жоққа шығармаған, демек өмірде орын алғаны рас кемшіліктерді жоюға емес, баяндамашының өзін жоюға бағытталған. Сол күннен бастап шешеннің ізін анду, шын мәніндегі қуғындау етек алды. Алайда, Қазақстан Компартиясының ХҮІ съезі мен СОКП ХХҮІІ съезінің аралығында өткен үш аптаның ішінде жоғары орындарға ондаған арыз-шағым ұйымдастырылған. Олардың бәрін де неше түрлі комиссиялар мұқият тексерген.

КСРО мен Қазақстанда қалыптасып сiресiп қалған әлеуметтік-экономикалық жағдайды сауықтыруда шешiмдi және әдiлеттiк бағыттағы жеке тұлғалардың ұмтылыстары, ұсыныстары мен нақты шаралары өз нәтижесiн берген. Ондай жаңашыл және байыпты iстердi мынадай ретпен талдаған жөн болар:

Бiрiншiден, Н.Назарбаев Қазақстан Үкiметiн басқарып тұрған кезiнде шын мәнiнде республикада қалыптасқан ахуалды толық анықтау мақсатын көздеген. Ол туралы жазушы Шерхан Мұртаза: “Нұрсұлтан Назарбаев Республика Министрлер Кеңесiнiң Төрағасы болып тұрғанда өз бастамасымен тексеру жүргiзiп, Қазақстанда жетпiс бiр ауданның азып-тозып, артта қалғанын анықтады. Оның отызға жуығы өмiр тынысынан айрылып мүшкiл қалға жеткен екен. Содан кейiн үкiмет тарапынан аталған аудандарға экономикалық, әлеуметтiк, мәдени жағынан өркендеуi үшiн көмек көрсету жөнiнде арнайы қаулы да қабылдаған. Шалғайда жатып, артта қалған аудандар дегенiмiз – түптеп келгенде, негiзiнен қазақтар тұратын аудандар. Басқалар су iшкенде олардың у iшiп отырғаны келеңсiз-ақ болған.

Екiншiден, ҚР Президентi мұрағатының құжаттары республика Үкiметi басшысы баяндамасында келтiрген мәлiметтердiң әбден тексерiлген дерек көздерiнен алынған, яғни шынайылық деңгейi жоғары мәлiметтер екендiгiн дәлелдейдi. Мысалы, Қазақстан КП ОК бюросы 1985 жылы елдегi қалыптасқан жалпы әлеуметтiк-экономикалық жағдайы аясында азық-түлiк өнiмдерiнiң халық тұтынуындағы аса қажеттi ассортименттерi (түрлерi), әсiресе ет және сүт өнiмдерi бойынша сұранысты қанағаттандырмады. Азық-түлiк өнiмдерiн әдәуiр мөлшерде өндiрудi арттыру және олармен тұрғындарды қамтамасыз ету iсi ешбiр сынды көтермедi, бұл қазақстандықтардың наразылығын жылдан жылға арттыра түскен. Азық-түлiк тауарларын сауда орындарында әдiлеттi сатуды ұйымдастыруда да елеулi кемшiлiктер орын алған. Билеушi партия, сала басшылығы мен түрлi кәсiби және қоғамдық органдары 1985 жылдың жоспары мен көтермелi

міндеттерді орындау мақсатында еңбек ұжымдарын жұмылдыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және бұқаралық саяси шараларды кұр ұран арқылы өрістетуге күш салып шумақ бұрынғы орнаған екіжүзділікке, көзбояушылыққа кең жол ашқан. Ал, Қазақстан КП ОК бюросы 1985 жылы наурыз айында өткен мәжілісінде Республикада мемлекеттік жоспарлар мен көтерме міндеттерді орындау туралы жалаң ақпарат беру жәйінің өршігенін, еңбек ұжымдарында еңбек тәртібінің күрт бұзылуын, маскүнемдік қанат жайғанын, қоғамдық мүлікке қол сұғу ұлғайып ұрлық саны күрт өскендігін ашық айтқан.

Үшіншіден, республикада өткен сол және басқа лауазымды орындары жиындарында сынға алынған келеңсіз жағдайлар 1985 жылдан кейін де жалғаса берген. Бұндай келеңсіз жағдайлардың кездейсоқ емес, жүйелі сипат алғандығын дәлелдейді. Мысалы, 1986 жылы маусым айында Қазақстан КП ОК бюросы Көкшетау облыстық партия комитетінің жұмысын жан жақты талдай келе иесіздіктің, жеп қою мен талан-таражға салудың салдарында облыс экономикасына келген шығын бесжылдық ішінде екі есе өскенін, ал оның 90 пайызы агроөндірістік кешендердің үлесінде болғанын айқындаған. Жемқорлық әсіресе сауда мен тұрмыстық қызмет көрсету саласында, көлік қатынасы ұжымдарында кең орын алған. Қызметі талданған өнеркәсіп объектілерінің әрбір екіншісінде, ал совхоздар мен колхоздарда түгелдей қаржы тәртібі бұзылғанболып шыққан.

Бұндай өрескел, социалистік меншік түріне қайшы көріністер басшы кадрлар таңдау, оларды орналастыру мен тәрбиелеуде елеулі кемшіліктер жіберілгенін дәлелдейді. Басшылық қызметтерге қажетті моральдық және іскерлік қасиеттерден жұрдай адамдарды тағайындау фактілері орын алған. Қоғамдық меншікке қол сұғушылардың әрбір төртіншісі жауапты адамдар, ал әрбір сегізіншісі – коммунистік партия мүшесі болған. Арқалық партия комитетінде 1986 жылы қылмыстық және заң бұзушылық өткен жылмен салыстырғанда 11,4 пайызға артқан, ондай келеңсіздіктердің бетін ашу тым әлсіреген. Қоғамдық меншікке қол сұғып оны жеке басқа иемдену нәтижесінде халық қазынасына келген шығын үш есе артқаны анықталған. Жалпы, 1985 – 1986 жылдары мемлекеттік сауда мен тұтынушылар кооперациясы саласында әртүрлі қылмыспен айналысқан 30 мың адам партиялық тәртіпке тартылып және заң арнасында жазаланған.

Мұндай жағдай 1987 жылы да жалғасқан. Мысалы, Шымкент облысында қоғамдық малмен бірге 183 мың жеке меншік мүйізді ірі қара, 85 мың жылқы мен түйе, 1,2 миллион қой мен ешкі мемлекет есебінен бағылғандығын көрсеткен, маскүнемдікке қарсы күрес шаралары да көзбояушылыққа ұласып кері нәтиже берген. Бұл шара көлеңкесінде жаппай қолдан арақ өндіру ісі қанат жайған. Мысалы, жан басына шаққанда ішімдік көлемі 1,5 есе артып, адам денсаулығына кер әсері елеулі ұлғайған. Маскүнемдік және нашақорлықтың салдары тұрмыстық қылмыс, оның ішінде әдейі адам өлтіру, бұзақылық, зорлау сияқты қылымыстарды өсірген. Тек 1985-1987 жылдары аралығында тиісті орындарда тіркелген

нашақорлардың саны да 1,5 есеге артып, ал олардың қатарының 40 пайызын әскер қатарына шақыру жасындағы азаматтар құраған.

Дегенмен, “Қайта құру” бағдарламасы қоғамға біршама оңды өзгерістер де әкелгені ақиқат. Әйтсе де, ол да КСРО-ны дағдарыстан алып шығып, ыдыраудан құтқара алмады. Елде қайта құру қажеттігін түсініп, соған ыңғай ілтипат білдіргенімен, билеуші партияның ең жоғарғы басшылығы тәрпынан сол жетпіс жыл бойы терең бойлаған саяси қателіктер жалғаса берді. Бұл орайда, *бір жағынан*, СОКП-ның басшылығында тоқырау заманындағы өзінің қателеспейтіндігіне кәміл сену, сын мен тың пікірлерге менсінбей қарап, оны қынжыла ауыр қабылдау сияқты жаңашылдық пен шығармашылықтан алшақ ескі әдеттердің қайталануымен болғанын құр байқаумен ғана болғанын атаған жөн. *Екінші жағынан*, ешқандай маңызды ұсыныстың жасалуы да мүмкін емес еді, өйткені СОКП орталығында замануи нақты ақыл-ой орталығы тым тапшы болған. Партияның орасан зор санды қызметкерлері бар аса ірі ғылыми-зерттеу мекемелері атам заманғы қасаң қағидалардан айырылмай, аппараттың ұсақ мүдделеріне ғана қызмет етуді одан әрі жалғастыра берді, замануи ғылыми және қоғамдық тәжірибе мен теориялық тұжырымдардан мүлдем алшақ болып артта қалып қойды. Осындай фактор біздің пайымдауымызша КСРО басшылығының ең осал буыны болған сияқты.

Сонымен қатар, «қайта құру» жылдарында экономика саласында көрініс берген оңды нәтижелер туралы да айту керек. 1987 жылы алдыңғы қатарлы озық жаңалықтарды өндіріске енгізуге, ескірген құрал-жабдықтарды және негізгі қорларды ауыстыру мерзімін қысқартуға ынталандыруды қамтитын ғылыми-техникалық процесті жеделдетуге бағытталған маңызды шаралар қолға алынған сыңайлы. Экономиканың жетекші және ғылыми техникалық тұрғыдан маңызды саласы – машина жасау өнеркәсібін жаңа сапалық деңгейге көтеру жөнінде де біршама талпыныс болды. Ауылшаруашылық өндірісінде болмай келген сенімді тірек нүктесі ідеп табылды – ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу мен оны сақтаудың проблемаларын шешу қолға алынып алғашқыда ірі көлемдегі (71 млрд) қаржы бөлінді. Бұл орайдағы ең басты міндет – экономиканың адамға қарай бет бұруының қажеттілігін мемлекет билеушілерінің санасына жеткендей болды. Адамдарға миллиондаған тонна болат, мұнай, көмір емес, қайта баспана, тамақ, киім-кешек, балабақша керек екені жөніндегі міндетке саналық ұстаным ыңғайлана бастады. Өркениетті құрайтын елдер тәжірибесінде ұлттық табыстың 70-80 пайызы халықтың тұтынатын өнімін шығаруға жұмсалып, тек қалған бөлігі ғана қор жинауға арналса, КСРО тәжірибесінде бәрі де керісінше болып, өңін теріс айналдыру іс шаралары әрдайым үстем болған. Ақырында экономикамыз милитарландырудың (соғыс қаруы мен жабдықтарын жедел қарқынмен өндіру) ақылға қонымды шектен әлдеқашан асып кеткеніне көз жетті. Ұлттық табыстың қомақты бөлігі адамды құртуға арналған қару шығарушы салаларына жұмсалды, олар тек орасан зор материалдық қаржыларды ғана сүліктей сорып қоймай, сонымен бірге еліміздің интелектілік күш-қуатын да, ең үздік ақыл-ой иелерін де,

жоғары маманданған инженер және орта буын мамандары мен шебер кәсіпкер жұмысшыларды да өз уысында ұстап отырды.

Бірақ, байқала бастаған бұл оңды көріністер де елде терең бойлаған экономикалық дағдарыстан алып шыға алмады. Жаңа бастамалар ондаған Кеңестік билік жүйесінде бойы қалыптасып, қатып-семген ұстанымдағы экономика енді ғана бой көтере бастаған нарықтық қатынас қарсылығына кездесті. Алайда, жан ауыртатын жыға таныс көріністер оқтын - оқтын –өзін көрсетумен болды. Жаңа жобаны игі деп жоспарлап, іске кірісерде, оны тастай салып, басқа бір іс қолға алынып, осылайша шексіздікке дейін созыла беретін. Осыдан барып төніп келе жатқан дағдарысты кез келген тәсілмен тоқтатуға жан ұшыра әрекет жасалынды. Экономика бірінен соң бірі сәтсіздікке ұшыраған тәжірибелер тізбегінің аймағына енді. Экономиканың кооперативтік секторын жаңғырту әрекеті де ілкіде тым тиімсіз болып мемлекеттік секторды экономикалық талан-тараж өрті шарпып, бейберекеттілік жайлады. Мұндай жағдайда нарықтық экономика идеясының болашағы мен нәтижесі тиімді екені туралы ізденіс серпіндер басталды. Осы жылдары сыңаржақты идеология қыспағындағы халық санасы да бірталай уақытқа дейін саясаттың жаңа толқынына күдікпен қарады.

Міне, осылай, өмірдің өзі социалистік тіпті коммунистік руханияттық сенімдегі елді нарықтық қатынастарға алып келген. Ең бастысы елде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуал тәжірибесі өз уақытында КСРО ең жоғарғы билік мінбелерінде, яғни бүткіл Кеңестер Одағындағы халықтары алдында, сол экономикалық-әлеуметтік жағдайды жақсарту мақсатында айтылған еді. Мысалы, билеуші партияның съезінде “Қайта құру» басталғалы бес жыл өткен кезде елеулі кемшіліктерсіз жүріп жатқан сала бізде жоқ екенінің ашық жария ету болды. КСРО жоспарлы шаруашылықтан нарық түсінбестігіне көшу жолындағы осындай дүрлікпе, асығыс әзірлік ту сыртында күні бұрын әзірленген айқындамасыз әскер құрамының жанталаса шегінуіне тәріздес болды. Ал оның әлеуметтік салдары “Қайта құрудың» нақты айқындамасының жоқтығы ұлтаралық қатынастарды ерекше күйзелтіп ыстық ұмтылыстарға салқынын тигізді.

Саларалық өктемдік салдарында әлемдік рынокта жоғары сұранысқа ие шикізат қоры мол Қазақстан, өзінің әлеуметтік дамуы жағынан ауыр шеңберлі дағдарысқа және экологиялық апат қарсаңында екені КСРО Халық депутаттарының I съезінде айтылған еді. Яғни, Министірлік өзінің технологиялық қате іс харекеттері аясында Арал теңізінен экологиялық апатқа бет алды, Екібастұз өзінің күлін далаға шашты, мұнайдың өндірушілері үшін одан еш пайда таба алмайтын күйге жетті. Мал жайлымдары әртүрлі әскери сынақ орындары (полигондар) үшін алынып шеңбері шегерілді және табиғи құнарлығы шектелді, ал оған өтемақы төлеу ешкімнің де ойына келмеген, Орталықтың шексіз билігінің Қазақстанға қандай “жақсылық” әкелгендігі туралы талай жиындарда, билік жиындарында айтылған. Ал, халық депутаттарының II съезінде сөйлеген сөзінде экономиканың құлдырауына алып келген саясаттың халықтың тұрмыс-жағдайына тигізген әсері туралы: “Демократияландыру туралы әсем

сөздердің сірнесіне шашалған еліміздің ырзық іздеп Европаның бай “дастарқандарына” телміре қарап, қол жая бастаған саясатпен келісе алмайтындығы, зәбір шегіп, қорлық көрген халық КСРО басшыларын талай талай өткір сынға алған. Әсіресе сол сұраныстарда республика машина жасау саласын жаңғырту жөніндегі уәденің және соншалықты кеңінен жарнамаланған конверцияның түп түйіні уақыт өткен сайын алыстай түскен. Ғылыми-техникалық прогрестің өз кезінде белгіленген бағдарламасының нақты нәтижелері де құрғақ сөзге айналды. Мысалы, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату ісін дамытуға бөлінген 77 миллиард сомның да қажетті тұста ізсіз кеткені де экономиканың болашағын бұлдыр етті. Қайта құруды қолға алған кездегі мақсатты ұмтылыстар мен ізденістер, іс жүзіндегі оңды қадамдар, ізгі ниеттер, құмға сіңген судай, саяси көпірме сөздің астында қалғандай болды.

Осылай, тәуелсіздік қарсаңында елде қалыптасқан жағдайдың қайсыбыр жағыда мүшкіл сипат алған. Тәуелсіздік қарсаңында саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда қалыптасқан келеңсіз жағдайлар елдегі қалыптасқан көп бағытты дағдарысты, оларды түзету арқылы елді өркениет жолындағы мақсатты объективті болып КСРО-ның күйреуінің басты себебі ретінде талдау жасалып, бірнешеуі анық көрсетілген еді.

Мысалы, КСРО-ның құлауы туралы айтқанда әскери, әскери-техникалық, стратегиялық аядағы екі жүйе арасындағы тайталастың сол кездегі сарапшылырдың назарынан тыс қалып жүргендігі, ал өзінің экономикалық әлеуеті әлдеқайда әлемнің дамыған елдермен әскери салада бәсекелесудің КСРО-ны әбден титықтатқанын да ескерген дұрыс болар. Қарулану жолындағы бәсеке – Кеңес Одағы Құлауының басты себептерінің бірі екені де посткеңестік кезеңде отандық және алыс, жақын шет елдер ғалымдары мен саясаткерлері дәлелдеген. Осымен қатар күйреудің талай себептерін табуға болады. Бірақ соның ең бастысы – экономикамыз бен қоғамымыздың технологиялық салаларында дағдарыстың кең етек алуы, сондай әлжуаз экономика мен қоғамның мойнына жарыса қарулану салған салмақтың молая түсуі болғаны даусыз.

XX ғасырдың сексенінші жылдары басында әскери және әскери-экономикалық тепе-теңдікті сақтауға ұмтылыстың жедел қарқын алуы салдарынан, отандық экономика тұралай бастаған. Мамандар мен санаулы бірінші басшылар сол кездегі бір аса ірі кеңес республикасының экономика мәселелерімен шұғылданғандар аса жоғары жауапкершілікпен ол туралы куәлік бере алатынын нақтылы статистикалық мәліметтермен дәлелдей білген.

КСРО-ның күйреуінің экономикалық себептеріне жасаған талдаулардағы тағы бір мәселені назардан қалдыруға болмайды. Танымалы ғалым саясаткерлер талдауы бойынша Қазақстандағы бір жұмыс орнының өнімділігі озат елдердегі компьютерленген жұмыс орнының өнімділігінің бір пайызын ғана құрайды екен. Бұған не деп дау айта алмақпыз. Жанымызға жақсын, жақпасын, шын жағдайға өзіміз әбден қаныға түсіп, өзгелерге әдеппен түсіндіре білейік деп ғалым өз ойын аяқтаған. Осындай фактілер

арнасында елде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалдың қайда алып келгендігін де айтпауға болмайды. Қоғамды торығушылық кеңінен жайлай бастады. Жаппай енжарлық қауіпті мөлшерде етек жайды, ал бұрынғы кеңестік басқару жүйесі тез күйрей бастағанымен, жаңа саяси және экономикалық құрылымдар орасан зор кедергілермен баяу қарқынмен орныға бастады. Осындай көпсалалы келеңсіздік бүкіл елде ереуілдер мен пікірсайыстар толқынын күшейтіп, ұлттық қозғалыстар билікке қол жеткізіп, жекелеген республикалардың КСРО құрамынан шығатын пейілі танылған кезде, Кеңестер Одағының тынысының тоқтауына санаулы уақыт қалғаны әбден аян болды. Билік басындағы таза болашақты ойлайтын адамдарға не тарих қойнауына жылжып бара жатқан көне жүйедегі орнын сақтап қалу, не өз жауапкершілігіндегі елін — Қазақстанды жаңаша қалыптастыруы міндеті керек болды. Бұндай тұлғаларға сеніп тағайындаған халықтың – қазақстандықтардың алдындағы жауапкершілігін сезініп, шешімді әрекеттерге барудан басқа амал қалмады.

Ойшыл, тәжірибесі мол адамдардың белсенді әрекетінің арқасында Одақ бейбіт жолмен ыдырап, тәуелсіздік таңы да атты. 1991 жылдың желтоқсанында қабылданған Алматы декларациясында: “Тәуелсіз мемлекеттер Достығының құрылуына байланысты Кеңестік социалистік республикалар одағы өзінің өмір сүруін тоқтатты” деп жазылды. Демек, КСРО-ның күйреуінің ең соңғы нүктесі Алматы қаласында қойылды. Ол туралы сол тарихи оқиғаның куәгері Ә. Келімбаев: “Жетпіс жылдан астам жер дүниені тітіреткен қызыл империяның жаназасы Алматы қаласының құрманғазы көшесіндегі Достық үйінің дөңгелек залында шығарылды. Жасы жетпіс төртке қараған әлемдік социализм мен алтыдан асып бара жатқан кеңестік қайта құрудың ала сапыранының ақтық сағаттары Алатау баурайында, қазақ топырағында аяқталды” - деп жазды ол зиялы қазақ перзенті.

Қорыта айтқанда, КСРО-ның ыдырауының саяси себептерімен қатар, әлеуметтік-экономикалық себептерін де көрсетіп, оларға жан-жақты талдау жасау арқылы Одақты күйреуге алып келген процестің объективті негіздері осылай болған. Егер, Одақтың ыдырауының әлеуметтік негіздерін ұлтаралық қатынастарда, әлеуметтік қамсыздандыру саласында, т. б. әлеуметтік салаларда жіберілген кемшіліктер құраса, экономика саласында бір орталықтан басқарылған жоспарлы экономиканың тоқырауы, жаппай көзбояушылық, талант-таражға жол беру т.с.с. құраған. Осының бәрі нақты фактілер негізінде дәлелденген. Демек, тәуелсіздік қарсаңында елде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалын объективті бейнелеп, шынайылық деңгейі жоғары дерек көзі арнасында толығымен дәлелделді деп ойлаймыз.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдары басы жанашыл үрдістердің едәуір әлсіреуімен, қоғамдық құрылыс принциптері мен түрлерінің тоқырауға ұшырауымен ерекшеленді. Саяси өмір принциптеріне әлем дамуындағы озық тәжірибелер келе бастағанда саяси және экономикалық бетбұрыстың пайда болуы елеулі жаңалықтарға жол ашты. Өйткені дәл осы кезде саяси

құрылымды жаңартуға, нарықтық қатынастар жолымен экономикалық реформалар жүргізуге бағытталған барынша ауқымды, түбегейлі ұмтылыстар көріне бастады. Яғни, онда социализмнің “сталиндік”, “кеңестік” нұсқасын жою және демократиялық қоғам орнату туралы мәселелер көтерілді.

Алайда КСРО басшылығымен бұл ұмтылыс 1968 жылы “Прага көктеміне” қарсы төндірілген “интернационалдық акцияның” салдарынан іске аспай қалды. Осының нәтижесінде 60-шы жылдар ортасындағы бетбұрыс төрешіл кертартпа күштердің құрсауында қалды. Бұл оқиғаның ізі суымастан “ревизионизмге” қарсы басталған идеологиялық науқан Чехословакиялық коммунистік партиясының ішкі дағдарысын жоюға, бірқатар басқа сондай саяси ұйымдардың оппортунистік күштерге теориялық соққы беруге, партия, оның социалистік қоғамдағы жетекші рөлі туралы “маркстік-лениндік” тұжырымдаманы қайта қалпына келтіруге жәрдемдесуге тиіс болды.

Алайда тарих тәжірибесі коммунистік құрылыстың КОКП Бағдарламасында белгіленген міндеттері өзіне сай саяси және практикалық шешімдер таба алмағандығын көрсетті. Ал мұның өзі көптеген сауалдың жауабын кемелденген социализм тұжырымдамасынан іздеу қажеттілігін алдын-ала аңғартты. Социализмді бірте-бірте жетілдіру идеясы саяси бағыттың өзегіне айналды.

Билеуші партияның басшылығы Қазан (1917 ж.) оқиғаларының 50 жылдығына байланысты өткен салтанатты мәжілісіндегі баяндамасында, ешбір дәлелсіз Кеңестер Одағы тарихының басты нәтижесі *кемелденген социализмнің* орнауына әкеледі деген тұжырым жасалған еді. Бұл “тұжырымдаманың” өзінен бұрынғы теориялық ұстанымдары мен методологиясынан айырмашылығы, социалистік қоғам дамуының едәуір ұзаққа созылатын кезеңі екендігін ашық мойындауынан пайда болған еді. Осы межеден бағалайтын болсақ “коммунизмге қарай алып адыммен секіру” идеясынан бас тарту жағдайына байыпты баға беру көрінісі болғандығы шүбәсіз. Бірақ бұл тұжырымдама ХХ ғасырдың 30-40-шы жылдары мерейі үстем болған, өтпелі кезеңнің бүкіл проблемалары шешіліп бітті, социалистік мұраттар негізінен жүзеге асты және осының бәрі дәлелденген” деп санайтын әлеуметтік-экономикалық даму пайымы негіз болған.

Ешбір адамзат тәжірибесі мен теориялық ұстанымы дәлелденбеген «тұжырым» салдарынан социализмді жетілдіру жолдарын іздестіру ісі (егер мұндай іздестіру жүргізілсе) ескірген түсініктер аясында ғана қанат жаюға мүмкіндік алды. Социализмнің іркіліссіз және қайшылықсыз үдере өркендеуі теориясы экономикалық және әлеуметтік ұмтылыстарды асыра ұлғайтып сипаттауға, ақиқатты қосымша боямалап насихаттауға бағыт сілтеді. Қоғам өзегіне енген қайшылықтардың, тоқыраушылықтың, төрешілдіктің асқыну себептерін екі жүзді жасырынды сипатта қалдыра берді. Қоғамның даму құбылысы өткен кезеңдегі жетістіктермен салыстыра қарастырылғандықтан, сөздер мен ұғымдар бірте-бірте шындыққа мүлде жанаспайтын дәрежеге ұласып, қолданған «теорияның» өзі де мақсат еткен мән-мағынасынан арыла түсті.

Қиялдағыны қолдағыдай етіп көрсетуге жалаң ұмтылыс барынша асқындаған көрінісі, КСРО-ның 1977 жылғы Конституциясында тіпті заңдастырылып бас құжатқа салынды. КОКП Орталық Комитетінің мамыр (1977 ж.) пленумында мақұлдаған Конституция жобасы бүкілхалықтық талқыға ұсынылып оның барысында азаматтардан не бәрі 400 мыңға жуық ұсыныс келіп түсті. 1977 жылғы қазанның 7-і жұлдызында тоғызыншы сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясы Негізгі Заңның мәтінін қабылдады. Бұдан былай Кеңестер Одағында жаңа мереке **7 қазан Конституциясы күні** мәртебесін алды.

1978 жылғы наурыздың 17-і жұлдызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы республика Конституциясының жобасын бас-аяғы бір-ақ айға созылған “бүкілхалықтық талқылауға” ұсынды. Оның іргетасын Кеңес мемлекетінің Негізгі Заңы құрады. Сыншыл рухтағы ресми қоғамдық пікірге кереғар келетін материалдар, әлбетте, ескерусіз қалды. 1978 жылдың наурыз айының 18-20 жұлдыздарында Қазақстанның билеуші партиясының ОК-і мақұлдағаннан кейін, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс жетінші сессиясы Жаңа Конституцияны қабылдады.

Демократияны шектеу, еңбек адамын меншік пен биліктен іс жүзінде алшақ ұстау, адамның құқын аяқасты ету т.б. сияқты кеңес қоғамының саяси жүйесіне тән көріністер осындай болды. Жаттандық пен қасандыққа бой ұру демократиялық институттардың қатып-семуіне және тек қана формалді арнада сипат алуын одан әрі нығайтты. Қалыптасқан жағдай Кеңестердің демократиялық ішкі мүмкіндіктерінің тынысын тарылтып, адымын ашқызбауға айналды. 1970-1980 жылдары жетекші органдар тарапынан Кеңестер жұмысын жақсарту жөнінде ондаған құжаттар қабылданғанымен, оң өзгерістер болған жоқ және болуы да мүмкін емес еді. “Мемлекеттендіру” процесі кәсіподақтарды, жастар одағын және басқа қоғамдық ұйымдарды да қамтыды. Қоғамдық ұйымдардың партиялық-мемлекеттік аппаратпен тұтасуы, олардың дербес негіздерін жоққа шығаруға әкеп тіреді.

Бұл кезеңге тән болған сөз бен іс, қабылданған шешімдер мен олардың орындалуы арасындағы алшақтық кеңес адамдарының бойында самарқаулық пен немқұрайлықты тереңдете түсті. Өткен ғасырдың 50-60-шы жылдардағы реформалық әрекеттердің сәтсіздікке ұшырауы, ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелердің болмауы, көпшілік жиындар мен еңбек ұжымдарында жарияланған мақсаттар мен ниеттерге сенімсіздікпен қарау көріністері тынысын одан әрі кеңейтті. Оның үстіне халықтың біршама бөлігі әрекетсіздік пен маскүнемдікке бой алдырып, рухани жарымжандыққа ұшыраудың аз-ақ алдында тұрды.

Келеңсіз құбылыстар ұлтаралық қатынастар саласында да орын алды. Осы жылдары республика бойынша мектептерде ана тілінде оқытуды жақсарту жөнінде бірде-бір құжат қабылданбады, оның есесіне мұндай құжаттар орыс тілін оқыту сапасын арттыруға байланысты молынан қабылданып жатты. Орыс тілінің жағдайын ұдайы жақсартуға бағытталған “қысымшыл” саяси бағдар “ұлт мәселесінің толық және түпкілікті шешілуімен”, “халықтардың мызғымас достығымен”, “ұлттар мен

ұлыстардың жақындасуы және бірігуі” арнасындағы жалаң және екі жүзді теориялар, мағынасы қасаңсып, тіпті әзіл шытырмақа әңгімеге айналған жалаң ұрандар қоғамда бой алды.

1975 жылы Алматыда Олжас Сүлейменовтың “АЗиЯ” (“Ізгі ниетті оқырманның кітабы”) атты еңбегі жарық көрді. Танымал қоғам қайраткері, ақын жазушы сол еңбегінде көне орыс әдебиетінің ұлы аңыз жәдігері болып халық жадына құйылған “Игорь жасағы туралы жыр” (XII ғ.) “славяндық және түркілік этникалық әлем шекарасында дүниеге келген және шығармада екі көрші мәдениеттің шындықтары айқын көрініс тапқан” деген тұжырымға келген. Шындығында да, аталмыш славяндардың тарихи жәдігері болып келген аңызда түркі төркіндес сөздер аса мол болды. Автордың пікірінше мұның өзі кездейсоқ жәйт емес еді. Бірақ ұлыдержавалық шовинизм айқындамаларын айырылмастай нық ұстаған сыңаржақты идеологтар үшін О. Сүлейменовтың тұжырымдары ғылыми түйіндер мен ұлттық саясатқа қайшы деп бағаланды. “АЗиЯ” кітабы тауар айналымынан, кітапханалардан алынып, оның жаңа басылымдарына тыйым салынды.

Кезінде Еділ бойындағы неміс автономиясы таратылғаннан кейін оның мыңдаған тұрғындары Қазақстан жеріне күштеп көшірілген еді. КОКП ОК-нің 1979 жылдың көктемінде олар үшін Қазақстанда неміс автономиялық облысын құру туралы шешімі қазақ халқының мүдделерін тұтастай аяққа басудың көрінісімен іспеттес болатын. Республикамыздың көрнекті қайраткері, сол кездегі билеуші партияның бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың куәлік етуіне қарағанда, мұндай ұсыныс КСРО МХК төрағасы Ю.Андропов тарапынан жасалған екен. Ал мәселенің өзі қойылған кезде Қазақстан басшылығы үнсіз қалады.

Тіпті Қазақстанда бұл автономияны құру үшін Қазақстан ОК-нің хатшысы А.Коркин басшылығымен ұйымдастыру комитеті бекітіліп, оның астанасын Ақмола облысының Ерейментау қаласы болуға тиіс деген ұйғарым жасалады. Автономия құрамына сондай-ақ Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау облыстарының бірнеше аудандары енгізілуге тиіс болды. Неміс автономиясының құрылуы туралы ақпарат Қазақстан жеріне, әсіресе оның солтүстік бөлігіне лезде тарап кетті. Бұл қалың бұқараны үнсіз қалдырған Кремль билеушілері ұмтылысы аймақ тұрғындары арасында, әсіресе қазақтар арасында қарсылық әрекетке соқтырған.

Сөйтіп, 1979 жылғы маусымның 16-ы жұлдызында қазақ жастарының топтары Ақмоланың (Целиноград, Астана) орталық алаңына көптеп жинала бастайды. Жастардың қолдарында “Қазақстан бөлінбейді!”, “Неміс автономиясына жол жоқ!” деген жазуы бар плакаттар болды. Көп ұзамай қала орталығы лық толды. Осы оқиғаны көзімен көргендердің айтуына қарағанда, шеруде сөйлеушілердің сөзі дәйекті де байсалды болған. Олар Қазақстанның көп ұлтты Кеңес Одағының құрамдас бөлігі екендігін айта келе бұл аймақта ондаған жылдар бойына қазақтар, орыстар, украиндар, немістер, татарлар және көптеген басқа халықтардың өкілдері қоян-қолтық араласып, бірге бейбіт еңбек еткені басып айтылған. Енді кейбір билік басындағылар жергілікті халықтың ұстанымын аяққа басып келіп осындай

республикада, ойда жоқта неміс автономиясын құрмақшы. Шеруге қатысушы бір студент :”Біз Кремлдің мұндай шешімін айыптаймыз”, - деді. Облыс басшыларының шеруді тез арада таратудағы шаралары мен әрекеттері іске аспады. Шеруге қатысушылар шеп түзеп, қала көшелерімен ұрандатып өтті.

Келесі шеру маусымның 19-ы жұлдызында өткен. Шеруге қатысушылардың алдынан облатком төрағасы Жұмахметов пен облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Морозов шығады. Олар Ақмола облысында ешқандай автономия құрылмайтындығына тұрғындардың көзін жеткізе білді. Дегенмен қалың бұқара бір дүрлігіп қалған еді. Толқулар басқа елді мекендер мен облыстарда да жалғасқан. Алайда біраз уақыттан соң толқу саябырси бастады. Сөйтіп, солақай зорлық зомбылық және билеушілердің өктемдік әрекеті халық үнімен іске аспай қалды.

Бірақ республика билеушілері мен МХК бұл шерулер туралы ақпараттар таралмауы үшін қолдан келгеннің бәрін істеді. Баспасөз де бұл оқиғалар туралы жұмған аузын ашқан жоқ. Алайда Ақмолада 1979 жылы болып өткен толқулар туралы қауесет республикада ұзақ уақыт бойы тыншымады.

Қоғамдық өмір дамуындағы демократиялық және төрешіл бетбағыттар күресі әсерінен туындаған саяси жүйенің қайшылықты, күрделі сипаты сыртқы саясатта да айқын көрінді. 70-ші жылдардың бас кезіне әлемдегі саяси ахуалдың жұмсаруы, халықаралық шиеленістің бәсеңдеуі тән болды. 1973 жылы Вьетнамдағы соғыс аяқталды. Хельсинкиде жалпыеуропалық кеңестің шақырылуы барлық бейбітшілік сүйгіш күштердің қомақты табысына айналды. Еуропалық 33 мемлекеттің, АҚШ пен Канаданың басшылары қол қойған қорытынды құжатында (акт) мемлекетаралық қатынастар жаңа айқындамалар тұрғысынан реттеліп, мемлекеттердің адам құқын қорғау жөніндегі күш-жігері біріктірілді.

Өзгерістер жағдайында Қазақстан өзінің халықаралық байланыстарын нығайтуға мүмкіндік алып өзге елдермен мәдени және экономикалық қатынастар нығая түсті. Алдыңғы бесжылдықтарда Қазақстан кәсіпорындары өндіретін тауарларды сыртқа шығару көлемі біршама ұлғайды. Алайда Қазақстанның шет елдерге шығаратын өнімдер тізімі технологиялық аясындағы тауарлардан гөрі негізінен шикізаттық қор көздерінің өнімдерінен, мәселен, түсті металдардан, хром кені мен темір балқытпаларынан, жұқа болат тақталарынан, мұнайдан т.б. сияқты түрлері басым болып қала берді. Ал металл өңдейтін құралдар, жол құрылысы техникалық жабдықтарын, көлік қатынасы техникасын, жиһазды, киімді, тағам өнімдерін, электр тауарларын т.б. Кеңес республикаларынан және шет елдерден тасымалдау тәжірибесі басым болды.

Қазақстанның шетелдермен мәдениет саласындағы байланысы да біршама қарқын алды. Отандық кәсіпорындарда тәжірибе жинақтаған жүздеген мамандар әлемнің Ирак, Египет, Үндістан, Моңғол Халық Республикасы, Финляндия, Ауғанстан т.б. көптеген елдерінде келісім шарт бойынша қызмет атқарды. Қазақ КСР Ғылым Академиясының зерттеу ұжымдары шетелдік әріптестерімен 31 проблема мен жеке тақырыптар бойынша жобаларды орындауға бет алған. Химия ғылымдары институтының

қызметкерлері өздерінің Шығыс Еуропа (чехословакиялық және болгарлық) әріптестерімен тұрақты қатынастар орнатты. АҚШ, Франция, Италия ғалымдарымен байланыс жүзеге асырылды.

Қазақстанда Кеңес-Сирия достығының күндері, Францияның КСРО-дағы күндері өткізілді. Еліміздің Құрманғазы атындағы Мемлекеттік ұлт аспаптары оркестрінің ұжымы, КСРО халық әртістері Е. Серкебаев пен Б.Төлегеновалар Францияның музыка сүйер орталарына өздерінің ұлттық тамаша әуез өнерімен тәнті етті. Қазақ операсы мен балетінің, көркемсурет пен графикасының, қолданбалы өнерінің шеберлері Еуропа, Азия, Африка, Америка елдерінде өнер көрсетті.

Алайда сыртқы саясат саласындағы қарыспа шешімдер, біліктілік жағынан төмен және шала ойластырылған идеология, мемлекетаралық қатынастарды қалыптастыру жолында көптеген тастүйін кедергілердің бой көрсетуіне себепші болды.

Кеңестік заман тұсындағы екі әлеуметтік-саяси жүйе арасындағы текетіректің өрши түсуіне шынайы дүниені айқын тануға бөгеті мол “дұшпан бейнесі” дейтін түсінік май тамызды. “Саяси күрестің күшеюі” туралы жолнұсқа (тезис) орнына “ идеологиялық күрестің күшеюі” дейтін екінші бір жолнұсқа келді. Осының салдарынан екі жақ та әскери күшін еселей өсіріп, қарулануға жұмсалатын қаржы көлемін үсті-үстіне ұлғайта түсті. Әскери шығындардың негізгі ауыр салмағы ірі екі алпауыт мемлекеттері - АҚШ пен КСРО-ға түсті. Бұл шығындардың ауыртпалығының басым көпшілігі бірінші кезекте аталмыш екі мемлекеттің салық төлеушілер үлесіне тиді. Ұлы мемлекеттердің тәкаппарлығы жанталаса қарулануды күшейтуге, ядролық мүлік қоймасын жаңарту және жасақтауға сүйреді.

Қазақ халқының аса көрнекті даналарының елінде, яғни Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарының түйіскен тұсында орналасқан Семей ядролық полигоны Қазақстан жерін молынан қамтыды. Ядролық қару мұнда алғаш рет 1949 жылғы тамыздың 29-шы жұлдызында сыналды. Ғылыми тұжырымдар бойынша, әрбір эксперименттік қондырғы мен оны жер астында сынақтан өткізу ұзақ жылдар бойы құпия болған. Уақыт өткен сайын полигон айналасындағы тұрғындардың денсаулығына бәлендей зиянсыз деген жалаңаш насихат басым болғанымен да халық үшін, полигон айналасындағы табиғатқа, адамдардың болашағына аса қатерлі қауіп төндіріп түрлі бұрын соңды кездеспеген сырқат түрлеріне соқтырды.

Дәрігерлерге рактан, лейкоздан және иондаушы радиацияға байланысты туындаған басқа да аурулардан жастай дүниеден озғандар сырқаттардың дәл себебін айтуға тыйым салынған еді. КСРО Денсаулық сақтау Министрлігі бұл аймақта медициналық зерттеулер жүргізуге де қатал шек қойды, ал әскери дәрігерлер жүргізілген тексерістердің нәтижесі аса құпия сақталып, ядролық полигон әрекеті салдарынан келген зардап көлемі туралы мәліметтер жасырын ұсталды.

Адамдарға деген осыншалық безбұйрек көзқарас салдарынан полигон маңайында тұратын халықтың әр түрлі ауруларға шалдығуы жиілей бастады. Сәуле ауруының нышандары, мәселен Семей облысында Абай ауданының,

Қарағанды облысындағы Егіндібұлақ ауданының тұрғындарының бойынан көптеп кездесті. Бірақ полигонның халықтың денсаулығына төндіріп отырған қатері туралы оқта-текте үн көтергендердің дабылы естілуі де ескерусіз қалып жатты. “Империалистік қатерден” үрейленген мемлекет жаңа қару түрлері мен оның көлемін ұлғайту ісін жедел қарқынмен жалғастыра берді. XX ғасырдың 70-80 жылдары Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау облыстарында халықтан жасырын түрде кен жарылыстары мен далада, полигондарда әртүрлі көлемдегі және қуаттағы ядролық сынақтар, қару-жарақтарды апробациялық-зерттеу жұмыстары жалғаса берді.

Саяси және идеологиялық жағдайдың ушығуына социалистік достастық елдерінің ішіндегі күрделі қарым-қатынастар да әсер етті. Қытай Халық Республикасы өзінің “қытайлық ерекшелік” жолын іздестіре бастады. Оның үстіне ҚХР-ның Кеңес Одағымен қарым-қатынасы 60-шы жылдардың ортасынан бастап салқын тартқан еді. Екі ел арасындағы экономикалық, саяси өзара байланыстар айтарлықтай шектелді. 1964 ж. әскери қарама-қарсылық күшейе түсті. Екі мемлекеттің шекарасына 1967 жылы сан жағынан 400 мың шамасында әскерлер шоғырланды. 1969 жылғы маусымның 13-і жұлдызында Даман аралында екі ел арасында әскери қақтығыс болып, оның барысында екі жақтан да көп адам қаза тапты. Осы жылдың 13 тамызында Семей облысының Жалаңашкөл бойындағы ірі әскери қақтығыста адамдар тағы да шығынға ұшырады. Кеңес басшылығы Қытай ядролық объектілеріне алдын-ала ескерту соққыларын беру жоспарын жасай бастаған кезде екі ел арасында ядролық соғыс қаупі шынайы сипат алды. Бұл қатер КСРО мен Қытай басшыларын келіссөз жасауға мәжбүр етті. Осы жылғы қыркүйектің 11-де Пекин әуежайында А.Н. Косыгин мен Чжоу Эньлай арасында болған кездесу ядролық жанжалды болдырмау үшін бірталай игі шараларға жол ашты. Соғыс қаупі тоқтатылғанмен, бұдан былай КСРО мен ҚХР арасындағы қарым-қатынаста салқындық қанат жайды. КСРО және тәуелсіз Қазақстан жаңа ғасырға шейін бір-біріне қырғи қабақ қарап сенімсіз болды.

Югославия да осы кезде біртіндеп жоспарлы шаруашылық экономикалық жүйеден және билік, идеологияның сыңаржақты түрінен бас тарта бастады. Алайда Югославия басшылығының мұндай әрекеттері КСРО тарапынан қолдау тапқан жоқ. Албания оқшаулану саясатын жүргізді. Ал Румынияда Н. Чаушеску әулетінің өктемдік саясаты нығая бастады. ГДР-ның, ПХР-ның, Болгарияның ішкі тұрмысында да күрделі мәселелер аз ұшырасқан жоқ. Дегенмен, “социалистік” бағыт ұстанған елдердің көпшілігі Варшава Шарты одағында әзірше қала берді.

70-шы жылдардың соңы мен 80-ші жылдардың басында сыртқы саясатта Кеңес халқына қымбатқа түскен жаңсақ әрекеттерге жол берілді. Әскери күш-қуатты арттыруға жұмсалатын қаражат көлемі ұлғая түсіп, қарсы жақтың “әрбір танкісіне танкпен”, “әрбір ракетасына ракетамен” қолма-қол жауап берілді. Көптеген көрсеткіштер бойынша КСРО Қарулы Күштері АҚШ әскерінен елеулі басым түсіп жатты.

Ауғанстанның сол кездегі басшылары үсті-үстіне өтініш жолдап тұрғанымен, Кеңес әскерінің арнайы тобы 1979 жылдың 27 желтоқсанында бұл елге тосқыннан енгізілуі қисынсыз әрі Кеңес халқының мүдделеріне кереғар шешім болды. Бұндай күрделі аса жауапты шешім Кеңес басшылығының тар аясында ғана қабылданды. Қазақстан мен Орта Азия республикаларының басшылары да Ауғанстанға әскер енгізілгендігі жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ғана хабардар болған. Бірақ кеңес адамдарының басым көпшілігі Ауғанстанға әскер енгізудің шұғыл қажеттілігіне сеніп қалды. Кейбір жеке адамдар болмаса, үкімет орындарының шешіміне ешкім ашық наразылық, не келіспеушілік білдірген жоқ. Нәтижесінде Ауғанстан жерінде кеңес әскерлері де, жергілікті тұрғындар да елеулі экономикалық шығындар мен халық қайғысына ұшырады.

Бұл апатты желөкпелікке қарсы батыл үн көрегендердің бірі КСРО ядролық қаруды ойлап тапқан академик А.Д.Сахаров болды. Ол өзінің КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасына (Л.Брежнев) жолдаған ашық хаты мен үндеулерінде Ауғанстанға кеңес әскерлерін енгізудің қателігін басып айтып оны агрессия деп бағалаған және оларды дереу елге қайтару жөнінде БҰҰ-да шешуді талап еткен. Оның үстіне А.Д.Сахаров кеңес басшылығынан әскери және ядролық тұжырымдамалардың түбегейлі түрде қайта қаралуын ұсынған. Бұған жауап ретінде Кеңес басшылығы оны Мәскеуден Нижний Новгород (Горький) қаласына күштеп қоныс аудартып МХА тарапынан қатаң бақылау ұйымдастырған.

КСРО билеуші тобы мүшелерінің Ауғанстанға әскер енгізу туралы шешімі КСРО-ның халықаралық беделіне едәуір нұқсан келтірді. Кеңестік сыртқы саясаттың тағы бір аса ірі және қымбатқа түскен жаңсақтығы орта қашықтықта зардап келтіруге қабілетті ракеталарды Еуропаға орналастыруы жөніндегі шешімі болды. Бұл елдегі жағдайды күрт тұрақсыздандырып, КСРО-ның сыртқы саясатына сенімсіздік пен екіжүздік сипат берді.

XX ғасырдың 70-80-ші жж. бас кезінде Кеңес Одағында қос қабат қайшылықты жағдай қалыптасты: оның бұрын-соңды еш уақытта дәл осындай аса қуатты қорғаныс қабілеті болып көрмеген еді, бірақ нақ осыған байланысты соғыс қатері, ядролық шабуылға ұшырау қаупі бұрынғыдан да ұлғая түсті.

Бұл кезеңде әлемдік социализмнің даму қарқынының бәсеңдеуі байқалды. Әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларда қолайсыз бағыттар пайда болып, тереңдей түсті. Шығыс Еуропа елдерінде орныққан тоталитарлық құрылыстар саяси басшылық пен мемлекеттік басқару арналарын бір уысқа шоғырландыра келе, бірте-бірте билік жүйесін халық бұқарасына қарсы қойды. Бұған, мәселен, Польшада болып өткен оқиғалар айғақ бола алады. Мұнда 1956-1980 жж. төрт рет дау-жанжал туындады. Бұл төңтерістік әкімшіл-әміршіл жүйенің теориясы мен идеологиясының дағдарысқа ұшырағандығының белгісі еді. Алайда мұндай “дабылдардың” бірде-біріне саяси тұрғыдан лайықты жауап берілмеді. Саяси - экономикалық құрылымды жаңартуға бағытталған ұмтылыстар *оппортунизм, ревизионизм,*

яки “капитализмге қайта оралу” деген тіпті ешбір ойға сыймайтын құр сөздермен бағаланды.

Мұнда ел басқару жүйесін сақтап қалудың барлық әдістері, тіпті әскери жағдай енгізу де түгел қолданылды. Қасарыспа қасаңдық пен сыңаржақты идеологиялық шалықтау шылауында қалған КСРО мен социалистік қосын елдері басшыларының басым көпшілігі қоғамдық құрылысты түбегейлі өзгерту міндеттерін шешу биігіне өре жеткізе алмады. Сыңаржақты идеологиялық қысым көрсету мен әртүрлі жазаларға ден қою КСРОны қолдаушы елдеріндегі рухани өмірдің басты нышандарына айналды.

6.3. КСРО тоқырауы және Қазақстан тынысы.

1970-1985 жж. республиканың индустриялық мүмкіндіктері белгілі дәрежеде өсе түсті. Өнеркәсіпті өркендетуге 40,8 млрд. сом, яғни халық экономикасында игерілген қаржының 32 проценті жұмсалды. Сол кездегі әдебиет пен ресми ақпараттарға сүйенетін болсақ Қазақстандағы негізгі өндірістік қорлар 3,1 есе артты, оның ішінде химия және мұнай химиясында 6,5 есе, машина жасауда 4 есе дерлік, отын өнеркәсібінде 3,8 есе өсті. 15 жыл ішінде өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі екі есе, ал машина жасау химия өнеркәсібі сияқты салаларда үш еседен астам өсті. 1000-дай өнеркәсіп орындары мен цехтар жаңадан өндеріске қосылған.

Болашақта Қазақстан индустриясының алыбынан үміткер өнеркәсіп ұжымдары: Қазақ газ өңдеу, Қарағанды резина-техника, Маңғыстау пластмасса, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу зауыттары, Қарағанды металлургия комбинатындағы ақ қаңылтыр шығаратын цехы, Екібастұз және Ермак ГРЭС-тері, Қапшағай су-электр стансасы, Шымкент және Жамбыл фосфор зауыттары, Жайрем кен байыту комбинаты осы жылдары іске қосылды. өнеркәсіп өндірісінің көлемі жөнінен Қазақстан КСРО құрамындағы республикалар арасында үшінші (РСФСР мен Украинадан кейін) орынға көтерілді. Маңғыстау, Қаратау-Жамбыл, Павлодар-Екібастұз сияқты аймақтық-өндірістік кешендер қалыптастыру жөнінде көптеген ресми хабарламалар жарияланды.

КСРО-дағы саяси ахуалдың өзгеруі экономиканың өрлеп даму мүмкіндігін айтарлықтай тарылтты, ал кейіннен олардың мүлдем тежелуіне әкеп тіреді. Оның үстіне шаруашылық жүргізу тәжірибесі бірте-бірте социализм туралы қасарыспа қасаң түсініктер салдарынан туындаған, күні біткен шептерге сырғи берді. Осының нәтижесінде республика тарихи прогрестен біртіндеп шетқақпайлана берді. Реформалардың шектелуі 70-шы жылдардың басында кейінгі кезеңдердегідей айқын сезіле қойған жоқ.

Ведомстволық шашыраңқылық пен төрешілдік тосқауылдар жағдайды қиындата берді. 80-шы жылдардың басында КСРО бойынша өндіріске өткізілетін ғылыми- техникалық жаңалықтардың болғаны 3-ақ проценті құрады. Сонымен қатар олардың экономикалық тиімділігі небәрі 2,3 пайызға жетті. Экономиканы бір орталықтан басқару әдісі инженерлік жанашылдық

жетістіктері мен оны өндіріс процесіне енгізу арасындағы жолды шамадан тыс ұзартып жіберді.

Республикада бұрынғысынша шикізат өндірісіне біржақты бағдар ұсталды. Пайдалы қазбалар мен қуат көздерін өндірудегі шикізат пен қуатты пайдалану тиімділігі ғылыми техникалық прогресс қарқынынан әлдеқайда баяу болып қала берді. Мәселен, 80-шы жылдардың орта шенінде КСРО Батыс Еуропа елдеріндегі және АҚШ-тағы көрсеткіштермен салыстырғанда әр өнім басына қуат пен шикізатты 2-3 есе көп жұмсап отырды. Қазақ КСР Ғылым Академиясының республикада өндіргіш күштерін зерттеу жөніндегі Кеңесінің есебі бойынша, көмір өндірісінде оның 50-60 пайызын, мұнайдың 70 пайызын, темір кенінің 11,5 пайызы рәсуа етілді.

Өндірістің материалдық байлықтарын қолдану тиімділігінің төмендігіне әртүрлі себептермен жұмысқа шықпай қалушылық салдарынан, жұмыс уақытының зая болуы келіп қосылды. Өнімді қандай да бір шек қойылмастан жалпы көлемі бойынша жоспарлау сақталды. Билеуші партияның съездерінде жұмыс қорытындылары көтеріңкі рухта айтылып жатты, яғни құрылыс жұмыстарының қарышты қадамы, машина жасау, химия мен мұнай химиясы, электр қуатын өндіру, т.б. салалардағы табыстар туралы материалдар ең алдымен ауызға алынды. Мәселеге осындай көзқараспен келу сансыз жеңіс рапорттарын, жаңа “көтеріңкі міндеттемелер” қабылдау мен кезекті ұран көтеру тасқынын туындатты. Қағаз бетіндегі ұраншыл жарыс етек алды. Өнеркәсіптік құрылыс саласында республика басшылығы алып аумаққа әуестенушілікті кеңінен қолдап отырды. Мифологиялық пайым социалистік мемлекеттің зор қуатын бейнелейтін жаңа рәсімдердің (символдардың) күннен-күнге көбейе түсуін талап етті. Жоғарыда аталған Павлодар-Екібастұз, Маңғыстау, Қаратау-Жамбыл, Шымкент-Кентау тәрізді ірі аймақтық-өндірістік кешендер дәл осы кезеңде қалыптаса бастады. Жылдық, тоқсандық, айлық тапсырмаларға түзетулер енгізу бұрынғысынша үйреншікті іс күйінде қала берді. 1981-1985 жылдарда салалық министрліктер мен ведомстволардың жоспарлары 300 реттен астам түзетілді.

Бұл жылдары жалпы өнім көрсеткішін қуалай өсіру ауыр өнеркәсіпте негізгі мақсатқа айналды. Күрделі құрылыста да солай болды, мұнда жұмысты атқарудың ұзақ мерзімге созылуы салдарынан ұлттық байлықтың едәуір бөлігі істен шығып қалып жатты. Қымбатқа түсетін, нақтылы тиімділікке жетуді қамтамасыз етпейтін объектілер салынды. Еңбекті, материал мен ақшаны шамадан артық берекетсіз жұмсайтын қызметкер және өндіріс жетекшісі мен ұжымның өнім көрсеткіші айрықша бағаланды. Республика сапалы өнім өндіру ілгерілеу қарқынынан айрыла бастады, шаруашылықтың және мәдениеттің барлық саласында іркіліс көбейіп, қиыншылықтар үсті-үстіне жинақталып, шиеленісе түсті, шешілуін күткен мәселелер көбейе бастады. Мысалы, ІХ бесжылдықта жоспарды күрт төмендетіп отырса да өнеркәсіп өнімінің көлемі 12,6 пайызға орындалмаған болса, оныншы бесжылдық - 25 пайызға, ал онбірінші – 3,6 пайызға төмен орындалмаған. Соның салдарынан ұлттық табыстың өсу қарқыны баяулап,

80-ші жылдардың бас кезінде ол республиканы экономикалық тоқырауға алып келді.

Дүниежүзілік экономикалық заңдылық бойынша өндіруші тұтынушының “көңілін тапқанда” ғана тұрғындардың әлеуметтік жағдайы қанағаттандырылады. Ал осы жылдары шынтуайтта тұтынушы өндірушінің ырқында болып шықты, өндіруші не берсе тұтынушы соны пайдалануға мәжбүр болды. Мұның бәрі сол баяғы “жалпы өнімге” бола жасалды. Әлемнің дамыған басқа елдерге қарағанда өнімнің бір өлшеміне шикізаттың, энергияны, басқа да қорларды едәуір көп жұмсап келдік. Ал АҚШ пен Жапонияны алсақ, өнімнің бір өлшеміне бізге қарағанда шикізат пен энергияны 30-40 процент кем жұмсайды екен. Еліміздің бай табиғи және еңбек қорларын қалай болса солай пайдаланып, оның экономикасын ондаған жылдар бойы экстенсивті әдіспен дамытуға ұмтылыппыс. Мысалы, Маңғыстауда өндіретін мұнай мен серіктес газдың тек қана 8-10 пайызы пайдаға асқан. Бірақ осыған қарамай, өте қымбат, шығыны көп Ақтау қаласындағы атом реакторы 1973 жылы іске қосылған.

Ел билеуші топтардың біліксіздігі мен империялық пайымның без бүйректегі салдарынан, еселене түскен директивалық жоспарлау республика экономикасына орасан зор нұқсан келтірді. Бұл орайда Арал теңізі атрабына өндіргіш күштерді орналастыруда жіберілген стратегиялық қателіктер, жер және су қорын есепсіз пайдалану, мақта мен күріш дақылдарын өсіруге дара үстемдік беру салдарынан теңіз түбі 27 мың шаршы шақырымға дейінгі аумақта құрғап, жалаңаш қалды. Теңіз суының тұздылығы 3 еседен астам өсіп, Арал өзінің балық өнеркәсібінен тұтастай айрылды. Оның үстіне құрғап қалған теңіз түбінен тұз бен шаңның көтерілуі күшейе түсіп, Арал аймағының табиғаты мен ауа райы күрт нашарлап кетті. Ал бұл болса сол маңайдағы тұрғындардың денсаулығына әсер етті.

Айналадағы табиғи орта тепе-теңдігінің бұзылуы халықтың тұрмыс жағдайы мен денсаулығына қатер төндірді. Адам сырқаттанып тіпті дереу дүниеден озуы, әсіресе жасөспірімдердің шетінеуі кең қанат жайған. Аймақ тұрғындарының 80 пайызы әртүрлі сырқаттарға шалдықты. Дүлей күшіне енген экологиялық апат іс жүзінде ұлттың генетикалық өсіп-өнуі мүмкіндігін сақтап қалу туралы мәселе көтеруге мәжбүр етті, өйткені Арал аймағы негізінен республиканың байырғы халқы-қазақтар мекендейтін аудан болатын. Бұған Балқаш көлінің бір бөлігінің іске жарамсыз болып қалғанын, көптеген өнеркәсіптік қалалардағы, әсіресе Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Өскемен, Жамбыл, Шымкенттегі экологиялық жағдайдың күрделенгенін қосқанда, КСРО-дағы жоспарлы жүйе аясындағы әлеуметтік-экономикалық құрылыстың “артықшылықтары” тайға таңба басқандай көрінеді.

Адамзат қоғамындағы қандай мемлекет немесе одақ-бірлестік болмасын оның өмірлік тынысында айрықша рөл атқаратын аграрлық сала. Осы орайда өркениетінің барша кезеңдерінде тіршіліктің басты тірегі болған өзаөтар үшін мал шаруашылығы мен жер өңдеушілік екені айдан анық. Тәуелсіздік алар алдындағы жылдарда ауыл шаруашылық саласы КОКП ОК наурыз (1965 ж.) Пленумында талқыланып қабылданған бағдарламасы аясында

дамыды. Сол бағдарлама аясында әлемдік теория мен өмір тәжірибесінен алынған межелерге қол жеткізу міндеті қарастырылған еді. Олардың ішінде: ұлттық табысты аграрлық саланың пайдасына қарай қайта бөлу, ауылдықтардың әлеуметтік өзекті сұраныстарын қанағаттандыру, экономика жүйесіне оған табиғи тән шаруашылық есепті енгізу, еңбек ұжымдары өнімдерін мемлекетке өткізу бағасын еңбек шығыны мен тұрғын сұраныстарын қанағаттандыру жолдары мен амалдарын табу. Бұл жағдайда да өндіріс қатынастары және шаруашылықты ұйымдастыру мен басқару жүйесі аса елеулі жаңармаған еді. Осымен қатар тәуелсіздік табалдырығында республиканың ауыл шаруашылығына көп мөлшерде қаражаттар бөлінді.

Ал осындай көлемді және күрделі шаралардың нәтижесі қандай деген заңды сауалға келетін болсақ, көптеген түсініксіз жәйттерге кезігеміз. Біріншісі, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру қарқыны мен өнім көлемі, сапасы жылдан жылға құлдырай берген. Мысалы, IX-шы бесжылдықта 13 пайызға болса, XI-ші бесжылдықта -0,4 процентке дейін төмендеген. Екіншісі, қазақ халқының ата-тегінен келе жатқан мал өсіру кәсібі терең дағдарысқа ұшырады. Осы жылдары 4,2 млн. ірі қара, 55 млн. қой-ешкі т.б. өлім-жітімге ұшырап, бұлардың әр жүз аналығына шаққанда алынған төл саны 10,3 және 69 басқа азайып кетті.

Бұл халық үшін аса маңызды сала тиімділігі төмендеуінің негізгі сыры шаруалардың өз еңбегінің жемісін көре алмайтындығынан болды. Ауыл шаруашылығын басқарудың 20-30-шы жылдар арасында қалыптасып нығайған әкімшіл-әміршіл жүйесі құбыла, түрлене келіп, XX ғасырдың аяғына қарай солбір сарында жалғаса берді. Шаруалардың экономикалық мүдделеріне нұқсан келуімен қатар өнім көлемі де күрт құлдырап жатты.

Ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу бағаларын көтеруге ұмтылыс та айтарлықтай тиімділік берген жоқ, өйткені өнеркәсіптік кәсіпорындардың өз өнімдеріне өздері баға белгілеу құқылығы тыңайтқыштардың, техниканың, құрама жем мен басқа өнім түрлері құнының ретсіз өсуіне әкеп тіреді. Егер ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы 2 есеге артса, оларға арналған өнеркәсіптік өнімдерінің бағасы 2-5 есе көбейді. 70-ші жылдары мұның үстіне өндірістік құрылыс та қымбаттай түсті. Колхоздар мен совхоздар “Ауыл шаруашылық техника”, “Ауыл шаруашылық химия” тәрізді қызмет көрсетуші мекемелер тарапынан да “талауға” түсті. Ұжымшар және кеңшар т.б. ұжымдардың өнімдерін жоспарлы түрде сатып алу, интенсивтендіру жолындағы тосқауылға айналды. Шын мәнінде, бұл түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сығып алынатын азық-түлік салғырты еді.

Тәуелсіздік тұсқа дейін Республика одақ қорына жыл сайын бір килосы 2 сомнан аспайтын 300 мың тонна ет жөнелтіп отырды. Мұнан түскен пайда 9 миллиард сомға теңелсе, ет өндіруге кеткен шығын 18-27 миллиард сомға тең болды. Осының бәрінің салдарынан 1986 жылы Қазақстандағы колхоздар мен совхоздардың көпшілігі өздерінің айналымдылық қаржысынан толықтай айрылып, өндірістік қызметін несиесінен жүргізе бастады.

Аталмыш кезеңде республиканың бірқатар ауылшаруашылық мамандары шаруашылық жүргізудің қалыптасқан құрылымын жаңашылдық,

озық жолмен жүргізуге әрекеттенді. Мысалы, И.М.Худенко Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы “Іле” совхозының, кейін сол облыстың Күрті ауданындағы “Ақши” совхозының басшысы болған кезде фермерлік тұрақ мекендерін дамытуға әрекеттеніп, қағазбастылық сүйретпесіне шұғыл шектеу қойды, яғни шаруалардың еркін еңбектенуіне жол ашуға әрекеттенді. Алғашқы шараларының нәтижесінде совхоздардың жұмысы анағұрлым қарқынды жүріп, еңбек өнімділігі артты, тәртіп нығайды. Жаналық әміршіл-әкімшіл жүйенің басқару арнасына қайшы келіп, шексіз жоғарыдан ұйымдастырылған есепсіз тергеулерден кейін И.М. Худенко сотталып, түрмеде көз жұмды. Кейін елдегі өзгерістер басталғанда ғана Қазақ КСР Жоғарғы Сотының шешімімен ол ақталған.

1982 жылдың мамырында қабылданған азық-түлік бағдарламасы ауыл шаруашылығының да, оған қызмет ететін салалардың, көлік пен сауданың да жұмысын біріктіру міндетін алдына қойған болатын. Әзірлеу жүйесінің мемлекеттік қабылдау орындары мен сақтау қоймаларында белең алып тұрған қылмысты қырсыздық жағдайында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыруға әрекеттенудің өзі мағынасыз еді.

Азық-түлік бағдарламасы мен ауылшаруашылық өндірісінің құлдырауын тоқтатуға бағытталған өзге де әрекеттер айтарлықтай нәтиже бермеді, бағдарлама басқарудың ескірген жүйесі аясында жасалды және шаруалардың түбегейлі ынтасын, еңбеккерлердің экономикалық мүдделерін қозғаусыз қалдырды. Колхоздар мен совхоздардың шаруашылық іс қимылдары баршасы жоғарыдан реттеліп қала берді. Осының бәрі ауыл тынысын шектеп түбінде ұжымдар дағдарысын ұлғайтып, күрделенуіне әкеп соқтырды. 80-ші жылдардың орта шенінде іс жүзінде барлық жерде тұрғындарды азық түлікпен қамтамасыз ету ісі арнайы шектеу жәйіне әкелді.

Кеңестер Одағында астық өндіру жөнінен алдыңғы орындардың бірінде болған республика, енді жыл сайын малды бағып қорықтандыру үшін КСРОның басқа аймақтарынан миллиондаған тонна астық сатып алып отырды. Мұнда ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу, сақтау, халыққа сату ісі бетімен жіберілді. Көліктің, элеваторлардың, қоймалардың жетіспеушілігінен, сапасыз қатынас жолдарының жөндеусіздігінен жыл сайын екпеден алынған өнімнің 20-40 пайызға дейінгісі ысырап болды. Ауыл адамдарының еңбегі тиісінше бағаланбай, олар қалаларға, басқа аймақтарға көшіп кетуге мәжбүр болды. Жүздеген иесіз қалған кішігірім ауылдар саны жылдан жылға өсіп жатты.

Бұл жылдары білім беру саласында да елеулі өзгерістер болды. Республика бойынша жалпы білім беретін мектептер саны 10154 жетіп, оларда 3 млн. 348 мың жеткіншектер білім алды. Ал 1986 жылдың басында білім беретін мектептер саны 8728-ке қысқарып, оларда 3 млн. 348 мың оқушылар болған. Мұндай қысқартулар ірі агрокешендер құру кезеңінде “болашағы жоқ” деген ауылдардың жойылып кетуіне байланысты орын алды. Бұл кезде негізінен шағын мектептер, соның ішінде қазақ тілінде білім беретін мектептер басым қысқарды.

80-ші жылдары таңдаулы (болашағы мол) пәндер тереңдетіп оқытылатын мектептер қатары пайда болған. Қазақ КСР Ғылым Академиясының қолдауымен республикалық тұңғыш физика-математика мектебі ашылды. Билеуші орындардың 1986 жылғы қарашаның 10-ындағы “Жалпы білім беретін орта мектеп жұмысын одан әрі жақсарту шаралары туралы” қаулысы аясында республикада мектеп реформасы қолға алынған. Пәндердің оқу бағдарламаларына көптеген өзгерістер енгізіліп, арнаулы кабинеттер ашылды.

Бірақ әлемдік ғылыми-техникалық прогресс қарқыны мектептің үздіксіз дамуын ұдайы талап етіп отырды. Заман талабына сай өндіріс пен ауыл шаруашылығына т.б. салаға жаңа маманданған кадрлар қажет болды. Республика үкіметінің “Жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді аяқтау және жалпы білім беретін мектепті одан әрі дамыту туралы”, “Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру туралы”, “Елдегі жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру туралы” және де басқа Билеуші партия мен Үкімет тарапынан қабылданған маңызды қаулылары педагогикалық ұжымдарын жастарға білім беру ісін жетілдірудің жолдарын іздеуге душар етті. 1972 жылы республикада жалпы бірдей орта білім беруге көшудің соңғы кезеңі басталды. Мектептерде оқушыларды еңбекке баулу және кәсіпті таңдау ісін тереңдете жүргізу міндетін қойды. Орта мектептердің барлығы дерлігі, сегізжылдық мектептердің жартысы оқытудың кабинеттік жүйесіне көшті.

Тәуелсіздік алар алдындағы жылдарда жоғары білім беру жүйесі де біршама құнды өзгерістерге бет алды. Жоғары оқу орындары 55 болса, ал ондағы студенттер саны 273,3 мың болды. Орта арнаулы оқу орындарының саны 246-ға жетіп, оларда 272,6 мың жастар білім алды. Республика жоғары оқу орындарында көптеген білікті мамандар, әлемге танымал ғалымдар еңбек етті. Студенттер арасында ғылыми ізденістер серпінді дамыды. Бұл кезеңде студенттік құрылыс отрядтары қозғалысы кең қанат жайды. Өндірістік бағдарламаларды орындаумен қатар студенттер кәсіпке толмағандар ісі жөніндегі бақылау орындарымен бірлесіп, тәртібі тұрақсыз жасөспірімдермен санатты жұмыс жүргізді.

Өнеркәсіптің жедел қарқынмен дамуы, алуыл шаруашылығында бой көрсеткен интенсификация бағыты ғылымның серпін дамуына негіз болды. Осы жылдары Қазақстан КСРО-ның ірі ғылыми орталықтарының біріне айналды. 1985 жылы республикада 40377 ғылыми қызметкер жұмыс істеді. Олардың 864-і ғылым докторы, ал 650-і Ғылым Академиясының академиктері, корреспондент-мүшелері, профессорлар еді.

Д.В.Сокольский мен У.М.Ахмедсафин тәрізді аса көрнекті ғалымдардың зерттеулері республикадан тыс ғылым орталықтарына танылып зор құрметке ие болған, Д.В.Сокольский катализаторларды элетрохимиялық әдістермен зерттеу мәселесін тұңғыш көтерген болса, У.М.Ахмедсафин республикадағы гидрогеология және гидрофизика ғылымдарын ұйымдастырудың басында болған. Қазақстан ғалымдарының генетика мен микробиология саласында да табыстарын да мол сеніммен атауға тұрарлық. Ғалымдардың бір тобына,

оның ішінде қазақстандық ғалым М.А.Айтхожинге, өсімдік жасушаларындағы информсомоларды яғни жасуша ішіндегі бөлшектердің жаңа тобын тапқаны үшін Лениндік сыйлық берілді. Сондай-ақ, елімізде Ұлттық энциклопедияның қазақ тіліндегі басылымын шығару аяқталды.

Қоғамдық ғылымдар, көркем әдебиет ұдайы өктем билік тарапынан қысым көріп келді. Әдебиеттің, операның және бейнелеу өнерінің дамуында сыңаржақты идеология тырнағы әбден батқаны айқын аңғарылды. Дегенмен әдебиет пен өнердің үздік өкілдері тамаша шығармалар дүниеге әкелді. Мәселен, Ғабит Мүсірепов осы кезеңде өзінің ең маңызды шығармаларының бірі - "Ұлпан" повесі жазылып оның орыс тіліндегі аудармасы жарық көрді. Қаламгер республика жазушылар арасында тұңғыш рет Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Ғ.Мұстафин, И.Шухов, Ә.Тәжібаев, Д.Снегин, О.Сүлейменов оқырмандарға жаңа туындыларын табыс етті. 80-жылдары Б.Момышұлы, Ә. Нұрпейісов, Т.Ахтанов, І.Есенберлин, Ж.Молдағалиев, З. Сәмәди, Қ.Мырзалиев, И.Щеголихин, М.Шаханов және басқа қаламгерлер көркем әдебиеттегі елеулі туындылармен жұртшылық ықыласына бөленді.

Қазақтың Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театры ірі шығармашылық табыстарға жетті. "Қан мен тер" драмасын қойғаны үшін режиссер мен басты рөлдерді орындаушылар КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. М.Ю.Лермонтов атындағы республикалық орыс драма театры, ұйғыр музыкалық-драмалық және корей драмалық театрлары өз қойылымдарымен және жеке актерлер өнерімен көрермендерді зор рухани қанағатқа бөледі.

Осы кезеңде қазақ циркі алғашқы шығармаларымен көпшілікке таныла бастады. Сазгерлер Е.Рахмадиев, Ғ.Жұбанова, Н.Тлендиев, Ш.Қалдаяқов, Ә.Еспаев, К.Күмісбеков, Е.Хасанғалиев, Ә.Бейсеуов т.б. қазақ музыкасының шығармаларымен байытты. Бұл жылдар ұйғыр сазгері Қ.Қожамиров үшін де жемісті болды. Әншілер Е.Серкебаев пен Б.Төлегенова өнер сүйер қауымның ықыласына бөленді. Осы кезеңде жас әншілер Әлібек Дінішев, Роза Рымбаева, Нағима Есқалиеваның, суретшілер Үкі Әжиевтің, Сахи Романовтың, Ерболат Төлепбаевтің өнерлері өнерсүйгіштер ықыласына бөленді.

Қазақ киносының Ш.Айманов, М.Бегалин, С.Қожықов сияқты ірі майталмандарының тікелей қатысуымен қойылған "Атаманның ақыры", "Қыз Жібек", "Мәншүк туралы ән" атты тұлғалы көркем фильмдері көпшілік таразысына ұсынылды. Қазақ мультипликациясы да өзінің табыстарымен таныла бастады.

Алматыда Мемлекеттік өнер, Қазақ КСР, қазақ ұлт-аспаптары мұражайлары ашылды. Алматы, Ақмола, Ақтау қалаларының орталықтарында тамаша сәулеткерлік ансамбльдер бой көтерді.

6.4. Қазақстандықтардың әлеуметтік мәселелерінің шиеленісуі.

Билеуші орындардың елде халықтың ақшалай табысын арттыруға бағытталған саясаты тұрғындардың тұрмыс дәрежесін соғыстан кейінгі

жылдармен салыстарғанда біршама көтерді. Тәуелсіздік алдындағы жылдарда экономиканың өндірістік салаларында қызметкерлер мен жұмысшылардың еңбек ақылары көтеріліп, оның ең төменгі мөлшері 70 сомға жеткізілді, ал өндірістік емес салалардың қызметкерлері үшін жаңа ставкалар мен жалақылар белгіленді. Сөйтіп, республика еңбекшілерінің орташа айлық табысы ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында 123,7 сомнан 233,7 сомға дейін, өнеркәсіп инженер және жұмысшыларының табысы 133,9 сомнан 259,3 сомға дейін өсті.

Ауыл шаруашылық саласындағы еңбекшілердің жалақысы да елеулі өсіп 121 сомнан 247 сомға дейін көтерілген. Жасына қарай төленетін айлық орташа зейнетақы 51,1 сомнан 93,2 сомға дейін көтерілді. Билік орындары мен оның бүкіл идеологиялық құрылымдары халықтың тұрмыс дәрежесін тек қана жалақы мен төлемдердің өсу деңгейі арқылы бейнелеп декларативті түрде сипаттады. Яғни, төлемдердің мұндай қарқынмен өсуі жылдар бойы халықтың тұрмыс дәрежесі өсіп келеді деп санады, ал іс жүзінде бұл ақиқаттан әлдеқайда алыс еді. Мемлекеттің және өндірістік салалардың бағаны көтеруі, тауарлар сапасының тұтынушы сұранысынан сапа және сан тұрғысынан төмен болуы, тапшылықтың өсуі, жалақының көлемін қолдан төмендету, ақы төлеудегі теңгермешілік сияқты факторлар халықтың тұрмыс дәрежесінің құлдырай беруіне әкеп соқтырды. Өнеркәсіптегі таза өнімдегі жалақының үлесі жылдан жылға үнемі төмендей берді. Мысалы, ол 1927 ж. 58 пайыздан 1985 ж. 36 пайызға дейін қысқарған.

Халықтың нақты табысының төмендеуіне ақшаның құнсыздануы да әсер етті. Мұны көп уақыт бойы билеуші орындар халықтан жасырып келді. Құнсыздану қарқыны жылына 4 пайызға (ғылыми тұжырымдар) өскенін есептегенде нақты жалақы 1970-1986 жж. 20 пайызға төмендеген. 1985 ж. 1 сом 60-жылдардың ортасындағы бір соммен салыстырғанда 54 тиынға тең келді. Тіпті билеуші партияның XXV съезінде елдің басшылары ақшалай табыстың жеке өзін алып қарағанда тұрмыс дәрежесінің нақты өсуі емес екенін мойындауға мәжбүр болған.

Билік орындарының ақпараттары мен баспасөз беттерінде осы жылдары халықты қоғамдық тұтыну қоры есебінен жәрдем, зейнетақы және студенттерге бөлінген стипендия мөлшері, тегін білім алуға, денсаулық сақтауға, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетуге жүйелі түрде көптеген қаражат бөлініп отырғаны басып жазылған. Осы кезде тұңғыш рет қолхозшыларға зейнетақы белгілеу тәртібі енгізілді. 1972-1974 жж. соғыс және еңбек мүгедектеріне айлық, орташа зейнетақы 33 пайызға көбейтілді, 1975 жылы Отан соғысының мүгедектеріне қосымша жеңілдіктер енгізілді. Ана мен баланы қорғау жөнінде шаралар белгіленді, соғыс ардагерлерінің материалдық-тұрмыс жағдайы жақсартылды, табиғи мүгедек болған адамдарға мемлекеттік жәрдем түрлері көбейтілді.

Тағы да экономикалық талдаулардың нәтижелеріне сүйенсек, бұл шаралардың халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруге ықпалы тым шектеулі болғанына көзіміз жетеді. Зейнетақы мен жәрдем ақының ең аз мөлшері мардымсыз өсірілді, өйткені оны өсіру үшін негізге алынған мөлшері онан да

мардымсыз болатын. Халықтың едәуір бөлігінің, әсіресе зейнеткерлердің, көп балалы отбасылардың табысы төменге дәрежеде қалаберді, сөйтіп ол көбінде күнкөріс деңгейіне де жанаспады. XX ғ. 90-шы жылдары көпшілік тұтынатын тауарлар бағасының, тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсетудің, қоғамдық көліктің бағасының ресми және сол сияқты жасырын түрде ауқымды жоғарылатылуы халықтың нақты табысын недәуір төмендетті.

Жылдан-жылға тапшылық артып, сауда орындарында сапалы тігілген киім-кешектің көзі азайып, күнделікті қажет азық-түлік түрлері тапшыланды. Тамақ өнімдерінің бағасы тоқтамсыз өсіп, оны өндіретін салалардың қызметі құлдырады. Республика азаматтарының сауда орындарының есік алдын бағып, сағаттап кезекте тұру көрінісі күнделікті әдетке айналды. Осындай қоғамдық ахуал өткен ғасырдың аяғында халық арасында партиялық-мемлекеттік, әскери, шаруашылық номенклатурасына астыртын ұйымдастырылған әлеуметтік артықшылықтарға, қоғамдағы күнделікті әділетсіздікке байланысты наразылық өрши түсті. Мұндай артықшылықтар әлеуметтік теңсіздіктің арнаулы түрін туғызды, іс жүзінде бағалайтын болсақ, ақшаның сатып алу құны табиғи сан-қилы тұтыну нарығын қалыптастыруға жол ашты. Билеуші топтар артықшылықтарды бөлуде шендік принципті қатаң сақтады. Олардың көлемі қызмет орнының дәрежесімен белгіленді.

Аталмыш кезде қатардағы азаматтарға тағы бір аса өткір проблема – ол кезек тәртібінде тұрғын үй алу болды. Оны шешуде біршама ілгері жылжу байқалса да, халық санының өсуіне байланысты көптеген отбасылары біреулердің босағасында паналаумен ғұмырын өткізген. Үй салуға бөлінген қаржы көлемі шегеріліп, тұрғын үй құрылысының жоспары тұрақты орындалмады. Тек 1985-1990 жылдары ғана республикада жоспар бойынша белгіленген 1,2 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға, мектеп, аурухана, балалар бақшасын салу орындалмаған. Тұрғын құрылысының бұл жағдайына қарамастан республика астанасы мен облыс орталықтарында құны қымбат әкімшілік үйлері бой түзеп көтерілді.

Осы жылдары Қазақстан халық тұрмысын сипаттайтын көрсеткіштер бойынша жалпыодақтық межеден әлде қайда төмен болды. Республиканың көптеген өңірлері жан баласы төзімсіз қиын жағдайда болды. Негізінен қазақтар тұратын түкпірдегі елді мекендер қалыпты дәрігерлік көмекпен, ауыз сумен, көкөніс, жеміс өнімдерімен қамтамасыз етілу жәйі ешбір сынды көтермеді, оларда бала-бақша, мектептер, көпшілік мәдени орындар жетіспеуі салдарынан жылдап кезек күтуге мәжбүр етті. Мұндай жағдай республика мен КСРО орталық билік арасындағы қарама-қайшылықтың қауырт шиеленісуіне объективті негіз болды.

Сөйтіп, экономикалық қайшылықтар әлеуметтік қиындықтарды тереңдетсе, олар өз кезегінде күрделі адамгершілік проблемаларын туғызды. Жалақы төлеудегі теңгермешілік бағыт еңбеккерлердің қабілетін төмендетпеуі мүмкін емес еді. Азық-түліктің, сапалы өнеркәсіп тауарларының тапшылығы күшейді, адамдар өмірінің орташа ұзақтығы

қысқарғаны айқын болды. Еңбекке немқұрайлы қарау, өндіріс өнімдері мен бөлшек құралдарына қол сұғу, еңбек тәртібінің құлдырауы, маскүнемдік, қылмыс жасау жаппай құбылысқа айналды. Сөйтіп, әділетті, адамдар теңдігін құруды көздеген большевиктер партиясының бағдарламасы ХХ ғасырдың 90-шы жылдарына қарай “көлеңкелі экономика” арнасына бет алды. Осының бәрі республикада болашағы бұлдыр әлеуметтік-экономикалық жағдай жаратылғанының айғағы еді және әлеуметтік саладағы дағдарыстың көріністері билік жүйесін күйретуге алып келген объективті себептер еді.

80 жылдардың бастапқы кезінде Кеңес елінің республикаларында аса ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар бет алды. Қоғамның саяси ұйымдасуы, экономикалық қатынастардың күні өткен жүйесі КСРО-ны күрделі дағдарысқа әкеліп тіреді. Дағдарысқа тіреген жағдай бұрынғы басшылықтың толғағы жеткен өзгерістерді тез игерудегі дәрменсіздігінен ғана емес, оның қажеттігін түсінуге қабілетсіздігінен, барлық экономикалық қызметтің, қоғамдық өмірдің демократиялық сипатынан автократиялық биліктің (жеке дара билік), саяси-партиялық және мемлекеттік міндеттердің жанасып кетуі, оның өрескел басымдылығынан заңдылықтың бұзылуы; қоғамдық-саяси өмірдің аса маңызды мәселелерінен қалың бұқара тыс болғанынан айқын көрінді.

Экономикалық салада оның белгілері мыналар болды: шаруашылықты жүргізудің шығындық тәсілі бой алуы, әлемдік ғылыми - техникалық, технологиялық жаңашылдықтан алыстап қалуы, билік арнасындағы қызметкерлер қатарын болуы және оның қалыптастыруындағы сыбайластық пен іс жүзіндегі бақылаусыздық, материалдық қорларды пайдаланудағы өрескел тиімсіздік, инфляция және орасан зор тауар зәрулігі.

Қоғамдық өмірдегі оның негізгі белгілері тұрмыс деңгейінің нашарлауынан, материалдық игіліктерді бөлуде әділетсіздіктің етек алуы, әлеуметтік әділеттіліктің жиі бұзылып отыруы, ұлтаралық қатынастардағы проблемалардың туындауы, шынайы өмірдің бұрмаланып көрсетілуі, адамгершіліктің азуы; маскүнемдік пен нашақорлық, ұрлық пен қарлық, жемқорлық мен жезөкшелік болды. Қоғамдағы сыңаржақты идеология мен нәтижесіз реформалар құлдырау мен тоқырауды жеделдете берді. Ширақ ұйымдастыру және жаңа бағыттың қажеті айқындалды. 80-ші жылдардың бірінші жартысындағы КСРО саяси басшылығындағы бірнеше өзгерістерден кейін КОКП ОК Бас хатшысы болып сайланған М.С.Горбачев әлеуметтік-экономикалық дамуда жеделдету бағытын жариялады. Бұл серпілісті саяси басшылық дамудың экономикалық қарқынының бәсеңдеуіне жол бермеу және негізгі күштерді осы бағытқа жұмылдыру арқылы жүзеге асыруды міндеттеді.

Жеделдету бағыты терең ұғынылған ғылыми концепциясыз, айқын да, анық бағдарламасыз жүргізілді. КСРО билік буындары бірінші басшылардың сол баяғы коммунистік болашақты көксіген арнада әлеуметтік және экономикалық дағдарысты бүкіл мемлекеттік құрылымды жаңартудың мақсатында қайта құру арқылы емес, жекелеген көпірме шаралардың

желеуімен, идеялық-саяси тәрбиені күшейту арқылы тежеуге болады деген міндетті ұстанды.

Сондықтан, жеделдету бағытының сәтсіздікке ұшырауының негізгі кінәлілері жекелеген КСРО кәрі басшылары деген тұжырым толығынан ақиқатқа саятыны тәжірибеден алынған бір заңдылық тәрізді. Мысалы, сол кездегі билеуші партияның саяси бюро мүшелері мен одақтас республика бірінші басшылары 70-80 жастағылар болған еді. Мұнан кейін, партиялық аппарат қызметкерлерінің тежеушілік ықпалы туралы әңгімелер қозғала бастады. Мұндай идеялар “Правда” газетінде жарияланған “Рухани азару” т.б. сондай мақалаларда айтылатын болды. Онан соң “жақсы еңбек еткісі келмейді-міс” деп кеңес адамдары кінәланды.

Дей тұрсақ та жаңарудағы тежеудің ұшығы әміршіл-әкімшіл жүйенің бұрынғы қалпында қалып, оның саяси институттарының тиімсіздігінде, халыққа жаттығында, адамға қоғам үшін жақсы еңбек ету негізінен тиімсіздігінде болған, оның экономикалық құрылымдарының өміршең еместігінде жатты. Қоғам дамуының іркілісінен ғылым да әлемдік озық жетістіктерден жат қалып қойды. Дағдарыстың ұшығуы мен себептеріне байсалды талдау жасаған ғылым өкілдерінің пікір ұсыныстарына билік буындары құлақ салмайтын күйге жетті.

Бұл кезде саяси жүйенің мерездері жайлы бәрінен бұрын айта бастаған жазушылар болды. Мысалы, әміршіл жүйенің адамды бүлдіріп, оны “тетікке” айналдыратын кесапаттылығы жайлы А.Бектің “Жаңа тағайындау” атты шығармасында анық сипатталды. Сол мазмұндағы, кейінірек одақтық республикаларда одан да өткір шығармалар қоғамда тарайтын болды. Алғашқыда жарияланған мақсаттар мен нақты өмірдің арасындағы күрделі қайшылықтардың нәтижесі 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғалары және КСРОның басқа республикаларындағы саяси бас көтеруге алып келді.

Халық шаруашылығындағы тоқырау құбылыстары әміршіл-әкімшіл жүйенің саяси, экономикалық-әлеуметтік сала жоспарлауында және оны орындаудағы жіберген кемшіліктері мен қарама-қайшылықтарының нәтижесі еді. Осы жылдары орта машина жасау, қорғаныс министрліктері республика территориясының нағыз қожалары болып алды. Әртүрлі жоспарлар жасау, жаңа кен орындарын игеру кезінде, іс жүзінде республика мүдделері есепке алынбады. Сала министрліктері қанжығасына түскен миллиардтаған табыстардан республикаға оның тек елеусіз бөлігі ғана түсетін еді, ал жергілікті халыққа экологиялық кесапаттың үлесі аса зор болды.

Табиғат қорларынан түскен барлық қаржы орталықта қалып, тіпті күнделікті халық тұтынатын тауарлардың 60 пайызға жуығы Кеңес Одағының басқа аймақтарынан тасымалданды. Сыңаржақты идеология мен жеке басқа табынушылық негізіндегі тоталитарлық билік және ғылым мен ағарту саласын қаржыландырудың “қалдықты” принципі адамдардың рухани дүниесінің дамуын жылдан-жылға тұншықтырып, жаншыды. Ғылымдар, оның ішінде әлеуметтік-гуманитарлық салалары ресми саясаттың елгезек “қызметшілеріне” айналса, ал мәдениет саласы болса ұлттық негіздерінен алшақтап этномазмұны жұталана бастады. Мысалы, XX ғасырдың екінші

жартысында КСРОның аймақтарындағы ұлттық оқу орындары жаппай шектелді, ал біздің елдегі 700-ден астам қазақ тілінде оқытатын мектептер жабылды.

Қоғамдағы қазақ тілінің жағдайы тек тұрмыстық тілге айналды. Тілдің өзіндік өрісі де тарыла түсті, өйткені, оны жастардың көпшілігі ұмыта бастағаны былай тұрсын, тіпті оларда ана тіліне деген менсінбеушілік (нигилизм) пайда болды. Ұлттық мәдениет пен тілден айырылудың осындай ұзақ процесі мәнгүрттердің елеулі тобына даңғыл жол ашты. Осыншама «жанашылдық» қазақтардың көңіл-күйін төмендетіп, тіпті олардың бойы мен ойында билікке реніш туғызды. Сөйтіп, қазақстандықтар бойында билеуші партияның бағдарламасына күдік туғызып, мемлекеттік саясатқа сенбеушілік сезімін ұялатты.

Тағы бір қоғамдық сүйкімсіз көрініс бұл жергілікті басқарушы орындардың дәрменсіздігі мен жалтақтығы болды. Анағұрлым маңызды саяси-экономикалық шешімдер Мәскеу Кремльінде қабылданып, ұлттық аймақтарға әмір (бұйрық) ретінде жіберіліп отырды. Қандай да болмасын жоғарғы жақпен келіспеушілік немесе қарсылық “партиялық тәртіпті бұзу” немесе “ұлтшылдық” деп бағаланып, іле-шала қатаң жазаланды.

Тоталитарлық жүйенің 20-30 жылдарда өмірге келген “көсемдерге”, өзінен жоғары қызметтегі адамдарға табынушылық пен иланушылық Мәскеуде ғана емес, облыс, аудан, жергілікті басқару орындарында да кең қанат жайды. Республика басқару буындарында принципсіздік пен өзімшілдікке жол беріліп, билеушілер төңірегіне қызмет бабын дүние қоңыздық мақсатта пайдаланатын адамдарды жинады. Сол кездегі халық “сенімділерінің” көз алдында Арал құрғап, қазақ тілінің қолданылу аясы тарылды, Семей, Жем, Тайсойған, Орал өңіріндегі полигондарда үздіксіз жарылыстар жүргізіліп, әкімшіл жүйенің мәңгілік сынарлары: паракорлық, тамыр-таныстық, маскүнемдік пен халықтың әлеуметтік немқұрайлылығы кең құлаш жайды.

1986 жылғы желтоқсанның 16-шы жұлдызы таңертеңгілікте Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 18 минутқа созылған V пленумы Д.А.Қонаевтың орнына КОКП-ның хатшысы Г.П. Разумовскийдің ұсынысы бойынша Г.В.Колбинді тағайындады. Ол бұған дейін КОКП-ның Ульянов облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып істеген, республикаға мүлдем бейтаныс болатын. Кремль билешілерінің өркөкіректі, өктемді шешімдері қазақстандықтарға бұрыннан да мәлім еді. Желтоқсанның 17-сі күні таңертең Алматыда студенттердің және жас жұмысшылардың жаппай толқуы басталып, кейінірек ол республиканың басқа да қалаларына тарады. Г.В. Колбиннің жоғары басшылығына тағайындалуы толқу үшін субъективті сылтау ғана еді. Наразылыққа жылдар бойы қорланған себептер түрткі болды. Халықты ашындырған Кремль мен республика билігі арнасындағы кең орныққан өктемдік әрекеттері мен қайта құру жариялаған демократиялық принциптер арасындағы қарама-қайшылықтар еді.

Билеуші орталықтың шешіміне қазақ студент және жұмысшы жастарының алғаш қарсы шығып бой көрсетуі ұлтшылдық сипатта емес,

құқыққа қарама қайшы сипатында болды. Шеру бейбіт және саяси сипатта болды, онда басқа халықтарға қарсы атой салушылық, мемлекеттік құрылысты жоюға деген үндеу-ұрандар болған жоқ. Әміршілдікке дағдыланған республика басшылары әу баста-ақ жастармен тең құқылы келісімге бармады және олардың пікірін тыңдағысы келмеді. Саяси наразылықты үкімет билігіне төнген қатер деп бағалап, олар бұған Алматы гарнизонын жауынгерлік дайындыққа келтіріп, сан жағынан шеруге қатысушылардан әлдеқайда көп күштермен орталық алаңды қоршап алумен жауап берді.

КОКП ОК-не оқиғаларды бұрмалап түсіндірген жедел хабар жіберілді. Республика билеушілерінің үсті-үстіне сұраған өтініштерінен кейін, Кеңес мемлекеті ішкі істер министрі А.В.Власов Алматыға әр аймақтардан әскерлердің арнайы бөлімдерін жіберді. Шеруді тарату кезінде сойылдар, кіші саперлік күректер, үйретілген иттер, су шашатын машиналар пайдаланылды. Сөйтіп, кейін ресми орындар бейбіт және сан жағынан аз наразылық шерудің жаппай тәртіпсіздікке ұласып кетуі республика басшыларының саяси дәрменсіздігінен, қиын жағдайдан бейбіт жолмен шыға алмағандығынан және Кеңестік өпіремдіктен, олардың сана мен ізгілік ниетке емес, күшке арқа сүйегендігінен болды деген тұжырым жасады.

Өкімет орындарының жағдайды болжай алмауы қайғылы оқиғаларға әкеліп соғып, шеруге қатысушылар тарапынан да, қоғамдық тәртіпті сақтаушылар тарапынан да адамдардың қазаға ұшырауына жол берілді. Шеруді тарату кезінде билеуші орындардың тарапынан бақылаусыздыққа жол берілді. Уақытша қамауда ұстау орындары мен арнайы тергеу бөлімдеріне жеткізіліп, қаланың сыртына әкетілген ереуілшілер санының өзі 8,5 мыңнан асты. Оқиғаға қатысқандарға қарсы қылмысты істер қозғау, сот-тергеу жұмыстары кезінде көптеген дәрекі заңсыздықтарға жол берілді. Тергеу, әдеттегідей асығыс, ойдан шығарылған және айыптаушылық пейілде жүргізілді.

Мысалы, айыпталған 99 адамның 46-сын біршама уақыттан кейін ақталды. Жоғары оқу орындары мен кәсіпорындарда қудалау процесі жүргізілді. Қысқа мерзімнің ішінде желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін 787 адам жастар одағынан шығарылды, 1138-і комсомолдық сөгіс алды, 271 адам оқу орындарынан шығарылды, жүздеген адамдар жұмыс орнынан кетуге мәжбүр болды. 1987 жылғы шілдеде КОКП ОК “Қазақ республикалық партия ұйымдарының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие берудегі жұмыстары жайлы” қаулысында 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғаларын “қазақ ұлтшылдығының көрінісі” деп бағалады. Төрешіл, коммунистік аппарат тағы да өзін ақтап шығып, кезекті “кінәліні” іздеді. Тәртіп қорғау күштері, құқық қорғау, тергеу, сот орындары, прокуратура, бұқаралық насихат құралдары тарапынан жасалған осыншалықты дәрекілік арсыздық, заңды бұзушылық, шындығына келсек, саяси басшылықтағы шағын топтардың жүгенсіз монополиялық билігінің, қатаң орталықтанған әкімшіл-әміршіл жүйенің бар айла-амалы мен күшін сарқа пайдаланып, барынша толық жұмыс істегендігінің нәтижесінде мүмкін

болды. Өз дегендерін іске асырып тарихта қалдыру үшін қанша ынталанса да билеуші орталық Желтоқсан оқиғасының қоғамда қалыптасқан саяси, әлеуметтік-экономикалық тоқыраудың нәтижесінде ел еңсесін түсірген жағдайларға қарсы бағытталған әрекет екендігін мойындауына тура келді. Ақиқат беті ашылып, КОКП ОК-нің қаулысындағы “қазақ ұлтшылдығы” деген кінәлау қате деп мойындалды.

Демократия мен жариялылық нығая түскен сайын республикада желтоқсан оқиғаларына өзіндік мораторий жарияланды. Көптеген кінәсіз адамдар бұл кезде түрмелерде жатты, заңды саналған КОКП ОК-ның қаулысы әлі өз күшінде еді, ал жасалған заңсыздықтарға жауапты адамдар беттеріне шаң тимей өздерінің орындарында міндеттерін атқара берді. Осы мәселенің жәйін алғашқы болып тергеп, үнсіздіктің тас қабырғасына қозғау салған ақын М.Шаханов болды. Ол КСРО халық депутаттарының I съезінде сөйлеген сөзінде желтоқсан оқиғаларының ақиқатын бүкіл елге жария етті. Әділдік салтанат құру үшін одан кейін де біраз уақыт өтті.

7. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік стратегиясы және әлеуметтік-экономикалық дамуы.

7.1. Республикадағы демократиялық процестер мен саяси-қоғамдық қозғалыстар.

Тәуелсіздік алудағы негізгі ырғақтардың бірі бұқараның демократиялық арнасы жанданып көрген білгеніне өз пікірін қозғалыстар мен саяси бірлестіктер аясында ашық білдіру еді. Қазақстандағы алғашқы және неғұрлым бұқаралық қозғалыстардың бірі “Невада-Семей” экологиялық қозғалысы болды. Ақын, елдің көрнекті қоғам қайраткері, ойшыл О. Сүлейменовтың тікелей араласуымен құрылған бұл қозғалыстың түпкі мақсаты Қазақстан территориясында орналасқан Семей және басқа сынақ полигондарын жабу болатын. “Невада-Семей” қозғалысы полигонның құпиялық пердесін ашып, тұрғындар шеккен зиянның орнын толтыруды талап етті. Осы мақсатпен қозғалыс белсенділері пикеттер, шерулер, халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар ұйымдастырды, бұқаралық құралдарда өткір мақалалар жарияланды.

Арал төңірегіндегі халықтар мұңына қолғабыс беру үшін Балқаш және Арал проблемалары бойынша комитет құрылды. Дүниежүзілік жұртшылықтың және КСРО үкіметінің назарын Арал теңізінің апатына аудару үшін комитет көп жұмыстар істеді. Республикалық және Бүкілодақтық ірі кәсіпорындары орналасқан облыс орталықтары мен өндірістік елді мекендерде табиғатты қорғау және тазалықты сақтау үшін күресетін қозғалыстар қалыптасты.

1990 жылдың шілдесінде Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін алуды өзінің басты мақсаты етіп қойған “Азат” азаматтық қозғалысы дүниеге келді. Алғашқы кезде қозғалыс республикадағы саяси партиялары мен қоғамдық қозғалыстар өкілдерін бір мақсатқа жұмылдырып күштерін біріктіруге ұмтылды. 1991 жылы осының нәтижесінде саяси партия болып тіркелді. Осы

кезде Қазақстанның социал-демократиялық партиясы құрылды. Жастардың шағын тобы бірігіп, өздерін “Алаш” партиясы деп атады. 1990 жылы тамыз айында ғылыми-техникалық интеллигенцияның өкілдері “Бірлік-Единство” ұлтаралық қозғалысы өзін қоғамға таныта білді. 1986 жылғы оқиғаларға қатысқандар және қолдаушылар “Желтоқсан” партиясын құрды.

Саяси ұйымдардан бөлек, өздерінің мүшелерін әлеуметтік, кәсіптік және басқа белгілері бойынша біріктірген ұйымдар - “Жауынгер-ауғанстандықтар”, “Әділет”, “Жас құрылысшылардың мемориал ассоциациясы”, “Тәуелсіз студенттер одағы”, “Азамат”, “Ақиқат”, “Қазақстан мұсылман әйелдер лигасы”, «Алдаспан», «Қайта құру бағдарламасын қолдаушы клуб» т.б. оппозициялық қозғалыстар мен саяси ұйымдар сан қилы бағыттағы пікірсайыс шаралар ұйымдастырды.

1990 жылғы қарашаның басында Қазақстандағы саясаттанған қоғамдық бірлестіктердің саны 100-ден асып, оның 40-қа жуығы республика астанасы-Алматыда болды. Дегенмен, көп уақытқа дейін экологиялық қозғалыстардан басқа жаңа қозғалыстардың саны аз болды. Жаңашыл бағытты қолдайтын қозғалыстар өз мүшелерін гуманистік, адамгершілік принциптерді, заңсыздықтарды, кемсітушілікті, адамдардың азаматтық қадір-қасиетін қорғайтын, қоғамдық проблемалар мен әлеуметтік жанжалдарды шешудің құралы ретінде озбырлық пен зорлықты айыптауға қарсы күрестің ерікті тарихи-ағартушылық “Әділет” қоғамы құрылды.

Заманның жаңа ағымы арнасында қалыптасқан саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың көпшілігі ұйымдық жағынан болсын, өздерінің стратегиялық және тактикалық міндеттерін айқындау жағынан болсын, әлі қалыптасу сатысында болды. Мысалы, “Невада-Семей” қозғалысы, “Азат”, “Қазақ тілі” сияқты жекелеген ұйымдар құрамы жағынан мейлінше көп, белгілі бір ақшалай қаражаттары да бар (демеушілер мен азаматтардың ерікті көмегі есебінен) және өздерінің газеттерін де шығаратын болды. Өздерінің мақсаттары мен міндеттері, сонымен бірге іс-әрекеттерінің тиімділігі бойынша бұл ұйымдардың бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары қатарында 800 мыңға жуық мүшесі болған Қазақстан Коммунистік партиясының беделі уақыт өткен сайын сейіле түсіп партия қатарындағылар өз еркімен өкілдік құжаттарын тастай берді.

1990 жылдың қазан айында Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясы Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдау тұсында қоғамдық қозғалыстар айрықша белсенділік таныта білді. Республика Жоғарғы Кеңесі үйінің алдындағы алаңда күн сайын көптеген адамдар жиналып, таңертеңнен кешке дейін шерулер өтіп жатты. Әлеуметтік мәселелерді шұғыл шешуді, әскер қатарын қайта құруды талап еткен жастар ұйымдастырған пикет, аштық жариялау көріністері жиілей түсті.

Осы кезде Республикада тағы бір қозғалыс аясында патшалық заманғы **казактар** (атты казак, қара шекпендер) өкілдері бой көрсете бастады. Казактар - Алтын Орданың ыдырауынан кейін Ресейде пайда болған әскери-саяси әлеуметтік топ (сословие). Көптеген жылдар бойы олар патшаға адал қызмет ету ұранын ұстанып ұлттық аймақтарды отарлаудың бүкіл тарихында

басқыншылық, жазалаушы қолшоқпар болып келген. Орал казактары басшыларының 1991 жылғы қыркүйектің 15 жұлдызында өздерінің патша мен Отанға қызмет етуінің 400 жылдығын мерекелеуге шешім қабылдауы қазақ еліндегі қанат жайған егемендік алу бағытындағы саяси өзгерістерге мүлдем қайшы болды. Облыс басшыларының казактардың мұндай айқын, сыңаржақты әрекетіне тосқауыл қойып, ақылға шақырған шаралары тым әлсіз болып күтілген нәтижені бермеді.

“Азат”, ”Желтоқсан”, “Парасат” қозғалыстарының басшылары бұндай харекет жергілікті этностың намысын қорлау деп бағалады. Мерекеге бірнеше күн қалғанда жаңашыл саяси қоғам өкілдері казактардың мерекесін өткізуге таңдаған Орал қаласының орталық алаңына жиналып халық алдында ұран көтерді, ереуіл және шерулер ұйымдастырды. Осымен бір уақытта қалаға Краснодар, Дон өзені, Челябинден, Самарадан казак әскерлерінің өкілдері де келді. Тартыс қыза түсіп, тікелей қақтығысқа өте жақын тұрды. Азаттық тәуелсіздік ұйымдары мен қоғамдық қозғалыстар белсенділігі нәтижесінде бұл іске құқық қорғау күштері араласып қантөгісті жәйттерге жол бермеді.

Жаңа Өзендегі оқиғалар. Алматыдағы желтоқсан оқиғалары, Кеңес Одағының әртүрлі аймақтарында болып жатқан жанжалдар билік органдарын терең күйзелістік ойға салып, жылдар бойы жинақталған проблемаларды шешудің тәсілдері мен жолдарын іздестіруге мәжбүр етті. Осындай шешімін таппаған түйіннің бірі Маңғыстау облысының Жаңа Өзен қаласындағы ірі толқуға әкеліп соқтырды. Мұнда кезекпен баспана алу әділдігі, мектепке дейінгі балалар мекемелеріне деген кезек өте баяу жылжыды, жастар арасында жұмыссыздық өсті. Аймақтың мұнайы мен газын сорып жатқан орталық ведомстволар жергілікті жерде кадрлар даярлаудың орнына, өндіріс орындарында Солтүстік Кавказдықтар мен өзге ұлт өкілдерінің және вахталық әдіспен қызмет етуі халық наразылығының өршуіне түрткі болды.

Сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыру да өрескел жөнсіздікке жол берілді. Үй бөлуде, тұтынушыларды азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен қамту саласында әділетсіздікке жол ашты. Басқа жақтан жұмыс іздеп келген келімсектер сол жердің байырғы тұрғындарының дәстүрлері мен әдет ғұрыптарымен санаспай, тіпті оларды дөрекілікпен кемсітті. Әлеуметтік жағдайлардың шиеленісуі ұлтаралық қатынастардағы, әсіресе байырғы тұрғындар мен Кавказ ұлт өкілдерінің арасындағы қақтығыстарға жиі ұласатын болды, қан төгісті жанжалдарға соқтырды. 1989 жылдың маусымында қалада екі жақтан да қан төгілген жаппай ұрыстар бет алды. Бұл жанжал құқық қорғау органдары мен арнайы мақсаттағы әскерлердің араласуымен ғана басылды. Басқа қалалар мен жұмысшы қалашықтарында жекелеген жанжалдар да кеңінен етек алды.

Қарағанды кеншілерінің ереуілдері. 1989 жылдың шілде айында Қарағанды көмір алыбының 10-15 мың кеншілері күн сайын ереуілге шықты. Кеншілердің талаптары алғашқыда экономикалық сипатта болса, әсіресе еңбек ақыны көбейту, шахталардағы еңбек жағдайын жақсарту, азық-түлік

тауарларының түрлерін көбейту мәселелері алға тартылды. Кейіннен әлеуметтік талаптарға, Семей ядролық полигонын жабу, одақтық ведомстволардың монополиясын тоқтату мәселесі қосылды. Кеншілер құрған қоғамдық алқаларды Д.Тегісов, П.Шлегель, М.Рамазанов, П.Перебойнос және басқа аймаққа еңбегі және игі қоғамдық белесенділігімен танылған басқарды. Кеншілермен билеуші орындардың басшыларының бірнеше кездесу-сұхбатынан кейін, билік орындары олардың әділетті талаптарының біршамасын орындауға уәде бергеннен кейін ереуілдер тоқтатылды.

Тәуелсіз тарихтың бастапқы қадамдары. Демократиялық процестерді тереңдетудің, қоғамдық-саяси ұйымдармен және қозғалыстармен сындарлы ынтымақтастың маңызды факторы ретінде саяси көпшілікті билік тарапынан мойындау шамамен 1991 жылдың көктемінде анық байқалды. Бұл кезде Қазақстанда дербес саяси және қоғамдық бірлестіктер саны 120-дан асқан еді.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігіне қол жетуде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс XIV сессиясының шешімдері де мұрындық болғанын атаған жөн болар. Сол сессияда төрт заңның жобасы, яғни: **”Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы”, “Қазақ КСР-індегі тілдер туралы”, “Қазақ КСР-нің халық депутаттарын сайлау туралы”** және **“Қазақ КСР-інде халық депутаттары жергілікті кеңестерінің депутаттарын сайлау туралы”** шешімдері қабылданды.

Жаңару кезеңі Қазақстанда тек жасампаздық ғана емес, көптеген құндылықтың жойылуына қайтадан қаралып бағалануына себепкер болды. Әлеуметтік реттеудің жаңа механизмін жасау экономикалық, саяси және өзге қоғамдық байланыстардың дамуынан едәуір артта қалып қойған жағдайда қалыптасты. Әкімшілік-әміршілдік жүйені ыдырату қоғамдық басқарудың оған сай келетін жаңа құрылымдарын дер кезінде құру ісі тым баяу болды. Үкімет дағдарысы да кеңейіп тереңдей түсті. Яғни, Кеңестік партиялық-авторитарлық билік жүйесі кәдеге жараудан қалды, ал Кеңестердің саяси беделі қоғамдық қатынастарды реттей алмады.

Қазақстанның саяси және юрисдикциялық тәуелсіздігін өз қолына алу жолында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990 жылы 25 қазанда қабылдаған Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы **Декларация** маңызды рөл атқарды. Көлемі жағынан шағын, бірақ мазмұны адами және мемлекеттік сипаттың барша мазмұнын қамтыған құжат Қазақстанның егемендігінің процесінде темір қазыққа айналды.

Бұл оқиғаның алдында бұқаралық демократиялық қозғалыстар, экологиялық, жұмысшылар, әйелдер және жастар қозғалыстары қоғамдық өмірде нық орын алып, бұқаралық сипат ала бастады. Осы процесте Қазақ КСР-інің он екінші сайланған (1990 жылдың сәуірінде) Жоғарғы Кеңесі сындарлы да белсенді ұстанымды қолдады. 1990-1991 жылдары қабылданған республика заңдарында өз күшіне еніп, бекітілген құқықтық және заңнамалық процедуралар негізінде әрбір адамның бостандығы мен ар-

намысын білдіруі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге зор көңіл бөлінді.

Қазақстан тарихында тұңғыш Республика Президентінің сайлауы 1991 жылы 1 желтоқсанда болды. Халықтың демократиялық жолмен өз еркін білдіруінің нәтижесінде Қазақстан Республикасының Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды. Осы жылдары прокуратура, мемлекеттік қауіпсіздік комитеті, ішкі істер, әділеттік министрліктері партиялық бақылаудан арылды. Қазақстан мемлекеттік Қорғаныс комитеті құрылды, мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдар одақтық бағынудан босатылып, Қазақ КСР үкіметінің қарауына берілді, Республиканың сыртқы экономикалық қызметінің дербестігі қамтамасыз етілді. Қазақстанның алтын және алмас қоры құрылды.

1991 жылы 10 желтоқсанда Республиканың Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-ын Қазақстан Республикасы деп атау туралы шешім қабылдады, ал 1991 жылы 16-шы желтоқсанда “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі” туралы Заң қабылданды. Қазақ халқының ғасырлар бойы арманы орындалды, ҚР-ның тәуелсіздігі жарияланды. Сол күннен бастап 16 желтоқсан **Тәуелсіздік күні** болып келеді. Осы құжатта қазақ елі өзінің аумағында бүкіл билікке ие болып ішкі және сыртқы саясатын дербес шешуге құзырлы екені анық көрсетілді, ал ҚР-сы әлемдік деңгейде тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет есебінде танылатын екені нақты баяндалды. Осы құжаттағы шарттар аясында тәуелсіз мемлекеттің болашақ Конституциясының іргетасына айналды. Сол сәттен бастап Қазақстан Республикасы барлық мемлекеттермен өзара қарым-қатынасын халықаралық құқық принциптеріне сай құратыны айқындалған.

Қазақстан тәуелсіздігі барысында Республиканың жаңа **елтаңбасын** әзірлеу мәселесі туындады. Ашық конкурс нәтижесінде оған 245 үлгі түсті. Ұзақ және қызу пікірсайыстардан кейін архитекторлар Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов дайындаған көгілдір аспанда шаңырақ бейнеленген, онан күн сәулесі секілді уықтар жан-жаққа тарап, ол қанатты тұлпармен көмкерілген Мемлекеттік елтаңба қабылданды.

Егеменді мемлекеттің тағы бір рәмізі-**әнұран** (гимн). Мемлекеттік әнұран - ресми салтанатты, поэтикалық-музыкалық шығарма. Ол мемлекеттік елтаңбамен және тумен бірге дербес мемлекетті бейнелейді. Мемлекет дербестігінің атрибуты ретінде әнұран ресми рәсімдер кезінде, мереке күндерінде және заң актілерімен белгіленген салтанатты жағдайларда орындалады.

Қазақстан әнұранының әуеніне жарияланған конкурс аясында оның ұйымдастыру алқасына 51 жұмыс және өлең мәтінінің 132 нұсқасы түскен. Алайда олардың ешқайсысы 1944 жылы М.Төлебаев, Е.Брусилловский және Л.Хамиди жазған Мемлекеттік әнұран әуенінен асып түсе алмаған. Өлең мазмұны бойынша пікірсайыста ақындар Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, М.Әлімбаев және Ж.Дәрібаева жазған мәтін озып шығып, бұрынғы әуенге лайықталды.

Мемлекет егемендігінің тағы бір рәмізі-оның **туы (байрақ)**. Ту түсі ұлттық ерекшелігімен айқындалады. Мемлекеттік тудың баяны, оны ілудің тәртібі, орны және басқа шарттары арнайы шектілі-құқықтық актімен, заңмен белгіленеді. Өркениетті елдерде мемлекеттік туды заңсыз пайдалану немесе оны қорлау заң жолымен жазаланады.

Республиканың Мемлекеттік туы тік бұрышты көгілдір түсті мата, оның ортасында сәулесі шашыраған күн, оның астында қалықтай ұшқан бүркіт. Ту сабына таяу төмен қарай тік түскен ұлттық нақыш салынған. Күн, сәуле, бүркіт және нақыш алтын түстес. Мемлекеттік тудың авторы суретші Ш.Ниязбеков болды.

1992 жылы 4-ші маусымда “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы туралы”, “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы туралы” ҚР-ның заңдары қабылданды.

Мемлекет егемендігінің тағы бір көрсеткіші – тәуелсіз қаржы, яғни **ақша** жүйесі. Ақша-тарихи даму жемісі екені аян, оның ролін әртүрлі тауарлар атқарған замандар да қазақ халқының басынан өткен. Құқықтық тәуелсіздікке ие болғаннан кейін қазақ ақшасын енгізу міндеті езек күттірмеді. 1993 жылғы 15 қарашадан бері Қазақстанның өз валютасы - **теңге** айналымға енді. 1961-1992 жылдар үлгісіндегі 500 сом 1 теңгеге тең деген есеппен республикада 1 триллион 910 миллиард сом алмастырылды. Алмастыру кезеңінде *АҚШ-тың бір доллары 5 теңге 70 тиынға, Ресейдің 1000 рублі 4 теңге 21 тиынға* баланатын болды.

1993 жылы 28 қаңтарда Республиканың Жоғарғы Кеңесі тоғызыншы сессиясында тәуелсіз Қазақстанның Конституциясын қабылдады. Онда елдің конституциялық құрылысының төмендегідей негіздері жарияланды:

- Қазақстан Республикасы (Қазақстан) - демократиялық және біртұтас мемлекет, өзін-өзі билейтін қазақ ұлтының мемлекеттігінің пошымы ретінде Қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматтарына тең құқықтарды қамтамасыз етеді;

- Қазақстан Республикасының аумағы тұтас, бөлінбейтін және ешбір елдің қол сұғылмайтын аумақ;

- Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандықтарын және етене құқықтарын ең жоғары құндылық деп біледі және өз қызметін азамат пен қоғамның мүддесіне орай жүзеге асырады;

- Қазақстан Республикасы өз Конституциясы мен заңдарының шеңберінде қимылдайтын қоғамдық бірлестіктердің тең құқықтық мүмкіндіктері болуына кепілдік береді. Қоғамдық бірлестіктердің идеологиясы мемлекеттік идеология ретінде орнатыла алмайды;

- Қазақстан Республикасында мемлекеттік үкімет оны заң шығарушы, атқарушы және сот құрушы биліктерге бөлу принципіне негізделеді;

- Қазақстан Республикасы Конституциясының ең жоғарғы заңдық күші бар, оның нормалары тікелей іске қосылады. Конституция баптарына келмейтін заңдар мен өзге актілердің заңдық күші болмайды;

- Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл - **қазақ тілі. Орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі.** Мемлекет-ұлтаралық қатынас тілінің және басқа

тілдердің қолданылу аясының сақталуына кепілдік береді, олардың еркін дамуына қамқорлық жасайды. Азаматтардың мемлекеттік тілді немесе ұлтаралық қатынас тілін білмеуіне қарап олардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тиым салынады.

Ел басқару жүйесі де радикалды түрде өзгертілді. Бұдан былай республика билік сатысына әкімдер институты енгізілді, яғни Президент өзінің үкімімен республика атқару орындарының жетекшілері мен облыс әкімдерін тағайындайтын болды. Жергілікті жерлердегі атқарушы өкімет те өзгерді. Бұрынғы кеңестік атқару комитеттер таратылып, олардың орнына жергілікті әкімшіліктердің жүйесі келді. Жергілікті әкімдерді тағайындау және қызметінен босату қатаң түрде жоғарыдан төмен: Президенттің және әкімдердің өкімімен тағайындалатын болды.

1993 жылдың желтоқсанында “Қазақстан Республикасының жергілікті өкілдікті және атқарушы органдары туралы” заң қабылданып ол заңға сәйкес өкілдікті және атқарушы органдар тиісті аумақтың әлеуметтік және экономикалық даму бағдарламасының орындалуын, жергілікті жерлерде Конституцияның, заңдардың, Республика Президенті мен Министрлер Кабинеті актілерінің, жоғары тұрған маслихаттар мен әкімшілік басшылары шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Мәслихаттар өз құзыры шеңберінде қызметін дербес атқарады және жоғарыдан төменге дейінгі бағыну қатынастарына тәуелді емес.

Жаңа Конституция шын мәнінде қаракетке қабілетті сот билігі негіздерін қалады. Құқықтар сот көмегімен қаншалықты қорғаса ғана соншалықты дәрежеде қалтқысыз жүзеге асады. Тұңғыш рет дүние жүзілік практикада қалыптасқан Конституция, оның баптарын сот арқылы қорғау тәртібі заңдастырылып өмірге келді. Ол үшін Қазақстан Республикасының Конституциялық сот құрамы қалыптастырылды. Бұл жаңа органға заңдар мен өзге актілерді, халықаралық шарттар мен өзге міндеттердің Конституцияға сәйкестігіне байланысты түскен талаптарды қарау жүктелді.

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдаудың орасан зор сыртқы саяси маңызы болды. Ол Қазақ елінің халықаралық көлемдегі беделін нығайтты. Ата Заңын қабылдап - Қазақстан тұрақты болашаққа сеніммен қарайтын мемлекет екендігі туралы дүниежүзілік қауымдастыққа паш етті.

7.2. Қазақстан экономикасына нарықтық қатынастарды енгізу тұсындағы реформалар.

Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде толық шегіне жеткен экономиканы реформалау процесінде халықты еңбекпен қамту саласындағы проблемалар одан әрі кеңіп өткір сипат алды. Өндіріс жаппай құлдырады. Өкімет тарапынан жүргізіліп отырған қаржы, несие, баға және салық саясаты жетілмей биязы сипатын сақтады. Кәсіпорын мен аграрлық сала қызметшілердің жалпы саны елеулі қысқарып жұмыссыздар саны жылдан-жылға өсе түсті. Тек қана, 1995 жылы еңбекпен қамту орындарында ресми түрде тіркелген жұмыссыздардың саны - 153 мыңға жетті. Өндірістің толық

тоқтауы салдарынан ақысыз демалысқа шыққандар - 192 мың, ал өндірістің жартылай тоқтау себебінен жұмыс уақыты толық емес режимде істейтіндер - 451 мыңға жеткен. Жалпы алғанда ХХ ғасырдың 90-жылдары соңына қарай жұмыссыздардың жалпы саны - 643 мың адамдарды құрады.

1997 жылы экономика саласында істеп жүрген адамдар саны 1996 жылмен салыстырғанда 11,8% қысқарған. Республика еңбек рыногының өзіне тән ерекшелігі-жасырын жұмыссыздық деңгейі 9-11% пайызға жетті. Еңбекпен қамту проблемасы ерекше ауыр болды (жұмыссыздар 54,8). Жұмыссыздықтың жергілікті шоғырланған аймақтары-шағын қалалар болды.

ХХ ғасырдың 90-шы жылдары Қазақстанның өнеркәсібін жандандыруда біраз шаралар іске асырылды. 1999 жылдың соңында жалпы өнім өндіру толық дағдарыс, өндіріс көлемін арттыру - 1,8-ға өсті. Республиканың алтын қоры 2 млн. долларға жетті. Дей тұрғанмен инвестиция мен өндіріс деңгейінің әлдеде болса өткір сипатын сақтауы экономиканың құлдырауға түскенін, реформаның тиімсіздігін көрсетті.

Тәуелсіздік алғаннан кейін (1991) Қазақстанда экономиканы реформалаудың бірнеше тәсілі қолданылды. Мемлекеттік экономикалық саясаттың базалық бағыттары мыналар болды: 1) социалистік экономикадан кейінгі қайта құру; 2) дағдарысқа қарсы бағдарлама; 3) макроэкономикалық тұрақтандыру; 4) дүниежүзілік экономикалық дағдарысты еңсеру; 5) экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету.

Реформалар бірінші кезеңі (1991-1992)

Бірінші кезең Қазақстанда социалистік экономикадан кейінгі экономикалық жағдайдың шиеленісіп, құлдырауымен сипатталады. Бұл 70-жылдардың аяғында КСРО экономикасы нақты секторының жаппай үдере қожырауы салдарынан туған еді, оның үстіне өзгеріске ұшыраған сыртқы және ішкі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси бағытта жүргізілген экономикалық саясат өрістеп кете алмады.

90-жылдардың басында ҚР-ның экономикалық саясаты социалистік экономикалық жүйені өзгертуге және ұлттық нарықтық экономиканы құруға бағытталды. Негізгі бағыттар мыналар болды: экономиканы ырықтандыру: сыртқы реттеуіштерді енгізу, әлеуметтік-экономикалық аяға мемлекеттің қатысуын шектеп, қамқорлығын азайту, сыртқы экономикалық қызмет нысандарын кеңейту, сырттан инвестициялар тарту, валюталық тәртіпті тұрақтандыру; көп ұстынды экономиканың негіздерін қалыптастыру: экономикада жекеше сектордың жұмыс істеуі үшін жағдай жасау, шаруашылық жүргізуші субъектілерге нарықтық нысандар үлгілерін енгізу, кәсіпкерлікті, шағын және орташа бизнесті дамыту, толымды нарықтық бәсекені өрістетуге үшін жағдай жасау.

Республиканың жалпы ішкі өнімі 1991 ж. ағымдағы бағамен — 85863,1 млн. сом., 1992 ж. — 1217689,2 сом болды. Бағаны ырықтандыру салдарынан үдей түскен инфляцияға байланысты жалпы ішкі өнім ағымдағы бағамен 15

есе көбейді. Тұтыну бағасының индексі 1992 ж. 3060,8%-ды құрады, мұның өзі 1991 жылмен салыстырғанда 12,4 есе (247,1%) көп. Нақты бағамен жалпы ішкі өнім деңгейі 5,3%-ға төмендеді. 1991 жылмен салыстырғанда 1992 ж. экономиканың барлық саласы бойынша өндіріс көлемі күрт азайды. Өнеркәсіптік өнімнің құлдырау қарқыны құрылыста 40,5%-ды, саудада 17,4%-ды, көлікте 19,4%-ды құрады. Өндірістің өсуі тек ауыл шаруашылығында ғана тіркелді. Сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша орта есеппен жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 1991 ж. 5756 АҚШ доллары, 1992 ж. 5561 АҚШ доллары болды.

1992 ж. Қазақстанның стратегиялық дамуының алғашқы бағдарламасы — “Қазақстанның егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде дамуының қалыптасу стратегиясы” қабылданды, мұнда мемлекет дамуының басым бағыттары айқындалды және экономика аясында стратегиялық мақсаттар белгіленді, олар: бәсекеге негізделген, экономикалық және әлеуметтік өзара байланыстардың жалпы жүйесінде әрқайсысы өз міндеттерін орындайтын негізгі меншік нысандары (жекеше және мемлекеттік) ұштасатын және өзара байланыста болатын әлеуметтік нарықтық экономика құру; адамның экономикалық өзін-өзі билеуі қағидатын іске асыру үшін құқықтық және басқа жағдай жасау.

Реформалар екінші кезеңі (1993-1994)

Екінші кезең экономикалық дағдарыстың түйінді кезеңіне айналды, бұл дағдарыс мыналардан көрінді: Ресей Федерациясымен шаруашылық байланыстардың үзілуі және осының салдары ретіндегі төлем төленбеу дағдарысы: кәсіпорындардың өзара борыштары 1993 — 94 ж. және 1995 жылдың басында 634913 млн. теңге болды; инфляция (гиперинфляция) өрши түсті: 1993 ж. тұтыну бағасының индексі 2265% деңгейіне жетті (Ресей Федерациясының жаңа рублінің инфляциясы); өнеркәсіптің шегіне жете құлдырауы: өндірілген ұлттық табыс 1991 — 93 ж. 1976 жылғы деңгейге дейін төмендеп, жалпы құлдырау 38,2% болды. 90 жылдардың басындағы жалпы экономикалық дағдарыс халық тұрмысының күрт нашарлауына әсерін тигізді: 1990 жылдан 1994 жылға дейін тұтыну қабілетінің тепе-теңдігі бойынша жан басына шаққанда орта есеппен жалпы ішкі өнім 20%-ға азайып, 4711 АҚШ доллары болды.

Бұл кезеңде халықтың жаппай көші-қоны басталды, ол 1994 ж. теріс сальдоға жетті (-410387 адам). Жалғастырылған реформалардың мақсаты мына шараларды көздеді: меншік қатынастарын қайта құру жеке меншікті заңдастыру жағына ойысты; “рубль аймағынан” шығу және ұлттық валюта — теңгені енгізу (1993 ж. қараша); валюта-қаржы және банк жүйесін өзгерту; инфляция мен бюджет тапшылығын кемітуге қатысты қатаң шектеу шараларын жүзеге асыру; алтын-валюта сақтық қорларын еселей түсу. Бұл кезеңде үкімет дағдарысқа қарсы шаралар бағдарламасын қабылдады, ол инфляция деңгейін азайтуға және өндірістің құлдырауын шектеуге бағытталды. Қаржы секторы беретін қарыздардың көлемін

шектеуге қосымша несиенің “бағасын ұтымды ету” талабы, яғни жоғары пайыздық мөлшерлеме белгілеу қарастырылды.

Бұл шара жекеше жинақ ақшаның өсуіне септігін тигізетін, қарыз қорларына жұмсалатын шығынның өсуі себепті банк секторының қарыздарына жалпы сұранымды қысқартуға жәрдемдесетін барынша тиімді шаралардың бірі ретінде қарастырылды. Мұндай жағдайда ҚР-ның Үкіметі басшылық нұсқамасымен “директивалық” несиелер беру есебінен кәсіпорындарға талғамалы қолдау көрсетуге тырысты: 1994 ж. оның көлемі 14063,7 млн. теңге болды. Тұрақтандыру бағдарламасы шеңберінде қолданылып жатқан шараларға қарамастан мемлекеттің нысаналы несиелері көбінесе қайтарылмайтын несиелерге айналды. 1994 жылдың аяғына қарай шамамен 2300 млн. теңге (яғни бөлінген несиенің алтыдан бір бөлігі) қайтарылды. Бұл кезеңде жалпы ішкі өнімнің серпіні өндірістің шапшаң құлдырауымен сипатталды, ал 1995 жылдың басына қарай жалпы ішкі өнімнің көлемі 1990 жылғымен салыстырғанда 61,4% болды. Дағдарысқа қарсы бағдарламаның нәтижесінде таза жинақ қаражат — өндірісті тұрақтандыратын әлеуетті инвестициялар өсуге тиіс еді.

Алайда, жинақ қаражат күткендегідей өсе қоймады: халықтың салымы небәрі 606,9 млн. теңгеден (1.1. 1994) 1673,5 млн. теңгеге дейін (1.7.1994) ғана көбейді, ал банкілердегі ағымдағы, есеп айырысу және депозиттік шоттардың қалдықтары тиісінше 4154,1 млн. теңгеден 12472,0 млн. теңгеге көбейді. Сөйтіп, экономиканың нақты секторында болған тұрақсыздану өндірістің құлдырауын ушықтыра түсті. Тек 1994 ж. ғана Қазақстан өз өнеркәсібінің ширегінен астамынан айрылды. Дағдарысты шектеу қатаң экономикалық саясат жүргізуді талап етті, соның салдарынан әлеуметтік-экономикалық ахуал одан әрі нашарлады. Қазақстанның экономикалық саясатына түзету енгізудің нәтижесінде экономика дәрменсіздіктен серпіліп, макроэкономика тұрақтану үшін жағдай жасауға мүмкіндік туды. Бұл кезеңде Қазақстан Халықаралық валюта қорына кірді, ол елге дағдарысты еңсеру үшін нысаналы несие бөлді.

Реформалар үшінші кезеңі (1995-1997)

Үшінші кезеңде макроэкономиканы тұрақтандыру бағдарламасы қабылданды, ол қатаң шектеу арқылы инфляцияны төмендетуді көздеді. Тұрақтандыру бағдарламасы мынадай мақсаттарды алға қойды: нарықтық экономикалық институттары мен инфрақұрылымды дамыту; халықаралық стандарттарға сәйкес екі деңгейлі банк жүйесін жаңғырту, инвестициялық және сақтандыру компанияларын, биржалар мен аудиторлық фирмалар құру; қатаң ақша-несие және нысапты бюджет-салық саясатын жүргізу; ұлттық валюта бағамының тұрақтылығына қол жеткізу; атаулы жалақыны шектеу; берілетін несиелерді шектеу және ақша қорының қатаң көлемін (11722 млн. теңгеден аспайтын) белгілеу. Бұл кезеңде шет ел капиталы кеңінен тартылды, рыноктер мен нарықтық құрылымдарды дамыту үшін жағдай жасалды. Қолданылған шаралардың нәтижесінде 1996 жылы теңгенің валюталық

бағамы тұрақтанды (1994 ж. — 1 доллары үшін 35,76 теңге, 1995 ж. — 60,93 теңге, 1996 ж. — 67,29 теңге), бюджет тапшылығы азайды, өнеркәсіптің сыртқа шығаруға бағдарланған бірқатар салаларында өндіріс жанданды. әлеуметтік саладағы қаржы-экономикалық реформалар қаржы жүгін республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке беру, көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру, әлеуметтік сала мекемелерінің қызметіне жаңа экономикалық бәсекелестік қатынастарды енгізіп, дамыту, қаржыландырудың бюджеттен тыс көздері мен көлемдерін ұлғайту бағытында оңды өзгерістер мен жаңашылдықтар орнықты.

Қаржы қорларын шектеу жағдайында негізгі қаржы-экономикалық өзгертулер аралас қаржыландырудың жаңа үлгісіне көшу негізінде қаржыландыру жүйесін өзгертумен ұштастырыла жүргізілді, мұнда бюджеттен тұрақты қаржы бөлу, сақтандыру жарналары мен жекеше инвестициялар негізгі көздерге айналды. Жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 1997 ж. Бұрынғы үш жылғы көлеммен салыстырғанда 14,1 млрд. теңге деңгейіне дейін көбейген. 1997 жылдың бас кезіндегі экономиканың жай-күйін мынадай факторлармен сипаттауға болады: іс жүзінде барлық тауарлар мен қызметтердің бағасы босатылды немесе ырықтандырылды, негізгі заңдық актілер өзгертілді, олар реформаларды жүргізуге мүмкіндік туғызды, сыртқы экономикалық қызмет ырықтандырылды, нарық талаптарына сай келетін жаңа салық базасы енгізілді, меншікті қаржы рыногі құрылды, банк жүйесі жаңғыртылды, оның инфрақұрылымы дамытылды; мемлекеттік бағалы қағаздар рыногі құрылды, мемлекеттік меншікті жекешелендіру жедел қарқынмен жүргізілді.

Алайда, қатаң ақша-несие, бюджет-салық саясатының экономикалық тұрғыдан тиімді нәтижелеріне қарамастан бұл кезеңде халықтың әлеуметтік-демографиялық ахуалы күрт нашарлады: халықтың өсіп-өну деңгейі кеміді; өмірдің ұзақтығы қысқарды; білім деңгейі төмендеді; материалдық әл-ауқат құлдырап кетті: қазақстандықтардың 31%-ға жуығы тұтыну қоржынының ең төмен деңгейінде өздерінің күн-көріс қажеттерін қанағаттандыра алмады, жұмыссыздық деңгейі екі есеге жуық өскен. Бұл кезеңде бұрынғы әлеуметтік саясат қағидаларын өзгерту қажеттігі туды: халықты әлеуметтік қорғаудан әлеуметтік көмек пен қолдауға көшу, сондай-ақ, әлеуметтік саладағы мемлекеттік қамқорлықты қысқарту қажет болды.

Бұл нарықтық реформалар кезеңінің басты жетістіктеріне келетін болсақ: біріншіден, елде тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдай сақталды; екіншіден, ұлттық ақша бірлігі енгізілді және дербес ұлттық ақша саясатын жүргізу мүмкіндігі туды; үшіншісі, Қазақстан рыногі тұтыну тауарларымен толыса түсті; төртіншісі, республиканың тәуелсіздігі мәртебесін дүниежүзілік қоғамдастығы мойындады және Қазақстан халықаралық қаржы институттарынан өзінің орнын алды. Әлеуметтік-экономикалық шаралардың іске асырылуы Қазақстанда жекеше зейнетақы, сақтандыру және медициналық қорларын құруға жол ашты.

Реформалардың төртінші кезеңі (1998-1999)

Бұл тарихи кезеңде Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы қабылданды. “Қазақстан-2030” бағдарламасы қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының жақсаруы: ел Президентінің “Қазақстан халқына жолдауы” (1997 ж. күз) бағдарламасы — ҚР-ның ұзақ мерзімдік стратегиялық дамуының тұжырымдамалық негізі — даму бағыттары және елдің дамыған елдер тобына шығу жолдары айқындалды. Белгілі саясаткерлер мен сараптаушылар тұжырымынша стратегияның міндеттеріне сәйкес Қазақстан 2030 жылға қарай дамыған мемлекеттердің деңгейіне жетіп, әлемнің ең дамыған елдерінің қатарына қосылуға тиіс (Қазақстан — 2030 даму стратегиясы) 1997 жылдың аяғында басталған дүниежүзілік қаржы дағдарысы Қазақстанның экспорттық салаларына айтарлықтай ықпал жасады.

Ұзақ мерзімді стратегияның алдын-ала белгіленген кезеңін іске асыру мақсатында 1998 ж. Президенттің 28 қаңтардағы Жарлығымен ҚР дамуының 1998 — 2000 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілді, ол дүниежүзілік қаржы дағдарысының зардаптарын еңсеруге, экономиканың нақты секторын сауықтыру жолымен экономикалық өрлеуді қамтамасыз етуге, бюджеттік саланы реформалауға, белсенді әлеуметтік саясат жүргізу жағдайында ел экономикасына жұмсалатын инвестицияларды көбейтуге бағытталды. Бұл кезеңде теңгенің өзгермелі бағамы енгізілді (1 АҚШ доллары 1998 ж. — 78,29 теңгеге, 1999 ж. — 119,64 теңгеге тең болды), мұның өзі 1996 жылмен салыстырғанда 12%-ға азайған (1998) өнім экспортын ынталандыруға мүмкіндік берді. 1999 ж. экспорт көлемі 5592,2 млн. АҚШ долларына жетті. Бұл кезеңде тұтыну қабілетінің тепе-теңдігі бойынша жалпы ішкі өнім 74891,6 млн. көлемдегі 1998 жылғы АҚШ долларынан 77976,8 млн. дейін көбейді. Жалпы ішкі өнімнің нақты көлемі 2,7%-ға артты. Бұл кезеңде зейнетақы реформасы (ынтымақты зейнетақы жүйесінен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшу) жүргізілді, ол қаржы қорының ішкі жинақталуын біршама ұлғайтуға септігін тигізіп ішкі инвесторлардың қалыптасуына жағдай жасады. 1998 жылдың соңында зейнетақының қоры 23542 млн. теңгеге жетті, бір жылдан кейін ол 2,7 есе көбейді (64504 млн. теңге).

Реформалар: бесінші кезеңі (2000 ж.)

Бесінші кезеңде Қазақстан экономикалық өрлеу жолына түсті. ҚР дамуының 1998 — 2000 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын іске асырудың оң тәжірибесі бюджеттік-қаржылық өзара іс-қимыл мен реттеудің жаңа қағидаларына негіз қалады, оның серпіні мына мақсаттармен айқындалды: 2000 — 2002 ж. орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында қаржы-экономикалық міндеттерді бөлісу; 2001 жылдан бастап елдің экономикалық дамуын жоспарлауға көшу. Бұл кезеңде жалпы ішкі өнім жыл сайын өсіп отырды: тұтыну қабілетінің тепе-теңдігі бойынша 2000 ж. — 87607,5 млн. АҚШ доллары, 2001 ж. — 101674,1 млн. АҚШ доллары. 2002 ж.

жалпы ішкі өнім көлемі бұрынғыдан 9,5%-ға көбейді. 1999 — 2000 ж. бейқаржылық активтер негізінен шетелдік инвестициялардан құралса (тиісінше 57% және 51%), 2001 ж. ішкі инвестициялар тұңғыш рет салымның 60%-ынан астамын құрады.

Инвестициялардың жалпы сомасы 1158,1 млрд. теңгеге жетті. Бұл кезеңде елдің экономикалық дамуы үшін инвестициялық мүмкіндіктер жасауға баса назар аударылды. Өз қызметін экономиканың басым секторларында жүзеге асырушы инвесторлармен 119 келісімшарт жасалды, негізгі капиталға 165 млрд. теңгеден астам сомада (1,2 млрд. АҚШ доллары) инвестициялық міндеттеме қабылданды. 2001 ж. негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 775,7 млрд. теңгені құрады, бұл осының алдындағы жылдан 21%-ға өскен. Ал 2001 ж. 4 желтоқсанда Президенттің Жарлығымен **“Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспары”** бекітілді. Кезінде қабылданған 2010 стратегиясы (2001), Үкіметтің 2002-2004 ж. арналған іс-қимылдар жоспары (2002) және соның негізінде әзірленген 2003-2005 жылдарға арналған республикалық бюджеттің болжамдық көрсеткіштері (2002) экономика үшін негіз ретінде басшылыққа алынып барша ұжымдарда кең талқыға түсіп мақұлданған еді. Бұл істегі басты мақсат-міндет бәсекелестік қабілеті күшті экономика құру, жалпы ішкі өнімді 2002 жылмен салыстырғанда 2 есе көбейту. Мұндай ілгерілеуге стратегиялық салаларды — мұнай-газ секторын, энергетика мен агро-өнеркәсіптік секторды оңтайлы реттеу жолымен дамытуға бағыт-бағдар анықталған.

Сан-қилы түрдегі игі шаралардың ішінде ҚР-ның 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік агротехникалық азық-түлік бағдарламасының қабылдануы осыны куәсі болар. Бұл бағдарламада негізгі басым бағыттар көрсетіліп олар қатарында: а) елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; б) аграрлық саладағы кәсіпкерліктің (бизнестің) белсенді жүйесін қалыптастыру; в) ішкі және сыртқы рыноктарда ауыл шаруашылығы өнімін және оның ұқсатылған өнімдерін сату көлемін ұлғайту; г) ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік қолдау шараларын ұтымды ету. Осындай шаралардың сүбелі нәтижесінде экономикалық өрлеу елдегі әлеуметтік ахуалға оң ықпалын тигізді: д) жұмыссыздық қысқарып, халықтың кедейшілік күйдегі қатары шектеле түсті. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 12 жылдың ішінде Қазақстанда әлеуметтік, зейнетақы жүйесі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық реформалары жүргізілді, қызмет көрсету аясы 100% жекешелендірілді, жер реформасын жүргізу үшін жағдай жасалды.

Қазақстанда ірі өнеркәсіп орталықтары, оның ішінде отын-энергетикалық, металлургия, химия, машинажасау, құрылыс ұжымдары жандана бастаған. Республика кәсіпорындары шойын, кокс, болат, қорғасын, мыс, мырыш, титан, магний, қарашірік, синтетикалық каучук, шайыр, пластмасса, химиялық талшықтар, автомобиль шиналарын, минералдық тыңайтқыштар, цемент, металл жонғыш станоктар, ұсталық-сығымдағыш жабдықтар, қақтау стандартын, күш трансформаторларын,

рентген аппараттарын, ауыл шаруашылығы машиналарын, тракторлар, экскаваторлар, т.б. өндірісі біршама қызмет атқара бастаған болатын. Әлемдік экономика аясында Қазақстан — тауар рыногіне мұнай, газ, қара, түсті, сирек кездесетін металдар, уран өнімін шығарушы ел.

Кен қазу өнеркәсібі Қазақстан экономикасының жетекші секторы болып табылады. 2001 ж. өнеркәсіп өндірісінің 44,3%-ы осы өнеркәсіптің үлесіне тиді. Қазақстанда көмір-сутекті шикізаттың бірегей қоры бар. Барланған қор бойынша еліміз әлемде 13-орында. 250-ден астам мұнай-газ кеніштері ашылды, олардың көбі республиканың батыс өңірінде, негізінен Атырау облысында жедел қарқынмен дамыған. Олардың ішінде 1 млрд. т-дан астам мұнай қоры бар Теңіз кеніші; газ қоры 1,3 трлн. м³ және конденсат қоры 700 млн. т-ға жуық Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кеніші; сондай-ақ, Кенбай, Жаңажол, Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас, Өзен, Құмкөл кеніштері елеулі көзге түсті. 2000 ж. Қазақстанда Солтүстік Каспий қайраңында ірі мұнай кеніші (Қашаған) ашылды.

Бағалаудың алғашқы кезеңінде кеніштің жалпы геологиялық қоры 38,4 млрд. баррель, ал өндіріп алынатын қоры - 13 млрд. баррельге жеткен. Батыс Қазақстандағы аса ірі кеніштер: жалпы қоры 800 млн. т-дан астам, Теңіз кеніші (оның бастапқы өндіріп алынатын қоры 700 млн. т), Королев кеніші (бастапқы өндіріп алынатын қоры 30,5 млн. т), Кенбай кеніші (30,8 млн.т). ірі мұнай кеніштері: Өзен, Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас. Осымен қатар Қарашығанақ пен Жаңажол мұнай мен газ өндірістері болашағы мол деп бағаланған. Республикада мұнай-газ саласын 2002 ж. “Қазақойл” ұлттық мұнай компаниясы мен “Мұнай және газ тасымалы” ұлттық компаниясының бірігуі жолымен құрылған “ҚазМұнайГаз” ұлттық компаниясы басқарды. Қазақстанда мұнай мен газ өндіру ісі шет ел инвесторларының қатысуымен қолға алынды (“Теңізшевройл” бірлескен кәсіпорны, “Қазақойл-Ембі” АҚ, “Атырау мұнай компаниясы”, “Қазақстанкаспийшельф”, “Каспиймұнайгаз”, “Қазгермұнай” ЖАҚ-дары, т.б.).

Мұнай-газ секторының өнімі Еуразия құрлығының ондаған елдеріне экспортқа шығарылады (аса ірі импортшылар: Ресей Федерациясы, Ұлыбритания, Украина, Швейцария, Италия). Экспорт құрылымында мұнай мен газ конденсатының үлесі 2001 ж. 49,3% болды. Қазақстанда өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемінде түсті металлургияның үлесі 11%. Өндіріс деңгейі бойынша Қазақстан әлемде тазартылған мысты ірі көлемде өндірушілер мен экспортқа шығарушылар қатарына жатады. Республиканың әлем бойынша мыс өндірудегі үлесі 2,3%. Қазақстан мысының негізгі импортшылары: Италия (50%) мен Германия (35%). Экспорт құрылымында мыс пен мыс қорытпалары 7%. Тазартылған мыстың 90%-ын “Қазақмыс” корпорациясы өндіретін болып, ол Қазақстанның түрлі аймақтарындағы бірнеше зауыттарды, кеніштері мен энергия нысандарын біріктіретін болды.

Қазақстан темір кентасының қоры жөнінен әлемде 8-орын алған еді. Оның әлемдік қордағы үлесі 6%. Елде өндірілетін темір кентасының 70%-дан астамы экспортқа шығарылды. Қазақстанның қара металлургиясы өнеркәсіп өнімі көлемінің 7%-ға жуығын өндірді. Мұндағы аса ірі кәсіпорын – Қарағандыдағы “ИспатКармет” металлургия комбинаты, ол шойын мен дайын қара металдар қақтамасының 100%-ын және болаттың 90%-дан астамын өндірген еді. Бұл комбинат өнімі ТМД елдері мен алыс шет елдерге экспортқа шығарылды. Сондай-ақ, “Жәйрем кен-байыту комбинаты” АҚ тотыққан марганец және темір-марганец кентастарынан жоғары сапалы марганец концентраттарын өндіретін болды. Қазақстанда хромды кентастардың мол қоры негізінде ферроқорытпа зауыттары жұмыс істеді. 1994 жылдан кен-металлургия кешені кәсіпорындарының көбі шетелдік және отандық компаниялардың басқаруына берілді. 1996 — 97 ж. кен байыту және металлургия кәсіпорындарын бірыңғай технологиялық тізбекпен байланыстырған ірі бірлестіктер құрылды, олар: “Қазмырыш”, “Қазақмыс” корпорациясы, “Қазақстан алюминий”, “Испат-Қармет” ААҚ-дары, “Қазхром” Ұлттық акционерлік компаниясы.

Лондондағы Уран институтының есебіне қарағанда, әлемде барланған уран қорының 25%-ы Қазақстанда. Полиметалл кеніштері негізінде Өскемен қорғасын-мырыш, Лениногор полиметалл, Зырян қорғасын, Шығыс Қазақстан мыс-химия, Ертіс полиметалл, Жезкент кен-байыту комбинаттары жұмыс істейді. Кәсіпорындардың басқа бір тобы — Өскемен титан-магний, Белогор кен-байыту комбинаттары, Үлбі металлургия, Ертіс химия-металлургия зауыттары сирек металдармен олардың қосылыстарын, т.б. шығаруға мамандандырылуда. Республикада 3 мұнай айыру зауыты, сары фосфор алынатын фосфоритті кентастарды өңдейтін ірі кешен “Қазфосфат” ЖШС жұмыс істейді. Ол “Қаратау” кен-химия комбинаты, Жаңа Жамбыл фосфор зауыты, Минералдық тыңайтқыштар зауыты сияқты ірі кәсіпорындарды біріктірді.

Республиканың машина жасау кешенінің өнімі өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемінде 3%-ға жуық. Оңтүстік аймақта Станок жасау зауыты, Алматыда Ауыр машина жасау зауыты жұмыс істеді, олар түрлі станоктар шығарып келді. Солтүстік аймақта “Шағын литражды двигателдер зауыты”, “Дизель”, “Ротор” ЖШС-тері, “ЗИКСТО”, “Мұнаймаш”, “С.М. Киров атындағы зауыт”, Петропавл “Ауыр машина жасау зауыты” АҚ-дары сияқты ірі машина жасау кәсіпорындары жұмыс істеді. Олар ауыл шаруашылығы машиналары үшін қосалқы бөлшектер, жабдықтар, двигателдер, көшпелі электр станцияларын, тамақ өнеркәсібі үшін жабдықтар, газ бен электр энергиясының шығынын есептейтін есептеуіштер шығарды. Қазақстанда құрылыс индустриясының дамуына ел ордасының Астана қаласына көшірілуі жаңа серпін берді. Құрылыс материалдары өнеркәсібі өнімінің көлемі республика өнеркәсіп өнімінің жалпы көлеміндегі үлес-салмағы 4%-ға жуық болған.

Қазақстан Еуразия құрлығының ортасында орналасқандықтан транзиттік тасымал саласында айтарлықтай орын алды. Республиканың жер бетіндегі көлік магистралінің ұзындығы 106 мың км. Оның ішінде 13,5 мың км — темір жол, 87,4 мың км — автомобиль жолы, 4 мың км — өзен жолдары. Қазақстан мен Қытай арасында Достық — Алашанькоу шекаралық темір жолы өткелі, Түрікменстан мен Иран арасында Серакс – Мешхед темір жолы өткелі салынған соң Ұлы жібек жолы бойында жаңа транзиттік дәліздер ашылды: Қытайдың Тынық мұқиттағы Ляньюнган, Циньдао, Тяньцзин порттарынан Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Иран, Түркия, Жерорта теңізі мен Парсы шығанағының порттарына қатынау мүмкіндігі туды. Бұл бағыттармен жүк тасымалдау қарқыны ұлғайып, тауар-ақша, мәдениет-рухани, еларалық байланыстарға кең жол ашты. Автомобиль жолдарының торабы Ресей Федерациясына, бұрынғы одақтық республикаларға, сондай-ақ, Қытайға, Түркияға, Иранға, Қара т. бен Жерорта теңізінің, Үнді мұхитының порттарына шығуға мүмкіндік береді. Теңіз кеме қатынасы Каспий теңізінде Ақтау порты арқылы өтеді, ол Ресей Федерациясының өзен жолдарымен Қара теңіз бен Балтық теңізіне шығады. “Эйр Қазақстан” ұлттық әуе компаниясы, басқа да жетекші компаниялары жолаушылар тасымалын жүзеге асыруда.

Аграрлық саланы реформалау және оның нәтижелері. 90- жылдардың басында ауыл шаруашылығы елеулі дағдарысты бастан кешірді. Оның басты себебі — ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп салалары өнімдерінің арасындағы үлкен алшақтық еді. Ауыл шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауына республикадағы ұжымшарлар мен кеңшарларды жаппай және тез арада жекешелендіру науқанының үлкен зардабы тиді. КСРО тұсында сапалы астық ондаған түрлерін өндіретін, 700-дей қой шаруашылығымен шұғылданатын кеңшарлар мен ұжымшарлар, 80-дей құс фабрикасы бар еді. Республика халқы жекешелендіру барысында өздерінің осы қолда барынан айырылып қалды. Бағадағы былық, бейберекеттік, жекешелендірудегі асығыстық пен науқаншылдық, қаржыландырудағы берекесіздік, басқарудың жоғарыдан төменге дейінгі жүйесін күйрету, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді алыпсатарлыққа айналдыру және т.б. ауыл шаруашылығын күйретуге соқтырды. 1993 жылы кеңшарлардың басым көпшілігі жұмыскерлерге бірнеше айдан тіпті бастап бірнеше жылғы жалақы бере алмайтын күйге жетті. Ауылшаруашылық өнімдерін өңдейтін, ұқсататын салаларда жаңа қуаттарды қосу, жаңа технологияны өндіріске енгізу, негізгі қорларды алмастыру сияқты жұмыстар мен бұл бағыттағы ізденістер жойылып кетті. Агроөнеркәсіп кешеніндегі жоғарыдағы айтылған және басқа да кемшіліктерді жоймай, салаға деген көзқарасты түбегейлі өзгертпей бүкіл реформаның жүзеге асуы мүмкін емес екеніне билік басындағылардың да басы ауратын болды.

Егіншілік өнімдері азайып, тұқым дән себетін жер көлемі бірнеше есе қысқарды. Жалпы ауылшаруашылық өнімі 1992—1998 жылдары аралығында 55 пайызға қысқарса, өндірілген астық көлемі 30 миллион тоннадан 12 миллион тоннаға дейін азайған. Қазақ кеңістігіндегі дәстүрлі және тарихи алып саласы мал шаруашылығы да күйзеліс ұшырап жауарлар саны едәуір төмендеді. Мал мен құстың кемуі негізінен осы салаға бөлінген билік орындарының жауапкершілігінің әлсіреуін болды. Малды күтуге қажетті жем-шөп дайындау ісі құлдырады. Жекешелендіру нәтижесінде ұжымшар мүшелеріне тиесілі малдардың тұтасы өмір қажеттігінен туған сұранысты қанағаттандыру жолында сатылып кетті, немесе ауыл тұрғындарына керекті тауарларға ауыстырылды. Мысалы, 1991 жылғы 9,8 млн. бас ірі қарадан, 2002 жылы тек қана 4,4 млн. басы қана қалған, тиісінше қой мен ешкі 35,7 млн. бастан, 10,4 млн. басқа дейін, жылқы 1,6 млн. бастан 1,0 млн. басқа дейін қысқарып бүкіл қазақстандықтар өмірін күйзелткен.

2000 жылы ауыл шаруашылығы тынысындағы басталған тың серпіліс мал шаруашылығы саласының дамуынан да көрініс тапты. Мәселен, 2000—2002 жылдары ірі қара мал 8%-ке, қой басы 9%-ке, жылқы 1%-ке, құс өсіру 25%-ке артты. Сөйтіп, мемлекеттік жекешелендіру саясаты нәтижесінде қаралып отырған мерзімде республикадағы мал басының 90 пайыздан астамы жеке шаруа қожалықтарының қолында болған. Осы орайда Қазақстан үкіметі ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайтуға бағытталған бірнеше маңызды шараларды қолға алып осы мақсатқа 1996 жылғы бюджеттен 4,3 миллиард теңге, 1997 жылы 5,3 млрд. теңге қаржы бөлінген. Елбасының нәтижелі ізденісі нәтижесінде 1996 жылы Азия даму банкісі Қазақстан тарихында тұңғыш рет 100 миллион АҚШ доллары мөлшерінде несие бөлген. Оның 50 млн. доллары 1997 жылы ауылдықтар тұрмысын жандандыруға жұмсалған. Тек 1996 жылы 630 егін және 100 мақта жинайтын шетелдік комбайндар сатып алынған. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржы жылдан-жылға ұлғая түскен. Бұл ретте 1999 жылы аграрлық саласына арнайы 9 млрд. теңге бөлінсе, 2000 жылы ондай мақсаттағы қаржы көлемі шамамен 18 пайызға ұлғайып жылым жыл ауылға 11 млрд. бөлінетін болған.

Аграрлық саланы аяғына тұрғызуда мұрындық болған онда қажетті шараларды жүргізудің жаңа әдістері мен әлемдік озық тәжірибесі мұрындық болды. 2000 жылы республика көлемінде 96,2 мың ауыл шаруашылығы құрылымы, оның ішінде 91471 шаруа қожалығы, 1781 өндірістік кооператив, 28,9 мың шаруашылық серіктестігі және 60 жекеменшік кәсіпорын қалыптасып жұмыс атқарған. Сөйтіп, 1999-2001 жылдары аралығында ауыл шаруашылығын тиімді және озық тәжірибе арнасында жүргізетін меншік иелері тобы қалыптаса бастаған. Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Назарбаев өзінің “Жаңа кезең — жаңа экономика” атты дәрісінде рынокқа берік бағдарланған фермерлер табы пайда болды деп әди атаған болатын. Ауыл шаруашылығында жүргізілген реформалар нәтижесінде өндірілген өнімдердің 99 пайызы жеке меншік құрылымдарының үлесіне ауысты. Мемлекет ауыл шаруашылығы саласынан түсетін салық көлемін нақтылы есеп арқылы жинап оның мөлшерін шектеу қажеттігіне көзі жетіп аграрлық ұжымдардың бұрынғы қарыздарының барлығынан босатуға мәжбүр болды да, ал басқа қарыздарын өтеу мерзімін 5—6 жылға ұзартты.

Осы кезде ауылдық жерлерде 25 мыңнан астам заңды тұлға кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік алып, ал шаруа қожалықтарының саны тіпті 170 мыңнан асты. КСРО кезіндегі жылда міндетті түрде қолға алынатын “Астық үшін айқастар” (дәнді дақылдарды қамбаларға жинап алу үшін бүкіл елді жұмылдыру) ұмытыла бастады. Тәуелсіз тұста Қазақстан миллиард пұттан астам дәнді- дақылдарды ешбір ұран айқайсыз абыроймен өндіруге қолын жеткізді. КСРО заманында астықтың осындай мөлшерін өндіру үшін бүкіл одақ болып жұмыла кірісетін болса, тәуелсіздік алған соң егістіктен түскен астықты ешбір айқай шусыз қолында бар мүмкіндіктер арқылы жинап қамбаға құйып алуға қолы жетті.

Ауыл шаруашылығын одан әрі дамытудың жаңа кезеңі 2002 жылдан басталды. Бұл 2005 жылға дейінгі уақытты қамтуға тиіс кезең аграрлық өндірістегі реформаны аяқтау, ауылшаруашылық жерлеріне жеке меншікті енгізу және ауылдың әлеуметтік бейнесін жаңғырту мәселелерімен сабақтастырыла қарастырылған. Үкімет 2002 жылдан бастап ауыл шаруашылығына қатысты шеңбері кең жүйелі жұмыстарды жүргізе бастады. Осы міндет аясында 2002 жылдың маусымында мемлекеттік- аграрлық бағдарлама қабылданды. Ол бойынша 2003—2005 жылдары ауылды қолдау, өркендету жылдары деп аталды. Сөйтіп, аграрлық сектор мен ауыл адамдарының өткір мәселелерін кешенді түрде шешу үшін аталған үш жыл **ауыл жылдары** болып жарияланды. 2002 жылы ауыл шаруашылығы салаларын қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен 30 млрд. теңге қаржы бөлінді. 2003 жылдан бастап ауыл шаруашылығын және оған байланысты салаларды бюджет есебінен қаржыландыру мәселесі мемлекет тәрпынан түбегейлі шешіліп салаға бөлінетін қаржы көлемі тұрақты өсіп, агро ұйымдастырушылық шаралар кең қанат жайған. Мысалы, 2003 жылы 40 млрд. теңге қаржы бөлініп, оның 30 миллиарды аграрлық секторды дамытуға, 10 миллиарды ауылдың әлеуметтік мәселесіне, оның ішінде, денсаулық сақтау, білім беру салаларына, ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуге жұмсалды. Ал 2004 жылы ауыл шаруашылығын дамытуға бюджет есебінен — 50 млрд., 2005 жылы — 55 млрд. теңге бөлінді.

Кейінгі жылдары да Қазақстан аграрлық секторы қарқынды дамып айтарлықтай нәтижелерге жетті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2002 жылмен салыстырғанда 2 есеге жуық өсті. Сала қызметіне салынған инвестициялар көлемі 3 еседен астам ұлғайды. Бұл аграрлық секторды мемлекеттің сенімді қолдауы нәтижесінде мүмкін болды. Жоғарыда аталған ауылды қолдаудың үш жылдық бағдарламасы елдің ауылын дамытуға қуатты серпін берді. Қабылданған шаралар ауыл шаруашылығындағы тауар айналымының 4 есеге жуық жалпы өсіміне оң ықпал етсе, ол 4 миллиард АҚШ доллары мөлшерінен асып түсті.

2007 жылы ауылшаруашылық дақылдарының барлық дерлік түрлері бойынша мол және сапалы өнім алынды. Әсіресе, ел диқандары еңбек нәтижелері жемісті болды. Республика бойынша 22,5 миллион тоннадан астам астық алынды. Қазақстандықтардың жан басына шаққандағы астық өндірісінің көлемі мен үн экспорты бойынша әлемде бірінші орынға шықты. Мысалы, соңғы он жылда ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің көлемі 3 есе дерлік артты. Қорытып айтқанда, еліміздің ауыл шаруашылығына жан-жақты көмек корсету арқылы оның деңгейін көтеру, соның ішінде қазіргі кездегі егістік көлемін сақтау, одан алынатын өнімді өсіру, мал басының санын өсіріп оны тұрақтандыруға айрықша көңіл бөлінгені аян. Баяндалған кезде Тәуелсіз Қазақстан ауылдарында жалпы халық санының 43 пайызы тұрған, ал сол тұрғындардың басым көпшілігін қазақ этносы құраған.

Тәуелсіз Қазақстанда жүргізілген экономикалық реформа елдегі мемлекеттік органдардың экономиканы басқарудағы рөлі, орны мен функциясын түбегейлі өзгерту жолдарын басты мақсат тұтқан еді. Бұл міндетте бәрәншә кезекте сала министрліктері де өз қызметін жаңашаландыруға мәжбүр болған. Олардың ендігі міндеттері тек саланы басқару емес, өндірістің техникалық жағынан дамуына, салааралық өркендеуге тиімді бағдар таңдау жұмыстарымен айналысатын болды.

Екі жақты тиімді ынтымақтастық мақсатында икемді өндірістік құрылым қалыптастыру мақсатында экономикалық реформаны қолдап жедел және тиімді іске асыру үшін 35 стационарлық қоғам, 75 салааралық сыртқы экономикалық ассоциациялар, 30-ға жуық концерндер мен консорциумдер, 30-дан астам коммерциялық банктер құрылды.

Нарықтық құрылымның дамуын жеделдету мақсатында мемлекет меншігіндегі материалдық объектілерді жекешелендіру жоспары жасалды. Ең бірінші кезекте қызметі тиімсіз мемлекеттік ұжымдарды жекешелендіру қажет болды. Қазақстандағы жекешелендіру, салық жинау реформасы, бағаны қалыптастыру, еңбекті өтеу және кәсіптендіру шараларымен кешенді жолмен іске асырылған.

Нарықтық экономиканы батыл енгізудің өмір тәжірибесінде жинақталып және ғылыми тұрғыдан дәлелденген амалдарын іске асыру мақсатында

Республиканың Заң шығарушы орнында (Парламентінде) **“Қазақстан Республикасындағы меншік туралы”, “Қазақстан Республикасындағы кәсіпкершілікті дамыту және шаруашылықтағы қызмет бостандығы”, “Қазақстан Республикасындағы шетел инвесторлары”, “Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызметтер”** т.б. заңдар мен нормативтік актілер қабылданды.

Бір қолдан басқару (монополиялық) қызметтің шектелуі туралы заңның басты мақсаты - нарықты басқару механизмін енгізу, ерікті бәсекелестік пен кәсіпкерлікті, халық сұранысын қорғауды қамтамасыз ету болатын. Онда монополиялық басқару құрылымын тарату және бұдан былай оның жандануына жол бермеу, тауар бәсекесінде сапасыз өнім айналымы тәртібін реттеу еді. Сонымен қатар, мемлекеттік монополия электр қуаты, құрылыс, теміржол арнасын пайдалану, қорғаныс қажеттерін қамтамасыз етуде, ғарышты зерттеу орындары және магистральді құбыр жүйелерінде, коммуникация және байланыс орындарын билік тарапынан бақылау тәртібінен босатты. Тәуелсіздік тарихы көрсеткендей осындай шаралар іскерлік белсенділіктің өсуі жаңа банктік құрылымның қалыптасуына мұрындық болды, бірақ құрылымдық өзгерістер республикада материалдық әл-ауқат сапасын жетілдіре алмады. Өндірістік тұтыну тауарлары өндірісі мен тұрғындарға қызмет көрсету жеткіліксіз сипатын сақтады. Кейбір жағдайларда халық сұранысына сәйкес мемлекеттік өндіріс орындары қызметі тоқтатылуы, сұраныс секторлары бағасының күрт қымбатсуына жол ашты.

1991 жылдың қаңтарындағы халық тұтынатын заттардың бағасын кеңестік тұстағы тәртіптен босату алғашқы сатысында-ақ өнім құнын 186,4 есеге, ал 1992 жылғы сәуір реформасынан кейін, тіпті 554,5 есеге жетті. Осы жүргізілген шаралардың нәтижесінде ақшаның құны құлады. Ресей ақшасының ауысуы Қазақстандағы ақша айналымына кері әсер етті. Тұрғындардың айлық жалақысы қажетті азық түлігін алуға азар жетті. Ауылдар арасындағы қатынас мүлдем қиындап кетті. Күрделі тұрмыстық техникалар, мәдени шаруашылық тауарларының да бағасы өсуіне байланысты тұтынушылар оларды еркін пайдалана алмады. Мысалы, радиоқабылдағыштардың орта бағасы тамыз айының соңында 330 мыңға жетсе, шетелдік теледидарлар 1 миллионнан асты. Ал бір камералы тоңазытқыштар бағасы 600 мың сомға жетті. Қаңтар айынан тамызға дейін өндірістік тауарлардың бағасы бірнеше есеге өсті.

Мемлекет тарапынан тұтынушыларды қорғау саясатына қарамастан нан өнімдеріне баға тұрақты өсе берді. Мысалы, сол жылдың тамыз айының соңында 1 килограмм тоқаш нанның бағасы 60 сомға барды. Қолы жеткен пайдасы негізінде азаматтардың тұрмысы таразыланып қазақстандықтар әлеуметтік жағынан жіктеле бастады. Ақша тауар қатынастары нарық сипатын алу саясатының барысында алыпсатарлық, делдалдық, қылмыс жолымен көлденен пайда табушылар тобы да көзге түсе бастады. Ары таза қарапайым адамдардың жаппай жәбір-жапа көрушілік етек алды. Өмірге қажетті өнімді өндірушілер тобы еңбекақы арқылы өмір сүретінін ескерсек,

мұндай қателіктің алысқа бармауы әбден аян еді. Осы кезеңде көп балалы отбасы мен зейнеткерлер әділетсіздік пен арбаушылыққа, кездейсоқ қиындықтарға шалынды. Нәтижесінде, КСРО кезіндегі сыңаржақты насихат арнасында тек қана шетелдерден алынған қайыр сұраған адамдар тобы елдің шынайы өмірінде көріне бастады.

Елдің тіршілік саласындағы үзінді-кесінді өзгерістердің сәтсіздігінен 1993 және 1994 жылдары Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға материалдық өрістің барлық салаларында өндірістің одан әрі құлдырауы, бұқара халықтың тұрмыс деңгейінің әлсіреуі тән болды. Инвестициялық қызмет күрт төмендеді. Күрделі қаржы жұмсау көлемі төмендеуінің үштен екісінің астамы өндірістік сала үлесіне тиді. Барлық қаржыландыру көздері есебінен құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу көлемі 69 пайызға қысқарды. 1994 жылы экономика салаларындағы дағдарыс одан әрі етек жайды. Еңбек ақыны уақытында немесе тіпті төлемеу экономиканың барлық салаларын әлсіретті, бюджеттің тапшылығы арта түсті. 1994 жылы жалпы өнімнің көлемі 1993 жылмен салыстырғанда 25 пунктке қысқарды. Өнеркәсіптегі өндіріс көлемі 1994 жылдың қаңтар желтоқсан айлары аралығында 1993 жылдың сол кезеңімен салыстырып алғанда 71,5 пайызды қана құрады.

Қазақстан экономикасындағы дағдарысты жағдай халықтың еңбекпен қамтылу проблемасын шиеленістіріп жіберді. 1994 жылдың 1 қаңтарына 346 мың қызметкері бар 728 кәсіпорын өндірісті толық, яки ішінара тоқтатты немесе толық емес жұмыс аптасына көшті. 1994 жылы жұмыссыздық одан әрі өрши түсті. Республика бойынша жалпы алғанда 160 мыңдай адам жалақысы сақталмаған немесе ішінара сақталған амалсыз демалысқа шығарылды.

1994 жылдың аяғында еңбекпен қамту қызметтеріне жұмысқа орналасу мәселесі бойынша 19,5 мың адам өтініш жасап, олардың шамамен тек әрбір екіншісінің (43,8%) өтініші қанағаттандырылған. Республика бойынша 1994 жылы ресми тіркелген жұмыссыздар саны 113 мың адамды құрап бұл 1993 жылғы деңгейден 45% жоғары еді. 1994 жылғы ұлттық табыс өндіру көлемі бойынша Республика 1976 жылдың деңгейіне дейін құлдырап түскен.

1995 жылы үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі бағдарламасы мен міндетті жоспарларына сәйкес біршама қатаң бюджет және ақша-қаражат саясатын жүргізу, сыртқы экономикалық саясатты ырқына жіберу, меншік қатынастарын реформалау және нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыру саясаты таңдалды, қаражаттық және валюталық бақылау қатайып, нарықтық өзгерістердің құқықтық базасы пысықталып, жетілдірілді.

Сайып келгенде, XX ғ. 90-шы жылдарында республика модернизациялау мақсатындағы ұстанған стратегиялық саясат негізінен мынадай бағыттарда өрбіген деп тұжырымдауға тұрарлық.

Саясат саласында:

-жас егемен мемлекетті күшті президенттік республикасы дәрежесіне жеткізу жолдарын таңдап дамыту;

-демократиялық өзгерістерді тереңдетіп, көпұлтты қоғамның қалыптасуына жәрдемдесетін, жаңа саяси қайраткерлер мен әлеуметтік топ жетекшілерін тәрбиелейтін көппартиялы жүйеге қол жеткізу;

-басты саяси мақсат ретінде экономикалық реформаларды, әсіресе өтпелі кезеңде, ойдағыдай жүзеге асырудың қажетті шарты сақталу үшін қоғамда тұрақтылықты берік қолдау;

-геосаяси арнасындағы мемлекет орнын табу мақсатында, Қазақстанның қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ететін көп жақты және әртүрлі нұсқалы әскери-саяси және экономикалық теңестікті сақтау;

-демократиялық бостандықтар мен адам құқықтарын бұзбау, әлемдік экономикада мемлекеттің берік орнын табу үшін Қазақстанның әлемдік өркениеттегі беделін арттыру;

-әлемдік шаруашылық жүйесіне сәтті ену мақсатында Қазақстанның оңтайлы геосаяси жағдайын пайдалану.

Экономика саласында:

-меншіктің негізгі (жекеше және мемлекеттік) пошымдарымен, экономикалық және әлеуметтік өзара байланыстардың жалпы жүйесінде әрқайсысы өз міндеттерін атқара алатын пошымдармен ұштастыру және өзара тығыз байланыста бола тұра бәсекелестік жағдайындағы әлеуметтік нарықтық экономиканы қалыптастыру;

-адамның экономикалық жүйедегі ұстанымдарын игеру үшін құқықтық және басқа негіздемелер мен амаддар жасақтау;

-Қазақстанның табиғи қорларының және оның экономикасын ұқсатушы, ғылыми салаларды, осы заманғы шетелдік және отандық техника мен технологияларды тиімді пайдаланып, шет елге және елдің жаңашыл озық өндіріс салаларын жедел қарқынмен дамыту арқылы қайта құру негізінде, әлемдік тауар алмасушы орындарында өзінің нақты орнын анықтап басқа озық елдер қатарында тең болу;

-тұтыну таурларының сауда-айырбас орындарының қатарын шексіз өсіру, ондағы халық тұтынатын тауарлар ассортиментін көбейту;

-Қазақстандағы өндіріс салаларын жедел және сапалы жолмен дамыту үшін әлем аймақтарынан инвестициялар тартып оны тиімді пайдаланы білу.

Әлеуметтік саласында:

- адамның қажетті күнделікті сұранысын қанағаттандыра алатын қоғам қалыптастыру;

-ықыласты әрбір адамға кәсіпкерлік еркіндікті және кез-келген қызмет саласында толық ақыл ойын, күш-жігерін таныта алатын мүмкіндікті қамтамасыз ету;

-этностың өзіндік ерекшеліктерін ашып оны дамыту және Қазақстанның ұлттық-мәдени алуандығын сақтау, сол негізде Республиканы қоғамдық-саяси жағдайы тұрақты аймақ етіп әлемдегі беделін көтеру;

-экономиканың өсіп, тұрақтануына, оның әлемдік шаруашылық байланыстарына кірігуіне қарай еңбекпен келген табысты, зейнетақылары мен жәрдемақыларды мүмкіндік аясында көбейту барысында заңсыздық пен қолсұғанықтыққа объективті тосқауыл қою.

Республикадағы реформалардың құқық жағынан қамтамасыз етілуін 1991 жылдың 1-ші қаңтарынан 1996 жылғы 31-ші мамырға дейін қабылданған заңдар мен заң күшіндегі жарлықтар көлемін төмендегі мәліметтерден байқауға болады. Яғни, мемлекеттік құрылыс бойынша-37 заң және 20 жарлық; шаруашылық саласы бойынша-55 заң және 60 жарлық, қылмыстық құқық, сот және қауіпсіздік бойынша-6 заң және 11 жарлық, әлеуметтік сала-24 заң және 17 жарлық; қорғаныс бойынша-7 заң және 1 жарлық; ағымдағы заңдарды жетілдіру мәселелері бойынша-132 заң және 76 жарлық. Қаралып отырған кезеңде барлығы 261 заң және 185 Президент жарлығы қабылданған.

Тек Тәуелсіздік тұста ғана Қазақстан халқының көп этностылығы ұлт проблемасына ұдайы назар аударып отыруды талап етеді, өйткені Президент ұстанымы бойынша елдегі тыныштық пен ұлтаралық татулықты сақтау осыған тәуелді. Сарапшылар тұжырымы бойынша 1917 жылғы Қазан оқиғасына дейінгі қазақ еліне Ресей, Украина және Белоруссиядан түрлі себептермен 1,2 миллион адам көшіп келді. Ұжымдастыру кезінде КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға кулак деп танылған 250 мыңға жуық ұлт өкілдері жазықсыз жер аударылды. Осымен қатар республикаға соғыс алдындағы жылдарда Кеңес мемлекетінің еуропалық бөлігінен өнеркәсіптік құрылыс салуға техникалық кеңес беру және кәсіби жұмыс қолы ретінде 1 миллион 200 мың адамдар көшіп келген еді. Әр жылдары Қазақстанға 800 мың неміс, 18,5 мың кәріс отбасылары, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 507 мың өкілі, сондай-ақ қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар және басқалары күштеп көшірілді.

Халықтарды республикаға еріксіз қоныс аударту нәтижесінде Қазақстан халқы саны 1,5 миллионға көбейді. Соғыс кезінде Қазақстанға 350 мың адам эвакуацияланды. Тың игеру жылдары 1,5 миллион адам келді, ал жабық әскери объектілер ұжымдарында тағы 150 мың арнайы мамандар мен жұмысшылар болған. Нәтижесінде Қазақстанға тек XX ғасырда ғана 5,6 миллион адам, соның ішінде 3,5 миллионы соңғы 40-50 жылда саяси қысым арқылы қоныстырылған еді, бұған жер аударылғандар мен эвакуацияланғандар қосылмаған. Қоныс аударушылардың басым көпшілігі Қазақстанның экономикасын дамытуға ерен еңбек еткендері ақиқат, ал олар болса тағдырдың тәлкегіне түсіп, ерікті де, еріксіз де қазақ жерінің дәмін татып өскен қазақ жерін Отаным деп есептейтіндер. Сондықтан да мемлекет тарапынан оларға қамқорлық туғызу заңдылық.

Әртүрлі кезеңдерде сан-қилы жағдайларға байланысты Қазақстанның байырғы халқының саны кеміп отырды. Ұжымдастыру жылдарында 1,5 миллиондай қазақ опат болды. 1930-1932 жылдары 1,3 миллион қазақ КСРО шегінен біржолата көшіп кетті. Жазалаушы саясаттың Қазақстан халықтары үшін алапат сипаты болғанын көрсететін мына екі мәліметке зер салған жөн болар: 1930 жылы Республикада 5 миллион 873 мың адам тұрған. Сол жылдары Қазақстанға соншама адам көшірілді. Бірақ 1933 жылға қарай сол көшіп келген халықтың небәрі 2 миллион 493 мың адамы ғана елімізде өмірін жалғастырған.

КСРО ыдыраған сәтте едәуір шиеленісіп кеткен проблемалардың бірі көші-қоны жәйі болды. Мысалы, 1992 жылы Қазақстаннан Ресейге 149,2 мың адам, 1993 жылы-151,2 мың, 1994 жылы-255,5 мың, 1995 жылы-144,3 мың адам қоныс аударған. Сонымен бірге Ресейден Қазақстанға 1992 жылы-71,8 мың, 1993 жылы-49,1мың, 1994 жылы-32,9 мың, 1995 жылы-35,7 мың адам көшіп келген. Көшіп кеткендер мен келгендер арасында орыстар да, қазақтар да бар.

Сарапшылар мен саясаткерлер Қазақстанды тастап кету себептері ішінде ең алдымен әлеуметтік-экономикалық мәселелерді атаған. Осы орайда қоныс аударушыларға қойылған сауалдардың жауаптары үлес-салмағы төмендегідей болған: үкіметтің болашақта бірқалыпты байыпты тұрмыс орната алатынына сенбеушілік - 14,6%, барғысы келетін еліндегі неғұрлым жоғары тұрмыс деңгейі-14%, тарихи отанына оралу және туыстарымен қосылу-11%, ұлтаралық ахуалдың шиеленісу тенденциясы-7%, тіл проблемасы-5,5%, билік және қатардағы азаматтар тарапынан ұлтына қарап алалаушылық көрінісі-3%. Тұтас алғанда, сауал қойылғандардың 23% тіл проблемасы бойынша алалау бар екенін (соның ішінде ұйғырлардың 35%, белорустардың 28%, орыстардың 28%, қазақтардың 21%, кәрістердің 20%, өзбектердің 18%, украиндардің 16%, татарлардың 14% атаса, сауал қойылғандардың 47%, мұндай алалау жоқ деп жауап берген.

Тәуелсіздікке қол жеткен сәттен бастап Қазақстандағы билеуші органдар азаматтық тыныштықты қамтамасыз ететін ұлтаралық татулықтың ықтимал пошымдарын іздестірумен ұдайы айналысып отырды. Қазақстан қоғамының дамуындағы көпұлттық факторын есепке алу, саяси, экономикалық салаларда жүргізіліп жатқан реформалар тұсында нақты ахуалды талдау Қазақстан халықтарының форумын шақырудағы іргелі факторлар болып, ол 1992 жылы желтоқсанда, Тәуелсіздік күні, елдің егеменділігінің бір жылдығын мерекелеу қарсаңында Алматыда өтті. Оған Республикада тұратын барлық ұлттардың өкілдері қатысты.

Форумға қатысқандардың пікірлері бойынша қай ұлтқа жатпасын, бір идея, яғни-халықаралық асқақ өлшемдерге сай әлемдік қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі болатын тәуелсіз демократиялық мемлекет құру ұмтылысы біріктірді. Кейін халықтар татулығы мен бірлігі Ассамблеясы-Президент жанындағы кең қоғамдық кеңесші-үйлестіруші органы болып қалыптасып қайта құрылды. Осыдан соң Қазақстанда әртүрлі ұлт өкілдерінің бірлестіктері белсенділікпен қалыптаса бастады. 1995 жылдың аяғында Республикада 40 шақты ұлттық-мәдени орталықтар бой көтеріп, ұлттық дәстүрлер мен мәдениеттің дамып жанаруына, ана тілін оқып үйренуге, ұлттық басқа да талап-тілектерді жанандыруға себепкер болды.

Осындай посткеңестік кезеңдегі тарихи бастаманы халықаралық “Қазақ тілі” қоғамы, әлемдік қазақтар құрылтайы, Орыс қауымдастығы, Орыс одағы, орыс ұлттық-мәдени “Лад” орталығы, Славян ұлттық-мәдени орталығы, Славян мәдениеті қоғамы, Славян мәдени-ағартушылық “Бастау” қоғамы, Республикалық татар мәдени орталығы, ұйғырлар мәдениеті қоғамы, Қазақстан немістері кеңесі, азербайжан, башқұрт, чуваш, чечен-ингуш,

белорус, өзбек, қырғыз, украин, армян, грек, поляк, чех, еврей, дүнген, түрік, мадияр, ассирия, курд, қытай, болғар ұлттық-мәдени орталықтары, Республикалық кәрістер ассоциациясы және басқалар белсенділік таныта білді. Кейбір қоғамдық-саяси бірлестіктер, мысалы “Лад” сияқты ұйымдардың жетекшілері мемлекеттік саясат арнасындағы ынтымақтастықтан гөрі оған қайшы іс әрекет пен егесті жөн көріп біршама ірілі-ұсақты проблемалар туғызуға ұмтылды.

7.3. Этнодемографиялық үдерістер және ұлтаралық келісім аясындағы шаралар. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы.

Міне осындай тәуелсіз тарихымыздың бастапқы күрделі кезінде Қазақстандағы ұлтаралық татуластық пен түсінушілікті тұрақтандыру мақсатында **Қазақстан халқы Ассамблеясы** дүниеге келді. Бұл игі бастаманы көтеріп қолдаған Президенттің идеясы аясында республикада бірқалыпты саяси насихат және ұйымдастырушылық шаралар жүргізілді. Жергілікті жерлерде Кіші Ассамблеялар құрылып, оған облыста тұратын ұлттардың лайықты өкілдері сайланды. 1995 жылғы 1-ші наурызда Президент “Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы” **Жарлыққа** қол қойып, ол туралы ережені бекітті. Барлық облыстарда Қазақстан халықтары Кіші Ассамблеясы дүниеге келді. Олардан республикалық Ассамблея мәжілісіне 260 делегат сайланды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарындағы этноаралық қатынастар. Қазақстан – республика тұрғындарының 1999 ж. санағы бойынша өзара, тіпті осыдан бірнеше ғасырлар бұрын қазақ даласында өз еркімен «XX ғ. 30-40 жылдарында Қазақстанға Еділ бойы мен Кавказдағы соғыстан кейін КСРО-ның әр аймағынан он мыңдаған адамдар ерікті- еріксіз қоныс аударған болатын. Екінші жағынан алғанда, КСРО-ның концепциясы бойынша жаппай ұжымдастыру саясатының қасіретті салдарынан XX ғасыр қазақтарды өзінің Отанында санының субъективті шектелуіне соқтырған қайғылы оқиғалардың республикамызға өз еркінен тыс келгендер де кінәлі емес.

Осындай бірегей сан ұлттығы бар елдегі жәйт негізінде ұлттық мәселені шешуде үш тәсіл бар екені көзге оттай басылады. Солардың ішіндегі біріншісі ол ішкі мәселелермен, соның ішінде ұлттық мәселелермен Қазақстанның сыртқы саясаты егеменді мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін және этникалық бірегейлігін сақтау арқылы Еуроазиялық одақ жобасының арқасында ТМД-да бірігу процесі жандана түсті. Қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді нығайту жөніндегі кейбір шараларда осыдан бастап қоғамдық проблемалардың барлық қырлары бойынша, әсіресе ұлттық, ұлтаралық қатынас саласындағы нақты проблемалар және оларды шешуге көбіне екі ұлттың, яғни қазақтар мен орыстардың, өзара 1985 ж. басталған басымдықтарды мемлекеттік-саяси, әлеуметтік-экономикалық қайта құру этникалық бұның нәтижесі барлық посткеңестік территориялар кеңістігінде жаңадан пайда болған түрлі халықтардың

құқықтық мәртебесі мен қоғамдық жағдайы қоғамның этномәдени, Қазақстанның егемендігі жаңа миграциялық жүйенің қалыптасуына басты фактор болды.

Орыс, неміс және басқа да халықтардың жаппай қоныс аударуы егемендік алғаннан кейінгі жылдарда Қазақстан халқының этнодемографиялық құрылымы да Қазақстаннан халықтардың жаппай көшуінің себебі тек этника аралық қатынастардың соңғы жылдары миграциялық процестердің тұрақтылығы байқалады.

2004 ж. Қазақстанда алғашқы рет 2,8 мың адамды құраған мемлекеттің ұлттық ұлтаралық келісімді сақтау мәселелері саналы және тиімді саясатпен талданып басқарылды. Осы идеялар мен принциптерді іске асыру жолында Президент болашаққа нық сеніммен қарау, халық тыныштығын толық қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Бұл мәселелердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі – азаматтық мәселесі болды. Өз кезегінде оның бірнеше себептері болды.

-Қазақстанда көп ұлттық және көп конфессиялық қоғамның консолидациясы;

-Республика азаматтарының этникалық және діни ерекшеліктері аясындағы құқықтары;

-Қазақстанда кең орнаған этника аралық саясатының тәжірибесінің әлемдік маңызға ие болуы;

-Қазақстандағы тіл саясатының өмір тәжірибесінен толық өтіп бір жүйеге түскені.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуындағы негізгі кезеңдері Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру идеясын 1992 жылы Республика Тәуелсіздігінің тиянақты дайындық жұмыстарынан кейін 1995 жылдың 1 наурызында ҚР ұлт саясаты дамуының жаңа мүмкіндіктері 2002 жылдың 26 сәуірінде әбден нықталған еді. Тәуелсіз Қазақстан Президенті біздің елдің басты байлығы халықтар деген болатын. Сөйтіп 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 көкектегі № 856 Жарлығымен Ассамблеяның алдына қойылған бүгінгі таңдағы міндеттері және «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында бұл ұйымның қызмет бағыттары айқындалды. Олар мынадай: ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясат тәжірибесін ғылыми жинақтап қорыту; елдің бейүкіметтік ұйымдарын елдегі ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне тәуелсіз сараптама жасап отыру; Ассамблеяның қызметін ақпараттық және идеологиялық сүйемелдеуді; ұлтаралық қатынастар мәселелері қазіргі заманғы PR-технологияларды пайдаланудың көмегімен жұртшылық, азаматтық қоғам институттарын құру және олардың шараларын іске асыру; Қазақстан халқы Ассамблеясының кіші ассамблеялармен, орталық және жергілікті атқарушы билік орындармен бірлесіп шаралар жүргізу; мемлекет басшысын хабардар ету үшін ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік Ассамблея (Ассамблеяның Кеңесі, жұмыс органы және басқа) органдарының орталық ақпараттық қызметін үйлестіру.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсаты, міндеті және құрылымы. Саяси жүйенің маңызды бір белесіне айналған Ассамблеяның бағыты Қазақстандағы ұлтаралық қатынастардың бүгінгі таңдағы жай-күйін талдау және ұлттық мемлекеттік ұлтаралық татулық пен үйлесімдік аясындағы өзекті мәселелерді бейбіт жолмен шешу. Геосаяси басым бағыттарын айқындай келе, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы өзінің алдына Жоғарыда аталған факторларды және қоғамдағы өз рөлінің маңыздылығын ескере Ассамблеяның мақсаттары мен міндеттері оның ұлтаралық қатынастар мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, ұлттық, рулық және Қазақстан халықтары Ассамблеясының мақсаты "Қазақстан-2030" Стратегиясының міндеттерін іске асыру екені белгіленген. Осыған орай, негізгі күш-жігер Ассамблеяның ішкі құрылымдары мен міндетті қызметінің басым бағыттары мыналар болып таңдалды:

- 1) Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мен жалпықазақстандық мәдениетті одан әрі дамыту;
- 2) республика халқының тарихы мен мәдениеті туралы білімді тарату;
- 3) тарихи мемлекеттік қызмет пен қоғамдық-саяси арнаның неғұрлым маңызды салаларында жұмыс атқару.

Халық Ассамблеясының негізгі мақсаттарына мынадай мәселелер жатады:

- мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын одан әрі кеңейту;

- мемлекеттік тапсырыс тетігін пайдалану арқылы мемлекеттік тілдік бағдарламаларды іске асыру;

- этномәдени білім беру жүйесін түзуді мынадай жолдармен қамтамасыз ету: а) ұлтаралық өзара іс-қимыл саласында этнодіни факторларды пайдалануға жол бермеу; б) халықтың, әсіресе жас ұрпақтың арасында экстремистік діни ағымдардың таралуына тосқауыл қою; в) ұлттық сәйкестікке және қоғамның тұрлаулылығына қатер төндіретін келеңсіз үрдістерге тойтарыс беру; г) қоғамды одан әрі демократияландыруға арналған шараларды жүргізу; д) ұлтаралық қатынастар саласын реттейтін нормативтік-құқықтық базаны дамытуға Ассамблеяның қатысуын қамтамасыз ету; е) ұлтаралық қатынастарға қатысты заң жобаларын, қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен Қоғамдық бірлестіктерді (ұлттық-мәдени бірлестіктерді, бейүкіметтік ұйымдарды және басқаларды) мемлекеттік билік органдары мен қоғамдық бірлестіктер арасында сындарлы үйлесімдікке қол жеткізу; ж) елдегі басқа қоғамдық бірлестіктер арқылы мемлекеттік ұлттық саясаттың басымдықтарын құрметтеп, олармен бірлесіп ұлттық саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсаты – елдегі процестерді ой елегінен өткізіп оларға дер кезінде объективті баға беру; ұлттық мәселелерді әділ шешу негізінде қоғамдық тұрақтылықты нығайту; Қазақстандағы ішкі саяси жағдай бүгінгі таңда тұтас алғанда тұрлаулылығымен ерекшеленуі татулықтың талбесігіне айналдыру.

Осы мәселелердің шешілуі жүйелі және ашық түрде жүруі бірінші кезектегі міндет болып белгіленген. Өзінің 20 жылдық тарихында Ассамблея қоғамдағы маңызды әлеуметтік-саяси міндеттерді айқындады. Олардың қатарындағы: біріншісі - 1995 жылдың наурызында «Біздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік; екіншісі - 1995 жылдың маусымында болған «Өткенге баға беру; үшіншісі - 1996 жылғы көкекте болған қоғамдық келісім; төртіншісі - 1997 жылғы маусымдағы «Тарихи ескерткіш, ұлттық қазынасы акциялары; бесіншісі (1999 жыл, қаңтар) – «Ұлттық келісім мен түсінушілік шаралары; алтыншысы (1999 жыл, желтоқсан) - «Достық пен келісім арқылы жаңа белестерге»; жетіншісі (2000 жыл, желтоқсан) - «Халықтың рухани мәдени дамуы»; сегізіншісі (2001 жыл, қазан) – «Тәуелсіздіктің он жылдығы: атты бейбітшілік акциялары»; тоғызыншысы (2002 жыл, қараша) - «Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясы; оныншысы (2003 жыл желтоқсан) - «Ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделі»; он біріншісі (2005 жыл қараша) «Ынтымағы жарасқан елдің ырысы мол»; он екіншісі (2006 қазан) «Ел тәуелсіздігінің берік іргетасы болған алғашқы екі сессия Президент өкілеттігін ұзарту және жаңа Конституция».

Құрылған күннен бастап Ассамблея қызметі мынадай проблемаларды қамтуды көздеді:

-Республикадағы саяси ахуалдың дамуы жөніндегі болжамдар мен қоғамның ұйымдасуын қамтамасыз ететін практикалық ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік тегіне, діни сенімдері мен ұстанған көзқарастарына қарамастан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталу кепілі ретінде Президенттің қызметіне жәрдемдесу;

-Қазақстанда тұратын ұлттар арасындағы түсінушілік қатынастарын дамытуға жәрдемдесетін мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, құқық теңдігін сақтау негізінде олардың рухани мәдениеті қайта өрлеп, дамуына жәрдемдесу;

-азаматтардың өркениетті демократиялық ережелерге сүйенетін саяси мәдениетін қалыптастыру;

-қоғамда туындайтын әлеуметтік қайшылықтарды шешудің мәмілелерін іздестіру.

Сонымен қатар Ассамблея – ұлттық диаспоралар арасындағы әртүрлі ұйымдастырушылық жұмыстардың орталығы. Оның органдарына мемлекеттік статус берілуіне орай ұлттық-мәдени бірлестіктердің мәселелері жедел қаралады, олардың бірқатары бойынша үкімет деңгейінде шешімдер қабылданады. Алматыда Қазақстан халықтары Ассамблеясының Үйін ашу жөнінде шешім қабылданды.

Қазақстанның тәуелсіздік тарихы жылдарында халықтың әлеуметтік саласын модернизация (реформа) арқылы жаңадан құрып оны жүйелі жетілдіру мәселесі бірінші кезекте болғаны аян. Бұл орайда Елбасшысы-Н.Ә.Назарбаевтың жеке тұлға ретіндегі атқарған қызметі аса маңызды болды. Еліміздің егемендік тарихындағы аса маңызды оқиға ол Президенттің жылма-жыл халыққа **Жолдауы** болды. Солардың бірі 2004 жылы 19 наурызда **Н.Ә.Назарбаевтың** “Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге

қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін” деген тақырыптағы кезекті **Жолдауы** қоғамда ерекше сезіммен қабылданды. Онда ел басшысы Қазақстан өзінің нысаналы дамуын “Қазақстан-2030” ұзақ мерзімдік Стратегиясына толық сәйкес жалғастырып келетінін ерекше атаған. Ендігі кезекті міндет - Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігіне, экономиканың, ғалымдардың, менеджерлердің, іскерлердің, жалпы қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігіне жетуі екені аталды.

Бәсекеге қабілетті экономикаға қол жеткізу мақсатында мемлекет алдында мынадай міндеттер тұрды: а) экономиканы одан әрі ырықтандыру және жүйелі реформаларды жалғастыру арқылы бәсекелестікті дамыту мен бұрынғы қасаңсып тозған бюрократиялық басқару әдісінен арылу; б) экономикадағы жаңа процестерге ашық сипат беріп қоғамды хабардар ету; в) индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға жедел қарқын беру; г) ауылды дамыту бағдарламасына жаңашылдық және шығармашылық дарыту; д) КСРО тұсында мешеу күйде қалған инфрақұрылымды дамыту.

Тәуелсіздік аясындағы дамудың айрықша сипаты адам ресурстарын дамыту екені әлемнің өркениетті елдерінің тәжірибесінде дәлелденген. Сондықтан бұл сала алдына мынадай міндеттер өзекті болып танылды. Олар: тұрғын үй құрылысының жаңа саясатын белсенді жүргізу; денсаулық сақтау ісінде байыпты да жүйелі өзгерістер жасау; білім беру саласында-әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу арқылы білім жүйесін халықаралық деңгейге көтеру; әлеуметтік қамту мәселелерін жаңа сатыға көтеру.

Мемлекеттік бәсекелестік қабілетіне жету-мемлекеттік құрылыс, ішкі саясат, сыртқы саясат және қауіпсіздік салаларын дамыту арқылы көзделген.

2004 жылдың 19 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Парламенті **Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауы** өтті. Сайлау учаскелерінде тіркелген дауыс берушілердің саны 8,5 млн. адам болып, өткен сайлауда солардың 56,7 пайызы өз қалауын танытқан. Нәтижесінде бір мандатты округтер бойынша 45 депутат сайланып, ал 22 округте сайлау қайтадан өтетін болды.

Партиялық тізімдер арқылы дауыс берудің қортындылары бойынша жеті пайыздық белестен үш саяси партия және бір сайлау блогы өтті. Республикалық “Отан” саяси партиясы-60-62%; ”Ақ жол” демократиялық партиясы –12,04%; ”Асар” партиясы-11,38%;” Аист” сайлау блогы-7,07% дауысқа ие болды. Сөйтіп, Қазақстан Республикасының ”Қазақстан Республикасының сайлауы туралы” Конституциялық заңының 97-1-бабына сәйкес жаңа сайланған Парламент құрамында республикалық ”Отан” партиясы 7 делегаттық мандат, “Ақ жол” партиясы 1 мандат, республикалық ”Асар” –1 мандат, ”Аист” сайлау блогы 1 мандат алды.

Тәуелсіздік жылдары республика білім саласы реформалық жаңалықтарға бет алып қазақстандықтардың руханият деңгейін әлемдік талаптарға жеткізу мақсатын алға қойды. 12 қазан 2004 жылы Астанада білім және ғылым қызметкерлерінің Үшінші съезі өтіп онда жүйе алдына жаңа міндеттер қойылды. Яғни, республикада білім беру қызметіне халықтың

барша әлеуметтік топ өкілдеріне мүмкіндік беру, оқытудың сапасын арттыру, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет шеңберін кеңейту жөнінде дәйекті де жүйелі қызмет жүргізуді жеделдету.

Осы жылдары «Білім туралы», «Қазақстан республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Ғылым туралы» Заңдар, ҚР-ның 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясы, «Білім» мемлекеттік бағдарламасы», «Ауыл мектебі» бағдарламалары қабылданды. Сол жылдардағы ел экономикасының әлеуеті білімге және ғылымға бөлінетін қаржыны екі еседен аса арттыруға мүмкін болғанын съезде сөз алған ел Президенті Н.Ә.Назарбаев зор сеніммен атады.

Осы съезде **Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы** қабылданды. Бағдарлама жобасы бүкіл халықтың талқысынан өту барысында 3000-нан астам ұсыныстар мен ескертулер түсті. ЮНЕСКО-ның, Білім беруді бағалаудың Еуропалық қауымдастығы басқармасының, Дүниежүзілік банктің Еуропа және Орталық Азия өңірлік білім секторының, «Ашық қоғам» институты орта білім жөніндегі халықаралық басқармасының (Будапешт) сарапшылары, Ресейдің осы сала бойынша танымалы сарапшылары талдап өз оң пікірлерін білдірді. Ұсыныстар мен ескертулердің көпшілігі назарға алынды.

Қабылданған бағдарламада білім беруді дамытудың мынадай негізгі бағыттары белгіленді:

1. Оқыту 6 жастан басталатын әрі жоғары саты оқушыларын бейінді және кәсіпке бағытталған жүйеде оқытатын 12 жылдық жалпы орта білімге көшу;

2. Орта білімнен кейінгі кәсіптік білім берудің жаңа деңгейін құру;

3. Академиялық кредиттер жүйесіне негізделген кәсіби кадрларды даярлаудың *бакалавриат – магистратура-докторантура /Ph.D/* үш сатылық жүйесін құру.

4. Білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру және оны тұрақты жетілдіру.

Алға қойған міндеттерді іске асыру үшін білім беру жүйесінің материалдық-техникалық, нормативтік-құқылық базасын нығайту, білім берудің мазмұнын білім берудің білім үстемдігі үлгісінен «құзыретті» үлгісіне көшу арқылы өзгерту, білім беру деңгейлерінің құрылымын ЮНЕСКО-ның осы саладағы халықаралық стандарттық жіктеуішіне сәйкес келтіру қажеттігі басып айтылды.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен мектепке дейінгі бағдарламалармен тұрмысы төмен отбасы балаларының 30%-ын қамту, мектепке дейінгі білім берудің жаңа нысандарын дамытуға мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен, сонымен қатар жеке сектордың инвестициясын тарту арқылы мектепалды даярлықпен бес жастағы балалардың 75%-ын кезең-кезеңімен қамту жоспарланды. 2005-2008 жылдарда 6230 білім беру ұйымы (80%) лингафон және мультимедиа кабинеттерімен қамтамасыз етілуіне, оқушы орындарының тапшылығын

жою үшін мемлекеттік бюджет есебінен 249 мектеп ғимаратын салу жоспарланған. Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту және 12 жылдық білім беретін мектептің оқу тәрбие процесі ерекшелігін игеру мақсатында педагог кадрларды қайта даярлауға қажетті қаражат көлемі белгіленді. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқыту мақсатында 14 арнаулы түзеу мектеп-интернаттық кешендерін жаңадан салу жоспарланды.

Тәуелсіздік тұстағы кәсіптік білім беруге, соның ішінде орта білімді жұмысшы мамандарды даярлауға тұңғыш қадам жасалды. Техникалық және кәсіптік білім берудегі күш-жігер кәсіптік-техникалық білім беру орындарының желісін кеңейтуге, жұмыс істеп тұрған ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жаңартуға және жұмыс берушілермен әлеуметтік серіктестікті нығайту мәселесі пысықталды. Осы салаға жеке сектордың қорын тартудың шаралары аясында оқыту біліктілікті арттыру арнасынан дербес болуы жоспарланды. Нәтижесінде еліміздің түрлі кәсіпорындары білім берудің өзіндік бағдарламаларын ұйымдастыруға мүмкіндік алды, ал тәуелсіз біліктілік жүйесі және қуаттау республикалық орталығы даярланған кадрлардың кәсіби жарамдылығын анықтайтын болды. Аталмыш жаңа деңгей – білімнен кейінгі кәсіптік білім беруде, бірқатар мамандықтар бойынша көрсету және басқару еңбек орта буын мамандарын даярлау жоспарланды.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруде бағдарламалардың икемділігін, ұтқырлығын, дипломдардың әлемдік арнада танылуын және оқу процесін демократияландыруды қамтамасыз ететін **кредиттік технология** оқу амалы негізінде кадрлар даярлаудың үш сатылы моделіне түпкілікті көшу белгіленді. Ғылыми кадрлар даярлаудың тиімділігін арту көзделді. 22 мен 28 жас аралығындағы жастар магистр, философия докторы (Ph.D), ал бейіндік докторантураны игерген жағдайда – бейін (медицина, музыка, білім беру және т.б.) бойынша доктор академиялық дәрежесін алу мүмкіндігі талқыланып қабылданды.

Білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кең қолдану мен қатар оның тиімділігін арттыру үшін компьютерлер кешенін жаңашаландыру және Интернет желісіне қосылған мектептер санын ұлғайту жөніндегі қосымша шаралармен қатар мұғалімдердің компьютерлік білімдарлығын арттыру, электрондық оқулықтар мен мультимедиялық оқыту құралдарын дайындауды жеделдету, қашықтан оқытудың көп жиелі арнайы арнайы оқыту порталын құру жоспарланды.

Білім берудің сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру шеңберінде білім берудің сапасын ішкі және сыртқы бағалау амалдары енгізіліп, бақылау -өлшеу тәсілдері жетілдірілу жолдары белгіленді. Білімді игеру дәрежесін мемлекеттік бақылау білім берудің әрбір сатысы аяқталғанда жүргізілетін болды. 2005 жылдан бастап білім орындары халықаралық зерттеулер (PISA) шеңберінде оқушылардың жетістіктерін халықаралық салыстырмалы талдау жолымен жүргізу жобасы қабылданды.

Аталған шараларды іске асыру үшін мемлекет тарапынан арнаулы қаржы бөлуді талап етті. Сөйтіп, қажетті мемлекеттік бюджеттің шығыстары

330812,0 млн. теңгеге дейін ұлғайды. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде тиімді қызмет істейтін білім беру жүйесі қалыптасып, Қазақстанның әлемде лайықты орын алуына мүмкіндік беретін оқыту және кадрлар даярлаудың сапалы билік деңгейіне қол жеткізудің жалпы белестері көріне бастады.

2005 жылдың 18 ақпанында ”**Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жанару жолында**” деген Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды. Онда егеменділік жарияланған жылдардағы әлеуметтік-экономикалық және саяси даму нәтижесіне жан-жақты терең талдау-сипат беріліп тәуелсіз Қазақстанның жуық арада дамуының негізгі міндет-межелері сипатталған.

Елбасының бұл Жолдауында Республика экономикасының жәйі және оны жедел модернизациялау жолындағы жаңа міндеттер тұжырымды баяндалған. Мысалы, 1991-2004 жылдар аралығында экономикаға 30 миллиард АҚШ дол. тікелей шетел инвестициясы тартылған. Бұл ел ахуалын тұрақты кепілдендіруге, өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ететін сенімді әріптестік аясына жол ашты. Қазақстанның қаржы жүйесі де топжарғандар қатарында екенін жетекші халықаралық сарапшылардың өздері мойындап таныған.

Жолдауда Қазақстан посткеңестік елдері ішінде бірінші болып, тұрақты әлеуметтік – экономикалық дамуды қамтамасыз ету, сырттан төнуі мүмкін жөнсіз құбылыстарға тәуелді болуын шектеу үшін **Ұлттық қор** құрғаны объективті жолмен дәлелденген. Ұлттық қорда сол кезде жинақталған 5,3 миллиард доллар қаржыны қоса есептегенде, еліміздің алтын-валюта көлемі 14 млрд. АҚШ долларынан асқан. Шынында да осыдан 10 жыл бұрын бұл жайында ойлаудың өзі тіпті мүмкін емес еді.

Осымен қатар Тәуелсіздік тұстағы елдің әлемдік саясаттағы қадамдарына баға беріліп Жолдауда ҚР ашық сыртқы сауда саясатын дәйекті жүргізіп отырғаны да аталған. Мысалы, тек 2004 жылы сыртқы сауда айналымы көлемінің оң сальдосы 7 миллиард доллардан асып бұдан он жыл бұрынғы көрсеткіштен 3 есе артқан еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында негізінен посткеңестік мемлекеттер ауқымымен шектелген республиканың сыртқы сауда географиясы да біршама ұлғайды. Қазақстан тауар айналымының құрылымында 2004 жылы Еуропалық одаққа мүше елдер, Ресей, Швейцария мен Қытай алғашқы орындарға шықты.

Тәуелсіз Қазақстан саяси жүйесін ырықтандыру жөнінде де айтарлықтай табыстарға жеткен. Бұл тұста мыналарды айтсақ та жеткілікті:

-Қазақстанда демократиялық институттардың дамуы дәйекті жүргізіліп; еркін демократиялық сайлаулар үнемі өткізіліп; тежемелік әрі тепе-теңдік негізінде билік тармақтарының ара-жігін ажырату қағидаты жүзеге сәтті асырылып жатқан;

-республикада саяси саналуандық және көппартиялық орныққан жүйе сенімді орнаған; енді әр қазақстандық қалауы бойынша кез келген қоғамдық және саяси бірлестікке еркін кіруге құқығы болды;

-5 мыңнан аса үкіметтік емес ұйымдарды қоса алғанда, азаматтық қоғам институттары мен құрылымдары жасақталып, бағдарламасы бойынша қызметін жүргізді;

-Қазақстанда тәуелсіз сот жүйесінің негіздері қаланып, заңның үстемдігі дәйекті қамтамасыз етілуіне жол ашылып, сөз бостандығына жол беріліп, цензураға барынша шек қойылған болатын;

-КСРО тұсында атауға түбегейлі тиым салынған мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат қанат жайып, олардың белсенділігі арқылы қоғам тынысы жанданып қанат жайған. Осы орайда бұрынғы шақырылған Парламентте БАҚ еркіндігін шектеу әрекеті байқалғанын жағдайда тіпті дүдәмал заң жобасына тоқтау салынған, сөйтіп мемлекет өзінің баспасөз бостандығы жолындағы бағытының мызғымайтынын тағы да паш еткен;

Жолдауда елімізде адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласындағы маңызды қадамдар баяндалған. Бұл салада адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылғаны, Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі халықаралық Демократия мен азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссия жұмыс істейтіндігі зор қанағаттанарлық сезіммен келтірілген. Мысалы, Қазақстанның кез келген азаматы елден шыға да және қайтып оралада алады және кез келген қазақстандықтың өзінің қалауына қарай қызметпен шұғылдануға толық құқығы бар.

Жолдауда 2005 жылдан бастап әрбір отбасының мүддесіне игі ықпалын тигізетін Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету бағдарламасының іске асырыла бастағаны жазылған. Яғни, 2005 жылдан бастап жекелеген сырқаттар бойынша бес жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен, ал жүкті әйелдерді – құрамында темір мен йоды бар препараттармен амбулаториялық деңгейде тегін қамтамасыз етілетіні көрсетілген. Тағы бір жоспарланған игі шара 2006 жылдан бастап диспансерлік есепте тұратын және амбулаториялық деңгейде жеңілдік шарттары қолданылатын балалар мен жасөспірімдерді дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз ету міндеті қойылған.

Осы Жолдауда 2006 жылдан бастап аз қамтылған отбасыларға 18 жасқа дейінгі балаларына ай сайынғы жәрдемақылар төленуге, 4 және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар аналарға, «Алтын алқа», «Күміс алқа» немесе I және II дәрежелі «Ана даңқы» белгілерімен марапатталған аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 4 мың теңгеге дейін көбейтілетін болған. Бұрын соңды әлеуметтік арнада болмаған нәрестенің тууына байланысты бір жолғы жәрдемақыларды төленсе, енді соларға қосымша 2006 жылғы 1 шілдеден бастап, бір жасқа дейінгі сәбиді күту жөнінде мемлекеттік жәрдемақылар енгізу қажеттігі де жоспарланған. 2005 жылдың 1 шілдесінен бастап барлық зейнеткерлерге, еңбек өтіліне, жалақысы мен тағайындалған зейнетақысының мөлшеріне қарамастан, 3 мың теңге мөлшерінде қосымша негізгі зейнетақылық төлем қосылатыны да айтылған.

Жолдау бойынша оқушы жастар мен әлеуметтік сала қызметкерлеріне де сүбелі материалдық қамқорлық көрсету жолдары белгіленген болатын. 2005 жылдың 1 шілдесінен бастап жоғары оқу орындары студенттері,

сондай-ақ орта кәсіптік білім ұйымдары оқушылары стипендияларының мөлшерін екі есеге өсірілетіні жазылған. Жыл сайын үш мың үздік студентке «Болашақ» бағдарламасының аясында әлемнің ілгері жоғары оқу орындарында білім алуы үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінетін болды. Коммерциялық банктердің студенттерге таяудағы 5 жылда бөлетін кредиттеріне мемлекеттік кепілдік беру жүйесін іске асыру үшін қосымша 2 млрд. теңге, оның ішінде 2005 жылдың өзінде 600 млн. теңге бөлінетін болды. Осымен қатар 1 шілдеден бастап бюджет саласының қызметкерлері – мұғалімдердің, дәрігерлердің, мәдениет пен әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлерінің жалақысын орта есеппен 32 пайызға көбейту, ал 2007 жылдан бастап орта есеппен 30 пайызға көтеру қажеттігі аталған.

Президент Жолдауы тұрғын үй құрылысы бағдарламасының шеңберінде бюджеттен бөлінген қаражаттың есебінен ғана халықтың әлеуметтік қорғалатын топтары үшін сол жылы 1600 пәтер салу және ипотекалық бағдарлама бойынша халықтың қолы жететін арзан 11700 пәтер тапсыру міндеті аталған. Тұтас алғанда қаржыландырудың барлық көздері арқылы үш жыл ішінде 12 млн. шаршы метр тұрғын үй немесе 195 мың пәтерді тапсыру көзделген, яғни тұрғын үй құрылысы екі есе өсуі айтылған болатын. Осындай жаңа күрделі міндеттерді іске асыру үшін республика экономика мүмкіндіктері толық жететіні дәлелденген.

Жодауда саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасы да негізделген. Олардың ішіндегі: *біріншісі*, жалпыхалықтық пікірталастың нәтижелерін талдау және қорытындылау; *екіншісі*, пікірталас нәтижелері бойынша Жалпыұлттық бағдарламаның алғашқы заңнамалық сұлбасын әзірлеу; *үшіншісі*, саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын іске асыру жөнінде өмір тәжірибесінен жинақталған қосымша ұсыныстар әзірлеу.

Жолдауда атқарушы билік реформасының негізгі бағыттары мынадай ретпен көрсетілген: а) билікті одан әрі демократияландыру; б) мемлекеттік басқару жүйесін реттеу мен оның тиімділігін арттыру үшін атқарушы орындар билікті реформалауды одан әрі жүргізу т.б.с.

Жолдауда сот жүйесі мен азаматтардың құқығын қорғау саласын реформалау міндеттеріне де үлкен маңыз берілген. Оның басты міндеттері мынадай:

-сот өндірісін оңайлату, оның объективтілігі мен ашықтығын, сондай-ақ сот актілерінің тұрақтылығы мен дер кезінде орындалуын қамтамасыз ету;

-сот шешімдері шеңберінде және сот өкімдерін атқару кезеңінде азаматтар құқығына берілетін кепілдіктерді объективті негіздеу арқылы күшейту;

-сот корпусының тәуелсіздігін қамтамасыз ету заң шеңберіндегі әділетті шешімнің кепіліне айналуы; судьялардың біліктілігін арттыру арқылы Қазақстанның сот жүйесін тәуелсіз мемлекет аясындағы шаруашылық, инвестициялық және сауда проблемаларына сәйкес келтіру;

-қылмыстық сот өндірісі мен сот шешімдері шеңберінде адвокаттардың рөлін арттыруды қамтамасыз ету;

-қылмыстық сот өндірісі тәжірибесіне алқа билер соты институтын еңгізу қажеттілігі;

-сот рәсімдерінің ашықтығы мен анықтығын барынша қамтамасыз ету міндеті қойылған.

8. Тәуелсіз Қазақстандағы демократиялық және рухани жаңарулар

8.1. Әлеуметтік-экономикалық саланы модернизациялау бағыттары.

Елдің егемендігі жарияланған тұстан бастап аса жауапты және күрделі міндет ол КСРО дағдарысы салдарынан туындаған халық жағдайын тез арада түзетудің тиімді жолын табу болды. Әсіресе, декларациялық ұран мен құр уәде арнасында құлдырап кеткен экономиканы біріншіден, халық игілігіне қызмет атқара алатын дәрежеге келтіріп, екіншіден, әлемдік өркениет тәжірибесі деңгейіне қосу басты міндет болды. Тек қана экономиканы тиімді жолға салу арқылы халық жағдайын бір ортаға келтіру мүмкін еді. Бұл істегі Елбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың ойшылдығы мен алдына қойған мақсатына беріктігін және замануи саясаткер, батыл жаңашылдығын айрықша атаған жөн. Бұрынғы билік басында болған басшылар мен қатардағы азаматтардың санасында сіресіп қалған сыңаржақты ұстаным мен кеңестік заманғы тәжірибені үзінді кесінді аттап өту ауыр шаруа болатын.

Ғылым мен тәжірибеге сүйеніп тарих өлшемімен алсақ Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің реті алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді. Бірінші кезең — 1991—1992 жылдар, екіншісі, 1993—1995 жылдар аралығы болып, осы мерзімде жүргізілетін іс бағдарламасы Жоғарғы Кеңестің сессиясында мақұлданып, Президенттің Жарлығымен бекіді. Ал үшінші кезең 1996—1998 жылдар аралығын қамтыды. Осыған байланысты көптеген жаңа заңдар, реформаны жүзеге асыруға қажет басқа да құжаттар қабылданды. Нарықтық экономикаға көшу мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. Солардың ішінде тұңғыш болып тәуелсіз мемлекетке қызмет еткен құрылымдар **мүлік жөніндегі, монополияға қарсы саясат комитеттері, салық инспекциясы, кеден және т.с.** болды. Сондай-ақ, нарықтық экономикаға тән инфрақұрылымның мынадай түрлері: *биржалар, коммерциялық банктер, сауда үйлері, жеке меншіктік кәсіпорындар мен шаруашылықтар, жеке меншік пен мемлекет меншігі аралас ірі корпорациялар, акционерлік қоғамдар, холдингтік компаниялар* өмірге келді. Сөйтіп, нарықтық экономикаға қарай, меншіктің түрін өзгертуде, аралас экономика құруда біршама жұмыстар батыл қолға алынды.

Алайда, нарықтық экономикаға көшу барысы көптеген қиындықтарға кезігіп ілкі кезде бірсыпыра қателіктерді бастан кешуге соқтырды. Солардың;

біріншісі, реформаны қолға алған баста мемлекеттің мақсаты да, мүдделері де, оларға жетер жолы да, әдіс-тәсілдері де толық анықталмауында еді;

екіншісі, қолда бұрын бұны бастан кешкен елдердің экономикалық реформасының тәжірибесі (моделі) тапшылығында еді. Әр елдің өзіне тән, оның ұлттық бітіміне, тарихына, дәстүріне, нақтылы саяси-әлеуметтік, экономикалық қалыптасқан жағдайына сәйкес өз моделі, өз жолы болуы керек. Оны әлемдік тәжірибе де көрсеткен. “Жапондық”, “Немістік”, «Малайзиялық», «Гонконгтік», «Филиппиндік» тағы басқадай әр елдің өз даму жолы болғаны көпшілікке аян. Қазақстан сол бұрынғыша Ресейдің соңынан еріп әлемнің көптеген елдерінде көздеген мақсатты жеткізбеген, Халықаралық Валюталық Қоры ұсынған “есеңгіретіп емдеу” деп аталатын жолына түсті;

үшіншісі, экономикалық реформа бірінен кейін бірі және өзіндік ретімен жүргізілуі арқылы жүзеге асуға тиіс екендігі алғашқы кезде ескерілмеді. Жаңа замандағы тағы бір қиындық ол Қазақстанда қажетті заң жүйесі тәжірибесі өте нәзік болып қалыптасып бітпей, жекеменшікке негізделген кәсіпорындардың үлесі өсіп, бәсеке ортасы қалыптаспай тұрып, ең әуелі бағаны ырықтандырудан бастау қате болды, өйткені бағаны ырықтандыру — үкімет тарапынан мезгіл-мезгіл оны өсіріп отыру болып шықты;

төртіншісі, қолда бар заңдар замануи талабына үлгермей көп жағдайда іске аспай қалды, себебі ол заңдардың жүзеге асатын амал-жолдары анық емес еді;

бесіншісі, ақша құнсыздануын (инфляцияны) ауыздықтамаса ешбір істе береке болмайтыны белгілі. Бірақ осыған қарамастан мемлекеттегі қаржы, несие, ақша жүйесі көптеген жәйтте ретке келмеді. Ұлттық банк ақша жүйесін, ақша айналымын, оның ішкі және сыртқы қозғалысын қатаң бақылауға алудың орнына, ақша-несие қорларын бей-берекет пайдаланып, аса жоғары пайызбен сатып, пайда табумен әуестенді;

алтыншысы, қылмыс, жемқорлық, заңды бұзушылық көбейді. Оған жаппай тәртіпсіздік, жауапсыздық қосылды. Міне, бұлар реформаны жүргізуде, экономиканы дамытуда өздерінің зиянын тигізді;

жетіншісі, билік басындағылардың біршамасы экономикалық дағдарысты басынан өткізіп көрмегендіктен, оның қыр-сырын, бүге-шігесін, одан шығу жолдарын ілкі кезде болжай алмаған. Сондықтан, алғашық кезде одан өтудің ыңғайлы жолын таба алмады. Елді дағдарыстан тез арада шығару

саясаты жүргізілді, бірақ бастапқы кезде оның нәтижесі халық сұранысын қанағаттандыра алмады.

Сондықтан мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев тыным таппай дағдарыстан шығудың әлемдік тәжірибесін саралап, жолдарын қарастыра бастады. Оның ең бастысы — бағаны ырықтандыруды белгілі бір жүйеге келтіру еді. Қазақстанда ырықтандыру *1992 ж. мұнай және одан шығатын өнімдердің*, басқа да энергия көздерінің бағасы әлемдік бағаға дейін көтерілуі деген ұстаныммен жүргізілді. Осының нәтижесінде әр кәсіпкер, кәсіпорын ұжымы ең жоғары таза пайда алғысы келді. Сөйтіп баға шарықтап өсті, елдің экономикасы бағаның шарықтап өсу кесірінен төмен түсіп кетті.

Бағаны ырықтандырудан кейінгі екінші қолға алынған іс — **жекешелендіру** болды. Бұдан бұрынғы тәжірибе бойынша мемлекеттік меншікті жекешелендірмей нарық қатынастарына көшу мүмкін емес еді. Бұл қадам нарық субъектілерін құру тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге халықтың бойында меншік иесі психологиясын қалыптастыру тұрғысынан да маңызды еді. Тонау 1917 жылы Кеңестік билік жариялаған мемлекеттік Бағдарлама, яғни барлық байлықты күштеп ұлттандыру және 80 жылдай халық санасына күштеп сіңірілген қоғамдық-мемлекеттік меншік артықшылығы әр қазақстандықтың бойына терең сіңген болатын. Сондықтан да республикада жекешелендіру ісі күрделі болып төрт кезеңмен жүргізілген. Алғашқы үшеуі мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ерекшелігімен байланысты болса, төртінші кезең мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіруге екпін түсуімен сипатталады.

Бұл іс шағын жекешелендіруден басталды. Алғашқы кезеңнің ба-рысында 1991—1992 жылдары 5 мыңға жуық нысандар жекешелендірілді, олардың қатарында ұжымдық меншікке берілген 470-тен астам кеңшар болды. Екінші кезең “Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен мемлекеттік меншікті жекешелендірудің 1993—1995 жылдарға арналған «Ұлттық бағдарламасы» негізінде жүргізілді.

Бұл кезеңнің аса маңызды сипаты ол мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендірудің біртұтас жүйесін құрылуында. Сол кезде ғана шағын және орта деңгейлі кәсіпкерлікті (бизнес) дамуына кең мүмкіндік ашылды. Көтерме сауда буынын қоса алғанда бұрынғы кеңестік сауда жүйесінің амалы мен меншік түрін өзгерту басталды. Қызмет көрсету саласында бәсекелестік орта қалыптаса бастады. Үшінші кезең 1995 жылғы желтоқсанда “Жекешелендіру туралы” заң мәртебесіндегі Жарлықпен басталып, 1999 жылға дейін жалғасты. Осы сәттен бастап ол тек ақша қаражатымен жүзеге асырылды. 1999 жылдан кейін бірінші кезекке мемлекеттік мүлікті

басқаруды жетілдіру мәселелері өзекті сипат алды. Төртінші кезеңде мемлекеттік меншікті басқару және онымен айналысу мәселелері бойынша билік буындары арасындағы өкілеттіктерді анықтауға жаңа көзқарас қолданыла бастады.

Республикалық мемлекеттік және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды оңтайландыру қолға алынды. Елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайтын ұзақ мерзімді қамтитын маңызды секторларына мемлекеттің ықпалы мен ондағы үлесі ұлттық компаниялар арқылы нығая түсті. Мұнай-газ секторында—бұл “ҚазМұнайГаз”, энергетикада — “КЕГОК”, телекоммуникацияда— “Қазақтелеком”, темір жолда — “Қазақстан темір жолы” сияқты акционерлік компаниялар және бірлестіктер бой көтерді. Бірақ жекешелендіру барысында да кемшіліктерде аз болған жоқ. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру процесінің екі кезеңінде де (1991—92 жж. және 1993—95 жж.) мүліктің көпшілік бөлігінің талан-таражға түсуіне толық тосқауыл болған жоқ. Бұл ел экономикасында берекесіздік тудырып, көптеген жаңашыл ұмтылыстарды терең дағдарысқа ұшырауының басты себебінің біріне айналды.

Сондай-ақ, сырт елдерге өнім шығаратын кәсіпорындары ескі әдетіне басып, өздерінің тауарларын сыртқа жөнелте беруді ғана білді. Соның салдарынан республикадан 250 млрд. сомның өнімі сыртқа, негізінен алғанда Ресей Федерациясы мен ТМД елдеріне сутегін кеткен болып шықты. Сондықтан, бұл жағдай үкімет пен барлық экономикалық институттарды, Статистика мен Қолдау Комитетін қатыстыра отырып, терең талдау жасауды талап етті. Осымен байланысты 1994 жылдың қаңтарында Президент Н.Ә.Назарбаев экономикалық реформаны жүргізуді әлемнің өркениет аясындағы елдердің тәжірибесі негізінде жандандыру жөніндегі бірнеше тың шешімдер қабылдады. Сол шара шешімдердің баршасын тұжырымдай келе дағдарысқа қарсы шаралар мен экономиканы тұрақтандырудың 1994—1995 жылдарға арналған бағдарламасы пайда болды.

Бағдарламада энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қойылды, өндірістің құлдырауы тоқтатылып, экономиканы тұрақтандыру, қаржының құнсыздануын (инфляция) ауыздықтау қажет екені айтылды. 1993 ж. 15 қарашада мемлекеттің өз ақшасы—теңге айналымға енді. Сөйтіп, елдің экономикалық тәуелсіздігінің аса маңызды нышаны — ұлттық валюта **теңге** дүниеге келді. Бұның өзі 1994 жылы-ақ гиперинфляцияны бәсеңдетуге, ал 1995 жылы инфляция процесін ауыздықтауға мүмкіндік берді. Реформаның барысында 1994 жылдың күзінен бастап үкімет макроэкономикалық реттеуді меңгере бастады. Бағаның өсуі біраз тежеліп, инфляцияның өсу қарқыны

елеулі түрде төмендеді. Сол сияқты ұлттық банктің несиеге алатын пайызы да қауырт төмендеді. Ақша-қаражат саласында да осындай оңды өзгеріс байқалды. Өнеркәсіптің кейбір салалары қызметі тиімді өнім шығаруға қолы жетті. Жалпы дағдарыстан шығудың, реформаны жүргізудің пәрменді құралының бірі — экономикалық орталық болу тиіс еді.

Алайда, Министрлер кабинетінде реформаны ойластырып, тиімді жолдарды болжап сілтейтін орталық қызметі жеткіліксіз еді. Экономика министрлігі ондай орталық бола алмады. Нәтижесінде 1994—1995 жылдардағы дағдарысқа қарсы шаралар мен реформаны тереңдету бағдарламасы орындалмай қалды. Макроэкономикалық тұрақтандыру және күнсыздануды тоқтатуға қол жетпеді, тиімді сыртқы сауда саясатын жасау да көңілдегідей болмай шықты, әлеуметтік саясат та халықтың басым көпшілігінің наразылығын өршіткені болмаса, разы етпеді.

Өзінің бүкіл кемшіліктеріне қарамастан іс жүзінде аяқталған жекешелендіру процесі нақты бәсекелестік үшін базалық жағдайларды құруға жеткізді. Тоқсаныншы жылдардың белортасынан жоғары республика өнеркәсіп өнімінің 85 пайызға жуығы жекеменшік секторы үлесіне толық ауысқан еді.

Нарықтық қатынастарға көшудегі кездескен тағы бір қиындық — ол үкімет басшыларының елдің экономист ғалымдары ұсыныс пікірлеріне күдікпен қарап, кейбір мәселелер бойынша қабылдаудан бас тартқан. Бұндай мәселенің негізгі себебін ел жүйесінде бұған дейін нарықтық қатынастардың орнамағандығында деп есептейді мамандар. Сондықтан осы саланың басындағы мамандар нарыққа көшудің жолдары мен тетіктерін толық игермеуінен болса керек. Осы мәселені тез арада шешу мақсатында АҚШ-тан, Франциядан, Түркиядан, Ресейден т.б. елдерден кеңесші етіп экономист-ғалымдар шақырылды. Бірақ олар өз елінде маман болғанымен, біздің жағдайды, халықтың менталитетін, психологиялық ерекшеліктерін ескермеді, тіпті білмеді де. Олардың білетіні Батыстың дамыған, қалыптасқан нарықтық экономикасы еді. Оған қоса ТМД елдерінде экономикалық дағдарыс әлемнің озық дамыған қоғамдарына тән классикалық артық өндіру дағдарысы емес, жетіспеушілік дағдарысы болатын. Тағы бір ескеретін жәйт сол елдерде тауар өндірісі мен оның қатынастары толық қалыптасқан еді. Ал КСРО құрамындағы Қазақстанда меншік түрі қоғамдық негізде болып нарықты экономикалық қатынастар мүлдем болмаған еді. Осыған қарамастан республикада бұрынғы кеңестік социалистік экономикадан нарықтық экономикаға көшу тез қарқын алды. Сондықтан шетел экономистерінің кеңесі тиісті нәтижесін бермей, аяқсыз қалды.

Нарықтық қатынастарға көшу барысында республикада орын алған тағы бір үрдісті ескерген жөн. Ол сонау 1917 жылғы қазан айындағы саяси төңкерісі аясындағы мемлекеттік билік жүйесі, индустрияландыру, ұжымдастыру науқандары сияқты қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістерге жедел қарқын беру қажет болды. Ал халық болса бұл үрдіске үйренбеген және ол халықтың психологиясына келе бермеді. Әсіресе, ауыл шаруашылығын жекешелендіруде үкімет тарапынан кейбір жәйтте толық сарапталмаған асығыстық жіберілді. Дағдарыс жағдайында бой көтерген жеке меншік иелері ел халқын асырамақ түгіл, өз еркімен қолына алған міндетті атқара алмады. Нәтижесінде 1993—1995 жылдары арасында кең етек жайған ақшаның құнсыздануын (инфляцияны) тежеу, еңбек ұжымдарының құлдырауын тоқтату және өндірістің ұлғаюы үшін қолға алынған жоспарлар мен уақытша шаралар тым тиімсіз болып қала берді. Осындай қиын қыстау жағдайда Президенттің тікелей ұсыныстарымен мақсатты нұсқамалар түрінде 15 айға арналған қосымша бағдарлама қабылданды. Тек осындай іс әрекеттер нәтижесінде ақшаның құнсыздануын (инфляцияның) баяулатуға мүмкіндік туды. Алайда өндірістің құлдырауын тоқтату үшін біраз уақыт және қосымша ізденіс қажет болды. Бұл процестің кейбір бастапқы кездердегі көрінісі мынадай еді: 1991 жылы өндірістің құлдырауы біршама тұрақтанып 1990 жылмен салыстырғанда 14,6%-ке, 1993 жылы — 28%-ке, 1994 жылы 48%-ке, ал 1995 жылы — 45%-ке жетті.

Осындай кемшіліктер мен ақаулықтар жан жақты талдап Қазақстан үкіметі осыдан кейін 1996—1998 жылдарға арналған жаңа бағдарлама қабылдады. Онда реформаның ең күрделі мәселелерін шешу міндеті қойылды. Алайда, бағдарламада көзделген жекешелендіруді аяқтау, бірыңғай холдингтік, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, ауыл шаруашылығында қосымша 30 мыңға жуық шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтарды құру бағдарламасы айтарлықтай нәтижелер бере алмады.

Қоғам айқын мақсаттар мен оларға қол жеткізу жолдары баяндалған стратегиялық бағдарламалық құжатқа мұқтаж болатын. Олар “Қазақстан — 2030” ел дамуының Стратегиясында тұжырымдалды. 1997 жылдың қазан айында Президент Н.Ә.Назарбаевтың республика халқына “Қазақстан — 2030” деген атпы Жолдауында еліміздегі дағдарыстан шығудың және жүріп жатқан реформаларды аяқтаудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылудың, немесе **“Қазақстан барысын”** қалыптастырудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының жуық мерзімдегі және стратегиялық ұзақ жылдарға арналған даму жолдары мен мүмкіндіктері жан-жақты көрсетілді. Онда елдің ішкі бекем тұстарын және сыртқы

саясатындағы мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, мемлекеттің дамуындағы ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру міндеті баяндалған еді. Олардың басты бағытары мынадай болды:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті сақтау;
- 2) ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірлігін нығайту;
- 3) нарықтық қатынастар негізіндегі экономиканың өрлеуі;
- 4) республика азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқатын көтеру;
- 5) энергетика ресурстарын тиімді пайдалану;
- 6) инфрақұрылым, көлік және байланыс салаларын әлемдік тәжірибе негізінде қайта құрып дамыту;
- 7) демократиялық, кәсіби мемлекетті құру.

Тек осы аса маңызды шараларды іске асырғанда ғана Қазақстан халқының өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы мүмкін екендігі айрықша аталды.

“Қазақстан — 2030” бағдарламасының талаптарына орай еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, әлемдік стандарттарға сай құрылған заңнамалық-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде орасан зор жұмыстар атқару міндеті қойылған. Атап айтқанда, биліктің, сот және құқық қорғау органдарын қоса алғанда, оның барлық тармақтарының құрылымы мен қызметінің қағидаттары едәуір жетілдіру мәселесі қойылды. Сондай-ақ, демократия мен азаматтық қоғам институттарын жетілдіріп одан әрі дамытуға бағыт белгіленді. Қазақстан геосаяси кеңістікте әлемдік қоғамдастықтың тең құқылы мүшесі ретінде лайықты орын алды. Қалыптасқан әріптестік саяси және экономикалық қатынастар мемлекетімізді тіпті Кеңестік тұста ешбір байланыс болмаған әлем елдерімен қарым-қатынас орнатуға жол ашты. Қазақстан жетекші халықаралық ұйымдарда, соның ішінде, БҰҰ-да өзін белсенді танытып, ядролық қару түрін дамытып пайдалануға қарсы қозғалысқа, жаппай қарусыздануға, бітімгершілік және содырлыққа (терроризмге) қарсы күрес ісіне лайықты үлес қосу міндетін алдына қойды.

“Қазақстан — 2030” стратегиясында көрсетілгендей, әсіресе, тәуелсіздік жылдары республикада тұрақты экономикалық өрлеу, өндіріс ауқымының өсуі жүйелі сипат алған. Тек 2000—2002 жылдары жалпы ішкі өнімнің жиынтық өсімі 35,5 пайызды құрады. Сауатты макроэкономикалық саясат еліміздің халықаралық беделін едәуір көтеруге жағдай жасады. Қазақстан бұл жылдары посткеңестік елдерінің арасында экономикаға

шетелдік инвестициялар тарту жөнінен жан басына шаққанда көш бастады. Шетелдік инвесторларды, соның ішінде әлемге кең танылған өндіруші компанияларды да тарту мынадай бірқатар маңызды міндеттерді тез арада шешуге мүмкіндік туғызды. Ауқымды инвестицияларды тарту жөніндегі, (олардың көлемі 1993 жылдан 2003 жылға дейінгі кезеңде 25,8 миллиард долларды құрады,) жан басына шаққанда Қазақстан посткеңестік мемлекеттер арасында объективті бірінші орынды иеленді.

1994 - 2007 жж. аралығында Қазақстан экономикасына әлемнің 60 елінен 70 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция құйылды. Сөйтіп, Елбасы ұстанған мемлекеттік саясат нәтижесінде тәуелсіздіктің алғашқы он екі жылында Орталық Азияға келген барлық инвестициялардың 80% Қазақстан еншісінде болып, ал экономикаға құйылған ішкі инвестиция көлемі осы уақытта 80 миллиард доллардан асып түскен. Сонымен қатар, Қазақстан басқа елдерден келген инвестиция көздерін өз экономикасын көтеру ісіне барынша пайдалана отырып, енді басқа елдерге де қаржылық қамқорлық көрсете алатын, яғни өз қоржынынан басқа елдерге инвестиция сала алатын мемлекет дәрежесіне жеткен. Сөйтіп, Қазақстанның қаржысы Ресей мен өңірдегі елдерге, Түркия мен Кавказ елдеріне, Қытай және басқа да алыс-жақын шет ел экономикасына құйылатын болған. Бұның өзі менеджмент қызметі құлдырау жағдайында болған кейбір елдердің ірі кәсіпорындарды қысқа мерзімде қайта өркендетуге мүмкіндік берді. Әлемдік рынокқа шығу және әлемдік шаруашылық байланысқа белсенді кірісу қамтамасыз етілді.

Осының нәтижесінде республика экономикасының барлық дерлік салаларында, әсіресе, ауыл шаруашылығында, сауда мен қызмет көрсету саласында жеке меншік секторы басымдық ала бастаған. Нарықтық экономиканың жетекші бір факторы мемлекеттік емес сектор үлесін серпінді ұлғайту болып табылады. Мысалы, мемлекеттік ресми орындары деректері бойынша, 2004 жылдың I жартыжылдығына тіркелген 194,8 мың заңды тұлғаның 192,7 мыңы жекеменшік иелері болған. Бұл жалпы көрсеткіштің 98%-і, өңдеу саласында бұл үлес — 98%-ті; ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында 97,5 пайызға теңелді. Көптеген экономикалық процестердің нақты қатысушысы жекеменшік иесі болып тіркелген еді. Оның мүмкін болатын барлық әлеуметтік түрлері мен нарықтық қатынас салаларына кеңінен қатысуы айрықша нарықтық мінез-құлық қалыптастырды. Әсіресе, шағын кәсіпкерліктің дамуын атап көрсетуге тұрарлық.

“Қазақстан — 2030” бағдарламасын жүзеге асыру барысында тәуелсіз еліміздің басты табыстары мен жетістіктері — мемлекеттің қауіпсіздігін

нығайту және экономикалық өрлеу болды. Бұл барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуіне, әл-ауқатының артуына кең өріс ашты. Солай бола тұра республикада нарықтық экономиканың іргесі толық қаланып қана қойған жоқ еді, сонымен қатар барлық қазақстандықтардың игілігі үшін ішкі қорлары мол әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты нышандары қалыптасты. Оған дәлел ретінде әлемдегі ең күшті мемлекет — АҚШ-тың Қазақстанға нарықтық экономикасы бар ел деген мәртебе беруі туралы шешімі айқын дәлелдей алады. Бұл АҚШ басшылығының, американдық іскер топтар мен сарапшылардың қазақстандық реформалардың жетістіктерін мойындауы болып табылады. Сөйтіп, Қазақстанның посткеңестік елдері арасында осы мәртебені бірінші болып алуы кездейсоқтық емес. Бұл шешім Қазақстанға қатысты АҚШ және тағы басқа дамыған елдер тарапынан экономикалық шектеулер мен түзетулерді алып тастаудан өзінің көрінісін тапты. Ол болашақта республика өмірі мен мемлекеттік ұстанымы нарық қатынасына көшкен ел ретінде Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің оңтайлы алғы шарты болып табылады.

Сонымен, қорыта келгенде, жер жүзіндегі қазіргі 182 елдің 15 мемлекеті нарықтың қарқынды даму жолын игерген, 156 ел — нарықтық даму жолына түскен (соның бірі — Қазақстан), тек 11 ел ғана — нарықтық қатынасқа әлі мойындамаған. Әлемдік экономиканың заңдары мен талаптарына Қазақстанда нарықтық (кәсіпкерлік) қоғам құруға шешімді қадам жасаған еді. Сол себепті де Қазақстан байлығының 80 пайыздан астамы жекешелендірілген, республикада 500 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектілер құрылған. Онда 2 миллионнан астам адам жұмысқа тартылған. Кәсіпкерлік — қазақстандықтардың өміршеңдігінің негізгі көзіне айналды. Дамыған елдердегідей “кәсібің — нәсібің” деген ұранмен өмір сүру жолы әр қазақстандықтың саналы ұстанымына айналды деуге тұрарлық.

Сөйтіп тәуелсіз дамудың шамамен 15 жылында Қазақстанда экономикалық, өндірістік қатынастар жүйесін түбегейлі өзгерту (модернизациялау) аясындағы реформаның ең маңызды кезеңінің басты міндеттері шешілді. Экономиканы түпкілікті реформалауға бағыт ұстап, республика қысқа мерзімнің ішінде нарықтық реформаларды қолдап, тиісті заңнамалық жүйе қалыптастыруға қол жетіп, ойдағыдай жұмыс істеп жатқан нарық экономикасы құрылды. Сайып келгенде, 1991-2005 жылдары аралығында Қазақстанда нақтылы жұмыс істеп тұрған нарықтық экономика толық орнықты деуге тұрарлық.

Нарықтық экономикаға көшу бастапқыда өнеркәсіптің дамуына жол ашпады. Халық шаруашылығының бұл саласын дамытуда көптеген қиыншылықтар кездесті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары өнеркәсіп

салалары, әсіресе, ауыр индустрия, халыққа аса қажет жеңіл өнеркәсіп орындары біртіндеп өндірісін әлсіретіп тіпті тоқтата бастады. Кәсіпорындардың көпшілігі қажетті материалдық ресурстардың жоқтығынан немесе қаржының жетіспеуінен өз қуаттарын толық пайдалана алмады. Күрделі құрылыстың қысқаруы экономикаға кері әсер етті. Экономиканың тұрақтануына қаржы-ақша жүйесінің терең дағдарысы кесірін тигізді. Өнеркәсіп орындарының жартысы 1992 жылы 1991 жылғы деңгеймен салыстырғанда өндірістің құлдырауына жол берді. Халық тұтынатын тауарлар күрт азайып кетті. Оны өндіру көлемі өнеркәсіп өндірісінің бүкіл көлемінің бестің бір бөлігін ғана құрап, сөйтіп 1991 жылмен салыстырғанда 21,5 пайызға төмендеген. Республика бойынша мұнай мен көмір өндіру қысқарды. Metallургия өнеркәсібінде өте қиын жағдай қалыптасты: шойын, болат, прокат құю көлемі азайды. Түсті металлдар өндірісі қысқарды. Құрылыс және ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтарын өндіру едәуір кеміді.

Күрделі құрылысты қаржыландыру көлемі 40 пайыздан астам қысқарып оның нәтижесінде 1992 ж. мемлекеттік тапсырыс бойынша іске қосылуға тиіс 32 өндірістік қуаттар мен объектілердің тек 2-уі ғана қызметін бастаған болатын. Өнеркәсіп саласының құлдырауы 1993-1994 жылдары жалғаса берді. 1993 жылы 1990 жылғы өніммен салыстырғанда өнеркәсіп саласында 16,1 пайызға төмендеген. Ал 1994 жылы 1992 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі 39, халық тұтынатын тауарлар көлемі 41 пайызға төмендеген еді. Дегенмен 1995 жылы өнеркәсіп өнімінің баяу қарқынына қарамастан, оның жекелеген салаларында 1994 жылмен салыстырғанда біраз өсім байқалды.

1995 жылы республикадағы кәсіпорындарды реформалау және жеке жобалар бойынша ірі объектілерді жекешелендіру аясындағы жұмыс біршама қарқын алды. Бірақ осыған қарамастан өндірістің құлдырауы тоқтамады. Тек 1996 жылдың аяғына қарай өнеркәсіптің құлдырауы кейбір салаларда тоқтап, кейіннен біраз өскендігі байқалды.

Өндірістің құлдырауының басты себебін сала мамандары мен зерттеушілер пікірінше бұрынғы КСРО-да жоспарлы экономика жүйесінде қалыптасқан шаруашылық қатынастардың үзілуінен болған деп есептейді. Өнеркәсіптің ереше құлдырауының тағы бір себебі — оның шикізат өндіруге бейімделген сыңаржақтылығында, дайын тауар өндіретін, әсіресе, машина жасау салаларының жоқтығында еді. Одан басқа, мемлекет экономиканы басқарудың тізгінін босатып алды, халық тұтынатын тауарларды өндіру ісі өз бетімен жіберілді, жаңа технология мен техниканы пайдалану, оны өндіріске енгізу ісі ақсап жатты.

Жоғарыда айтылған қиындықтар мен тұтынушы күнделікті өміріне өткір әсер ететін құбылыстарды жою үшін 1999 жылдан бастап Қазақстан үкіметі елдің өнеркәсібін жандандыруда бірсыпыра шараларды қолға алды. Жеңіл өнеркәсіпті дамыту бағдарламасы жасалып, химия өнеркәсібі мен машина жасау саласын дамыту міндеттері тиянақталды. Соның нәтижесінде 1999 жылы мұнай-газ өндіру, металлургия, химия, полиграфия және тоқыма-тігін өндіріс салаларында өнімнің өсуіне қол жетті. Жыл соңында жалпы өнім өндіру 1 пайызға, ал өндіріс көлемін арттыру 1,8 пайызға өсті. Елдің алтын қоры 2 млрд. долларға жетті.

Міне, осындай мемлекеттік маңызды шараларды жүзеге асыру ба-рысында 2000—2002 жылдары республикада тұрақты экономикалық өрлеу, өндіріс ауқымының өсуі байқалды. Тек соңғы 3 жылда өнеркәсіп өндірісінің көлемі 42,9 пайызды құрады. Қазақстанның өнеркәсіп саласында мұнай-газ өндірісі елеулі орын алып, ол жалпы өнеркәсіп өнімінің 46 пайызын қамтыды. Бұл жылдары тек газ- мұнай шығару салаларын дамытуға 9,5 млрд. доллар шетел инвестициясы тартылды. Сөйтіп, мұнай-газ секторы мемлекеттік бюджетті қалыптастырудың негізгі көздерінің біріне айналып, республиканың жалпы ішкі өнімдерінің едәуір бөлігін қамтитын болды.

Батыс Қазақстан аймағында Теңіз бен Қарашығанақ сияқты мұнай-газ кен орындарын игеру жөніндегі күрделі жобаларды іске асыру қолға алынды, алғашқы орындары құрылысының жобалық шығыны жасақталды. Каспий аймағында өнеркәсіптік мұнай өндіруді 2005 жылдан бастап қолға алу жоспарланған. Жамбыл облысы жеріндегі Амангелді газ өндіру орнын игеру жұмысы басталды. Каспий құрлықтық мұнай құбырының бірінші кезегін іске қосу еліміздің экспорт жөніндегі мүмкіндігін арттыра түсті. Мұнайды әлемдік нарыққа жеткізудің баламалы нұсқалары — Атырау-Баку- Жейхан, Қазақстан-Түркменстан-Иран, Батыс Қазақстан-Қытай бағыттарын да үлкен болашағы мол екені анықталды.

Осы жылдары Ақтау теңіз портын, Достық-Алашанькоу шекаралық өткелін және Достық-Ақтоғай теміржол учаскесін модернизациялау жұмысы, Семейдегі Ертіс көпірі мен Ақсу-Дегелең теміржол құрылысы аяқталды. Алтынсарин-Хромтау арасындағы теміржол құрылысы аяқталып, 2004 жылдың соңына қарай іске қосылды. Алматы-Астана автожолын жаңалау жұмысы 2003 жылы аяқталды. Алматыдағы әуежай қалпына келтірілді. Жалпы 2002 жылы бұрынғы 2001 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 9,5 пайызға артты.

Тәуелсіздік тұстағы көлік қатынасы жәйі. Тәуелсіздік алған Қазақстанның көлік қатынасында темір жолдың маңызы ерекше зор. 2006

жылға қарай Қазақстан темір жолының үлесіне көлік қатынасының барлық түрлері бойынша тасылатын жүктің төрттен үш бөлігі, жол жүретін адамдардың тең жартысы тиеді. 2010 жылы темір жолдарды техникалық жағынан қамтамасыз ету және жүк тасу жөнінде Қазақстан посткеңестік елдері арасында Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынды алды. Міне, осымен байланысты темір жол көлігіне талаптар жыл сайын өсіп және оның басты міндеттері Президент Н.Ә.Назарбаевтың **“Қазақстан — 2030”** стратегиялық бағдарламасында арнайы сипатталған еді. Бұл мәселелерді шешуде темір жол құрылымын жетілдіру ісіне ерекше көңіл бөлінді.

1996 жылғы 31 қаңтарда Үкімет қаулысымен Алматы, Тың және Батыс Қазақстан темір жол бөлімдері біріктіріліп, республикалық мемлекеттік “Қазақстан темір жолы” кәсіпорны құрылды. Ал 2002 жылы бұл кәсіпорын Үкіметтің қаулысымен “Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясы” деген жабық акционерлік қоғамы деген жаңа мәртебе алды.

2002 жылы Қазақстандағы темір жолдың ұзындығы 13,6 мың шақырымға жетті, оның бойындағы темір жол станцияларының саны 720 жетті. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап жаңа темір жолдар салу және темір жол станциялары мен желілерді қайтадан жаңартуға ерекше назар аударыла бастады. Соның ішінде халықаралық темір жол желілерін құруға айрықша көңіл бөлінді. Халықаралық темір жол қатынасын дамытуда Достық станциясы маңызды рөл атқарады. Тіпті тонау КСРО тұсында бұл аймақтағы темір жол желісі стратегиялық тұрғыдан аса маңызды деп танылып, темір жол төсеуге, бекеттер мен стансалар, тұрғын үйлер салуға көп қаржы бөлінген еді.

Өйткені ол Еуропа және Азия елдерінің арасындағы экономикалық байланыстарды жүзеге асыруда үлкен орын алады. 1991 жылы қыркүйекте Достық станциясы арқылы Қазақстан мен Қытай арасында жүк тасымалы көлемі ұлғайып, ал 1992 жылы маусымда жолаушылар тасу дәрежесіне қол жетті. 1994 жылдан бастап Достық-Алашанкоу стансалары арқылы халықаралық жүк тасу жүргізіле бастады. Осындай игі шаралар нәтижесінде Қазақстан мен Қытай, Өзбекстан және Оңтүстік Корея сауда байланыстары Достық стансасы арқылы едәуір өсті. Тек 2002 жылдың өзінде жүк тасу 1994 жылмен салыстырғанда 10 есеге артып, 6 млн. тоннаға жетті.

“Қазақстан — 2030” бағдарламасының талаптарына сай 1998 жылы мамыр айында алғаш рет егемен Қазақстанның тарихында Павлодар облысының Ақсу қаласы мен Шығыс Қазақстан облысындағы Конечная темір жол құрылысы басталып, 2000 жылдың 8 желтоқсанда іске қосылды. Жолдың жалпы ұзындығы — 184 шақырым. Жолды салуға республиканың

әртүрлі аудандарынан 1500 жұмысшы қатынасты, құрылысқа 6,5 млрд. тенге жұмсалды. Бұл жол елдің Солтүстік және Шығыс облыстарының арасындағы қатынасты 600 шақырымға қысқартты. Павлодар облысының Ақсу және Май аудандары жеріндегі табиғи байлықтарды игеруге мүмкіндік берді.

Егемен Қазақстан жеріндегі екінші маңызды темір жол құрылысы Қостанай облысындағы Алтынсарин стансасы мен Ақтөбе облысының Хромтау қаласын байланыстыратын темір жол магистралі. Жолдың ұзындығы 387 шақырым, құрылыс жұмысы 2001 жылдың маусым айында басталып, 2004 жылдың қараша айының соңында аяқталып, пайдалануға берілді. Бұл жол Қазақстанның Солтүстік және Орталық аймақтары арасындағы жол қатынасын 1,5 мың шақырымға қысқартты және елді Ресейдің Қарғалы-Орск темір жолына тәуелділігінен босатты. Аталмыш жолмен Қазақстанның Орталық және Солтүстік аудандарынан Батыс облыстарға хром рудалары, астық, ал Ақтау, Новороссийск және Одесса теңіз порттары арқылы Украинаға қара металл, ферросплав, сондай-ақ Ақтау арқылы Республиканың солтүстік облыстарынан Иранға жыл сайын 5,5 млн. тонна астық жеткізуге мүмкіндік берді.

Республиканың темір жол қатынасын одан әрі дамытуда оның аса қажетті магистральдық учаскелерін электр жүйесіне қосудың маңызы зор. 1990-2012 жылдары ішінде бұл бағытта бірсыпыра реформалық өндірістік шаралар іске асырылды. Мысалы, 1991—1994 жж. Арыс пен Шу станциялары арасындағы 600 шақырымдық жолды электр жүйесіне қосу жұмысы аяқталды. Ал 1993 жылдан бастап Шу мен Алматы арасындағы темір жолды электр қуатына қосу басталды. 1996—1999 жылдары қашықтығы 190 шақырым Шу-Отар темір жолын электр қуатына көшіру аяқталды, 2000 жылы ұзындығы 90 шақырым Отар-Ұзынағаш учаскесі іске қосылды, ал 2002 жылдың көктемінде Отар мен Алматы арасындағы темір жол магистралін электр қуатымен жұмыс істеуге көшіру біржолата аяқталды. Осының нәтижесінде Қазақстанда электр қуатымен жұмыс істейтін темір жол магистралінің ұзындығы 3,7 мың шақырымға жетті, немесе республикадағы барлық темір жолдың 27 пайызын қамтыды. Болашақта Алматы қаласы мен Достық станциясы арасындағы темір жолды электр қуатына ауыстыру жоспары белгіленді.

8.2. Қоғамдық-саяси дамудағы алға басулар.

XXI ғ. басындағы әлеуметтік саладағы реформалар.

Тәуелсіз Қазақстанның алдына қойып отырған басты мақсаттарының бірі — адамдардың жақсы жәйлі тұрмысын іс жүзінде қамтамасыз ететін қоғам орнату. Осы орайда әрбір адамға кәсіпкерлік еркіндік пен мүмкіндік

туғызып, жоғары әлеуметтік мәртебеге жетуін қамтамасыз ету, зейнетақыны және жәрдемақыны арттыру өркениетті елдер қатарынан орын алудың басты кепілі болып табылады. Әлеуметтік саладағы басты міндеттер: ұлттық байлықты тұрақты ұлғайту, халықтың тұрмыс-тіршілігі жөнінен дүние жүзіндегі озық дамыған елдермен арамыздағы артта қалушылық пен алшақтықты азайту, яғни технологиялық дамудағы және тұрмыс жағдайы деңгейіндегі айырмашылықты жою.

Алайда, қоғамдық қатынастардың өзгеруімен және нарықтық экономикаға көшумен байланысты халықтың тұрмыс жағдайы төмендеп кетті. Еліміздің экономикасының құлдырауымен байланысты еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы бұл жылдары тиісінші дәрежеде өспей, тауарларды ырықтандыру деңгейінен ондаған есе артта қалып қойды. Халықты жұмыспен қамту проблемасы өткір сипат алды. 1991 жылдан бастап республикада жұмыссыздық кең көлемде қанат жайды. Әсіресе, ауылдық жерлерде кеңшарлардың таратылуына байланысты жұмыссыздық көбейді. Жастар жұмыс іздеп қалаға ағылды. Қалаға келгенде де олар қарық болған жоқ. Не баспана, не тұрақты жұмыс орны пен табыс жоқ, сенделіп жүріп, азын-аулақ саудамен, рәкетпен, ұрлық-қарлықпен шұғылданып, мыңдаған қазақ жастары қылмыскерлер қатарын толтырды.

Осы жылдары Қазақстанның әлеуметтік саласындағы өткір мәселелердің бірі — уақытында *зейнетақымен* қамтамасыз ету болды. Осымен қатар сол кезде зейнеткерлердің қатары едәуір өсіп, олардың саны 2002 жылы 3 млн. адамға жетті. Билік орындары зейнетақы мәселесін шешу мақсатында үш бағытта бірқатар жұмыс жүргізді. Біріншісі — зейнетақының бұрынғы қарыздарын жабу, екіншісі — зейнетақыны өтеудің уақытын сақтау, үшіншісі — зейнетақы жүйесін экономика мүмкіндігіне қарай батыл жетілдіру (реформалау). Осындай шұғыл және әбден таразыланған шаралар бірсыпыра қайтарымын беріп, 1999 жылдың зейнетақы қарызын төлеуде бірқатар игі нәтижелерге қол жетті. Әсіресе, 7-8 ай бойы зейнетақыларын ала-алмай келген ауыл тұрғындарына арнайы көңіл бөлінді. Зейнетақыны одан әрі арттыру бағытында үкімет пен жергілікті атқарушы билік буындары тиімді шараларды іске асыра білді. Атап айтқанда, зейнетақының ең төменгі мөлшері 1997 жылы 3 мың теңге болса, 2000 жылы 4 мың теңгеге дейін көтерілді. 2000—2002 жылдары зейнетақы төлемдерінің ең аз мөлшері үш мәрте артып, 23 пайызға өсті. 2003 жылдың басында Президенттің жарлығымен ең төменгі зейнетақы көлемі 5 мың теңгеге жетті. 2004 жылдың қаңтарынан төменгі зейнетақы мөлшері 5800 теңгені, ал орташа зейнетақы мөлшері — 8335 теңгені құрады.

Елімізде жүргізілген реформалар аясында тұңғыш рет аралас әрі ерікті жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылып, ол өмірде өзінің тиімділігін таныта алды. 1,5 миллионнан астам зейнеткер ынтымақты негізде зейнетақы төлемдерімен қамтамасыз етілді. Осы мақсатта зейнетақыны индексациялаумен бірге 2003 жылы оны саралап өсіру ісі жедел қолға алынды. Жеке жинақ принциптеріне негізделген қамтамасыз етудің бір ғана түрі — жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылып ойдағыдай барынша тиімді жұмыс атқаратын болды. 2004 ж. бір мемлекеттік және 15 жекеменшік жинақтаушы зейнетақы қорларындағы 6,5 млн. қазақстандықтардың жеке есепшоттарында 415,2 млрд. теңге зейнетақы жинақталды. Оның ішінде 115,7 млрд. теңгесі инвестициялық кірістен түскен. Халықтың зейнетақылық жинақтаулары жылдан жылға тұрақты жетіліп, оның көлемі 2008 жылдың басында 1,1 триллион теңгеден асып түсті.

Сөйтіп, тәуелсіз Қазақстанда зейнетақы жүйесін реформалау табысты нәтижелер берді. Базалық зейнетақы төлемдерін есепке алғанда, ең төменгі зейнетақы көлемі 1998 жылдан бері 4,3 есе, ал зейнетақы төлемдерінің орташа көлемі 3,3 есе көбейді. 1,6 миллионнан астам адам мемлекеттік зейнетақыны республикалық бюджеттен алады.

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөйі. Қандай мемлекет болмасын оның құрамындағы халықтың тұрмысындағы маңызды мәселе ол тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады. Бұрын да, қазір де тұрғын үй адамдардың ең басты мұқтажы болып келеді. Тәуелсіз тарихтың 90-шы жылдары республикада тұрғын үй салу қарқыны тым төмендеп кетті. Тек Қазақстан экономикасының 2000 жылдан бастап ілгерілеуімен байланысты тұрғын үй құрылысы билік орындары назарына алынып өткір мәселе болып қайтадан көтерілді. 2002 жылы үй құрылысына 29,4 млрд. теңге инвестициялық қаржы жұмсалды, ол 2001 жылмен салыстырғанда 7,9 пайызға артты. Жаңадан 1402,7 мың шаршы метрді қамтитын 11,2 мың пәтер іске қосылды. Үй құрылысы, әсіресе, Алматы мен Астана қалаларында кең өріс алды. 2004 жылғы көктемдегі Президенттің халыққа Жолдауында республикадағы арзан үй құрылысын кеңейту, ұзақ мерзімге 9-10 пайызбен берілетін ипотекалық несиелер, жинақтаушы тұрғын үй банкілерінің қаржыландыру мүмкіндігі төмен отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламасы жарияланды және оны іске асыру үшін Үкімет қарқынды жұмыстар жүргізетін болған. 2005—2007 жылдары 19 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл көрсеткіш көзделген межеден 22 пайызға артты. Осы уақыт ішінде елімізде 44 мыңнан астам пәтер салынды. Бюджеттік қаржы есебінен 6 мыңнан астам коммуналдық пәтерлер өз иелерін тапты.

Қазақстандықтардың жалақысын арттыру шаралары. Республикада тәуелсіздік жылдары халықтың әл-ауқатын жақсарту, соның ішінде еңбекшілер мен қызметкерлердің жалақысын арттыруға назар аударуға баса көңіл бөлген. Экономиканың қарқынды өрлуі әлеуметтік міндеттердің үлкен кешенін шешуге жол ашты. Тек 2002 жылы орташа айлық 54 пайызға, немесе 1999 жылғы 9400 теңгеден 18 мың 500 теңгеге дейін көбейді, ең төменгі жалақы мөлшері 5 мың теңгені құрады. Бұл жылдары үкімет, әсіресе, бюджеттегі мекемелер қызметкерлерінің жалақысын көтеруге көңіл бөлді. 2002 жылы тек мұғалімдердің жалақысы 35 пайыздан астам көбейтілді. Бұл мұғалімдердің орташа айлық жалақысының мөлшерін 2000 жылғы 7 мың теңгеден 9300 теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Мемлекет халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауға айрықша көңіл бөлетін болды. Мемлекеттік бюджет есебінен зейнеткерлерді, мүгедектерді, асыраушыларынан айырылған және басқа да санаттағы тұрғындарды әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету ісіне де арнайы бақылау орнатты. Олардың барлығы 3,5 миллион (немесе барлық тұрғындардың 23,6%) адамнан асады. 2004 жылы 1999 жылмен салыстырғанда әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 1,5 есе көбейді. Бұл қазақстандықтардың кірісін айтарлықтай арттырды, оған мынадай өсім индикаторлары дәлел болады. 1999—2004 жылдары ең төменгі жалақы көлемі 2,5 есе (2605 теңгеден 6600 теңгеге дейін); төменгі зейнетақы көлемі — 1,9 есе (3000-нан 5800 теңгеге дейін); орташа жалақы — 2 есе (11864-тен 26048 теңгеге дейін); орташа зейнетақы көлемі — 2 есе (4104-тен 8529 теңгеге дейін); күнкөріс шегі — 1,5 есе (3394-тен 5394 теңгеге дейін); орташа мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы көлемі — 1,3 есе (3441-ден 4670 теңгеге дейін) өсті.

Тұтастай алғанда, ХХ ғасырдың 90- жылдардың аяғындағы межемен салыстырғанда 2007 жылы әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығындар 3 еседен астам өскен.

Денсаулық сақтау ісін жетілдіру шаралары. Халықтың денсаулығын сақтау және оның сапасын жетілдіру мақсатында Президенттің жарлығымен 2002 жыл — Денсаулық жылы деп жарияланды. Денсаулық жылының аясында ауылдағы көптеген медициналық мекемелерді жөндеу және жаңа құрылысқа жетік қаржы бөлінді. Денсаулық сақтау саласының 88 нысаны жаңадан бой көтерген. 2002 жылдың тағы бір ерекшелігі жеке Денсаулық сақтау министрлігі, Санитарлық- эпидемиологиялық бақылау және Фармация комитеті құрылды. Жалпы, 2000—2002 жылдары денсаулық сақтау саласын республикалық бюджеттен қаржыландыру көрсеткіші екі еседен астамға, жергілікті бюджеттен — 50 пайызға дерлік ұлғайған. Ал 2007 жылы ғана республика бойынша қосымша ондаған денсаулық сақтау нысаны салынды.

1997—2007 жылдары аралығында мемлекеттің денсаулық сақтау саласына шығыны 13 есе өсіп, 2007 жылы 338,5 миллиард теңгені құрады. Тәуелсідікке қол жеткен жылдан бері денсаулық сақтаудың 290 нысаны салынып немесе қайта жөнделіп, оларға 100 миллиард теңгеден астам қаржы жұмсалған. Осымен қатар алғашқы көмек көрсету буынын құрал-жабдықтармен және замануи медициналық жабдық құралдармен жарақтандыру 3 есеге жуық өскен. Егер 1997 жылы 1200-ге жуық ауылдық елді мекен медициналық қамтамасыз етусіз қалса, он жылдан соң ауылдықтар жер-жерде медициналық көмекпен толық қамтылған. Тұрғындарға тегін медициналық қызмет көрсетуді қаржыландыру мәселесі де қолға алынып кепілдендіруге жол ашылған және 2003 жылдан бастап өткен кезең ішінде мемлекеттің осыған бөлген қаржы көлемі 3 есеге артқан. Тәуелсіздік алған жылдары денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың аса маңызды құралы, яғни Мемлекеттік бағдарламасы табысты жүргізілуде деуге толық негіз бар.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауында (Егемен Қазақстан, 2005 ж. 19 ақпан) атап көрсеткеніндей: бүкіл дүниежүзілік банктің жіктемесі бойынша қазіргі уақытта Қазақстан кірісі орта деңгейдегі елдердің тобына кіреді. Егер өмір сапасының негізгі көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, онда соңғы 10 жылда (1995-2005 жж.) қазақстандықтардың орташа ақшалай кірісі 5 есе; ал орта айлық жалақысы 6 есеге жуық; ең төменгі табыс мөлшері 25 есе; зейнетақылардың орташа айлық мөлшері 4,6 есе; жеке тұлғалардың банктердегі депозиттері мен бір кісінің жасайтын салымының көлемі тиісінше 35 және 37 есе өскенін көреміз. Экономика қарқынды өсуі мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік бағдарлануын едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді, мұның өзі осы жылдары қолға батыл алынған модернизациялау саясаты айтарлықтай бекемдік деңгейіне жеткенін айғақтайды.

Тұтастай алғанда, 1997 жылдан 2007 жылдың аяғына дейінгі кезеңде еңбекақының ең төменгі мөлшері 4,5 еседен астамға өсті, орташа айлық номиналды еңбекақы 8,5 мың теңгеден 50 мың 800 теңгеге дейін — 6 есеге жуық артты. Жалпы Тәуелсіздік тұстағы орташа еңбекақы деңгейі жөнінен Қазақстан ТМД-да көшбасшы елдердің бірі болып табылады. 2002 жылдан бастап бұл өзекті салада реформалық процестен сәтті өтіп, бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысын өсіру үрдісі қалыптасып келеді. Оның деңгейін жүйелі арттырудың арқасында 2007 жылы бюджетшілердің еңбекақысы 2,5 еседен астамға өскен еді. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа көлемі 1998-2010 жылдары 3 есеге жуық өскен.

Аталмыш кезде республикада 630 мыңдай адам мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын болған.

Жалпы алғанда, ел экономикасы 2001 жылдан бастап жылына орта есеппен 10 пайызға өсіп отырды. Бұл өсудің жедел қарқыны болып саналады (ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауынан.— Егемен Қазақстан, 7.02.2008).

Еліміздегі әлеуметтік ахуал да тұрақты қалпында болған. 2000 жылдан бастап, 2008 жылға дейін мемлекеттік бюджеттің білім беруге, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығындары 5 еседен астам ұлғайды. Қазақ елінің 5 миллионнан астам азаматтары мемлекеттік әлеуметтік қорғаумен қамтылып келген. 2000 жылғы мөлшермен салыстырғанда бұл көрсеткіш екі есеге артық.

Ал осы жылдар ішінде Қазақстанда жүздеген, мыңдаған жаңа кәсіпорындар бой көтерген еді. Өнеркәсіп саласының автомобиль құрастыратын, оның ішінде жеңіл автокөліктер де бар бес кәсіпорын жұмыс істейді. 2015 жылға қарай Қазақстанда радиотехника мен компьютер де құрастырылатын болды. Жиыңаз жинау өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және басқа халық тұрмысына қажетті салалар даму қарқыны серпінді болған.

Материалды қорыта келгенде, 2000-2014 жылдары аралығында Қазақстанда Кеңестік дәуірдің 70-90 жылдары қанат жайған көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қолы жетті. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттерінің арасында өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатардан орын алды. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі болып саналады. Еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу мемлекеттің қатарына ену жөніндегі міндеттерді шешуде айтарлықтай ілгері жылжыды. Қазақстан мемлекеті тәуелсіздік жылдарында экономикалық, әлеуметтік қуатты реформаларды жедел де тиімді іске асырып, әлеуметтік-экономикалық дамуында посткеңестік мемлекеттер арасында көшбасшы болып қала берді.

8.3. Республика өнеркәсібін модернизациялау бағыттары.

Әлемнің қай түкпіріндегі, қандай ел болмасын сол мемлекеттің өркениетін сипаттайтын индустриялық әлеуетінің сапасы мен дәрежесі болып табылады. Осы ретте Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен индустрия саласын дамыту мақсатында ұзақ уақытқа арналған Бағдарлама жасақталып Республика Парламенті және Үкіметте талқыланып қабылданған

болатын. Сол Бағдарлама, яғни Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік стратегиясы (бұдан әрі Стратегия) Қазақстан Республикасы Президентінің "Елдегі жағдай туралы және 2002 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы" Жолдауында және Қазақстан кәсіпкерлерінің оныншы форумында берген тапсырмаларына сәйкес әзірленді.

Стратегия Қазақстанның 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік экономикалық саясатын қалыптастырады және экономика салаларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық сипатынан қол үзу арқылы елдің тұрақты дамуына негіз болуы көзделген еді. Өңдеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және сырт мемлекеттер рыногына шығарылатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады.

Дүниежүзілік экономиканың ғаламдануы аясында Қазақстан экономикасы бірқатар проблемаларға да белшесінен батуға тура келді. Негізгі проблемаларға мыналарды жатқызуға болады: сынаржақты шикізат шығару бағыты, әлемдік экономика айналымына ықпалдасудағы әлсіздігі, ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы, ішкі рынокта тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы (шектеулі экономика), өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның шектеулі шеңбері, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан қарапайымдылығы, ғылым мен өндіріс байланысының шектеулілігі; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға бөлінетін (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) қаржының мардымсыздығы, менеджменттің экономиканы Ғаламдану процестеріне және сервистік-технологиялық өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі.

Проблемаларды шешу және Стратегия аясында алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Даму Банкінің қызметін жандандырумен қатар Қазақстанның инвестициялық қоры, Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация, Инновациялық қор сияқты арнайы даму институттарын құру ісі басталды.

Бұл ретте осы институттар қосылған құны жоғары жаңа өндірістерді көтеріп және олардың жұмыс істеп тұрғандарын дамытуға және келелі салаларды кешенді талдау, олардың ең маңызды элементтерін анықтау негізінде ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер мен әзірленімдерге қолдау көрсетуге инвестициялау саясатын жүргізетін болды.

Стратегия елде ғылымды және инновациялық қызметті ынталандыруға бағытталған белсенді мемлекеттік ғылыми және инновациялық саясат жүргізудің жолдарын айқындады. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу

үшін қаржы рыногын одан әрі дамыту және фискалдык, білім беру, монополияға қарсы, инфрақұрылымдық саясатты жетілдіру жұмыстарын жандандыру міндеті қойылды. Стандарттау саясаты шеңберінде экономиканың және басқарудың барлық салаларында әлемдік стандарттарға көшу бастау алды.

Стратегияны ойдағыдай іске асыру экономиканың адам капиталын, өндірілген және табиғи капиталды тиімді пайдалануға негізделген тұрақты өркендеуіне алып келетін оның құрылымында сапалы өзгерістер жасауға, Қазақстанның әлеуметтік дамудың және қоғам құрылысының сапалық жаңа деңгейіне шығуына ықпал етуі керектігі үзінді-кесінді аталды.

Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері мен тетіктерін жетілдіру жөніндегі жекелеген ұсыныстарды негіздеу үшін Стратегияның тиісті бөлімдерінде импортты алмастыратын және экспортқа бағдарланған саясатты іске асыру жөніндегі шет елдердің тәжірибесі, оның ішінде экспорттық саясаттың әркілі түрлері мен кезеңдері, сондай-ақ әлемдік рыноктарда бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретін факторлар келтірілген.

Жалпы алғанда Стратегияны іске асыру нәтижесінде 2015 жылға қарай ел экономикасы сервистік-технологиялық дамуға өтуге дайын болуы міндеті нықтап баяндалған. Сөтіп, стратегия бағыттары мынадай өзекті мәселелерді көздеді:

1. Әлемдік экономиканың үрдістерін арнасындағы Қазақстан экономикасының бәсекелестік қабілетін арттыру проблемаларын игеру:

1.1. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін талдау:

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін капитализмнің әлемдік жүйесі өзгеріске ұшырап, монополистік немесе трансұлттық капитализмнің жаңа белгілеріне ие болды.

Мұндай өзгеріс әлемдік сауданың едәуір өсуімен, трансұлттық компаниялардың пайда болуымен, шетелдік инвестициялардың елеулі түрде артуымен және сауда шарттарының ырықтануымен сипатталады. Халықаралық валюта қоры және Дүниежүзілік банк сияқты институттар пайда болды.

Егер XX ғасырдың елуінші жылдары әлемдік экономика дүние жүзіндегі барлық елдердің ұлттық экономикасының жиынтығы болса, ал 60-жылдардан бастап корпорацияларды трансұлттық белгілері бойынша ұйымдастыру үрдісі көрініс бере бастады.

Тоқсаныншы жылдарға қарай тауарлар мен қызметтер өндіру процесі толымсыз сипат алып, әлемнің барлық елдері бойынша шашыраңқы орналасты. Қаржы-өнеркәсіп капиталы трансұлттық сипатқа ие болды.

Тәелсіздігін жаңа қолына алған Қазақстан сияқты және дамушы елдер үшін бұл өзгерістердің маңызы аса зор. Дамыған және дамушы елдер арасындағы шеткері аймақтар шикізат жеткізуге, ал орталық оны өңдеп, шетке қайта жеткізуге негізделген дәстүрлі қарым-қатынастар айтарлықтай өзгерді.

Ғаламдық капитализм жағдайында дамушы елдер өндірістік процесс тізбегіне тартылып, қосылған құны барынша шектеулі тауарлар өндірісінің салыстырмалы төменгі сатысындағы тауарларды өндірумен айналысады.

Әлемде индустриялық саясат жүргізудің мол тәжірибесі жинақталған. Санаулы елдердің ғана экономиканың бір өнімге тәуелділік проблемасын ойдағыдай шешіп, өз өнеркәсібін әртараптандыра алғанын атап өтуге болады. Экспорттың құрылымын әртараптандыру үшін индустриялық саясатты қолдану түрлі елдердің тарихи өткен кезеңінде импортты алмастыруға және экспортқа бағдарланған саясаты мысалдарынан айқын байқауға болады. Негізінен осындай саясат қолданылған Латын Америкасы (Мексика және Бразилия) және Шығыс Азия (Оңтүстік Корея және Сингапур) елдеріне жасалған талдаудан экспортқа бағдарлану арқылы тұрақты экономикалық өркендеуге қол жеткізуге болатындығы туралы негізгі қорытынды жасауға болады.

Тарихи өткен кезеңде Латын Америкасы елдері де, Шығыс Азия елдері де импорттың орнын басу және экспортқа бағдарланған кезеңдерінен өткен. Шығыс Азия елдерінің белгілі бір кезеңде импортты алмастыру саясатынан бас тартып, экспортты қолдау саясатына көшуі, ал Латын Америкасының импорт алмастыруға ерекше көңіл аударуы осы елдердің ерекшелігі болып табылады.

Экономикалық теория тұрғысынан алғанда экспортқа негізделген саясаттың табысты болуы түсінікті, себебі өзінің ішкі рыногының әлеуетін сарқып тауысқан елдер өздерінің экономикалық даму процесін тоқтатпау үшін сыртқы рыноктарды игере бастауға мәжбүр болады. Латын Америкасының елдері импорт алмастыруды қолдай отырып, нақты бәсекелестікке емес, жасалған әкімшілік және тарифтік тосқауылдарда негізделген салаларды құрғандығын атап өту керек. Бұл салалар нығайып алғаннан кейін жаңғыртудың және өнімділікті арттырудың орнына өз ресурстарын импортты алмастыру саясатын одан әрі сақтап қалу мақсатында мемлекет арқылы өз мүдделерін барынша қорғап қалуға бағыттады. Осының салдарынан ресурстар тиімді бөлінбей, ұлттық экономикалар халықаралық бәсекеде ұтылып жатты.

Жалпы алғанда жаңа ғаламдық экономикалық жағдайды қалыптастыратын әлемдік экономикадағы басым үрдістерді төмендегіше жіктеуге болады: а) дамыған елдерде индустриялық экономикадан сервистік-технологиялық экономикаға өту; б) ғаламдану; в) экономиканы ырықтандыру; в) ғаламдық бәсекенің артуы және өңірлік ықпалдасу.

Жиырмамыншы ғасырдың соңғы ширегінде экономикалық дамыған елдер индустриялық даму сатысынан аса жоғары сервистік-технологиялық экономикаға өтті. Бұл елдерде ЖІӨ үлкен бөлігі қызмет көрсету секторында қалыптасады. Мұндай қызметтердің айқын байқалатын ғылыми және инновациялық негізі бар.

Экономикасы дамыған елдерде зияткерлік ресурстар және қаржы капиталы шоғырланған, ал индустриялық өндіріс, әсіресе еңбекті көп қажет ететін өндірістер біртіндеп әлемнің экономикалық даму тұрғысынан неғұрлым артта қалған елдеріне ауысуда.

Қазақстан экономикасы құрылымын әртараптандыру проблемалары. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан жаһандық экономикада әлемдік тауар рыноктарына мұнай, газ, қара, түсті, жерде сирек кездесетін және қымбат металдар мен уран өнімдерін шығаратын ел ретінде әлемге таныла бастады. Ауыл шаруашылық өнімдерінен астық экспортының келешегі де мемлекеттік саясатта ескерілетін болды.

Қазақстанда пайдалы қазбалардың ірі қорларының болуы оның салыстырмалы экономикалық артықшылығы болғандықтан, ол қазіргі уақытта классикалық экономика сценарийі бойынша даму жолын қалады.

Өндірістің және шикізат ресурстары экспортының қарқынды дамуы жаңа ғасыр табалдырығында қайта-қайта соққан экономикалық дағдарысты сәтті кешіп, шамамен 2008 жылға қарай экономиканың қарышты өсуіне мүмкіндік берді.

Өнеркәсіптің шикізат салаларына шетелдік инвестицияларды тарту және қаржы саласында құрылымдық-институционалдық өзгерістерді тиімді игеру барысында мемлекеттік нақтылы саясатына байланысты Қазақстан экономикасының дамуында ілгерілеу байқалды, елде адамдар күй-жәйі жақсарып, тұрмысы жоғарылап және ұзақ мерзімді кезеңде индустриялық сервистік-технологиялық даму сатысына өтуге мүмкіндік беретін қаржы қорлары жинақтала бастады.

8.4. Жаңа тарихи сананы және дүниетанымды

қалыптастыру мақсатындағы іс шаралар.

Тәуелсіздік жылдары елімізде қалыптасқан саяси жүйенің түбегейлі айырмашылығы неде? Осы жылдар қоғамның саяси жүйесінің табиғаты мен

құрылымына, қызметіне әкелген негізгі өзгерістердің мәні мен мазмұны, сапасы неден көрінеді? Бұл туған жері және ата тегі жанын салып дамытқан азаматтың, әр саясаттанушы мен саясаткерді ойландырары хақ. Ширек ғасырлы тарихы бар тәуелсіздіктің осыған жауап іздеуге ойымызды бұралық.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның жаңа мемлекетін және оның саяси жүйесін қалыптастыру ісі әлемдік тәжірибе бойынша аса құнды және айрықша күрделі процесс. Біздің ақиқатымызда бұл үрдіс өте қайшылықты, тартысты, қателіктер мен қатерлер арқылы жүргенін айтқан жөн болар.

Қазақстан мемлекеті нысаны мен табиғатын анықтауда ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында еліміздің саяси басшылығы мен интеллектуалдық күштері алдында аса күрделі міндеттер болғанын анық көреміз. Неге десеңіз тонау Қазақ хандығы заманынан кейінгі бірнеше ғасырлар бойы басқа этносқа, мемлекеттік жүйеге тәуелді болу мемлекеттіліктің жеке пішімін іске асыру айрықша мәселе. Сол тарихи да тағдырлы уақытта дербес мемлекетті құру ісіндегі төтенше жауапкершілікті өзіне алған Н. Назарбаев былай деп толғанады: «Қазіргі сарапшылар белгілі бір саяси режим жайында баға бергенде, оның мойнындағы міндеттерді ескермей, баға беруге тырысады. Ол мемлекетті қалыптастыру, бір экономикалық жүйеден екінші бір экономикалық жүйеге көшу, демократиялану процесін дамыту, әлеуметтік және ұлтаралық орнықтылықты сақтау және нығайту, сыртқы саяси бағыттар желісін тарту... Ұлттық жанару, мемлекеттікті қалпына келтіру әрдайым оңай жүзеге аса бермейді», - деп көрсеткен ҚР Президенті.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қалыптасу кезеңі бұрынғы КСРО аумағында саяси, әлеуметтік экономикалық мүдделер мен қатынастардың ерекше шиеленісуі үдерісімен қабаттаса жүрді. Әлеуметтік топтардың мүдделері мен қажеттерін бұрынғы саяси режим қанағаттандыра алмады. Оның ішіндегі ең өткір, шетін тұрғандары – азаматтардың саяси, экономикалық және әлеуметтік құқықтарын кеңейту, сөз бостандығы, ұлттар мен этностардың тіл, мәдениет саласындағы сұраныстарын мүмкіндігінше қанағаттандыру, азаматтардың қауіпсіздігін нығайтып, азаматтық татулық пен қоғамдық тәртіпті нығайту еді. Қазақстанның болашақ мемлекеттік дамуы туралы берік, сындарлы тұжырымдама әлі қалыптаспаған еді.

Ол кездегі еліміз алдында тұрған ең күрделі проблема мемлекетті қалыптастыру еді. Мемлекет – саяси жүйенің аумақтық, заңды, жария, егемен, легитимді, құқықты, жоғары деңгейде институттанған, жалпыға бірдей әмбебап ұйымы. Ол қоғамның саяси жүйесінің бір бөлігі бола отырып, мақсатты, жария, ашық, заңды, ел мен халықтың егемендігінің бірден бір көзі, субектісі және егесі ретінде қызмет істейді. Мемлекет саяси жүйенің бір бөлігі, ал ол сонымен бірге, оның барлық кіші жүйелері мен салаларын қамтитын, біріктіретін, заңдар аясында олардың бүкіл қызмет-

тіршілігін реттейтін, олар үшін біртұтас, ажырамас және бөлінбес ұйым болып табылады.

Ғылыми әдебиетте мемлекеттің негізгі аса маңызды, сөзсіз, қоғамдық қатынастар табиғаты мен мүдделеріне жауап беретін және тиімді мемлекет құру мүддесіне сәйкес келетін белгілеріне отандық және шетелдік зерттеушілер дәлелдеуі бойынша мыналар жатады: басы байлы территориясының, азаматтығы бар халқының; белгілі ішкі және сыртқы функциялары анықталған, бұларда саралап, ауқымы мен міндеттерін анықтаған, қоғамдық қатынастардың барлық саласын реттеуге қабілетті, қажетті адами, материалдық және қаржылық ресурстарға ие тармақталған басқару аппаратының болуы; халықаралық қауымдастық мойындаған шекарасы; елдің егемендігін, тұтастығын, қорғанысын, азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық қарулы күштерінің (армиясының), құқық қорғау органдарының (сот, прокуратура, милиция, арнайы қауіпсіздік қызметтері және т.б.) болуы. Тарихы ширек ғасырға толуы қарсаңында Қазақстанда осы аталған белгілер мен сияттамаға сай келетін егемен, әлеуетті, әлем елдерінің басым көпшілігі мойындаған және ұстанған бағытын қолдайтын мемлекет қалыптасты. Ал елдегі мемлекеттік құрылыстың табиғаты, демократияның деңгейі оны саяси жүйесі қызметінен көрінеді.

Саяси жүйе сөздің кең мағынасында – белгілі бір қоғамдағы билік қатынастарының іс жүзінде анықталынып, қабылданып, орындалуының тұрақты формасы. Ол – елдегі бүкіл саяси өмір, саяси қатынастардың және саяси институттардың жиынтығы. Бұл орайда Қазақстан Республикасы ұстанған өркениет көкжиегіне тез арада жету бағдарламасын әлемнің алпауыт мемлекеттері толық мақұлдаған болатын.

Бұл жерде транзиттік, өтпелі қоғамдардағы аса күрделі міндеттерді шешуге, күрделі қоғамдық қатынастарды реттеуге қызмет ететін жаңа саяси жүйені қалыптастыру күрделі мәселе екенін еске ұстаған жөн. ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында жаһандану, ақпараттық қоғам, халықаралық байланыстардың күшеюі жағдайында саяси жүйе мен оның институттарының функциялары барған сайын күрделеніп, тармақталып, олар қамтитын құбылыстар мен қатынастардың ауқымы кеңейіп, өзара сабақтастығы, өзара байланыстары күрделенген уақыт болатын. Осы жаңа әлемге, оның күрделі саяси-экономикалық, идеологиялық қатынастарының дербес субъектісі ретінде ұмтылған Қазақстан, алдымен, өзін-өзі мемлекет ретінде анықтап, мемлекеттік-конституциялық құрылысын түбегейлі бекемдеу міндеті тұрғаны анық белгілі еді.

Тәуелсіздік тұстағы алынған белестер биігінен бағалайтын болсақ еліміз бұл жауапкершіліктен абыроймен шықты деуге негіз бар. Әлемдегі, әсіресе, демократиялық елдердегі саяси жүйелерді зерттеген, теориялық ой-толғамдарын әлем саясаттанушылары мойындаған Толкотт Парсонс, Дэвид

Истон, Габриель Алмонд, Карл Дойч, Дж. Бингем Пауэлл және тағы басқа өркениет аясындағы мамандардың саяси жүйе және олардың негізгі институттары функциялары туралы іліміне сүйенсек, Қазақстанның саяси жүйесі институттарының конституциялық өріс аясындағы қызметінің де өте күрделі, сан тарапты екендігіне толық көз жеткізуге болады.

Әлем сарапшыларының, сондай-ақ, ел ғалымдарының мемлекет құрылысы, саяси жүйе табиғаты мен қызметіне қатысты ғылыми зерттеулеріне сүйене отырып, қазіргі кезеңде еліміздің саяси жүйесінің қызметіне тән мынадай негізгі функцияларды атап көрсетуге болады:

– Конституцияға және басқа да заңнамаға сәйкес қоғамды қазіргі заманның табиғаты мен талаптарына сәйкес ғылыми басқару;

– қоғамның алдындағы мақсат пен міндеттерді анықтау және соған сәйкес бүкіл қоғамды және оның ресурстарын жұмылдыру;

– қоғам мүшелерін әлеуметтендіру;

– артикуляция – яғни, қоғамдағы әртүрлі таптардың, топтардың мүдделерін анықтау, бейнелеу және оларды саяси жүйе институттары қызметінде еске алуына жетісу және т.б.

Бүкіл халықтық референдумда 1995 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы еліміздің саяси жүйесінің жаңа болмысын қалыптастырды. Осы жылдан еліміз саяси жүйесі дамуының жаңа кезеңі басталды. Ал, еліміздің осы жылдардағы конституциялық дамуы оның іргелі негіздерінің беріктігін, өміршеңдігін, оны құраушы институттық құрылымдардың міндеттері мен басқару мүмкіндіктерінің шынайы және объективті болжамдалғандығын дәлелдеді.

Еліміздің саяси жүйесі құрылымындағы жаңаша түбегейлі «анатомиялық» түзілу мен түрленудің мәні мен мазмұнын өткен жолымыз деңгейінен жинақтай айтсақ, біздің пікірімізше, негізінен мыналарға келіп саяды:

– ең алдымен, еліміздің саяси жүйесінде бұрын болмаған Президенттік институт, қос палаталы, кәсіби негізде жұмыс істейтін Парламент, көппартиялылық, азаматтық қоғам институттары, Қазақстан халқы Ассамблеясы тәрізді принципті жаңа саяси құрылымдардың түзіліп, қалыптасуы және қызмет жасауы;

– қоғамдағы демократия мен сөз бостандығының даму деңгейі мен пәрменділігінің басты көрсеткіштерінің бірі тәуелсіз, беймемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының дербес те әлеуетті жүйесінің пайда болуы;

– Қазақстанда бұған дейін болмаған, қоғамдық өмірдің барлық салаларын кеңінен қамтитын жаңа азаматтық институттардың қалыптасып, дамуы және олардың қызметіне қажетті ұйымдық-құқықтық негіздердің нығаюы;

– халықаралық танымал демократиялық институттар негізінен біртіндеп мойындаған еліміздің тәуелсіз сайлау жүйесінің қалыптасуы;

– биліктің негізгі үш тармағының: Президент, Парламент және Үкіметтің біріккен еңбегінің нәтижесінде еліміздің саяси жүйесінің барлық құрамдас бөліктері қызметінің құрылымдық, ұйымдық-құқықтық және өзара қарым-қатынасы мәселелерін жан-жақты реттейтін, еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет орнату бағытында әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін заң жүйесінің жаңадан түзіліп, қабылдануы және бұл үрдістердің қоғамдық қатынастардағы қажеттіліктерге байланысты үнемі жетілдірілуі.

Бұл – қоғамдық қатынастарды, әлеуметтік топтарды, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарды қамтуының ауқымы, жалпы табиғаты жағынан терең де, көп қырлы, сапалық өзгерістер. Президент, Парламент институттары, бастауында тәжірибесі шектеулі әлсіз де болса, көппартиялық жүйе осы өзгерістердің ең маңызды да, мәндісі деп бағалауға тұрарлық.

Тәуелсіз Қазақстанның жаңаша саяси жүйесіндегі ерекше орында, бұрын болмаған жаңа құрылым – Президент институты тұр. Еліміздің мемлекеттік басқару жүйесінде Президент лауазымы Қазақ ССР-і Конституциясына енгізілген 1990 жылғы 24 сәуірдегі өзгерістерде анықталды. Сол уақыттан бері халқымыз осы ең жоғарғы мемлекеттік саяси лауазымға бүгінгі Елбасы, әлемге танылған саясаткер, мемлекеттік құрылым шебері Н. Ә.Назарбаевты бірнеше мәрте мүлтіксіз сайлап келеді.

1995 жылы қабылданған Конституция, оған 1998 және 2007 жылдары енгізілген өзгерістер мен толықтырулар еліміздегі бүкіл билік жүйесінде Президент институтын үнемі нығайту бағытын қолдады. Ең алдымен, еліміздегі басқару жүйесі «Президенттік басқару нысанында» деп сипатталады. 1995 жылғы Конституцияның жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының құрамындағы әлемге танылған мамандар пікірінше, бұл белгілі бір деңгейде пікірталасты түсінік.

Ғылыми әдебиеттерде «басқару нысаны» деп *республика* немесе *монархия* (жеке бас билігі) есептеледі. Осылай атау әбден қалыптасқан, ғылыми ортада бекіген түсініктер. Ал «президенттік басқару нысаны» деген түсінікті Конституция авторларының төл шығармашылдығы, қазақстандық конституциялық теориядағы ізденіс, басқару нысанын анықтаудың қазақстандық нұсқасы деп түсінген абзал. Бұған көптеген шетелдік белгілі

мемлекеттанушы-ғалымдар кезінде назар аударып, уақыттың басқару формалары туралы түсініктерге өзгеріс енгізетіндігін, Қазақстан Конституциясы «президенттік республика» деп ешқандай екіұштылықсыз, тура атайтындығын арнайы атап көрсеткен болатын.

Конституцияда президенттік биліктің демократиялық институты арнасындағы саяси жүйедегі орны, мәртебесі өкілдіктері көрсетіліп, 40-шы бапта: «Президент – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституция мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі», – деп анық баяндалған.

Саяси жүйенің құрамдас бөлігі болып табылатын – Президенттік институттың қалыптасып, дамуы, оның қоғамда бедел алуы ұзақ, күрделі процесс. Сөз жоқ, президенттік институттың қоғамның саяси жүйесіне етене, икемді, ажырамас құрамдас бөлігі ретінде кірігіп кетуі, саяси бейімделуі бедел алуы уақытты, тәжірибені, үлкен заң шығарушылық процесті қажет етеді және ол біздің елімізде терең шеңберлі саяси тартыстарсыз, саяси сілкіністерсіз, барынша эволюциялық жолмен өткен.

Президенттік институт саяси жүйедегі ерекше институт және барлық партиялар мен қоғамдық-саяси ұйымдар қызметінің кепілі болғандықтан, ол бүкіл саяси жүйеге немесе оның басым көпшілігіне сүйенгенде ғана саяси жүйеде топтастырушы, байланыстырушы міндетін атқарады. Бұндай тірек-сүйенішсіз президенттік институттың әлеуметтік-саяси базасы әлсіз болуы мүмкін.

Тәуелсіз Қазақстан тарихы тәжірибесіндегі тағы бір назар аударарлық мәселе – Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы кеңестен кейінгі барлық елдерде президенттік немесе жартылай президенттік билік жүйесі пайда болғанын жан жақты талдап оның нәтижесін біздің жағдайымызға толық үйлесуінде еді. Бұның құндылық дәрежесі саяси жүйе дамуындағы, ел алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің күрделілігіне байланысты. Билік тармақтары, әсіресе, Парламент пен атқарушы билік арасындағы текетірес пен шиеленісті, толассыз талас, елдердің саяси мәдениетінің ерекшелігі президенттік институтты өтпелі қоғамдар, кезеңдер алдында тұрған міндеттерді шешудің тиімді билік нысаны ретінде таңдау – ұтымды жол.

Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы осы саяси-мемлекеттік институттың қызметіне келсек, ширек ғасырға жуық уақыт президенттік институттың ұтымды жақтарын көрсетіп берді. Оны мынадай ретпен талдаған жөн болар:

Біріншіден, Президентті бүкіл халықтың сайлауы, бүтіндей алғанда, саяси жүйенің демократиялық легитимділігін көрсетеді, өйткені, Президент қызметі қашан да көпшілік сайлаушылардың мүддесін білдіреді.

Екіншіден, билік тармақтарының аражігінің анықталып, президенттік институттың қызметі демократиялық саяси жүйедегі әртүрлі шектеулер мен өкілдіктер арқылы саясат таразысын тең ұстауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, бүкілхалықтық сайлау арқылы сайлаушылар саяси жүйенің бүкіл қызметіне принципті, жанды өзгерістер енгізе алады, саяси құндылықтар мен басымдықтарда сабақтастықты қалыптастырады.

Өткен мерзімде жаңадан қалыптасқан, кеңестік жүйеде болмаған биліктің маңызды тармағы – қос палатадан тұратын Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы қос палаталы **Парламент** болды.

Қазақстанның кәсіби парламентаризмге келер жолы күрделі де қайшылықты, саяси шиеленісті, бұралаңды болды. Осы тартысы көп, қиын жолда бұрынғы Конституциялар бойынша (1978 және 1993 ж.) сайланған Республика Жоғарғы Кеңесінің 1990 жылы сайланған он екінші, 1994 жылы сайланған он үшінші құрамдары саяси себептерден өкілділік мерзімі аяқталмай, мерзімінен бұрын таратылды. Соңғы құрамы бір жылдай ғана жұмыс істеді. Елімізде парламенттік демократия, парламентаризм көптеген қиындықтармен, саяси тартыспен, қайшылықтар арқылы, біртіндеп қалыптасып келеді.

Ел Парламентінің 1995 жылғы Конституция және «Қазақстан Республикасы Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық Заңының негізінде тарихи өлшем тұрғысынан бағалайтын болсақ қысқа уақыт ішіндегі белсенді заң шығарушылық, өкілді және саяси қызметінен белгілі бір тарихи-саяси, демократиялық төмендегідей қорытынды тұжырымдар шығаруға болады:

Біріншісі, Парламент негізгі саяси және әлеуметтік күштердің, ірі этнос өкілдерінің мүддесі тоғысқан, белсенді қызмет жасаушы коллегиялық органға айналып, маңызды мемлекеттік институт ретінде қалыптасты. Парламентсіз елімізде шынайы демократия, құқықтық мемлекет орнату мүмкін еместігіне бүкіл қоғамымыздың көзі жетті;

Екіншісі, конституционализм талаптарын сақтай отырып, өзінің сан-салалы заң шығарушылық қызметі арқылы Парламент заңдардың күрделі архитектуроникасын анықтап, бүкіл мемлекеттік құрылысты заңнамалық нығайтудың әлеуетті кепіліне айналды. Қазақстан Парламенті өткен жылдары Конституция негізінде және оның қағидаттары мен талаптарын қоғамдық қатынастардың түрлі салаларында жүзеге асыру және реттеу мақсатында 2 мыңнан астам заң қабылдап, еліміздің саяси экономикалық және әлеуметтік рухани жаңаруын заңнамалық тұрғыдан кешенді де түбегейлі қамтамасыз етті. Бүгінде Парламенттің заң шығарушылық қызметінен тыс қалған, мүдделері еске алынбаған бірде-бір маңызды қоғамдық сала немесе әлеуметтік топтар жоқ деп айтуға толық негіз бар;

Үшіншісі, Парламент пен парламентаризмнің демократиялық және құқықтық-заңнамалық, бай танымдық, тәрбиелік ұлағатынан өткен

депутаттар корпусы ұлттық элитаның қатарын, жоғарғы мемлекеттік органдарды жаңа, тың күштермен толықтырудың жемісті саяси мектебіне айнала бастады деуге толық негіз бар. Әрине, Парламент саяси элитаны қалыптастырудың бірден-бір мектебі емес. Олар Президент Әкімшілігі жүйесінде, ғылыми ұжымдарда, Үкімет құрамында, облыстық әкімдіктердің жоғарғы буынында, саяси партиялар жүйесінде де қалыптасады. Алайда, саяси жариялылық пен ашықтықтың, билік легитимдігінің мектебі болып табылатын, бүкіл тіршілігі халықтың көз алдындағы парламентшілердей басқа топтар әлеуетті, саны жағынан көп емес.

Парламенттің нығаюымен бірге, парламентшілердің өздері де өсіп, саяси, демократиялық, интеллектуалдық құқықтық, рухани тұрғыдан толысып, кемелденді. Олар парламентаризм мектебі аясында елдегі күрделі қоғамдық қатынастардың табиғатына үңіліп, зерделеп, ондағы қайшылықтарды, заңмен реттелмеген проблемаларды көріп, талдауды, елдегі кезек күттірмейтін, халықты алаңдатып отырған әлеуметтік-экономикалық, рухани өзекті мәселелерді Үкімет алдына қойып, шешілуін талап етуді игерді.

Еліміздегі тәуелсіздік жылдары өткен конституциялық өзгерістердің толқындарының қай қайсысы да, ең алдымен, негізінен, Парламенттің Президентпен, Үкіметпен өзара қарым-қатынасын, құзыреттерін және оның депутаттарын сайлаудың ұйымдық-құқықтық мәселесін қамтыды

Соңғы конституциялық өзгерістердегі парламент институтының рөлін көтеруге жасалған қадамдар белгілі бір мөлшерде парламентаризм институтын нығайтуға бағытталғанымен, саясаткерлер мен маман ғалымдар пікірінше, ол әлі жеткіліксіз. Ол парламентаризм институты беделін нығайтудың түбегейлі мәселелерін әбден шешкен деп айтуға келмейді. Ал, өкілді органның пәрменді де, көпсалалы қызметінсіз қазақстандық жаңаруға қажетті құқықтық өрісті қамтамасыз ету, мемлекеттік құрылысты, кадр саясатын жетілдіру, әсіресе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күресу, елді демократиялық басқару стилін қалыптастыру мүмкін емес.

Бұл орайда болашақта өте биязы мұқият ескеретін ең басты мәселелердің бірі – Парламенттің бақылау функцияларын кеңейту. Парламентаризмнің мәні – мемлекеттік билік жүйесіндегі Парламенттің белгілі бір үстемдігі және атқарушы билік қызметіне оның тарапынан нақты бақылаудың болуы. Бұл екі талап тұрғысынан келгенде де, еліміз Парламентінің қызметі шынайы толыққанды парламентаризмге қойылатын талаптарға толық сай келмейтіндігі белгілі.

Тәуелсіздік тұстағы Қазақстанның Конституциялық дамуының келесі сатысында Парламентке бүгінгі конституциялық өрісте белгілі бір бақылау функциялары берілуі керек деп есептейміз. Нақты бақылау функциялары жоқ Парламент – халық өкілеттігі мен билігін пәрменді жүзеге асыра алмайды.

Осы ретте конституциялық теория саласындағы белгілі неміс ғалымы В. Гессеннің: «Нағыз демократиялық мемлекеттің парламенттік болмауы мүмкін емес, парламентаризм конституциялық режимнің тәжі болып табылады», деген тұжырымын есте сақтаған жөн. Қазақстанның да конституциялық режим мен конституциялық жетілуі жолындағы аса маңызды қажеттілік, ең алдымен, Парламенттің, әсіресе, Мәжілістің құзыреттерін кеңейту.

Республика саяси жүйесіндегі келесі бір елеулі өзгеріс – әлжуаз, әлсіз де болса, **көппартиялылықтың** қалыптасуы. Бұл үдеріс елімізде қайшылықты, күрделі болды. Саяси партиялар да қалыптасудың, дамудың «сәбилік сырқатын» өз бастарынан кешті. Олай болу табиғи да заңды еді. Біздің халқымыздың да, оның саяси бетке ұстарларының да саяси және идеологиялық әр алуандықта өмір сүру, дербес мемлекетті басқару тәжірибесі жоқтың, барлығы дерлік кешегі СОКП-ның саяси мектебінен шыққан жандар еді. Оларға тәуелсіз, көпұлтты, халқының саяси және әлеуметтік жіктелуі аяқталмаған мемлекеттің жана саяси жүйесінде жаңа бағдарламаларға негізделген саяси партиялық құрылысты қалыптастыру оңайға түспеген еді.

Қазақстанның партиялық жүйесінің қалыптасуына 1996 және 2002 жылдары Парламент қабылдаған «**Саяси партиялар туралы**» Заң қажетті құқықтық-ұйымдық өрісті қалыптастырды.

Дамыған демократиялық елдерде партиялар саяси инфрақұрылымының әлеуетті, саяси дербес, белсенді құрамдас бөлімі болып табылады. Азаматтық қоғам мен мемлекеттің арасындағы саяси делдалдық, дәнекерлік рөл атқара отырып, олар қоғамдық пікірдің қалыптасуына, азаматтардың ұстанымдарына (позицияларына) шешуші әсер етеді. Кемел, толыққанды партиялық жүйесі бар мемлекеттердегідей, тәуелсіз Қазақстанда да саяси партиялар мынадай аса маңызды міндеттерді толыққанды іске асыруға тұрақты ұмтылып келеді. Олардың қатарында:

а) халықтың қоғамдық саяси белсенділігінің стихиялық түрлерін бақылау мен ықпалдастыруға болатын институттандырылған нысандармен алмастырып, азаматтарды саяси өмірге қатысуға ынталандыру;

ә) халықтың әлеуметтік жіктері мен топтарының шынайы мүдделерін анықтап, оларды сұрыптап, жинақтап, шоғырландыру және өзінің көп бағытты қызметі арқылы соларды қорғап, жүзеге асыруға ұмтылу;

б) елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани ахуалды, олардың даму үрдістері мен бағыттарын үнемі жіті талдап, өзгеру болашақтарына (перспективаларына), өзгерістері мен мүмкіндіктеріне болжамдар жасау;

в) азаматтардың саяси мәдениетін жетілдіру және олардың саяси кемелденуі мен азаматтық ұстанымын (позициясын) қалыптастырып орнықтыру жөнінде тұрақты да мақсатты жұмыс жүргізу;

г) билік органдарына сайлау кезінде кандидаттар ұсыну және оларды қолдау, өкілетті және атқарушы билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару құрылымдарының қызметіне қатысу және тағы да басқалай.

Қазақстандағы демократиялық үдерістерді тереңдетуге, саяси партиялардың қызметін жандандырып, олардың мемлекеттік билікті жүзеге асыруға қатысуына кең құқықтық өріс ашуда. Қазақстан Парламенті 1998 жылғы 7 қазанда қабылдаған **«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заңының орны ерекше болды. Заң – ең алдымен, Парламент Мәжілісіне 10 депутаттың партиялық тізімдер негізінде сайланатынын анықтап, Парламентке барлық саяси партиялардың өз өкілдерін жіберуіне және сайлаушылардың өздерінің саяси еркін, толығырақ және баламалы тандау негізінде жүзеге асыруына мүмкіндік берді. Осы демократиялық қадам барлық саяси партиялар өміріне үлкен қозғалыс әкелді. Парламентке 1999 жылғы сайлау кезінде елдің саяси жүйесі серпінді қозғалысқа келіп, саяси партиялар өмірі жанданып, олар өз қызметіне электораттың назарын аудару, олар арасындағы жұмыстың әр түрлі нысандарын пайдалану, БАҚ-пен жұмыс, әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қамтып, өзінің әлеуметтік базасын, қатарын кеңейту жөнінде ілкімді де икемді шараларды жүзеге асырды.

Бұл ретте, әсіресе, Коммунистік партияның сайлау кезіндегі жұмыстары қайсыбір жергілікті ресми билік тарапынан көрсетілген біршама тосқауылдарға қарамастан, еліміздің электораты санасынан өз орнын тапқанын атап өту әділеттілікке жатады. 1999 жылғы сайлау қорытындысында депутаттар құрамындағы жаңару нәтижесінде ел Парламентіне – саяси элитаға жаңа толқын келді. Парламенттің жаңа саяси-партиялық құрамының ықпалымен оның бүкіл қызметінде көп мүдделі, алуан үнді, сан пікірлі қазақстандық электораттың шынайы дауысы, позициясы естіле бастады. Қазақстан Парламенті еліміздегі әлі де әлсіз саяси әр алуандылықтың, әлжуаз оппозицияның ұстанымдары мен пікірін де қамтып, жария демократиялық трибуна ретінде қалыптаса бастап еді. Өкінішке орай, бұл процестер Парламент Мәжілісіне 2004 жылғы күздегі сайлаудың барысында тоқтап, сол келеңсіз саяси ахуал 2007 жылғы сайлауда да жалғасты. Ресми солшыл оппозиция да (коммунистер) және ұстамды оңшыл оппозиция да («Ақ жол» партиясының өкілдері) Парламентте бірде-бір орынға ие болған жоқ.

Бүтіндей алғанда, «партия» деп аталатын көпфункционалды әлеуметтік-саяси феномен талаптарына толық сай келетін партиялардың қалыптасуына қажетті сындарлы және берік конституциялық, заңнамалық негізінің болуына қарамастан, біздің пікірімізше, елімізде қайшылықты,

созылмалы сипат алды. Оның әртүрлі объективті және субъективті себептері болды:

– партиялардың, олардың лидерлерінің негізінен бірпартиялық, бір идеологиялық жүйеде тәрбиеленуі, шындалуы жаңа әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық кеңістік пен шындықта қызмет етуде біршама қиындықтар туғызғаны байқалды, кейде тіпті дәрменсіздіктері де басты мақсатқа қайшы келген;

– жеке лидерлердің саяси өркеуделілігінен (амбиция) туған саяси бағдарламасы жағынан қайсыбір ұсақ партиялардың да пайда болуы, олардың көпшілігінің жастардың, қоғам зиялыларының арасында беделінің төмендігі байқалды;

– халықтың саяси мәдениетіндегі олқылықтар, партиялардың саяси-ағартушылық, халықты саяси әлеуметтендіру, әртүрлі мүдделерді артикуляциялау, агрегациялау сияқты партиялардың өздеріне тән ең маңызды функцияларды толық игере алмауы немесе олардың маңызын жете бағаламауы, бұқарамен жұмыстың бүгінгі заманғы әдістері мен техникасын игере алмауы анықталды.

Замануи партиялық өрісте әртүрлі саяси-идеологиялық, ақпараттық-технологиялық мүмкіндіктерді еркін де тиімді пайдаланып, өзінің саяси лидері Президент Н. Назарбаевтың мол беделі мен басқару тәжірибесіне сүйеніп отырған «Нұр Отан» Халықтық-Демократиялық партиясы саяси кеңістікте тәуелсіздік жылдары ұйымдастырушылық және саяси-көпшілік шаралардың жетекшісі болуға ұмтылыс танытқан. Әрине, бұл жерде партияның әкімшілік ресурстарды пайдаланып отырғандығын ешкім теріске шығара алмайды. Кейінгі кезеңде партиялық кеңістікте «Әділет», «Ақ жол» партияларының кейбір шағын бастамалары мен саяси мәлімдемелерінің өзі елімізде стагнациялық жағдайда тұрған партиялық құрылысқа сәл болса да, қан жүгіртіп, қозғалысқа келтірді. Өзінің құрамына қоғам зиялыларының бір топ шоғырын біріктірген «Әділет» еліміздің саяси жүйесін жетілдіру туралы мынадай нақты ұсыныстар жария еткен:

а) елімізде билік институттары арасындағы тежемелік және тепе-теңдік жүйесін жетілдіріп, Парламенттің функцияларын кеңейту, Парламент депутаттарын сайлаудың тәртібіне ішінара өзгерістер енгізіп, Ассамблея ұсынған депутаттыққа кандидаттарды Президенттің Сенат депутаты етіп тағайындауы;

б) сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіріп, оның партияларға кедергілер қоймауына жетісіп, Парламенттің өкілдік функциясының толығын процесін жандандыру;

в) барлық партияларға аймақтық және республикалық БАҚ-қа еркін шығуына мүмкіндік беріп, елде әр алуанды ақпараттық кеңістік қалыптастырып, қоғамдық телеарна құру. Партияның саяси-көпшілік және ұйымдастырушылық қызметінің тізгінін қолына алған бір топ тұлғалардың Қазақстанның қазіргі кезеңдегі партиялық жүйесі саяси жүйенің болымсыз тетікшесі (придаток) ғана деген тұжырымы – осы саладағы ахуалға әділетті баға.

«Ақ жол» демократиялық партиясының Орталық Кеңесінің кеңейтілген Төралқа отырысы 2009 жылдың 21 ақпанында «Қазақстан Республикасын саяси модернизациялаудың бағдарламасын» мақұлдап, жария еткені белгілі. Партия елдің саяси жүйесіндегі ахуалға сыни тұрғыдан өткір баға бере келіп, модернизация аясында Қазақстандағы билік тармақтарының арасындағы тежемелік және тепе-теңдік қағидатын жетілдіру мақсатында мынадай нақты да түбегейлі ұсыныстар жасады:

біріншісі, Қазақстан бір палаталы Парламент – Мәжіліске ауысып, ол елдің ең жоғарғы өкілетті және бірден-бір заң шығарушы органы болуы керек те, Мәжіліс депутаттары санын 150 адамға дейін көбейтіп, оның жартысы пропорционалдық жүйемен, қалған бөлігі сайлаушылар саны бірдей бір мандатты округтардан сайлануы тиіс;

екіншісі, Мәжіліске заңдарды түсіндіру құқының берілуі;

үшіншісі, Президент Премьер-Министрді депутаттық фракциялар ұсынған кандидаттардан іріктеп ұсынғаннан кейін ғана Мәжіліс бекітеді және Мәжіліс Үкіметтің құрылымын бекітуге өкілетті болады;

төртіншісі, бүгінгі Сенаттағы кадрлық тағайындау жөніндегі барлық өкілеттіктер Мәжіліске ауысады, ол нақты бақылау өкілеттіктеріне ие болады және тағы басқалары.

Осындай даму, өсуі қиыншылық, әрі тартымды саласы. Саяси партиялар мен қозғалыстардың елдегі сан алуан әлеуметтік топтардың, әсіресе, жастардың әлеуметтік және саяси мүдделері мен бағдарларын, қызығушылықтарын нақты білудің және солардың негізінде өз қызметінде серпіліс жасаудың биік талабы тұр. Олар әр саяси мүмкіндікті, әр саяси науқанды ұтымды пайдалануы керек-ақ болды. Олар бұл мәселеде жиі қателіктер жіберген. Соның бір көрінісі – 2011 жылдың 3-ші сәуірінде өткен Президент сайлауына бірнеше, кейде оппозициялық деп аталатын партиялардың қатыспауы, бойкот жариялауы. Бұл партиялардың билік үшін, электорат үшін, оған ықпал етіп, оны өзінің саясатының арнасында ұстап, соған тартуы, өз саяси бағдарламасын түсіндіріп, биліктің қызметіне ашық баға беруі үшін осындай сәтті, кең, жария мүмкіндікті пайдаланбауы – стратегиялық тұрғыдан кең ауқымды қателік деп бағаланды.

Қазақстанның егеменді мемлекет кезеңінде саяси жүйенің құрылымдық дамуындағы сапалық өзгерістердің бірі – оның құрамдас бөлімі ретіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) жаңа, өскелең рөлі. Еліміздің саяси жүйесіндегі БАҚ-тың институттану үдерісі тегеурінді жүріп қажетті қарқын алған еді. Ол аса маңызды көпсалалы, көпқырлы әлеуметтік-саяси, ақпараттық, қоғамды топтастыру және әлеуметтендіру, танымдық және білім берушілік, қоғамдық пікірді қалыптастыру функцияларын атқаратын, демократиялық, азаматтық, саяси және идеологиялық әр алуандықты білдіретін институт ретінде түзілуде деп айтуға толық негіз бар.

Сонымен, Қазақстанның тәуелсіздік тарихында БАҚ – саяси жүйеде ақпарат көзі ғана емес, ол көп функционалды, саяси реттеудің, саяси тұрақтылықты бекітудің, әлеуметтік инновацияның тегеурінді де қуатты тетігі болып қабылданды. Қазақстанның демократиялық саяси жүйесін бүгінде БАҚ қызметінсіз елестету мүмкін емес. Мына бір деректер елімізде бұл саладағы өзгерістерді толық сипаттай алады. Егер, 1990 жылы елімізде 10 республикалық мемлекеттік газет пен журнал басылып, эфирге 251 теле- және радио канал шыққан болса, қазір Қазақстанда – 7281 БАҚ жұмыс істейді, олардың 1170-і газет, 460-ы журнал, 158-і теле- радио компаниялар, 15-і ақпараттық агенттіктер.

Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі саяси үрдістерде қоғамдық өмірдің БАҚ араласпайтын саласы жоқ. Әр қырынан, әр саладан, әр деңгейден көрінеді: саяси және әлеуметтік, экономикалық-нарықтық, этносаралық, дінаралық қатынастар, білім, денсаулық, тіл саясаты, төтенше оқиғалар, үлесшілер мүддесі, жарнама, сыртқы қатынастар – осылардың ешқайсысы да қазақстандық БАҚ назарынан қалған емес. Қазақстандық БАҚ-да әлемдегі демократиялық елдердегі осындай институттардың әр түрлі, көпсалалы функцияларының барлығын дерлік атқаруда.

БАҚ бойындағы демократиялық әлеуеттің екінші бір құрамдасы – кәсіпкерлік (бизнес) немесе билік құрылымдарының, әлеуметтік институттардың іс-әрекеттеріндегі заңдардан, қоғамдық моральдан ауытқудың қандай да болсын көріністерінің бүкіл халықтың хабардар болып, бұндай жатымсыз құбылыстар төңірегінде ымырасыз, сыни қоғамдық пікір қалыптастыруында жатыр.

Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясының 20-шы бабына сәйкес цензураға тыйым салынғанда, кім және не туралы болса да бәрін айтуға болатындай ахуал қалыптасты. Бүгінде жария саясат бұрынғыдан да кең түрде жария бола бастады.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдары қалыптасқан жаңа саяси жүйесі эволюциялық процестер, экономикалық реформалар мен дағдарыстар, қоғамдық-саяси санадағы күрт өзгерістер, жылдар бойы қалыптасқан идеалдар мен саяси құндылықтардың, бағдарлар мен сенімдердің күрт өзгеруі жағдайында өтті. Оның даму болашағы кең демократиялық өрісте

болуы адамзат эволюциясының, әлемдік өркениет тәжірибесінің үйлесімді қыры болып танылады.

Саяси жүйе қызметін жетілдірудегі сол саяси кезеңдегі ең басты проблема – оның құрамындағы орталық және жергілікті өкілді органдардың ролін нығайтып, билік тармақтары арасындағы шынайы, тежемелік, әрі тепе-теңдік механизмді жетілдіру болған. Бұл ретте Қазақстандағы саяси транзиттің және саяси жүйенің дамуының ұзақ мерзімді болашақтарына (перспективаларына) биліктің үш тармағы арасындағы өзара қатынастардың өкілді биліктің күшеюіне баса назар аударылған еді. Басқа сөзбен айтқанда ел Парламенті орта мерзімдік перспективада үлкен өкілетті және функционалдық толық салмаққа ие болады деген болжамы дұрыс және қоғамымыз дамуының терең мүдделеріне сай келеді деп есептелінген.

Елбасы Н. Ә.Назарбаев 2011 жылғы президенттік сайлау алдындағы бағдарламасында және ұлықтау рәсіміндегі сөзінде еліміздің саяси жүйесін демократияландыру, Парламенттің өкілдіктерін кеңейту және оның құрамына бірнеше партиялар өкілдерінің сайлануы мәселесін көтерді. Парламенттің мемлекеттік бағдарламалардың (мысалы: индустриялы-инновациялық, білім, денсаулық және т. б.) орындалуына бақылау жасау керектігін айтты. Ол Президентпайымдауынша келешекте Парламент өкілдіктерін кеңейту жөнінен заңнамалық өзгерістерге батыл баруды қажет еткен. Демек, бұл шаралар келешекте халық билігін демократияның мәні, мақсаты ретінде нығайтудың сара, өрісті жолы болады деген сөз.

8.5. Қазақстандық Заң шығарушы орнының қайта құрылуы мен дамуы.

Халықтық демократияны білдіру нысаны ретіндегі өкілді билік қазақ ортасына тонау Қазақ хандығы шаңырақ көтерген тонау XV ғасырдың екінші жартысынан тән екені аян. Ол қалыптасқан саяси жүйеге байланысты өзгеріп отырды. Тәуелсіз Қазақстан Парламенті бір палаталы өкілді органның – алғаш рет Қазақ КСР-інің 1937 жылғы Конституциясы, ал содан кейін Қазақ КСР-інің 1978 жылғы Конституциясы мен Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы негізінде құрылған Жоғарғы Кеңестің орнына келді. Жоғарғы Кеңес өзі жұмыс істеген кезде он үш рет сайланды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің алғашқы сайлауы 1938 жылғы 24 маусымда өткізілді. Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізілді.

Ол уақытта депутаттар корпусын құру баламасыз негізде билеуші (Коммунистік) партияның қатаң бақылауымен жүргізілгенін атап өту керек. Депутаттыққа кандидаттар партия ұйымдары белгілеген таптық, партиялық, ұлттық, жыныстық-жастық және басқа да билеуші партия мақұлдаған қатал талаптар бойынша іріктелді. Сондықтан заң шығару органының құрамында қанша жұмысшы, колхозшы, қызметші, коммунист, комсомол мүшесі, қазақ, орыс, украин, сондай-ақ басқа да ұлт өкілдері, әйелдер, жастар және т.с.с.

болатыны сайлау болар алдындағы мерзімде белгілі болатын. Мемлекеттік органдардың жоғары шенеуніктері, партия, комсомол және кәсіподақ органдарының басшылары атқарып жүрген қызмет лауазымдарына сәйкес депутаттыққа кандидат болып ұсынылатын.

Қазақ КСР-інің 1978 жылғы Конституциясы сайлау жүйесіне аз ғана өзгерістер енгізді. Еліміздің осы Негізгі заңына сәйкес Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мемлекеттік биліктің жоғары органы болып табылды. Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесі КСРО Конституциясымен және Қазақ КСР Конституциясымен Қазақ КСР жүргізуіне жатқызылған мәселелердің барлығын шешуге өкілетті болатын. Жоғарғы Кеңестің жұмыс органы – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Жоғарғы Кеңестің сессиялары аралығында қажет болған жағдайда Қазақ КСР қолданыстағы заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізіп, оларды кейін кезекті сессияның бекітуіне ұсынатын. Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесі, қажет деп санаған жағдайда ғана, кез келген мәселе бойынша тексеру комиссияларын және өзге де алқаларды құратын. Барлық мемлекеттік және қоғамдық органдар, ұйымдар мен лауазымды тұлғалар тұрақты және өзге де комиссиялардың талаптарын орындауға, оларға қажетті материалдар мен құжаттарды беруге міндетті болатын. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-інің жүргізуіне жатқызылған кез келген мәселені қарап, шешуге уәкілетті еді.

1990 жылғы наурызда он екінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сайлауы өтті. Бұл Кеңестік (әкімшіл-әміршіл) жүйенің ықпалы әлі де болса жеткілікті болып тұрған жағдайдағы республиканың жоғары заң шығару органының алғашқы неғұрлым демократиялық сайлауы болатын. Сайлау алдындағы тартысқа 360 депутаттық мандат үшін екі мыңнан астам үміткер қатысты. Республикалық қоғамдық ұйымдардан 90 адамның сайланғаны да аталған сайлаудың бір ерекшелігі болып табылады. Бұл сайлау толыққанды саяси партиялар болмаған жағдайда өткенімен, КСРОлық тоталитарлық жүйенің ұзынды кесінді өзгеру процестеріне бұлжымас сипат берді.

Он екінші сайланған Жоғарғы Кеңес Қазақстан парламентаризмінің қалыптасу тарихында ерекше рөл атқарды. Бұл бірқатар аса маңызды құқықтық актілердің қабылдануында, мемлекеттің 90-шы жылдардағы саясатын заңнамалық жағынан қамтамасыз етуде айрықша маңызды болды.

«Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 жылғы 24 сәуірдегі Қазақ КСР-інің Заңымен Қазақ КСР Президентінің қызметі тағайындалып, еліміздің алғашқы Президенті болып **Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев** сайланды.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияны қабылдады, онда тұңғыш рет аумақтың бөлінбейтіндігі және оған қол сұғылмайтындығы бекітіліп, еліміз халықаралық құқық субъектісі ретінде айқындалды, азаматтық институт, сондай-ақ меншік нысандарының тең құқылығы енгізілді.

1991 жылғы тамыз бен желтоқсандағы оқиғалар – Мәскеуде іске аспай қалған бүлік және Беловежье келісімдері КСРО тарихының соңғы нүктесін қойып, **1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жария етті.**

Он екінші сайланған Жоғарғы Кеңес ымыраға келу жөніндегі екі жылдық ізденістерден кейін 1993 жылғы 28 қаңтарда Республика егемендігінің қалыптасуын заң жүзінде аяқтаған және шынайы конституционализмнің орнығуын жалғастырған Қазақстанның кеңестен кейінгі алғашқы Конституциясын қабылдады. Соның негізінде республикада ұлттық қауіпсіздікті, азаматтық құқықтар мен бостандықтардың нақты кепілдіктерін, демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруды қамтамасыз етудің жаңа сапалы кезеңіне көшу басталды.

1993 жылғы Конституция, бір партиялық саяси басқарудан, монополиялық экономикалық жүйеден, тарихи күш көрсету сыңаржақты идеологиясынан бас тартып, Қазақстан қоғамы дамуының әлемнің озық елдерінің тәжірибесі мен заң шығарушылық жүйесі аясында болуына бағыт алып оң серпіні үшін өріс ашты.

Әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикаға көшудің өтпелі кезеңінде Негізгі Заң Республиканы дүниежүзілік қоғамдастықтағы тәуелсіз мемлекет ретінде заңдастырды. 1993 жылғы Конституция Қазақстан өзін қазіргі заманғы өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде білдіреді, ол тату көршілік пен көптарапты әрі өзара тиімді ынтымақтастықты қалайды, жалпы адамзаттық құндылықтардың жолын ұстанады деп жария етті.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясында, бұрынғысындағыдай, Жоғарғы Кеңеске өте көп өкілдік берілді, бұл биліктің бөліну принципін жүзеге асыру мен тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін құруды қиындатып жіберді. Реформалардың одан әрі жүргізілуі республикалық билік органдарының, бірінші кезекте, өкілді органдардың тиімсіздігін анықтады, өйткені олар жедел өзгеріп жатқан оқиғаларға шұғыл түрде әсер ете алмады және осыған орай баламалы шешімдер қабылдауға дәрменсіз болды. Он екінші сайланған Жоғарғы Кеңестің тұрақты негізде істеген жекелеген органдарының жұмыс нәтижелері де кәсіби Парламент құрудың қажеттігін дәлелдеді. Тежемелілік пен тепе-теңдік тетіктерінің жұмыс істемеуі Жоғарғы Кеңеске Үкіметтің қызметіне араласуына немесе оны ауыстыруға дейін баруына мүмкіндік берді, бұл республиканың өкілді органының қызметін мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соқты.

Он екінші сайланған Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі таратуы биліктің жергілікті өкілді органдарының өкілеттіктерін тоқтатуынан басталды. Алдымен Алматы қаласының Алатау аудандық Кеңесі, ал содан кейін республиканың аудандық және облыстық Кеңестері бірінен соң бірі өз сессияларында өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдады. Бұған қоса, 43 халық депутаты өкілеттіктерін тоқтатқаны туралы мәлімдеме жасап, әріптестерін өздерінің жолына түсуге шақырды. Он екінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 11-сессиясының

жұмысы аяқталар қарсаңында жергілікті Кеңестердің төрттен бірінен астамы өз жұмысын тоқтатты. Осындай жағдайда халық қалаулылары Парламент қабырғасында өткізген ұзақ пікірсайыстардан кейін Сайлау туралы кодекс, Республика Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттіктер беру туралы заң және Жоғарғы Кеңестің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы заң қабылдады. Республиканың жоғары өкілді органының соңғы екі заңнамалық актіні қабылдауының маңызы іс жүзінде Конституцияға түзетулер енгізумен бірдей болды.

1994 жылғы 7 наурызда өткен сайлау республикада көп партиялылықтың қалыптасуына ықпал етті. Сайлауға дауыс берге құқылы қазақстандықтардың 73,84 пайызы қатысты. Небары 135 бір мандатты округтер бойынша 910 адам ұсынылып, тіркеу шарттарына 692 адам лайық болды, орташа алғанда – 5 үміткер бір депутаттық мандат үшін күресті.

Уақытша регламентке сәйкес партиялар өкілдіктері негізінде Жоғарғы Кеңесте мынадай фракциялар құрылды: Қазақстан Халық Бірлігі Одағы (ҚХБО – 32 адам), Қазақстан Халық Конгресі партиясы (ҚХК – 22 адам), Социалистік партия (12 адам) және Кәсіподақтар федерациясы (12 адам), сондай-ақ, негізінен кәсіби белгісі бойынша қалыптасқан 14 депутаттық топ болды. Қазақстан тарихында тұңғыш рет саяси партиялар мен қозғалыстар биліктің нақты тұтқаларына қол жеткізіп, мемлекеттік бағдарламалардың қалыптасуына және қабылдануына ықпал ету мүмкіндігін алды.

1994-1995 жылдар кезеңі қазақстандық парламентаризмнің қалыптасуындағы төтенше маңызды кезең болып табылады. 1994 жылғы сәуір – 1995 жылғы наурыз аралығында жұмыс істеген он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес депутаттар тұрақты негізде жұмыс істеген Қазақстанның тұңғыш кәсіби Парламенті болды.

Алайда он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңестің тағдыры өте қиындау болып шықты. Ол өз құқығына билік тармақтарын бөлу тетігі логикалық тұрғыдан аяқталуға дейін жеткізілмеген, биліктің тежемелілігі мен тепе-теңдік жүйесі нақты мазмұнмен толықтырылмаған, Жоғарғы Кеңестің, Президенттің және Үкіметтің мәртебесі аяғына дейін айқындалмаған мемлекеттік құрылыстың ең бір күрделі кезеңінде кіріскен еді.

Осымен қатар он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңестің Қазақстанда парламентаризмнің одан әрі дамуына алғышарттар негізін салғанын атаған жөн. Он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңестің Төрағасы Ә. Кекілбаев: «Кәсіби Парламенттің құрылуын, абзалы, ешбір қиналыссыз биылғы жылдың қоғамдық-саяси өміріндегі ең бір ірі оқиға деп атауға болатын шығар. Оның жұмысының басталуы жаңа мемлекеттілік пен демократияның қаз тұруындағы елеулі кезеңдердің бірі ретінде Қазақстанның тарихи күнтізбесіне кіретіні шүбәсіз... Кәсіби Парламент бізде ешқашан болған емес және біз сынап көрулер және қателіктер әдісімен жұмыс істеуге мәжбүр болдық... Жаңа мәртебе иеленген Жоғарғы Кеңес өкілеттіктерінің айқындалуы біртіндеп жүріп жатыр» деп өз бағасын берген еді.

Он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес бір жылдан сәл азырақ жұмыс істеп, заңсыз деп танылды, өйткені Конституциялық сот сайлау

заңнамасының кейбір нормалары Конституцияға сәйкес келмейді деп таныды, депутаттарды сайлау соған сәйкес жүргізілген еді. Мамандар пікірінше ескі және жаңа саяси құрылыстың өзіндік тұрғыда ымыраға келуінің, ғасырлар бойы құрылған батыс демократиясының үлгісін кеңестен кейінгі кеңістікте енгізуге тырысудың көрінісі болған 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы әуелбастан-ақ қайшылыққа толы еді.

1995 жылғы 30 тамызда жүргізілген референдумның нәтижесінде бұрынғы мемлекеттік құрылыстың кемшіліктерін жойған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Жаңа Конституцияның жобасы жұртшылық арасында кеңінен талқыланды. Азаматтар 30 мыңға жуық ұсыныстар енгізді, ал Қазақстан Республикасы Президентінің басшылығымен құрылған арнаулы сарапшылық-консультациялық кеңес оларды зерделеді. Мәтінді пысықтау кезінде мыңнан астам түзету ескерілді, осының нәтижесінде Конституция жобасының 99 бабының 55-і елеулі өзгерістерге ұшырады.

1995 жылғы 30 тамызда референдумға қатысқан халықтың 81,9 проценті жаңа Негізгі Заңды қабылдауды жақтады. Республика Конституциясы заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының тұрақтылығын, тиімді жұмыс істеуін және өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін билікті бөлу принципін жай ғана жариялап қойған жоқ – онда тежемелілік пен тепе-теңдіктің нақты жүйесі баянды етілді. Негізгі Заң адамның жоғары құндылықтары ретінде оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын бекітті.

Мемлекеттік билікті бөлудің принциптері оның бірлігіне қайшы келмейді, оның тармақтарының келісілген өзара іс-қимылын, бүкіл биліктің олардың біреуінде толық шоғырлану мүмкіндігі болмауын көздейді. Бірыңғай мемлекеттік билік тармақтарының диалектикалық өзара іс-қимылы осыдан көрінеді. Ал биліктің тежемелілігі мен тепе-теңдік тетігі елдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қазақстанды президенттік республика деп жариялаған 1995 жылғы Конституция, сондай-ақ **«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы»** Конституциялық заңдар биліктің әрбір тармағының мәртебесі мен функциясын реттеді.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында Парламенттің заң шығару функциясын жүзеге асыратын Республиканың жоғары өкілді органы болып табылатыны бекітілген.

Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

Сенат әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан, тиісінше облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және республика астанасының барлық өкілді органдары депутаттарының бірлескен отырысында сайланатын

депутаттардан құралады. Сенаттың жеті депутатын Сенат өкілеттігі мерзіміне Республика Президенті тағайындайды.

Мәжіліс жетпіс жеті депутаттан құралған. Алпыс жеті депутат республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылатын және шамамен сайлаушылардың саны тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Он депутат бара-бар өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланады.

Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі - алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі - бес жыл.

1995 жылғы 30 тамызда жалпы халықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында «Парламент» ұғымы алғаш рет ресми түрде бекітілді. Осыдан кейін ғана ел Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлыққа қол қойды, оған сәйкес қос палаталы Парламентке депутаттарды сайлау процесі 1995 жылдың соңында өткізілді.

Бірінші сайланған Қазақстан Республикасының Парламенті 1996-1999 жылдары қызмет атқарды. Ал Парламент Сенаты мен Мәжілісінің сайлауы 1995 жылғы желтоқсанда өтті. Сенатқа 40 депутат – 19 облыстан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі-екі адамнан сайланды. Сенаттың жеті депутатын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындады.

Депутаттардың көпшілігі сайланғанға дейін басшы қызметтерде істеген, олардың ғылыми-педагогикалық, ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық қызмет тәжірибесі, кәсіподақ және қоғамдық ұйымдардағы, кәсіпкерлік, өндірістік және әлеуметтік салалардағы жұмыс тәжірибесі болды. Сенат депутаттарының арасында 4 әйел, 60 жастан асқан 4 адам болды. Барлық депутаттар жоғары білімі бар дипломды мамандар еді. Олардың ішінде 10-ы – заңгерлер, 10-ы – экономистер, 9-ы – инженерлер, 8-і – ауыл шаруашылығы мамандары.

Депутаттық корпусының құрамында 4 ғылым докторы, 11 ғылым кандидаты жұмыс істеді. Көптеген депутаттар бұрын заң шығарушы органдарға сайланған еді, олардың арасында Қазақ КСР, КСРО халық депутаттары, кәсіби заң шығару қызметінде тәжірибесі бар, он екінші және он үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттары болды.

1996 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бірінші отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша **Өмірбек Байгельді** Сенаттың Төрағасы болып сайланды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 69-бабына сәйкес және екі жылға сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары өкілеттіктерінің конституциялық мерзімінің аяқталуына орай 1997 жылғы 8 қазанда Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына депутаттарды 4 жылға сайлау өтті. Бес облыстың

таратылуына байланысты сайлау Республиканың 14 облысы мен Алматы қаласы бойынша өтті. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына 15 депутат сайланды. Олардың ішінде 11-і бұрын Сенат депутаттары болса, 4-і – алғаш рет сайланды.

Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы болып жариялануына байланысты 1998 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына Ақмола қаласы бойынша депутаттарды сайлау өтті. Сенат құрамына екі депутат сайланды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне сайлау 1995 жылы 9 желтоқсанда өтіп онда 67 депутат сайланды. Мәжіліс сайлауының нәтижелері бойынша ерлер басым-58, әйелдер-9 депутат болды. Палатаның барлық депутаттары жоғары білімді, оның ішінде 7-і ғылым докторы, 10-ы ғылым кандидаты.

Сайланған депутаттардың арасында жергілікті атқару органдарының және мәслихаттың басшылары мен қызметкерлері көбірек болды - олар 19 адам. Әрбір бесінші депутат кәсіпорынның, қауымдастықтың, фирманың, қордың және басқа құрылымдардың басшылары болып жұмыс істеген. 9 депутат ғылым, жоғары оқу орындары қызметкерлері, мұғалім болған. Әрбір оныншы депутат Президент Әкімшілігінің, министрліктер мен республикалық комитеттердің қызметкерлері болды. 4 депутат уақытша жұмыс істемеген. Аграрлық салада – 11 депутат, мәдениет саласында 3 депутат жұмыс істеген. Құқық қорғау органдарының қызметкері және инженер-экономист болып әрқайсысында екі-екі депутат қызмет істеген. Бір депутат – заңгер, біреуі әскери қызметші және біреуі зейнеткер болған.

1996 жылғы 30 қаңтарда бірінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бірінші отырысында Мәжіліс Төрағасы болып Ақтөбе облысының өкілі, экономика ғылымдары кандидаты, Ақтөбе медицина институты кафедра меңгерушісі Марат Тұрдыбекұлы Оспанов сайланды.

1999-2004 жылдары екінші сайланған Қазақстан Республикасының Парламенті қызмет атқарды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 1999 жылғы қыркүйектегі және 2002 жылғы қазандағы сайлауларда Сенат құрамының жартысы қайта сайланды. Қазақстан Республикасының бес облысы таратылуына байланысты екінші сайланған Сенат депутаттары 14 облыстан және Алматы мен Астана қалаларынан сайланды. Таратылған облыстардан сайланған депутаттар өкілеттік мерзімі біткенге дейін жұмыстарын жалғастырды, сондықтан 1999 жылғы желтоқсанға дейін Сенатта 44 депутат жұмыс істеді.

2003 жылы Сенатта 39 депутат болды. Олардың үшеуі әйел. Барлық депутаттардың жоғары білімі бар, соның ішінде 9 – заңгер, 6 – экономист, 11 – инженер, 7 – ауыл шаруашылығы маманы, 6 – педагог, саясаттанушы, журналист. 4 академик, 6 ғылым докторы, 3 профессор, 3 ғылым кандидаты Сенат депутаты болды. Палата депутаттары көпшілігінің заң шығару, дипломатиялық қызмет тәжірибелері, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардағы, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен мекемелеріндегі, өндірістік,

әлеуметтік-мәдени және кәсіпкерлік салалардағы басшылық қызметтің тәжірибелері бар. Көптеген сенаторлар бұрын Жоғарғы Кеңестің және бірінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты болып сайланған.

Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағалары болып **Оралбай Әбдікәрімов** (2004 жылғы 10 наурызда депутаттық өкілеттігі аяқталғанға дейін жұмыс істеді) және **Нұртай Әбіқаев** (2004 жылғы 10 наурыздан бастап) сайланды.

1999 жылдың күзінде енгізілген конституциялық өзгерістерге сәйкес алғаш рет Орталық Азия өңірінде аралас көрқырлы жүйе бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне сайлау өтті, бұл саяси партияларға тең өкілдік негізінде партиялық тізім бойынша Парламентке сайлану мүмкіндігін берді.

Осындай жаңалықтардың нәтижесінде бұл сайлау, парламенттік үлгідегі саяси партиялар құру процесін ынталандыра отырып, жоғары саяси мәнімен және баламалы түрде өтуімен ерекшеленді. Сайлауға 10 саяси партия қатысты. Мажоритарлық бір мандатты округтерде 547 кандидат тіркелді. Жалпы сайлау барысында сол кезеңде Қазақстанның парламенттік тәжірибесінде, тіпті тарихында бұрын-соңды болмаған кандидаттар саны – орташа есеппен бір орынға сегіз адам тіркелді.

Парламент Мәжілісіне сайлау қорытындылары бойынша бір мандатты округтар бойынша 67 депутат және біртұтас жалпыұлттық округ бойынша партиялардан 10 депутат сайланды. Олар жеті пайыздық межені еңсерген төрт партияның – «Отан», Азаматтық, Аграрлық және Коммунистік партияның өкілдері болды.

Сайланған 77 депутаттың 8-і - әйел, 74-і – жоғары білімді, 30-ға жуығы екі жоғары оқу орындарын бітірген адамдар болды. Депутаттар арасында бір академик, жеті доктор және әртүрлі мамандықтары бар жиырма ғылым кандидаты болды.

Депутаттық корпусының басым көпшілігі инженерлер – 30, заңгерлер – 22, экономистер – 16, педагогикалық білімі барлар – 14, ауыл шаруашылығы ғалымдары мен мамандары – 8, журналист, дәрігер, тарихшы, менеджер, әскери қызметші, халықаралық қатынастар маманы және т.б.

Екінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы болып **Жармахан Айтбайұлы Тұяқбай** сайланды.

Үшінші сайланған Қазақстан Республикасының Парламенті: 2004-2007 жылдары қызмет атқарған. 1999 жылғы қыркүйекте алты жыл мерзімге сайланған 16 сенатордың сайлауы 2005 жылғы тамызда өтті. Жанадан сайланған сенаторларды қосқанда 2005 жылғы желтоқсанда Парламент Сенатында 39 депутат өз қызметін атқарды. Парламентшілердің орташа жас мөлшері – 57 жас, 37 ер адам, 2 әйел. Депутаттардың барлығы жоғары білімді, олардың 19-ы екі жоғары оқу орнын бітірген. Депутаттардың қатарында техникалық білімі бар – 13 адам, гуманитарлық білімі бар – 16 адам, заңгерлер – 10 адам болды.

Депутаттардың көпшілігі сайланғанға дейін мемлекеттік секторда жұмыс істеген, оның ішінде 28 парламентші басшы лауазымдарда қызмет істеген. Көпшілігінің заң шығару қызметіндегі, сондай-ақ өндірістік, әлеуметтік және кәсіпкерлік салалардағы, ғылыми-зерттеу, ғылыми-педагогикалық қызметтегі, қоғамдық ұйымдардағы жұмыс тәжірибесі бар.

2005 жылғы 1 желтоқсанда үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы болып **Нұртай Әбіқаев** сайланды.

Үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының 2007 жылғы 11 қаңтардағы отырысында жасырын дауыс беру арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен **Қасым-Жомарт Тоқаев** Сенат Төрағасы болып сайланды.

Үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін сайлау 2004 жылғы қыркүйекте болып өтті. Сайлауға 12 саяси партия қатысты, олардың ішінде 4-уі – екі сайлау блогының құрамында.

Сайлау нәтижесінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 77 депутат сайланды.

67 депутат Республиканың әкімшілік-аумақтық бірлігі ескеріле отырып құрылған, шамамен сайлаушылардың саны тең бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланды.

10 депутат тең өкілдік жүйесі бойынша және біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланды. Олардың ішінде 7 депутат «Отан» республикалық саяси партиясынан, бір-біреуден «Асар» республикалық партиясынан, «Ақ жол» демократиялық партиясынан және Қазақстанның Аграрлық және Азаматтық партияларының «АИСТ» сайлау блогынан (Еңбекшілердің аграрлық-индустриялық одағы) сайланған.

Сайланған парламентшілердің жалпы санынан 59 депутатты саяси партиялар ұсынды: «Отан» республикалық саяси партиясынан – 42, «АИСТ» сайлау блогынан - 11, «Асар» республикалық партиясынан – 4, «Ақ жол» демократиялық партиясынан – 1, Қазақстан Демократиялық партиясынан - 1. Өзін өзі ұсынғандар – 18 депутат.

Палатаның депутаттық құрамында 69 ер адам және 8 әйел бар. Үшінші сайланған Мәжілістің депутаттық құрамының орташа жас мөлшері – 53 жас, ең жасы – 28 жаста, ең егдесі – 73 жаста.

Барлық депутаттар жоғары білімді. 37 парламентші екі жоғары оқу орнын бітірген.

28 депутаттың ғылыми дәрежесі мен атағы бар, олардың ішінде 13 ғылым кандидаты мен 15 ғылым докторы бар.

Парламентшілер арасында әртүрлі мамандықтағы инженерлердің саны едәуір, олар – 21, заңгерлер – 14, экономистер – 16.

Бұдан басқа, үшінші сайланған Мәжілісте ауыл шаруашылығы, халықаралық қатынастар мамандарының кәсіби біліктілігін иеленгендер, менеджерлер, дәрігерлер, педагогтар, әскери қызметшілер, журналистер, мәдениет қайраткерлері және т.б. бар.

Соңғы жылдар ішінде Палатада парламенттік стажы бар депутаттар саны өсті. Мәжілістің 29 депутаты осының алдындағы сайланымда жұмыс істеген, 3 – бірінші және екінші сайланымда, екеуі - Сенатта, 12 депутат бұрын әртүрлі сайланған Жоғарғы Кеңестің депутаттары болған.

Үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы болып **Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов** сайланды.

«Үшінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Президенті Жарлығының қабылдауына байланысты 2007 жылғы 20 маусымда үшінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі өз қызметін аяқтады.

2007-2011 жылдары аралығында төртінші сайланған Қазақстан Республикасының Парламенті болды. Конституцияға 2007 жылғы мамырда енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес төртінші сайланымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне сайлау 2007 жылғы тамызда болып өтті.

Парламент Сенатында Президент тағайындайтын депутаттар санының 15 адамға дейін ұлғаюын көздейтін өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, мемлекет басшысы 2007 жылғы 28 тамызда қосымша 8 сенаторды тағайындады.

Жаңартылған Конституцияға сәйкес Мәжіліс 107 парламентшіден құралды. Олардың 98 депутаты біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы партиялық тізімдер бойынша сайланды. Қалған депутаттар Қазақстан халқы Ассамблеясынан Президент ұсынысымен.

Жеті саяси партия қатысқан 2007 жылғы 18 тамызда өткен сайлауда «Нұр Отан» Халықтық-Демократиялық партиясы ғана 7 пайыздық кедергіні еңсерді, оның қатарындағы депутаттар Парламент Мәжілісіндегі барлық 98 орынды иеленді. Палатадағы 9 орын 2007 жылғы 20 тамызда Қазақстан Халқы Ассамблеясынан сайланған депутаттарға берілді.

Мәжілістің құрамына өткен сайланымдағы депутаттық корпусның 39 депутаты, мемлекеттік басқару органдарынан – 24 адам, жергілікті мемлекеттік басқару органдарынан – 19 адам, бизнес құрылымдарынан – 8 адам, білім, ғылым және мәдениет саласынан – 8 адам және басқа салалардан 9 адам кірді.

Палатада білімі бойынша әртүрлі мамандықтағы инженерлердің саны едәуір, олар – 42 депутат, заңгерлер – 34, педагогтар – 23, олардың бірқатары басқа мамандық бойынша екінші жоғары білім алған. 21 депутаттың экономикалық білімі бар, ауыл шаруашылығы мамандары - 9.

Бұдан басқа, депутаттық корпуста дәрігерлер, халықаралық қатынастар мамандары, журналистер, мәдениет және өнер қайраткерлері мен басқа да мамандықтың иелері бар.

Мәжілісте 15 ғылым докторы және 27 ғылым кандидаты, ал 35 парламентшінің екі жоғары білімді болған.

Палатада түрлі ұлттар өкілдерінің саны артты. Депутаттық корпусның құрамына 82 қазақ, 17 орыс, 2 неміс және бір-бірден белорус, балкар, кәріс, украин, өзбек және ұйғыр кірді. Әйелдердің саны екі еседен астам артты, олар – 17 депутат.

Төртінші сайланған Мәжілістің депутаттық корпусының орташа жасы – 52 жас, бұл үшінші сайланымға қарағанда бір жасқа төмен. Жас шамасы бойынша ең көп топты 50 мен 59 жас аралығындағы депутаттар құрады, олардың саны – 44, одан кейінгі орында 40 пен 50 жас аралығындағылар – 36 депутат, 60 жастан асқан депутаттар – 23 адам және ең аз топ 30 бен 40 жас аралығындағылар – 4 депутат.

Төртінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы болып Аслан Есболайұлы МУСИН сайланды. Өкілеттігін 2008 жылғы қазанда тоқтатты.

2008 жылғы қазанда төртінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы болып **Орал Байғонысұлы Мұхамеджанов** сайланды.

Төртінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісін тарату және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Жарлық шығаруына байланысты 2011 жылғы 16 қарашада тоқтатты.

Бесінші сайланған Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің жаңа құрамы 2012 жылғы қаңтарда қалыптастырылды. Бесінші шақырылымда конституциялық нормаларға сәйкес 2008 және 2011 жылдары сайланған, 2007 және 2011 жылдары Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған Сенат депутаттарының өкілеттіктері жалғастырылды.

Парламент Мәжілісінің сайлауына жеті саяси партия қатысты, олардың үшеуі қорытынды нәтижелер бойынша сайлаушылар даусының 7%-дан астамын жинады және Парламент Мәжілісіне: «Нұр Отан» Халықтық-Демократиялық партиясы (80,99%), Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы (7,47%), Қазақстанның Коммунистік халық партиясы (7,19 %) өтті.

Парламент Мәжілісінде «Нұр Отан» партиясынан 83 депутат, «Ақ жол» партиясынан – 8 депутат, ҚКХП-нан – 7 депутат жұмыс істейді. Қазақстан халқы Ассамблеясынан – 9 депутат. Мәжіліс құрамында барлығы 107 депутат бар.

Мәжілістің құрамына өткен сайланымдағы депутаттық корпусның 43 депутаты кірді.

Палатада білімі бойынша біліктілігі әртүрлі инженерлер бар, олар – 30 депутат, педагогтар – 21, заңгерлер – 13 депутат. 21 депутаттың экономикалық білімі бар, ауыл шаруашылығы мамандары - 10.

Бұдан басқа, депутаттық корпуста дәрігерлер, философтар, тарихшылар, саясаттанушылар, әскерилер, журналистер, мәдениет пен өнер саласының қызметкерлері және басқа да мамандық иелері бар.

Мәжілісте 2 академик, 17 ғылым докторы мен 27 ғылым кандидаты бар, 60 парламентші екі жоғары білім алған.

Палатада түрлі ұлттар өкілдерінің саны артты. Депутаттық корпусының құрамына 76 қазақ, 21 орыс, 3 украин, 2 неміс және бір-бірден татар, шешен, кәріс, өзбек және ұйғыр кірді.

26 депутат - әйел адам.

Бесінші сайланған Мәжілістің депутаттық корпусының орташа жасы – 56 жас, бұл төртінші сайланымға қарағанда төрт жасқа жоғары. Жас шамасы бойынша ең көп топты 50 жастан 59 жасқа дейінгі депутаттар құрайды, олардың саны – 47, 60 жастан асқан депутаттар – 34 адам, одан кейін 40 жастан 49 жасқа дейінгі депутаттар – 22 адам және ең аз топ 30 бен 39 жас аралығындағылар – 4 депутат.

Бесінші сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы болып **Нұрлан Зайроллаұлы Нығматуллин** сайланды.

8.6. ҚР жастар саясаты және рухани жаңару бағыты.

Тәуелсіз тарихтың алғашқы сәтінен бастап конфессиялық жүйе оның ішінде ерекше ислам мен елдегі өкімет билігі құрылымдарымен ара қатынасын байыптау Қазақстандағы дін мен азаматтық қоғам мәселесін қарастырғанда қажет болады. Қазақстан Республикасының **Ата заңы** — Конституциясы бойынша дін мемлекеттен дербес болып (зайырлы), ол дегеніміз жоғарыда аталғандардың әрқайсысы өз алдына өзінің қызметтерін атқарады әрі бір-біріне кедергі етпейді деген сөз. Дей тұрғанмен дінді қастерлеп оны ұстанатын жеке адам, ал ол болса мемлекет азаматы. Сондықтан, діни орындар мен оның жетекшілері мемлекетті құрметтеп оның заңдарын мойындауға міндетті. Тәуелсіз Қазақстан азаматтарының қандай дінді ұстанам деуі, яғни, ар-ождан еріктілігі Қазақстан Республикасының **Конституциясына, Азаматтық Кодексіне, «Қазақстан Республикасының діни бірлестіктер және дін түту еркіндігі туралы» Заңдарына** негізделеді.

Қазақстан Республикасында заң жүзінде бекітілген шіркеулер мен мешіттер мемлекеттен бөлінуі діннің мемлекетке ешбір етер ықпалы жоқ дегенді білдірмесе керек. Қандай да болмасын мемлекет азаматтардан тұрады, ал олардың өзіндік наным-сенімдері, соның ішінде діни наным-сенімдері бар болатын болса, онда мемлекет те өзін толығымен діннің ықпалынан тысқарымш деп сезіне алмайды. Діни факторды ескермей маңызды әлеуметтік процестерді қарастыру және олардың мәселелі тұстарын шешу мүмкін емес екендігін бүгінде елдің бәрі мойындайды.

Дін елдің бәріне, көпшілікке түсінікті түрде адамзат тарихының мәні мен ерекшелігі туралы сұрақ қояды, адамшылық идеясын алға тартады, адамгершілікті тұлға, ар-ождан, ұят туралы көзқарастарды қалыптастырады. Ол тек адамның сыртқы қылығы мен іс-әрекетін ғана реттеп, бағыттап қоймайды, сонымен қатар ішкі дүниесін жасайды, адамның Мейірімділік, Махаббат және Шындыққа деген сенімі мен үмітін қалыптастырады. Қазіргі таңда әлемде бар діндердің қайсысымен болсын әлсіз байланысқан адам

бүгінгі таңда әбіржу үстінде — ол не өзінің заң беруші ақыл-ойына, не ұлы пайғамбарлар мен адамзаттың ұлы ұстаздарына сенуі керек. Біздің замандас жоғарыда аталғандардың қайсысын тандап алғанына қарамастан діни қажеттіліктің өзектілігі азаймайды, кемімейді. Діни қажеттіліктер әсіресе қоғамдық қарым-қатынастардың күрт өзгеріске ұшыраған, түбегейлі жаңашыл бағыт ұстанған қиын-қыстау өтпелі кезеңдерінде өте маңызды болары сөзсіз, өйткені дәл сондай шақтарда жеке тұлғаның өзінің болашағына деген үміті жоғалып, өзіне деген сенімінің азаятындығы белгілі. Сондықтан болар, КСРО-ның ыдырауы, яғни алғы шептегі қоғамдық мұрат — «коммунистік бақытты болашақтың» жүзеге аспай қалуының нәтижесінде адамдардың көпшілігі әр түрлі діни конфессияларға, бірлестіктерге бет бұрды.

Тәуелсіздік тұста Батыста болсын, Шығыстың көптеген зайырлы мемлекеттерінде болсын, солардың арасында бізде де дін азаматтық қоғамның біріктіруші-бақылаушы терең сенім байламы ретінде қарастырылады. Азаматтық қоғамдағы діннің негізгі қызметі оның мәдени-әлеуметтік жүйенің бірлігін сақтап қалушы күш болып табылатындығында. Көптеген діни бірлестіктер өздерінің діни насихатын шаруашылық қызметімен қоса ала жүреді, нәтижесінде республика территориясында кіші жекеменшік ұжымдар мен фирмалар пайда болып, экономиканың дамуына және жаңа жұмыс орындарының пайда болуына әсерін тигізеді. Шіркеулер мен мешіттер қаражаттан тапшылық көретін кемтарларға, кәрі-құртандарға, жалғыздіктеріне және т.е.с. қайырымдылық көрсетуді де ұмытпайды. Діни ұйымдардың бүкіл қаржы-қайрат, іс-әрекеттері бейбітшілік, төзімділік және сүйіспеншілік мұраттарын өмірге енгізу үшін бағышталған.

Адамзаттың мәңгі арманына белгілі бір жай — зорлық-зомбылықтың алдын алу, болдырмау басталып кеткен, орын алған зорлық-зомбылықты тоқтатудан гөрі әлдеқайда оңайға соғады. Себебі зорлық-зомбылық көзі адамның жаратылыс табиғатымен, инстинктерімен байланысты болғандықтан ол көбінде иррационалды, соқырсезімділікке жақын түр. Зорлық-зомбылық «жұққыш», оның көптеген еліктегіштері жедел қалыптасады. Басталып кеткен зомбылық өзінің неден туындағанын, шынайы себебін ұмыт қалдырып, мүлдем басқа себептерді өзінің қайнар көзі деп табады. Зорлыққа дәл сондай әрекетті қарсы қолданып нәтижеге жетем деу сорақылық, сондықтан да саналы, ақыл-ойы бүтін адам, зорлық көрсе бүкіл болмысымен жиіркеніп, тыжырынар. Әлемдегі бар мүмкіншілік пен бүкіл негіздеуге қажыр-қайратын «күш көрсетпеу» принципін салу керек. Оған басты себеп — «күш көрсетпеу» принципінің адамдардың бірлесе тіршілік етуі үшін пайдалы екендігінде. Әлеуметтік өмір түгелдей дерлік қарым-қатынас, байланыстан тұратын болғандықтан ол қашанда бірлік, татулық, ұйымшылдықты жоғары бағалайды. Әрбір жеке тұлғаның тағдыры басқаны және де қауымды шет қалдырмауы керек.

Дін арқылы бүкіл әлемге нұр шапағатын шашып тұрған бірлесу және келісім, азаматтық бейбіт өмір сүру мағынада өзінің шыңына ақиқат пен бейбіт жолын қалаған діни бірлестіктерде қол жеткізеді. Өзін өзі реттеуші қоғамда, яғни азаматтық қоғамда адам тікелей өзімен және басқалармен тұрақты келісімде өмір сүруі және бүкіл қоғаммен әмбебапты конвенцияға жетуі қажет. Осы тұста адамға көмекке дін келеді. Ілімімен әлем ортасына танылған ойшыл Э. Дюркгейм дінді ұжымдық бейсаналық, индивид пен қоғам, әлеуметтік топтар мен тұлғалардың арасында байланыс орнататын және қоғамды біріктіретін түсініктердің жиынтығы деп тұжырымдаған. Осы сипатта қарастырғанда, дін белгілі бір дәрежеде қоғам мүшелерінің көпшілігі қолдайтын және осы арқылы оның тұтастығын сақтайтын институционалдырылған өлшемдердің, сенімдердің және құндылықтардың жүйесі болып табылады. Дін жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайларға үйлесімді және тиімді бейімделуге бағытталған бағдарлары мен іс-әрекеттік стереотиптерінен тұрады. Мысалы, христиандық құндылықтар (жақынға деген махаббат, рухани қасиетінің маңызы, пайғамбар уағыздарын орындау, жанды құтқару жылы т. б.) мен исламдық қағидалар (нәсіпқұмарлықты тежеу арқылы құдайға жақындау, қауым мүшелерінің ынтымақтастығының маңызы, мұсылмандық бес парызды өтеу, т.т.) қоғамның рухани деңгейін көтеруге бағытталып, ізгілікке шақырады.

Дүниежүзілік діндер таза этникалық құндылықтар аумағынан шығуға мүмкіндік беретін іс-әрекеттер императивтерін қалыптастырады. Конфессионалдық бірлік деңгейінде тұлғааралық және топаралық қатынастарда қақтығыстар мен ауытқушылықты кемітетін принциптер негізделді. Әлеуметтік тұрақтылық мәдени бөліктердің бірін-бірі қолдап отырғандығын талап етеді. Дін мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде орнықты құндылықтарды нығайтып, статус-квоны сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан дін қазіргі адам үшін де тартымды болып табылады. Өйткені, ол, бұқараландырылған, өткен құндылықтарын жоғалта бастаған, постиндустриалдық өркениеттің шамадан тыс ағынымен қамтылған, маргинал тұлғаға жатады. Болмыстың тым жылдам ырғағына ілесе алмаған адам үшін ол батып бара жатқанда қармап қалатын қамыс сияқты және дін арқылы ол уақыттың үзілген сәттерін қалпына келтіргісі келеді. Ал айда дін, әзірге, «біз және біз емес» оппозициясынан жоғары тұра алмайды, айырылған әлем әлі толық қосылған жоқ, әр түрлі конфессиялар өзара келісімге келе алмай тұр. Басқа жағынан алғанда, барған сайын тереңдеп келе жатқан модернизация мен әмбебаптану этномәдени және діни құндылықтардың бірегейленуі мен стандарттануына әкеліп соғады, осы арқылы діни топтардың мүшелеріне тигізетін әсері мен маңызын азайта түседі қазірге. Әмбебапты, жалпы, біріккен дін құру керек екендігі туралы пікірлер де пайда бола бастады. Баяндалып отырған кезеңде діннің өзі де эволюциялық өзгерістерге ұшырап, азаматтық қоғамдағы тұлғааралық қатынастарды реттеу тетіктеріне жаңаша әсер етіп келеді. Оның негізі де бар. Өйткені құндылықтық өлшемдер адамдық қылықтардың сыртқы көріністерін ретке

келтіріп, дін көмекке келетін адам үміттеріне, қайғысы мен тәубеге келуіне араласа алмайды.

Тәуелсіздік жылдары бұрынғы дәстүрлі діндермен қатар мәдениәлеуметтік өмір ерекшеліктерін білдіретін жаңа, модернделген діни конфессиялар мен қозғалыстар қалыптасып келеді. Бұрынғылары да, жаңалары да әлеуметтің жаңа талаптарына бейімделіп, өз қолдаушыларын ұлғайтуға ұмтылады. Діни қозғалыстардың мазмұны да өзгеріп кетті. Оған мысал ретінде діни ұйымдардың бейбітшілікті және адам құқықтарын қорғауға бағытталған, әрекеттерін, түрлі бағыт пен мазмұндағы қайырымдылық іс әрекеттерін, білім беруге арналған діни жаңа ұжымдардың қалыптасуын (мысалы, ислам университеттері), адасқан жандарды құтқару арнасындағы қызметтерді (түрмелер мен колониялардағы діни уағызшылар), қатыгездікке қарсы әрекеттерді (әскердегі дін өкілдері) атап өтуге болады. Адамдық қатынастарды мәдени-әлеуметтік реттеудің маңызды тетігі болып табылатын дін өз қызметінде өмір мен өлімнің түбегейлі, болмыстық, экзистенциалдық мынадай мәселелерін қояды және өзінше шешім ұсынады: тіршіліктің мәні мен мағынасы, оның шектері, нәпсіқұмарлық және тәубеге келу, өлімнің мағынасы, қорқыныш және үміт т.т. Адам өмірінің тәндік шектілігінен туындайтын тұлғу, қайғы және болмыстық мағынасыздықты жеңуге ұмтылған дін, адамдық ізденісті рухани жетілуге, адамда адамгершілікті сақтап қалуға, күнделіктіден қасиеттіні көруге шақырады.

Азаматтық қоғамдағы діни құндылық бағдарларының жарасымды жақтарын айта отырып, сонымен бірге дінді, адамзат тіршілігінің барлық мәселелерін шешетін, абсолютті, әмбебапты тетік дегеннің де қисыны жоқ. Еркін қоғамда өмір сүру құқығына тек діни сенім ғана емес, оған қоса діни қағидаларға күмәндану, секуляризм және, тіпті атеизм де.

Постиндустриалдық қоғамдағы дінге де көзқарасты қазіргі постмодернизм өзінше құрастырады. Постмодернистік дискурс бойынша, дінді идеологиялық қатардағы құбылыс ретінде алмау керек. Кез келген идеология жақсылыққа жатпайды, өйткені ол адамдарға сырттан күштеп орнатылуы арқылы танылады. Әсіресе, ғылымға ұқсатылып қалыптасқан идеология мәдениетке жағымсыз болып шығады, себебі идеологтар өз құрылымдарында «адам жанын» белгілі бір саяси мақсаттарға пайдалану үшін ұрлап алады. Постмодернизм жеке адамдардың дауыстарын естуге мүмкіндік беретін «мәдени терапияны» ұсынғысы келеді. Дін туралы пайымдағанда, ғалым сыртта тұрып, адамдарға дінді немесе ғалымның өзін сынауға мүмкіндік беруі керек. Діни идеялар бұл жерде, әсіресе рационалдандырылған адами рухани дүниемен риза болмаудан өз әрекеттеріне негіз таба алады делінеді. Дін осы сипатта «қасиетті мәтін», «құтқарушы шеңбер» қызметін атқаратын, адамдарға түсінікті әрі қарапайым құралдарды жеке тұлғалық болмыстың тым тар шектерінен шығу үшін пайымдалануға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі шығыстық (Таяу Шығыс, ислам, конфуцийшілдік, буддалық т.т.) мәдениеттер діни — әдептік критерийлерді алға жетілдіріп, батыстық рационалдық проективизм мен экспериментаторлықты күмәнға алып, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрді сақтауға шақырады. Өткен бітімдерді либералдық сынауға шектеу қоятын бұл ұстанымда тарихқа ізеттілікпен қарау тұғырнамасы қолданылады, заман талаптарына сай жауап беру, өзгелердің дайын рецептерін сол күйінде қабылдай бермей, өз мәдениетінің ішкі, әлі ашылмаған потенциалын жаңа шындыққа сай қолдану қажеттігі айтылады. Сонымен, даму және инновациялар бұл ұстанымда бекерге шығарылмайды, бірақ олар бұрынғы консервативті және қорғаушы бастауларға ұяланады.

Алайда, қазіргі күні дін мен мәдениеттің дәстүрлі формалары түбегейлі өзгерістерге бәрібір ұшырап отырады. Бүкіл әлемде біртіндеп, бірақ тоқтаусыз жүретін секуляризация процесі қамтиды, ол азаматтық және қасиетті салаларды адамның рухани өмірінде бір-бірін бөліп алып, сакральды-қасиетті ұғымдардың экономика және саясат аймақтарына араласпауын қалайды. Дін өркениетаралық қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқарғанымен, өзінің жалпы көрінісінде адамның жеке тылсымдық өміріне қарай көбірек ығысады. Әрине, болжанған діни-конфессиялық қайшылықтардан туындайтын суперөркениеттер қақтығысының болу мүмкіндігін абсолютті түрде бекерге жатқызу ақиқатқа сыймайды. Алайда, әлем дамуының әмбебапты тенденциялары әлем мәдениетіндегі тұтастану процесінің терендеп бара жатқанын көрсетеді. Әлем барған сайын ашық, бірегей, толерантты болып келеді.

Мамандар, белгілі бір мәдени тұтастылықтың ажырамас бөлігі болып табылатын «халықтық діндерді» (диффузиялық діндер) және тікелей бір этномәдениетпен шектелмеген әмбебапты конфессияларды бір-бірінен айырады. Халықтық діндер, әдетте, нақтылы мемлекеттік биліктің қасиетті негізі болуға ұмтылады. Осындай діндер көмегімен харизматикалық басшылар өз билігін нығайтқысы келеді. Алайда, осындай тұтастану көптеген жағдайларда мемлекет азаматтарының жеке құқықтарын шектеуге бағытталуы мүмкін. Әмбебапты діндер де (христиандық, ислам, буддизм) саяси биліктің легитимациясын қолдануға ұмтылып, жалпы саяси-әлеуметтік жағдайға бейімделе әрекет етуге тырысады. Олар нақтылы қоғамның басты құндылықтарын негіздеу қызметін атқарады.

Дін, әрбір жеке тұлғаның өзіндік ісі деп жарияланған азаматтық қоғамда да тұлғалардың саяси-әлеуметтік өміріне тигізетін ықпалын жоғалтқысы келмейді, тіпті, бір діннің өзі әр түрлі саяси бағыттарға қолдау бере алады, себебі діни ағым өзімен-өзі емес, керісінше, белгілі бір зайырлы идеология немесе ұстанымдармен қосылып, адамдардың саяси бағдарларының құндылықтар жүйесін құрастырады.

Баяндалып отырған тарихи кезеңде дін қызметі бірде бір сәтте де толастар алмады. Жүздеген мұсылман отандастар Меккеге қажылыққа барып тағзым етті, Рим папасының уағыздары жүздеген мыңдар тобының аудиториясын жинады, буддалық мейрам халық ағынын әкелді. Тек

эмбебапты діндер ғана нығайып келе жатқан жоқ. Дәстүрлі емес секталарға айрықша әуесқойшылық сұраныс қалыптасып, магия мен астрология, шығыстық медитация техникалары қаулап өсіп келді.

Тәуелсіздік алған тұстан осының барлығын зерделеу және мәдени әрекетте орынды қолдану біртіндеп қолға алынды. Азаматтық қоғамдағы діни институттардың қызметі тек теориялық қызығушылық тудырмай отыр. Бұл, әсіресе, өзінің геосаяси және тарихи жағдайларымен ерекшеленетін Қазақстан үшін маңызды. Біздің еліміз үш өркениеттің (исламдық, православиялық, конфуцийлік) тоғысқан жерінде орналасқан және жоғарыда аталып өткен концепция бойынша, қақтығыстар шығуы мүмкін жолайырық болып табылады. Бірақ, басқа жағынан алғанда, Қазақстан территориясында ғасырлар бойы әр түрлі этностар, діндер, мәдениеттер бейбіт, келісімді өмір сүріп келген. Қазіргі кезде «Қазақстанда 1300-дей діни бірлестіктер, 30 конфессиялар әрекет етеді. Алматының бір өзінде 100 діни ұйымдар бар: 18 мұсылмандық, 4 православиялық, 2 католиктік, 7 баптистік қауым, 2 лютерандық қауым, 10 Иегова куәгерлерінің жиналысы, 20 протестанттық және пресвитерлік, Бахайя қоғамы (синтетикалық сана), 2 ескіобрядтық қауым, 4 пятидесятниктердің қауымы, Кришна санасының қоғамы, Вайшнавов діни қоғамы, 8 мәдени-ағартушы және қайырымдылық миссиялары, иудейлік қоғамдар, адвентистердің Жетінші күні қоғамы, армян шіркеуі, 4 харизматикалық бағыт, 2 буддалық қауым, 1 сатаналықтар қоғамы. Қазақстан халқының күрделі конфессиялық құрылымы елде этнократиялық және исламдық мемлекетті құру идеяларының терістігін көрсетеді. Бір дін құндылықтарын әсірелеу Тәуелсіз жылдарғы жағдайында қоғамдағы жікшілдікке әкелуі әбден мүмкін еді. Сондықтан, Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанда жарияланған демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам құру бағдары дінаралық сұхбат пен келісімді бірінші кезекке қоюды қажет етті.

Батыс пен Шығыстың қосарлы ықпал аймағында орналасқан Қазақстан үшін мәдениеттер мен діндер сұхбаты идеясының берері мол. Сұхбат ықпалы аймағында орналасқан Қазақстанның елі үшін сұхбаттылық, адамдар арасындағы сыйластық өмір салты болып кеткен. Олар үшін құқықтық та, қара күш те адамдар бірлестігінің негізі бола алмайды. Олардан биік тұрған құндылықтар - сұхбатты қалыптастырушы сүйіспеншілік, төзімділік, мәмілекелісім болып табылады. Аталған құндылықтар кереғарлықты болдырмай, әлемде бейбітшілікті қалыптастыру үшін барын салады. Сондықтан болар әлеми діндердің барлығы дерлік жаңағы құндылықтардың өмірде терең тамыр алуы үшін қолдан келгенін аямайды. Әлем бұдан былайғы жерде діндер, мәдениеттердің ортақ тоғысу нүктесін айқындамай, олардың сұхбаттық болмысына тәнті болмай жалпыадамзаттық құндылықтарды дұрыс түсінуі әлде қалай.

Тәуелсіз Қазақстан басшылығы, олардың ішінде бірінші қатарда Республика Президенті, елдегі көпұлтты және көпконфессионалды ахуалды, өткен тарихи жолды алғашқы сәттен қатал бақылауға алып посткеңестік мемлекеттер арасынан осы мәселелерді бейбіт амалмен шешу шараларын

тиімді ұйымдастыра білді. Өткен кезеңде осы бағытта көптеген әлемдік маңызы бар шаралар іске асырылды.

Солардың қатарында *әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі*. Қазіргі уақытта Қазақстанда 140 этникалық және 40 конфессиялық топ өкілдері татулық пен түсіністікте өмір сүруде. Діннің қоғамдағы маңызы артқанын жіті сезіне отырып, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев республика Елордасы – Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі діндер форумын өткізу бастамасын көтерді. Мемлекет басшысының пайымдауынша, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары арасындағы сенім мен өзара түсіністікке негізделген дін жетекшілерінің жүздесіп пікірталасу сияқты осы саладағы халықаралық ынтымақтастық үшін кең мүмкіндіктерге жол ашты және заманымыздың күш көрсету, экстремизм, терроризм сияқты келеңсіз құбылыстарын еңсеруге біршама ықпал етті.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі 2003 жылы 23-24 қыркүйекте Астанада өтті. Оның жұмысына ислам, христиандық, иудаизм, синтоизм, индуизм және буддизмнің мейлінше беделді өкілдері қатысты. Съездің қатысушылары құрамының көрнекілігі мен жоғары деңгейі конфессияаралық форум өткізу жөніндегі Қазақстан бастамасының жүзеге асуының даусыз табысына айналды. Діндер басшыларының көзбе көз пікірлесуі (диалогы) I Съездің тұжырымдамалық идеясы және дау-дамайды шешу тәсілі ретінде дінаралық және ұлтаралық қарым-қатынастардағы күш көрсету мен террор әдістеріне қарсы қойылды. Съезге қатысушылар арасында әлемдегі діннің рөлі және кез келген діннің негізгі моральдық құндылықтарының жалпыадамзаттық сипаты жөнінде ашық пікірталасу негізінде өтті.

Бірегей және есте қаларлық оқиғаға айналған форум бүкіл әлемдегі адамзат қоғамының бейбіт және лайықты өмірі үшін түрлі діндер өкілдерінің ынтымақтастығы мен бірлігінің өзектілігін және аса қажеттігін көрсетіп берді. Съездің идеясын К.Аннан, Дж.Буш, М.Тэтчер, Цзянь Цзэминь, Н.Манделла, Ж.д'Эстен және әлемнің өзге де аса ықпалды саясаткерлері қолдады.

Форум қорытындысы бойынша рухани көшбасшылар болашақтағы үйлесімді әлемнің негіздері ретінде адамзат үшін бейбітшілік пен өрлеуді қамтамасыз ету және барлық қоғамда тұрақтылықты сақтау бағытындағы бірлескен іс-әрекеттері туралы мәлімдеген **Декларация** қабылдады. Ауқымды шараның табысы I Съездің дінаралық форумды әр үш жылда бір реттен кем емес тұрақты негізде өткізіп тұру туралы шешімінде бекітілді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезі 2006 жылы 12-13 қыркүйекте Астанада өткізілді. Съезд арнайы форум өткізу үшін салынған жаңа «Бейбітшілік және келісім сарайы» ғимаратында өтті. Форум **«Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік»** атты жалпы тақырып аясында

«Діни наным-сенім бостандығы және өзге дінді ұстанушыларды құрметтеу» және «Діни көшбасшылардың халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі» деген екі негізгі бағыт бойынша өткізілді. Екінші форум жұмысына 29 делегация қатысты. Съезд барысында басшылыққа алған негізгі бөлігі көрініс тапқан «Дінаралық диалог қағидаттары» қабылданды. Екінші съезд қорытындысы бойынша қатысушылар барлық діндер мен этникалық топтар өкілдерін мәдени және діни ерекшеліктер негізіндегі дау-жанжалдарға жол бермеуге шақырған бірлескен **Декларация** қабылдады. Бұл құжатта «қырғиқабақ идеологияны» «әлем мәдениетіне» ауыстырудың жаһандық қажеттілігі кең көрініс тапты.

Еуропа, Азия, Таяу Шығыс және Американың 35 елінен 77 делегация қатысқан *Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезі* 2009 жылы 1-2 шілдеде Астана қаласында өтті. Оның басты тақырыбына кез келген мәселенің оң шешілуіндегі рухани көшбасшылар рөлін олардың өзара құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген толерантты әлемді қамтамасыз етуге қосқан үлесі аясында арттыру жайы арқау болды.

Сонымен қатар, Съездің өткізілуіндегі жаңалық бейбітшілікті қамтамасыз етумен, қазіргі әлемдегі келісім және үнқатысумен байланысты өткір мәселелерді талқылау жөніндегі секция отырыстарын ұйымдастыру болды. III Съезде секция отырыстары үшін мынадай тақырыптар таңдап алынды: **1) Моральдық және рухани құндылықтар; 2) Әділеттілік, бейбітшілік және қауіпсіздік; 3) Қоршаған орта және үйлесім; 4) Диалог және әріптестік; 5) Дағдарыстар кезеңінде аса қажет ынтымақтастық.**

Үшінші форумның қорытындысы бойынша жұртшылықты шынайы дінаралық диалог орнату үшін діни көшбасшылар мен ұйымдардың күш-жігерін қолдауға және арттыруға, діндер мен өркениеттердің өзара түсіністік пен құрметті жақсартуға бағыталған үнқатысуын қолдауға ықпал етуге шақырған бірлескен декларация қабылдады.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезі 2012 жылғы 30-31 мамырда Астанада өтті. IV Съездің басты тақырыбы **«Бейбітшілік пен келісім адамзат таңдауы ретінде»** деп аталды. Форумға әлемнің 40 елінен 85 делегация қатысты. Осы съезд аясында Діни көшбасшылар кеңесінің бірінші отырысы болып өтті. Діни көшбасшылар кеңесінің мақсаты – жұмысы мәдениеттер диалогына және экономикалық өзара ықпалдастыққа бағытталған өзге де форумдар мен халықаралық ұйымдармен пікіралысу (диалог) және ынтымақтастықты қамтамасыз етудің басымдықтары мен тетіктерін айқындау болып табылады. Форум төрт секция отырысы бойынша өтті: **1) «Орнықты дамуға қол жеткізудегі діни көшбасшылардың рөлі». 2) «Дін және мультикультурализм». 3) «Дін және әйелдер: рухани құндылықтар мен заманауи талаптар». 4) «Дін және жастар».**

Съезд жұмысының қорытындысы бойынша Қатысушылардың үндеуі қабылданды. Бұл құжаттан биік рухани мән-мағынаға толы үн байқалып тұрды. Діни көшбасшылар бүкіл адамзатты ғаламшарымыздың болашағы үшін өзара ықпалдастыққа, келісім мен бейбітшілікке, әділеттілік пен жасампаздыққа ұмтылуға шақырды.

Осындай тақырыптағы келесі әлемдік дін жетекшілері съезі 2015 жылдың маусым айы ортасында Республика бас қаласында өтті. Өткізіліп келе жатқан жылдар ішінде Съезд барлық діндердің міндеті қазіргі заманда көбінесе ортақ екенін айқын көрсетіп берді. Бұл – рухани бос қуысты және адамзаттың моральдық-адамгершілік құндылықтары дағдарысының қатерін еңсеру. Бұл – кез келген қоғамның еңбексүйгіштік, адалдық және әділеттілік құндылықтары іспеттес жасампаздық бастауларын нығайту қажеттілігі. Мұнымен қоса, діннің бітімгершілік күші кез келген қоғамдағы жанжал-қақтығыстардың, төзімсіздік пен радикализмнің алдын алуға мүмкіндік жасауда болып отыр.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу арқылы Қазақстан бүкіл әлемдік қоғамдастыққа жалпыұлттық консенсус пен қоғамның топтасуының үлгісін көрсетіп келеді. Біздің еліміз этносаралық және конфессияаралық келісімді қолдау саласында бай тәжірибеге ие және осы тараптағы кең ауқымды әрі тиімді ынтымақтастыққа қашанда әзір.

Әлемнің діни көшбасшыларын Астанаға шақыру жөніндегі Тәуелсіз Қазақстан және әлемдік тарихтағы тұңғыш бастамасы мәдениеттер мен өркениеттер тікелей пікіралысуының жаһандық үдерісінің дамуында орасан маңызды орын алады.

Қазақстан Республикасындағы діни ұйымдардың қызметі. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістермен қатар, қоғамдағы діни әрекеттер қайта жаңарды. Көпұлттылық пен көпконфессиялылық дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағытын анықтап берді – бұл адам құқығын қорғау және қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудың қажетті алғышарты ретінде конфессияаралық келісімді нығайту. Тәуелсіз мемлекет жылдары ішінде елдегі діни ұйымдардың саны алты есеге өсті. Егер ХХ ғасырдың 90 жылдары 671 діни бірлестік қызмет етсе, 2015 жылы Қазақстанда үш мыңнан аса діни ғимараты бар, 40 конфессия мен деноминациядан тұратын төрт мыңға жуық діни бірлестіктер қызмет жасайды.

Осы жылдары әртүрлі діни ілімдер мен әдістердің кең таңдауы орныққан. Бірақ қарапайым адам, егер бұл оның кәсіби қызметіне қатысты болмаса, қай діннің ақиқат, ал қай діннің алдамшы дін екенін білуге, әртүрлі діни және дін атын жамылған ағымдарды түсінуге теология мен дін саласындағы білімдері айтарлықтай күшті емес. Ал осы мүмкіндікті дін атын

жамылған ағымдар үлкен қасиетті ұғымды өзінше ұстанып, қоғам мен адамның діни-өнегелі жаңаруын, діннен алшақ, керісінше материалдық түрде дамудың қарапайым дүниелік мақсаты ретінде пайдаланушылар ортасын өмірге әкелген. Және тағы да айтып кететін жайт, олардың пайдаланатын әдістері, тәрбие беру мен дағдыландырудан гөрі, күштеп сендіруге едеуір ұқсайды. Бұл – олардың дәстүрлі діндерден негізгі айырмашылығы. Және діни бірлестікті тіркеу кезінде, олардың қандай мүддемен өзінің діни ілімін насихаттайтынын анықтау мүмкін емес.

Тәуелсіз Қазақстан үшін дәстүрлі емес болып саналатын діндер мен конфессиялардың ішіндегі ерушілері ең көп «Жаңа өмір», «Саентология» шіркеулері сенушілерінің саны – шамадан тыс қырық мыңға жеткен. Олар арнайы тіркеуден өткен, олардың арнайы сараптамалық жарлықтарында, Қазақстанның заңнамасына қайшы келетін ешқандай ереже көрсетілмеген. Алайда, бірнеше жылдарда мемлекеттік органдарда қазақстандықтардың олардың деструктивті қызметтері жайлы, яғни, психологиялық ықпал ету және алаяқтық арқылы мүлікті иемдену, дәрігерлік мамандар кеңесі мен емінен бастартуға және туыстарымен араласпауға мәжбүрлеу сияқты фактілері айтылған үндеулер толып қалды.

Брахма Кумарис, Иегова куәгерлері, Сан Мен Мун бірлестігінің қозғалысы сияқты ағымдар отбасынан бас тартуды және туыстарымен қатынасты үзуді насихаттайды. Балаларының мектепке баруына тиым салатын Жетінше Күн Адвентистеріне жалпы білім беретін мекемелерден шағымдар жиілеп келген оқиғалар да болған.

Дәстүрлі емес діни ағымдардың барлығы дерлік өз сенушілеріне діни ағым ұсынған әдебиеттерден басқа, кез-келген әдебиетті оқуға және қоғамдық іс-шараларға қатысуға тиым салады. Иегова куәгерлері, Аля Аят ағымдары қазіргі заманғы дәрігерлік көмекті алмауды, қан алдырмауды, екпе жасатпауды насихаттайды. Осымен қатар, Саентология шіркеуі, Ата жол, Аля Аят сияқты ағымдарында мамандықсыз, білімсіз және заңсыз емдеу іс-харекеттері қолданылады, діни ағым сенуші-әйелдері өз еркімен босандыру көмектерінен бас тартып, үйлерінде босанған оқиғалары болған және бұл ана немесе баланың өлімімен аяқталған жөнінде санқилы оқиғалар тіркелген.

Брахма Кумарис, Жаңа өмір, Сан Мен Мун бірлестігінің қозғалысы, Иегова куәгерлері сияқты діни ағымдарында қайыршылықпен айналысу, діни қауым үшін еңбек ету және өз жолын қолдаушыларды қаржылық пайдалану, қанау көп таралған. Ағымдардың тағы да бір категориясы бар, олар мүлдем тіркеусіз қызмет жасайды. Мемлекеттік тіркеуден өтпесе де, «Аля Аят», «Ата жолы» сияқты дін атын жамылған ағымдардың жолын қуушылар пәтерлерде астыртын кездесулер ұйымдастырады.

Әлемдік сарапшылар, ғылыми, әлеуметтік зерттеулердің негізінде, дәстүрлі емес діндер – бұл діни, діни-саяси, психотерапевтикалық, шипалы, ғылыми-ағартушылық, мәдени және басқа да атты жамылған, өз сенушілерін қанай отырып, билігін жүргізуге талпынған, шынайы мүдделерін жасырған авторитарлық ұйым деген бір пікірге келеді. Бұндай бірлестіктерге тән қасиет, Құдіретті күшке, яғни Құдайға емес, ұйымның өзін немесе ұйым көшбасшысын құдайдай дәріптейді.

Тәжірибе көрсеткеніндей, осындай ұйымдарға әсіресе өздерінің қоғамдағы орнын табуда бірнеше қиындықтарға кезіккен немесе өмірінде қандай да бір жетістікке жетуге деген мүмкіндікке сенімсіздікпен қарайтын жастар түсіп қалады. Көбінесе, туыстарының және достарының қолдауынсыз қалғандықтан және осындай ұйымдардың шынайы мақсаттарын білмегендіктен, олардың қармағына тез ілігеді.

Бүгінгі кезде, жаңа діндер, мектептерде, жоғары оқу орындарында, қызмет орындарында, тіпті түзету мекемелерінде емін-еркін жүреді. Осыған орай олардың шетелдердегі қызметінің нәтижелері зерттелмеді, пайда болған елдің заңымен осы ұйымдар және олардың көшбасшыларының арасындағы қатынас тарихы, олардың адамдарға пайдаланып жүрген үлгісі мен мақсаты анықталмаған. Бұндай «діни еркіндіктің» нәтижесін көру ұзаққа бармады. Білім беру мекемелерінде жанжалдар пайда болды. Ағымдардың мүшесі болып табылатын ата-аналар дабыл қақты. Көптеген жан түршігерлік оқиғалар туралы және тіпті «дәстүрлі емес діндерге» қызығушылықтың салдарынан болған қылмыстық іс туралы құлақтандырулар пайда болды.

Кез-келген мемлекет өз азаматтарының негізгі құқықтарына, еркіндік пен оны сақтау құқығына, сонымен қатар білім алу, денсаулық сақтау, құқық қорғау және бостандық құқықтарының сақталуына кепілдік береді. Әбден орынды сұрақ: Мүмкін, психикалық, материалдық және денсаулыққа зиянын тигізіп жүрген деструктивті ағымдардан азаматтарымызды мемлекеттік деңгейде қорғау үшін мемлекетте қабылданған салалық заңдардың атқаратын маңызы өте жоғары және ондай заңдарды әлемдік ахуалмен сәйкестендеріп жетілдірген жөн.

8.7. «Халық тарих толқынында» бағдарламасының маңызы мен мақсаттары.

Этникалық мәселелер. Кеңестік мемлекеттік жүйеден қалған осындай этникалық мәселелер жағдайында Тәуелсіз Қазақстан өзінің этникалық топтар саясатын екі түрлі бағытта жүргізді. Бірі — осы мемлекетті құрушы негізгі ұлт - қазақтардың этникалық мәдениетін, тілін, ділін қайта жандандыру болса, екіншісі — заманында еліне кезінде объективті және субъективті себептермен келген Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа этностардың мәдени, тілдік құқықтарын қорғап олардың ерекшеліктерін

камтамасыз ету. Қазақстандағы этникалық топтар саясатын зерттеуші ғалымдар осы бағыттағы мемлекеттік саясаттың бүгінге дейінгі даму барысын екі кезеңге жіктеп талдаған жөн деп тұжырымдаған.

Бірінші кезең—1991—1995 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңді этноұлттық басымдылықтар кезеңі деп атауға болады. Бұл кезеңде мемлекетті құрушы негізгі ұлт қазақтар, оның тілі мен мәдениетіне біраз артықшылық берілді. Сондықтан да 1990 жылғы 25 қазанда жарияланған «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі» жөніндегі Мәлімдемесінде қазақ халқы мемлекет құрушы ұлт деп танылды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жөніндегі Конституциялық заңда қазақ ұлтының өз мемлекеттілігін анықтауға құқы бар екені анық көрсетілген.

1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында да Қазақстан мемлекеттілігінің ұлттық сипатына ерекше мән берілді. Ол бойынша да Қазақстан өзін-өзі таныған, этнос болашағын өзі анықтайтын қазақ ұлтының мемлекеті деп танылды. Тәуелсіз еліміздің бұл кезеңінде мемлекеттігіміздің түрін ұлттық деп жариялаудың объективті қажеттілігі туып ол мынадай ретпен негізделді:

біріншісі, бұл кезеңде тәуелсіздік алған барлық мемлекеттер өздерін сол мемлекеттердің негізін құрайтын ұлттың мемлекеті деп жариялаған болатын;

екіншісі, ғасырлар бойы мемлекеттік тәуелсіздігін жоғалтып, өз жерінде саны мен үлес салмағы жағынан тым аз болған қазақ халқының ұлттық рухын, көтеру, сол арқылы дүниеге жаңа келген мемлекетті тез арада аяғынан тік тұрғызу керек болды;

үшіншісі, пашалық және Кеңестік билік жүйелерінде жойылып кете жаздаған қазақ халқының ұлттық дәстүрлі мәдениетін, тілін, ділін қалпына келтіру үшін шешімді реформалық саясат қажет болды. Өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасына қарай қазақ халқы өзінің мемлекеттілігін сезіне бастады, ұттық рухы оянды, кінді қаны тамған жеріне ұлттық құндылықтарын ақтап алды, ұлттық дәстүрлі мәдениетін, тілін қалпына келтіре бастады, имандылыққа мойнын бұрды. Осы кезеңді мемлекеттің атауына негіз болып отырған қазақ ұлтының ұлттық санасының ерекше ояну кезеңі, ұлттық рухының тарихында бұрын соңды болмаған еркіндеп көтерілу кезеңі десе де болады.

Жалпы осы кезеңде, бұдан соңғы жылдары да басқа ұлт өкілдерінің Қазақстаннан қоныс аударуын республикадағы этноцентристік саясаттың нәтижесі ғана деп түсінбеу керек. Осымен қатар егемендік алған кездің алғашқы жылдарында өзге ұлт өкілдерінің өз отандарына қоныс

аудару ісі арнайы қарқын алды (тенденциясы). Осы жәйтті талдау барысында сыртқа көшуінің мынадай себептері де белгілі болды. Олардың ішінде:

біріншісі, бұрынғы КСРО сияқты территориясы, халық саны және ұстанған сыңаржақты идеологиясы тұрғысынан үлкен мемлекеттің ыдырауы ұлттық жаңа құрылған мемлекеттер жағдайында этностар бойында болашағына деген белгілі бір сенімсіздік туғызды. Сондықтан басқа ұлт өкілдері өз мемлекеттілігі бар елге көшті;

екіншісі, ұлттық мемлекеттіліктер құрылу кезеңінде этностар өкілдерінің санасында этноцентристік сезім мен негізгі отанын іздеу ұмтылысы уақытша болса да арнайы тенденциялық алды;

үшіншісі, сана бодандығынан құтылған азаматтарда өз тарихи Отанына оралу туралы ұмтылысы бел алуы объективті құбылыс еді. Әсіресе мұндай себеп кезінде Қазақстан жеріне сыңаржақты саясат ықпалымен көшірілген неміс, т.б. халықтарға тән болды.

Екінші кезең. Тәуелсіз Қазақстанның ұлт саясатының екінші кезеңі 1995 жылы қабылданған жаңа Конституциясын жүзеге асыру кезеңінен басталады. Аталмыш құжатта Қазақстан халқын *титулды және титулсыз ұлт* деп бөлу жойылды. Бұл заң бойынша ендігі жерде Қазақстан мемлекеті ұлттық негізде емес, жалпыазаматтық негізде құрылатындығы анық көрсетілді.

Осы конституциялық заңға негізделген еліміздің ұлт саясаты азаматтық қоғамның қағидаларына сүйене отырып, Қазақстан ұлты деп аталатын саяси-азаматтық қауымдастық құру мақсатын көздейтін саясатқа айналды. Бұл — Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдар қауымдастығын бірте-бірте Қазақстан ұлты деп аталатын саяси-азаматтық бірлестікке айналдыру. Бұл — этностық мәдениеті, діні, тілдері түрлі болғанымен, «*Мен қазақстандықпын!*» деген елдік сананы қалыптастыру мақсаты қойылған.

Тіл туралы заң. 1997 жылдың 11 шілдесінде «*Қазақстан Республикасындағы тіл туралы*» Заң қабылданды. Сол заң негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып — қазақ тілі бекітілді. Бұл тіл мемлекеттік басқару органдарының, заң шығару, сот ісінің, іс жүргізудің тілі болып саналады және мемлекет аумағындағы қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылуы тиіс екендігі міндетті болды.

«Қазақстан халқының басын біріктіруші маңызды қатынас туралы болып табылатын осы мемлекеттік тілді білу — Қазақстан

Республикасының әрбір азаматының қасиетті борышы болып табылады» — делінген Тіл жөніндегі Заңның 4-бабында.

Осы заңның 5-бабында мемлекеттік ұжымдарда және жергілікті басқару органдарында қазақ тілімен бірдей дәрежеде ресми түрде орыс тілі де пайдаланылатындығы көрсетілген. Сонымен қатар бұл заң бойынша *«Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өз ана тілінде сөйлеуге, өзінің қалаған тілінде тілдесуге, шығармашылықпен айналысуына, тәрбие, оқу жұмыстарын жүргізуге құқылы»* (6-бап).

Сөйтіп, тәуелсіздік тұста мемлекет қазақ тілінің және өзге тілдердің ұлтаралық қарым- қатынаста қолдану аясын сақтауға және оның еркін дамуына кепілдік заңдастырылды. Сондай-ақ мемлекеттік тілді немесе ұлтаралық қатынас тілін білмегені үшін азаматтардың құқығы мен бостандығын шектеуге тыйым салынады. Қазақстан Конституциясының тіл туралы баптары қойған міндеті әлемнің өзге елдерінде, сондай-ақ ТМД-да ерекше демократиялық болып есептелінеді.

Қазақстан — өз Отаным деп есептейтін әр азамат қазақ тілін білуі міндетті. 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жеті басым бағыттың ішінде ұлттық қауіпсіздіктен дейінгі екінші орында көрсетілген. Ұлттық бірлік, татулық, теңдік қоғамның топтасуының кепілі. Республикада жалпы ұлттық мүдделерді жүзеге асыруда қазақ ұлты оларды біріктіруші рөл атқаратындығы айқын.

Тәуелсіз Қазақстандағы жастардың орны мен рөлі. 2010 жылғы 14 желтоқсанда Тәуелсіздіктің 21-жылдық мерекесіне орай «Достық» үйі құрамы және ШҚО Қазақстан халқы Ассамблеясы негізінде құрылған «Бірлік» жастар этноклубының ұйымдастыруымен **«Тәуелсіз Қазақстандағы жастардың орны мен рөлі»** атты мәдени-саяси-танымдық конференция өткізілді.

Конференцияда тұңғыш рет қазіргі жастар мәдениеті; еліміздің әлеуметтік-экономикалық және инновациялық дамуындағы жастардың рөлі; жастардың рухани-адамгершілігі мен қоғамдық-саяси дамуының проблемалары; бүгінгі таңдағы діннің жастарға ықпалы аясындағы мәселелер қызу талқыдан өтті. Аталмыш тақырыптар аясында С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың студенттері мен оқытушылық құрамы, Шығыс Қазақстан аймақтық университетінің өкілдері, Өскемен қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің мамандары баяндама жасап, студент жастарға болашаққа бағыт бағдар берсе, жастар өкілі, студенттер өздерінің баяндамалары арқылы ойларын ортаға салып, көздерінде от, сөздерінде шоқтай ыстық салмақ бар,

ойлы жастар бар екенін және Тәуелсіз мемлекеттегі жастардың рөлі мен орны зор екенін тағыда бір дәлелдей білді.

Осыдан шығар қорытынды: «Жас күнің - өнер іздеу, нақ дер шағын, халқынның ойлай берші оңар жағын!» -деген қазақ зиялысы Мұхамеджан Сералиннің өсиеті әрқашан жастардың көкірегінде деген сенімді білдірді. Ұйымдастырушы құрамы конференция нәтижесінде айтылған баяндамалардың ең үздіктері жинақта жарық баяндалып жалпы оқу орындары мен мәдениет ошақтарына таратылды. Кейін тәуелсіздіктің осы өзекті мәселелері аясында республика оқу орындарында конференциялар өткізілетін болды.

Қазақстан ғылымы. Ғылымның дамуы мен гүлденуі табиғаттың шынайы заңдылықтарын үйренуге және оған қоғам мүшелерін тартуға тікелей байланысты. Кеңес Одағы жүйесінің күйреуі барысында республика ғылыми мекемелері терең және шеңберлі дағдарысқа ұшырады. Зерттеушілер мен саясаткерлер мұның себебін былай түсіндіреді:

-Ғылыми зерттеулердің негізгі көздері мен бағыттарын белгілеу КСРО кезінде бір ортадан, яғни ел ордасы-Мәскеуден жүзеге асырылды. Одақтық ведомстволар зерттеу институттарын көбіне республикалардың қалауынсыз жүргізіп келді;

-Республика ғылыми-техникалық әлуетінің басым бөлігі жалпы-одақтық ғылыми құрылымға тартылғандықтан, олар Қазақстан ғылымына қосалқы түрде көңіл бөлді;

-Ғылым академиясы мен салалық ғылым мекемелері (КСРО энергетика және электрлендіру министрлігі 6 мұнай және газ өндірісі министрлігінің батыс қазақстандық институты, т.б.) өзара және академиялармен тығыз байланыста жұмыс істей алған жоқ;

-Экономикалық дағдарыс салдарынан ғылымды қаржыландыру едәуір қысқартылды;

-Кеңестік мақсаттар аясындағы қызметке арналған бағаны ырықтандыру ғылыми мекемелерді тіпті ұстап отыру мәселелерін одан сайын қиындата түсті;

-90-жылдары белең алған қаржы құнсыздануы (инфляция) ғалымдардың жалақысын құнын төмендетіп тіпті жоюға жақындатты, көптеген жаңа ғылымғы бет алған табиғи дарынды мамандар кәсіпкерлікке, ал аса көрнектілері өз бақытын тіпті шетелдерден іздеуге мәжбүр болды;

-XX ғасырдың 90-жылдарындағы республика ғылымының өрісі, оның жаңа технологиялармен жабдықталуы замануи сұранымы мен талабына үйлесе алмады.

Аталған кемшіліктерден арылу мақсатында Ел басшылығы, Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технология министрлігі бұндай қиындықтардан шығу үшін әлемдік тәжірибені жинақтап солардың аясында нақтылы жұмыстарды барынша іске асыра бастады. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев *«Ғылымды жетілдіру және республиканың ғылыми-техникалық потенциалын дамыту туралы»* деген Жарлыққа қол қойды. Осы Жарлық аясында жергілікті жерлердегі бөлімшелері мен материалдық-техникалық базаларының жоқтығына қарамастан, аталған министрлік Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында үш аймақтық бөлім құрды. 1992—1993 жылдары аса маңызды мәселелерге байланысты елімізде электроника мен байланыс жүйесі, ақпаратты және есепті техника, биотехнология, экология, минералдық шикізаттарды кешенді өңдеу, жаңа ғарыштық технологиялар бойынша 7 ұлттық ғылыми орталықтар дүниеге келді.

Бірақ қабылданған шаралар дер кезінде қажетті материалдық қорлармен толық қамтамасыз ете алмады. Елдегі тым мардымсыз экономикалық ахуал мен қаржының құнсыздануы (инфляция) бұған елеулі кедергі болды. Дегенмен іргетасы бұрыннан қаланған ғылыми ошақтар, атап айтқанда, геология, химия, механика, т.б. бүкіл-одақтық жүйенің күйреуі мен құрылымдық құлдырауына қарамастан, өз тұрғыларын сақтап қала алды. Жалпы алғанда, 1992—1994 жылдары ғылымның аса ауыр жағдайда өмір сүрген.

Аталған жәйт билік тарапынан дереу талданып Ғылым және жаңа технология Министрлігі жанынан ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды мемлекеттік сараптау бөлімі құрылды. Аталған құрылым ғылымға бөлінетін бюджет арқылы қаржыландыруға қабылданған ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың бәрін дерлік сараптаудан өткізуге тиісті болды.

1996 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің *«Қазақстан Республикасында ғылымды басқарудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру шаралары туралы»* Жарлығы жарияланды. Аталмыш құжат аясында мемлекет ғылыми саланы қайта жаңғыртуға, академиялық ғылымның реформалық жолдарын анықтаудың міндетін қойды. Осы мақсатта Ғылым және жаңа технология министрлігін, Ұлттық академияны, ауыл шаруашылығы ғылыми академиясын біріктіру ісі дереу іске асырыла

бастады. Сөйтіп, жаңадан Қазақстан Республикасының Ғылым Академиясы сияқты ғылыми ұжымдар дүниеге келді. Республикада ғылым мен ғылыми-техникалық саланы дамыту туралы заңдар базасын жетілдіруге арналған жұмыстар атқарылды. Осыған орай, *«Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпарат кеңістігін құру және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы»* Президент жарлығы мен Үкімет қаулысы шықты. Осы жылы Қазақстан Республикасы Жоғары білім және ғылым министрлігі құрылды. Қазіргі кезде ол *Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі* болып табылады.

Ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында ғылым саласын одан әрі жаңартудың 2007—2012 жылдарға арналған стратегиясы белгіленді. Қазақстандық ғылымның ертеңі республикадағы білім жүйесіне де тікелей тәуелді екені ешбір күмән келтірмейді. Қазақстанда басқарудың тікелей негізгі қағидаларына сүйенген, әрі қаржыландыру жағынан мемлекеттік және мемлекеттік емес болып есептелетін еуропалық типтегі білім беру жүйесі қанат жайып келеді.

Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесі. Бүгінгі қолданыстағы 1995 жылғы Конституция бойынша (30-бап) баршаға бірдей міндетті болып есептелетін толық орта білім алуды мемлекет тегін жүргізеді. Әйткенмен, мектеп бітірген жас жеткіншектің одан әрі қандай оқуға түсуі (мемлекеттік немесе жеке) өз еркі мен қалауына байланысты. Этностық ерекшеліктердің есепке алынуына орай, республикада оқу, білім алу 7 тілде жүргізіледі.

1997—1998 оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мекемелерде ақпараттандыру мен компьютерлендіру бағдарламасын орындау міндеттелінді. 2001 жылы мектептерді компьютерлендіру толығымен аяқталды деген тұжырым бұқараға мәлім болды.

Республика мектептерінде аталған барлық тілдер бойынша керекті оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді басып шығару төсілген тәжірибе бойынша ең маңызды және өзекті мәселенің бірі ретінде күн тәртібінде тұрды. Осы жылдары республикадағы дәстүрлі мемлекеттік және жеке меншіктегі оқу орындары білім беру ісін сыбайлас жүргізе бастаған. Әрине, бастапқы кезде оқу әдістемелік, тәрбие шараларының мазмұны мен өткізу амалдарында елеулі қарама қайшылықтар орын алып тіпті дау дамайлар да кездескен. 1995—1998 жылдар аралығында жеке меншіктегі оқу орындары саны 41-ден 88-ге дейін өсті. 2001 жылы тәуелсіздікпен бірге келген жаңа оқыту орындары - жеке меншік мектептер мен олардағы оқушылар саны 1996 жылымен салыстырғанда үш есеге артқан.

Мектептер мен жоғары оқу орнындағы жастардың білімін жетілдіру мақсатында республика көлемінде әр түрлі деңгей - дәрежедегі оқу

орындарын лицензиялау мен аттестациялаудың негізгі ережелері мен арнайы өлшем бағалау амалдары (нормативі) қалыптасқан еді.

Мамандарды даярлау ісін әлемдік үлгіге жақындатып жаңарту мен жетілдіру үшін бұрын соңды болмаған «*Дарын*» мемлекеттік бағдарламасы пайда болып ол іске асырыла бастады. Бұл бағдарлама жасөспірімдер мен жеткіншектерге тәрбие мен білім берудегі білім органдарының негізгі стратегиялық іс-шараларын белгілейтін болды. Ерекше дарынды балаларды шетел оқу орындарына жіберіп отыру мақсатында 1993 жылдан бастап «*Болашақ*» бағдарламасы өз жұмысын атқаратын болды.

Тәуелсіздік тұста жастардың, өндіріс мамандарының шетелге барып білім алу жұмысымен басқа да мемлекеттік емес білім ұйымдары, орталықтар, қорлар айналыса бастаған. Тәуелсіздік алған жылдар ішінде білім берудің қыры мен сыры, мазмұны айқындала түсіп, оларды қаржыландыру мен басқару негізі әлемдегі озық тәжірибе аясына тартылып едәуір өзгерді. Бұл салада жаңаша құқықтық-нормативтік база құрылып, қалыптасты. Білім берудің қосымша және баламалық мекемелері бұрын-соңды болмаған жетілістерге қолы жетті. Осыған орай мемлекеттік оқу орындарын қолдап-қуаттаудың мүлдем жаңа мүмкіндіктері ашылды. Білім алу мен білім берудің ықпалдастық дәрежедегі әлемдік кеңістігі ұлғайды.

XXI ғасырда білім адамзаттың даңғыл даму жолын анықтайтыны аян, сондықтан республикада білім беру жүйесін дамытудың өзекті мәселелеріне баса көңіл бөлінеді. Ең бастысы, білім беруді ұлттық экономика мен қоғамның әлеуметтік сұраныстары талаптарына сай дамытуды қамтамасыз ету міндеті бірінші кезекке қойылды.

Бұл талаптарға сай бүгінде Қазақстан Республикасы білім беру саласында халықаралық ақпарат кеңістігі жүйесіне қосылу әрекеті жүзеге асырылуда. Республиканың оқу орындары, қаржыландыру формаларына қарамастан, тәуелсіздіктің бастапқы кезінің өзінде халықаралық кәсіптік білім беру саласының коммерциялық және инновациялық қызметін игере бастаған еді.

Дүниежүзілік білім беру үдерісіне сәйкес Қазақстанда үздіксіз білім беру жүйесінің әлемдік тәжірибесі батыл енгізіле бастады. Бұл республикада кадрларды даярлау, қайта даярлау және мамандығын жетілдіру жүйесін құрудан басталды, ал жекелеген жағдайларда бұл жүйе тұрғындарды еңбекпен қамту қызметімен бірлікте әрекет етеді. Нарықтық экономика маман кадрлар даярлаудың педагогикалық арнада төсілген, озық және тиімді жүйесін құруды талап етті.

Білім жүйесінің дамудың жаңа жолына түсуі өз кезегінде тек білім алу жүйесіне ғана емес, *мәдениет* саласына да үлкен өзгерістер әкелді. Кеңестік кезеңде мәдениет пен білім мемлекеттің қосымша көмегін пайдаланатын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл екі салаға бөлінген көңіл жеткіліксіз болған. Мемлекеттің бюджеттік саясаты адамдардың рухани сұранысын объективті себептер бойынша толық қанағаттандыра алмады.

Әсіресе бұл республиканың рухани-мәдени өмірінде көбірек көрініс тапты. Экономиканың ырыққа көнбеуі, оның жылдан-жылға төмендеуі адамдар психологиясын мәдени дамудан гөрі материалдық байлыққа итермелей, икемдей түсті. Сөйтіп, білім жүйесінде алымдық, екіжүзділік, шикі ақпарат беру сияқты жат көріністер байқалды.

Қазақстанның әлемдік кеңістікке бет алуы өзінің өмір сұранысының объективті жәйлеріне қайшы сыңаржақты идеологиялық мәдениеттен гөрі әсіресе қызыл батыстық үлгіге айқара есік ашып берді. Батыстық мәдениетпен қосарланып түрліше діни секталар мен ағымдар да ағылды.

Бұл келеңсіздік өз дәрежесінде республика көлемінде мәдени-рухани саланы басқарудың әлемде төсілген жолдарын таңдауға мәжбүр етті. Олар, түптеп келгенде, мыналар еді:

- Қазақстан халқының мәдени-ұлттық сана-сезімінің жанаруына ықпал ету;
- этномәдени және конфессионалдық шектеулікте мәдени әр алуандылықты қалыптастыру;
- менеджменттің мейлінше пайдалы моделін таңдау.

Осы орайда Елбасы және республика өкімет орындары көптеген тың шешімдер қабылдауға мәжбүр болған. Мысалы, Қазақстан Республикасы «Мәдениет туралы» (1996) Заңының 3-бабында мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат қағидалары пысықталып тіпті жаңаша қаралған. Онда: а) азаматтардың шығармашылық қызметінің еркіндігі; б) мәдениет қазынасындағы құнды қорларды жинақтау, оны пайдалану мен таратуда барлық азаматтардың құқығының теңдігі; в) тарихи-мәдени мұраны қорғау; г) ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарын қатар игеру аясында тәрбие мен білім беру жүйесін дамыту; д) мәдениет саласында монополиялық пиғыл-әрекеттерге жол бермеу; е) мәдениетті қаржыландыруда бюджеттік, коммерциялық және қайырымдылық бастамаларды қолдап-қуаттау; и) мәдени қызметті ұйымдастыруда мемлекеттік және қоғамдық бастамаларды бірдей пайдалану.

XX ғасырдың 90-жылдары елдегі мемлекеттік мәдениет мекемелерінің жүйесі мәдени демалыс орындарын, кітапханалар мен мұражайларды, театрларды, концерттік ұжымдарды, кино өнері мекемелерін, мәдениет және демалыс паркттерін, т.б. қамтыды.

Бұлардың бәрі дерлік мемлекеттік қор есебінде болған еді. Бұдан кейінгі жылдарда, яғни онжылдық кезеңде мәдени саланы қаржыландыру мәселесі едәуір мынадай оңды өзгеріске ұшырады. Яғни: ұлттық дәрежедегі мемлекеттік мәдениет мекемелерін мемлекеттік тұрғыдан қаржыландыру сол күйінде сақталып қалды; нақты мәдени жобалар мен бағдарламаларды жүзеге

асыру үшін түрліше қаржы көздерін тарту мүмкіндігіне жол ашылды; меншік түрінің өзгеруіне байланысты мәдени мекемелердің басым бөлігі, атап айтқанда, кинематография, туризм, спорт, шоу, теледидар, концерттік ұйымдар, т.б. қызметі өзін-өзі қаржыландыру арқылы жүргізілетін амалға көшірілді.

Мәдениет арнасындағы жеке меншіктің түрліше ұжымдары жанры өз кезегінде сөз еркіндігіне, Қазақстанның дербес шығармашылығына жол ашты. Аталған мемлекеттік емес мәдени мекемелердің жұмыстарын ретке келтіріп отыру барысында біршамалары адамзатқа, ұлтқа, мемлекетке қарсы идеяларды насихаттап, таратуына жол бермеу үшін тіркеуден өткізу тәртібі қатаң сақталуы міндеті бекітілді.

Бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістік құру — Қазақстанның мәдениет саласындағы негізгі ұзақ мерзімге арналған (стратегиялық) мақсаты дәрежесін алды. Тек осы таңдау нәтижесінде ғана елдің рухани әлеуетін айқындап, дербес ұлт ретінде әлемдік қауымдастық қатарынан орын алуына мүмкіндік болды. Бұл мақсаттың үдерісінен шығудың құнды жолы — қазақ халқының этномәдениетін қайта жаңғыртуға қажет болды. Бұдан бұрынғы сыңаржақты идеологиялық жүйенің күйреуі рухани өмірдің дүр сілкінуіне, ұлттық салт-дәстүрдің табиғи жаңғыруына түрткі болды.

Республиканың тәуелсіздік кезеңінде тарихынан бұған мысал жеткілікті. XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап «Наурыз мейрамы» қайтадан салтанат құрды. Ол республикада тұрып жатқан барлық ұлт-ұлыстардың ортақ мерекесіне айналды. Қазақ халқының ең көне ауызекі өнерінің бірі — айтыс қайта жанданып жаңа дәуірге лайық екенін дәлелдеді.

Этнопедагогика негіздерін өмірге етене енгізу нәтижесінде білім берудің барлық нүктелерінде жас ұрпақты халықтың салт-дәстүрлеріне сай тәрбиелеу жұмыстары сипаты жаңаша мазмұн алып қазақстандықтардың мәдениетін одан әрі жандандырды. Әсіресе, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында республикада ұлттық мәдениет пен өнердің озық үлгілерін әлемдік айналымға шығару, сол арқылы Дүние жүзі қауымдастығына паш етуге жол ашылды. Мысалы, осы кезде Жамбылдың 150 жылдығы аталып өтілді, 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы тиісті дәрежеде тойланды, 1999 жылы Түркістанның 1500 жылдығы кең көлемде мерекеленуі тәуелсіз жас мемлекеттің бұл бағыттағы тарихи құтты қадамдары болса керек.

8.8. Жаңа заман тұлғасын қалыптастырудағы «Мәдени мұра- Культурное наследие» Бағдарламасының алатын орны.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев бастауымен құрылған. 2003 жылы мемлекет Басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның үлкен мәдени мұрасын, мемлекеттік тілде гуманитарлы білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпғасырлы тәжірибені біріктіруді зерттеудегі бірыңғай жүйе қалыптастыруға бағытталған бағдарлама жасауды бұйырды. Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылы басталған болатын және екі жылға есептелген. Кейін тағы екі кезең құрылды: 2007 жылдан 2009 жылға дейін және 2009 жылдан 2011 жылға дейін.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы мәдениетке деген мемлекеттік қозғалысын анықтаған рухани және білім беру істерінің даму саласындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып кетті. Мұншалықты үлкен жобаны іске асыруды ТМД елдерінің ішінде алғаш бастаған Қазақстан.

«Мәдени мұраның» мақсаты – елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу. Бағдарламаны төменгі бағыттар бойынша іске асыру міндеті қойылған еді:

- ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру;
- археологиялық зерттеулер;
- қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстар;
- ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін ортақтастыру, кеңейтілген бейне және жұмыс қатарларын құру.

2004 жылдан – бағдарламаны жүзеге асыра бастаған кезден – бастап **тарих пен мәдениеттің 78 ескерткішінде реставрациялық жұмыстар** бітірілген, олардың **28-і (35%) – 2008-2011 жылдары реставрацияланған.**

Қазақ этносының түп-тұқияндары аясында көптеген мәлімет беретін ғылымды мындаған артефактылармен байытқан **26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу** жүргізілген. Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті мен Берел қорғандарындағы қазбалар, «скиф-сібір аң стиліне» немесе өнерге жататын табылған алтын бұйымдар әлемге әйгілі атақ алды (б.з.д. V-III ғғ.).

Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздегі ескерткіштердің масштабты инвентаризациясы өткізілді және республикалық (218 объекто) және жергілікті (11 277 объекто) маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің Тізімі қабылданды. Қытай, Түркия, Моңғолия,

Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Апенция, сонымен қатар АҚШ пен Батыс Еуропаға ғылыми-зерттеу экспедициялар нәтижесінде **5 мыңнан астам құнды тарихқа, этнографияға, Қазақстан өнеріне байланысты архивті құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары алынды.**

Қазақстанда тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш рет «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қазақ тіліндегі толымды гуманитарлы білім беру қоры құру басталды. **537 кітап бір жарым миллионнан астам тиражбен шығарылды, олардың арасында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге байланысты қайталанбас сериялар кездеседі.**

Орта ғасырлардағы әуендерді терең зерттеулер жүргізілді, оның ішінде күйлер, тарихи өлеңдер. **Қазақтың дәстүрлі әндерінің «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күй, 1000 әні» антологиясы** шығарылды. Бұл масштабты мен қайталанбастығы бойынша ұлттық мәдениет тарихындағы қазақ халық әндерінің түпнұсқалық орындауларын жинау, даярлау, өңдеу, реставрациялау, цифрландыру мен CD-дискілерді шығару бойынша орасан зор еңбек.

Сәтті аяқталған шетелдік жобалар – Дамаскідегі Сұлтан Аз-Захир Бейбарс кесенесінің, Каирдегі Сұлтан Бейбарс мешітінің, реставрациясы, Дамаскідегі әл-Фараби тарихи-мәдени орталық және кесенесін салу.

«Казахфильм» АҚ киностудиясы ұлттық мәдениеттің маңызды тарихи орындары мен мұралары туралы 20 деректі фильм түсірген. Бұл «Мәдени мұра» «Қорқыт. Күй тарихы», «Номадтардың музыкалық мұрасы», «Ежелгі Түркістан сәулет ескерткіштері», «Жүсіп Ата кесенесі», «Тамғалы петроглифтері» және басқалар циклындағы деректі фильмдер.

«Мәдени мұра» бағдарламасында саяхаттық кластерді дамытатын бағыттағы шаралар іске асырылады. Туристік маршруттарды құрғанда археологтардың кеңестері қолданылады. Жыл сайын елімізде және шет елдерде тарихи-мәдени мұрамызды дәріптеу бағытында шамамен 200 шара ұйымдастырылады.

Жобаның шеңберін мұндағы қазіргі Қазақстанның бүкіл зиялы әлеуеттің қатысқаны көрсетеді: әдебиет пен өнер, философия, тарих пен этнография, тіл білу және т.б. академиялық институттар, Ұлттық кітапхана, еліміздің жоғарғы оқу орындары.

«Мәдени мұра» бағдарламасы Қазақстан тарихындағы теңдессіз гуманитарлы мемлекеттік шара бола тұрып, қазақ халқының ұлттық рухани байлығын әлемге паш етті.

Ұзақ уақыт бойы, тіпті ғасырлап қазақ этносының жанына жаралған руханият туындылары халықтан сыңаржақты идеология қысымымен алыстатылған фоножазбалары қалпына келтіріліп, қазіргі заманғы аудиотаспаларға кешірілетін болады, Мысалы, 2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы

Президентінің "Ішкі және сырты саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары" Қазақстан халқына Жолдауына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының арнасына сәйкес әзірленді. Осы Бағдарламаны әзірлеу мәдени мұра саласында қалыптасқан ахуалға неғұрлым белсенді де сындарлы ықпал ету қажеттігінен туындады.

Мәдени мұра саласындағы проблеманың сол кездегі жай-күйін талдау Қазақстанның мәдени мұрасының қазіргі жай-күйі сан ғасырлық дәстүрлерді сақтау мен одан әрі дамыту жөніндегі шаралар кешенін қолдан келгенше қамтамасыз етумен, тарих пен мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашумен, кесенелерді, ескі мешіттерді, ежелгі кенттерді тұмшалаумен, қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жандандырумен, олардың негізінде жаңа тарихи-мәдени мұражай-қорықтардың құрумен іске асты. Осындай шаралар нәтижесінде Қазақстанда 25 мыңнан астам тарих, археология, сәулет және мүсін өнерінің жылжымайтын ескерткіштері, 11 мың кітапхана, 147 мұражай, 8 тарихи-мәдени қорық-мұражай, 215 мұрағат қалпына келтіріліп халыққа қызмет істей бастады.

Тарихи және этнографиялық бейіндегі мемлекеттік мұражайлардың, Қазақстан тарихындағы есте қалатын оқиғаларға арналған мемориалдардың тармақталған желісі жасалды. Соның ішінде, Қазақстанның тарихы мен мәдениетінің қайталанбас ескерткіші Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі 2003 жылғы маусымда ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне енгізілді. Астана қаласының мәдени инфрақұрылымын жақсарту жөнінде шаралар қолданылды: республика астанасында Қазақ музыкалық комедия театры, мұражайды, кітапхананы және концерт залын қамтитын Президенттік мәдени орталығы ашылды. Ұлттық кітапхананың құрылысы аяқталды. Киноконцерт залы мен цирктің құрылысы жедел қолға алынды.

"Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы", "Мәдениет туралы", "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" Қазақстан Республикасының заңдары қабылданып, күшіне енді. Сонымен қатар, мәдени мұраны қорғау мен дамыту саласында қалыптасқан ахуал осы бағыттағы қызметті одан әрі дамыту мен жандандыруда кезек күттірмейтін кешенді шаралар жедел және аса шеберлікпен атқарылды. Қазақстанның ұлттық тарихы үшін орасан зор мәні бар көптеген тарихи, археологиялық және сәулет объектілері шұғыл қамқорлыққа мұқтаж болған орындарын тұрғызу ісі жанданды. Олардың арасында - Оңтүстік Қазақстандағы Арыстанбаб кесенесі, Қызылорда облысындағы Асан-Ата және Айқожа кесенелері, Алматы облысындағы Жаркент мешіті, Оңтүстік Қазақстан облысының Тұрбат ауылындағы тарихи-сәулет ескерткіштері, "Әзірет Сұлтан", "Жидебай-Бөрілі" қорық-мұражайларының тарихи-сәулет және археология ескерткіштері, Маңғыстау қорығы және "Ордабасы" қорығы т.б. сол секілді тарих пен мәдениеттің қайталанбас ескерткіштері бар.

Олардың көпшілігі осы уақытқа дейін урбандалу, индустриялану және технократизациялану салдарынан бұзылып-бүлінуге ұшыраған еді. Ежелгі уақыттан бергі заттық емес, рухани мәдениеттің ескерткіштерін, соның ішінде ежелгі түркі жазу мұраларын зерделеу, ғылыми амалмен болжап тану және этнос игілігіне пайдалана білу, қазіргі авторлардың шығармаларындағы дәстүрлі мифологемалар мен бейнелердің өзгеруі жүйесі мен әдістерін дамыту шаралары тарихи ақиқаттан алыстау болды. Өткен ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазақ тілді оқырман үшін философия, тарих, заңгерлік және басқа салалардағы әлемдік ғылыми ой-сананың негізі қаланған еңбектерді, сондай-ақ көркем әдебиетті басып шығару ісі тым баяулап, тіпті іс жүзінде тоқтап қалған еді. Жаңа Қазақстан руханияттық қазынасын анықтап байыту және кезекпен өскелең ұрпақты қазақстандық отаншылдық рухында тәрбиелеу, тарихи, мәдени мұраны жан-жақты зерделеуде ақтаңдақтарды жою, сондай-ақ қазақ халқының сан ғасырлық рухани тәжірибесін қорыту мақсатында мемлекеттік тілде тарихи, көркем, ғылыми толық дестелерді шығарудың өзекті мәселелері теориялық негізде жүйеленіп әлемдік өркениет аясына тартуға жол ашылды.

Қағаздан, желімнен, теріден, қатырма қағаздан және т.б. органикалық материалдардан даярланған жазба мұраның, құжаттардың табиғи тозып шығармашылық іске жрамай қалды. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының қорында, елдің мұрағаттары мен қоймаларында сақталған аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы-сазгерлердің фоножазбаларының табиғи жай-күйіне де айрықша назар аудару қажет болды. Мәдени мұра Бағдарламасы аясында мәдениет аясындағы өзекті мәселелерді кешенді түрде шешу Қазақстан халқының мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және кеңінен таныстыру жүйесін одан әрі дамытуға ықпал ететін болды.

Бағдарламаның мақсаты елдің рухани және білім беру саласын дамыту, мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге арналды. Алға қойған мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу негізінде мүмкін болды: елдің маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту; мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін жасау; ұлттық әдебиет пен жазбалы шығармалардың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту, көркем және ғылыми толық дестелерді шығару іске асырыла бастады; әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде мемлекеттік тілдегі гуманитарлық білім берудің толыққанды қорын жасау ісі де бір қалыпқа келді.

Бағдарлама 2004-2006 жылдар аралығындағы кезеңге іске асыру барысында және мәдени мұраны сақтау мен өркендетудің негізгі бағыттары айқындалды: оларды зерделеудің тұтастай жүйесі құрылып, ежелгі және орта ғасырдағы кенттерге, қоныстарға, қорғандарға археологиялық зерттеулер жүргізілді, олардың базасында қорық-мұражайлар бой көтеріп, оларды туризм инфрақұрылымының жүйесіне енгізу басталды; Қазақстанның

кайталанбас тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштері қалпына келтіріліп, жеткіншектер тәрбиесіне мұрындық болуға жарады; ғылыми білім-білікті кеңінен насихаттау, тарих ғылымының теориялық проблемаларын әзірлеу, ғылыми, көркем және энциклопедиялық шығармалар көлемі ұлғайып мазмұны жағынан байыды; Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті ескерткіштерінің жинақтары сұрыпталып баспаға дайындау жөнінде жүйелі шаралар іске асырылды; облыстық мемлекеттік инспекциялардың, қалпына келтіру ұйымдарының қызметіне бірыңғай басшылықты қамтамасыз ету, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау саласында бекітілген бағдарламалар мен жобаларды іске асыру міндетіне кіретін тарихи-мәдени мұраны қорғау мен белсенді пайдалану жөнінде республикада ұтымды құрылымды құру туралы мәселе қойылды; мемлекеттің мәдени мұрасы және ақпараттық қоры жиынтығы ретінде Ұлттық мұрағат қорын пайдаланудың тиімділігі артты; мемлекеттік тілде ұлттық әдебиет пен жазудың таңдаулы үлгілерін, әлемдік ғылыми ой-сананың жетістіктерін дайындау және басып шығару ісінде біршама қанат жайды.

Ұлттық тарих ескерткіштерін қайта жаңғырту ұлттық мәдениет үшін айрықша мәні бар мынадай ескерткіштерді: Абат-Байтақ, Айша-Бибі кесенелеріне, Қараман-Ата, Шопан-Ата сағаналарына, Ақыртас және Баба-Ата сарай кешендеріне кешенді ғылыми-мәдениеттану зерттеулері ұйымдастырылып, оларды қалпына келтіру, тұмшалау, жаңарту және абаттандыру, сондай-ақ тарихи және этномәдени ортаны өркендету мен дамыту, Қойлық, Есік, Сарайшық, Берел және басқа да ежелгі, орта ғасырдағы кенттерге, қорғандар мен қоныстарға археологиялық зерттеулерді жүргізу арқылы қамтамасыз етілді. Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті ескерткіштері жинағын баспаға дайындау жөнінде жүйелі жұмыс атқарылып сүбелі нәтижелерге қол жетті. Республика мұражайларының қорында сақталған тарих пен мәдениеттің жылжымалы ескерткіштері тұрақты түрде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді қажет болды. Осыны негізге ала отырып, ұлттық тарих үшін айрықша мәні бар мұражай қорларын қалпына келтіру мен түзу жөнінде орталықты құру ісінде билік орындарында арнайы талқыдан өтті.

Қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеудің тұтастай жүйесін құру өткеннің көрнекті ғалым ойшылдарының мұрасын зерделеу, сондай-ақ қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи мәні бар сирек кездесетін басылымдардың қолжазбаларын, әдебиет шығармаларын және мұрағат құжаттары сақталған елдерді анықтау мен сатып алу үшін алыс және жақын шетелдердің мұрағаттары мен кітапханаларында жұмыс жүргізу үшін ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Ұлттық мәдениет үшін танымалы шығармашы ғалымдардан құралған экспедициялар айрықша мәні бар тарихи-мәдени, сәулет және археология ескерткіштеріне, соның ішінде қорық-мұражайлар өңірлеріне жіберіліп оларды сақтау мен мұражайға айналдыру мақсатында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу ісі қолға алынды. Құжаттық мұраның бірегей үлгілерін сақтау, сондай-ақ оларға еркін

қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында төл тарихымызда терең ізқалдырған көрнекті Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашғар, С.Бақырғани, А.Йүгінеки, М.Дулат, Қ.Жалайыр, З.Бабыр сияқты ойшылдар және басқалардың мұрасын зерделеу ісі түбегейлі қолға алынды.

Қолжазбалар мен сирек кездесетін басылымдар мен кітаптардың: "Кодекс Куманикустың", "Қорқыт Ата кітабының" (Дрезден мен Ватикан қалаларында сақтаулы), "Оғыз-наменің" (Парижде сақтаулы), "Бабыр-наменің", "Махаббат-наменің" (Лондонда сақтаулы), Ж.Баласағұнның "Құтадғу білігінің" (Каирда сақтаулы) және қазақ халқының мәдени мұрасында тарихи мәні бар басқа да мұралық шығармалары көшірмелер нұсқаларын сатып алудың жолдары анықталып ғылыми арнаға салынды. Ежелгі қолжазбалардың, кітаптар мен басқа да дерек көздерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін Ұлттық кітапхана жанында ұлттық кітап жәдігерлері қоры құрылды, сондай-ақ кітаптар мен ежелгі қолжазбаларды қалпына келтіру жөнінде орталық қалыптасты. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізу барысында Ұлттық мұрағат қоры құжаттарының жаңа тасығыштарда сақталуы мен пайдаланылуы өзекті міндеттерге айналып жетіле түсті, оларды шешу үшін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты жанында мұрағат құжаттарының сақтандыру көшірмесін жасау мен қалпына келтіру орталығы құрылды.

Қазіргі Моңғолияның және әлемнің басқа да елдерінің аумағындағы ежелгі түркі руникалық жәдігерлерді табу мен олардың көшірмелерін жасау жұмысы біршама ілгеріледі. Ұлытауда Қазақстанның мемлекеттік тұтастығы мен халықтары бірлігінің нышаны - мүсінтас дайындалып тұрғызылды. Мәдени және аралас мұра объектілерін күзету аумақтарының шекарасы, өңірлері белгіленді, Дүниежүзілік мұраның күнілгері тізіміне енген объектілердің түпкі табаны жасалып, Қожа Ахмет Иассауи кесенесін басқару мен сақтау жөніндегі бизнес-жоспар әзірленді.

Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиет басылымдарының дестелерін әзірлеу бағытында Бағдарлама аясында да сүбелі істер атқарылды. Әлемдік мәдениеттің көрнекті ойшылдарының, әдебиетшілері мен қайраткерлерінің таңдаулы шығармаларының кең ауқымын қазақ тілді оқырманға таныстыру және гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қоры жасақталып олардың аса құнды жәдігерлері негізінде іргелі әдеби-көркем және ғылыми басылымдары әзірленіп, сан алуан данамен баспадан шығарылды. Тағы бір орасан зор құндылық "Қазақ әдебиетінің тарихы", ол бірнеше ғасырлар бойына Қазақстанда қалыптасқан, көркем әдеби ойдың түп-негізі туралы әңгімелейді, Қазақстанның ақын-жазушылары шығармашылығының негізгі үрдістері мен ерекшеліктерін ашып көрсететін болды.

Аталмыш мерзімде қажетті ресурстар және қаржыландырудың негізгі көздері қарастырылып оларға бір арнаға үйлестірілген. Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджеттің есебінен шығарылып, жалпы көлемі - 1933,6 млн. теңге, оның ішінде: 2004 жылы - 641,65 млн.; 2005 жылы

- 631,7 млн.; 2006 жылы - 660,2 млн. теңге құрады. Бағдарламаны қаржыландырудың тек 2005-2006 жылдарға арналған көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштерінің аясында нақтыланатын болады. Ұлттық әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениеттің, әдебиеттің шығарылуы сол жылдарда аяқталатын кең көлемді дестелі басылымдарын қаржыландыру мәселелері белгіленген тәртіппен қаралалды.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде елеулі нәтижелерге қол жеткен, ұлттың рухани-білім беру және зияттық-мәдени деңгейінің көтерілуіне, өскелең ұрпақты әлемге ортақ құндылықтар, қазақстандық отаншылдық рухында тәрбиелеуге, қоғамды одан әрі топтастыруға ықпал етті. Нәтижесінде: тарих пен мәдениеттің 30-дан астам маңызды ескерткіштері қайта жаңғыртылды; 32 ежелгі және орта ғасырлық археологиялық кенттер мен қоныстарды ғылыми зерттеу, тұмшалау, абаттандыру, мұражайға айналдыру және саяхаттық мақсатта пайдалану жөніндегі шараларды қолға алуға мүмкіндік берді; мәдени инфрақұрылым кеңейтілді, тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттау мен кеңінен таныстыру аясындағы қызмет жанданды; мәдени мұраны зерделеудің тұтастай жүйесін жасау жөніндегі шаралар кең өріс алды; Республикалық ұлттық кітапхана жанында Ұлттық кітап жәдігерлерін табу және сатып алу, кітаптар мен ежелгі қолжазбаларды қалпына келтіру орталығы, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты жанында қазіргі заманғы жабдықтармен жарақталған Мұрағат құжаттарының сақтандыру көшірмесін жасау және қалпына келтіру орталығы, Президенттік мәдени орталығы аясында ұлттық тарих үшін айрықша мәні бар Мұражай қорын түзу мен қалпына келтіру орталығы құрылды; 16 бағыт бойынша түрлі кітаптар дестелері шығарылды; Қазақстанның мемлекеттік тұтастығы мен халықтары бірлігінің нышаны - мүсінтас тұрғызылды; деректер базасы жасалды, ЮНЕСКО-ның күнілгері тізіміне енгізілген мәдени және аралас мұра объектілерін күзетудің аумақтары мен өңірлерінің шекарасы белгіленді; елдің қорларында, мұрағаттары мен қоймаларында сақталған аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы-музыканттардың фоножазбалары қалпына келтіріліп, барынша қазіргі заманғы аудиотаспаларға көшірілді.

2007-2009 жылдарға «Мәдени мұра» бағдарламасының келесі сатысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі № 319 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің аталмыш бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 157-тармағын іске асыру мақсатында, сондай-ақ 2007 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңес отырысының № 01-7.2. хаттамалық шешіміне сәйкес әзірленді.

Аталған Бағдарлама еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге, сақтауға, жаңғыртуға және тиімді пайдалануға бағытталған кешенді іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ету қажеттігінен өмірге келген еді. Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен болған 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында еліміздің тарихи-мәдени мұрасын сақтау және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мәселесі қаралып, онда Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» салалық бағдарламасын әзірлеп, іске асыруды тапсырды.

Мәдени мұра саласындағы проблеманың қазіргі жай-күйін талдау 2006 жылы 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы іске асыру жұмыстары аяқталды. Бағдарламаны іске асыру барысында тарих және мәдениеттің жаңа ескерткіштерін ашу, ұлттық мәдениетіміз үшін айрықша маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштерді консервациялау, қайта жаңғырту және қалпына келтіру мәдени мұраның, соның ішінде қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің біртұтас жүйесін жасау; ұлттық әдебиет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту, әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау жұмыстары жоғары деңгейде жүзеге асырылды.

Өткен кезең ішінде отыз бес тарих және мәдениет ескерткіштеріне жаңғырту жұмыстары жүргізілді, оның ішінде: 2004 жылы 12 объектіде қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды; 2005 жылы 13 объектіде қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды 2006 жылы 10 объектіде қайта жаңғырту жұмыстары аяқталды. Қазақстан аумағындағы отыз қалашықтарда, қоныстарда және қорғандарда археологиялық зерттеулер жүргізілді, оның ішінде: 2004 жылы 20 қалашыққа археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді; 2005 жылы 30 қалашыққа археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді; 2006 жылы 30 қалашыққа археологиялық қазба жұмыстары жалғастырылды. Қазақ халқының мәдени мұрасы үшін тарихи маңызы бар қолжазбаларды, сирек басылымдарды, кітаптар мен мұрағаттық құжаттарды анықтау және сатып алу үшін Қытай, Монғолия, Ресей, Батыс Еуропа елдерінің мұрағаттары мен кітапханаларына ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды. Ұлттық мәдениетіміз үшін айрықша маңызы бар қолданбалы, бірегей тарихи-мәдени, сәулет және археологиялық ескерткіштерге ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар еліміздің мұрағаттары мен қоймаларындағы аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орындаушы-музыканттардың фоножазбаларын қалпына келтіріп, қазіргі заманғы аудио тасымалдаушыларға көшіру жобасы жүзеге асырылды, оның ішінде: 2004 жылы – 10 қолданбалы ғылыми зерттеу; 2005 жылы – 10 қолданбалы ғылыми зерттеу; 2006 жылы – 7 қолданбалы ғылыми зерттеу жобалары іске асырылды. Ұлттық және әлемдік ғылыми ой-сана, мәдениет және әдебиет

басылымдарының дестелерін әзірлеу жөніндегі жұмыстар жүйелі жүзеге асырылып, екі жүз он сегіз аталым кітаптар басылып шығарылды. Олардың ішінде «Бабалар сөзі», «Қазақтар құқығының ежелгі әлемі» (Жеті жарғы), «Қазақ музыкасының антологиясы», «Әлемдік саясаттану ой-санасы», «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі», «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» дестелері бар, оның ішінде: 2004 жылы – ғылыми кітаптың 29 аталымы; 2005 жылы – ғылыми кітаптың 89 аталымы; 2006 жылы – ғылыми кітаптың 100 аталымы жарық көрді. Сонымен бірге, кең ауқымды бағдарламаны қысқа мерзім ішінде іске асыру мүмкін еместігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Қазақстанның ұлттық тарихында маңызы зор ондаған тарихи, археологиялық және сәулет объектілері әлі күнге дейін қажетті көмекке зәру болып келеді. Олардың ішінде тарих пен мәдениеттің айрықша ескерткіштері Бесшатыр, Есік, Берел және Шілікті қорғандары, еліміздің әртүрлі түпкірлерінде сақталған жүздеген жартастардағы бейнелер де бар. Олардың көбі урбанизация мен индустриализацияның салдарынан бұзылу мен жойылудан әлі күнге дейін қорғалмаған. Ежелгі дәуірден бастап осы кезге дейінгі рухани мәдениетті, материалдық емес ескерткіштерді пайдалануды зерделеу жүйесі мен әдістері қажетті дәрежеде дамымаған. Мемлекеттік және саяси құрылыстың түбегейлі өзгеруіне байланысты өткен кеңестік билік кезеңінде қабылданған Қазақ КСР тарих пен мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі ескірді, сол себепті қайта қарауды қажет етеді. Тарих пен мәдениет ескерткіштерін пайдалану және олардың базасында туризм инфрақұрылымын дамытуға жағдай жасаудың толық жүйесі әзір жеткіліксіз. 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру кезінде анықталған проблемалар 2007-2009 жылдарға арналған «Мәдени мұра» бағдарламасын әзірлегенде есепке алынды. Аталған бағдарлама шеңберінде тарихи-мәдени мұра объектілерін қалпына келтіру және консервациялау жұмыстары одан әрі жалғасуда.

Сонымен қатар Қазақстан тарихына байланысты алыс және жақын шетелдердегі тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру, зерттеу және Монғолия мен басқа елдер аумағынан табылған көне түркі руникалық жазулары бар тастардың көшірмесін жаңғырту жұмыстарын іске асыруға алғашқы қадамдар жасалды. Ұлттық мәдениетіміз үшін айрықша маңызды қазақ халқының мәдени мұрасын, оның ішінде тарихи-мәдени, сәулет және археологиялық ескерткіштерді зерделеу жөнінде кең көлемде қолданбалы ғылыми зерттеулер жоспарланған. Ұлттық әдебиетіміз бен жазбамыздың, Қазақстан тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті жөніндегі көптеген мәселелер бойынша дестелік басылымдар шығаруға қатысты көпғасырлық тәжірибесін жинақтау мәселелері де өз жалғасын табуды қажет етеді.

Бағдарламаның мақсаты еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, сақтау және қалпына келтіру мақсатына толығынан жету мынадай міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

- тарих және мәдениет ескерткіштерін, соның ішінде Қазақстан тарихына қатысты алыс және жақын шетелдердегі ескерткіштерді қайта жаңғырту жұмыстарын жалғастыру; - археологиялық зерттеулер жүргізу;

- қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстарды одан әрі жалғастыру;

- Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы және мәдениеті бойынша басылым дестелерін шығаруды жалғастыру.

2007-2009 жылдар аралығында Бағдарламаны жүзеге асыру және оның мазмұнын өркендету барысында мынадай негізгі бағыттар қамтылды:

А. Тарих және мәдениет ескерткіштерін, соның ішінде Қазақстан тарихына қатысты алыс және жақын шетелдердегі ескерткіштерді қайта жаңғырту жұмыстары жалғасып Бағдарлама аясында алыс және жақын шетелдерде Дамаск (Сирия араб Республикасы) қаласында әл-Фараби кесенесі мен этномәдени орталығын салу, Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласында (Египет Араб Республикасы) Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру, сонымен қатар Монғолия аумағында табылған көне түркі руникалық тас жазбаларының көшірмесін жаңғырту жобаларын іске асыру қолға алынды. Қазақстанның Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарыстың мешітін және Дамаск қаласындағы кесенесін қалпына келтіру Әл-Фарабидің жерленген орнына кесене мен этномәдени орталық салу жұмыстарына қатысуы, осы көрнекті қайраткерлердің қазақ даласының перзенттері екендігін әлемге мойындататын маңызды қадам жасалды. Жаңғыртылып жатқан Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштерінің ішінде Алматы облысындағы Қойлық қалашығы тарихи объектілері, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ақкесене мұнарасы, Шаян ауылындағы мешіт-медресе, Солтүстік Қазақстан облысы Сырымбет ауылындағы ХІХ ғ. белгілі ағартушы ғалымы Ш. Уәлихановтың әжесі Айғанымның үй-жайы, Жамбыл облысындағы Ақыртас сарай кешені сияқты маңызды ескерткіштер бар;

Б. Археологиялық зерттеулер жүргізу Археологиялық мұра - мәдени мұраның маңызды заттай бөлігі ретінде халықтың материалдық ескерткіші болып табылған белгілі және оған еліміздің тарихын зерделеу, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау мен пайдалану процесінде ерекше көңіл бөлінді. Археологиялық ескерткіштерге қазба жұмыстары, әсіресе ірі ортағасырлық қалашықтардағы қазба жұмыстары және оларды консервациялау мен мұражайландыру ондаған жылдарды қажет ететіндіктен, екінші кезеңдегі археологиялық зерттеулерді бірінші кезеңде таңдап алынған Бұзоқ, Қойлық, Талғар, Сауран, Отырар, Сарайшық қалашықтары сияқты еліміздің белгілі ескерткіштерінде жалғастыру арқылы тереңдетілді.

Сонымен қатар, «Мәдени мұра» бағдарламасы шарты аясындағы екінші кезеңінде ортағасырлық Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарған тарихи қала орталықтарына археологиялық-этнографиялық зерттеулер жүргізілуі қажет болды. Сондай-ақ, Ұлы Жібек жолы тармақтарының бірі болып табылатын ортағасырлық Жетісудың керуен жолдары да зерттеуді қажет етті. Арал жағалауындағы жәдігерлер – ортағасырлық қалалар Жанкент, Арал Асар сияқты тарихи

орындардың зерттелмеген тұстары толық болды. Осындай тарихи мәдени мұраларды тәуелсіз ел руханияттық қазынасына қосу Бағдарламада барынша ескеріліп ежелгі Қазақстанның патша мазараттары мен зиярат орындарын – Берел, Шілікті обаларын, Қызыл Ұйық зиярат орнын, Қазақстан аумағындағы ежелгі және орғасырлық мемлекеттердің астана орталықтарын: Арал жағалауы сақтарының астанасы - Шірік Рабат, қарлұқтар астанасы - Қаялық, оғыздар астанасы – ежелгі және ортағасырлық Жанкент, Ақорда мен Қазақ хандығының астанасы – Сауран қалашықтарын, ежелгі ортағасырлық қағандық орталығы – Ақыртас, Жошы ұлысының астанасы – Хан ордасы кешендері, сондай-ақ Ұлы Жібек жолындағы ірі қала орталықтары – Ақтөбе (Баласағұн), Сидак, Арал Асар, Шымкент, Сайрам, Сығанақ қалашықтарында тереңдетілген археологиялық зерттеулер қолға алынды.

Осы орайда, Қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстарды одан әрі жалғастыру Мәдени мұраны, соның ішінде ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін құру шеңберінде қазақ халқының тарихы, материалдық және рухани мәдениетімен байланысты түйінді ғылыми мәселелерді зерттеп нәтижелерін бұқара санасына жеткізу, оның ішінде Орталық Азияның көшпелі халықтары мен қазақтардың дәстүрлі қоғамы шексіз бай тарихы жөніндегі зерттеу және таныту іс-шаралардың сан қилы сырлары жинақталды.

Осындай жауапты және күрделі міндетті жобаларды іске асыру мақсатында Қытай, Монғолия, Түркия, Египет, Батыс Европаға, соның ішінде Париж, Мадрид, Берлин Ұлттық кітапханаларына, Ватиканның құпия мұрағатына Қазақстан үшін тарихи-мәдени құндылық болып табылатын қолжазбалар мен мұрағаттық құжаттар ескерткіштерін сәйкестендіру және жинау үшін ғылыми-іздігіру экспедициялары ұйымдастырылды.

Қазақ өңіріндегі көшпелілердің материалдық мәдениеті болып табылатын қыстаулар, қоныстар, бейіттер, құдықтар, көшпелі жолдар мен бағыттарды зерттеу, сипаттау, карталарын құрастыру және талдау; Қазақстан аумағында шаруашылық жүргізу мен табиғи-ландшафттық аймақтарды экономикалық тұрғыдан игеру әдістерін жаппай зерттеу; қазақ этносының ру-тайпалық атауларын жан-жақты зерттеу; көшпелі халықтардың, соның ішінде бірінші кезекте қазақ халқының мәдениеті мен тарихы туралы маңызды еңбектерді басып шығару аясында кең көлемді жұмыстар пысықталып біршамасы қолға алынды.

Зерттеулер нәтижесінде қазақ қонысының тарихы, археологиясы, этнологиясы, мәдениеті мен өнері жөнінде ғылыми еңбектер, атластар, этнографиялық карталар басылып шығарылды. Сондай-ақ Қытай, Монғолия, Ресей және тағы басқа алыс жақын шетелдерде тұрып жатқан қазақтардың халықтық өнері жөнінде кешенді зерттеулер жүргізілді. Еуразия аумағында табылған VI-VIII ғасырлар кезеңінің жәдігерлері көне түркі руникалық тас жазбалары ерте ортағасырлық көне түркі тайпаларының тарихын терең зерттеуге негіз болатын сирек кездесетін ежелгі түрік жазбалары бар мүмкіндік берді. Көне түркілердің жазба мұрасы мен Еуразия көшпелі өркениетінің басқа ескерткіштерін айқындау, зерделеу және қалың бұқара

санасына дарыту мақсатында Монғолия, Қытай, Иран аумағына ғылыми-ізвестіру экспедицияларын ұйымдастырып, сондай-ақ ғылыми тұрғыда ерекше маңызды Монғолия территориясында орналасқан көне түркі руникалық жазуларының жәдігерлері «Тонкөк» пен «Білге қаған» сияқты тастарының көшірмелерін жаңғырту сәтті аяқталды.

Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы және мәдениеті бойынша басылымдар дестелерін шығаруды жалғастыру Бағдарламаға Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы мен мәдениеті мәселелері жөніндегі басылымдардың жаңа дестелерін әзірлеу мен шығару шаралары іске асырылды. Олардың ішінде: «Алаш орда» қозғалысы тарихын сипаттайтын басылымдар дестесі, «IX-XVI ғасырлардағы армян дерек көздеріндегі Қазақ тарихы», «Қазақтың қолданбалы өнерінің шетелдегі жәдігерлері», Шоқан Уәлихановтың 6 томдық және «Әбу-Насыр Әл-Фараби» 10 томдық, әлемге танымалы Ә.Х. Марғұланның 14 томдық шығармалар жинағы және т.б. осындай құнды еңбектер жарияланды.

Бұндай елде бұрын сонды болмаған іс шараларға мемлекет тарапынан ұйымдастыру-материалдық қамқорлық жасалды. Мысалы, республикалық бюджет есебінен қаржыландырудың жалпы көлемі - 4 004,9 миллион теңге, соның ішінде: 2007 жылы – 1 873,6 миллион теңге; 2008 жылы – 1 376,5 миллион теңге; 2009 жылы – 754,8 миллион теңге. Бағдарламаны 2008-2009 жылдарда қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштерінің аясында нақтыланып келді. Бағдарламаны іске асыру барысында 2007 жылдан бастап Дамаск қаласында Әл-Фараби этномәдени мен кесенесі орталығын салу, Дамаск қаласында Сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каир қаласында Сұлтан Бейбарыстың мешітін қалпына келтіру, сонымен қатар Монғолия аумағында табылған кәсіптік түркі руникалық тас жазбаларының көшірмелерін жаңғырту жобалары іске асыру жұмыстары сәтті аяқталды. Бағдарламаның іс-шаралар жоспарына сәйкес Қара Сопы, Мақұл Там, Мола Қалан, Ысқақ Ата, Жабрайыл Ата кесенелерінде, Қараман Ата мазарында, «Абылай хан резиденциясы» кешенінде, Семей қаласындағы бір мұнаралы және екі мұнаралы мешітте қайта жаңғырту жұмыстарын аяқтау. - 2008 жылы тарих пен мәдениеттің жиырма екі маңызды сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту, оның ішінде Қарағұл, Ботағай кесенелері, Ақкесене мұнарасы, Қарақожа мешіті, Орал қаласындағы бірінші әскери училищесінің ғимараты, Қалжан Ахун мешіт-медресесі, Жүсіп Ата мешіті мен кесенесі бар;

- 2009 жылы он төрт тарихи-мәдени мұра объектілерінде қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді;

2007 жылдан бастап отыз екі қорған, мазарат және қалашықтарға археологиялық зерттеу жұмыстары жалғасты, оның ішінде Бозоқ, Қойлық, Талғар Сауран, Отырар, Сарайшық қалашықтары сияқты еліміздің белгілі ескерткіштерінде археологиялық зерттеу жұмыстары жалғасты;

- қазақ халқының тарихы, материалдық және рухани мәдениетімен байланысты түйінді ғылыми мәселелерді зерттеу және көпшілікке тарату, оның ішінде Орталық Азияның халықтарының көшпелі қоғамы өткенінің

тарихын зерттеу және көпшілікке тарату жөніндегі жиырма жеті қолданбалы ғылыми зерттеу жобалары орындалды;

-2007 жылы – 8 қолданбалы ғылыми зерттеу; 2008 жылы – 10 қолданбалы ғылыми зерттеу; 2009 жылы – 12 қолданбалы ғылыми зерттеу жобаларын іске асыру. - жиырма томдық қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларын шетел тілдеріне аудару және шығару, жүз томдық «Бабалар сөзі», жүз томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы», жиырма томдық «Әлемдік философиялық мұра», он томдық «Әлемдік педагогикалық ой-сана» жобаларын әзірлеу және баспадан шығару жұмыстары жалғасты, ғылымның әр түрлі саласындағы фундаменталды қырық бір ғылыми басылымдардың, оның ішінде: 2007 жылы – ғылыми кітаптың 5 аталымын; 2008 жылы – ғылыми кітаптың 12 аталымын; 2009 жылы – ғылыми кітаптың 24 проблемасы бойынша жарық көрді.

Бағдарламаның өзектілігі Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұра құндылықтарына деген мемлекет көзқарасын жүйелі жетілдіріп отырумен айқындалады. Өткен кезеңдердегі саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді қайта зерделеу мен бағалау процесі барынша кеңейіп келе жатқан қазіргі уақытта ақиқатқа объективті, нақпа-нақ және сындарлы тұрғыдан қарап, мәдени мұраны сақтау мен тиімді пайдалану ұзақ мерзімді болашғын терең бағамдау қажеттілігі өзекті мәселе болып тұр. Осы Бағдарлама халықтың әлеуеті мен ізгілік бағытын паш етіп, оның тарихи тәжірибесін байытқан және ұрпақтар жалғастығының сенімді тірегіне айналған стратегиялық ұлттық жобаны одан әрі іске асыру жөніндегі 2009 – 2011 жылдарға арналған «Мәдени мұра» салалық бағдарламасының іс-шаралар жоспарын жасауға негіз болды.

Тарихи-мәдени мұраны зерделеу мен сақтаудың қазіргі жай-күйін талдау Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру Қазақстан тарихындағы шын мәнінде теңдесі жоқ, аса жемісті гуманитарлық ауқымды шара болды. Отандық мәдениет пен ғылымды жоғары адами өркениеттің жаңаша сатысына көтеруге бола алатын жаңа құнды тәжірибе болды. Еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерделеу, айрықша маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта қалпына келтіру жөнінде ауқымды жұмыс атқарылды. Ресми ақпараттар бойынша 2015 жыл бастауында мемлекеттік мұражайларда екі миллионнан астам мәдени құндылықтар сақталыпты.

«Мәдени мұра» Бағдарламасын әске асыру барысында ұлттық мәдениет пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесі қорытылып, әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білімнің мемлекеттік тілдегі толықанды қорын құру аясында елеулі істер атқарылды деуге тұрарлық. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында 35 тарих және мәдениет ескерткіштерінде жаңғырту жұмыстары, 30 қалашық, қоныс, тұрақ пен қорғанда археологиялық зерттеу жұмыстары жүзеге асырылды. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапон, Египет, Өзбекстан, Армения, АҚШ, бірқатар Батыс Еуропа елдеріне ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, ғылыми ортаға бұрын белгісіз

болып келген қазақтың тарихы, этнографиясы, өнері туралы бес мыңға жуық қолжазба мен баспа басылымдары табылды.

Экспедициялар нәтижесінде тек Қытайдың өзінде ғана бұрын соңды зерттелмеген Қазақстанның тарихы мен мәдениетін барынша сипаттайтын үш жарым мыңға жуық тың дерек табылды. Осы зерттеулердің нәтижесінде, қазір Қазақстанда қазақ хандары мен сұлтандарының Қытай, Қоқан, Хиуа және де басқа шектес жерлердің билеушілерімен хат алмасуы жөнінде көптеген тарихи маңызды деректер жиналды. Соның ішінде, бұрын тіпті белгісіз қыпшақ жазбалары халық қазынасына қосылды. Жүздеген жазба ескерткіштер Еуропа мемлекеттерінің кітапханалары мен дипломатиялық мұрағаттарынан табылды. Шет елде Орталық Азиядағы көне көшпелі халықтардың шаруашылық құрылысы мен антропологиялық түріне, олардың тілдерінің өзара ықпалы мен қарым-қатынастарына қатысты этнологиялық деректердің табылуының маңызы айрықша зор. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі мен Тамғалы археологиялық кешені сияқты екі ғажайып ескерткіш ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік Мұралар Тізіміне енді.

Аталған тізімге ұсынылған келесі ескерткіш ежелгі Отырар қаласы болды. Мемлекеттік бағдарлама аясында 230 аталым кітап жарық көріп олардың басым көпшілігі тарих, археология, этнография жөніндегі аса құнды сериялар, жаңа энциклопедиялық сөздіктер бар. Мысалы, «Бабалар сөзі» сериясы жүздеген жылдар бойы жасалған қазақ халқының бай ауыз әдебиетін жинақтауға мүмкіндік берсе, «Қазақтың ата заңдары» жинағы қазақ халқының құқықтық мұрасының сырларын ашып көрсетеді. Мемлекеттік бағдарлама ТМД елдерінде ғана емес, сонымен қатар алыс шетелдерде де аса жоғары бағаланды. 2006 жылдың сәуірінде Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде оның тұсаукесері табысты өтті.

Мемлекеттік бағдарлама тарихи-мәдени мұраны қайта қалпына келтірумен ғана шектелмеді. Оның басты мақсаты – қоғамдық санада оң өзгерістерге қол жеткізумен қатар нақ осы тұрғыда өзекті идеологиялық, жалпымемлекеттік мәртебеге жеткізу болатын. Бұл орайда:

біріншісі, мемлекеттіліктің аса маңызды рухани негізі болып табылатын ұлттың тарихи санасының көкжиегін кеңейтіп оның қалың халық санасындағы құндылығын күшейту болды. Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу барысында зерттеулер жүргізу ауқымының тарихи шеңбері бұрын соңды қолға алынбаған концептуалды сипатқа ие болды. Ол қола дәуірінің соңынан бастап темір дәуіріне дейінгі екі мың жылдан асатын кезенді қамтыды. Нәтижесінде Еуразия кеңістігіне атты көшпелілердің шығуы және осы оқиғаның әлемдік діндер пайда болған «осьтік дәуірге» әсері, далалық өркениет пен қазақ хандықтарының жарқын әрі қастерлі кейде қайғыға толы тағдыры, Ұлы Жібек жолы бойында қалалардың пайда болуы, олардың гүлденуі, құлауы мен қайта өркендеуі, отарлану, империя құрамында болу, егеменді мемлекет ретінде болашаққа жол іздеу сияқты іргелі тарихи оқиғалар назарға алынды;

екіншісі, мемлекеттік бағдарлама ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы және нығаюына байланысты өткір мәселерді мүмкідігінше шешуге мұрындық болды;

үшіншісі, Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуы елдің жаңа тарихи-мәдени көкжиегінің түрленіп әлемдік өркениеттің тағы бір сатысына шығуға игі әсерін тигізді;

төртіншісі, «Мәдени мұра» бағдарламаның іске асырылуы бірінші кезекте қазақтардың және қазақстандықтардың төл тарихы мен мәдениетіне құрметтеп бағалау ісін арттыра түсті;

бесіншісі, аталмыш бағдарламаның елдегі этноаралық өзара түсіністіктің артуы мен ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігін айқын көрсетіп бұндағы мол әлеуетті ашып көрсетті.

Жалпы алғанда, Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру қомақты нәтижелерге қол жеткізді, ол елдегі және шетелдік зиялы қауым тарапынан жоғары бағаға ие болды. Елдің мәдени мұрасын зерделеуге, сақтауға, қалпына келтіруге және тиімді пайдалану аясында Қазақстан Республикасының әлемдік және посткеңестік мемлекеттер ортасындағы орны кеңейіп қазақ этносының тарихы биіктей түсті.

9. Қазақстан - әлем мойындаған ел.

9.1. Қазақстан Республикасының шетелдермен қарым-қатынасы.

Әлемдік қауымдастықтағы еліміздің көздеген мақсаты. Біріншіден, басқа елдермен, оның ішінде бұрынғы Одаққа кірген республикалармен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен халықаралық байланысты өркендету.

Екіншіден, шет елдермен тек дипломатиялық байланыс қана орнатып қоймай, сонымен қатар, олармен мәдени-экономикалық байланысты күшейту, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу.

Үшіншіден, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау, дүниежүзілік соғысты, ядролық қаруды қолдануды болдырмау.

Міне, осы бағытта 1991 жылдан бастап сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар саласында көптеген шаралар іске асырылды. Қазақстан өзінің барлық көршілерімен, негізгі әріптес мемлекеттерімен байыпты және болжауға болатындай байсалды қарым-қатынастар орнатты. Сыртқы саясаттың негізгі діңгегі – көпвекторлық жол, яғни көп бағыттылық. Ол – еліміздің геосаяси жағынан орналасуына байланысты өмірдің өзі талап етіп отырған қалыпты жағдай. Өткен уақыт ішінде Қазақстан Республикасын дүние жүзінің 180-нен астам мемлекеті таныды. Қазақстан 120-дан астам елмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Шет елдерде 40-тан астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашылды. Ал Алматы мен

Астанада 50-ден астам шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлтаралық ұйымдардың ондаған өкілдігі жұмыс істейді.

Қазақстан өзінің сыртқы саясатында ең жақын және ірі көрші мемлекеттер – солтүстікте Ресеймен, ал шығыста Қытаймен тығыз қарым-қатынас орнатуға ерекше назар аударып келеді. Қазақстан мен Ресей арасында 1992 ж. 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қоюдың зор тарихи маңызы бар. Екі халықтың достығы мен ынтымақтастығын нығайтуда 1996 ж. 27-ші сәуірде Ресей Федерациясының Президенті Б.Ельцин мен Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алматыда кездесіп, Қазақстан мен Ресей бірлескен Декларациясына қол қоюының маңызы өте зор болды. Онда Қазақстан мен Ресейде жүргізіліп жатқан демократиялық қайта құрулар мен саяси-экономикалық реформалардың екі ел халықтарының болашағы үшін үлкен мәні бар екендігі атап көрсетілді.

Тәуелсіз Қазақстан және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы. Кеңес одағының ыдырауы салдарынан шаруашылық-өндірістік кеңістік тарап, кәсіпорындардың, ғылыми және өндірістік бірлестіктердің арасындағы байланыстар үзілді, сондай-ақ біртұтас елдің аумағындағы бұрынғы республикааралық шекаралар мемлекетаралық шекараларға айналды. Шекаралардың мемлекетаралыққа айналуына байланысты өзара сауда және басқа да экономикалық қатынастардың жолында бір мезетте көп бөгеуіл туындап, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің экономикаларын қыруар шығынға батырды.

Осы жағдайда Қазақстан мен басқа да бұрынғы кеңес республикалары әрбір әріптестердің мүддесін бірдей ескерумен қатар, еңбекті өзара тиімді бөлудің нәтижесінде дамудың барынша жоғары ортақ нәтижесіне жетіп қана қоймай, біртұтас одақтас экономика күйреуінің шығынын барынша азайтуға мүмкіндік беретін жаңа экономикалық өзара қарым-қатынастарды қалыптастырып, шаруашылық ынтымақтастықтың жаңа схемасын іске асыру проблемасын шешуге тиіс болды.

1991 жылғы желтоқсанда құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) осы мақсаттарға жетуге тиіс еді.

ТМД өзінің қызметін халықаралық құқық қағидасына негіздейтін толық құқықты халықаралық ұйым ретінде алдына келесі міндеттерді қояды:

әрбір қатысушы-елдің экономикалық реформалар мен мемлекеттік құрылыстың өзінің меншік үлгісін жүзеге асыруға мүмкіндігінше көмек көрсету;

экономикалық та, саяси да саланың көптеген аясында өзара қатынастардың дамуына ықпал ету;

калыптасқан рухани, гуманитарлық және мәдени байланыстарды сақтау үшін жағдай жасау.

Беловеж келісімінде жазылған барлық осы ережелер ТМД-ның 1993 жылғы Жарғысында айтылған. Осы құжатта жоғарыда айтылғаннан басқа келісілген экономикалық саясаттың келесі негізгі бағыттары қарастырылады:

нарықтық қатынастар мен тауарлардың, қызметтердің, жұмыс күші мен капиталдың еркін қозғалысы негізінде ортақ экономикалық кеңістік қалыптастыру;

Ресей мен Қазақстан арасында ынтымақтастықтың одан әрі дамуында 1998 ж. 6-шілдеде Мәскеуде қол қойылған мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы Декларация маңызды рөл атқарды. Оның негізінде екі мемлекет арасындағы қаржылық өзара келіспеушіліктерді реттеу және Байқоңыр космодромын бірлесіп пайдалану мәселелері шешілді. 2000 ж. 25 қаңтарында Қазақстан Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен Ресей Президенті В.Путиннің кездесуі болды. Онда екі жақты қарым-қатынасты одан әрі жетілдіре түсуге жете мән берілді. Ал 2002 ж. желтоқсанда Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Мәскеуге ресми сапары барысында екі ел арасында қалыптасқан достық байланыстарды барынша тереңдетуге күш салынатыны баса айтылды. Сондай-ақ, аймақтық және халықаралық көкейкесті проблемалар төңірегінде жан-жақты пікір алмасылды. Екі жақты деңгейдегі, ТМД, ЕурАзЭк, ШЫҰ шеңберлеріндегі ынтымақтастық қарым-қатынастар аймақтағы елдер қауіпсіздігінің, интеграциялануының басты кепілі болып табылатыны атап көрсетілді.

2003 жыл Ресейдегі Қазақстан жылы, 2004 жыл Қазақстандағы Ресей жылы ретінде мемлекеттік деңгейде аталып өтті. 2004 жылы екі мемлекет арасындағы тауар айналымы 7 млрд. долларға жетті, мұның өзі 2003 жылғы сондай көрсеткіштен 40% дерлік көп. 2005 жылдың басында Қазақстанда тұтастай жарғылық қоры 250 миллион АҚШ долларынан асатын, Ресеймен бірлескен 1100 кәсіпорын болды.

Тәуелсіздік жылдары оңтүстік-шығыстағы үлкен көрші мемлекет - Қытай Халық Республикасымен тату көршілік және достық қатынастар орнатуда едәуір табыстарға қол жетті. 1990 ж. Қазақстан мен Қытайдың темір жол арқылы өзара байланысы іске асты, сөйтіп, біздің республика Тынық мұхит жағалауына ең қысқа жолмен шығу мүмкіндігіне ие болды. Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының дамуы өте жоғары қарқын ала бастады. Қазақстан Республикасы Президентінің Қытай Халық Республикасына 1992 ж. тамызда барған алғашқы сапарынан бастап, барлық байланыс жолдарын ашудың сәті түсті. Екі елдің арасында сауда соңғы жылдары ондаған есе өсті. 1997 ж. 25 қыркүйекте Алматыда өткен Қазақстан және Қытай делегациялары арасындағы келіссөз барысында Батыс Қазақстан

мен Батыс Қытайды жалғастыратын мұнай құбырына шығыстағы көршіміз тарапынан 9,5 млрд. доллар жұмсалатыны жөніндегі шартқа қол қойылды. Мұның өзі саяси-экономикалық байланысты нығайтуға, шекара маңында тыныштық пен бейбіт өмірді сақтауға кепілдік берді.

1998-1999 жж. белсенді дипломатиялық әрекеттер арқылы Қытай мен Қазақстан арасында тағы да жаңа маңызды уағдаластықтарға қол жетті. Ең алдымен шекараны нақтылау негізінен аяқталды. Қытаймен арадағы шекараны айқындап белгілеу Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қосымша кепілдіктер берілгенін білдірді.

Қазақстан Президентінің Қытай мемлекетіне 2002 ж. желтоқсан айында жасаған сапары екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңін айқындады. Екі мемлекет басшыларының кездесуі барысында 5 құжатқа қол қойылды. Оның ең маңыздысы “Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт” болып табылады. Сондай-ақ, бұдан басқа екі ел деңгейінде халықаралық ланкестікпен, сепаратизммен және экстремизммен күресте ынтымақтастық жөнінде, екі мемлекет арасындағы қауіпті әскери әрекетті болдырмау туралы және т.б. құжаттарға қол қойылды. Екі арадағы сауда-экономикалық байланыстар жылдан-жылға артып, 2004 жылы оның көлемі 3 млрд. АҚШ долларынан асты. Жалпы соңғы жылдары ҚХР басшыларымен өзара кездесу, келіссөздер жүргізу біздің елдің сыртқы саясатындағы тұрақты құбылысқа айналды.

Қазақстанның сыртқы саясатында АҚШ-пен қарым-қатынасының маңызы өте зор. АҚШ Қазақстан Республикасын тәуелсіз мемлекет ретінде таныған 1991 ж. 25 желтоқсанныан бастап, екі мемлекет арасында елші дәрежесіндегі толыққанды дипломатиялық қатынастар орнады. 1991 ж. желтоқсанында Мемлекеттік хатшы Дж. Бейкер Алматыға келіп, Н.Ә.Назарбаев және басқа да ресми адамдармен келіссөздер жүргізді. 1992 ж. көкек айында Қазақстанға Еуропадағы қауіпсіздік және қарым-қатынастар жөніндегі АҚШ Конгресі комиссиясының делегациясы келді. Сол жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Америка Құрама Штаттарына алғашқы сапармен барды. Осы сапардың барысында: “Сауда қатынастары жөніндегі келісім”, “Қаржы салымдарын өзара қорғау жөніндегі шарт”, “Қазақстан Республикасы және АҚШ үкіметтері арасындағы өзара түсіністік жөніндегі меморандум”, “Қос қабат салық салуды болдырмау жөніндегі конвенция келісімі туралы бірлескен мәлімдемелерге” қол қойылды. Сөйтіп, екі жақты қарым-қатынастардың шарттық-құқылық негіздері қаланды.

Осыдан кейінгі жылдары Қазақстан мен АҚШ қарым-қатынастары серпінді түрде дамып келеді. Қазіргі кезде АҚШ Қазақстан экономикасының аса ірі инвесторы болып отыр. Вашингтон Қазақстанға Орталық Азиядағы

тұрақтылық пен қауіпсіздік тұғыры, өзінің осы аймақтағы басты серіктесі ретінде қарайды. 1999 ж. желтоқсан айында Қазақстан Президенті Н.Назарбаев АҚШ-қа тағы да бес күндік сапар жасап, екі ел арасындағы байланысқа жаңа жол ашты. Екі мемлекет арасындағы келісім барысында ХХІ ғ. басындағы басымдық беретін басты бағыттары айқындалды.

Біздің мемлекетіміздің тәуелсіздігіне он жыл толуына орай жіберген құттықтау хатында АҚШ Президенті Дж. Буш Қазақстан Халықаралық қоғамдастық үшін аймақтағы тұрақсыздық пен жанжалдарға қарсы шешуші рөл атқаратынын қуаттады. 2001 жылы желтоқсанда Президент Н.Ә.Назарбаевтың АҚШ-қа ресми сапары барысында "Жаңа Қазақстан-Америка қатынастары туралы" бірлескен мәлімдемеге қол қойылды.

Сонымен қатар, Қазақстан үшін Түркия, Пәкістан, Үндістан, Иран мемлекеттерімен, сондай-ақ Азияның Жапония, Оңтүстік Корея сияқты және басқа елдерімен ынтымақтастықтың да мәні өте зор.

Қазақстанға ортақ шекарасы, қалыптасқан шаруашылық, тарихи және мәдени-этникалық байланыстары бар Орта Азиядағы - Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынас жасау өте маңызды. Осы бағытта 1994 жылы Орталық Азия экономикалық қауымдастығы құрылды. Оған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан кейіннен 1998 ж. 4-ші мемлекет Тәжікстан қосылды. Осы елдер арасындағы жасалған Шартқа сәйкес Мемлекетаралық кеңес пен оның негізгі институттары – Премьер-министрлер кеңесі және олардың тұрақты органы – Атқару комитеті құрылды. Ортақ экономикалық кеңістік туралы шартқа қол қойылғаннан кейінгі жылдар ішінде көп жақты ынтымақтастықтың маңызды бағыттары, көкейкесті халықаралық күрделі мәселелер және республикалардың экономикалық интеграциясы бойынша 200-ден астам құжаттар қабылданды. Солардың ішіндегі ең маңыздысы – Орталық Азия экономикалық қауымдастығының 2005 жылға дейінгі интеграциялық даму стратегиясы. 2002 жылдың ақпан айынан бастап Орталық Азия экономикалық қауымдастығы жаңа келісілген құжат негізінде “Орталық Азия ынтымақтастығы” болып қайта құрылды.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты көңіл аударып отырған мәселелердің бірі – **елдің шекаралық қауіпсіздігін сақтау**. Бізбен солтүстікте бірнеше мың шақырым шекараласатын Ресеймен, оңтүстік-шығыста Қытаймен шекараны тұрақтандырып бекіту өте қажет іс еді. Шекара – мемлекеттік егемендіктің басты белгілерінің бірі. Сондықтан бұл маңызды саяси проблема Ресей мен Қазақстан үкіметтері арасындағы кездесулерде әлденеше рет әңгіме арқауы болды. Осының нәтижесінде екі ел арасында 1992 ж. 15 мамырда ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа және 1999 ж. 28 наурызда Қазақстан мен Ресей арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды. Бұл шарттар бойынша Қазақстан мен Ресей әрі

карай да аймақтық қауіпсіздікті бірлесіп нығайту және қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты дамыту, сөйтіп сыртқы саясат саласында өзара бірлесіп әрекет ету көзделген. Ресей мен Қазақстан арасындағы қауіпсіздік және сыртқы саясат мәселесі екі ел арасындағы 1998 жылы шілдеде қабылданған “Мәңгі достық және одақтастық туралы декларацияда”, сондай-ақ, экономикалық ынтымақтастық туралы алдағы 10 жылға (1998-2007 жж.) арналған экономикалық бағдарламада өзінің даму көрінісін тапты. Осы келісімдер негізінде Қазақстан-Ресей шекара белдеулерінде делимитациялау шаралары жүргізіле бастады. Ал 2000 жылы қаңтарда Мәскеуде өткен екі мемлекет басшыларының кездесуінде басты үш бағыт туралы келісім жасалды. Біріншісі – екі ел саясатындағы қарым-қатынастың сабақтастығы. Екіншісі - қауіпсіздік мәселесіндегі ынтымақтастық. Үшіншісі – шекараны нақтылау мәселесі.

Қазақстанның көрші мемлекеттермен шекарасының жалпы ұзындығы 15 мыңға жуық шақырымды құрайды. Соның ішінде Қазақстанның Қырғыз Республикасымен мемлекеттік шекарасы шамамен 1050 шақырым, Ресей Федерациясымен – 7,5 мыңнан астам шақырым, Туркменстанмен – 400 шақырым, Өзбекстанмен – 1660 шақырым. Ресеймен шекараны делимитациялау мәселесі 1998 жылғы 6 шілдеде екі ел басшыларының бірлескен мәлімдемесінен және сол жылғы 12 желтоқсандағы мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі хаттамадан басталды. Алты жыл аралығындағы құжаттарды әзірлеумен тыңғылықты айналысқан сарапшылар шекаралық сызықтың барлық нүктелері бойынша ортақ келісімге келді. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Ресей президенті В.Путин 2005 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қойды. Шын мәнінде, тарихи деп бағалауға болатын осы құжат бойынша екі ел үшін де айрықша маңызы бар шекара мәселесі халықаралық нормаларға сәйкес шешімін тапты. Елбасы атап өткендей, “қадым замандардан қазақ-орыс елдері арасында шекара бірінші рет заңды түрде тартылып отыр”. Әлемдегі жерүстілік ең ұзын саналатын, жалпы аралығы 7591 шақырымды құрайтын бұл шекара сызықтары белгіленіп және мойындалып, екі мемлекет арасындағы мызғымас достықтың сенімді кепілі ретінде бағаланды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Қытаймен арадағы шекараны заңдастыруға кірісті. Өзара түсіністік пен мүдделілік бұрын-соңды болмаған табысқа қол жеткізді. 1994 жылдың сәуір айында Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен ҚХР Премьер-министрі Ли Пэн екі ел арасындағы шекара сызығын заңдастырып, белгілеу (делимитация) жөніндегі келісім-шартқа қол қойды. Жалпы ұзындығы 1718 шақырымға созылып жатқан желінің екі шағын учаскесінен (бұрынғы Талдықорған және Семей облыстарындағы) басқасы түгел заң жолымен бекітілді. Келесі кезектегі мәселелерді шешу үшін делимитациялық комиссия құрылды. Жоғары дәрежелі кездесу кезінде шекара мәселелерін толық реттеуге қатысты келіссөздерді одан әрі

жалғастыру жөнінде уағдаластыққа қол жетті. Бұл бағытта 1996-1998 жж. үш арнайы келісім болды. Соның нәтижесінде 1999 ж. қарашада Цзянь-Цземинь мен Н.Назарбаев шекаралық мәселелердің толық үйлестірілуі туралы арнайы коммюникеге қол қойылды. Сөйтіп, Қытаймен шекараны межелеу негізінен аяқталды.

Сонымен қатар, Қазақстан бұл жылдары өзінің жақын көршілері - Қырғызстанмен, Өзбекстанмен және Түркменстанмен арадағы шекара мәселелерін іс жүзінде түпкілікті реттеуге қол жеткізді.

Шекара мәселесін Азия елдерінде тұрақты шешуде Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) маңызды рөл атқарады. 1996 жылғы сәуірде Шанхайдағы кездесу кезінде Ресей, Қытай, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан басшылары шекараларды бұзбау, олардың арасындағы бейтарап аймақтық қашықтықты 100 шақырымға дейін жеткізу келісіміне қол қойылды. Кейін бұл келісімге Өзбекстан қосылды.

“Шанхай келісімі” негізінде алты ел басшыларының жыл сайынғы кездесуі 1997 ж. Мәскеуде, 1998 ж. Алматыда, 1999 ж. Бішкек, 2000 ж. Душанбе, 2001 ж. Алматыда болып өтті. Онда аймақтық қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайту мәселелері жан-жақты талқыланып, осының нәтижесінде Декларациялар қабылданды. 2002 жылғы маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымының кезекті саммиті Санкт-Петербург қаласында болып өтті. Оның жұмысында ШЫҰ құрылымын орнықтыру іс жүзінде көрініс тапты. ШЫҰ-ның Секретариаты Пекинде, ал Аймақтық терроризмге қарсы құрылымның штабпәтері Бішкекте орналасатын болды. Бұл кездесуде 3 құжатқа – ШЫҰ Хартиясына, аймақтық терроризмге қарсы құрылым жөніндегі Келісімге және ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер басшыларының Декларациясына қол қойылды.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты мақсат – бейбітшілік, соғысты болғызбау. 1992 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының 47 сессиясында Президент Н.Назарбаев Азияда өзара ынтымақ пен сенім шараларын орнықтыру туралы мәселе көтерді. Оған сәйкес 1993 ж. көктемде Алматыда осы мәселеге байланысты шақырылған бірінші бас қосуға оннан аса мемлекеттен өкілдер келген болса, сол жылғы тамыз айындағы кездесуге 17 елден сарапшылар тобы келді. Қазақстан Хельсинки процесіне қосылып, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның жұмысына қатысты (1992 ж.). Ал 1996 ж. 31 қыркүйекте Қазақстан БҰҰ-ға мүше 129 елдің қатарында ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қол қойды.

Қазақстанның СШҚ-І-Шарты мен ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы әлемдік маңызы бар оқиға. Мұның өзі елдің қауіпсіздігінің кепілдіктерін күшейтті. 1994-1995 жж. басты ядролық державалар – АҚШ,

Ұлыбритания, Ресей, ҚХР мен Франция Қазақстанға қауіпсіздіктің бірлескен және жан-жақты кепілдіктерін берді.

Қазақстан саяси-әскери одақ - НАТО-мен ынтымақтастыққа маңызды орын береді. Бұл ынтымақтастық “Бейбітшілік үшін әріптестік” бағдарламасы аясында дамып, еліміздің қарулы күштері үшін кадрлар даярлауға қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен шекарасының тұтастығын қорғау үшін өзінің жеке Қарулы Күштерін құрудың зор маңызы болды. Оны іске асыру Елбасының 1992 ж. мамырдағы “Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы” жарлығымен басталды. 2000 ж. 10 ақпанда 1999-2005 жылдарға арналған жаңа әскери доктрина және ұлттық қауіпсіздік стратегиясы қабылданды. Осы құжаттарға сәйкес армия елдің ішкі жалпы өнімінің бір пайызынан кем емес көлемде қаржыландырылатыны көзделді. Доктрина негізінде Қазақстан жерінде әскери аумақтық құрылымға көшіру жүзеге асырылып, елдің барлық аймағын қамтыған Оңтүстік, Шығыс, Батыс және Орталық әскери округтері құрылды. Сөйтіп, біздің елімізде қауіпсіздікті қамтамасыз ету ең басты мәселе болып қала береді.

1992 ж. наурызда Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылдануы республика үшін орасан зор маңызы бар оқиға болды. Осыдан кейін елімізге басқа да халықаралық ұйымдарға мүше болып кіруге жол ашылды. Атап айтқанда, Қазақстан негізгі валюта-қаржы ұйымдарына – Халықаралық Валюта қорына, Дүниежүзілік қайта құру және даму банкіне, Еуропа және Азия даму банкіне мүше болып енді. 1997 ж. басында Қазақстан 60-тан астам халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданды. Нәтижесінде Қазақстанның шет елдермен экономикалық байланыстары арта түсті, оған берілетін инвестициялық қаржылардың көлемі артты. Мысалы, 1992-1995 жж. халықаралық қаржы институтының Қазақстанға бөлген қаржысының мөлшері 2 млрд. АҚШ долларынан асып түсті. Тәуелсіздік алғалы бері 800-ге жуық мемлекетаралық және үкіметаралық келісім-шарттарға қол қойылды.

Қазақстанға тікелей инвестиция берушілердің тізімінің басында АҚШ орналасқан, одан кейін Ұлыбритания, Италия, Канада, Нидерланды, Германия, ал Азия аймағынан Қытай, Жапония, Индонезия және Оңтүстік Корея бар. Қазақстан АҚШ-пен экономикалық қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөледі. Американдық “Шеврон” компаниясымен Теңіз мұнай көздерін игеру жөніндегі ірі шартқа қол қойылды. Қазіргі кезде АҚШ Қазақстанның ең маңызды экономикалық әріптестерінің бірі болып табылады. Біздің елімізде 350-ден астам Қазақстан-Американ бірлескен кәсіпорны жұмыс істейді, сондай-ақ 100-ден астам американ компанияларының өкілдіктері тіркелген.

Қазақстан экономикасының дамуында сыртқы сауданың маңызы зор. Егемендік алған жылдардан бері Қазақстан дүние жүзінің 180-нен астам елімен сауда қатынасын орнатты. Осының нәтижесінде сыртқа шығаратын және сырттан бізге алып келетін тауарлардың көлемі жылдан-жылға өсіп келеді. 2001 ж. Қазақстанның сыртқы сауда көлемі 14 млрд. доллардан асты. Қазақстанның сауда айналымының шамамен 62% ТМД елдерінің үлесіне, 24% Еуропа елдерінің (35 ел), 13% Азия аймағы елдерінің үлесіне тиеді.

Республика сыртқы сауда саясатын дәйекті жүргізіп келген. Айталық, 2004 жылы сыртқы сауда айналымы көлемінің оң сальдосы (Сальдо – белгілі бір уақыт кезеңіндегі ақшалай түсімдер мен шығындар арасындағы айырма) 7 млрд. доллардан асатын 33 млрд. АҚШ долларына жетті. Бұл 1994 жылмен салыстырғанда 3 еседен астам өсті деген сөз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында негізінен ТМД-ның ауқымымен шектелген біздің сыртқы саудамыздың географиясы да біршама тарамдала түсті. Қазақстан тауар айналымының құрылымында 2004 жылы Еуропалық одаққа мүше елдер, Ресей, Швейцария мен Қытай алғашқы орындарға шықты. Осылайша біз әлемдік экономиканың бөлінбес бөлігіне айналып, жаһандық бәсекелестік арнасына ендік (Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 19 ақпан 2005 ж.).

2007 жылы 30 қарашада Мадридте ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің жалпы отырысында Қазақстан Ұйымның 2010 жылғы төрағасы болып сайланды. 2010 жылы Қазақстанға Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға төрағалық ету мүмкіндігін берген әлемнің 56 мемлекетінің шешімі – еліміз қол жеткізген тағы бір ірі жетістік. Бұл – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық зор беделінің ерен табысы, еліміздегі ұлан-ғайыр оң өзгерістердің, біздегі демократияның айшықты нәтижесі. Біздің еліміз халықаралық мойындауда және өзінің дамуында жаңа сапалық дәрежеге көтерілді. ЕҚЫҰ – дүние жүзіндегі аса беделді халықаралық ұйымдардың бірінен саналады. Қазақстан – ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететін бірінші ТМД елі, ол бірінші түркі елі, ол тарихи тұрғыда өркениетті ислам кеңістігіне жататын бірінші ел, ең соңында, ол бірінші азиялық ел.

Қорыта келгенде, тәуелсіз Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен тең деңгейде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастар орнатты. Тәуелсіздік жылдары еліміздің сыртқы саясаттағы күш-жігерінің арқасында орасан зор тарихи маңызы бар міндеттер орындалды. Қазақстан дүниежүзілік қауымдастықта лайықты өз орнын алды. Егер 1991 жылы әлемдік қоғамдастықтың іс жүзінде Қазақстанға қандай да бір ықыласы аумай келсе, бүгінгі күні Қазақстанды әбден танып, құрметтеп отыр. Қазақстан Орталық Азияның көшбасшысына, халықаралық құрметті

әріптеске, халықаралық лаңкестікке, есірткінің жайылуы мен ядролық карудың таралуына қарсы белсене күресетін мемлекетке айналды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болды, оның бастамалары тәжірибе жүзінде әрқашан кең қолдау тапты және нақты іс жүзіне асырылып отырды. Бүгін біздің еліміз халықаралық дәрежеде танылудың жаңа сапалық деңгейіне көтерілді. Қазақстанның 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі туралы шешім оның сенімді дәлелі болды.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты белсенділігімен, тепе-теңдік сақтауға ұмтылысымен, прагматизмдігімен, сындарлы сұхбат жүргізуге талпынысымен және көпжақты ынтымақтастыққа бағытталғандығымен ерекшеленеді. Халықаралық аренада мемлекетіміз өзінің тарихи, геосаясаттық және экономикалық факторларына байланысты көп ғасырлар бойы сыртқы саясатын халықаралық ынтымақтастық, көршілес мемлекеттермен татуластық және олардың аймақтық біртұтастығын құрметтеу принципіне негіздеп жүргізіп келеді. Қазақстанның өзге мемлекеттермен тең құқылы және екі жаққа да тиімді қарым-қатынас құруға дайындығы оның бүгінгі күні дипломатиялық байланыс орнатқан шет мемлекеттердің санының көптігімен дәлелденіп отыр. 1991 жылы тәуелсіздік алған сәттен бастап біздің республика әлемнің 130 мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты.

Қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайлары. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы аса маңызды және мәңгі өзекті мәселе әлемдегі қазақтарды туған елінің рухына иландыру болып табылады. Бұл тарихи кезеңнің бірінші күнінен осы мәселеге мемлекет, оның басшысы тарапынан айрықша бағыт алынды. Бұл орайдағы басты мақсат дүниежүзінің түкпірлеріндегі қазақ перзентін жаңа мемлекеттің саяси ұстанымынан тұрақты хабардар ету. Осындай мақсатты іске асыру жолының бірі ол қазақтардың Дүниежүзілік құралтайын өткізу болып біршама тиімді тәжірибе жинақталды.

1-нші құрылтай. 1992 жылы Қазақтардың 1-нші Дүниежүзілік құрылтайы Алматыда өткізілді. Құрылтайға алыс және жақын шет мемлекеттерден, соның ішінде Түркия, Алмания, Франция, Норвегия, Моңғолия, Қытай, Аустрия және басқа 33 елдерден 800-ден астам өкіл қатысты. Құрылтай жұмысында Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын құру, оның Жарғысын қабылдау, басшы органдарын сайлау мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы етіп сайлау туралы ұсыныс бірауыздан қабылданды. Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының

бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев төрағаның бірінші орынбасары болып сайланды. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының басшылығын құрылтайға қатысушылар мына құрамда толық қолдады:

Нұрсұлтан Назарбаев — Төралқа төрағасы, Қалдарбек Найманбаев — Төрағаның бірінші орынбасары, Дәлелхан Жаналтай (Түркия), Мырзатай Жолдасбеков, Алтынбек Сәрсенбаев — Төралқа мүшелері, Құрылтай таңбасының авторы - суретші Бейсен Серікбай болды.

2-нші құрылтай 2002 жылы Түркістан қаласында өтті. Құрылтайға алыс және жақын 32 шет мемлекеттерден 400-ден астам өкіл қатысты.

Дүниежүзі Қазақтарының Құрылтайы ІІ-ші рет, 2002 жылдың күзінде Түркістан қаласында өткен құрылтайда тарихи отанына оралуды аңсап жүрген қандастарымыздың қатарының толығыуы жайында сөз болды. Түркістан көптеген тарихи кезеңдерді басынан өткерген қала болғаннан кейін әдейі таңдалса керек, оның алдында Түркістан қаласының 1500 жылдығы аталған. Құрылтайға алыс және жақын 32 шет мемлекеттерден 400-ден астам өкіл қатысты. Бұл құрылтайда оралмандардың елге оралу мәселесі қаралып, көші-қон шеңберінің мөлшерін ұлғайту жоспары қарастырылды.

Тәуелсіз кезеңде шетелдік қазақтардың туған жеріне оралу процесі біртіндеп қарқын алды. КСРО тұсында бұндай оңды көрініс соңғы рет ХХ ғасырдың орта шенінде Шығыс Қазақстан және Семей өңіріне жүз мыңнан астам ағайындардың Қытай Халық Республикасынан өз бетімен шекараны бұзып өту оқиғасымен сипатталған болатын. 2003 жылы 5 мың отбасы, 2004 жылы 10 мың отбасы, 2005 жылы 15 мың отбасы елге көшіп келді, жылына 50-60 мың оралман туған жеріне қайтты.

1992 жылғы 14 желтоқсанда Алматыда Қазақстан халықтарының тұңғыш форумы өткізіліп оның барысында негізінен мынандай мәселелер қаралды: 1. Жаңа көзқарас тұрғысынан интернационализм мен тату көршілік қатынас жағдайлары. 2. Президенттің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығы алғаш рет академик М. Сүлейменовке, халық жазушысы Д. Снегинге, жазушы, аудармашы Г. Бельгерге тапсырылды. 1993 жылы 17 желтоқсанда Қазақтардың дүниежүзілік қауымдастығының тұсау кесер салтанаты болды. Сол жылдың өзінде-ақ Қазақстанға Монғолиядан, Түркиядан, Ираннан және ТМД елдерінен 7,5 мың қазақ отбасы көшіп келді.

3-нші құрылтай. 2005 жылы 27-28 қыркүйекте Қазақтардың 3-нші Дүниежүзілік құрылтайы Астанада өткізілді. Бұл шараға алыс және жақын 32 шет мемлекеттерден, соның ішінде Ресейден, Қытайдан, Аустриядан, Чехиядан, Норвегиядан, Италиядан, Сингапурдан, Мысырдан, 300-ден аса өкіл, сондай-ақ Қазақстанның барлық облыстары мен Алматы және Астана қалаларынан 200-ден астам тіған жерін аңсағандар қатысты.

Құрылтайда шетелде тұратын қазақ шетжұрты өкілдерін Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында оқыту үшін жағдай жасау, сондай-ақ тарихи отанына инвестициялар орналастыру мүмкіндіктері секілді мәселелер талқыланды.

Кәсіпкерлік (бизнес) байланысын нығайту, қазақ шетжұрты республиканың экономикасы туралы толығырақ ақпарат алуына ықпал ету, кәсіпкерліктің даму жағдайы, мемлекет пен бизнес-қоғамдастықтардың өзара қарым-қатынас секілді мәселелер қаралды.

Көптеген себептерге байланысты Орталық Азия мен Қазақстан аймағы әлем саясатында қазіргі кезде ерекше назарға ие. Қазақстан екпінді даму қарқынының арқасында ірі трансұлттық корпорациялардың, өзге мемлекеттердің үлкен қызығушылығына ие. Бұл түсінікті де, Қазақстан Орталық Азиядағы географиялық сипаты бойынша ең ірі мемлекет болып табылады, оған қоса экономикалық даму қарқыны бойынша біздің мемлекет аймақтағы көшбасшы. Осы ретте еліміздің болашақта даму мүмкіндіктерінің мол екендігін ескере кету керек. Бүгінгі күні қазақстандық сыртқы саясат басымдылығы ең алдымен Ресей, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия аймағындағы көршілес мемлекеттермен, ислам әлемімен тең құқылы қарым-қатынас құруға бағыттталып отыр. Бұл тұрғыда 2006 — 2007 жылдары аталмыш мемлекеттермен және аймақтармен ей жакты байланыс едәір алға басты. Ел мүддесіне қатысты бірталай маңызды құжатқа қол қойылған мемлекет басшылығының Вашингтон, Мәскеу, Брюссел, Лондон, Бейжің, Каир, Тегеран, Ташкент, Бішкек және тағы да басқа мемлекеттердің астаналарына ресми сапарларының қорытындылары да осыны айғақтай түсуде. Осылайша мемлекетіміздің әлемнің жетекші державалары мен көршілес ТМД мемлекеттері арасындағы стратегиялық серіктестігі жаңа деңгейге көтерілді деуге болады.

Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастық. Елбасы, мемлекет құрамы тәуелсіздікке қол жеткен тұстан ғасырлар бойы туысқандық, мәдени, саяси және экономикалық, қарым-қатынаста болып келген көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықты жетілдіруге ерекше мән беріп келген. Аймақтың ең ірі мемлекеті ретінде ғана емес, экономикасы едәуір алға басқан Қазақстан аймақ бойынша көршілес елдермен тығыз қарым-қатынас орнатуға қызығушылық білдіруде. Біздің мемлекетіміздің ендігі жердегі қарқынды дамуы аталмыш республикалармен қалыптасатын қарым-қатынаспен де тығыз байланысты. Сол себепті Қазақстан Орта Азиялық Одақ құру идеясын алға тартып отыр. Бұл бірлестікке Қазақстаннан басқа аймақтың Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркменістан сияқты мемлекеттері де кіруі мүмкін. 2006 - 2007 жылдар аралығында Орталық Азия мемлекеттері президенттерінің Астанаға іс-сапарлары барысында және Қазақстан басшылығының аталмыш аймақ мемлекеттеріне ресми сапарлары барысында мемлекетаралық саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени

қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын маңызды екі жақты келісімдер қабылданды. Бұл құжаттар Қазақстанның көршілес мемлекеттерімен байланысын нығайта түсіп, Орта Азиялық Одақ идеясын жүзеге асыру үшін айтарлықтай серпін беріп отыр.

Ресей Федерациясымен ынтымақтастық. Қазақстанның сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі Ресеймен қарым-қатынас болып табылады. Бұл мемлекетпен біздің ел көп жылдар бойы тығыз қарым-қатынаста болып келеді. Өзара бөлісіп жатқан мемлекеттік шекараның ұзындығының өзі 7591 шақырымға созылып жатыр. Мемлекетаралық достастық екі бірдей президенттің және екі ел халқының өзара тығыз байланысы арқасында дамып отыр. Қазақстан мен Ресей арасында отын-энергетикалық кешен, көлік және коммуникация, әскери-техникалық және қорғаныс өнеркәсібі салалары бойынша байланыс орныққан. Қазақстан-ресейлік қарым-қатынастың біртұтас спектрі көптеген екі жақты құжаттар және келісімдермен реттелуде. Екі жақты қарым-қатынаспен қоса екі бірдей мемлекет аймақтағы әскери-саяси және экономикалық сипаттағы көптеген аймақтық ұйымдар шеңберінде өзара белсенді әрекеттесуде. Сөз тиегі болып отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық Экономикалық Қауымдастығы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы және Коллективті қауіпсіздік туралы келісім Ұйымдары. 2012 жылы Қазақстан мен Ресей өзара дипломатиялық қарым-қатынас құрғанының 20 жылдығын атап өтеді.

Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастық. Біздің мемлекетіміздің тағы да бір көршілес елмен қарым-қатынасы серпінді даму үстінде. Бұл - Қытай Халық Республикасы. Жыл сайын екі ел арасындағы тауарайналымы өсіп, экономика, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық салаларында көптеген ірі жобалар жүзеге асырылып отыр. Ұдайы қарым-қатынас арқасында екі ел басшылығының арасындағы байланыс нығайып келеді.

Америка Құрама Штаттарымен ынтымақтастық. Оған қоса Қазақстанның Америка Құрама Штаттарымен байланысы жылдан жылға нығая түсуде. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2006 жылы АҚШ-қа ресми сапары қазақстандық-американдық ара-қатынастың дамуына және нығая түсуіне септік еткен маңызды шара болды. Сапар барысында екі ел арасында болған сындарлы сұхбаттар кезінде қауіпсіздік, терроризммен күрес, энергетикалық саладағы байланыстың дамуы және Қазақстан Республикасындағы жоғарғы технологиялық, инновациялық өндірістерді дамыту процесіне американдық компаниялардың ат салысуы талқыланды.

Ислам әлемімен ынтымақтастық. Қазақстанның ислам әлемімен қарым-қатынасының тереңдей түсуі турасында 2006-2007 жылдар аралығында бұл байланыстың қарқындылығы байқалғанын атап өтуге

болады. 2007 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаев Мысыр, Иордан, Катар, Сирия, Біріккен Араб Әмірліктерінде ресми сапармен болып қайты. Ал Қазақстанға Мысыр Президенті Х.Мубарак және Иордания королі Абдалла II келді. Бұның бәрі біздің еліміздің және ислам мен араб әлемі арасындағы қарым-қатынасының жаңа деңгейге көтерілгендігінің бірден-бір белгісі болып табылады. Мысалға 2007 жылдың қараша айында Елбасының Сирия Араб Республикасына ресми сапары елеулі оқиға болды. Бұл біздің ел Президентінің араб және мұсылман әлемінде ықпалы зор Сирия мемлекетіне деген алғашқы сапары болды. Бұл мемлекет территориясында Қазақстанның тарихына тікелей байланысы бар ұлы ғұламалар жерленген. Олар қазақ даласынан шыққан бүгінде Дамаскеде жерленген ұлы ғалым, ағартушы Әбу Насыр Әл-Фараби мен аты аңызға айналған қолбасшы, әмірші Сұлтан Бейбарыс.

Осы ретте тарихи және мәдени мұраларды әрдайым сақтап, дәріптеген Қазақстанның Дамаскедегі Әл-Фараби кесенесін салуға және Сұлтан Бейбарыстың кесенесінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржы бөліп отырғандығы да кездейсоқтық емес. Бүгінгі күні республикамыз әлем ауқымындағы өзекті Батыстың жетекші мемлекеттері мен ислам әлемі арасындағы «Батыс — мұсылман әлемі» диалогын дамыту идеясын алға тартып отыр, әзірше бұл сыртқы істер министрлері деңгейінде жүзеге асуда. Қазақстан аталмыш идеяны әлем діндерін біріктірген және дінаралық сұхбат құруға мүмкіндік берген өзінің халықаралық тәжірибесіне сүйене ортаға салуда. Бұған мысал мемлекетімізде 2003, 2006 және 2009 жылдарда үш рет өткен және халықаралық деңгейде жоғары бағаға ие болған Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының Съезі. БҰҰ Бас Ассамблеясының 62-і сессиясында сөйлеген сөзінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев болашақ съездің БҰҰ аясында өткізілуі туралы ұсыныс жасады.

Еуропа Одағымен ынтымақтастық. Тәуелсіздік алған сәттен қазақ елінің Еуропа Одағына мүше елдер арасындағы қарым-қатынас едәуір алға басты. Бұл ретте мемлекетіміздің ЕО-мен «ЕО үштігі — Орталық Азия елдері» диалогы шеңберіндегі ара-қатынасын атап өту қажет. «ЕО үштігі — Орталық Азия елдері» аясындағы соңғы кездесу 2007 жылдың көктемінде Қазақстан Республикасының Елордасы Астана қаласында өтті, оның барысында ЕО-ның Орталық Азиядағы 2007-2013 жылдарға арналған стратегиясы талқыланды. Сол жылдың 30 маусымында Берлин қаласында Еуроодақтың Орталық Азияға қатысты Стратегиясының тұсаукесер рәсімі өтті. Демократиялық реформалар нәтижесінде қол жеткізілген Қазақстанның саяси, экономикалық жетістіктерін халықаралық қауымдастықтың мойындауы және әлемдегі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі біздің республиканың ықпалының өсуі мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың ТМД Төрағасы ретінде 2006 жылы Санкт-Петербургте өткен G-8 саммитіне қатысуға мүмкіндік берді. Саммит аясында Н.Ә. Назарбаев әлемдік және аймақтық державалардың басшыларымен кездесіп, олармен

болған сұхбат барысында екі жақты және көпсалалы ынтымақтастыққа байланысты көптеген мәселелерді талқылады.

Посткеңестік мемлекеттерімен интеграциялық процестер. Республиканың сыртқы саясаты стратегиясында бұрынғы кеңес кеңістігінде болып жатқан интеграциялық процестер ерекше орынға ие. Біздің мемлекет бұрынғы КСРО республикаларының басым бөлігін бірлестірген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын сақтап, оны дамыту турасында біршама іс атқаруда. 2006 жылдың мамыр айынан бастап 2007 жылдың қазан айына дейін Қазақстан ТМД-да төрағалық етіп Достастықтағы интеграциялық процесстердің дамуына жаңа серпініс берді. Төраға ретінде Қазақстан ТМД ұйымының жалпы тиімділігін арттыру мақсатында Достастықты реформалау бойынша Концепцияны жасап, ТМД мүше басқа елдердің талқылауына салды. 2007 жылдың қазан айында Душанбеде өткен ТМД саммиті барысында аталмыш Концепция қабылданды. 2007 жылдың маусым айында Санкт-Петербуркте өткен Достастыққа мүше мемлекеттер басшыларының ресми емес саммитінде Қазақстан Президентінің ұсынысы республикамыздың ТМД ұйымының қажеттілік деңгейін арттырудағы тағы да бір айтарлық қадамы болды. Қазақстан басшысы ендігі жерде Достастық көшбасшылары жылына бір көкейкесті мәселені қарастыруды ұсынды. Бірінші болып ТМД мемлекеттерінің бәріне ортақ өзекті мәселе көші-қон тақырыбы қарастырылды. Ал 2008 жылы ТМД Төрағасы ретінде Қазақстан көлік және коммуникация мәселесін талқылауды ұсынды. Бұрынғы кеңес кеңістігінде экономикалық беделі жоғары Қазақстан мемлекеті Еуразиялық Экономикалық Қауымдастыққа мүше жетекші мемлекет болып табылады. Аталмыш Ұйымға Қазақстаннан басқа ТМД-ның бес мемлекеті мүше. Олар Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Беларусь және Тәжікстан. Біздің республикамыздың экономикалық мүмкіндіктері мен белсенділігі бұл ұйымның даму қарқынына айтарлықтай септік етуде.

Қазақстан Республикасы мен ТМД арасындағы қатынастар. Тәуелсіз Қазақстан және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы. Кеңес одағының ыдырауы салдарынан шаруашылық-өндірістік кеңістік тарап, кәсіпорындардың, ғылыми және өндірістік бірлестіктердің арасындағы байланыстар үзілді, сондай-ақ біртұтас елдің аумағындағы бұрынғы республикааралық шекаралар мемлекетаралық шекараларға айналды. Шекаралардың мемлекетаралыққа айналуына байланысты өзара сауда және басқа да экономикалық қатынастардың жолында бір мезетте көп бөгеуіл туындап, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің экономикаларын қыруар шығынға батырды.

Осы жағдайда Қазақстан мен басқа да бұрынғы кеңес республикалары әрбір әріптестердің мүддесін бірдей ескерумен қатар, еңбекті өзара тиімді бөлудің нәтижесінде дамудың барынша жоғары ортақ нәтижесіне жетіп қана қоймай, біртұтас одақтас экономика күйреуінің шығынын барынша азайтуға мүмкіндік беретін жаңа экономикалық өзара қарым-қатынастарды

калыптастырып, шаруашылық ынтымақтастықтың жаңа схемасын іске асыру проблемасын шешуге тиіс болды.

1991 жылғы желтоқсанда құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) осы мақсаттарға жетуге тиіс еді. ТМД өзінің қызметін халықаралық құқық қағидасына негіздейтін толық құқықты халықаралық ұйым ретінде алдына келесі міндеттерді қойған:

-әрбір қатысушы-елдің экономикалық реформалар мен мемлекеттік құрылыстың өзінің меншік үлгісін жүзеге асыруға мүмкіндігінше көмек көрсету;

-экономикалық та, саяси да саланың көптеген аясында өзара қатынастардың дамуына ықпал ету;

-қалыптасқан рухани, гуманитарлық және мәдени байланыстарды сақтау үшін жағдай жасау.

Беловежье жерінде қол қойылған келісімінде жазылған барлық осы ережелер ТМД-ның 1993 жылғы Жарғысында айтылған. Осы құжатта жоғарыда айтылғаннан басқа келісілген экономикалық саясаттың келесі негізгі бағыттары қарастырылады: нарықтық қатынастар мен тауарлардың, қызметтердің, жұмыс күші мен капиталдың еркін қозғалысы негізінде ортақ экономикалық кеңістік қалыптастыру болды.

Қазақстан Республикасы және Армения Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 27 тамызда орнатылды. 1992 жылғы қазаннан бастап Қазақстан Республикасында Армения Республикасының Елшілігі жұмыс істейді. 2007 жылғы 1 наурыздан бастап Армения Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігі жұмыс істейді. 2006 жылғы 20 қазаннан бастап Қазақстан Республикасының Армения Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі ашылған. 2013 жылғы 22 қазаннан бастап Армения Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызмет атқарады.

Саяси қатынастар. Қазақстан және Армения тәуелсіздік алғалы бері екіжақты қарым-қатынас әріптестік және өзара тиімді ынтымақтастық рухында дамып келеді. Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы қатынастардың негіздері туралы шарт (1993 жылғы 19 қаңтар) және Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасындағы достық және ынтымақтастық туралы шарт екіжақты қарым-қатынастарды реттейтін негізгі құжаттар болып табылады, соңғы құжатқа Армения Республикасының Президенті Қазақстан Республикасына ресми сапары (1999 жылғы 1-2 қыркүйек) барысында қол қойылды.

Қазақстан мен Армения арасында барлық деңгейлерде сенім білдірілетін диалог орнатылған. Өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты ұлғайтуға қатысты екіжақты ұмтылыс Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2001 жылғы 23-24 мамырда Армения Республикасына жасаған ресми сапары барысында және Армения Республикасының Президенті 2006 жылғы 6-7 қарашада болған Қазақстан Республикасына ресми сапарлары барысында паш етілді.

2010 жылғы 20-21 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының бейресми саммитіне қатысу үшін Арменияға іссапармен келді. 2010 жылғы 5-6 шілдеде Армения Президенті Астанада ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің 27-ші отырысының жұмысына қатысты. 2011 жылғы 12 тамызда Армения Республикасының Президенті Бурабайда өткен ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының бейресми саммитіне қатысты.

Сауда-экономикалық қатынастар. 2013 жылғы Қазақстан мен Армения арасындағы өзара сауда айналымының көлемі 7,68 млн. АҚШ долл. құрап (экспорт – 0,81 млн., импорт – 6,87 млн. АҚШ долл.), 2012 жылдың көрсеткіштерімен (3,71 млн. АҚШ долл.) салыстырғанда 2,07 есе артты. 2014 жылғы қаңтар-ақпан айларында сауда айналымы 0,8 млн. АҚШ долларын құрады (экспорт – 0,1 млн. АҚШ долл., импорт – 0,7 млн. АҚШ долл.). Қазақстаннан Арменияға экспортқа шығарылатын негізгі өнімдер металл өнімдері (56,4%), әр түрлі құрал-жабдықтар (24,8%), конденсаторлар, панельдер, баспа өнімдері және т.б. болып табылады. Қазақстанға әкелінетін армян экспортының құрамында – 24,3% зергерлік бұйымдар, 23,4% - құрал-жабдықтар, 15% - каучук және фактис, 13,9% - денатуранбаланған этил спирті және т.б.

2013 жылғы 24-25 қазанда Ереванда Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстандық-армяндық үкіметаралық комиссияның (ҰАК) 5-ші отырысы болып өтті. Отырыс барысында екіжақты сауда-экономикалық қарым-қатынастың жәй-күйі мен келешегі, сондай-ақ кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, көлік, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау, қала құрылысы, мәдениет, туризм және ғылым салаларындағы ынтымақтастық бағыттары және Қазақстан мен Армения арасындағы шарттық-құқықтық базаны одан әрі дамыту мәселелері талқыланды және қаралды. Кездесу барысында тараптар арасында Үкіметаралық комиссияның кезекті отырысын 2014 жылы Астана қаласында өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық. Қазақстан және Армения арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық Мәдениет саласында ынтымақтастық туралы келісіммен (2006 жылғы қараша, Астана қ.) бекітілген. Қазақстан мен Армения арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнатылуының 20-жылдығын мерекелеу шеңберінде 2012 жылғы 27-31 тамыз кезеңінде Ереванда «Қазақфильм» делегациясының қатысуымен Қазақстанның Армениядағы кино күндері өтті. Армян көрерменіне қазақстандық режиссерлердің 5 үздік фильмдері ұсынылды. Лорий облысы Одзун селосында (Армения) 2012 жылдың 5-19 қазан кезеңінде өткен кескіндеме өнерінің 5-ші халақаралық симпозиумына Қазақстанның суретшілер Одағының 5-мүшелері қатысты. Сондай-ақ, 2013 жылғы 9 қыркүйекте Ереван қаласында қазақстандық суретшілердің туындыларынан ұйымдастырылған «Армения бояулары» атаулы көрме өтті.

Тәуелсіз Қазақстан мен Әзербайжан Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 27 тамызда орнатылды. Қазақстан

Республикасының Әзербайжан Республикасындағы Елшісі –2013 жылдың ақпан айынан бастап, ал Әзербайжан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшісі 2009 жылдың қыркүйек айынан бастап міндеттерін атқаруда.

Саяси ынтымақтастық. Қазақстан-Әзербайжан қатынастары, Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың 2005 жылы мамырда Бакуге жасаған ресми сапарының қорытындысында қол қойылған Стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастар туралы шартқа сәйкес дамып келуде. Көпжақты форматта тараптар халықаралық және аймақтық ұйымдар аясында (БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЭЫҰ, ИЫҰ, АӨСШК, ТМД, ТҮРКІСОЙ, ТМЫК және тағы басқа) белсенді түрде өзара әрекеттесуде. Қазақстан мен Әзербайжан арасында жоғары және жоғарғы деңгейлерде кездесулер мен келіссөздер үнемі өткізіліп тұрады. 2009 жылғы 2-3 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Әзербайжан Республикасына ресми сапары болып өтті. 2009 жылғы 3 қазанда ҚР Президенті Н.Назарбаев Нахчыван қаласында (Әзербайжан Республикасы) Түркітілдес мемлекет басшылары ІХ Саммитіне қатысты. 2010 жылғы 18-19 қарашада ҚР Президенті Н.Назарбаев Баку қаласында өткен Каспий жағалауы мемлекеттері 3-ші Саммитінің жұмысына қатысты. 2011 жылғы 19-21 қазанда ӘР Президенті И.Әлиевтің Қазақстанға ресми жауап сапары өтті. Сапар шеңберінде Әзербайжан Басшысы Түркітілдес мемлекеттері ынтымақтастық Кеңесінің 1-ші Саммитінің жұмысына қатысты. 2013 жылғы 16 тамызда ҚР Президенті Н.Назарбаев осы елдің Габала қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттері ынтымақтастық Кеңесінің 3-ші Саммитінің жұмысына қатысып бұл бағыттағы өзекті мәселелер аясында пікір алысты.

Сауда-экономикалық қатынастар. 2013 жылы Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы сыртқы сауда айналымының көлемі 434,31 млн. АҚШ долл. құрап (экспорт – 361,23 млн. долл., импорт – 73,09 млн. долл.), 2012 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 11,2 пайызға өсті (390 млн. 662,1 мың АҚШ долл.). 2014 жылғы қаңтар-ақпан айларында сауда айналымы 56,9 млн. АҚШ долларын құрады (экспорт – 47,0 млн. АҚШ долл., импорт – 9,8 млн. АҚШ долл.).

Бұл Республикаға Қазақстаннан экспортқа шығарылып жатқан негізгі заттар: мұнай және газ, химиялық шикізат, бидай, арпа, темекі өнімдері, көміртекті болат прокаты, электр жабдықтары болып табылады. Ал осы елден Қазақстанға битуминоздық материалдардан алынған мұнай өнімдері, этилен полимерлері, машиналар және механизмдердің қосалқы бөлшектері, құрама құрылыс конструкциялары тасымалдануда (импортталуда).

Экономика саласындағы екі жақты қатынастардың дамуына Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан - Әзербайжан Үкіметаралық комиссиясының жұмысы мүмкіндік туғызуда. Үкіметаралық комиссияның Қазақстан тарапынан тең төрағалары Энергетика және минералдық ресурстар министрі және ӘР Энергетика министрі болып табылады. Комиссия отырыстары барысында энергетика, тасымалдау мен көлік жүйелері, ауыл шаруашылығы, білім мен туризм салалардағы сауда-

экономикалық және инвестициялық байланыстарды кеңейтуге қатысты екіжақты ынтымақтастық туралы мәселелер талқыланды және қаралды.

Қазіргі таңда мұнай-газ саласында ірі жобалар - Транскаспий бағыты бойынша қазақ мұнайын әлемдік рыноктарға тасымалдау бойынша, ал ауыл шаруашылығы саласында – қазақ бидайын қабылдау және одан әрі жөнелтуге арналған «Баку астық терминалы» Қазақстан-Әзербайжан бірлескен кәсіпорны базасындағы жобалар іске асырылуда. Азаматтық авиация саласындағы өзара әрекеттестік дамуда. Қазіргі таңда Баку қаласында Бакуді Астана, Алматы, Ақтау және Атыраумен байланыстыратын тұрақты әуе рейстерін жасайтын қазақстандық «Эйр Астана» және «Скат» әуе компанияларының өкілдіктері қызмет етуде. Баку-Ақтау-Баку бағыты бойынша паром байланысы қызмет етуде. Ақтау мен Баку халықаралық порттары арасында тығыз байланыстар орнаатылған.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық. 1994 жылдан бері Баку қаласында Қазақстан мен Әзербайжанның мемлекеттік қайраткерлері мен белгілі өнер қайраткерлерінен тұратын «Әзербайжан-Қазақстан» достық қоғамы белсенді қызмет етуде. Достық қоғамы 2014 жылы өзінің 20-жылдығын атап өтеді. Ақтау қаласында жыл сайын өткізілетін «Каспий – достық теңізі» халықаралық фестиваліне Әзербайжанның мәдениет және өнер қайраткерлері, спорттық делегациялары қатысады. Арнаулы қорының патронажымен жыл сайын өткізілетін балалар үйі мен интернат тәрбиеленушілерінің «Дан улдузу» көркем-өнер шығармашылығы халықаралық фестиваліне Қазақстаннан (Алматы, Ақтау, Тараз, Орал қалаларындағы) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері белсенді қатысады.

2010 жылы 11 мамырда Астана қаласындағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде Баку мемлекеттік Университетінің (БМУ) 90-жылдығын мерекелеудің шеңберінде Әзербайжанның бұрынғы Президенті Г.Алиев атына Кабинет ашылды. 2011 жылы 13 мамырда Баку мемлекеттік Университетінде Абай атындағы Қазақ тілі, тарихы мен мәдениеті Орталығының ресми ашылу рәсімі өтті. 2011 жылғы 1 желтоқсанда Баку қаласының 7-шағын ауданында Абай Құнанбаев атындағы көшенің салтанатты ашылу рәсімі өтті. 2012 ж. 29 наурыз 3 сәуір аралығында, Баку қаласында Қазақстандық кино күндері өтті. 2012 ж. 6-9 маусым аралығында Астана мен Алматы қалаларында Әзербайжанның Қазақстандағы Мәдениет күндері өтті. 2012 ж. 18-21 қараша аралығында, Баку қаласында Қазақстанның Әзербайжандағы Мәдениет күндері өтті.

1992 жылдың 16 қыркүйегінде **Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы** арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды. 1993 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Елшілігі, ал 1997 жылдың 13 шілдесінде Беларусь Республикасының Қазақстандағы Елшілігі ашылды. 2012 жылдың ақпан айынан бері Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі ашылған.

Саяси қатынастар. Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы қатынастар өзара түсіністік пен сенім жағдайында

дамуда. Екі мемлекеттің ұстанымдары аймақтық және халықаралық мәселелердің көпшілігі бойынша өзара сәйкес келеді. Екі жақты және көп жақты форматтарда, ТМД мен басқа да халықаралық ұйымдар аясындағы жоғарғы және басқа деңгейлердегі байланыстар нығая түсуде. 1999 жылдың қарашасында Беларусь Республикасының Президенті А.Лукашенконың Қазақстан Республикасына ресми сапары болды. 2000 жылдың мамырында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Беларусь Республикасына ресми сапары жасалды. 2000 жылдың қазанында Қазақстанда ресми сапармен Беларусь Республикасының Премьер-министрі болып қайтты, ал 2004 жылдың мамырында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Минскке сапары болды. 2005 жылдың 18-19 мамырында Беларусь Республикасының Президенті А.Лукашенко Қазақстан Республикасына ресми сапар жасады. 2007 жылдың 21-22 мамырында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Беларусь Республикасында ресми сапармен болды. 2007 жылдың 12-13 қыркүйегінде Беларусь Республикасының Премьер-министрі Астанаға жұмыс сапарын жасады.

2011 жылғы маңызды оқиғалардың бірі – Беларусь Республикасы Президенті А.Лукашенконың Қазақстан Республикасына ресми сапары (2011 жылғы 23-25 мамыр) шеңберінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевпен бетпе-бет және кеңейтілген құрамдағы кездесулер өтті. Келіссөздер барысында қазақстандық-белорусстық ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері талқыланды, оның ішінде «Жол картасы» аясында 2010-2011 жылдарға арналған Бірлескен іс-шаралар жоспары тармақтарының орындалу барысы. Белорусстық әріптестердің Жоспарда бекітілген мерзімдерге сәйкес алға қойылған міндеттерді орындау қажеттілігіне назары аударылды, сондай-ақ белорусстық компаниялардың Қазақстан Республикасы Қарқынды индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруға ат салысуы қарастырылды.

Жалпы келіссөздер іскери және өзара түсінушілік мәнерінде жүзеге асты, тараптар барлық күн тәртібі бойынша ортақ ұстанымдарын айқындады. Қол жеткізілген уағдаластықтар тағы бір мәрте қазақстандық-белорусстық қарым-қатынастардың өзара стратегиялық бағдарда екендігін растады, осы ретте Қазақстан басшысының айрықша рөлі сөзсіз. Келіссөздердің нәтижелері қазақстандық және белорусстық бұқаралық ақпарат құралдарында жағымды көрініс тапты. Сапар қорытындысы бойынша Қазақстан мен Беларусь Президенттерінің тараптардың экономикалық, саяси, гуманитарлық және басқа да мемлекетаралық қарым-қатынастар бойынша жақындасуы мақсатында ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындайтын Бірлескен мәлімдемесі қабылданды, сондай-ақ басқа да келісімшарттарға қол қойылды.

2012 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Беларусь Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында Елбасы Беларусь Республикасы Президенті А.Г.Лукашенкомен келіссөздер жүргізді. Келіссөздер барысында қазақстандық- белорусстық

ынтымақтастықтың ағымдағы ахуалы мен саяси, сауда-экономикалық және мәдени гуманитарлық саладағы перспективалары талқыланды, сонымен бірге халықаралық күн тәртібіндегі проблемалардың кең спектрі бойынша пікірлермен алмасты.

Қазақстан мен Беларусь арасындағы өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық, көлік және инвестициялық ынтымақтастық шеңберіндегі әрекеттестікті нығайту жөніндегі практикалық амалдарға ерекше назар аударылды, сондай-ақ 2009-2016 жж. арналған Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы Экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын («Жол картасы») жүзеге асыру шеңберінде 2012-2013 жж. арналған Бірлескен іс-шаралардың жоспарын тиімді орындау мәселелеріне көңіл бөлінді. Сонымен бірге екі елдің басшылары ТМД, ЕурАзЭҚ, КО, БЭК, ҰҚШҰ аймақтық ықпалдастық бірлестіктер шеңберіндегі ынтымақтастық мәселелерін қарастырды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан мен Беларусь Президенттерінің Бірлескен мәлімдемесіне, дипломатиялық өкілдіктерді орналастыруға арналған өзара жер учаскелерін беру жөніндегі үкіметаралық келісімге, ауыл шаруашылығы мен азық-түлік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылды, сонымен қатар екі ел арасындағы кәсіпорындар мен мекемелер арасында екі жақты құжаттар қабылданды. Қазақстандық-белорусстық қатынастардың өзегі – сауда-экономикалық ынтымақтастық болып табылады, ол 2009 – 2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Беларусьтің ТМД шеңберінде Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші ірі сауда-экономикалық әріптесі болып табылады. 2010 жылы қазақстандық-белорусстық ынтымақтастықтың шарт-құқықтық базасы есебінде 65 келісімшарт пен әр түрлі салалардағы келісімдер бар. Олардың түпнегізгілері: Екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастық жөніндегі келісімшарт, 2009-2016 жылдарға арналған ұзақ мерзімді экономикалық ынтымақтастық жөніндегі келісім, Еркін сауда жөніндегі келісім және т.б. Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың дамуына ұйымдастырылып отыратын екі жақты сапарлар, жоғарғы және жоғары деңгейдегі кездесулер, әрі министрліктер мен ведомстволардың басшылары, кәсіпорындар мен екі елдің іскери топтарының кездесулері ықпал етеді. Екі жақты табысты ынтымақтастықтың дамуы мен нығаюына екі елдің іскери топтары өкілдерінің көрмелерге қатысуы септігін тигізеді, олардың шеңберінде өнімдердің тұсаукесерлері ұйымдастырылады, сондай-ақ әр түрлі салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мақсатында кездесулер мен келіссөздер жүргізіледі.

1996 жылдан бастап Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстандық-белорусстық үкіметаралық комиссия нәтижелі түрде қызметін атқарып келеді. 2011 жылғы 6-7 қазанда Гомель қаласында Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстандық-белорусстық

үкіметаралық комиссияның кезекті VIII отырысы өтті. Күн тәртібіне 13 сұрақ енгізілді. Оларды талқылау барысында Үкіметаралық комиссия жетінші отырысы Хаттамасының орындалуы тыңдалды, сонымен бірге мүдделі тараптардың қатысуымен ҚР мен БР үкімет басшылары сапарлары барысында берген тапсырмалары мен мәселелерінің тізімі толықтай жан-жақты қарастырылды.

Кезекті тоғызыншы отырыс 2012 жылдың екінші жартысында Талдықорған қаласында өтеді. 726,9 млн. АҚШ долларын құрады, 2010 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5%-ға артты. Қазақстаннан экспорт 57%-ға қысқарып, 103,5 млн. АҚШ долларына жетті, ал Қазақстанға тасымалданатын белорусстық импорт 37,8%-ға артып және 623,4 млн. АҚШ долларын құрады. Өндірістік кооперацияны дамыту мақсатында 2010-2011 жылдарға арналған Бірлескен іс-шаралардың жоспары жүзеге асырылды. «Жол картасында» көзделген 27 жобаның қатарынан Қазақстанның Индустрияландыру картасына белорусстық техниканы құрастыратын 5 бірлескен жоба енді. Олардың жалпы сомасы 98,6 млн. АҚШ долларға тең.

Осымен қатар 2012-2013 жылдарға арналған Бірлескен іс-шаралар жоспарын қабылдады. Екі жақты сауда-экономикалық қатынастар біршама қарқынды дамып келеді. 2012 жылғы 1 қаңтарға сәйкес, Қазақстанда белорусстық капиталдың қатысуымен 115 кәсіпорын тіркелген, жұмыс үстіндегілердің саны – 82. Қазақстандық нарықта барынша белсенді жұмыс істеп келе жатқан «МТЗ», «БЕЛАЗ», «МАЗ», «Атлант» сияқты танымал өнеркәсіптік брендтерді атауға болады. Қазақстандық мұнайдың Беларусь Республикасы аумағы арқылы алыс шетелдерге тасымалы Ресей Федерациясының «АК «Транснефть» ААҚ мұнай құбырлы жүйесі арқылы өтеді. Белорусстық бағыттағы қазақстандық мұнайдың тасымалы Ресей Федерациясы аумағы арқылы транзитпен ілеседі, осыған орай қазақстандық мұнайдың транзитіне байланысты мәселелер ресейлік тараппен мақұлдануы тиіс.

Агро-өнеркәсіптік кешен саласында ынтымақтастық дамуда. Ауыл аймақтары мен кіші қалаларды агроқалашықтар салу арқылы жандандыру сияқты белорусстық тәжірибе зерттеліп келеді. Қазіргі уақытта Беларусьте 1481 агроқалашықтар тұрғызылған. Қазақстан аумағында бірлескен кәсіпорындар ауыл шарушылық техниканы (астық жинау комбайндері, шөп машиналар, көп функционалды топырақ өңдеу агрегаттары) шығарумен айналысуда.

Көлік саласында ынтымақтастық жалғасып келеді. 2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін тұрақты тікелей әуе байланыс бір жақты қатынасты «Белавиа» белорусстық әуе компаниясы жүзеге асырады. Ал 2011 жылғы 7 қыркүйектен бастап «Белавиа» навигацияның қысқы кезеңіне, аптасына екі рет жиілікпен Минск-Астана-Минск бағыты бойынша әуе қатынасына ауысты.

Өңіраралық ынтымақтастық дамыту мен нығайту бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп келеді. Тұрақты негізде облыстық атқарушы комитет төрағалары, қала, аймақ, БР кәсіпорындардың басшыларымен, өткізілетін

кездесулер мен келіссөздердің барысында екі жақты сауда көлемін арттыру жолында, сауда ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындарды құру бойынша шаралар белгіленіп отыр, әрі екі ел экономикаларына инвестицияларды ынталандыру бағытында белсенді жұмыс жүргізіліп келеді. Сондай-ақ ҚР мен БР аймақтары арасында нақты бағыттар бойынша ынтымақтастықты одан әрі нығайту жалғасуда. Ауыл шарушылық техниканы өндіру, жолаушы-жүк лифттерін жинау, дизельді қозғалтқыштарды жинау, коммуналды мақсаттарға арналған жабдықтарды орнату үшін жолаушы, жүк техника мен МАЗ автошассилерін жинау бойынша бірлескен кәсіпорындар құрылған. Беларусьтің дамыған ғылыми әлеуеті мен іргелі зерттеулер саласында нақты білімдерге бай екендігін ескере отыра, ғылыми саладағы ынтымақтастықты нығайтуда айқын перспективалар бар.

Оның негізін Ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісім құрайды. Ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөнінде қазақстандық-белорусстық комиссия қызмет істейді. Осымен қатар әскери-техникалық ынтымақтастықтың өзектілігі артып келеді. Аталған саладағы негізгі құжат Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы келісімшарт, тараптар оны 1997 жылы қабылдаған. Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы Үкіметтері арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы келісім, Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы Үкіметтері арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісім ерекше маңызды. Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі белорусстық-қазақстандық Үкіметаралық комиссия шеңберінде әскери-техникалық ынтымақтастық жөнінде шағын комиссия қызмет істейді. Екі ел арасында 2007 жылдан бастау алған әскери білім саласында ынтымақтастық белсенді даму үстінде. Ынтымақтастық ҰҚШҰ мүше мемлекеттері үшін әскери кадрларды даярлау туралы келісім шеңберінде жүзеге асады. Жыл сайын Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы Қорғаныс министрліктері арасында Екі жақты ынтымақтастық жоспары келісіледі және жүзеге асырылады. Оның шеңберінде екі ел аумақтарында шамамен 30 іс-шара (жұмыс сапарлары, консультациялар, жарыстар, бірлескен оқулар, дайындық) ұйымдастырылады.

Мәдени-гуманитарлық саладағы қазақстандық-белорусстық ынтымақтастық 1996 жылда қабылданған Мәдениет, ғылым мен білім саласындағы үкіметаралық келісімге және 1999 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Беларусь Республикасы Мәдениет министрлігі арасында қабылданған Мәдениет пен өнер саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес орындалады. Оларды орындау аясында көптеген мәдени өзара алмасу дәстүрлері қайта орнатылып, ынтымақтастықтың жаңа бағыттары ашылды. 2009 жылы өткен ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Беларусь Республикасына ресми сапары мәдени-гуманитарлық саладағы екі жақты қатынастардың жандануына үлкен серпін берді. Осылайша 2009 жылы Минск қаласында Қазақстан Республикасының мәдени мұрасын насихаттау аясында Қазақстан

Республикасының Беларусьтегі Мәдениет күндері сәтті өткізілді, сәйкесінше 2010 жылы Беларусьтің Қазақстандағы Мәдениет күндері ұйымдастырылды. 2009-2011 жылдар аралығында Минск қаласында қазақстандық танымал классика және эстрада орындаушыларының қатысуымен жеке концерттер ұйымдастырылды, әрі қазақ кино күндері мен қолданбалы өнер көрмелері өтті. Минск қаласында Достық үйімен бірлесе отыра, қазақ жазушылары мен ақындары Ж.Жабаев, С.Сейфуллин, А.Құнанбаевқа арналған әдеби кештер өткізілді. 2011 жылы танымал белорус жазушысы, Беларусь Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Н.Метлицкийдің көмегімен Елшілік А.Құнанбаевтың өлеңдерін белорус тіліне аударумен айналысты.

Беларусь Республикасының Президенті жанындағы басқару академиясымен бірлесе отыра, жыл сайын ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдаулары бойынша халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылады, сонымен қатар Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын насихаттауға негізделген басқа да іс-шаралар өтеді. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесін насихаттау шеңберінде жыл сайын Екінші дүниежүзілік соғыста қайтыс болған отандастарымыз туралы естелікті мәңгі есте қалдыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылады.

Қазақстан Елшілігі тұрақты түрде Беларусь аумағында қайтыс болған қазақстандық жауынгерлердің есімдерін анықтау үшін іздестіру жұмыстарын атқарады. 2009-2011 жылдар аралығындағы жұмыстың нәтижесінде Елшілік ертеректе хабарсыз жоғалғандар қатарында болған екі мың қазақстандықтың аттары енген естелік кітапты басып шығарды. Ядролық сынақтарға қарсы іс-әрекеттердің халықаралық күніне арналған Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау және қарусыздандыру ісіне қосқан үлесі туралы ақпаратты насихаттау мақсатында, 2011 жылы Минсктің орталығында «XX ғасырдың ядролық апаттары» пантеонына Семей сынақ полигонының топырғы салынған капсуланы орнату рәсімі өтті.

Біздің елімізбен Қырғыз Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар 1992 жылғы 15 қазанда орнатылып екіжақты Елшілік ашылды. Екіжақты ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық базасын 150-ден астам құжат құрайды және олардың негізгілері болып 1997 жылғы 8 сәуірде қол қойылған Мәңгілік достық туралы Шарт пен 2003 жылғы 25 желтоқсанда қол қойылған Одақтастық қатынастар туралы Шарт болып есептеледі. 2012 ж. 10-11 мамырда Қырғыз Республикасының Президенті Астанаға алғаш ресми сапары өтіп, оның барысында ҚР Президенті Н.Назарбаев және ҚР Премьер-Министрі К.Мәсімовпен келіссөздер жүргізілді. 2012 жылғы 14-15 маусымда Түркітілдес мемлекеттер Парламенттік Ассамблеясының отырысы қарсаңында ҚР Парламенті Мәжілісі Төрағасы Бішкекке ресми сапары өткізілді. Оның барысында ҚР Парламенті Мәжілісінің спикері Қырғызстан Президенті, Премьер-Министрі және Жогорку Кенеш Спикерімен кездесті.

2012 жылғы 1-2 шілдеде Қырғыз Республикасының Премьер-министрі 2012 жылғы 22 тамызда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қырғызстанға мемлекеттік сапары болып өтті. Сапар барысында Жоғары Мемлекетаралық

Кеңестің үшінші отырысы ұйымдастырылып, қазақ-қырғыз стратегиялық одақтастығы мен әріптестігінің келешекті бағыттары анықталды. 2013 жылғы 1 қарашада Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қырғызстанға ресми сапары өткізіліп, оның аясында қазақ-қырғыз Үкіметаралық Кеңесінің төртінші отырысы өтті.

2012 жылғы Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы сауда айналымы 1059,0 млн. АҚШ долл. құрады (экспорт – 726,0 млн., импорт – 333,5 млн. АҚШ долл.). Ал 2013 жылғы аталмыш көрсеткіш 1001,5 млн. АҚШ долларын құрады (экспорт – 672,4 млн., импорт – 329,1 млн. АҚШ долл.). 2014 жылғы қаңтар-ақпан айларында сауда айналымы 119,3 млн. АҚШ долларын құрады (экспорт – 86,1 млн. АҚШ долл., импорт – 33,2 млн. АҚШ долл.). Қазіргі кезде Қырғызстанда Қазақстан инвестициясының қатысуымен 400 бірлескен кәсіпорын жұмыс істеуде. Олар өз қызметтерін экономика, энергетика, газтасымалдау, өнеркәсіп, құрылыс материалдарын шығару, банктық сектор салаларында жүзеге асыруда. Қазақстанда қырғыз капиталының қатысуымен 250 өнеркәсіп жұмыс істеуде. Жұмыс салалары - сауда, туризм, құрылыс, суды тазалау және тарату, көлік, жарнама.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық қарқынды дамуда. Тұрақты түрде екі ел арасында көрмелер, халықаралық ғылыми симпозиумдар, «дөңгелек үстелдер», поэтикалық кештер және зиялы қауымдар мен қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен семинарлар өтеді. 2007 жылғы қыркүйекте Алматы қаласында Қазақстан мен Қырғызстан зиялы қауымдарының бірінші Форумы, ал 2008 жылғы 25-26 қазанда Бішкекте екінші Форумы өтті. 2013 жылғы 20 қыркүйек - 21 қазан кезеңінде Астана және Алматы қаласында Ш.Айтматовтың 85 жылдығына арналған Қырғызстанның Қазақстандағы Мәдениет күндері өтті.

Қазақстан мен Молдова арасында дипломатиялық қарым-қатынас 1992 ж. 27 шілдеде орнатылды. Дипломатиялық өкілдіктердің ашылу уақыты – 1994 ж. 27 шілдеде Киев қаласында Қазақстан Республикасының Украина және қосара Молдова Республикасындағы Елшілігі ашылды. Молдова Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігі қосара Қазақстан Республикасында өз қызметін атқарады.

Саясат саласында Қазақстан мен Молдова арасындағы байланыс екі жақты ынтымақтастық қатынастарымен қатар халықаралық және аймақтық ұйымдар деңгейінде дамуда. Молдова Республикасы Қазақстанның ЕЫҚҰ-да төрағалық ету ұсынысын қолдаған болатын. Жоғарғы деңгейдегі сапарлар 1999 ж. қыркүйек айында Молдова Республикасының Президенті Қазақстанға ресми сапарымен келді. 2003 ж. қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Молдоваға ресми сапары өтті. 2002 ж. қазан айында Қазақстан Республикасының Үкімет Басшысы Молдовада ресми сапармен болды. 2010 жылғы 31 наурыз – 1 сәуір аралығында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі ЕҚЫҰ-ның Төрағасы ретінде Шығыс Еуропа елдері бойынша турне шеңберінде Кишинев және Тирасполь (Днестр маңы) қалаларына сапар шекті. Сапар шеңберінде ЕҚЫҰ күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді, сондай-

ақ Днестр маңы жанжалын реттеу мәселелерін талқылау үшін Украина және Днестр маңы басшылығымен келіссөздер өткізді.

Сауда-экономикалық байланыс. Кедендік бақылау комитетінің ақпараты бойынша, Қазақстан мен Молдова арасындағы екі жақты тауар айналымы 2011 жылы 70,8 млн. АҚШ долларын құрап, 2010 жылмен салыстырғанда 22,3 пайызға артқан. Екі жақты тауар айналымының ішінде қазақстандық экспорт 38,5 млн. АҚШ долларын құрап, 2010 жылмен салыстырғанда 35,3 пайызға артқан. Молдовадан тауар айналымының импорты – 32,3 млн. АҚШ доллары көлемінде, 2010 жылмен салыстырғанда 9,8 пайызға артқан.

Экономикалық байланысты арттыру мақсатында екі жақты экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссия құрылып, аталған комиссияның төртінші отырысы 2011 жылғы 28-29 сәуірде Астана қаласында өткен. Отырыс барысында екі жақты ынтымақтастықтың инвестициялық және кәсіпкерлік саладағы, агроөнеркәсіптік кешендердегі ақпараттандыру, өнеркәсіптік, сондай-ақ шарапшылық салалардағы мәселелер талқыланды. Комиссияның келесі отырысын 2012 жылы Кишинеу қаласында өткізу жоспарлануда.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық. 2008 жылғы 9 мамырда Кишинеу қаласынан 120-130 шақырым жерде орналасқан Анений Ной ауданының Гура-Быкулуй ауылындағы Теоретикалық лицейінің ғимаратында 1944 жылғы сәуірде Молдованы неміс–фашист басқыншыларынан азат етуде қаза тапқан қазақстандық жауынгер, Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзиннің құрметіне мемориалдық ескерткіш тас қойылды. Бұдан ертерек Қазақстан Елшілігінің күшімен жоғарыда аталған елді мекендегі Теоретикалық лицей орналасқан көшеге Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзиннің аты берілген болатын. 2010 жылдың шілде айында толассыз жауған жаңбырдың салдарынан Молдова аумағында қалыптасқан төтенше жағдайға байланысты Елбасының ұйғарымы бойынша Қазақстан Үкіметі Молдоваға 100 миллион теңгеден астам сомаға азық-түлік өнімдері мен басқа да қажетті тауарлар түрінде гуманитарлық көмек көрсетті.

Қазақ елі мен **Өзбекстан Республикасы** арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 23 қарашада орнатылды. Қазақстанның Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі және Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі 2012 жылдың қыркүйек айынан тағайындалды.

Саяси саладағы өзара әрекеттестік. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың барлық салаларын қамтитын 107 құжат құрамындағы кең шарт-құқықтық база құрылды. Негізқалаушы құжаттар: Мәңгілік достық туралы шарт (31.10.1998ж.) және Стратегиялық әріптестік туралы шарт (14.06.2013 ж.). 2010 жылғы 16-17 наурыз аралығында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Ташкентке ресми сапары өтті. 2012 жылғы 6-7 қыркүйекте Өзбекстан Республикасының Президенті И.Кәрімовтің Қазақстанға ресми сапары өтті. 2012 жылғы 21-22 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.Ахметовтің

Өзбекстанға ресми сапары өтті. 2013 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Өзбекстанға жұмыс сапары өтті. 2013 жылғы 13-14 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Өзбекстанға ресми сапары өтті.

Сауда-экономикалық ынтымақтастық. ҚР Статистика агенттігінің мәліметіне сәйкес, 2013 жылы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымының көлемі 2,09 млрд. АҚШ долл. құрап (экспорт – 1,12 млрд., импорт – 962 млн.), 2012 жылмен салыстырғанда 5,5%-ға артты. 2014 жылғы қаңтар-ақпан айларында сауда айналымы 266,9 млн. АҚШ долларын құрады (экспорт – 175,7 млн. АҚШ долл., импорт – 91,2 млн. АҚШ долл.). Өзбекстанға шығарылатын (экспорттың) құрамындағы ең ірі бөлігі мұнай және оның өндіру өнімдері, ұн тарту – жарма өндірістің өнімі, дәнді дақылдар, қара және түсті металлдар, бейорганика химия өнімдері азық-түлік және т.б. Жыл сайын Өзбекстанға 1 млн. тоннадан астам жоғары қазақстандық сапалы ұн, 500 мың тоннаға жуық мұнай өнімдері жеткізіледі. Өзбекстаннан Қазақстанға қуат көздері (газ), мақта, химиялық өнімдер және пластмасса, тыңайтқыштар және жеміс-көкөніс өнімдері импортталады. Өзбекстанда Қазақстан инвестициясының қатысуымен 178 кәсіпорын, соның ішінде 143 бірлескен кәсіпорын мен 100% қазақстандық капитал бар 35 кәсіпорын жұмыс істеуде. Өзбекстанда «Қазақстанның даму банкі» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Казинформ» ҰК» АҚ және «Air Astana» әуе компаниясының өкілдіктері тіркелген.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық. Шығармашылық ұжымдар, мәдениет және өнер өкілдерінің өзара сапарлары тұрақты түрде ұйымдастырылады. 2012 жылғы 30 қарашада Ташкентте Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнатылуына 20-жылдығына орайластырылған салтанатты бірлескен концерт өтті. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Ташкентке 2013 жылғы маусымдағы ресми сапары барысында қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың ескерткішін ашу салтанаты өтіп, 2013-2015 жылдарға арналған ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен ӨР Мәдениет және спорт министрлігі арасындағы мәдениет саласында ынтымақтастық бағдарламасына қол қойылды.

1992 жылдың 21 қазанда Қазақстан Республикасы мен **Ресей Федерациясы** арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігі және Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі ашылды. Қазақстандық-ресейлік қатынастар әртүрлі салаларда қарқынды дамумен сипатталады. Мемлекет басшыларының ұдайы кездесулері мен келіссөздері Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық әріптестігін нығайтуда жетекші орынды алады. Үкімет басшылары деңгейінде қарқынды өзара іс-қимылдар жүргізілуде. Екіжақты және көпжақты форматтардағы келіссөздер барысында энергетикалық, көліктік, атом және ғарыш саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру, сауда-экономикалық өзара іс-қимылдар мәселелері ұдайы талқылануда.

Парламентаралық байланыстар жоспарлы дамуда. Тиісті парламенттік комиссиялардың және комитеттердің жұмыстары парламентаралық ынтымақтастыққа жүйелі сипат береді. ҚР Парламенті Сенатында бұл – «Қазақстан Республикасы-Ресей Федерациясы» парламенттік ынтымақтастық комитеті, Ресей Федерациясы Федералды Жиналысы Федерация Кеңесінде – ҚР Парламенті Сенатымен ынтымақтастық жөніндегі парламенттік топ; ҚР Парламенті Мәжілісінде – РФ Мемлекеттік Думасымен ынтымақтастық жөніндегі палатааралық парламенттік топ, Ресей Федерациясы Федералды Жиналысы Мемлекеттік Думасында – ҚР Парламентімен байланысы бойынша депутаттық топ жемісті қызмет атқаруда. Екі елдің сыртқы саясат іс-қимылдары көп жоспарлы және жан-жақты сипатқа ие. 2014 жылдың 3 сәуірде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі Ресей Федерациясында (Мәскеу) ресми сапармен болып оның барысында өзінің әріптесімен екіжақты келіссөздер жүргізіп келеді.

Сауда-экономикалық ынтымақтастық. ҚР мен РФ арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның және оның құрамына кіретін ынтымақтастықтың бағыттары бойынша кіші комиссиялардың отырыстары тұрақты өткізілуде: банкаралық және инвестициялық; көліктік; өңіраралық және шекара маңы; әскери-техникалық; ОӘК саласында; ғылым және жаңа технологиялар саласында, өнеркәсіп саласында. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 2020 жылға дейінгі ұзақ мерзімді экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы қабылданған және оны орындау бойынша 2012-2014 жылдарға арналған Жоспар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшыларымен қол қойылған 2013-2015 жылдарға арналған Қазақстан мен Ресейдің бірлескен іс-қимыл жоспары іске асырылып жатыр.

Екіжақты қарым-қатынастың тиімді дамуына өңіраралық және шекара маңы ынтымақтастығы мүмкіндік туғызады. Мемлекет басшылары қатысуымен жыл сайын өңіраралық ынтымақтастық Форумы өткізіледі. Өзара сауда - ынтымақтастықтың маңызды аспектісі. Ресей Қазақстанның дәстүрлі түрде ірі сауда серіктесі болып табылады. 2013 жылдың қорытындысы бойынша ҚР мен РФ арасындағы сауда айналымы 23,49 млрд. АҚШ долл. (ҚР-дың сыртқы саудасының жалпы көлемінің 17,9%) құрды және 2012 жылмен салыстарғанда 1,7% өсті. ҚР экспорты 5,8 млрд. АҚШ долл. (ҚР-ның жалпы экспорт көлемінің 7%), ҚР-ның импорты 17,69 млрд. АҚШ долл. (ҚР-ның жалпы импорт көлемінің 36,2%) құрды.

Отын-энергетикалық кешен саласындағы ынтымақтастық қарқынды түрде дамып келе жатыр, соның ішінде әлем нарығына қазақстандық көмірсутегін барлау, өндіру және тасымалдау салалары. Ресейлік компаниялар қазақстандық ірі көмірсутек шикізаты кен орындарын өңдеуіне қатысады.

Ғылым және жаңа технологиялар саласындағы ынтымақтастық бағдарламасы іске қосылған. «Қазына Капитал Менеджмент» және «Роснано» қатысуларымен 100 млн. АҚШ долл. көлемін құрайтын бірлескен нанотехнологиялар қоры құрылды. Ғарышты игеру мен «Байқоңыр» кешенін

бірлесіп пайдалану саласындағы ынтымақтастық дамып келеді. Транзиттік-көліктік әлеуетін дамыту бойынша бірлескен қызмет іске асырылуда, соның ішінде көліктік дәліздерді іске асыру бөлігіндегі: «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Солтүстік - Оңтүстік», «Батыс - Шығыс» және басқа жобалар.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық. Қазақстан мен Ресей арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық саласындағы екіжақты қарым-қатынас серпінді дамуды жалғастырып келеді. Екі мемлекет халықтары арасындағы достастықты тереңдету, РФ тұрғындарын тарих туралы ақпараттандыру, қазақ халқының мәдени мұрағаты мен құндылықтары, Қазақстан имиджін нығайту, әртүрлі салалардағы мемлекеттің жетістіктерін жария ету және Қазақстанды Ресей қоғамында қазіргі заманға сай қарқынды дамып келе жатқан мемлекет ретінде ұсыну бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр.

Жалпы, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы тату көршілікті және стратегиялық әріптестікті дамытуға мүмкіндік беретін тығыз негізді, өзара тиімді қазақстандық-ресейлік ынтымақтастықтың әлеуетін көтеруді бірлескен күш салысумен жалғастырып жатыр.

Қазақстан Республикасы және **Тәжікстан Республикасы** арасында дипломатиялық қатынастар 1993 жылғы 7 қаңтарда орнатылды. Қазақстан Республикасының Тәжікстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшілік ашылып жемісті қызмет атқарып келеді.

Саяси ынтымақтастық. Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы екіжақты қарым-қатынастар өзара достастық және тату көршілік негізде тиімді түрде нығаюда және барлық салалардағы дамудың жоғары қарқынын көрсетеді. Қазақстан мен Тәжікстан 70 құжаттан астам құралатын ынтымақтастықтың барлық салаларын қамтитын кең шарттық-құқықтық базаға ие. 2006 жылғы 4-5 мамыр аралығында Тәжікстан Республикасы Президенті Э.Рахмонның Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. 2007 жылғы 12-13 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев Тәжікстанда ресми сапарымен болды. 2008 жылғы 12-13 мамыр аралығында Тәжікстан Республикасы Президенті Э.Рахмонның Қазақстан Республикасына ресми сапары өтті. Сапар барысында, ҚР мен ТР арасында Мемлекетаралық Үйлестіру және Сыртқы істер министрлерінің кеңестері құрылды. 2010 жылғы 1-2 желтоқсан аралығында Тәжікстан Республикасы Президенті Э.Рахмон Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ Саммитіне қатысты. 2011 жылғы 15 маусымда Тәжікстан Республикасы Президенті Э.Рахмон Астана қаласында өткен ШЫҰ Мерейтойлық мемлекет басшыларының саммитіне қатысты. 2011 жылғы 12 тамызда Тәжікстан Республикасы Президенті Э.Рахмон Астана қаласында өткен ҰҚШҰ бейресми саммитінің жұмысына қатысты. 2011 жылғы 2-3 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев Душанбе қаласында өткен ТМД Кеңесінің жұмысына қатысты. 2010 жылғы 24 қарашада Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі К.Мәсімовтің Тәжікстанға жұмыс сапары өтті.

Сауда-экономикалық ынтымақтастық. 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Тәжікстан Республикасымен сыртқы сауда айналымы 705,9 млн. АҚШ долл. құрады (экспорт – 604,3 млн.АҚШ долл.; импорт – 101,6 млн.АҚШ долл.). 2013 жылғы екіжақты тауар айналымы 564,4 млн. АҚШ долл. құрап (экспорт - 492,5 млн.долл., импорт – 72,9 млн.долл.), 2012 жылғы көрсеткішімен салыстырғанда 20,1 пайызға төмендеді (705,9 млн. АҚШ долл.). 2014 жылғы қаңтар-ақпан айларында сауда айналымы 91,9 млн. АҚШ долларын құрады (экспорт – 73,1 млн.АҚШ долл., импорт – 18,8 млн. АҚШ долл.). 2013 жылғы 19-20 желтоқсан аралығында Астана қаласында Қазақстан-Тәжікстан сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының 11-ші отырысы өтті.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық. Шығармашылық ұжымдар, мәдениет және өнер өкілдерінің өзара сапарлары тұрақты түрде өткізілуде. Душанбе қаласында «Бәйтерек» Қазақ ұлттық орталығы жұмыс істейді. 2009 жылғы 20-22 сәуір аралығында Душанбе қаласында Орталық Азия, Иран және Ауғанстан елдерінің қазақтардың кіші Құрылтайы өтті. Білім саласында ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Жыл сайын ҚР Жоғары Оқу Орындарында Тәжікстан азаматтарына 100 мемлекеттік оқу гранттар бөлінеді.

Қазақстан Республикасы мен **Түрікменстан** арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 5 қазанында орнатылды. Қазақстанның Түрікменстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі 2012 жылғы желтоқсаннан бастап, ал Түрікменстанның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі 2010 жылғы ақпаннан бастап қызмет атқаруда.

Саяси саладағы ынтымақтастық. Екіжақты ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық негізін 52 құжат құрайды, соның ішінде 1993 жылғы 19 мамырдағы Достық қатынастар және ынтымақтастық туралы шарт және 1997 жылғы 27 ақпандағы Ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларация негізгі құжат болып табылады. 2007 жылғы 11-12 қыркүйек аралығында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Түрікменстанға мемлекеттік сапары өтті. Түрікменстан Президенті Г.Бердімұхамедов Астананың 10-жылдығын тойлауға (2008 жылғы 6 шілде), Алматыда ХАҚҚ құрылтайшы мемлекеттер басшылары саммитіне (2009 жылғы 28 сәуір), Қазақстан, Ресей, Әзербайжан және Түрікменстан мемлекет басшыларының бейресми саммитіне (2009 жылғы 11 қыркүйек) және ЕҚЫҰ саммитіне (2010 жылғы 1-2 желтоқсан) қатысты. 2009 жылғы 13-14 желтоқсан аралығында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Түрікменстанға жұмыс сапары өтті. 2012 жылғы 5 желтоқсанда ҚР Президенті Н.Назарбаев өзінің ТМД мемлекет басшылары Кеңесінің кезекті отырысына қатысуы аясында Ашхабадқа жұмыс сапар шекті. 2013 жылғы 10-11 мамырда Түрікменстан Президенті Г.Бердімұхамедовтің Қазақстанға мемлекеттік сапары өтті.

Сауда-экономикалық ынтымақтастық. ҚР Статистика агенттігінің ақпаратына сәйкес, 2013 жылы Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы өзара сауда айналымының көлемі 393 млн. АҚШ долл. (экспорт – 175,4 млн., импорт – 217,6 млн.) құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 14%-ға артты. 2014

жылғы қаңтар-ақпан айларында сауда айналымы 35,1 млн. АҚШ долларын құрады (экспорт – 20,2 млн. АҚШ долл., импорт – 14,9 млн. АҚШ долл.). 2010 жылы Ашхабадта ҚР ИЖТМ «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігі мен Түрікменстан сауда-өнеркәсіп палатасының ұйымдастыруымен Қазақстанның Түрікменстандағы сауда миссиясы өтті. 2013 жылғы 24-25 сәуірде Ашхабадта қазақстан-түрікмен экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясы 6-шы отырысы өтті.

Отын-энергетикалық секторындағы ынтымақтастық перспективті болып табылады. Осы салада екіжақты ықпалдастық 2009 жылғы желтоқсандағы «Түрікменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай» газ құбырының іске қосылуымен елеулі нығая түсті. Көлік және коммуникация саласындағы ынтымақтастық та жоғары қарқынмен дамуда. Темір жол, автомобиль және су көлігі салаларында өзара тиімді жобалар бар.

2007 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан, Түрікменстан және Иран үкіметтері арасында «Өзен (Қазақстан – 140 км.-ге жуық) – Қызылқия – Берекет – Этрек (Түрікменстан – 450 км.-ден астам) – Горган (Иран – 90 км.-ден астам)» темір жолын салу туралы келісімге қол қойылды. Осы жолдың қазақстан-түрікмен бөліктерінің салтанаты ашылу рәсімі Түрікменстан Президенті Г.Бердімұхамедовтің Қазақстанға 2013 жылғы 10-11 мамырда мемлекеттік сапары барысында өтті.

Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық. 2009 жылдың 6-9 маусым аралығында Қазақстанның Түрікменстандағы Мәдениет күндері өтті. 2014 жылғы 29 сәуір – 2 мамыр аралығында Қазақстанда Түрікменстанның Мәдениет күндері өтеді. Дипломатиялық қатынастардың орнатылу мерзімі – 22 шілде 1992 жыл.

Қазақстан мен **Украина** ара-қатынасы.1994 жылдың мамырынан бері Алматы қаласында және 2001 жылдың қаңтарынан бастап Астана қаласында Украинаның Елшілігі қызмет атқарады.

Саяси қатынастар. Қазақстан мен Украина арасындағы қарым-қатынастар динамикалық түрде дамуда, сыртқы саяси мекемелері арасындағы және халықаралық ұйымдар шеңберінде өзара іс-қимылдар сындарлы болып келеді, екі тараптың көптеген халықаралық мәселелердегі ұстанымдары өзара сәйкес келеді. Киев Қазақстанның ЕҚЫҰ–да төрағалық ету өтінішін қолдап, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріндегі бастамаларды, әсіресе АӨСШК идеясын, қолдауда, Қазақстанның ДСҰ–на кіру үрдісінде қолқабыс ету бойынша келісілді. БҰҰ шеңберінде ынтымақтастық жемісті болып отыр. Елбасыларының өзара сапарлары барысында – Украина Президенті В.Ющенконың 2005 жылы мамырда және 2006 жылы қаңтарда Астана қаласына және Қазақстан Президентінің Украинаға 2005 жылы қарашада, екі жақты қатынастарды жандыруға ұмтылыстарын қуаттады. Соңғы уағдалыстықтар Президент Н.Назарбаевтың 2007 жылы ақпанда Киев қаласына, Президент В.Ющенконың 2008 жылы наурызда Астана қаласына ресми сапары барысында қол жеткізілді және 2007-2008 ж.ж. Қазақстан–Украина іс-қимылдар жоспарында (“Жол картасы

– 2”) қамтыды. Жоспар орындалып, сауда–экономикалық, көліктік, отын–энергетика, агроөндірістік, аэрокосмостық, ғылыми және әскери–техникалық салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған.

Қазіргі таңда тараптар “Жол картасы – 3” бойынша келіссөздер жүргізуде. Тараптар заң шығарушы органдар арасындағы ынтымақтастықтың нығаюы мен кеңеюіне мүдделі. Бұл мақсатта екі елдің Парламенттерінде тиісті Топтар қызмет атқаруда. Құқықтық–келісім–шарт базасы 80–нен астам құжаттарды қамтиды, оның ішінде, 1994 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы Достық және ынтымақтастық туралы келісім болып табылады.

Сауда–экономикалық қатынастар. Қазақстан мен Украина арасындағы сауда айналымы 2008 жылы \$4,9 млрд (ҚР жалпы сыртқы сауда айналымында 4,4%) құрады. Қазақстан Украинаның әлемдегі сауда серіктестерінің арасында сегізінші орынға ие болды. Қазақстандық импорт \$1,8 млрд, экспорт – \$3,1 млрд және оның жалпы сауда айналымында 63,2% құрады. 2009 жылғы қаңтар-маусым айларында сауда айналымы \$ 2,159 млрд. (р/с –Украина Мемстатком мәліметтері) құрады және 2008 жылдың сәйкес мезгілімен салыстырғанда 10,3% азайды. Қазақстандық экспорттың көлемі \$1,37 млрд. құрап, 12,6% азайды, импорты – \$785 млн. құрап, 3,8% азайды.

Экономика саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың негізгі бағыттары Қазақстан-Украина экономикалық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық комиссияның отырыстарында қарастырылады. Барлығы сегіз комиссия өтіп, соңғысы 2008 жылы 6 қарашада Астанада болып, келесісі 2010 жылы Киевте өтуге жоспарланған. Комиссияның қазақстандық бөлігінің төрағасы болып ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрі, украиндық – Отын және энергетика министрі табылады. Екі жақты қатынастардың нығаюына және сауда айналымының өсуіне себепші болатын фактор институционалдық жасаушы, өкілдіктердің және біріккен кәсіпорындардың құрылуы болып табылады.

Маңызды орынды алып отырған аймақаралық байланыстар. Мәселелердің маңызды блоктары – отын–энергетикалық комплекс және көліктік–транзиттік сала. Украина өз территориясының транзиттігі бойынша әлемде ең жоғары коэффициентке ие. Территориясы арқылы қолайлы трансконтиненталды жүк ағымдары өтеді. Украинаның Батыспен, әсіресе энергетикалық жүйелерді біріктіруі Қазақстан үшін еуропалық аймақта экономикалық мүдделерін ілгерілету үшін қосымша мүмкіндіктер туғызады. Теңіздік көлік саласында украиндық порттарды пайдалану тұрғысынан ынтымақтастық қызығушылық тудырып отыр. «Пивденный» теңіздік мұнай терминалы аумағында және Одесса облысының Южный қаласындағы мұнай өңдеу зауыттарына мұнайды жолдау жобаларын бірге іске асыру мүмкіндігі қарастырылуда.

Қазақстан мен Украинада мұнай–газ жабдықтарын бірігіп шығару перспективалары зерттелуде, көліктік инфрақұрылымды салу мәселелері пысықталуда. Тараптардың мүдделерінің қиылысуы – машина жасау.

Украина КСРО кезеңінен бері қажетті базаны сақтап қалды, Қазақстан ауыл-шаруашылық техникасын, электростанция техникаларын жеткізу, вагондарды импорттауға мүдделі. Бір мезгілде бұл техникаларды Қазақстанның территориясында жинау және қызмет көрсету зауыттарын құру мүмкіндіктері қарастырылып отыр.

Мәдени–гуманитарлық ынтымақтастық белсенді дамуда. Басты бағыттары білім, ғылым, мәдениет, туризм және спорт, аймақтық байланыстарды тереңдету, Қазақстанның украиналық диаспорасына мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруымен көмек көрсетуі, олардың этникалық Отанымен байланысын қолқабыс ету.

Ғылыми–техникалық ынтымақтастық дамуда, оның ішінде, аэрокосмостық салада. Қазақстанның космостық секторына кадрларды дайындау және қайта дайындау, Жерді қашықтық зондпен тексеру және ғылыми зерттемелер спутниктерін жасау, Байқоңыр космодромында ракета–космостық жұмыстардың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықаралық космостық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланып отыр. Энергетика объектілерін, атом станцияларын салу, ядролық отынды бірігіп өндіру мәселелері пысықталуда.

Білім саласында екі жақты байланыстардың потенциалы мамандарды дайындау, лицензиялау, оқу орындарын аттестациялау және аккредитациялау, нормативтік–құқықтық және методикалық базаны бірігіп дамыту, жоғары білім саласында мамандарды дайындау және қайта дайындау, екі елдің ҒЗИ және ЖОО, Ғылым Академиялары арасында ынтымақтастық мүмкіндіктерінде қорытылып отыр. 2007-2008 жылдары өзара өткізілген Ұлттық Жылдар екі жақты ынтымақтастықтардың маңыздылығын және тиімділігін бекітті, саяси және іскерлік байланыстардың әрі қарай дамуына, серіктестіктің тереңдеуіне, мәдени алмасуда жаңа мүмкіндіктер ашты. 2007 жылы Қазақстанның жылы шеңберінде орын алған 200 астам іс–шаралар экономикалық сипатта болды. Олардың табыстылығын тауар айналымының өсуінен байқауға болады.

2005 жылы мамыр айында Синельково қаласында (Днепропетровск облысы) 1943 жылы Украинаны неміс–фашистік басқыншылардан құтқаруда 19-жеке кавалериялық корпусың жауынгері – қазақтың ұлы ақыны Ж.Жабаевтың ұлы А.Жамбыловтың ескерткішінің ашылу салтанаты болып өтті. 2008-2009 жылы Киевтегі көшенің бірі ұлы қазақ ақыны және ойшысы Жамбыл Жабаевтың атымен аталып, ескерткіш тасы қойылды. 2009 жылы 9 мамырда украин жерінде бостандық пен бейбітшілік үшін жанын пида еткен батырларға естелік ретінде Синельниково қаласында Соғыс мәртебесі музейінде Алғадай Жымбылұлының бөлмесі ашылды.

Қазақстан Республикасының этникалық келісім және саясатын насихаттау мақсатында украин тілінде Президент Н.Назарбаевтың еңбектері басылып шығарылды, олардың ішінде: “Тарих толқынында”, “Қазақстан – 2030” және “Сындарлы он жыл”; кітаптар: “Нұрсұлтан Назарбаев – қазақстандық этникааралық және конфессияаралық келісім моделінің

құрушысы”, “Бейбітшілік және келісім саясаты” және “Қазақстан жолы” еңбегі.

Одан басқа, қазақтың жазушысы, мемлекеттік және қоғамдық қайраткері Олжас Сүлейменовтың “Хат тілі” және “Тарих алдындағы түркілер” атты кітаптарының украин тіліне аударылымы жасалды. Қазақстан мен Украина мұражайлары өзара ынтымақтаса бастады. 2009 жылы наурызда Львов өнер палатында украиндық ақынның 195 жылдығына ұштастырылған “Шевченко. Украинаға қайту” көрмесі өтті. Көрмеде алғаш рет Қастеев атындағы Алматы мемлекеттік өнер мұражайынан әкелінген және бұрын ешбір жерде қойылмаған Шевченконың жеті полотносы көрсетілді.

Әскери–техникалық ынтымақтастық 2005 жылғы 18 қарашадағы Үкіметаралық келісім негізінде іске асып отыр. Қазақстан мен Украинаның ӘӨК өнеркәсіптері арасында іскерлік байланыстар кеңеюде. Өзара іс–қимылдардың перспективалы бағыттары әскери және радиолокациялық техниканың жаңаруы мен модернизациялануы, ұшақтарды, танкілерді модернизациялау және жөндеу болып табылады. Екі елдің Қорғаныс министрліктері арасындағы 2006-2007 жылдарға арналған екі жақты ынтымақтастық Бағдарламасы бойынша Қазақстан мен Украинаның әскери–теңіз күштері арасындағы ынтымақтастық перспективалы бағыттарын келісу мәселелері бойынша жұмыстар жүргізілді, бейбітшілік операцияларды дайындау және өткізуді ұйымдастыру, қазақстандық мамандар және ғылыми–педагогикалық кадрларды дайындау жұмыстары атқарылды.

Гуманитарлық көмек. 2008 жылы тамызда су тасқынының салдарын жою үшін Қазақстан Украинаға \$250 мың және дезинфекциялайтын дәрілерді 5 тонна көлемінде гуманитарлық көмек көрсеткен болатын.

Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық. Халықаралық қоғамдастықтағы еліміздің позитивті образының қалыптасуы және оның халықаралық мәртебеге ие болуы сыртқы саясатты жүргізудегі республика басшылығының көрегендік шешімдерімен мүмкін болды. Бұл тұрғыда ядролық қаруды таратпау, діни экстремизмге қарсы тұру, әлем діндері арасында толерантты қарым-қатынас құру мәселелерін атап өтуге болады. Осының негізінде еліміз аймақтық, және ғаламдық қауіпсіздік мүддесі тұрасында халықаралық аренаға өз бастамаларымен шығуға мүмкіндік алды. Мысал ретінде Қазақстанның Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына (ЕКЫҰ) бұрынғы кеңес кеңістігіндегі елдердің көшбасшысы ретінде төрағалық етуге 2003 жылы өз кандидатурасын ұсынуын атап өтуге болады.

Үстіміздегі ғасырдың бірінші онжылдығында Қазақстан осы мақсатқа қол жеткізуде тиянақтылық пен қажырлық танытты. Төрағалыққа ұсынылған біздің мемлекетіміздің кандидатурасын Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік тұрасында сіңірген еңбегін бағалаған көптеген мемлекеттер қолдады. Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуге өз кандидатурасын ұсынуының бір себебі біздің мемлекетіміздің аталмыш ұйымды қазіргі таңда оның кеңестігінде пайда болған әрі көбейіп келе жатқан түрлі қауіпке төтеп

бере алатын күшті, әрі тиімді ұйым ету болып табылады. Қазақстанның ЕКЫҰ төрағалық етуге ұмтылысының қортындысы 2007 жылдың қараша айында Мадрид қаласында өткен ЕКЫҰ-на мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері Кеңесінің қабылдаған шешімі болды. Бұл шешімнің нәтижесінде Қазақстан 2010 жылы ЕКЫҰ төраға болды.

Мадрид құрылтайының шешімі халықаралық қоғамдастықтың Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қол жеткізген биіктерінің маңыздылығын мойындағанының бірден бір дәлелі болып табылады. Бұл ретте Қазақстанның аталмыш халықаралық ұйымның төрағасы ретінде халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған өзекті мәселелерді шешу турасында бірталай ұсыныс жасай алатындығын айтып кету керек. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қазақстанның салмақты тәжірибесі халықаралық деңгейде үлкен қызығушылыққа ие болып келеді және де ЕКЫҰ дамуына жағымды серпіліс беретіндігі анық. Өйткені ЕКЫҰ-на төрағалық ету - бұл Қазақстанның Еуропа қауіпсіздігі аймақтық жүйесіне интеграциялануының, ұйымның бас мүшелерімен жалпы еуропалық өзекті мәселелерді шешу турасындағы тең құқықты сұхбатты жалғастыру мүмкіндігі болып табылады.

Қазақстан дипломатиясының ірі жетістіктерінің бірі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК) жию идеясының жүзеге асқаны болып табылады. Аталмыш идеяның Қазақстан басшысы 1992 жылдың қазанында айтқан болатын. Бұл кезден бері Қазақстан АӨСШК мүше мемлекеттер басшыларының саммитін 2002 және 2006 жылдары екі мәрте өткізіп үлгерді. Бұл басқосулар халықаралық деңгейде үлкен бағаға ие болды. 2006 жылдың 17 маусымында Алматы қаласында өткен АӨСШК II саммитінде Азиядағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік негізгі мәселелерін форум қатысушылары біріге шешетіндігі сипатталған декларация және де аталмыш ұйымның хатшылығы жайлы келісімге қол қойылды. Қазіргі кезде АӨСШК-не азиялық 20 мемлекет мүше, 7 мемлекет және 3 халықаралық ұйым бақылаушы дәрежесіне ие. Аталмыш форумның жұмысы Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған, бұл ұйым бейбіт сұхбат және Азия құрлығындағы күрделі геосаясаттық мәселелерді шешу алаңына айналды. ЭСКАТО-ға мүше 62 мемлекеттен 400-ден астам делегат қатысқан Алматы қаласында өткен Азия мен Тынық мұхиты мемлекеттерінің Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (БҰҰ ЭСКАТО) 63-і сессиясы Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия үшін маңызды шараға айналды. Бұндай дәрежедегі шара Орталық Азияда тұңғыш рет өткенін атап өту қажет.

Заманының ағымы аясында қалыптасатын халықаралық жағдайда халықаралық және аймақтық ұйымдармен қарым-қатынасты орнату ерекше маңызға ие болып келеді. Олардың басты қызметі қауіпсіздік саласымен

байланысты. Осындай ұйымдардың бірі Тәуелсіз Қазақстанның белсенділігімен бой көтерген Шанхай Ғнтымақтастық Ұйымы болып табылады (ШЫҰ). 2001 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Шанхай Ғнтымақтастық Ұйымын (ШЫҰ) құру бастамасына ат салысты және де дәл осы ұйым аясындағы қызметі сыртқы саясаттағы негізгі бағыттардың біріне айналды. Қазіргі кезде ШЫҰ Қазақстан, Қырғызстан, ҚХР, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстанның басын қосып отыр, ал бұл ұйымдағы бақылаушы мемлекеттерге Моңғолия, Иран, Үндістан және Пәкістан кіреді. ШЫҰ шеңберіндегі диалогарқасында Қазақстан саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық салалар бойынша көптеген мәселелерді шешуге бағытталған сындарлы сұхбат жүргізу мүмкіндігіне ие және де бұл ұйым аясында терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресуде күш жұмылдыру мәселелері талқыланады. ШЫҰ саяси тұрақтылық және қауіпсіздік қамтамасыз етудегі маңызды рөлі оны халықаралық деңгейдегі беделді ұйымға айналуына септік етті.

Жоғарыда айтып кеткен фактілер Қазақстанның тәуелсіздік жылдар ішінде сыртқы саясатын белсенді жүргізетін нығайған, сенімді мемлекетке айналғандығын көрсетіп отыр. Бұл мемлекет басшылығының сыртқы саясатты дұрыс және тиімді жүргізуіне байланысты мүмкін болып отырғанын атап кету керек. Экономикалық жетістіктеріміз де осыны аңғартады. Тәуелсіздік жылдарында республикаға \$50 млрд. көлемінде тікелей шетелдік инвестиция құйылған. Мемлекеттің алтынвалюта қоры тұрақты көбеюде. 1995 жылдан 2005 жылға дейін алтынвалюта қорының көлемі 9 есеге көбейіп, ҚР Статистика жөніндегі Агенттіктің мәліметі бойынша \$15 085 млн. құраған. 2002 жылдың наурызында АҚШ Қазақстанға «нарықты экономикалы мемлекет» деген дәрежені берді. Бұл республика жүргізген нарықтық реформалар жемісінің белгісі. Бүкіләлемдік экономикалық форум жария еткен 2006-2007 жж. әлемдік бәсекелестік индексіне сәйкес Қазақстан Ресей, Түркия мемлекеттерін озып 56 орынды иемденді. Бұл тізім бойынша ҚР Орталық-Азия мемлекеттері арасында көшбасшы. Кеңейген экономикалық мүмкіндіктер республика алдында жаңа сыртқысаяси мақсаттар қойып отыр. Сарапшылар көз-қарасы бойынша Қазақстанның қарқынды дамып жатқан экономикасы «тұрақтылық экспортері» ретінде бүкіл аймақ экономикасының дамуының катализаторы болуы мүмкін. Бұл ретте қазақстандықтардың зияткерлік мүмкіндігі мен мемлекеттің табиғи байлықтары негіз бола алады. Мұнай мен газдың үлкен қорлары бар республика болашақта қалыптасып келе жатқан галамдық энергетикалық қауіпсіздік жүйесінде маңызды рөл атқаратын әлемдік нарыққа көмірсутегін жеткізетін жетекші мемлекетке айналуы әбден мүмкін.

10.2. Қазақстанның жаңа жаһандық дағдарыстан шығу жолдары.

Тәуелсіз даму жолын қалаған мемлекетіміз ширек ғасырлық тарихының табалдырығын аттады. Бұл – тәуелсіздікті нығайту жолындағы

қазақстандықтардың өлшеусіз еңбегінің ширек ғасырлық белесін жалындатын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекеттіліктің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін әлде талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келетін міндет тұр. Осы сәтте заманның беталысы аса күрделі қиындыққа кезікті, яғни әлемдік дағдарыс жан жақтан қарбуға бет алды. Бүкіл әлеммен бірге қазақ елі жаңа қатерлері мен тың мүмкіндіктері қатар өрбіген жаһандық ахуалға душар болды. Алпауыт елдердің текетіресі мен өзара санкциялар алмасуы дүниені тұйыққа қарай итерді. Қазақстанның басты экспорттық өнімдерінің дүниежүзілік нарықтағы бағасы еселеп құлдырады. Осындай ахуал республика жетістіктерін сынға салып, елді шындай түсетін жәйтке соқтырды. Жауапты сәтте халық бірлігін одан әрі нығайтуға, елдің игілігі үшін аянбай тер төуге сілтеді. Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін деген қағиданы ұстанып, еңбек ету міндеті аса маңызды сипат алды. Сәт сайын құбылған аласапыран заманға сай амал іздеуге тура келді.

Адами тәжірибесі аясында ең сенімді жоспар – уақыт талабына бейімделе алатын міндет. Осы орайда заманның беталысына қарай даму, өсу межелерін белгілеп, алға қойған жоспарларды өңдеп өзгертуге тура келді. Осы жағдайдағы әр қазақстандық алдында тұрған мақсат – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «**Мәңгілік Ел**» етіп әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосып, бай да қуатты елдермен иық түйістіру болды.

Небәрі ширек ғасырда Қазақстан жаһандық шаруашылық байланыстарға қосылған егемен ұлттық экономика және ұлттардың әлемдік отбасының толыққанды қатысушысына айналған құрылым ретінде қалыптасты. Ширек ғасыр аясында Қазақстан көптеген сынақтарға төтеп беру жолында өткір сындардан өтіп нығайды. 2015 жылы қанат жайған әлемдік дағдарыс ел алдына көп салалы өзекті және мәселелерді паш етті.

I. Жаңа жаһандық нақты ахуалдың сын-қатерлері

Бүкіл әлемді сілкініп 2015 жылы біздің елімізге келген дағдарысты көріністер де әлем дамуының бүкіл сын-қатерлерін бастан кешуге сый етті. Олардың ішінде мынадай жәйттер ел экономикасының тынысын тарылтуға дем берді:

Біріншісі, әлемдік жаһандық дағдарыс жаппай қамту сипатын алды. Іс жүзінде барлық әлемдік рыноктар – қаржы, көмірсутегі, металдар, азық-түлік және басқа да рыноктар тұрақсызданды. Қазақстанның экспорттық өнімдеріне сұраныстың төмендеуінің негізгі себебі де осында болды;

Екіншісі, әлемнің барлық аймақтарында да экономикалық өсімі баяулады. Жаһандық ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) өсімінің үнемі төмендеуі жөніндегі болжамдар аян бола бастады. 2011 жылдың күзінен бастап Халықаралық валюта қоры оларды 5-тен 3 пайызға дейін төмендете келе,

болжамдық көрсеткіштерді 6 рет қайта төмендетті. Және, шамасы, бұл да шек емес сияқты болды;

Үшіншісі, мұнайдан түсетін сүйекке сіңіп қалған супертабыстар құрдымға кетті;

Төртіншісі, жаһандық экономика саяси факторлардың қысымын батыл сезетін дәрежеге жетіп әлем тұрақсыз сипат алды. Оның үстіне әлемнің жетекші қуатты мемлекеттері бір-біріне қарсы санқилы салалық кедергілер, шектеулер (санкциялар) енгізді. Олардың арасындағы сенім күрт төмендеп кетті. Таяу және Орта Шығыс, Солтүстік және Орталық Африка өңіріндегі тұрақсыздық пен дау-жанжалдар кең ауқымды босқындар ағынына апарып соқтырды. Әрбір күн содырлық іс қимылдар аясында мыңдаған жазықсыз адамдардың қаза болуы да тұрғындарды үрейлендіретін болды. 2012-2015 жж. қарай халықаралық содырлар топтары әлемге елеулі қатер төндіретін болды. Бұл тәуелсіз мемлекеттердің ішкі істеріне сыртқы күштердің араласуы жолымен мемлекеттіліктің күйреуінің нәтижесі болса керек. Әлемнің дамуы күштердің жаһандық және өңірлік орталықтарының арасындағы төзімсіз бәсекелестік аясында жүретін сипат алды. Осы жағдайда жаңа жаһандық өмір шындығының сын-қатерлеріне мемлекеттер, соның ішінде Қазақстан мүмкіндіктері шеңберінде біртұтас іс-қимыл стратегиясын қарсы қоюға тура мәжбүр етті.

2. Қазақстан республикасының дағдарысқа қарсы шаралары.

Адамзат тарихы бойынша жаһандық дағдарыс – ол тек қауіп қана емес, сонымен бірге жаңа мүмкіндіктерге де жол ашатын сыңайлы. Қаралып отырған кезде әлемдегі экономика саласы дамудың дағдарыстық кезеңінде модернизацияның тиімді амалын тауып сәтті компанияларға айналған. Іс жүзінде соңғы жарты жүзжылдықта табысқа қол жеткізген елдердің бәрі дамуын тура мағынасында тақыр сыңайлас деңгейден бастаған болатын. Қазақстанның өзі де дағдарыс дәуірінде өмірге келді. Тәуелсіздіктің қалыптасуының ең қиын кезеңінде (алғашқы онжылдықта) біздің ел негізінен «мұнайсыз» өмір сүрген. Тәуелсіз Қазақстан әр кезде де сыртқы экономикалық сәтсіздіктерде кереғар дамып келген. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының бірінші жартысы ел тәуелсіздігін жариялаған республика үшін қолайлы болмағаны анық. Ол уақыттары өндіріс тоқтап, адамдар жұмыссыз және өмір сүруге қажетті қаржысыз қалды. Қазақстан халқы лайықты түрде, әрбір қадам сайын ол дағдарысты еңсере білді. Жаңа Қазақстандағы өзгерістердің алғашқы нәтижелерін енді ғана сезіне бастаған сәтте 1997-1998 жылдардағы Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қаржы дағдарысына ұшырады.

Сол күйзелісті жәйтте қабылданған стратегиялық шешімдер мен іс-қимылдар маңызды оң сипатты мәнге ие болды. Ол кең ауқымды жекешелендіру мен экономикаға көптеген трансұлттық компаниялардың келуі арқылы мүмкін болған. Сол кезеңде жаңа елордамыз – Астананың

құрылысы қолға алынды, Каспий құбырлы өткізгіш консорциумы жұмыс істей бастады, «Қазақстан-2030» Стратегиясы бастау алды. 2007-2009 жылдардағы дүниежүзілік қаржы дағдарысы туындаған кезде Ұлттық қор құру туралы шешімнің маңыздылығы мейлінше айқын бола түсті. 20 миллиард доллардай – Қазақстан ІЖӨ-сінің 14 пайызы – жұмыспен қамтуды қолдауға, жолдарды жөндеуге және салуға, қалалар мен ауылдарды көріктендіруге бөлінді. Банк секторы, шаруа қожалықтары, шағын және орта бизнес көмекке қол жеткізді. Арам ниетті құрылыс салушыларға алданған мыңдаған үлестік құрылысқа қатысушылар мемлекеттің ізгілікті ерік-жігерінің арқасында жана тұрғын үйлер алып шықты. Еліміз сол күрделі жағдайда дағдарысқа қарсы екі жоспарды әзірлеп, дәйектілікпен жүзеге асыра білген. Бұл экономикалық қиындықтарды еңсерудегі зор да табысты тәжірибе болды.

Қазіргі жаһандық дағдарыс күтпеген жерден келіп түскен жоқ. Елбасы бұндай қиындық жаңа толқынның қайткенде де келіп соғатынын талай рет ескерткен еді. Осы жағдайда Қазақстан дағдарысқа қарсы алдын алу стратегиясын алғаш рет қолданды. Енді бүгінгі іс қимыл бағыттары қандай болмақ дейтін болсақ, оларды мынадай ретпен баяндаған жөн:

біріншісі, елде индустриялық-инновациялық дамудың екінші бесжылдығы басталды, яғни шикізат ресурстарына ғана қарап қалмайтын экономиканы құру ісі батыл қолға алынуы керек;

екіншісі, елде «Нұрлы Жол» Мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасы қабылданып бұндағы алғашқы қадамдар жасалды. Дағдарысқа қарсы шаралардың маңызды аспектісі Қазақстанның ұлттық валютасы теңге еркін бағамға көшуіне байланысты болды;

үшіншісі, мемлекетте «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыруға күш салуы керек болды. Парламент Ұлт жоспарын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін шараларды қолға алып 80-нен астам заң талқыланып, арнайы жоспар аясында 2016 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істей бастады. Шағын және орта кәсіпкерлік үшін әкімшілік кедергілер шектеліп, мемлекеттік басқару, білім беру мен денсаулық сақтау салары жетілдірілуде. Осы шаралардың бәрі де мемлекетке, қоғамға ел экономикасына қосымша төзімділік беретін болды;

төртіншісі, қажетті мемлекеттік қор мен алтын-валюта резервін жинақтап оны қолдану амалдары пысықталды;

бесіншісі, Елбасы тапсырмасы бойынша, бұған дейін келісілгендей, мұнай бағасы барреліне 30-ға дейін және 20 долларға дейін төмендеген жағдайларға ойластырылған іс-қимылдар нұсқасы әзірленді;

алтыншысы, инновациялық индустрияландыру бағдарламасы аясында құрылған экономиканың жаңа секторлары өнім өсімін тұрақты сипаттағы

үдеріске айналдыру көзделді. Көптеген өңдеуші салалар өнімі тұрақты және барынша сапалы өсімге қол жеткізе бастады. 2010-2015 жж. аралығында өңдеу өнеркәсібі 1,3 есе, химия өнеркәсібі мен құрылыс материалдары өндірісі 1,7 есе өсті. Машина жасау өнімдерін шығару 2,2 есе, экспорт 3 есе артты. 800-ден астам индустриялық жобалар жүзеге асырылды. 2015 жылы металлургия өнеркәсібі бірден 15 пайызға, химия өнеркәсібі 3,2 пайызға ұлғайды. Минералды өнімдер өндірісі 3,2 пайызға, киім-кешек 4 пайызға өсті. Дүниежүзілік банк пен Азия даму банкі Қазақстан үшін 2016 жылға жоғары экономикалық өсу қарқынын болжап берді;

жетіншісі, қазақстандықтардың экономикалық ой өрісі мен болжамдық қабілеті өзгеруде. Оның бір мысалы, еңбек өнімділігінің 60 пайыздан астамға артқанынан көруге болады.

Қазақстан халқы ешқашан тәуелсіздік тұста байқуатты тұрмыс кешіп көрмегені Президент Жолдауында нық сеніммен баяндалды. Тәуелсіздік алғаннан бері 1300-ден астам денсаулық сақтау нысаны мен 1700-ден астам білім беру ошағы замануи жоба бойынша бой көтеріп олардың барлығы ең соңғы үлгідегі құралдармен жабдықталған. Аса күрделі операцияларды елімізде, өз дәрігерлеріміз жасайтын жағдайға жеттік. Жалпы халықтың тұрмысының, денсаулығының түзелуі, санының өсуінің нәтижесінде қазақстандықтардың орташа өмір ұзақтығы 72 жасқа жуықтады.

Мемлекет қандай жағдайда да әлеуметтік міндеттемелерін шашау шығармай орындап келеді. Тарихымызды түгендеп, мәдениетімізді өркендетуге қол жетті. 2016 жылдың бірінші қаңтарынан бастап бюджет қызметкерлерінің жалақысы, әлеуметтік жәрдемақылар мен шәкіртақы орташа алғанда 30 пайызға дейін көбейді. Осының барлығы халықтың болашаққа сеніммен қарап, алаңсыз өмір сүруіне толық негіз болатыны аян.

2013 жылы Президент ұсынысымен «Қазақстан-2050» Стратегиясы жарияланды, ал 2016 жылға қарай оны жүзеге асыруда, тіпті, жаһандық дағдарыстың теріс ықпалына қарамастан, орасан зор нәтижелерге қол жетті. Бұл игі қадам аясындағы орындалған шараларды былай жіктеп қарауға тұрарлық:

а) Давос экономикалық форумының Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі көрсеткіші бойынша Қазақстан әлемде 42-ші орынға көтерілді;

б) бизнес үшін барынша қолайлы жағдайлар жасайтын елдердің әлемдік рейтингінде Қазақстан 41-ші позицияны алды;

в) 2015 жылдың 30 қарашасында Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының заңды түрдегі толыққанды мүшесі болды. Ол туралы ДСҰ-ның Бас кеңесінің отырысында ресми түрде хабарланды. Бұл оқиға тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы маңызды кезең болып табылады. Ол қазақ елінің толыққанды сауда-экономикалық әріптес ретінде мойындалуын объективті

дәлелдейді. Қазақстанның ДСҰ-ға өтуі республиканың шетелдік рынокқа өнім шығарушылар үшін де, отандық экономиканың шешуші секторларына келетін шетелдік инвесторлар үшін де жаңа мүмкіндіктер ашты.

Ұлы Қазақстан жолы мен Мәңгілік Ел аясына жету идеясын орындау әр қазақстандықтың ұстанымына тікелей байланысты. Дағдарыстан шығу үшін елімізде дереу ұзақ мерзімді, орта мерзімді және таяу болашаққа арналған іс-қимыл стратегиялары қабылданды. Олай болса осы бағытта басты стратегема аясында үш қарапайым, бірақ маңызды – **өсім, реформалар, даму** міндеттері және ұғымдар қабылданған. Олардың мағынасын былай түсінген жөн:

біріншісі – **өсім**. Әңгіме ең алдымен, экономикалық өсім туралы болып отыр. Ағымдағы міндеттерге қатысты алғанда Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған отыз ел қатарына енуін қамтамасыз ететін экономикалық өсім қарқынын қалпына келтіру қажет болды. Бұл орайда жеке бастамаларды дамыта отырып, өсімнің жаңа ішкі көздерін тауып ашу қажет болды;

екіншісі – **реформалар**. Олар экономиканың, қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етуі керек. Бұл тұста бұрын жария етілген «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асыру міндеті тұрды. Олар өз ауқымы жағынан Қазақстанда 90-шы жылдары жүргізілген реформалар арнасымен сәйкестірілді. Республикада мемлекеттік және корпоративтік менеджментті, қаржы және фискалдық секторларды кезек күттірмейтін неғұрлым тереңірек реформалау шараларын дереу қолға алу қажет болды;

үшіншісі – **даму**. ХХІ ғасырда қоғамның барлық салаларын үздіксіз жаңғырту дамудың басты факторына айналып отыр. Кезінде жарияланған Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, халықтың неғұрлым әлсіз буындарына атаулы көмек қағидаттарында бүкіл мемлекеттік, қоғамдық және жеке институттарды кең ауқымды жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізу міндеті тұрды.

7.4. Дағдарыстан шығу мен құрылымдық жаңарулардың жолдары.

Таяу уақыттарда бізге келесі бес бағыт бойынша дағдарысқа қарсы және құрылымдық кешенді жаңаруларды жүзеге асыру міндеті келді. Олардың басты бағыттары:

біріншісі қаржы секторын тұрақтандыру. Әлемдік дағдарыс жәйінде маңызды міндет – қаржы жүйесін жүйелі және шуғыл тұрақтандыру, оны жаңа жаһандық нақты ахуалға сәйкестендіру болды. Бұл ретте:

-қаржы секторының теңгенің еркін бағамы жағдайында тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек болды. Мұндағы қағидат Ұлттық валютаның бағамына Ұлттық қор қаржылары есебінен шексіз қолдау көрсету тәжірибесіне қайта оралуға болмайтындығында еді. Ұлттық банк және жалпы банк секторының барлық субъектілеріне жұмыс істемейтін несиелер

бойынша стресс-тестілеу жүргізуі міндеті тұрды. Сондай нәтижелер бойынша оларды мойындау және есептен шығару жөнінде шаралар қабылдау керек болды. Капиталдандыру проблемаларын шеше алмаған банктер қаржы жүйесінен «кетуі» алыстатылуы тиіс еді. Қазақстандық банктер барлық халықаралық стандарттарға, соның ішінде, Базель комитеті мен Халықаралық валюта қорының стандарттарына сәйкес келтіру міндеті тұрды. Қаржы айналымын «долларсыздандыру» тиімді жолдарын табу арқылы ұлттық валютаға деген сенімді нығайтудың маңызы зор болды;

-инфляциялық таргеттеу шеңберінде Ұлттық банк орта мерзімді болашақта инфляция деңгейін 4 пайызға дейін төмендетуі керек еді. Ол үшін пайыздық мөлшерлемелерді икемді өзгерту тетігі толыққанды пайдаланылуы міндеті батыл қойылды;

-ұлттық банктегі институттық кемшіліктерді дереу жою қажет болды. Біртұтас Зейнетақы қорын, қайтарылмаған несиелер қорын және басқа да қаржы институттарын оның бақылауынан шығару міндеті де өткір сипат алды;

-2016 жылы зейнетақы активтері жеке қазақстандық немесе шетелдік компаниялардың басқаруына берілуі үкімет тарапынан қолданды. Зейнетақы жиналымдарының табыстылығын арттыру мақсатында ондағы қаржыларды инвестициялау аясындағы тәжірибені жаңашаландырып әлемдік тиімді тәжірибеге ауыстыру қажеті туындады. Зейнетақы қорын бағалау мен басқару да Ұлттық қор аясындағы тәжірибеге сәйкестендіру міндеті қойылды. Ұлттық банк қоғам мен қаржы мекемелеріне өз қызметінің мәселелері бойынша үнемі тиянақты ақпарат беріп тұруы міндеті қойылды. Қаржы секторына қатысушылардың бәрімен қалыпты жұмыс бабындағы үнқатысуды жолға қоюдың маңызы зор еді.

Сөйтіп, жоғарыда сөз болған барлық кезек күттірмес шараларды қабылдағаннан кейін ғана экономиканы ынталандыруға, соның ішінде монетарлық тәсілдермен дамытуға жол ашылды. Бұл орайда Ұлттық банкті сауатты басқаруына көптеген жәйттер тәуелді болды. Осымен қатар ұлттық валюта – теңгеге сенімді күшейту міндеті туындады. Баршаға аян мәселе ол теңге салымдары – бүгінде азаматтардың жиналымдарын сақтаудың ең үздік құралы екендігінде болса керек.

Екіншісі, бюджет саясатын оңтайландыру болды. Бұл ретте жаһандық дағдарыстың ықпалы жағдайында экономика үшін тексерілген қағидат және бюджет саясатының дұрыс моделін табу өзекті. Бүгінгі әлемнің озық мемлекеттерінде бюджетке салықтық түсімдердің шамамен 20 пайызға дерлік төмендегенін баспасөз құралдары ақпаратынан қалың бұқараға аян. Тіпті қосылған құн салығын төлеу көлемі төрттен бірге, ал табысқа корпоративтік салық бойынша 13 пайызға төмендеді. Бұл бар болғаны кәсіпкерлікке қосымша салмақты білдіретін болды. Бюджет шығындарын

Ұлттық қор есебінен жабу – көрегендік емес. Оның үстіне алдағы жылдардың қандай болары да белгісіз еді. Сондықтан, осы жағдайдағы Қазақстанның қағидатты ұстанымы – Ұлттық қор қаржыларын ағымдағы шығындарға пайдалануға тосқауыл қойылуы қажет болды. Ұлттық қордан республикалық бюджетке жыл сайынғы кепілдендірілген, шектеулі трансферт бірден-бір тетік болуына елеулі көңіл бөлінді. Үкімет Ұлттық қор қаржыларын жаңа жаһандық өмір шындығы жағдайында қалыптастыру мен пайдаланудың тұжырымдамасын әзірлеуге мәжбүр болды. Мемлекеттік кірістер мен шығыстардың бүкіл жүйесі қайтадан қаралды. Ең алдымен, бюджеттің кіріс базасын ұлғайту міндеті маңызды еді.

2017 жылдан бастап барлық тиімсіз салықтық жеңілдіктерді жою бағыты қолданды. Бұдан былай салықтық шеңберлерді оңтайландыру саласында тек үш деңгей ғана өзін сақтады. Олар – жалпы, жеке кәсіпкерлер үшін патент және шағын және орта бизнес, сондай-ақ, аграрлық сектор үшін арнайы салық жүйесі еді. Тек қана осындай амал арқылы «көлеңкелі экономиканы» жарыққа шығарудың мүмкіндігі аян болды. Салық саласының мөлдірлігін арттыру Үкіметтің басты міндетіне айналды. Тек осындай іс шаралары негізінде ғана экономиканың әрбір субъектісі салықтарды толық көлемде төлеуге мүдделі болмақ еді. Бұл жағдайда Үкімет салықтық әкімшілендірудің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік алды.

Әлемді қамтыған дағдарыс аясында елдегі мүлікті жария ету мерзімдері 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды. Мүлік пен ақшаны заңды айналымға қайтару үшін қосымша ынталандырулар қабылданды. Құпиялылық пен сот қудалауынан қорғауға кепілдік берілетін болды. Үкіметке жария ету жағдайларына тағы бір рет талдау жасауды және қажет болған жағдайда, оған қатысушыларға кепілдікті күшейтуге шешім мүмкіндік берілді. Мүлікті жария етуге қатысу жөнінде әлі де ойланып жүргендердің барлығына осы мүмкіндікті пайдаланып қалуға жол ашылды. 2017 жылдың 1 қаңтарынан кірістер мен шығыстарды жаппай декларациялау жүргізуге шешім қабылданды. Одан кейін, олар қайда болмасын шығу төркіні мен салық салынуын анықтау мақсатында, соның ішінде Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының қолғабысымен, есепшоттар мен активтерді анықтау шаралары қабылданатыны жарияланды. Бюджет шығындарын оңтайландыру жөніндегі шараларда пысықталдып, тіпті Үкімет барлық бюджеттік бағдарламаларға толық анықтамалық тергеу жүргізуді қолға алды. Дағдарыс жағдайында әр теңге де маңызды. Тиімсіз шығындар немесе жеке сектор есебінен жабылуы мүмкін шығындар бұдан былай бюджеттен шығарылатын болды. Өңірлік және индустриялық даму бағдарламаларының шығындарын қайта қаралатын болды. Осымен қатар мемлекеттік шығындар мен субсидиялар жүйесі де қайта пысықталды.

Дағдарыс жағдайында «ҚазАгро» сыңайлас корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қолдау құралдары бүкіл ауылшаруашылық тауар өндірушілердің толық қолжетімді болуы міндеті қойылды. Бюджет

шығындарын жеңілдету үшін мемлекет-жекеменшік әріптестігі тетігін белсендірек қолдану қажеті туды. Экономиканың басым салаларына жеке инвестицияларды ынталандыру бойынша қосымша шаралар қарастыру керек болды. Жеке инвесторларды жол, газ құбыры, ауруханалар, мектептер және басқа да нысандар құрылысына ғана емес, сонымен бірге, оларды қайта жаңғыртуға және техникалық қызмет көрсетуге тартуға айрықша көңіл бөлініп арнайы маңыз берілді. Бюджет шығындарын оңтайландырудан босаған барлық қаржыны бірінші кезекте халық үшін нақты нәтижелер әкелетін жобаларға бағыттау шаралары іске асырыла бастады.

Үшіншісі, жекешелендіру және экономикалық бәсекелестікті ынталандыру міндеті болды. Дағдарыс жағдайында тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін ішкі ресурстарды барынша босатудың маңызы зор. Ол үшін мемлекет басшылығы екі тиімді құралды – кең ауқымды жекешелендіруді және бәсекелестікті ұлғайтуды пайдалануға батыл бел байлады. Әлемдегі өркениет елдері тәжірибесі бойынша өсім мен бәсекелестікті өткір тежейтін үлкен мемлекеттік сектор – 7 мыңнан астам кәсіпорындар болып табылады. «Самұрық-Қазына» және «ҚазАгро» холдингтері өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының орасан зор активтеріне тиімді бақылау жасауға құзыреті жеткіліксіз еді. «Самұрық-Қазына» қорының активтері ІЖӨ-нің 40 пайыздан астамын құрайды, 500-ден астам «немерелер» мен «шөберелерден» тұрады. «ҚазАгро» және «Бәйтерек» холдингтері бюджет пен банктер арасындағы тиімсіз делдалдарға айналды. Осылардың бәрі шеннен астам қызметшілерімен және шектен тыс бюджеттік ресурстармен қоса жүреді, сонымен бірге, жеке инвестициялар мен бастамаларды ығыстырып шығаруға апарып соқтырады.

Дағдарыстан шығу тұста мемлекеттік сектор нысандарын жекешелендіруге шектеулерден арылу маңызды болды. «Мемлекеттік мүлік туралы» Заң мен Азаматтық кодекстің бірқатар ережелерін қайта қарап, жекешелендіруге жатпайтын стратегиялық нысандардың санын қысқартуға жол ашылды. Үкіметке мемлекеттік меншіктегі ұйымдардың бәрін қоса отырып, жекешелендірудің жаңа бағдарламасы әзірленетін болды. Олардың ішінде, «Самұрық-Қазына», «Бәйтерек» және «ҚазАгроға» кіретіндері де болды. Жекешелендіруден кейін осы үш басқарушы холдингтің бәрі ықшам ұйымдарға қайта құрылымдалатын болуы көзделді. Жекешелендіру әділетті нарықтық баға бойынша, ашық және бәсекелі жүзеге асырыла бастаған. Мұнда акцияларды қор нарықтарына орналастыру мен ашық аукциондар шешуші тетіктерге айнала бастады. Оған қазақстандық және шетелдік инвесторларды барынша мол қатыстыру үшін жағдай туғызыла бастады. Үкіметке барлық акционерлердің мүлкінен қол үзгендердің активтерін сатып алуға деген басым құқықтарын алып тастау міндеті жүктелді. Осы орайда Үкімет еркін және саламатты бәсеке үшін жағдайларға жол ашаты. Бұл ретте төмендегідей бірнеше бағыттағы шаралар қолға алынды:

біріншісі, Үкімет тарапынан монополияға қарсы іс харекетті күшейту бойынша нақты ұсыныстар жасау тапсырылды. Бұл жолы монополияға қарсы мекеме туралы мәртебесі мен жұмыс тәртібі нақты регламенттелген жеке заң керек болды;

екіншісі, бағаны жасанды реттеу түрінде нарықтық ынталандыруларға қатысты бұрмалауларды жою қажет болды. Үкіметке экономиканың барлық секторларында нарықтық баға қалыптастыруға әрі қарай көшуді батыл жалғастыру тапсырылды;

үшіншісі, бәсекелестік саласындағы саясат банкроттыққа ұшыраған және жұмыс нәтижесі тиімсіз компанияларды оңалтуды реттеу үдерістерімен қоян-қолтық жүргізу міндеті қойылды. Теориялық тұжырымдар бойынша нарықтық экономика – күштілердің бәсекесі. Өмірлік сұраныстарға тиісті жауап бере алмайтындар нарықтан кетуге немесе қызметін жаңашаландырып қайтадан бастауға мүмкіндік алулары керек. Қазақстан экономикасында бұл бір сарында қалып келген еді. Тіпті тиімсіз компаниялар мемлекеттен түрлі түрдегі субсидиялар мен жеңілдіктер алуға арқа сүйеуге дағдыланған болатын. Бірде-бір дамыған елде компаниялардың банкроттығы саланың ыдырауына немесе жұмысшыларын босата отырып, кәсіпорынның тоқтауына мүмкіндік бермейді. Тиімсіз менеджерлердің орнына өзімен бірге инвестициялар әкелетін жаңа меншік иелері келеді. Сөйтіп, бұдан былай Қазақстанда бәсекеге қабілетсіз компанияларды мемлекет есебінен «сүйреуге» тыйым салынатыны жарияланды. Осы орайда жеке және заңды тұлғалар үшін банкроттықтың нақты және түсінікті ресімдерін сақтау міндеті қойылды.

Осыған дейін мемлекет кәсіпкерлікті барынша қолдап, оған барынша материалдық рухани дем беріп, аяққа нық тұруына барлық жағдайды жасады. Ал әлемдік дағдарыс санатында сол кәсіпкерлерге үлкен жауапкершілік артылды. Жекешелендірудің жаңа легіне белсенді қатысу, қаржыны заңдастыру, ашық жұмыс істеу осы тұғырықтан абыройлы шығудың басты кепілі деп мемлекет тарапынан жарияланды. Қуатты ел болу – бәсекеге қабілетті болу деген сөз. «Қазақстанда жасалған» әрбір бұйымда төрт қасиет – **сапалы, ыңғайлы, әдемі және арзан** болуы тиіс деген талап қойылды.

Төртінші. Жаңа инвестициялық саясаттың негіздері. Бұл орайда таяудағы онжылдықта Қазақстанның алдында тұрған төмендегідей міндеттер айқындалды:

- экономиканың жыл сайынғы өсімін 5 пайыз деңгейінде қамтамасыз ету;
- өңделген тауарлардың экспортын 2015 жылғы өлшеммен салыстырғанда кем дегенде екі есе ұлғайтып, оны жылына 30 миллиард долларға дейін жеткізу;

- экономикаға жыл сайынғы инвестициялардың көлемін 10 миллиард доллардан астамға ұлғайтып, тұтастай алғанда 10 жыл ішінде – кем дегенде 100 миллиард долларға жеткізу;

- 660 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құру, еңбек өнімділігін 2 еседен астамға арттыру.

Экономикалық өсімнің мұндай қарқыны тек экспорттық табыстар ағынын мүмкін ететін жаңа драйверлер қалыптастыру есебінен ғана қамтамасыз етіле алады. Жаңа жаһандық нақты ахуалдың мәні тек әртараптандырылған экономиканың ғана жаһандық дағдарыс салдарына тиімді қарсы тұра алатынында ғана табылады. Сондықтан да республикадағы индустрияландыру бағдарламасын толығынан орындау міндеті аса маңызды сипат алды. Сондықтан, Елбасы ұсынысымен бүкіл халық қолдаған жаңа инвестициялық саясат қабылданды. Оның негізгі түйіндемесі төмендегілер:

а) трансұлттық корпорацияларға екпін түсіре отырып, жеке инвестициялар тарту маңызды. Экономика мен әлеуметтік салаларға «күрделі инвестициялар» тарту үшін оңтайлы орта қалыптастыру керек. Бұл ретте «Астана» Халықаралық қаржы орталығын құру туралы шешім қабылданды. Ол исламдық қаржыландыру, приват-банкинг және қайта сақтандыру салаларында өңірлік хаб ету көзделді. Осының нәтижесінде Қазақстан күшті институттары, білікті, тиімді және болжамды үкіметі бар өңірдегі көшбасшы-елге айналуы керек. Сарапшылар пайымдауынша республикада озық техникалық кадрлар, әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымдар болуы тиіс, қоғамдық тәртіп пен адамдардың жеке қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек. Инвестициялық ахуалды жетілдіруге бағытталған реформаларды әрі қарай жалғастыру ЭЫДҰ және басқа да халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп жүргізілуі көзделді. Осы мақсатта Қазақстан Үкіметі үш ай мерзім ішінде инвестициялық ахуалды жақсартудың егжей-тегжейлі жоспарын даярлап ұсынды. Бұдан бөлек, инвесторлармен жұмысты белсенді ете түсу үшін инвесторлар тарту мен инвестициялық ахуалды жақсартуға бағдарланған Үкімет кеңесі құрылып жұмысқа кірісті. Өңірлерде жергілікті маңыздағы жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялар тартуға қажетті осындай кеңестер құрылды;

б) экономикалық өсімнің өңірлік шеңберлерін қалыптастыру үшін барлық инвестициялық жобалар алты макроөңірлер, яғни: Оңтүстік, Солтүстік, Орталық-Шығыс, Батыс, Алматы, және Астана үшін жеке бағдарламалар әзірленді. Ірі өңірлік жобалар айналасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту міндеті қойылды. Сондықтан, кәсіпкерлікті қолдаудың «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы макроөңірлердің инвестициялық бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып енетін болды. Бұларайда еңбек қорларының жұмылғыштығын замануи дәрежеде жетілдіру бойынша, бірінші кезекте, еңбек күші артық өңірлердің еңбек қоры

жетіспейтін өңірлерге ауыстырып отыруға бағытталған шараларды ескеру міндеті қойылған.

Макроөңірлер «Нұрлы Жол» бағдарламасы шеңберінде құрылатын біртұтас көліктік, логистикалық және коммуникациялық құрылым аясында біріктіру шаралары до ойластырылды. Бұл ретте «Орталық – Оңтүстік», «Орталық – Шығыс», «Орталық – Батыс» тиімді және өзекті бағыттары бойынша 11 жобаны жүзеге асыру қажеттілігі туындады. «Боржақты – Ерсай», «Алматы – Шу» теміржол желілері мен Құрық портындағы паромдық өткел құрылыстары жедел қарқынмен жалғастырылатын болды. Бұл жобалар 2015 жылдың соңында 72 мың адамды жұмыспен қамтыды.

Сонымен қатар, болашақтағы өскелең экономикалық конъюнктураны ескеріп, қаржыландыру көздерін әртараптандыру қажет болды. Елбасы ҚХР-ға сапары барысында ЭксимБанкпен 2,6 миллиард доллар сомасында займ тарту туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Мемлекеттік бюджет есебінен елдегі бұрын соңды назардан тыс қалып келген қатынас жолдары төселе бастады. Осыдан бұл жобаларға шетелдік және жергілікті инвесторларды да тарту керек болды. «Нұрлы Жол» бағдарламасы жобаларына жеке капиталды тарта отырып, қаржыландыру қалпіне келтіру ісінде қолға алынды;

в) әлемдік және өңірлік рыноктарда экспорттық тауарларды белсендірек игеру міндеті қойылды. Республика территориясы жақын жатқан елдердің экономикалық әлеуеттерін тиімді пайдалануға дағдыланды. Бұл орайда бірінші кезекте, –Қытай, Ресей, Иран, Моңғолия, Үндістан, Пәкістан, Орталық Азия және Кавказ елдері болды. Аталған елдер үлесіне жыл сайын 3,5 триллионнан астам доллардың тауарлары мен қызметтерін тиетін болды. Еуразиялық экономикалық одаққа шешуші өңірлік рыноктармен еркін сауда туралы келісім шарттары жасалды. Аталған мәселелерді республика әріптестерімен бірлесіп жасап, барша елдер үшін пайдалы етіп шешуге ұмтылыс қарқын алды. СІМ-ге осы міндеттерді орындау үшін Қазақстанның шетелдердегі мекемелерінің барлық ресурстарын іске қосу қажеттігі туындады;

г) техникалық кадрлар дайындау жүйесін барынша дамыту ісі өзекті сипат алды. Техникалық және кәсіби білім беру саласы инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарының бірі болғандықтан Германия, Канада, Австралия және Сингапур сияқты мемлекеттермен осы бағыттағы орталықтар бірлесіп құру ісі қолға алынды. Сөйтіп бүкіл еліміз үшін техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің жаңа моделі қалыптаса бастады;

д) Болашақтың экономикасын құру үшін негіз қалау маңызы ескеріліп Қазақстан экономикасының инновациялық әлеуетін арттыруға елеулі көңіл бөліне бастады. Смарт-технологиялар, жасанды интеллект, киберфизикалық жүйесінің интеграциялары, болашақтың энергетикасы, жобалау және

инжиниринг салаларында кадрлар біліктілігін жетілдіру ісі қарқын алды. Мұны тек тиімді ғылыми-инновациялық жүйе құру арқылы ғана мүмкін болатыны аян. Назарбаев Университеттің «Астана бизнес кампусы» хайтек-паркінің базасы мен Алматыдағы «Алатау» технопаркінде болашақта бой көтеретін қуатты зерттеу университеттері мен инновациялық кластерлері негізіне айналатын болды. Астанада ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу аясында республикада «жасыл технологияларға» негізделген жаңа энергетиканы белсенді дамытуға кең мүмкіндік берілді.

Бесінші. Жаңа әлеуметтік саясат бағыттары. Серпінді экономикалық өсім көптеген жылдар бойы республикада белсенді әлеуметтік саясат аясында қазақстандықтардың өмір сапасын бірнеше есе арттыруға мүмкіндікке қол жеткізген. Барлық жағандық дағдарыстардың теріс ықпалынан ел экономикасы мен әлеуметтік саласында кездескен бүкіл қиындықтарға қарамастан, әркез тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға ұмтылыс тежелмеген еді. 2010-2015 жж. әлеуметтік салаға мемлекеттік шығындар нақты көрсеткіш бойынша 3 есеге жуық өсті. Әлеуметтік сала мен мемлекеттік билік арнасындағы қызметкерлер мен жұмысшылар саны 1,2 миллион адамды құраған. Мемлекет 1,5 миллионнан астам азаматтарға жәрдем ақы мен төлемдердің елеулі салмағын өз мойнына алып ондай мұқтаждықты толық қанағаттандыра алған.

Экономикалық тәуекелдерге, жалпы, ештеңеге де қарамастан, ел халқын әлеуметтік қолдау шаралары абыроймен және толығынан орындалуда. Осындай ұстанымның жарқын мысалы 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің еңбекақысын орташа еңбекақысы – 28 пайызға дейін, білім беру саласы қызметкерлерінің – 29 пайызға дейін, әлеуметтік қорғаудағы қызметкерлер 40 пайызға дейін өсуінен көруге болады. Мұнда бюджет қызметкерлерінің түрлі категорияларына қатысты сараланған тәсіл ұтымды қолданылып келген. 2016 жылы мүгедектігі мен асыраушысынан айырылған отбасыларына әлеуметтік жәрдемақылардың 25 пайыздық өсімі, сондай-ақ, стипендиялар қамтамасыз етілді. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап инфляция деңгейінің алдын алу үшін, ынтымақты зейнетақы 2 пайызға индекстелді. 2016 жылы «Б» корпусындағы мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы 30 пайызға арттырылды. Осылайша еңбекақыны өсіру үшін қаржы тауып, республика басшылығы халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді орындауға мүмкіндік тауып келген. Осымен қатар барлық әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған жіктерге қамқорлық күшейтіле түскен.

Ғаламдық дағдарыстан әлбетті шығудың шарты ол **Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын** нығайту болып табылады. Тек осы жәйтте ғана сыртқы сілкіністерге орнықты, тиімді экономиканың нақты негізі болуға берік табаны төселуі мүмкін. Азаматтарға әлеуметтік қолдауды кеңейту мақсатында 2016 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін еңбекпен

камтудың жаңа Жол картасы өмірге келді. Бағдарламаларды қаржыландыру көлемі 2009-2010 жылдары жүзеге асырылған осыған ұқсас Жол картасымен салыстырғанда әлдеқайда ұлғайтылған. Бұл жергілікті инфрақұрылымдарды дамыту мен елді мекендерді абаттандыру жобалары есебінен еңбек рыногының тұрақтылығын қамтамасыз ететін болды. Кадрларды кең ауқымды қысқа мерзімді қайта даярлау мен біліктілігін арттыру ұйымдастырылды.

Дағдарыс қысымына қарамастан елдегі кәсіпкерлікті жетілдіру мақсатында микронесиелелер дүниеге келді. Осымен бірге Елбасы ұсынысымен жаңа әлеуметтік саясат міндеттері жасақталды. Мемлекеттің әлеуметтік саладағы рөлі әлсіз қорғалған азаматтарды қолдаумен және адам капиталына инвестицияларды қамтамасыз етумен шектелу қажеттігі қолданды. Атаулы әлеуметтік қолдау тек мұқтаж адамдарға, олардың нақты табыстары мен өмір сүру жағдайын бағамдау негізінде, көрсетілетін болса, басқалар қажетті қаржыны өздерінің еңбектерімен өндіруі тиіс болды. Азаматтардың жекелеген топтарының ерекше сұраныстарын ескере келе, өмір сүрудің ең төменгі деңгейінің құрылымдары қайта қаралып және оның түрлі деңгейлерін белгілеу жолдары іске асырылды. Үкімет тәрпынан дереу мезгілде әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін оңтайландыру бойынша ұсыныстар даярлап бекіткен. Осы шешім бойынша еңбекке жарамды адамдарға мемлекеттік қолдау тек олардың қайта оқуға немесе еңбекпен қамту бағдарламаларына қатысуы нәтижесінде қолы жететін болды. Үкімет ұйғарымы аясында әлеуметтік көмектің аталмыш түрлері 2017 жылдан бастап өмірге енгізіле бастаған. Әлеуметтік саясаттағы мемлекеттің басымдығы адам капиталын дамытуға кең ауқымды инвестициялар бөлуді қолдаған. Бұған дейін қабылданған бағдарламаларға сәйкес, білім беру және денсаулық сақтау салаларын жаңғырту жаңашаландырылған түрде жалғасты. Республикада 2017 жылдан бастап жаңа жоба – **«Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім»** бағдарламасы жан жақты пысықталып іске асырылатын болды.

Сөйтіп, әлемді шарпуға ұмтылған ғаламдық дағдарысты Республикада дер кезінде ауыздықтау үшін білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болған мемлекет және оған әрдайым дағдыланған мемлекет алғашқы қадамдарын жасады. Жұмыс пен сұраныс тығыз өзара тәуелді мемлекеттік құрылымға Қазақстан батыл бел байлады. Техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған замандағы ғаламдық дағдарыстан бекім сенімдегі шеберліктің шыңына жете алатын техникалық маман өкілдеріне бетбұрыс жасалды. Қазақтың ежелгі заманынан баршаға аян «ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады» деген даналы ойының кезі келгенде болды. Тек осы шартты ұстанған жәйтте азаматтардың тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болуы мүмкін. Жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен қолға алынған қыруар істердің бәрі

қазақстандықтар үшін, болашақ үшін жасалып жатқанын әр азамат ойының үшiнде ұстағаны жөн.

Бұл орайда жастарымыздың жұмысшы мамандығын белсендi меңгеруде үлкен болашақтың сыры жатыр, сондықтан жұмысшы мамандықтарын меңгеру керек. Жылдар өтедi, бiрақ, осы өмiрлiк тәжірибелерің, қандай өмiр жолын таңдаса да, мiндеттi түрде кәделеріңе жарайды. Тұтастай алғанда, ғаламдық дағдарыстан абыроймен шығуға арналған шаралар нақты сипатқа ие және, әдеттегісiнше, материалдық тұрғыдан сенiмдi қаржыландырумен қамтамасыз етiлген. Мысалы, 2014-2015 жылдары шағын және орта бизнестi дамытуға 1 триллион теңге бөлініп игерілген болатын.

Бұл істердi материалдық тұрғыдан қолдауға бiрнеше шетелдiк ұйымдар қол үшін берген. Басқа түскен иындықтарды еңсеруде Қазақстан жалғыз емес. Мысалы, «Нұрлы Жол» бағдарламалары жобаларына – 2,7 триллион теңге. 2,7 триллион теңге Қазақстанға халықаралық қаржы ұйымдары тарапынан бөлінді. Қытай Халық Республикасы 2,7 миллиард доллар көлемінде несие берiлдi. Тұтастай алғанда, осы дағдарыстан шығу жобаларын жүзеге асыруға 7,5 триллион теңге тартылуы тиіс едi. Осы қаржыларды тиімдi пайдалану – еліміздің басты мiндеті және жауапкершілігі.

Қазақстан салмақты сыртқы саяси қызметімен бүкіл әлем бойынша көптеген қолдаушылар тапты. Елбасы сапарлары әлемнің жетекші елдерінің көшбасшыларымен байыпты келіссөздер жүргізді. ҚХР-мен 23 миллиард долларға шикізаттық емес сектордағы ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл – 40-тан астам жаңа кәсіпорын тұрғызу қадесіне жарамды. Елбасының Лондон мен Парижге сапарлары бойынша да, экономикалық ынтымақтастық тұрғысынан алғанда, табысты болды. Жасалған еларалық келісімшарттардың жалпы көлемі 11,5 миллиард долларды құрады. Елімізге Ресей Президентінің сапары Қазақстанның дәстүрлі ізгі көршілестік қарым-қатынастардың тұрақтылығы мен беріктігін және экономикалық интеграцияның одан әрі өрістеп жатқанын көрсетті. Жапония мемлекетімен инвестициялық және технологиялық ынтымақтастықтың көкжиегін жандандырып кеңейтіп келеді. Осы екі ел арасындағы шарт бойынша бұйырса Республикаға тұңғыш рет «Тойота» концерні келіп, Қазақстанда автомобильдер шығаратын болады.

Ширек ғасырлы тәуелсіз тарихтағы көңілдендіретін ақиқаттың бiрi республикаға халықаралық қаржы институттарының жоғары сенімі болып табылады. Тарихымыздың осындай тағдырлы кезеңінде еліміздегі реформаларды қолдай отырып, олар 9 миллиард доллар көлеміндегі қаржы ресурстарына қол жеткізуімізге жол ашты. Еуропалық Одақпен тереңдетілген әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Әлемдік қоғамдастықпен ядролық қарусыз әлем үшін, содырлық пен экстремизмге

қарсы күресте бір жағадан бас шығарып келеміз деп бағалауға тұрарлық. Қазақстан кез келген жанжалдардың бейбіт жолмен шешілуін қалайды және осы үшін қолынан келгеннің бәрін іске асырып келеді. Дүниежүзінде республика бастаған көпсалалы реформалар, Жүз қадам туралы анық хабардар және оларды қолдайды. Бұл реформалар, өзара байланысты міндеттерді орындау оңай болмайды, мүмкін, тіпті, ауыр соғуы ықтимал. Бірақ, оларға балама жоқ. Егер істердің бәрін батыл қолға алмайтын болсақ, онда әлемдік даму сәулешігінен әбден алыстап қалуымыз аян. Бірақ тәуелсіз тұстағы Қазақстан, әдеттегідей, алдына қойған міндеттерінің бәрін абыроймен атқарып келеді және әлемдік сыннан шығатынына сенім мол, оны осы жылы аталған Қазақ хандығының 550 жылдығы мен төл тарихымыздың беттері дәлелдейді.

Адамзаттың тарихы дәлелдегендей, дағдарыстардың бәрі өткінші, өтеді де кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі. Жоғарыда баяндалған қиындықтардың барлығын жеңуге болатын, қарғып өтетін бөгеттер тәріздес. Олай болса көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына ілгерілей түсеміз. Президент Н.А.Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашадағы Жолдауында айтқанындай «Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым **Мәңгілік Ел** болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз ашық. Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік». Барды бағалап, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың көк байрағы әрдайым биікте желбірейтініне сенім мол.

10. ҚР Президентінің 2015 жылғы сайлауы қорытындылары.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 32/61 қаулысымен бекітілген 2015 жылғы 26 сәуірде болған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауының қорытындылары туралы хабар Басты мақалалар, Саясат 29.04.2015 4 пікір жазылған 108 рет оқылды ЦИК2015 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы болды. Сайлаушылардың келуі 95,22 %-ды құрады. 2015 жылғы 26 сәуірде болған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында дауыстарды санау нәтижелері туралы облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссиялары хаттамаларының негізінде Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша сайлаушылардың тізіміне 9547864 азамат енгізілгенін, олардан дауыс беруге 9090920 адам немесе 95,21 пайызы қатысқанын хабарлайды.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде 152016 сайлаушы дауыс берді. Қазақстан Республикасы президенттігіне кандидат болып 3 адам дауысқа түсті. Дауыс беру кезінде Қазақстан Республикасының президенттігіне кандидаттар төмендегідей дауыстар санын жинады:

Ақмола облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 449 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,10 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 438917 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,42 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 6600 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,48 пайызын;

Ақтөбе облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 1906 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,44 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 420824 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 97,60 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 8450 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,96 пайызын;

Алматы облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 1951 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,21 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 919096 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,94 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 7896 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,85 пайызын;

Атырау облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 1736 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,60 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 284215 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,22 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 3406 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,18 пайызын;

Батыс Қазақстан облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 2741 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,71 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 378819 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,13 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 4478 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,16 пайызын;

Жамбыл облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 3167 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,63 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 492148 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 97,90 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 7390 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,47 пайызын;

Қарағанды облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 8480 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,07 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 779191 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,30 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 4995 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,63 пайызын; Қостанай облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 5050 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,97 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 507806 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 97,55 пайызын;

Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 7704 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,48 пайызын;

Қызылорда облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 3465 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,90 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 378443 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,10 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 3864 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,00 пайызын;

Маңғыстау облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 707 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,24 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 287279 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 97,54 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 6538 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 2,22 пайызын;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 5242 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,43 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 1207826 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,40 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 14361 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,17 пайызын;

Павлодар облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 3060 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,70 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 429994 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,35 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 4153 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,95 пайызын;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 1878 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,51 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 362068 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,33 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 4271 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,16 пайызын;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 4559 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,55 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 810754 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,37 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 8875 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,08 пайызын;

Астана қаласы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 1331 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,34 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 385715 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 98,54 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 4384 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,12 пайызын;

Алматы қаласы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 11996 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,48 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 750155 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 92,55 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 48391 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 5,97 пайызын;

Қазақстан Республикасы бойынша: Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайынов – 57718 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 0,64 пайызын; Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – 8833250 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 97,75 пайызын; Тұрғын Ысқақұлы Сыздықов – 145756 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының 1,61 пайызын. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 65-бабына сәйкес 1940 жылы туған, қазақ, «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Қазақстан Республикасының Президенті, Астана қаласында тұратын Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының сайланған Президенті болып саналады.

«Нұр Отан» партиясының кезекті XVI съезі барысында тағдырлы нәм тарихи мәселелер күн тәртібіне шығарылып, талқыланды. Нақты нәтиженің, ілкімді істің партиясы атанған «Нұр Отан» бұл жолы еліміздегі аса маңызды саяси оқиғаға айналып отырған кезектен тыс Президенттік сайлауға үкілеген үмітін қосып, ел тізгінін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа ұстататын болып шешті. Әрине, кезектен тыс президенттік сайлау туралы әңгіме болғанда жұртшылықтың аузында бірден бір лайықты тұлға ретінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімі аталғаны белгілі. Сондықтан да, Мемлекет басшысы саяси науқанға өзінің қатысатындығын мәлімдеуі маңызды оқиға. Ал одан да маңыздысы осы «Нұр Отан» партиясының XVI съезі барысындағы көтерілген президенттік реформалар. Бүгінгі әңгімеміз де осы жайында өрбімек.

Халықта «Елің қуатты болса, бағың тұрақты болады» деген даналық бар. Сондықтан да, Елбасының қатысуымен өтіп, Президент сайлауына Нұрсұлтан Әбішұлының кандидатурасы ұсынылған «Нұр Отан» партиясының кезекті XVI съезі қазіргі әлемдік ахуалдың күрделі жағдайларын талқылауға арналды десе де болады. Шындығында, бүгінгі жаһандық жағдай Қазақстанға сырттан төнген небір қауіптердің әлі де қатайып тұрғанын, сондықтан да алдын алу шараларына бекем ден қоюдың қажеттілігін айғақтайды. Өйткені, қазіргі экономикалық дағдарыстан елдер титықтап, геосаяси мәселелердің салдарынан мемлекеттерде дегбір кете бастады. Дүниеде дүрбелеңдер көбейіп, тұрақтылықтар шетінеп, татулықтар бұзылып, мемлекеттердің бір-бірімен мәмілеге келуі де, бір-біріне сенімі де қиындай түскен тәрізді. Ал ондай қауіптердің салқынын Қазақстан да сезіп жатыр.

Мұндай заманда не істеу керек? Қазақ бабамыз бұндайда құрылтай шақырып, болашағын бағдарлайтын. Әлбетте, құрылтай арқылы елдің алдында тұрған қатерлерді еңсеру мен өзекті мәселелерді шешудің дұрыс жолын табу қажет. Ең бастысы қарапайым халыққа түсетін ауыртпалықты барынша жеңіл ету ьәм жеңілдету өзекті. Осы тұрғыдан алғанда «дағдарыс өтер кетер» дегенімізбен, оның салдары салмақты болатынын, бұл жолы дағдарыс созылмалы болып, әлі де жалғаса түсетінін сарапшылар айтып жатыр. Сондықтан да, мұндай кезеңде ел тізгінін берік ұстап отыра алатын азаматты лайықтап, сол үшін мемлекетті басқаратын Президентті кейінге қалдырмастан бүгін сайлап алудың маңызы арта түспек. Бұл қоғамда кеңінен айтылып, жалпылама қолдауын тапқан мәселе. Ал сайлау туралы әңгіме болған күннен бастап елдің барлық өңірлерінде, зиялы қауым ортасында, кәсіпкерлер, мұғалімдер, дәрігерлер, шаруалар арасында, жалпы халқымыздың басым көпшілігінде Президент болуға лайық деп Елбасының есімі айтыла бастаған. Бұл – біріншіден. Екіншіден, Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы лайықты жоспары да бұдан ілгеріде белгілі болды. Жұртшылық тарапынан да қолдау тапқан ол жоспар. Сондықтан да, кезектен тыс президенттік сайлау арқылы сол жоспарды, «Нұрлы жолды» баянды етудің тетігі де қамтылмақ.

Шындығында, жаһандық дағдарыс тақырыбының айтылғанына да біраз уақыт болды. Дегенмен, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отанның» съезі барысында алдағы қиындықтарды болдырмау, оның алдын алу жолдарына тағы да назар бұрды. «Экономикалық тәуекелдерге деген Қазақстанның жауабы – «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты болып табылады. Ол:

біріншіден, инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламалары аясында экономикалық аласапыранға қарсы тұру шараларынан құралған;

екіншіден, II-ші бесжылдықта Индустрияландыру бағытын жалғастыруды қарастырады. Әлеуметтік саясат та нақты айқындалған. Қатаң бюджеттік саясат пен үнемдеу мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелеріне қатысты болмайды», - деп атап өтті Елбасы. Сонымен бірге Президенттің айтуынша, жаһандық қыр көрсетулер мен қауіп-қатерлердің тереңдігі сонша, олар әрбір мемлекеттің орнықтылығы мен табыстылығы туралы мәселені төтесінен қоюда. «Сондықтан біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр! Бұл, мемлекеттік құрылысқа сыртқы факторлардың ықпал етуінің теріс сценарийлеріне жол берілмеуге тиіс, дамудың қол жеткізілген қарқынын сақтап қалуымыз қажет»;

үшіншіден, ары қарайғы даму үшін жағдайларды дайындау керек. Төртіншіден, әлемнің 30 дамыған мемлекеті қатарына ілгерілеуді жалғастырамыз», - деді Нұрсұлтан Назарбаев. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қазақстанның мемлекеттілігіне төнуі мүмкін жаһандық қыр көрсетулерге

стандартты емес әрі қуатты жауап берілуі қажеттігін мәлімдеп өтті. «Бір орында тоқтап қалуға болмайды. Болдық деп босаңсымаймыз, толдық деп тасымаймыз. Жетістіктеріміздің негізінде алға қарай жылжып, мемлекеттілігімізді нығайтуға тиіспіз», - деді Елбасы.

ҚОРЫТЫНДЫ.

Әлемдік экономика мен халықаралық қатынастар үшін біраз өзгерістер әкелген 2008 жылға Қазақстан жаман жетістіктермен келген жоқ, экономика деңгейі жоғарылады, халықаралық қоғамдастық тарапынан оң бағалауларға ие болды.

Өткен жылдың аяғында Мадридте қабылданған Қазақстанның 2010 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымына төрағалығы туралы шешім жайлы сөз болып отырғанын түсініп отырған шығарсыздар.

Мадрид мәлімдемесінде біз Қазақстанның алдағы саяси реформаларын, сондай-ақ ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудегі басымдықтарын белгілеген болатынбыз. Қауіпсіздік жөніндегі ең үлкен және беделді еуропалық ұйымның төрағасы ретіндегі Қазақстанның жаңа және маңызды ролін қолдау үшін Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамашылығымен «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Аталмыш бағдарлама еуропалық елдермен экономикалық ынтымақтастықты дамытуды, технологиялар мен тәжірибелерді тартуды, ішкі заңнаманы жетілдіруді мақсат етіп отыр.

Карнеги қоры өзінің «Еуропаға жол» жобасы аясында (Латвия, Литва, Эстония, Болгария және саяси-экономикалық даму жолындағы басқа да елдерге бағытталған) кезінде «дөңгелек үстел» отырыстарын өткізді. Осы салада да пікіралысудың маңызы зор деп білеміз.

Ал саяси жаңару үдерістеріне келер болсақ, өткен жылдың соңынан бастап біздің елімізде сайлау, саяси партиялар және БАҚ салаларындағы заңнамаларды және олардың қолдану тәжірибелерін жетілдіру жөніндегі мақсатты жұмыстар жүргізілуде. ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының 17-ші сессиясында және Қазақстан Парламентінің күзгі сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қоғамдық институттарды жетілдірудің маңызын атап көрсетті және еліміздің қоғамдық-саяси өмірін әрі қарай демократияландыруға бағытталған бағыттың өзгермейтінін қуаттады.

Ең аз дегенде екі партияның қатысуымен парламентті жасақтауға мүмкіндік беретін, саяси партияларды мемлекеттік тіркеу үшін жағдай жасауын, электоральдық процестердің процедуралық сәттерін жетілдіретін, БАҚ қызметін реттейтін құқықтық тетік жасау қажеттілігі айтылды.

Осы бағыттар бойынша елімізде белсенді заңнамалық жұмыс жүргізілуде және жақын арада бұл бастамалардың барлығы нақты заңға

айналады деп күтудеміз. Осылайша, біз елімізді замана шындықтарына бейімдеу үшін, саяси жүйені жетілдіргелі отырмыз.

Қазақстанның экономикалық реформалар саласында да жетістіктері мақтауға тұрарлық. Соңғы 7 жыл бойынша экономикалық өсім жыл сайын 9-10 пайыз деңгейінде сақталып отырды. Ағымдағы жылы да бұл көрсеткіш сақталып отыр және бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 5 пайыздан астамды құрады. Қазіргі қалыптасқан жағдай үшін — бұл жаман көрсеткіш емес.

Ұлттық қорды қоса есептегенде, бүгінде еліміздің жалпы резерві 47 миллиард долларды құрап отыр, Жалпы ішкі өнім жан басына шаққанда 7 мың долларға жақындады, осыдан 10 жыл бұрын бұл көрсеткіш небәрі 400 доллар болатын.

Бүгінгі күнгі жағдай бойынша 70 миллиард доллар тікелей шетелдік инвестиция тартылды. Қазақстан өзі де шет елдерге 4,5 миллиардтан астам инвестиция салып, белсенді инвесторға айналуда.

Қаржы дағдарысына қарамастан, Қазақстан өзінің инвестициялық тартымдылығын сақтап қалды. Дамыған қаржы жүйесінің арқасында қазақстандық банктер капиталдардың әлемдік рыноктарына шығу мүмкіндігіне ие болып отыр. Соңғы 4-5 жылдың ішінде банк секторындағы инвестициялардың көпшілігі жылжымайтын мүлік рыногына жұмсалды. Қазақстанға да салдары жеткен, АҚШ-тағы ипотекалық дағдарысқа қарамастан, ел Үкіметі мен қаржы институттары сыртқы және ішкі төлемдер бойынша дефолтқа жол берген жоқ.

Дағдарыс салдарларын жеңу мақсатында Үкімет жаңа Салық және Бюджет кодекстерін әзірлеп, ел Парламентінің қарауына ұсынып отыр. Жаңа Салық кодексінде өндіруші сектордың экономикалық кірісін арттыру есебінен экономиканың шикізатты емес секторына салынған жалпы салықтық жүктемені барынша төмендетуді, салықтық әкімшілікті және салықтық жеңілдіктер қазіргі жүйесін оңтайландыруды қарастырып отыр. Мысалы, корпоративтік салық қазіргі 30 пайыздан біртіндеп 15 пайызға дейін төмендетіледі.

Бюджет қаржысы мен мемлекеттік активтердің тиімді қолданылуын арттыру үшін Парламенттің қарауына жаңа Бюджет кодексі ұсынылды.

Қол жеткізіліп отырған экономикалық жетістіктер экономиканы әрі қарай түрлендіруге, орнықты даму мен сапалық құрылымдық өзгертулерге алғышарт болады.

Қазіргі заманғы Қазақстанның

ширек ғасырлы тарихының маңызды оқиғалары:

1985—1991 жж. — қайта құру кезеңі.

1986 ж. 17—18 желтоқсан — Алматыдағы желтоқсан оқиғасы. Республика басшылығының ауысуы.

1989 ж. 22 қыркүйек, 1997 ж. шілде — Қазақстандағы Тілдер туралы заңдардың қабылдануы.

1989 ж. — Невада — Семей экологиялық қозғалысының құрылуы.

1990 ж. 24 сәуір — республика президенті орнының енгізілуі.

1990 ж. 25 қазан — Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды.

1991 ж. 29 тамыз — ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Семей полигоны жабылды.

1991 ж. 18 қараша — “Өзге республикалар мен шетелдерден Қазақстанға келіп, ауыл шаруашылығында еңбек етуге тілек білдірген жергілікті ұлт өкілдерін көшіріп алу тәртібі мен жағдайлары туралы” қаулы қабылдады.

1991 ж. 16 желтоқсан — ҚР тәуелсіздігі туралы Заңның қабылдануы.

1991 ж. 16 желтоқсан — Қазақстан тәуелсіздігінің жариялауы.

1991 ж. — Семей ядролық полигонының жабылуы.

— Қазақстан Компартиясының таратылуы.

— Қазақстан Президентін сайлау.

1991 ж. — шетелдегі қазақтардың ішінен алғаш Монғолиядан оралмандардың келе бастауы.

1991 ж. — Мәскеудегі қазақ жастарының мәдени қоғамы “Мұрагер” өз жұмысын бастады.

1992 ж. 2 наурыз — ҚР БҰҰ-ның мүшелігіне қабылдануы.

1992 ж. 2 наурыз — ҚР БҰҰ құрамына кірді.

1992 ж. 4 маусым — Мемлекеттік елтаңба мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы айшықтанды.

1992 ж. 28 қыркүйек — 4 қазан — Алматыда қазақтардың дүниежүзілік бірінші құрылтайы өтті.

1992 ж. қазан — БҰҰ Бас Ассамблеясында Президент Н.Назарбаев АБӨ СШ (Азияда бірігіп әрекет ету және сенім шаралары) ұйымды қолдап сөз сөйледі.

1992 ж. күзде — Қазақтардың Дүниежүзілік қауымдастығы құрылды.

1992 ж. — Қазақстан Республикасының “Көші-қон туралы” Заңы қабылданды.

1993 ж. 28 қаңтар — ҚР бірінші Конституциясы қабылданды.

1993 ж. сәуір — мемлекет иелігіне алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы іс жүзіне асырыла бастады.

1993 ж. — “Болашақ” бағдарламасы қабылданды.

1993 ж. күзі — Кеңестер төменгі құрылымынан бастап өздері тарата бастады.

1993 ж. 15 қараша — ҚР-ның өз ұлттық валютасы — теңге айналымға кірді.

1993 ж. 13 желтоқсан — Қазақстан “Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімге” қол қойды.

1994 ж. наурыз — Мәскеуде Президент Н.Назарбаев Еуроазиялық Одақты құру жөнінде мәселе көтерді.

1995 ж. 1 наурыз — ҚР Президенті жарлығымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясының құрылуы.

1995 ж. 30 тамыз — республикалық референдумда ҚР-ның жаңа Конституциясы қабылданды.

1996 ж. — ҚР Президентінің “Қазақстан Республикасында ғылымды басқарудың мемлекеттік жүйесін жетілдіру шаралары туралы” жарлығы шықты.

1996 ж. — ҚР “Мәдениет туралы” заң қабылданды.

1997 ж. 20 маусым — “Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы” заң қабылданды.

1997 ж. 11 шілде — “Қазақстан Республикасындағы Тілдер жөніндегі заң” қабылданды.

1997 ж. 10 қазан — ҚР 2030 ж. дейінгі стратегиялық даму бағдарламасы қабылданды.

1997 ж. қазан — “2030” Қазақстанның даму стратегиясы.

1997 ж. — Қазақстан БҰҰ-ның балаларға көмек қорының Атқару Кеңесіне мүше болды.

1997 ж. — “Көші-қон және демография агенттігі” құрылды.

2001 ж. — ҚР-ның “Ғылым туралы” заңы қабылданды.

2002 ж. 23—24 қазан — Түркістан қаласында қазақтардың Екінші дүниежүзілік құрылтайы болып өтті.

2002 ж. 23—24 қазан — Түркістан қаласындағы қазақтарды» Екінші дүниежүзілік құрылтайы.

ТІРКЕМЕЛЕР:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына конституциялық заңдарына толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 17-18, 114-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 192-құжат; 1998 ж., № 7-8, 71-құжат; № 22, 290-құжат; 1999 ж., № 10, 340-құжат; № 15, 593-құжат; 2004 ж., № 7, 45-құжат; 2005 ж., № 7-8, 17-құжат; 2006 ж., № 23, 138-құжат; 2007 ж., № 12, 85-құжат; 2009 ж., № 2-3, 5-құжат; 2010 ж., № 11, 55-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 51-1-баппен толықтырылсын:

«51-1-бап. Республика Президентінің кезектен тыс сайлауы

1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және тағайындалған күнінен бастап екі ай ішінде өткізіледі.

2. Кезектен тыс сайлаудан кейінгі Президенттің кезекті сайлауы бес жыл өткен соң осы Конституциялық заңда белгіленген мерзімде жарияланады.»;

2) мынадай мазмұндағы 66-1-баппен толықтырылсын:

«66-1-бап. Республика Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу

Президенттің кезектен тыс сайлауы осы Конституциялық заңда Президенттің кезекті сайлауы үшін белгіленген қағидаларға сәйкес өткізіледі. Сайлау іс-шараларын өткізу мерзімін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.».

2. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 172-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 10, 343-құжат; 2006 ж., № 23, 137-құжат; 2007 ж., № 12, 82-құжат; 2010 ж., № 11, 55-құжат):

1) 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбесінде өткізіледі.

Президент кезектен тыс сайлауда сайланған жағдайда не Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Президент өкілеттігін қабылдағанда, ант беру президенттік сайлау қорытындысы жарияланған не Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде өткізіледі. Бұл жағдайларда ант беру күнін Республиканың Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.

Ант беру салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Кеңес мүшелерінің, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың барлық бұрынғы Президенттерінің қатысуымен өткізіледі.»;

2) 4-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Кезектен тыс сайлауда сайланған Республика Президентінің өкілеттігі кезектен тыс сайлаудан кейін бес жылдан соң желтоқсанның бірінші жексенбесінде өткізілуге тиіс кезекті сайлауда сайланған Республика Президенті лауазымына кіріскенге дейін жүзеге асырылады.».

2-бап. Осы Конституциялық заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бес бағытты реформа БАҒДАРЛАМАСЫ

«Нұр Отанның» осы съезінің және бір ерекшелігі мұнда Мемлекет басшысы сайлауға кандидат ретінде ұсынылып қана қоймай, осы науқанда айтылатын, болашаққа бағдарланатын бағдарламалық сөзін де жариялап үлгерді. Айта кетерлігі, бұған дейінгі сайлау 2011 жылы өткен болса, оның барысында Елбасы алға қойған міндеттердің барлығы 4 жылдың ішінде еңсерілген болатын. Ендігі кезекте Елбасы бес бірдей реформаны алға тартып, оның халықтық мәні зор екеніне назар бұрып отыр. Шындығында, Қазақстан Тәуелсіздік жылдары ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және әкімшілік реформалардың ауқымды жолын еңсергені белгілі. Алайда, Елбасы айтпақшы жетістікке желігіп, тоқмейілсіп тоқтап қалуға болмайды. Ұсынылған реформалар да осы ілгері жылжудың өзегі. Ал бұл реформаларға келсек:

Бірінші реформа – экономикалық бағдарламалардың тиімді жүзеге асуын және мемлекеттік қызметтерді сапалы ұсынуды қамтамасыз ететін

заманауи, кәсіби және автономды мемлекеттік аппаратты қалыптастыру. Осы тұста айта кетерлігі, бұл бағытта біраз іс тындырылды. «А» және «Б» корпус-тары түзілді. Ең ақыры мемлекеттік қызметтің қазақстандық моделі де қалыптасты. Алайда, осы бағытта әлі де бола олқылықтар баршылық. Мұны Елбасы былайша түсіндіреді: «Бүгінде әкімшілік мемлекеттік қызметтің саяси деңгейге тәуелді екендігін байқамау мүмкін емес. Бұл тіпті ешқандай саясатсыз-ақ кәсіби басқаруды қажет ететін жағдайлардың өзінде шешім қабылдауды саясиландырады. Мемлекеттік аппаратта белгілі бір сүйеуші тұлға айналасында командалар қалыптасады. Мұндай патронат сыбайлас жемқорлық үшін жағдайлар туғызады, «бармақ басты, көз қыстыға» шарт түзеді, кадрлық әлеуетті төмендетеді. Бұл ретте мемлекеттік қызмет жалақысының төмендігі кесірінен тартымдылығы аз сектор болып қалуда. Мемлекеттік қызметшілердің мансап сатысымен өсуінің нақты перспективасының жоқтығы жиі кездеседі. Ал қызметте жоғарылауы әлгі сүйеуші тұлғаларға байланысты болады».

Осыған орай, Президент алдағы маңызды міндет – мемлекеттік қызметшілер корпусын кәсіби және автономды ету екенін алға тартты. Бұл ретте Елбасы сайлау секілді саяси оқиғалардың, министрлердің, әкімдердің және басқа басшылардың ауысуы әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің жұмысына ықпал етпеуі керектігін алға тартты. Сосын мемлекеттік қызметте әрбір басшы төменнен бастап, барлық басқарушылық сатыларын басып өтуі тиіс.

Осы реформа аясында айтылған және бір жаңалық – мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысын төлеудің жаңа жүйесі енгізу. Елбасы бұл ретте жалақыны шенеуніктің, мемлекеттік қызметкердің еңбек өнімділігіне, басқарушылық үдеріске қосқан үлесіне байланысты төленуі тиістігін алға тартып отыр. Яғни, әрбір жылдың қорытындысына сәйкес, саяси қызметшілерге қызметінің нәтижелеріне және экономикада жеткен табыстарына қарай бонустар, ал әкімшілік қызметшілерге сыйақы төлеу мәселесі қарастырылуы керек.

Бұдан бөлек, Елбасы жұртшылық арасында дарынды адамдарды тауып, мемлекеттік қызметке тарту туралы міндетті де жүктеді. Ал осы істе азаматтардың тілді білмеуі де, өзге елдің азаматтығы да кедергі болмайды. «Мемлекетке қызмет – біздің қоғамымыздың бірлігін нығайту үшін қажетті негіз болуға тиіс. Мемлекеттік қызмет – әділетті қазақстандық қоғамның прототипіне айналғаны абзал. Онда этникалық тегіне қарамастан, өз қабілет-әлеуеттерін толық жүзеге асыруда барлық азаматтарға бірдей мүмкіндіктер ұсынылуы қажет», - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Екінші реформа – заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Осы арқылы меншік құқығына кепілдік беру, соттардың тәуелсіздігі арқылы экономиканың дамуына ықпал ететін меншік иесі құқығын сақталады,

кәсіпкерлік үшін жағдай жасалып, келісім міндеттерін қорғауға кепілдік беріледі. Бұл ретте Елбасы судьяларды таңдау, оларға қойылатын кәсіби біліктілік талаптары – сот жүйесінің әлсіз тұстары екендігін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, судьялар жабық корпорацияға айналмауы тиіс керісінше, қоғамға ашық болуы керек. Бұл ретте Елбасы ашық болу мәселесін судьялар қатарындағы коррупцияға қарсы дәрімен теңеді. «Судьялар сот жүйесінде кемінде 5 жыл істеген болуы қажет. Олар қатаң іріктеуден өтуі шарт және аз дегенде 1 жыл тәжірибеден өтуі қажет. Жаңадан алынған судьялар бір жыл тәжірибелік мерзімде болуы тиіс және оқудан соң сынақ тапсырып, ең мықты дегендері қызметке алынуы қажет», - деді Елбасы.

Реформаның үшінші бағыты – экономиканы әртараптандыруға негізделген индустрияландыру және экономикалық өсім. Бұған қатысты Президент индустрияландыру мен өңдеуші сектордың әлі күнге экономикалық өсімнің нағыз драйверлеріне айналмай отырғанын алға тартып, мұның байыбына терең баруды Үкіметке ескертті. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауда олқылықтар орын алып отырғанын тілге тиек етті. «Аграрлық секторға бюджеттен қомақты қаржы бөлінуде, олар қосымша құны төмен өнімдердің өндірісін субсидиялауға жұмсалып жатыр. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне түсетін салықтық жүктеме жоққа тән. Алайда, жаңа кешенді бағдарлама негізінде ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу секторы дамымай отыр. Осы тұрғыда өңдеу саласында трансұлттық компаниялардың қатысуымен шамамен 10 ірі жобаны жүзеге асыруға кірісуіміз керек», - деді Н. Назарбаев.

Төртінші реформа – бірыңғай болашақ ұлтын қалыптастыру. Шындығында, бүгінгідей аласапыран заманда қоғамда саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтау саясаты мейлінше маңызды. Бұл жолда Қазақстанның қалыптасқан өзіндік үлгісі де баршылық. Бірқатар ұлт өкілдері Қазақстанның ортақ шаңырағы астында бас қосып, бүкіл әлем үшін ынтымақ пен берекенің үлгісіне айналды. Қазақстан бейбітшіліктің ордасы ретінде әлемге кеңінен таныла бастады. Міне, осыны одан сайын берік ете түсу керек. Елбасы да қазақстандық бірыңғайлықты ары қарай нығайту туралы айтқанда, бұны азаматтық қағидатқа негіздеудің қажеттілігін алға тартты. «Барлық азаматтар құқықтың бірдей көлемін пайдаланатын, бірдей жауапкершілік жүгін арқалайтын және тең мүмкіндіктерді иеленетін болады. Азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, ғұламалық және білімпаздық культі, зайырлы ел – толерантты ел, міне, Мәңгілік ел идеясы базасындағы топтастырушы құндылықтар осы. Бұл жағдайда азаматтық – орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасына айналады», - деді Мемлекет басшысы.

Реформаның бесіншісі – транспарентті және есепті мемлекет. Бұл бағытта Елбасы қазақстандық қоғамның өзгерістерге кезең-кезеңмен бейімделіп жатқандығын айтты. «Шындығында, әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, қуатты мемлекет қалыптастырып, либералды дамыған қоғам құру үшін елдің 40-50 жылды қамтитын тұрақты алға жылжуы қажет. Біз де соған бара жатырмыз. Мен ұсынған шаралар Қазақстандағы қоғамдық қатынастар жүйесін түбегейлі өзгертеді», - деді Мемлекет басшысы. Елбасының пайымынша, көптеген елдердің тәжірибесі көрсеткеніндей, «алдымен – күшті мемлекет пен экономика, сосын – саясат» қағидатының бұзылуы апаттарға соқтырып жатыр.

Тұтастай алғанда Елбасы ұсынған бес институционалдық реформа ел бірлігін бекемдеп, тұрақтылықты нығыздай түспек. Өйткені, әлемнің барлық табысты деген мемлекеттерінің өзі осындай жолдарды еңсеріп өткен. Сондықтан да Мемлекет басшысы мұндай реформаның әрқайсысы еліміз үшін орасан зор тәуекел екенін алға тартады. Соған орай, Елбасы ҚР Президенті жанынан бес бағыттағы реформамен түбегейлі айналысатын Модернизация жөніндегі ұлттық комиссия құруды ұсынды.

Сөз арасында Мемлекет басшысы алдағы сайлау науқанына да тоқталып өтті. Президент бұл ретте сайлау секілді маңызды саяси үрдістің Отанымызда бейбітшілік пен келісімді нығайтуға, елдік бағытты жалғастыруға деген жалпыхалықтық ұмтылыс пен дәлел болуы керектігін алға тартты. Сосын мемлекет басшысы саяси мәдениет мәселесіне тоқтала келе, ондай мәдениет болмаған елдегі сайлаудың салдарын бірқатар мемлекеттің қазіргі ахуалынан бағамдауға болатынын жеткізді.

«Соңғы жылдары кейбір елдердің азаматтары еңбек етуді ұмытты. Наразылық шерулері «сәнге» айналды. Адамдар митингіге шығуға күнделікті жұмысқа барғандай асығатын болды. Себебі, сол үшін оларға арандатушылар жалақы төлейтін болды, күн сайын. Осының салдарынан сайлау жұртты біріктіретін емес, бауырларды бөлетін, ағайынды араздастырып, бір-біріне қару кезендіретін болды. Көшедегі қарабайыр саясатшылық пен тек сайлаудан сайлауға дейін өмір сүру ақылды елдің жолы емес. Елге қызмет ету үшін емес, мансап үшін билікке ұмтылу абырой әпермейді», - деді Елбасы.

Осылайша сайлау төңірегіндегі сөздерін сабақтаған Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ұлы Абайдың сөздерін де жұртшылықтың есіне салды. «Абай үшінші қара сөзінде былай дейді: Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғанына жауап берумен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпен, келесі кандидатпен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы «тағы да болыс болып қалуға мүмкіндік болар ма екен?» деумен күні өтеді. Абай «сонда несі қалды?» дейді. Қандай шындық! Жүз жыл бұрын айтып кеткен шындық», - деді Нұрсұлтан Назарбаев. «Сайлау құр

әншейін сайлау өткізу үшін емес, елді бірлікке шақырып, жұртты еңбекке ұйыту үшін болса ғанибет. Сондықтан да, мен бұған дейін айтып кеткен төрт мақсатты орындап, содан кейін саяси мәселелерге көшкеніміз жөн. Бұл жолды да дүниежүзілік тәжірибенің өзі көрсетіп отыр», - деп түйіндеді Елбасы.

Әдебиеттер тізімі:

I. Елбасшысы шығармалары:

Н. Ә. Назарбаев. «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы». Дәуір, 1992.

Н. Ә. Назарбаев. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің бес жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасалған баяндама. Қазақстан, 1996.

Н. Ә. Назарбаев. «Тарих тағылымдары және қазіргі заман» - Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің бес жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасалған баяндама. Қазақстан, 1997.

Н. Ә. Назарбаев. «Қазақстан халқының азаматтық таңдауы - тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар». Ақмола, Қазақстан, 1999.

Н. Ә. Назарбаев. Қазақстан халықтары ассамблеясының IV сессиясындағы баяндама, Ақмола, 1997 жылғы 6 маусым.

Н. Ә. Назарбаев. Тарих толқынында. Атамұра, 1999.

Н. Ә. Назарбаев. Қазақстан халқының азаматтық таңдауы - тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар. Қазақстан, 1999.

Н. Ә. Назарбаев. «Жүз жылға татитын он жыл» - Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің он жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі. Атамұра, 2001.

Н. Ә. Назарбаев. Сындарлы он жыл. Атамұра, 2003.

Н. Ә. Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. Атамұра, 2003.

Н. Ә. Назарбаев. «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы. 10 жыл» - Қазақстан халықтары Ассамблеясының 1-10 сессияларындағы баяндамалары жинағы. Елорда, 2005.

Н. Ә. Назарбаев. Қазақстан жолы. Караганды, 2006 – 372 бет.

Н. Ә. Назарбаев. «Тәуелсіздік белестері». Жібек Жолы, 2012.

Н. Ә. Назарбаев. «Постиндустриялық қоғамды қалыптастыру стратегиясы және өркениеттер серіктестігі. Жібек Жолы, 2012.

Н. Ә. Назарбаев. «Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жанарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі». Жібек Жолы, 2012.

Н. Ә. Назарбаев. «Еуразия жүрегінде», «Ой бөлістім халқыммен», «Өзекжарды ойлар», «Бейбітшілік кіндігі», «Туған елім – тірегім», «Қазақстан-Ресей қатынастары», «Қалың елім, қазағым», «Қазақстан халқының азаматтық таңдауы - тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар», «Тәуелсіздігіміздің бас жылы», «Реформаларды түбегейлендіру, жалпыұлттық келісім арқылы - жанарған Қазақстанға», «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Әділеттің ақ жолы» және тағы да басқа кітаптары.

II. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ:

Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана, 1995, 2011.

"Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандағы N 2529 Конституциялық заңы. Астана, 1995.

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2733 Конституциялық заңы. Астана, 1997.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688 Конституциялық заңы. Астана, 1995.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі N 267 Заңы. Астана, 1998.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213 Заңы. Астана, 1998.

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 453 Заңы. Астана, 1999.

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы N 107 Заңы. Астана, 2000.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы. Астана, 2001.

"Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 Заңы. Астана, 2007.

III. ҚР Президентінің халқына Жолдаулары:

Қазақстан - 2030. Астана, 1997.

Ауылға айрықша назар аударылады Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары туралы. Астана, 2002.

Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары. Астана, 2003.

Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, Бәсекеге қабілетті экономика үшін, Бәсекеге қабілетті халық үшін. Астана, 2004.

Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. Астана, 2005.

Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Астана, 2006.

Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. Астана, 2007.

Дағдарыстан жаңару мен дамуға. Астана, 2010.

Болашақтың іргетасын бірге қалаймыз! Астана, 2011.

Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Астана, 2014.

Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Астана, 2015.

IV. Тарихи еңбектер:

Ә.Кекільбаев. Отан тарихы – рухани жаңғыруымыздың қайнар көзі. ҚР ҒМ –ҒА ғалымдарының Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған Ғылыми сессиясының материалдары. Алматы, «Қазақстан», 1999.

Г.С. Сапарғалиев. Қазақ мемлекеттілігі:тарих және казіргі заман. ҚР ҒМ –ҒА ғалымдарының Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған Ғылыми сессиясының материалдары. Алматы, «Қазақстан», 1999.

Отан тарихының тағылымдары және Қазақстан қоғамының қайта жаңғыруы. ҚР ҒМ –ҒА ғалымдарының Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған Ғылыми сессиясының материалдары. Алматы, «Қазақстан», 1999.

М.Тәжин. Ұлттық тарихи жадыны сақтап қалу - өз өзінді сақтап қалудың жалғыз жолы. Астана, 2013.

Б. Аяған. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Халық тарих толқынында атты жинақта. Астана, Фолиант баспасы, 2013.

Х.Әбжанов. Қазақтың тарихын көптомдық етіп жазуымыз қажет. тарих толқынында атты жинақта. Астана, Фолиант баспасы, 2013.

Н.А.Абдоллаев. Қазақстанның индустриялық инновациялық әлеуеті: тарихи талдау. Ақтөбе, 2011, Литер А, баспасы.

Н.А.Абдоллаев. Тарихтың кейбір теориялық мәселелері. Ақтөбе, 2013.

Н.А.Абдоллаев. Мерейлі міндет. Халық тарих толқынында атты жинақта. Астана, Фолиант баспасы, 2013.

К.Аманжолов. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, «Білім», 1999.

К.Н.Бұрханов. Қазақстан және Кіндік Азия: тарих және қазіргі заман. ҚР ҒМ –ҒА ғалымдарының Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған Ғылыми сессиясының материалдары. Алматы, «Қазақстан», 1999.

М.К. Козыбаев. Отечественная история – источник духовного возрождения. ҚР ҒМ –ҒА ғалымдарының Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған Ғылыми сессиясының материалдары. Алматы, «Қазақстан», 1999.

М.Қойгельді. Тарихың түгендельмей, танымың түзельмейді. Халық тарих толқынында атты жинақта. Астана, Фолиант баспасы, 2013.

Қ.Сәрсекке. Ұлт болмысы – ұлттық тарихта. Халық тарих толқынында атты жинақта. Астана, Фолиант баспасы, 2013.

Қ.Салғарұлы. Өткеннің өнегесі – ертеңге үлгі. Халық тарих толқынында атты жинақта. Астана, Фолиант баспасы, 2013.

Т.Сайдуллин. Ұлт тәуелсіздігі және руханият. Халық тарих толқынында атты жинақта. Астана, Фолиант баспасы, 2013.

Т.Омарбеков. Қазақтың тарихы дегеніміз – шын мәнінде қазақтың шежіресі. Халық тарих толқынында атты жинақта. Астана, Фолиант баспасы, 2013.

